

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

25-том

РОМАН-ЭПОПЕЯ

1953–1954

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЬ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-44

Ә 82

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакциялық кеңес:

Кеңес төрагалары – *M. Құл-Мұхаммед, A. Сәрінжісов*

Жалпы редакциясын басқарған – YFA корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *Y. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:

Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Магаун М., Мұртаза Ш.,
Нұртейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмагамбетов И., Ыбырай Ш.

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. –

Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

25-том: 4-кітап: Абай жолы: Роман-эпопея. – 544 б.

ISBN 978-601-294-167-8

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 25-томына “Абай жолы” роман-эпопеясының төртінші кітабы енді.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналады.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-44

АБАЙ ЖОЛЫ

роман-эпопея

ТӘРТІНШІ КИТАП



ТҮН -ТҮНЕКТЕ

1

Ертістің үлкен сұына қарай үңілген еніс, құлаберісте пар ат жеккен жеңіл трашпенде зырлап келеді. Козлодағы көшір божыларды бар пәрменімен шалқая тартса да болар емес. Ұзақ құнгі жүрістен талмаған екі жарау баран ат шоқыта шабады. Бұл жүргіншілер осы бетімен ағындаш барып, Ертіс сұына түсіп кетердей. Бірақ жотадан сондай жақын көрінген Ертіс онша тақау емес екен. Жаңағы кезеңнен соң да сөл жайылатын алаң бар боп шықты. Сол алаңда аттардың желігі басылып, жай бүлкекке ауысты. Енді біразда пар атты арба жар жағасын жағалай жүріп кетті. Жүріс бәсекенден соң байқалды, жел де жоқ, салқын да білінбейді екен. Қазір июльдің ортасы. Ол қаланың ең ыстық шағы. Соған орай мынау кеш те тымырсық, қапырық. Әуе тұңжыр ғана тұнып тұр.

Жақын аққан үлкен дария да сөл ғана жұлдыз жарығымен сәулелене түсіп, үнсіз жым-жырт көрінді. Қыбыр-қи-мыл жоқ, бейне бір қалғып қалған тәрізді.

Өзеннің алыстау, арғы жағасында қалың тоғай қарауыта дүнкиеді. Ол – белгілі Полковник аралының қалың биік тоғайы. Арғы жағадагы үлкен Семейдің оттарын, үй-жайларын көзден жасырып тұрған да сол арап тоғай. Тек арғыбергі жағадан әзір білінетін тірлік белгісі – иттер үні ғана... Бірі алыштан, біреулері жақыннан кейде салмақпен, кейде шәүілдеп үреді. Бірауық олар шуласып, таласа жарысып үріп кетіседі. Осындаш шақта қаланың шетіне жаңа ғана

кірген жолаушылар бірнеше жалпақ төбелі қонырқай үйлерден айналып өтті. Енді бір кезде төбесі жабық аласа қораның кішілеу қақпасына кеп тоқтады.

Көшір шапшаң қозғалып, ытқып түсіп, қолындағы бишігімен қақпаны тықылдатып қағып жатты. Осы шақта арбадан мол денелі жолаушының өзі де түсті. Қақпаның ар жағынан келіп дауыс берген ашық ұнді әйел, өуелі тесіктен сыйалап, келгендерді болжап көрмек еді. Ел жататын кез болғандықтан, түн қараңғысында адамдардың түсін аңғара алмай, қатты дауыстап:

– Е-е, бұз кім? Кімсіндер? – дегенде, көшір тез жауап қатты:

– Аш, мен Баймағамбет. Келіп тұрған Абай ағам!

Абай бұл кезде арбадан ұзанқырап, жар жағасына тақап барып, женіл мол шапанын шешіп, жолдың шаң-тозаңын сілкіп қайта киіп жатқан. Келген қонақтар жайын естіген үй иесі әйелдің үні тез өзгерді.

– Ойпыр-ау, Абай ағам ба? Қазір, қазір ашайын! – деп қақпасын аша берді. Өңі-тұстері танылмаса да, бойлар көрінген соң амандасу басталды. Абай даусын көтеріңкіреп, көңілді үнмен:

– Дәмежанбысың! Қалай, үй ішің, бала-шағаң аман ба? – деді.

Дәмежан ашық жауап беріп амандығын айттып, Абайдың үй-жайын, ауыл-аймақ, ел-жұрттының амандығын байыптаپ сүрады. Бұл даусы санқылдаған, сөздері сонша анық, айқын естілетін, үні ажарлы әйел екен. Ол амандаса сала қораның іші қараңғы екенін айттып, шам ала шықпақ боп, тез бұрылып ішке қарай жөнелді. Жабық қораның ішінде оның тысырлатып басқан кебісінің даусы ұзанқырап барады. Баймағамбет ашық қақпаның алдында дегірсізденіп ауыздықтарын шайнап, жер тарпып тұрған аттарына және Абайға да сөйлеп тұр.

– Қора қараңғы, қазір, қазір. Шам келсін! – деп әр сөзін жылдамдата қайталап, “қазір, қазір” – дейді.

Бұл үй қора-жайды тегі қалаша салмаған. Қары қалың, қысы сүйк сахара дағы қыстаулар төрізді өуелі төбесі жабық жылы қора бар да, соның төрінде, не бір түкпірінде адам жайына, бөлмелерге кіретін есіктер болады.

Сондай төбесі жабық тіреулері бар кеңдеу қора, түкпір жақтан шам алып келе жатқан Дәмежанның жақындауына қарай өзінің әр түкпірін, бос қуыстарын көрсете түсті. Дәмежанмен бірге бір аяғын сылти басқан күйеуі ере шықты. Ала көздеу келген, ұзын бойлы, ұзын мойын үлкен баласы Жұмаш та келді. Арба қораға кіргенде, қақпаның сол жағында бір жайдақ, сары арба тұр екен. Соның үстінде жатқан кісілер бары байқалды. Тегі бұл үйдің елден келген қонақтары төрізді. Қораның сол жағында, аласа кірпіш оттықта шөп жеп тұрған екі-үш ат, көкшіл бау шөпті құтір-құтір шайнай түсіп, пыскырып қойысады. Абай үй иелерінің соңғы шыққандарымен амандасты да, жаңағы арбаға көз тастады. Содан Дәмежанға бұрылып:

– Дәмежан, шамынды бері көтерші! Бері, бері таман! – деп, сары арбаның қасында тұрып, соның үстіне үнілді. Шам ұстаған Дәмежанды арбаға өте тақау келтірді. Арбада екі кісі қатар жатыр екен. Шалқадан жатқан қалпында екі қонақтың да сақалдары күйектей бол, ерекше көзге түсті. Біреуінікі бұйралау мол болғанда, екіншісінікі жайылма, ұзын сақал. Жатқандар жас емес, шау тартқан кісілер. Екі сақал да бір ірендес, бурыл екен. Арбаға шам сөүлесі түсінде бұл екеуінің аяқ жағында көлденең жатқан тағы біреу ыңыранып айналып түсті. Оның ажары жастау. Бірақ бұның да мол, тығыз біткен ұзын қоңыр сақалы бар. Жатқандар оянған жоқ.

Абай оларға қарап езу тартты да, Дәмежанды өз қасында бөгей тұрды. Баймағамбет пен үй иелері әке, бала үшеуі болып шапшаңдатып, пар атты доғарып болған соңғана Абай Дәмежанға бастатып, бар топты ілестіріп, үйге қарай жүрді. Дәмежанның жұпымыны, жүдеу қорасының төрінде ауыз үйлі, төр үйлі екі бөлмесі бар еді. Әйел қонақтарын ертіп, төргі үйдің есігін ашып, Абайға жол берді. Ол үйде

аласа қырлы пештің көрнезінде жанып тұрган жарығы мол үлкен лампы бар екен. Дәмежан шапшандатып көрпе салып, қонақтарына жастық қойып, дөңгелек аласа үстелін әкеп үйдің ортасына орнатты да, жаңағы лампыны пештің қырынан алып, үстелге қойды. Енді барлық жұрттың шырайлары жақын отырысқанда анық ашыла түсті. Үй іші де өзгеше жадырап, көнілдене бергендей. Дәмежан сол уақытта тізе бүгіп күйеуінен төмен отыра бере, Абайлардың неғып кешігіп келгенін, қайдан шыққанын сұрады.

Дәмежан сұнғақ бойлы, көтеріңкі кесектеу мұрны бар, жаудыраған үлкен, әдемі қара көзді әйел еді. Ақ, қарасы айқын көзі – тұнжырай біткен, анық бота көздің өзі. Ашық дауысты Дәмежан сейлекен сайын оның үлкен кесек, аппақ тістері кең ашылады. Жұқа еріндерінің қызылына жарасып жиі көрініп отырады. Күйеуі үнсіз, аз сөзді бүйірғы кісі болғанда, Дәмежан мулде басқа. Ол керісінше, шашпаң, ашық сөйлейді. Адамға тез қабысатын, жол мен жөнді өзі біліп басқаратын көшелі кісідей. Бұл үйдің еркегі ері емес, өзі тәрізді. Жаңа отыра бере үлкен баласына самауыр қой деп бүйрық еткен. Баласы сол шаруаға айналысқанда күйеуіне де іс тапсырған. Тұрып қазан астына отын жарып әкел деген еді. Абай Дәмежанның жаудыр көзіне сәл тамашалай отырып, күле түсіп сөз қатты:

– Дәмежан, қалаға кешігіп келген соң, жақын жағы ғой деп сениң үйіңе бұрылып ек. Ең өуелі сен қысылма. Бізге самауыр қойып, шайынды берсөң болады. Жолдан шаршап келдік, тезірек жатып тыным алайық.

Ол сөзді Дәмежан тез жөнгө салды.

– Қысылатын дәненем жоқ, Абай аға. Бар мәзір, жоқ жайымыз сіз келгенде дастарқан үстінде болады. Келген соң ендігісін өзіме беріңіз! – деді.

Абай осыдан кейін сөзін әзілге айналдырды. Әлі де күле, сүйсіне қарай отырып, Дәмежанға қалжың айтты.

– Үйлерінде қонақ жоқ, онаша шығар деп ем. Жаңағы арбаның үстіне тиеп қойған сақалдарың немене? Бұ қап-қап сақал жиып, базарға сатқалы отырсындар ма? – деген-

де, ең алдымен аппақ ұзын тістерін ақсита ашып, Дәмежан сақылдап күлді. Абайға сонша сүйсіне қарап қапты. Қоңыр сүр жүзі қып-қызыл бола күледі. Қалың қара сақал, сары мұртының бәрін сілкінтіп, Баймағамбет те мәз боп отыр.

Ауыз үйде қазанаспа жанында самауыр қойып жатқан ұзын мойын ала көз жігіт Жұмаш та ырсылдап күліп жатыр. Абай өзі аз күліп, тағы сөйлей түсті.

– Сақалдарын тамашалаймын деп, өздерін танымай да қалдым. Сенің қолыңа мұндай молшылық қайдан түсті, Дәмежан! Қайдан келген, қандай сақалдар бұлар? – Осы сөздерді Абайдың қазіргі айтуының өзі де ойнақы, өзгеше. Үй іші жаңағыдан да бетер ұзақ күліп, мәз болысты.

Сөйтіп, Абайлар бұл туні Ертістің сол жағасындағы Слободка дейтін, қазақша бер жақ атанатын қалаға қонды. Бұл Семей қаласының бір бөлімі. Соның Дәмежан қорасы тұрған жағы басжатақ атанады. Бұндағы қала қазағы көбінше көшпелі елден келіп, осында орнаған. Ал қырда, қыстаудан көшпей қалатын шаруаларды “жатак” дейтін. Сол дағдымен, мынау қалада отырған қазақ үйлерін, көп квартал бөлімдерін де “жатак” деп атандыра береді. Осынау тұсту “басжатақ” дейтіні, ол өзеннің өр жағында болған соң солай аталады. Тегінде, қала халқының арасында қалалық тұрмыс қалыпқа өлі түгел үйлеспеген, қыр мен қала әдеттерін әралуан араластырған қазақылық та осы шетте, басжатақта көбірек байқалатын.

Жайлы төсекте жатып, көп үйықтаған, жақсы тыныққан Абай таңертең тұрып, беті-қолын жуып, Дәмежанның шайына асықпай кеп отырғанда, тұндегі бұл сұраған “сақалдар” бірі артынан бірі шұбыра кеп еді. Олар сәлемдесе амандастып, кең үстелдің бір жағын ала отырысты.

Көкбараздаған аппақ, тап-таза кимешек-шаршысын аса сөнді етіп тартқан Дәмежан үлкен, таза самауырдың қасына отырды. Құлағында үлкен күміс сырғасы сілкіне түсіп, үстел басы тола отырған жұртқа жіті қозғалып, шай құйып отыр. Абайға арнап пісірген құймағы мол бауырсақтың ортасына, табаққа салынып қойылған еді. Жаңағы сақал-

дар Абайдан бұрын қол қойып, еңсере тиіскенде Дәмежан Абайға қарап:

– Абай аға, құймақ жеңіз, алыңыз! – деп сыпайы қонауарлық көрсетті.

Абай бұл кезде жаңағы қонақтармен тіл қатыса отырған. Олар Абайдың туыстары болып шықты. Біреуі Ырғыздайдың белгілі қырты Жұман, екіншісі дәл сондай аталас, жақын, Өсер аулынікі – бақырауық Мақа болатын. Бұлардың атқосшысы есебінде жүрген Жұманның үлкен баласы қоңыр бұйра сақалды, боз көзді Мұхаметжан. Жұманнның көп үлдары түсі-түгі жағынан ғана өзіне ұқсас емес, көп сөзді, сусылдаған мылжындық жағынан да дәл өзіне тартқан-ды. Сондықтан жұрт мұның балаларының аттарын өзгертіп: “Құнанқырт”, “Дөненқырт”, “Бестіқырт” десетін. Мұхаметжан сол Бестіқырттың өзі. Түнде Абай келгенін білгеннен бері қарай сол Бестіқырттың ішін жарғандай, шыдатпай жүрген бір сөз болатын.

Қазір үш-төрт құймақты қарбыта-қарбыта екі-ақ асап жұта салып, күрен шайды сораптай тарта отырып, Абайға үлкендерінен бұрын Бестіқырт сөз қатты:

– Ал, Абай, елдің амандығын айттың. Жә, енді өзің қаланың жамандығын есіттің бе? – деп, бір оқыс жайды көлденең қойып қалды.

Дәмежан жаудыр көзі жалт етіп, Мұхаметжанға тіксіне қарай қалды.

– Не деп отыр өзі?

– Мынау не дейді, не айтып отыр? – деп Абай да аныра берді.

Осы кезде Мақа өзінің күшене шығатын бақырауық даусымен:

– Айтқаны сол, түннен бері естімедің бе? Бұл қалаңа апат кеп жатқан жоқ па?

Абай өлі тандана қадалып отыр.

– Не дейсіндер, ұқтыршы өзің! Апаты не? – Абай үйтолы еркектен Дәмежанды есті-басты көріп, соған қарады. Бірақ әкелі-балалы Жұман мен Мұхаметжан жарыса сөйлемеп, киіп кетісті.

– Бұ қалаға жаман науқас кепті!
– Құдай үрған іш ауруы!
– Ар жақ-бер жақтан қунде өлденеше адам өліп жатыр!
– Мәлік келгендей. Шыбындай қырылып жатыр!
– Аты не дейді! Адам естімеген қу науқас бір. Жұрт қашып жатыр қаладан! – деп ол екеуі бір тоқтап еді. Енді байсалды, қамқор, қабілетті кісі болған боп, Мақа іле жөнелді.
– Сені түннен бері “осында неге келіп жүр?” – дестік.
“Шылқылдаған індет басқан елде не іздеп жүр?” – деп сөйлескеміз жоқ па, мынау үшеуміз! – деді.

Өздері неге жатқанын сұраған Баймағамбетке: олар қазір-ақ осы шайды іше сала жүретіндерін айтты. Бұл апат қаладан, пәледен, індеттен безгелі отырғандарын тағы да жарыса айттысты. Жастары үлкен Мақа мен Жұман Абайға тез қайтуды, бұл қаладан безуді ақыл қып айтпақ болады. Абай олардан естігенін қоя тұрып, енді Дәмежанға бұрылды. Эйел Абайды үркітпей сөйледі. Қалада соңғы он шақты қүннен бері өлім білініп түрғанын, бір іш ауруы барын айтты. Бірақ жаңағы Жұмандардың қырғын апат, шыбындай қырылып жатыр деген сөздерін өте орасан көріп:

– Алыш-қашты, өсек-өтірік деген осындайдан шығады ау. Бала емес, сақалды бастарымен сонша үркітпесе неси кетеді еken? – деп қойды.

Дәмежанның бұл сөзіне Мұхаметжан қысастанып өршелене түсті.

– Міне бұлар, қаланың жатақтары болса осылай “ештеңе жоқ” – дегісі келеді. Бар үйде солай, “өлгенін жасырсан, көмгендे қайтесің!” – десе не дер еді? Өйткенше, түнде Абай келгенде алдымен соны айтсаң еді. Таңға шейін несіне жасырдың?

Дәмежан ызалана күле түсті. Енді өзгеше бір намыста на сөйледі. Абай мен қырттарға жалт-жалт етіп кезек қараған үлкен көздерінде әдемі ұшқын, шұғылалы сөule бар. Аппак ұзын тістерін қоршаган сұлу еріндері кейде күлкі мен ызыны қатар, қабат білдіретін дағдысы бар еді. Сол ажармен сөйлеп отыр.

– Құдайым тегі жақсыны да, жаманды да біздің Үргызбайға берген ғой. Мені жазғырып отырғанын қарашы. Ал ұзақ жолдан шаршап-шалдығып жеті түнде келген қонаққа “бұнда апат боп жатыр”, “бұнда қонба!” – десем, ол не болар еді? Қақпамның алдынан қуғаным ба? Әлдеқайдағы ауруды сылтау қып үркітіп, қашырғаным ба? Онда мен Абай ағамнан бір самауыр шайды, бір асым етті аяған, жоқтан сылтау ізденеген ит болмас па едім! – деді.

Абайдың сүйсіне құліп отырғанын көріп, Дәмежан сөзінің аяқ кезін қалжың тәрізді етіп, сақылдап құле отырып, жарқырап айттып шықты. Абай оны макұлдағанын білдіріп, құле отырып бас изеді. Әлі де жеңілгенін білмей, тағы жауап айтқысы келген өзі құрбылас ағайыны Мұхаметжанға ол енді бүйіра сөйледі.

– Жә, тоқтат, қыртпа! Жеңілгенінді білетін болсан, сен Бестіқырт атанар ма едің? – деді.

Дәмежан бұл қонақтар арасында өжет, өр сөйлейді. Ол тегі үнемі солай болу керек. Абай оның шешендігін жаңа байқады. Ал өжеттігі өкесіне тартқан тәрізді. Мынау еркектер Дәмежанның төркіні, туыстары. Бұл Абайлардың өз аулының қызы, Үізғұттының үлкен қызы болатын. Ертерек заманда ұсақ-түйек, айна-тарақ сатушы боп, жаман арбамен елге барған кішкене саудагер, осы мына бір аяғын сылти басқан Жәбікен саудагерге Дәмежан көңіл қосып, серт берген де, бір түнде осыған еріп қалаға қашып кеткен.

Бұлар өлі де қаланың өлсіз ғана тұрғын кедейінің бірі. Рас, өздерінен бала туды. Жаман да болса, өз алдына тірлігі бар. Осы қаланың шетінен елдің көп керуені түсіп жүретін жұптыны ғана қоражай салып алған. Сонымен, отырған үйдің түп қазығы осы Дәмежанның өзі. Ол жаңағыдай жайларда аса намыскер, басынан сөз асыра алмайды. Қаладағы көрші-қолаңға да сол мінезі әбден мәлім. Сонысымен және барлық Слободканың басжатақтағы көп қазақтарына қадірлі, сүйкімді де болатын. Жаңағы тұста Абай да оны дәл осы күйде түсініп, макұлдаған.

Бірақ ендігі өнгіме онда емес. Жұмандар былай тұрсын, тіпті Дәмежанның өзі де “қалада жаман ауру” барын жасырмады. Өлім де бар дейді. “Бұ не?”, “қайтпек керек?” Абай өзі не істейді? Қалаға келген шаруасы үлкен де, тығыз да болатын. Онысы және бар. Ендігі жайды басты бір адаммен сөйлесіп шешу керек. Сол үшін шайдың артынан Абай тез ғана орысша қағаз жазды да, Баймағамбетке беріп жатып:

– Қазір тез ат жек те, мынаны Федор Иванович Павлов-қа алып бар. Уақыты болса тез келсін, деп отырмын. Осында өзің алып кел! – деді де, өзі осы үйде Павловты тосып қалды.

Мақа мен Жұмандар базар жақта тағы бір шаруасы барын айттысып, түсте жүрмек боп, өзірше базарға кетісті. Дәмежан шайдан кейін өзінің үш баласын олардың құн-дегі кесіп қылған жұмысына жөнелтті. Балалардың үлкені түнде самауыр қойған ұзын бойлы Жұмаш, қасына екі інісін ертті. Олары – он бес жасар Сәлімжан мен он екі жасар кенже інісі – Әлімжан. Шай басында бұлар шешесіне өздерінің үлкен көздерін жалт-жалт бұрып қарай түсіп, сөзге қатынаспаған.

Үндемей ғана отырып астарын ішкен-ді. Кейін шешесінің қабағынан қундегі дағдылы ажарын танып, бөгелмesten жұмыстарына жөнелген-ді. Үйде Абай қасында Жәбікен мен Дәмежан өзі ғана қалды.

Әуелі Абайдың бұл екеуінен сұрағаны қазіргі тұрмыс жайлары, кесіп-қарекеті, әл-ауқаты туралы еді. Дәмежан бар шын күйлерін жасырмады. Төркіні, жақыны, тіпті ағасы санайтын Абайға өздерінің жоқшылық, кедейлік жайын ірікпей баян ете бастады.

Әл-ауқат дейтін шамалары өте шағын екен. Тек қолданында жалғыз ғана сиры бар. Дәмежан оның сүтін сатауды. Онан соң, осы үйдегі жаңағы үш бала мен әке-шеше бeseui түгел қарекет етеді. Үш бала биыл көктемнен бері бір кішілеу қайыққа ие болыпты. Сонымен ар жак, бер жаққа Ертіс пен Қарасудан өтіп, ерсілі-қарсылы жүрген жаяулар-

ды тасиды. Әредікте қолы боста аралдан шөп шауып ап, жалғыз сиырларына жем әкеледі. Аралдың тоғайынан жаз бойы құрғақ бұтак, қу ағаш жиып, қысқы отын жайын қамдай жүріседі. Үш баласының кісіге сүйенбей, біріне-бірі ілесіп, енді өз беттерімен құнқөргіш табуға шыққандарын Дәмежан мен Жәбікен көп жұбаныш етеді.

— Биыл қоқтемнен бері он екіге толған соң, жаңағы кіші баламыз Әлімжан да ағаларына ілесіп қайықтың бір ескегін ұстап үйреніп жүр! — деп, Жәбікен де бір сәт Дәмежан әңгімесіне сөз қосып қалды. Сол балалардың күнделеп тапқан азын-аулақ тыындары осы үйдің бүгінгі талшық етіп отырған ішіп-жемі екен. Дәмежан әңгімесінен сол мәлім болды. Оның ұстіне құнбе-құн табыс болмаса да, оқта-текте азын-аулық кірісті Дәмежан мен Жәбікен де табады екен. Айтуынша, Дәмежан қысы-жазы тымақ, бөрік, тақия тігеді. Соны Жәбікен базарға алып шығып, сатып отырады. Кейде Дәмежан осы басжатақтағы өлді үйлердің әйелдеріне оқалы жақ шегіп, ішік, кемзал, бешбет, көйлек сияқты киімдерді пішіп, тігіп беретіні бар.

Бұдан бұрынғы жылдарда осы үйдегі бес жанды асырап келген Дәмежанның ғана қолөнері. Бұл мандағы қазақ көршілерінің әйелдері Дәмежанды аса жақсы біледі. Оның сөзін де, өзін де, өсіресе қолөнерін де сыйлайды. Бұған Жәбікен шүкірлік етіп, Дәмежанға осы әңгімелер тұсында өте жылы қарады. Абай мен өз әйеліне кезек көз тастап, сыйқонағының өз қарындасын мақтауын күтіп жымындал, көтеріліп қалды.

Абай шынында да Дәмежанды жақсы сөзбен сүйеп, оның өнерін, өжеттігін ұлken жақсылық деп білді. Аналық асыл қасиет деп бағалады. Бірақ өз жайларының бар шындығын Абайдан іріkkісі келмеген Дәмежан жоқшылық, мұқтаждық күйін де жасырмақ емес.

— Қысқасы, өзіңіз сұраған соң айтып жатырмыз. Бәріміздің жиылып, тауықша шекімдеп тауып, тергеніміз тек қана сол ішкен тاماқ пен осы үстіміздегі бір-бір қабат лы-

паға тақ-түқ жетіп отырады. Одан арғысын “бар, жоқ” деп қайтейік. Тек әйтеуір кісі босағасына барып, жатқа көз сұзіп, қайыр-мейірін сұрап қол созғанымыз жоқ! Бейнеті көп, берекесі аз өміріміздің шыны осы, Абай аға. Маңымыздағы көршілерімізге, көп кедейге қарап: бізден де кедей бар, бізден де жалаңашы, бізден де қарны ашы бар фой. Өлмей жүр фой солар да, дейміз. Еңбегімізді емейік деп, күн-тұн бой жазбай сол тамақ, көсіп соңындағы! – деп күрсіне түсіп, Дәмежан ойлы жүзбен өз жайын аяқтады.

Осыдан әрі Абай жаңағы айтылған ауру, өлім жайын тағы сұрады. Дәмежан енді бұған шынайы ауыр індет жөнінде біртіндеп отырып, көп танытты.

– Алысты білмейміз, естуімше, ар жақта өлім саябырлау болса керек! – деп Дәмежан тың сөзге ауыса бергенде, Жәбікен қосыла сөйлеп:

– Ар жақтың да анау Затон жағы, шет-шеті көп ауырып тұр деседі.

Дәмежан оның сөзін өз бетіне қалдырды.

– Қасымызды, осы бер жақты, мына өзіміз білген айналын айтайықшы. Бұндайда өрекпіген алып-қаштыдан жаман жоқ!

Абай бұған бас изеді.

– Рас, көргендерінді, жақын маңынды айтшы. Осы түс-та да індет пен қаза бар ма?

– Бар, сол!

– Бар болғанда жиіліп барады! – деп, енді шешіле түскен Жәбікен Дәмежанға тағы қосыла түсті.

– Кімдер, қане! Кім ауырды, кім өлді? – деп сұраған Абайға бұл екеуі кезектеп отырып, соңғы екі жұма ішінде өлген көршілерін санай бастады.

– Керейбайды білуші ме едініз? Ен өуелі соның көрі шешесі өлді. Одан келсе Садық шал қаза болды.

– Семейбайдың енесі өлді. Жылқыбайдың әкесі, Жұмабектің қатыны, мынау тұсымындағы Жұбандықтың уш бірдей жас баласы өлді! – деп, балалардың өлімін де Жәбікен еске алғанда, Дәмежан ілесе сөйлеп:

– Баланың өлімі тіпті көп! Мен жана ересектерді айтып ем. Нелер көздің ақ пен қарашығындаи, біреудің жалғызы, бір үйдің алғаш көрген тұңғышы талай үйде қайтыс бол жатыр.

Абай бұлардың айтудынан апаттың шын ауыртпалығын тани бастап, малдасын құрып алып, Дәмежанға қадала қарап отыр.

– Ал ересек еркек, өйел ше? Қарекет, қайрат адамдары қалай? Олар арасында ауру сирек емес пе? Айтударынша жаңағы атаған үйлеріндегі білем ғой, тегі кәрілер мен бала жағының шығыны көп пе, қалай?

Бұл сөздерін Жәбікен қостай жөнелді.

– Солай, солай! Осыныңыз дәл рас.

Дәмежан дәл бұған тоқтай қалған жоқ. Ол өзге өлімді еске алды.

– Неге, оны қалай айтасың? – деп, Жәбікенге үлкен жаудыр көздерін жалт еткізіп, ойланған бір қарады. – Сен Бұқпана, Сапарды, Қайырды, Исабекті қайтесің? Соңдайлар тепсе темір үзеді дейтін, атпал азаматтар емес пе еді?

– Е, бәрі де жұмысбасты, ер жанышты титығына жетіп жүрген сорлылар ғой! Мойкада жұн жуғанда, тері жайғанда жүрген, күнкөргішін таба алмай келген аш-арық еді ғой! – деп, Жәбікен үйлері нашар кедейлер жайын еске алды. Дәмежан бұл сөзге бас изеп қостап отыр. – Рас-ая, Абай аға, тағы бір байқағанды айтайдын ба? Осы ауруға ашыққан үйлер мен ауыр жұмыстан жаншылып, бейнет басып кеткен еркек, өйел тез ұшырайтын төрізді. Оның үстіне біреуден біреуге жүғады дейді. Әйтеуір осы қатарымыз құймалас көршілөріміз, бес-алты үйіміз әзірше аман тұр. Соны шүкірлік етіп, балаларды да ешқайда шығармай, көп жандарға қатыспай, қолдан келгенше қымтансып қана отырган жайымыз бар! – деді.

Қазағы көп Слободка деп аталатын бергі жағаның қасында әралуан байлар, ірі саудагер, әлді алыпсатар бар. Солардан шыққан пәлен байбатша, түген қажыеке, байекелер бар.

Үй иелерінің жауаптарына қарағанда аса бір сирек, некен-саяқ болмаса, ондайлардан өзір “пәлен өлді” деген хабар-ошар естілмепті. Енді біразда Дәмежан мен Жәбікен бұл аурудан титықтап, өлімге бет берген кісілердің түс ірепні қандай болатыны туралы айттысты. Індет меңдеткен ауру өң жағынан жаман боп кетеді еken. Дәмежанның айтуыша: көздері шүнгірейіп, иек-мұрны шошая береді. Көзінің айналасына, “өлім таңбасы” дейді, бір көкшіл ноқта түседі.

Жәбікен әйелімен екеуі осы қалада жұрт аузына жиналған сөзді сүқтанып, шошынып айттысады.

– Адамның демі суынып кетеді еken.

– Қол-аяқ мұлде тастай боп қалады!

– Сөйлеген үні көрден шыққандай қатты бұзылып кетеді деседі.

– Алды-артында тыным жоқ, ағыл-тегіл ақтарыла береді! – деп Жәбікен тағы бір жайды айтқанда, Дәмежан қабағы шытынап қалды. Бұл сөзді бастырмалата: – Адамның шөлі қанбайды, тек сусын-сусын дей береді еken. Не керек, әлгі ақырзаманда кебінін оранып, көрден шығып отырады деседі ғой молдалар, сондайлардың кебі көрінеді, адам бағына түскен пұшаймандық! – деп бар жайды аяқтай берді.

Осы кезде бұлардың үстіне, Баймағамбетке бастатып Федор Иванович Павлов келіп кірді.

Абайдың мол денесі өте шашаң қозғалып, отырган орнынан атып тұрды. Күткен қонағын қуанып қарсы алды. Федор Иванович үндемей құшақ жайып кеп, сүйісіп амандасты. Абайдың қолын ұзақ сілкіп, қатты қысты.

Сәлден соң, жайласып отырысымен Павлов Абайдың бұнда не шаруамен келгенін сұрап қалды. Ең алғашқы кездесу үстінде Абай досының сол сұрауына жауап берумен болды. Ол бұл сапарға келуге міндетті еken. Өйткені биыл Петербургте оқу бітіріп, az отпуск алып елге келген Эбіш енді Алматыға қызмет жайына жүрмекші. Ол елде, жақында өзінің қалындығы Мағышқа үйленіпті. Бұл жайды естігендеген тұста Павлов қысқа ғана тұрде қайырлы болсын айтып, Абайдың сөзін бөлмей тындај берді.

Абай сол ұзак жолға келіні мен баласын ұзатып салғалы келіпті. Оның үстіне Әбіштің жолына ақша-пұл өзірлеу керек. Соған осы базарға мал айдатқан екен. Енді сол малды ертерек сатып, пұл қылып Әбіштің әр керегіне өзірлік жасамақ. Өз жайларын айта келіп, Абай енді Федор Ивановичқа құлімсірей сөйледі.

– Бұның бәріне қосымша – қаладағы достарды сағындым. Қаланы көргім келді. Сонымен кеп қалдым. Ал енді қаланыздың жайын, өз жайыңды өзініз мәлім етіңізші, Федор Иванович! Александра Яковлевна қалай? Ол кісі доктор ғой. Мынау қаладағы науқас жайлы не айтып жатыр? Маған бар нәрсе мүлде қаранғы. Менің санама сөule беріңізші! – деп, кейбір кітаптардан өзі оқыған геройлары тәрізді сөйлеп, өзілдей тоқтады.

Федор Иванович өүелі Абайға тек науқас жайын айтты. Оның қаупі мен бір қындық жөнінде қысқа ғана мәлімдеп отыр. Ең алдымен өзі доктор болмаса да, “Сашадан естігенім” деп, өз әйелі доктор Александра Яковлевнаны атап өтті. Абайға оның сәлем жолдағанын айтты. Мына науқас басталғалы Александра Яковлевнаны осы бер жақтың больнициасына ауыстырған екен. Павловтың айтуы бойынша, бұл науқас Россияға соңғы алпыс-жетпіс жыл ішінде осымен үшінші рет оралып келіпті.

Озі аса қауіпті, жүқпапты ауру – ел тандамайды. Бар жүртқа ортақ апат. Бұрын да, қазір де ең өүелі Индиядан шығыпты. Содан Россияны, Европаны, Англияны, Қытайды, Жапонияны, тіпті Солтүстік Американы да арапап өткен екен. Қазір Россияда елу-алпыс губернияға жайылыпты деген сыйбыс бар. Бірақ әр ортада, халықтың түрмисына, жағдайына қарай, салты мен қалпына орай ауру өралуан өтеді. Әйелінің Павловқа тапсырып, Абай сияқты халық адамдарына білдір деген сөздері бар екен. Алдыңғы сөздерін Абайға қысқа ғана айтып келіп, Павлов Абайдың бұдан былайғы сөзді ерекше тындауын өтініп алды.

Содан кейін айтқаны: қазақ халқының жайы. Бұл ел өлімді аса зор ықыласпен күтеді екен. Біреу өлсе, соның

үйіне жаназаға көп кісі жиылады. Жаңа ғана өлім шыққан үйге тегіс кіріседі, онда көбінше ас ішеді. Бір емес, бірнеше рет жиылышады. Осының бәрі қазір Слободкадағы қазақ халқының арасына мынау жаман ауруды аса шапшаң таратып отыр. Кім арқылы халыққа өснег айттып, тоқтау салуға болады? Кімнің тілін алады? Қай жерде халыққа сөз сөйлеуге болады? Базарда ма, мешітте ме? Не де болса, халық қамын ойлайтын адамдар тез көмек бермесе болмайды. Бұл бір. Екінші, Павловтың өз жанынан қоса айтатын бір жайы тағы бар. Бұрын барлық елдерде, қалаларда болғандай, қазір Слободкада да көбінше кедейлер өліп жатыр. Әсіресе, ауыр еңбек адамдары мен аш-жалаңаш, қалың көпшілік ортасында өлім молайып кетті. Павлов осы тұста Затонды, бірнеше заводты, мойканы атап өтті. Солардың бәрінде де орыс, қазақ, ноғай жұмысшылары үй іштерімен көп-көп қаза көріп жатыр екен. Абайдың өзіне де Павловтың енді қайда тұру, қалай жұру жөнінде айтпақ мәслихаты бар. Оны қысқа ғана жолдастық бүйрық ретінде сөйледі.

– Ибрагим Кунанбаев, ең ақырда Сашамен екеуміздің сіз берін Баймағамбетке айтатын бүйрығымыз бар. Ия, бүйрық! Сіз тек тыңдаңыз, себебі бұл үй ішерлік суды өзеннен алады. Ол су өзірше ауру таратушының бірі. Қазір ауру көшіп, өлім молайып тұрган мезгіл. Слободканың осы жағы мен аяқ жағы ең қауіпті жерлер. Сіз тезінен Слободканның орта тұсына және қорасында күдігі бар бір үйге көшіңіз. Онан соң аса шаршамауға тырысыңыз. Асты онша ашықтай тұрып ішіңіз. Бұл ауруда ашаршылық қандай жаман болса, үлкен мешкейлік те жаман. Әр тاماқты шақ қана, дәл ғана жеу керек. Ал енді... – деп Павлов күлді де, – бұдан ары осылай айта берсем, мен доктор болмай тұрып, докторлық еткен шарлатан болып кетер қаупім бар. Сондай күйге жетпей тұрып тоқтайын. Мүмкіншілігі болса, халыққа сөзі жететін адамдар арқылы, жаңағы мен алғаш айтқан жайларды қаладағы қазақ халқына жеткізуғе тырысыңыз! – деді.

Осыдан кейінгі аз әңгімен соң Павлов Абаймен енді жиі көрсіп тұрмақты уәде етісті де, журуге айналды. Дәмежан бұл орысқа Абай көрсеткен ықылас, бейілді өзінің жүйрік зейінімен жақсы андаған еді. Қонақ журуге айналғанда ол Абайға қарап:

– Абай аға, ас пісіп қалды. Мына кісі сыйлас адамының тәрізді, дәмге қалдырсаңызы! – деген еді.

Павлов Абайдың аударуынан бұл сөзді естігенде, төсіне он қолын қойып, бас иді. Дәмежанға үлкен, сұлу көздерімен жылы қарап, аса биязы алғыс айтты. Бірақ асқа қалған жоқ.

Таңертенгі шайда кездескен Ырғызбайдың мол сақалды, көп сөзді мылжындары да түстікке қайта оралған. Енді олар аттарын жеккізіп қойып, Абаймен бірге ет жеп алғалы отыр. Дәл жүрерменде Абайға жанашыр қамқор болғансып, екеу-үшесең қосылып, “келелі” бір сөз салды. Оны Мақа бастап, Жұман қостаған. Бестіқырт – Мұхаметжан да әкелерімен жарыса отырып аяқтаған-ды. Айтқандары Абайға “қазір елге қайтайық” дейді.

– Оқыс келіп қалған екенсің, қырылса қаланың өзі қырылсын. Елімізді табайық, пәледен қашайық, тез жөнелейік! – деседі.

Абай бұлардың сөздерін шала тыңдал: “Ел қырылса, қайда кетуші ек, бұнда да қалың жұрт. Содан үркіп, қашып не жаным аяулы еді!” – деп бір қайырған-ды.

Оған орай Жұман өзінше көсемдік етіп, жол көрсетпек болды.

– Елің не, айтып отырған? Осында қырық рудан жиылған қаланың жатағы ел ме екен! Елім десең ана иен жатқан аталастың, туысың Тобықтыны айт. Қайдағыны халқым деп не деп отыр өзі? – деді.

Абай енді ыза болды. Қатты зекіп сөйледі.

– Жә, ішер асынды іштің! Айтарлық құдай аманаты, бос мылжың сөзінді айтып болдың. Енді тұр, тарта бер! Менде не ақың бар? Кімді халқым дейтінімді сендердің біліп нең бар! Бар, бара беріңдер! – деді де, үш Ырғызбайды сұық

көзімен, қатал түсімен қаймықтырып, осы үйден ұзатып салды.

Өзі Дәмежанға енді басқа пәтерге көшуі қажет екенін жайлап үғындырды. Абай жатқан үйге ертеді-кеш көп кісі келеді. Ығын-шығыны, мазасыздық құтімі көп болады. Артынан келетін ауыл кіслері тағы бар. Сондықтан кеңірек жайға орналасу қажет. Дәмежанның бейіліне ол алғыс айтты. Сөйтіп, осы жағада өзі ұдайы пәтер етіп жүретін ташкенттік Құмаштікіне көшті.

Құмаштың үйі бер жақтың орта тұсына тақау, басжатақ мешітінің жанында. Асты қызыл кірпіш, үсті ағаш, қоңыр шатырлы екі қабатты үй тиянадай, көзге де көрнекті. Осындағы бай үйлерінің бөрінің үлгісі бойынша бұл үйдің қақпасы да өз кезінде жақсы тақтайдан биік етіп салынған. Құймалары да бар, Сибирьдегі орыс қалалары дағдысынша тақтайдан қылған. Қақпадан басталатын ашық, кең ауланың төрінде төбесі жабық “лапас”, “зәуезнай” дейтін ат-арба тұрарлық бөлек жайлар бар. Екі қабат үйдің астында Құмаштың өз үй іші, қонақтары ғана тұрады.

Абай кейде үстіңгі бөлменің біріне түссе, тағы бір кезде кіріс-шығысқа жайлы көріп, астыңғы бөлмеге орналасады. Көше жақтағы күн түскіш кең бөлмені таңдал алатын. Бұл жолы да сол астыңғы бөлмені мекендейді.

Бер жақта “басжатақ”, “ортажатақ”, “аяқжатақ” немесе “Тінібай жатағы” деп қазақтар бөлетін қала бөлігінің орта жатағы Құмаш үйінің тұсынан басталады. Тегі бұл тұстарда жалғыз қабат қызыл тас үйлер, екі қабат көк шатырлы, ағаш шатырлы үйлер де жиі ұшырасады. Қазак саудагерлері мен татар саудагерлері молырақ орналасқан жер, осы Ертіс өзеніне жарыса салынған екі-үш көше бойында.

Бер жақтың сауда дүкендері, базары бұл көшелерден онтүстікке қарай шығатын қыраттың үстінде. Одан төменирек сол жотаны бойлап Слободканың орыстары тұратын бөлімі кетеді. Онда бер жақтың больнициясы, каланчасы, почтасы бар. Слободканы билейтін ұлық “зәбедейшінің” кенесесі де сол тұста.

Абай тек Құмаштың үйіне көшкен соң ғана өздерін анық қалаға келіп жайғасқан кісідей сезінді.

Сол күні кешке Баймағамбетті жұмсал, өзі отырған үлкен кең бөлмеге Слободканың бір білікті адамы Сармолланы шақыртып алды.

Обадан өлген адамдар жайын Сармолла Абайдың күндізгі естігендерінен өлдекайда көп санап айтты. Бұның өзі мешітте имам емес. Халфе, қари, мәзін сияқты діндар көпшілікпен қунде кездесетін де адам емес. Сармолла тегі өз үйінде бір топ балаларды, жастау шәкірттерді өз бетімен оқытып жүрген бір ұстаз екен. Сонда да шәкірттерінен, көршілерінен естіп-білгендері Абай үшін көп жаңалық болды. Сармолла ар жақ пен бер жақтың қалаларын махаллаға бөледі. Бер жақты “Бас махалла”, “Тінібай махалласы” деп екіге бөледі. Ар жақтағы жеті мешітті мегзеп, жеті махалла дейді.

Ауру, өлім осылардың бәрінде де бар екен. Ол кедейдің, аштардың немесе бейнеті ауыр жұмыс адамдарының көбірек өletінін айыра білмейді. Өзі көп жаназаға араласпағандықтан өлген адамдарға шығарылған садақалар жайын аз білетін. Бірақ әйтейір мешіт-медреселер айналасындағы имамдар мен мәзіндер, карилер, халфелер осы қаза уақытында қатты байып жатыр деп түсінеді. Абайға сол жайды баса айтады. Өзінің қызғанышын қоса отырып, кейбір өш қари, халфе, мәзіндерін атады. Әсіреле соларды көп жамандады.

Бұның айтуынша, бас махалладағы Шәрібжан халфе, Самат қари, соқыр қари, Самұрат мәзін сияқтылар қазір қуанып жайнап жүр. Олар жаназадан, фидиядан, хатімнен және өлген адамның жетісі мен қырқынан күні-түні мол жем айрып жатыр.

– Ибраһим мырза, шұбә қылмақызы, Шәрібжан халфе, Самұрат мәзіндер, осы қазада халық көрген фәләкәтқа қапаланады дейсіз бе? Жоқ, жоқ, олар әлбәтте барынша қуанады, семіре түседі. Бұндай кіріс оларға тіпті айт күндерінде де түскен емес. Неге қуанбасын! “Өлімді жерде мол-

да семіреді, өлеңді жерде өгіз семіреді” – деп қазақ халқы бек біліп айтқан. Мен бұлардан, хатта хазіреттің өзінен де сондай түнілгенмін. Сол қадар ғайыптаймын оларды. Халыққа жаны ашымас азғындар деуге батылым да барады! – деді.

Абай халыққа осы жаназа оқу, ас беру, хатім жасау жөнінде ақыл айту керек деген. Адамды аз жиып, өлікті тез қойып, сақтану қажет дейді. Осыны көпкө жеткізу шарт дейді Абай. Ал Сармолла Абай сөзіне қоса өзінің күндегі өш мәзін, халфелерін көбірек жамандайды. Абай болса енді үнсіз, салқын тартынып қалған-ды. Сол ажарды да байқап Сармолла халыққа сақтық жөнінен өсиет айту керек екенін де аса құптап сөйледі. Бірақ соны айтып келіп және де Шәрібжан халфе, Самат қари, Самұрат мәзіннің бұндай өсиетке соншалық қарсы болатынын айта жөнелді. Және де олардың халық үшін ешбір қабырғасы қайыспайтынын еске алды. Көзін жұмып, басын шайқап, таңдайын қаға берді.

Абай Сармолланы дін басылардан басқарақ көретін. Оның шығыс ақындарын жақсы білетінін және солардың көп кітаптарын сақтайтынын ұнатушы еді. Абай бұдан Шайхы-Сағди, Қожа Хафиз, Әлішер Науайдің кейбір діуандарын алып, қайырып та жүретін. Өзге имам, хазіреттерден, қарилерден бұның жалпы дүниеге көзқарасын да кеңірек көретін. Және қаланың қазақ халқы осы молдаға балаларын көбірек оқытатынын білуші еді. Сармолланың содан арғы ішкі сырын Абай білмейтін. Қазір мынандай қала халқының ауыр қазасы уақытында “акыл қосатын адам осы болар ма” – деп, әлде бір үмітпен шақырған еді. Бірақ дұрыс сөздермен қатар, Сармолла да осындағы бар молда сияқты: “Жаназадан анау көп алды, фидиядан мынау көп тапты. Мен аз алып қалдым, қақас қалдым!” – деп өзінше қызғанышпен өртеніп отырған сияқты. Сармолла әр сөзді өзінің өш, күндес молда, халфелерін жамандауға сая берген соң, Абай бір кездे оны қатқыл үнмен қағып, сынап сөйледі.

– Сармолла, сабыр! Шағир айтпап па еді: “Кісінің бір ғайыбын маған айтып келген адам, менің жұз ғайыбымды кісіге де барып айттар” – деп. Мынандай қалың қаза, қайғы уақытында өштік-қастықты алдымен айтпай қоя тұрсаңызшы!

– Әлбәттә, әлбәттә, Ибраһим мырза, гұман жоқ, сіздікі тұра. Фарибыңыз өзін ғайыпты санайды! – деп Сармолла қызарды да, бөрік киген басын төмен иді. – Маған не мәслихат етесіз, енді соны айтыңыз! – деді.

Абай бүған:

– Тым құрса мешітке намазға жығылатын адамдарға, тіпті болмаса жұма күні хұтпа соңынан махалла халқына өситет айтыңыз! – деді. – Осы жүқпали аурудан сақтану үшін жаназаны, хатімді, асты басқаша жүргізу керек, аз адаммен өткізу дұрыс деңіз! – деді.

Сармолла Абайдан шын үялған еді. Енді көп отыра алмай:

– Хұп-хұп! Бәрекәллә, мен өз хәрәкетімді енді бастармын. Үйде отырып өзіме өзім айтқанша, махалла халқының арасына баруға талап етермін! – деді.

Сармолла кетер уақытта Абай орнынан тұрып, сыпайылықпен қол алысты. Қоштасып жатып: – Шәкірттеріңізге өсірепе көп ұғындырыңыз. Ата-аналарына, көршілеріне сіздің өситетіңізді таратсын. Сізден оқыған шәкірттердің бүл кунде азамат болғандары да бар. Соларға да сөлем жолдаңыз, шынында махалла халқы сіздерді ұстаз көреді. Өзгелердің сөзінен сіздер айтқан сөзге тезірек иланды емес пе? Сол себепті осы қаладағы мәсулияті бихисап зор деп білемін. Бұл ұждан, ахлақ адамгершілік алдындағы қарыздарыңыз деп санаймын! Солай емес пе? – деді.

Сармолла тағы да басын шүлғып:

– Әлбәттә, әлбәттә! – деп, әлденеге қысылғандай асыға басып ширыға жөнелді.

Ол осы бетінде Құмаштың үйіне жақын жердегі мешітке ястау намазын окуға жөнелді. Көше қараңғы еді. Екі ғана пүшпақ айналды да, ол мешіттің шарбағынан кірді. Қазір

намазға келетін көпті тосып отырған отыз-қырық адам бар екен. Бұлар махалланың намазқой діндар қарттары мен мешіт-медресенің мәзін, шәкірт, халфелері. Сармолла осы жүрттың арасына келді.

Қара түнде мешіттің түбінде жүресінен отырған бұл топтың көбі ұнсіз, жабырқау. Сөздер ақырын айтылған күбір түрінде. Екі адам немесе қатар отырған үш адам арасында ғана қысқа айтылған жауаптар жиі үзіліп отыр. Кеш қаранды болса да, Сармолла бұл отырған адамдардың көпшілігі махалланың жай халқы екенін аңғарды. Бар жиын осы мешіттің имамы қарт хазіреттің келуін тосып отыр. Сармолладан кейін де намазға келген оншақты адам қосылды. Бұлар да қаланың елі, көсіп халқы. Бар топтың ішінде мешіт, махалла бастықтарынан соқыр қари мен Самұрат мәзін бар екен. Сармолла жаңағы Абаймен сейлесіп шыққан күнде, сәл қызынған, үялған қалпында болатын. Халықтың қазасы уақытында дін ұстаздарының құлқынан үялуға тұра келетінін айтып, сәл дауыстай, сөйлей жөнелді. Бұған себеп болған Сармолланың қасында отырған сәлделі қара сақал, қартаң шәкірттің сұраған сөзі еді. Ол Сармолладан бүгін неше жаназада болдыныз деп сұраған-ды. Сармолла өуелі отырған көпшілікке естіртіп:

— Мен бүгін ешбір жаназага барғаным жоқ және бұдан былай мүмкін қадарымша бармасқа тырысармын! — деген-ди.

Бұл сөзді естіп қалған соқыр қари мен Самұрат мәзін қатарынан үн қатты.

— Астағфиралла, астағфиралла!

— Сіз күпірлік етесіз, дамолда!

— Исламиятқа хилаф сөз! Қайтыңыз райдан! Қайтып алыңыз ғайыпты сөзіңізді! — десті.

Бұл жай Сармолланың ең өуелгі демінен-ак дін басылармен шиеленісе, шекісе сейлесуіне себеп болды. Сармолла осыдан соң бар жиынға естіртіп, суырылып, шапшаң сөйлеп кетті. Қатты, қатал жайларды үсті-үстіне айта жөнелді. Бұнда отырған өңшең діндар қауымның көбіне

мұлде тосын және құлақ түршіктіретін оқыс сөздер айтылып жатыр.

– Үндемеуге мүмкін емес. Хаста күшейіп, қаза көбейіп, махалла халқы қалың апатқа ұшырап барады. Кемені толқын ұрып, бар қауым ғарқ болар халетке жетсе не істер еді? Әрбір заманның өз дағуасы бар. Бұл оба науқасы – жүқпалы ауру. Соған көре жаназаны, фидияны, хатімді, өлген адамның үйінен ас ішуді, жетісін, қырқын беруді қазіргі күндерде мұтла басқаша ету керек. Ауру тарамас үшін, көпшілікке фәләкәт жетпес үшін, енді жаназаны, хатімді, хатта барлық басқа хәрәкәтті азайтып, мұтлақа өзгертип, ада қылу лазын. Осыны махалла халқы білсін де тұтынсын! – деп тоқтады.

Бұл сөздерге жарыла жаздал, жерге түкіріп, бәддүғасын ішінен оқып, туласа отырған жаңағы қари мен мәзін қатар дүрсे коя берді.

– Сіз, жаназа қалай болсын дейсіз?

– Хатім қалай болсын дейсіз?

– Жамағат жиналмасын, мұсылмандылық қарызын ада қылмасын дейсіз бе?

Сармолла бұларды тыңдал болып, салқын қабақпен, қысқа, қатаң жауап берді.

– Жаназага бір ғана дін ұстазы барсын. Хатімді бір ғана адам жасасын. Ас ішу болмасын. Жаназа, фидия, хатімге босқа барып, текке үнсіз отырып, ақша, пұлды түпсіз терең қалталарына жітіре беретін қарилер, мәзіндер тоқталсын! – деді.

Өзінің екі дүшпаны – соқыр қари мен Самұрат мәзінге бар сөзді әдейі қадай сөйлейді. Егесе түсіп:

– Әрбір адам өлген үйге бара бермесін, ауру таратпасын, одан да инсан ойласын! – деп қызына түрегелді.

Мәзін мен қари де орындарынан атып тұрысты. Айғайлауға мұршалары болмаса да ұрса сыйырлап, бұліне күбірлеп кетті.

– Сіз діннен шығарсыз!

– Сізге шарифат хұқімі керек!

- Сіздің күпірлігіңіз хадден асқан.
- Астағифиралла, не дейді?
- Нәмәрт! – десіп, Сармоллаға арналған ыза мен кек қайнай бастады.

Ал бұлардан басқа намазға келуші көшілік Сармолланың сөзін үлкен ықыласпен аса дең қойып тындағандай болды. Мәзін мен қаридің ашулы сөздерінен бет бұрып, ол екеуіне сырт беріп, Сармолланы қоршай берісті. Осы кезде шеткі отырған бір-екі қартаң адам “хазірет, хазірет келеңді” – десіп орнынан тұрысты. Енді бар жұрт тез ғана сөздерін тыйды. Мол, ақ сақалды, қолына ұзын аса таяқ ұстасған, басында үлкен сәлдесі бар. Аяғын аса ақырын, әлсіз басқан дінбасыны жиын түрегеп қарсы алды. Намазға дең қойып, мешітке кіріп келе жатқанда да жаңағы қаридің, мәзіннің кеуделеріндегі ыза мен өштік өрттей болатын. Қаталдық пен кекшіл ашу, тегі, мінәжат үйіне діндар адамзат алып кіретін пәлекеттер емес еді.

Бірақ сол қари сол қалпында-ақ ястай намазының соңынан құран оқи жөнелді. Осы махаллада бүгінгі күн қаза болған мұсылмандарға арнап “ясин уәлқуранул хаким” – деді көзін жұмып. Бұхар мақамына салып, ұзын сүрені жатқа созып отырды. Бірақ бұрын өмірі жаңылып көрмеген соқыр қари сүренің бас жағын оқи отырып, Сармолланың жаңағы сөздерін ызалана еске алған еді. Ойы сәл соған бөлінгенде аузы сүреден жаңылып кетті. “Ләтунзира каумән мә унзира” деген тұста “каумәннің” орнына “қалан” – деп қалды да, айнала халфе-шәкірт, мәзіндердің қатарынан жеткіріп, қозғалақтап қалғанын аңғарды. Өзі де ырғала түсіп, тамағын қайта-қайта кенеп, ішінен Сармолланы оқтай атып, “кәzzәп!” деп те қалды.

Содан ары даусын қатты шығарып, мақамын түзеп, сарнай жөнелді. Сармолла болса жаңағы тұста намазда отырған молда емес, барлық жұрт білетін “ясиннен” соқыр қаридың жаңылғанын масқара көрді. Үнсіз ғана езу тартып, ез ішінен “шоқ” дегендей бол:

— Соқыр қариді құдай атты. Маған қас ойлаған үшін “Көләм шариф” ұрды, — деп сүйсініп қалды.

Сол түнгі намаздан тараған жұрт өздерінің үйлеріне молдалар арасындағы қақтығыс жайын айтып барысты. Бұл кеште намазға келген адамдар көбінше шала оқыған, тек жастары ұлғайған соң бірінен бірі елікте, намазға ден қойған боп жүрген қаланың алышатары, әртүрлі ауқаты бар, осы мешітке жақын жерде үлкенді-кішілі үй-жайлары бар қазақ саудагерлері. Тегінде Слободка халқының көптен-көбі қазақ болғанда, осы махалла немесе қазақша аталатын “басжатақтың” бар халқы қазақ болатын.

Үйді-үйлеріне қырдан келген көп елдің керуендері жатын да осы адамдар. Эрине, басжатақтың көпшілік халқы бұлар емес, олар неше алуан жұмыс, кәсіп ететін кедей, нашар бұқара болады. Ол халық болса мешітке келуге мұршасы жоқ. Ұзақ күнге ауыр бейнеттен, үздіксіз қара жұмыстан титықтап келеді. Інір қараңғылығымен аралас сүріне жығылатын ит азаптағы жандар. Мешітке барып, күнде бес уақыт намаз оқу былай тұрсын, олар жұмасында бір болатын күндізгі жұма намазына да бармайтын. Бұл көпшілік – бұқара мешіт, хазірет, халфе, молда атаулымен өте алыстан білісетін. Тек жақындарының қазасы кезінде ғана амалсыз кездеседі. Рас, осы оба науқасы шыққалы сол қалың көпшілік молда, хазіреттерді не көршілерінен, не өз үйлерінен дағдыдан тыс, жиі көретін болған.

Обадай апат қазаман аралас сумандап жүрген молдаларды ел сүймейді. Ұзын шапанды, сәлделі, сақал сипағыш сопыларға жұрт қаза көрген жүрекпен амалсыз көнсे де, іштей жек көреді.

— “Өлімді жерде молда семіреді” – деп, биыл осы молдалар мен халфе, хазіреттер де жалақтап кеткен екен!

— Құнығып алған-ау! Жас өлімі, жалғыз өлімі, жаны аяулы жақсы өлімі, жасы жеткен кемпір, шал өлімі, бұларға бәрі бір бас. Тек қымбат жаназа болса, түсім көп тиетін жер сезсе ғана бұлар жақсы. Онда шырайланып, сыпайланып, жібектей есіліп кетеді! – деп қала халқы сырттарынан көп

сын айтады. Молда атаулыға халық көпшілігі осы күндерде өзге кезден өсіреле сүйк қарайды.

Қала кедейінің үйлеріне елден келіп түсетін ағайын, тамыр-таныс, керуен-кешін болса, олар да мешітке намазға бара қоймайды. Сөйтіп, тұнде бас мешітте ястau намазының алдында, дінбасылар арасында болған қақтығыс бұл махалланың көп халқына тарамаса керек еді. Бірақ молдалар солай ойласа да, анығында, тұндегі намаздан қайтқан қырық-елу кісінің өз үйлеріне ақырындал, құпиялап айтып қайтқан сыйбыстары, ойда жоқта аса көп үйлерге жетті. Сансыз көп адамдардың құлағына тиіпті.

Қаланың өз халқы тұрсын, Семей маңындағы сан тарау жолдар мен талай-талай елдерден келген қазақ қалашылары, старшын, болыс, байлары да өздері түскен пәтер үйлериңен тунде болған жайды оқыс лақаптай естіпті. Сонымен, бүгін жұма күні мешітке дәл осы жолғы жұма намазына жиылған жұрт өзгеше көп болды. Ауыр қаза, қайғы-қауіпке түскен халықтың обадай науқастан үріккені сонша, қазіргі күндерде не болса соған сеніп, не болса содан ем, лаж күтіп тұрған шақ. Пәледен сасқан халық өзінің қысылған халіне қайдан да болса дәрмен етер, пәрмен болар үміт талшығын іздейді. Көңіл мен көмекті көксейді. Сондай қарандыра сипалау жөнімен әр саққа толқиды. Санылау сезілген әр жаққа тұртінеді. Кей топтардың үміті мешітке ауады. Ондағы ишан деп аталатын имамға, қари, халфелерге жалтақтайтыды. Бір нәрсе біле ме, айта ма десіп те үміт етіседі.

Бүгін жұма намазына келе жатқан халықтың ойда жоқ күйде соншалық көп жиылғаның білген қарт ишан намаз соңынан хұтпа оқымақ болды. Ол хұптада халыққа айтатын уағыз-өсінетін осы пәлекет, оба науқасына байланыстыра сөйлемек. Оған тағы бір себеп, тұнде ястau намазынан кейін бұл қарт имамды үйіне шейін шығарып салған Сағымұрат мәзін мен соқыр қари екі қолтығынан демей отырып, Сармолланың бар “сұмдығын” жеткізген. Асыра

сөйлеп, аптығып айттысып, қатты бір залым еткен зұлым-диктай баяндаған болатын. Екеуі кезектеп сөйледі.

- Өзін жаназаға халық шақырмаданға қызғанады.
- Өзгелер фидия, садақа тапқанда мен құр қалдым деп қастық ойлайды.
- Бұл халықты аздырады, хазірет.
- Махалла халқы надан, қарандыры, әрбір уәсуесаға сенеді.

– Сармолланың мінезінен қауіп ойлаңыз, хазірет! – деп қари бір ауық қатаң үнмен, қапалық білдіре сөйледі. Зор дауысты мәзін де тар көшениң тұн тыныштығын бұзып, санқылдаған үнмен жара сөйлеген. Бұрын ақырындау сөйлесіп келсе, енді имамның қақпасына жетіп, қоштасар жерде бар салмақты дәлелін, зілін құлағы мүкістей карт хазіреттің көкейіне құя түспек бол, әдейі қатты сөйлейді.

– Айтпады деменіз, хазірет! Сармолла сөзінің зәһары соңшалық қатты. Хатта обаның өзіндей, жүқпалы, зааралы сөз. Көрерсіз, біздің махалланың надан қауымына, әрбір қорасына, лашығына сол Сармолла сөзі жетсе, бұл халық, бәлки, жаназа шығарудан, хатім етуден де тыйылып қалар. Хазірет, сіздің хайырлы фатиқаңыздан бұл халық уаз кешіп, бас тартып қалып жүрмесін. Сұбіханалла, не ғаламаттар боларын ойласам, ұжданым түршігеді. Сіздің хайыр фатиқаңыздан тартынып, халық ұстаздарына беретін хайыр-узифаларынан да бас тартуға мүмкін! – деді.

Бұл шаққа шейінгі сөздерді үнсіз тындаған хазіреттің жаңағы соңғы сөзден соң сақалы жиі сілкінді. Ол төмен қарап күбірлеп тұр. Кейбір “фәләкәттарды” естіген жерде, соны заарарсыз етпек ниетпен оқитын “Лаухынаманың” тиісті дүғалығын оқыды.

Сармолла болса, айтқан сөзінен қайтар тұрі жоқ. Ол тұнде намаздан қайтып келе жатып, өзі бастаған сөз бен мінезге іштей қатты ырза болған. Бұны аз уақытқа қоршаған карт-қариялар шешіліп сөйлемесе де, бір-бір ауыз: “бәрәкәлла”, “осыны айтыңыз”, “сізге рақмет”, “Сармолла, сіздің ақыл” – деген тәрізді үзік-үзік үндер қатқан. Сармолла өзін құптаған шырай сезіп қалған-ды.

Жаратылышында шапшан, қызбалығымен қатар маңтан сүйгіштігі бар Сармолла жаңағыдай жылы үндерді өзіне халық көрсеткен құрмет-қошемет деп үқты. Талайдан Сармолланың мешіт-медресе істеріне араласуына, жақындауына кедергі боп жүрген көп жылғы жаулары – Самұрат мәзін, соқыр қариді енді бұлар анық жазалайтын тәрізді. Солардың дәл өлер жерінен оқ атып, жарақаттайтын құрал тапқанына Сармолла өсіреле сүйсінеді.

Олар бұған не іstemеген? Жетекке ергіш қарт ишан, имам болса осылардан, Шәрібжан халфеден ары аспайды. Сонымен бәрі бірігіп, Сармолланы бірде-бірі жаназаға, фидия, хатімге шақыртпауға тырысады. Ол былай тұрсын, соңғы бір жарым жыл бойында хазірет пен осы мәзін, қари, халфелер махалла байларының мешіт-медресеге жіберген жылдық зекет малынан, хайыр-уазифасынан да құр қалдырып келеді. Ал анық ғұламалыққа келсе, Сармолла бер жақ қана емес, ар жақтағы жеті мешіттің де имам, халфелерінен өзін артық молда санайды. Өйткені бұл “Бұхарай шәріфте”, “Мирғарап” медресесінде оқыған. Кейін Қазан шәһірінде, Мысырдан жиырма жыл оқып қайтқан соңғы ұстазынан “Шарх Фабдолланы” да оқып, ғылым тамам еткен. Сондай Сармолланы, бұның өз ойынша, осы махалланың имамы ету керек еді. Тіпті болмаса қазіргі имам, көрі ишан қайтыс болған соң, соның орнын басатын етіп қазір халфе қойып, мешіт, медресенің қадірлі ұстазының бірі етіп ұстаса керек еді.

Ал оның орнына соқыр қари, Шәрібжан халфе, Самұрат мәзіндер өздерімен жемтіктес, пиғылы пасық Самат халфе деген шала молданы үлкен халфе етіп қойып отыр. Бұл жайларды Сармоллаға жиі ойлатып, ішін қатты қайнатып жүрген күй осы соңғы екі жұма ішінде, оба науқасының үстінде өзгеше күшейе тұсті. Бас мешіттің халфе, қарилері өзірше бірде-бір түсімі көп жаназаны Сармоллаға оқытқан жоқ. Көп үйлердің хатімі, фидияларына да бұны әдейі шақыртпады. Сырт қалдырып жүрген, аңдысқан жаулар соқыр қари мен семіз мәзін Самұрат. Ал олар

өздері болса, дәл осы соңғы он бес күн ішінде көп түсім тапқандарын танытып қойды. Соқыр қари бұрынғы тоқал үйін темірмен шатырлап жатыр. Ол аз күнде “көк төбел” үйлі болады. Ал семіз мәзін үнемі жаяу жүруші еді, қазір жонынан жарылған жирен аты бар. Соны енді өдемі, жаңа қара тарелейкеге жегіп шығатын бопты. Сармолла болса, неше жылдан бері сауыры бір жұмырланбайтын тарамыс тарлан аттан басқа түк тапқан жоқ. Оның да арбасы жоқ, ер-тұрманы жүдеу ғана.

Үйге келген соң да Сармолла өзінің өш-қастарына қаншалық зақым келтіргенің сүйсініп ойлады. Сан рет жымия түсіп, қабағын жыбырлатып қояды. “Бәдбәхыт жүзіқаралар, көрсетермін мен әлі сіздерге! Жамағат алдында жүздерін қара екенін әшкере етермін!” – деп қояды. Әсіре-се тағы бір өзіне мәлім берік жайларын еске алса, тақаты қалмайды. Бұл түннің көбін осылайша қызынып, осылайша құлшыну үстінде Сармолла үйқысыз өткізді.

2

Жұма намазына бүгін жиылған халық мешіт ішіне сыймады. Көп қауым ауланың ішінде мешіттің екі жағын қоршай тұрып намаз оқысты. Сармолла осы сырттағы халық арасында болып, мешіт ішінде қарт имам бастаған намаздың әр кезек “тәкбир-тәһлилий” сыртта үйыған саптарға ашық үнмен әсемдей естіртіп тұр: “Аллаһуәкбар！”, “Самиғоллаһу лимән хамидә！”, “Әссәләмуғалайқүм уәрәхметолла” – деген ауық-ауық намаз бөлімдерін дауыстап, сырттағы қауымды іштегі михрабтағы имамның намазына қалт еткізбей үйытып тұрды. Халық пен іштегі мешіт намазын он үйлестіру үшін ол әдейі мешітке кірмей, сол мешітке кіретін ашық, биік алаңның үстінде аз адамдармен бірігіп сапқа тұрып оқыған. Мешіттің екі жағы мен алдын түгел қаптаған қауымның бар саптарына Сармолла жақсы көрініп тұр. Ұзын, қабілетті бойымен, әсем ораған бұхаралық жасыл сәлдесімен және сәл жирендеу келген алтындаі мол сақалымен Сармолла бөлек байқалады.

Намаз оқылып болған соң зор дауысты семіз мәзін Са-
мурат жаңағы Сармолла тұрған алған шықты. Ширақ қоз-
ғалып, халыққа қол көтерді де: “Жамағат!” – деп екі-үш рет
ұн қатты. Намаздан тарамай, бұған қарай қалған жұртқа ол
сартылдаған үнмен бар сөзін анық сөйлеп жар етті.

– Жамағат, сабыр етіңіз! Тарамаңыздар! Ишан, хазірет
қазіргі жұма намазы ақырында хұтпа оқиды! – деді.

Осы шақта саптағы жұрт орын-орнына жаңағы намаз-
да отырғандай жүгініп отырысып қалды. Енді біразда
мешіт ішінен халфелер мен сәлделі қарилер, қартаң
шәкірттер қоршаған күйде көрі ишан шықты. Ол бар
жұртқа айқын көрініп тұрған мінберге тақады. Ишанның
даусы көрілкten қырылдай шығатын және былдырлап
ұғымсыз естілетін. Оның үстіне әдетте басын төмен салып
акырын сейлейді. Бұғін де имамның хұтпасы көп жұртқа
естілмеді. Және, өсірессе, қырық-елу жылдан бері бұл
имамға машиқты болған хұтпа кебінше арабша аят хадіс-
тен немесе парсы аралас жаттанды сөздерден құралатын.
Бұл махалланың көп халқы оқымаған адамдар, білсе намаз-
дығын ғана зорға білген шала оқыған, шала надан, шала са-
уатты қазақ саудагері. Бірақ имам ол халді еске алып, есеп-
ке тұттайды. Дін ұстазы деп аталатындар өздерінің махал-
ла халқымен мұлде ұғымсыз тілде қатынас жасайтынын ес-
керіп, ойлап көрмеген. Ал халық имамның бұғін де осылай
сейлейтінін білсе де, тарамай отырып алған.

Бұрын мың рет оқылған ұғымсыз хұтпаға бұғін хазі-
реттің қосқан сөзі өте қысқа, мәлім ғана жайлар болды.
Ол обаны “алланың бенделеріне жіберген жазасы” – дейді.
“Әр заман, әр қауымға, сол қауымның құлқы бұзылып,
құнәсі қебейгенде, күпірлігі асканда, құдіретті күшті
иесінің жіберетін осындағы жазасы болады. Бұл
фәлекеттің себепшісі тек сол тәңірдің тағдыры. Ол Лау-
хул-махфузда солай жазылған. Адамзат мұны келтіруге
де, кетіруге де ықтиярлы емес. Тәңір бұйырған уақытта
келді, өзі тоқта деген сағатта тоқтайды. Тек сол үшін аhlі
ислам пәллеге сабыр айласын, мінәжатын, құлшылық ғиба-

датын күшейтсін. Нәпсісін түзесін, қаріп-қасерлерге мейір, шафқат көрсетсін. Әр адамзат өзінің күнө сүмдығын тәнірісінен қорқып ойласын. Сондықтан хайыр-садақасын, зәкат, парыздарын ада қылсын!” – деді. Өздерінің дағдылы алым-жемі жайын еске салып, күнгірт сөзін күмілжіп аяқтады.

Хазіретті қоршаған халфе, қарилер, көп молдалар беттерін сипап бата қылышп, дағды бойынша осымен “хұтпа тамам болды” – деп жүрттың тарауына белгі жасай бастады. Бірақ жиылған қалың жұрт болса, онша асыға қоймайды. Қайта жаңағы хұтпаға тоймағандай, тағы бір нәрсе күткендей. Дәл осы сәтте мінбер маңындағы дінбасылар күтпеген оқыс бір хал туды.

Жаңа хазірет түскен мінберге енді жылдам басып, ажарлы жүзін халыққа қаратып, Сармолла шықты. Бар дінбасылардың ақ сәлделерінен бұның жасыл сәлдесі басқаша. Сармолла санқ етіп, зор үн қатып, жамағаттан ілтифат тіледі. Ол да алғашқы үндеу сөзін арабша бастады. Зор, ашық үнін кең тастап:

– Я әйюнал мұслимина! – деді. Осыдан соң халыққа ұғымды, көбінше қазақша тілмен сөйледі. Тек оқта-тектеғана кітап, араб сөзін қосады. Ол тура, кеше түнде ястау намазы алдында өзі айтқан сөздерін баяндап шықты. Тек қалың жиынға бүгін қосқаны: әр пәлекетті жаңа хазірет айтқандай қадір алла өзі жіберетіні рас. Және де сонымен бірге құдірет иеміздің әр пәле-пәлекеттен Мұхаммет ұмметін сақтармын, құтқарармын дегені де бар. Сүре “ясин”, өздеріңіз білесіз, “алхамду ліллаһі” соған күе. Хатта пәледен сақтармын және сақтансаң сақтармын деген. Сол себепті тәнір ием әр дертін жіберумен бірге шипасын да жаратқан. Аның үшін, ей, жамағат, сіздің өз қамыңыз үшін, осындаи хал-ахуалымыз апатта тұрғанда мен бір мәслихат айтамын. Мен көбініздің балаларыныңдың ұстазымын, мұсылмандық қарызым үшін, дін қарындастық дос-тығым үшін айтамын. Сақтаныңыздар! Бұл оба деген қазадан, ауыр дерттен тек қана сақтанумен аман қалуға бола-

ды. Аның үшін көп-көп өтініп айтайын, тәкірәрлап айтайды, сақтаныңыздар! Сақтану үшін не ғиляж?

Қаза болған адам үйіне, жаназаға мүмкін қадырынша халық аз жиналсын. Мәйіт шыққан үйге көп адам келіп-кету болмасын. Ол үйде ас ішу, көп халыққа тағам тараттыру, жетісін, қырқын жасау уақытша тоқталсын! Жаназаға, хатімге көп молда, мәзіндер, халфелер, шәкірттер шақырылмасын! Бір ғана дін ұстазы, тілесе хазірет пе, халфе ме, басқа молда ма, барсын да, бір адам жаназа шығарсын. Хатімді және де бір ғана молда оқысын. Көп молда, шәкірт, мәзін, қарилер бұдан былай осы махаллада барлық ауырып өлген адамдардың үйлеріне қаптап барып, басқа үйлерге және қаптап жүрүлдерін тоқтатсын. Олар, қазір байқалғандай, бірден өздері ауырады. Білесіздер, Жұман молда, Сахип халфе, Амантай шәкірт, тағы көп сондай жандар жақында дін ұстаздары арасында да обадан қаза болды. Көп молдалар осы оба ауруын, осы заарлы хастені ықтиярысız таратушылар болды! Олар халқының халін, қамын ойласын! Жаны ашысын, махалла халқына! Инсаф ойласын, мұсылмандылық қарызы деп инсаф ойласын! – деді.

Сармолла сөзінің аяғын тағы да аса бір қамқорлық үнмен анықтап, салмақтап тұрып айтты:

– Міне, махалла халқы, қарындас қазақ халқы! Менің осы сөзім осы махалланың әрбір қорасына, әрбір естияр азаматтарына жетсе екен. Және мағлұм болсын, бұл айтылған мынау фәлекәт тұсындағы қамқорлық, достық сөз менің өзім ғана айтқан, Сармолла тарапынан ғана шыққан сөз емес. Слободка халқына осы мәслихатты айтушы қазақ халқының қамқор дос адамдары. Солардың ішінде, халайық, сіздің ең жақын қамқорыңыз және білгіш, ақын досының Абай деп білінің! Сол кісі де сіздерге осылайша, мен айтқандай сақтануды мәслихат етеді. Ол дін ұстаздарынан халық үшін қамқорлық талап етеді. Сақтаныңыз, сақтан, халайық! – деді. Соңғы рет ашық үн таstadtы. Мол, сұлу сары сақалы сілкіне тұсті. Үні тыныш аспанда саңқ етіп, біраз жаңғырыға тұрып тоқтады.

Сармолла бұл сөтте дегеніне жетті. Имам бастаған бар молданы ол бір араға үйіп-төгіп, құлата салып кеткендей болды. Ұйлығып сасқан молда, халфелер мынау қалың елден қысылады. Бұліне құйгені болса да, қазір Сармоллаға қарсы ем табыса алмады. Ешкім де Сармолланың артынан мінберге шығуға жараған жоқ. Титыры құрып, іштерінен өштіктің оты лаулаған мәзін мен соқыр қари, Шәрібжан халфелер жарылғалы тұр. Халық болса, бұларды өсіресе улатқандай мінез көрсетеді. Мінбердің маңында тұрган мәзіндерге халықтың дабырлап айтып бара жатқан сөздері естіліп тұр.

- Бәрекелде, Сармолла!
- Сармолла жақсы айтты!
- Сөз Сармолланікі.
- Анық халыққа жаны ашыған сөз осынікі.

– Сармолланың жолы болсын! – десіп бара жатқан сөздер жаңағы қари, халфе, мәзіндердің бастирына тиген қамшыдай тілгілеп қинап өтіп жатыр. Соның орайына халфелер мінберден түскен Сармолланы қоршап алып, хазіреттің қасына тықсырып өкелді. Енді осы араға бүгін нағашда болған қала саудагерлері және бірнеше ел кісілері де, қазақ қалашылары да жиналып кепті. Жаңа Сармолланы құптап қостаған топтың бір шоғыры да оны сырттай қоршап, осы биік алаңға шығып апты.

Жайшылықта мешітке бас сұқпайтын болса да, осы бүгінгі жұма намазына әдейі ынтыға келген кісілер бар. Олар кеше түнде осы мешіт түбінде молда, сопылар өзара мүйіздесіп, шайқасып қапты дегенді естіген. Сол хабар қала халқы мен елден келген керуен, қалашы, базаршының бәріне де мол жеткен көрінеді. Ал қазір мынау мінбер айналасындағы топқа жанаса келіп тұрган қалашылар болса, бұлардың көбі елдің сөзуар, пәлеқор партия басы – атқамінерлері. Олар сүйегіне біткен машиғы бойынша айтыс пен таласты сүйеді. Қақтығып-қағысқан кездер болса, ол үшін бар жұмысын, жүрісін де доғарып қойып, керіс қызығын көруге жаны құмар.

Мешітке құдай жолын көксеп келмесе де, молдалардың ендігі мінездеріне қызыға келген осындаид атадар тобы, мінберде сөйленген сөздерге түгел тоя алмады. Айзы қана алмай қалған. Әсіресе, имамның “хұтпа” деп сөйлеп өткен жайларынан олар мұлде түңіліп қалған. Солар көбінше Сармолланың сөзінен дәме қылышты. Тобықты тымағын киіскең бір-екі қара сақал мен тағы бір бурыл сақал үшеуі бірін-бірі түртіп, тақымдарын қысысып, дәмеленіп отырысқан.

- Үндеме, сөздің беті енді түзелер.
 - Бәсе, мына сөздің артынан ашылысадар деймін беттері.
 - Ашылар да, ашынар да. Сармолла осындағы молда, қожаның талайын шапқа түртті білем!
 - Үндемендер, қызық енді болады.
 - Жүр, қызығын көрейік!
 - Тақап барайық, құлақ оты жерден тыңдайық.
 - Бұлар жүрт алдында салғыласпағанмен, онашада жақсы жарғыласады! – деп бурыл сақал сылқ-сылқ күлді.
 - Мен білген Самұрат мәзін, соқыр қари болса, Сармолланың қолында өледі.
 - Е, ауыздағысына жармасса жаны шыдар ма! – деп тағы бір тыңдаушы күле түсті.
 - Тістеп тұрғанын тартқыладап жатыр фой. Жаны күймей қайтсін, – деп және біреу қостайды.
- Бұл кезде хазіреттің қасына келген Сармоллаға Шәрібжан халфе, соқыр қари, Самұрат мәзін жан-жақтан ақырын айтқан айыптау сөзben жабыла кетті. Олардың аузындағы сөздер сырттай сыпайы болғанмен, шын мәнін үққан кісіге Сармолланы қатты күнә еткен адамдай қаралап тұр.
- Сармолла, сіз өзі надан жамағатты қайда адастырмақсыз!
 - Фазаппен өлген пұшайман мұсылмандарға көп молдалар аузы айтатын дүға, аят, хадистің сауабын аядыңыз ба?
 - Сіз надан халықты, өзі қаранғыда адасқан халықты одан бетер түйілқа, надандыққа, зұлымдыққа қамайсыз! – деседі.

Сармолла тек хазіретке қарап, бұлардың бар сөзін еле-ген жоқ. Үнсіз сыздана түсіп, кейде сөлғана иығы сілкінпекекеткендей мырсы береді. Жирен мұрты астынан езу тартады. Аласа бойымен Сармоллаға шашыла қарап, жоғарылата көз тастап тұрған хазіретке естіртіп, Сармолла қысқағана айтты.

– Бұл күндерде кімде-кім халықтың қамын жеп, қасіретін ұқса, сол адам мен айтқан өсиетті айтатынына шубә қылмаймын. Білініз, хазірет, бір мен емес, сіз имам болып отырған қазақ қауымы, қазақ қарындастардың сахарадағы және шаһардегі бар халқына қадірлі Абай мырза да айтады! – деді.

Бұл сөзді Сармолла осымен екінші рет айтқан. Соған орай елден келген атқамінер тобының бір адамы қатты дауыс беріп, қатулана килікті.

– Ой, молдеке, осы Абай, Абай деп қайта-қайта қоймайсың. Сол Абай туралы не білуші ең өзің!

Сармолла өзіне арнап бұндай тұрпайы үн қатқан кісіге жалт қарап еді. Ол – басында ақ елтірі жеңіл бөркі бар, кесек мұрын, бурыл сақалды кісі екен. Түйілген қалың қабакты, жалғыз көзді, орта бойлы, нығыз адам тәрізді. Сармолланың байқауынша, бұл сахара қазағының қасында сыртын ала қоршап тұрған бірнеше қала байы, саудагерлері де көрінеді. Сәнді киінген белгілі бай, киізші Сейсеке, оған тақау қасапшы Қасен, дүкенші Жақып, қылышы Сәрсен дейтін Сармоллаға мәлім кісілер. Бәрінің шатырлы ағаш үйлері бар. Осы махалланың “инабатты” дейтін белгілі саудагерлері тұр. Хазірет те жаңағы соқырдың қоршau қосарларын анғарып, бұл адамға ілтифатпен қарады. Қалың сақалын тағы да сілкінте жыбырлатып, жүқа еріндері күбірлей жыбырлап, үздіксіз дүғаларын оқып тұр. Соқырдың өзіне қадалған жалғыз көзі еріксіз жауап айтуды тосып тұрғанын анғарды да, Сармолла Абай жайын айтып берді.

– Мырза, сіз менен Абай жайын сұрадыңыз. Мені ол кісіні білмейді деп ойлаған шығарсыз. Сізге мағлұм болысын, мен Ибраһим мырзаның қазақ халқына ұстаздық,

өситет етіп жазған сөздерін бек білемін. Және аса зор құрмет етемін. Ол заманымыздың асылзада адамдарының бірі деп білемін! – дегенде, жаңағы соқыр шапшаң сөйлеп кетті.

– Абай деп көп алданған сорлының бірі көрінеді мынау молда. Айтпасыма болмайды. Мен Абайдың қасындағы халықтан шыққан адаммын. Абай дегеннің бар шынын міне менен сұра, мен айттайын. Ал Абай сахара халқын азғырып болған. Ата жолынан, дін жолынан аздырған. Өзі орысқа табынған, барып түрған бүлдіруші, ел бүлдіргіш, азғын. Біз қалаға келдік, мынау құдайдың үйі мешітке келіп тұрмыз. Осындағы имамға иланамыз, мұсылмандық жолындамыз деп келіп тұрмыз. Тағы да алдымыздан Абайды алып шығып аздырмандар жолымыздан. Тым құрса шәһерімізді, бұндағы бәйтоттраны, тәңірге иіп, сәждә қылатын жерімізді Абайдай орысқа шала шоқынғаның атын атап арамда-мандар. Сен, Сармолла, халыққа өситет айтамын дейсің. Сол өситетінен бұрын әуелі өзің аузынды тазала! – деді.

Бұның айналасындағы байлар мен қари, мәзіндер мәз бола күлісті. Олар арасынан:

– Дұрыс айтады Оразекен!
– Мақұл айтты Оразбай ақсақал.
– Молда адасады. Тыңдасын, әне не айтады еken, оқымаған халық адамы! – деседі.

Сармолла жаңағы соқырдың кім екенін енді білді. Абайды бар жerde жамандап, сол арқылы ұлықпен де жақсы, елдегі нелер жуан бұзықпен де, содыр-сойқанмен де жақсы бол жүретін Оразбай дейтін соқыр бар. Абайдай жақсының дүшпаны! – деген сөзді Сармолла кейбір дұрыс адамдардан да естіген болатын.

Жаңа Абайды аямастан қаралаудың үстінен Сармолла-ның өзін де әдепсіз, түрпайы түрде қағытқан Оразбайға қарсы, ызакор Сармолла қазір қатты ашуланып қалған еді. Ол бұндағы кездे басына қандай сокқы тисе де, бір айтарын қауып түскендей етіп, қатты айтып салатын. Ашуында ауыздық жоқ дағдысына басты.

– Э, мырза, мен сіздің Оразбай екеніңізді жаңа білдім.
Не хараетпен, не фиғылмен сіздің өзінізге абырой тауып,
мал тауып жүргеніңізді де білемін. Сіздей адамдар туралы
хазіреті Абуль-Фала Мағри¹ айтқан еді.

Фәйиннәл ұсідө, тәтбағұла зиһабен,
Уағұрбәнен фәмән ғұррен, уәғұр жөн...

Яғни “Арыстан жүріп өткен ізбен ақсақ, соқыр бөрі де,
қарға, құзғын да ілесе жүріп азық айыратын”, – деп.
– Сіздей Оразбайлар өздігінен халыққа не берем дейсіз?
Шын жақсыны жамандап қазіргідей, жаңағыдай жүз берем
дейсіз, өлбетте! Сонымен де атымды шығарып күн көрем
дейсіз рой! – деп бір-ақ кесті.

Өнді де қып-қызыл бол, алтындаі мол сақалын қатты бір-
ақ сілкіп токтаған еді. Оразбайдың қасындағы байлар
қожырай жөнелді.

- Моллеке, тіл тигізбе!
 - Молда, сіздің бұныңыз не?
 - Бұл кісі мейман. Бұныңыз лайық емес! – десе бергенде,
солармен жарыса Сармолланың сыртында тұрған қала-
ның жай халқының бір тобы, жаңағы байлар тобына қарсы,
жапырлай сөйлеп қарсыласа кетті.
 - Сармолланікі дұрыс.
 - Зорлық етпендер!
 - Қонақтың өзі бұрын тиді молдаға.
 - Сармолла сөзінің бәрі дұрыс, жабылмандар!
 - Халыққа шынайы жаны ашып, достық сөйлеп тұрған
осы Сармолла деп білеміз біз!
 - Басқасы жоқ, не десендер о де!
- Осындаі үндер мінбер маңындағы адамдардан баста-
лып, төменде сөзді тосып тұрған тағы бір топ жай адамдар
арасында да қатты даурығып естіле бастады.

¹ А б у л ь - Ф а л а М ағ р и – арабтың X–XI ғасырларда жасаған
классик ақыны.

Енді хазірет осы хұтпаның артында туып, өршіп бара жатқан мынандай сөзден, ұрыстан қатты қысылды. Екі қолын жүртқа: “аулақ-аулақ”, “тоқтат” дегендей сырт қарата сілкіп-сілкіп тастап, айналып жүре берді. Мінбер маңында, биік алаңда қалған жүрттың бөрі де қозғалды. Хазірет енді тек қана Шөрібжан, соқыр қари, Самұрат мәзін және ұзын бойлы көсө қара Самат халғенің қоршауында келе жатқан еді. Сармолланы сәл ғана белгі етіп оқшаулап алды. Бес-алты сәлделі дінбасылар өздері ғана болып оңашалана бергенде, бағанадан күйіп болған хазірет енді Сармоллаға аса сұық ажармен сөз қатты.

– Эфөндім Сармолла! Мен сізді тыңдадым, тыңдадым да таныдым. Білдім, енді халас! Бір ғана нариза уәһем хахихат сөзімді айттым. Сіз файыплысыз, қайтыңыз тез қателік жолдан. Тыйылыңыз, фәләкәттан! Анық үшін сіз қиянат жолына бастыңыз! Қайтыңыз лағнат ниеттеріңізден! Қайтпасаңыз, малғұн боларсыз! – деп, қолындағы асатаяғымен жерді қатты түйіп қалды. Кірпіксіз сұық көкшіл көздерін Сармоллаға қатты жиренішпен қадап тұрды. Сармолла қып-қызыл бол тұтана тұсті де:

– Хазірет, сізді бұ қасыңыздағы халфе, мәзін, қарилер осылай маған қарсы үағыздаған. Сіз солар сөзін айтасыз. Бұл мен үшін қиянат деп білемін. Себебі сіздін бұл адамдарыңыз ғаділетсіз, зұлым. Шунки олар мұтасиб емес, ұрылар! – дегенде, Шөрібжан халфе мен соқыр қари дүрсе қоя берді.

– Сен өзің залым!

– Сен бәдбаҳт!

– Сен көzzапсің! – деп, Самұрат мәзін де жағын тістеп, екі көзі қанталап ұмтыла түсіп еді, Сармолла осы кездे қатты ашуланып, айғайлап жіберді:

– Тоқтат хақарат сөздерінді. Болмаса қазір-ақ мен ма-халла халқын жиямын. Кім көzzап, кім залым, кімдер ұры екенін қазір осы арада ашып, шешуін талап етемін! – деді.

Енді ұрысты тындалмай жүре бергісі келген хазіреттің алдында Сармолла көлденең адымдай түсіп, ең соңғы аса қатал және соншалық салмақты бір қаруын жұмсады. Осы мешіттің ол білетін сондайлық қаранғы, сорақы сыры бар еді. Айғайлап тұрып, хазіреттің құлағына әр сөзін нықтап тұрып соны айтты.

— Мен махалла халқының алдында ұрының, залымның атын атап беремін, ендеше! Халыққа пәле, қаза шақырган кім? Оған қуәлар бар. Тірі қуә, өлі қуә болады. Ең алдымен мынау мешіттің астында тұрған үш табыт қуә! Осы оба фәләкәті келерден бұрын “адам өлмеді”, “жаназа болмады”, “фидия, садақаға тойымсыз терең қалтам толмады” — деп табыт қаққан кісілер бар. Солардың қара тілегі бүгін халық басына мұншалық зор апатты, соншалық көп өлімді өкеліп отыр! Кімдер сол табытты қаққандар! Қай күні, қай кеште, қай намаздан кейін табыт қақты?¹ Оны мен ғана емес, хазірет, менен басқа да сіз иланатын, инабатты бес адам көрген. Тілейсіз бе, қазір мен сол масқараны өшкере-лейін?! Мынау тұрған Самұрат мәзін, мынау ғаріп болса да, іші жауыз соқыр қари, мынау Шәрібжан халғеңіз үшеуінің де мен тілесем дәрхал жүздерін халық алдында қап-қара етіп таңбалаймын. Тілейсіз бе қазір! Халықты шақырып алғып мен: “біліңіз, уә ағаһ болыңыз, мұсылманлар” — деп, осы мешіттің соншалық масқара қылмыс сырын фаш етейін бе? — деді. Соңғы сөздер тұсында даусын зорайта шығарып, қатты қадалып тоқталды.

Осылайша бар сүмдық жаңалықты енді ғана білген хазірет үн қата алмай, ауыз аша алмай қалды. Ол тек күп-ку болып шошына қалтырады да, Сармолла жақ бетін алақанымен қоршагандай болды. Тағы да ақ сақалын дірілдетіп, сілкінтіп, өз-өзіне күбірлеп, дұғаларын оқып тайқи берді. Сармолланың ендігі айтқан айыбы әрі шын болғандықтан,

¹ “Т а б ы т қ ағу” деген дінбасылар мен діндар халық арасында зор сүмдық саналатын. Ол – өлім тілеу, кім болса да тың біреудің өлімін тілеу.

әрі халық естісе, мынау қазаның үстінде мәзін мен қари, халғені лаулап тұрған отқа тастағандай жаза болатынын сезген оның жаулары қатты шошыды. Өтірік сұрқияланып, түршіккен кісі болып жағаларын ұстап, “астағфиралла”, “сүбіханалла” дей берген болды. Содан басқа түк айта алмай жым болысты.

Осы оқиғаның ертеңінде бұл махалланың көк төбел үйлі көрнекті бір байы – Жақып дүкеншінің көрі әкесі обадан қаза болды. Бай үйлерге өте сирек соққан бұл апат ауру, ірі саудагерлердің ішінен ер-азаматты әкетіп отырғаны осы. Жұрт не айтса да, өз әкесін Жақып саудагер бұрынғы үйреншікті, дағдылы жол-жөнмен жөнелтпек болды. Сонымен, кешегі халфе, қари, мәзіндердің бәрін хабарландырды. Бүгін таң атқалы оның арнаулы хабаршылары төменгі мешіттің имамы, халфе, мәзіндеріне және бер жақ пен ар жақтағы Жақыптың өзімен іліктес, дос-жар, жақсы таныс саудагер, қажылар, байлар үйіне де хабар еткізді. Сөйтіп, дүкенші-саудагер Жақыптың асты-үстілі бес-алты бөлмесіне тегіс дастарқан жайылды, қабырғаларды іргелей ұзын көрпелер салынды. Аса көп жұртты күтуге өзірлік жасалды. Қораның іші мен ас үйдің бәрі – түгеллімен палау басқан, сарбұға салып былқытып ет асқан қазан, ошақтарға толы. Әр бөлменің леген-құманы, майлық-сұлық орамалы өзірленіп, осы байдың приказшігі, тілхаты, малайы есебінде жүретін жеті-сегіз жігіт күтушілер де әр бөлмеде қонақ тосумен болды.

Бірақ осынша өзірлікке қарамай, Жақып байдың әкесі Жұмаділ қарттың жаназасы жетім қыздың тойындай боп шолтиш қалды. Себебі бұл жаназага екі мешіттің дінбасылары мен Жақыпқа алық-берік айласы бар, істес боп жүрген он шақты саудагерден басқа жұрт келмеді. Жиын Жұмаділ отырған кішілеу бөлмені ғана толтыруға жараған бір шөкім саудагерлер мен сәлделілер ғана.

Өзге бар бөлме келмеген қонағын тосып бос қаңырап қалды. Жаңағы аз топтан басқа, бай үйіне қай күні болса да

кіруге рүқсат етілмейтін соқыр қайыршы, ақсақ, саңырау, кем-кетік тіленшілер ғана келген еді. Жиылған имамдар мен Жақып бай “жамағат келер” деп бір сағат, екі сағат тосты. Сенбінің сәті енді біраз тосса ауып кететін. Сонымен, амалсыздан асырып, өлікті шанқай тұс бола бере қазақ зиратына апарып, көміл қайтысты.

Содан қайта жаңағы жасаулы үйге келіп, асқа-дәмгे кіріскең шақта ғана кейбір саудагер мен бірен-саран дінба-сылардың тілі шешілді. Іштерінде бағанадан бері түйін бол жатқан “кесір” шетін шығарысты.

Сармоллаға кеше қарсы болған киізші Сейсеке, қасапшы Қасен бүгін өсіресе ызаланған екен. Бұлардың қасында ұдайы қосалқы, қостаушы, құптаушы бол жабыса жүретін Қорабай, Отарбай дейтін ожар-сотқар, пәлеқорлар болушы еді. Олар малы-пұлы, тән-сомасы шағын саудагерлер болса да, осы отырған байларға қол артып, осылардан ұдайы дәме қып, өздеріне жағына жүретін. Сөзуар, пәлеқор, “айғайшы қаралар” осылар болатын. Мынау үштөрт бай оларды керек кезде емеурін жасап, айтактап қояды. Білегі жуан, қамшылары дырау, жанжалқойлар да осылар. Жаназа үстінде Жақып байды қала халқының бүгін осынша жалғыз, жалаңаш тастағанын Сейсеке мен Қасен байлар қатты кінә қып сөйлеген. Сонда және “бұның бәрі Сармолла салған пәленің ғаламаты” – деп Қорабай, Отарбайларды Сармоллаға өшіктірген-ді. Мынау екі ожар болса, кешегі мешіттегі жанжалды өздері көрмесе де, көп естіп қанып алған.

Енді ас үстінде солар “Сармолланың кесірі тиді”, “Сармоллаға тыйым бола ма, жоқ па!” – десіп, Жақып үшін күйіп те, намыстанып та сөз қатысқан. Байлар бұл тұста сөзге араласқан жоқ. Тек Қорабайларды құптайтындарын ғана айтып, бірі тамсанып, бірі бас шайқап мекіренуыңыранумен болды. Семіз қарындары ғана сөйлегендей рай танытқан. Хазірет те солар тәрізді үндемеуді, шешіліп ашылмауды мақұл білген. Тек соңғы күндерде Сармолла

десе тұтана жөнелетін белгілі халфе, кари, мәзін қысқа ғана бір-бір ауыз сөзben Сармоллаға лағынет айтысты.

– Сармолла әлі талайды аздырар!
– Махалла халқын дін жолынан адастырмаса не қылсын.
– Мұншалық апattай ғазап күндерде соншалық қас ниетті ойлар ма?

– Өйтпесе Сармолла болар ма?
– Ол имамдардың, хазіреттердің бар мұсылман қауымы атынан айтқан бәddүғасына, теріс батасына ұшырамай тоқтамас! – десті. Осы соңғы бір аса зәрлі жайды өзгеше айлакер қулықпен Самұрат мәзін айтып тоқтады.

Өз имамын Сармоллаға өшіктіріп шүйлеудің үстіне, төменгі мешіттің үнсіз отырған Қоңырқожа дейтін имамын да осы жайға әдейі жетелей әзірлеп, шаң беріп отыр.

Қаланың беделді байларын, сотқар, ожар Қорабай, Отарбайларын да осы сайқал сөзімен еліктіре түсіп, айтақтап қойды.

Бірақ қазір фидия, садақа бергелі отырған, қаза көрген осы дастарқан иесі Жақып бай, бұл сөтте жаңағы сөздерге бірде-бір шырай бермеді. Томсара сызданып, үндемей қалған. Ол әкесінің өлімі үстінде біреулерге қосылып, біреулерді жамандасып сарапқа салып отыруды лайықсыз көрді. Ішінен Сармолланы бүгінгі жаназаның қорлығы үшін, масқаралығы үшін түтіп жегендей болса да, бар кегін кейінге сақтап отыр. Қабарған қызыл жұз, бітік көз, тықпа күрең сақалды Жақып бай осы қаладағы айлалы саудагер. Салмағы мен сызы мен мол бай.

Казір сол Жақып үндемеген соң Сармолланы сарапқа салған сөз ұзаққа бармады. Бірақ осы бөлме тола отырған сәлделілер мен саудагерлер жаңағы бетте Сармоллаға бәddүға¹ оқумен тарасты.

Осыдан бір жұмадай мезгіл өткенде оба науқасы әлсіремей, күшайе түсті. Талай үйлерге рахымсыз, тоқтаусыз қасірет-қайғы, қаралы қаза араласып тұр. Сонымен қатар

¹ Б ә д д ү ғ а – теріс бата, қарғап-сілеу, жазалау дұғасы.

енді алғашқы оба келген күндердей емес, барлық жаназаларға, хатімдерге баруши жұрт күн санап азая берді. Анау жұмадағы хұтпадан кейін болған қақтығыс жайы ар жақ пен бер жақтың барлық жаназаларында, хатімінде, жетілерде қалың сөз болып, барлық қалаға тарап жатты. Мешіт-медресемен байланысы жоқ, намазға бас қоймайтын көп қала халқы хабарланды. Олар базарда, қайық үстінде, аралда, көпшілік баратын ішіп-жем жайларында “Сармолла мен бар молда” арасындағы талас сөздерге қанық болды.

Молдалардан тараған және бер жақтың бірнеше байлауынан естілген сөздер Сармолланы аса қатты жамандайды. “Бас мешіттің имамына, карт ишанға халық алдында Сармолла қатты қарсы шығыпты. Сонымен өзі дінді шала билетін қазақ қауымының арасына жалған өсиет, қауіпті үгіт таратыпты. Көвшілік надан қауым енді жаназадан қашып, өліктерін имам, молдасыз да жасырып қойып жағтыр екен” – деген хабарлар ар жақтың жеті мешітінің бар имам, халфе, қари, сопы, қожалары мен мәзіндеріне жетті. Діндар, жалған сопы байларына да мол тарады. Тағы біраз күндерде Сармоллаға карт ишан енді бәддүға оқиды екен деген сөздер де шыға бастады.

Осы күндерде, Абай Құмаштың үйінде кітап оқумен шұғылданып отырған бір күнде, түс мезгілінде, шешесі жұмсаған жайменен Дәмежанның үлкен баласы Жұмаш келді. Көзі жасты, жіңішке сида бойлы бала жігіт бүтін таңертең обадан әкесінің қаза болғанын хабарлай келіпті.

Абай бұдан бұрын да Құмаштың осы басжатақтағы екі қабат үйіне көрші отырған бірнеше кедей, нашар қайықшы, отыншы, сауыншылардың үйінде болған. Бәріндегі қазаға көнілқостық білдіріп, кіріп шыққан. Дәмежанның үйіне де ол іркілместен келді. Өңі-жүзін, нұрлы, қарақат көзін шыны қасірет жасымен жуып отырған Дәмежанға Абай құшақтап көрісіп, жұбату айтты. Осы үйдің көршісі Жабайқан да өлген екен. Оның ересек баласы Бидайбайға да көніл айтып, әкесінің орнына кіріп шыққан. Абай қалаға

келгеннен бері оба науқасы қалыңдай тұсіп, талай жанды өкетіп жатыр. Әсіресе Дәмежан үйіне келіп, осы маңда өзі білген кедей-кепшіктің жайларын сұрастырғанда, Абайдың бұл халыққа өзгеше жаны ашыды. Он жасар жалғыз-жалқы ұлынан айырылып, құп-қу шөлмектей боп жылаған ананы көрді. Абай жайларын жақсы ұғатын момын етікші Сақып өлгенде, артында шиеттей алты баланың ортасында қалған Қамар дейтін есті әйел бар еді. Балаларының аштығынан қиналған сол әйел, мойкеге жүн жууға барып жүріп жақында өзі де оба боп келіпті. Бар баласының алдында қор тірлікке иман айтып қоштаспай, лағынет айтып көз жұмыпты.

Дәмежанның тағы бір көршісі отыншы Тұсіп екен. Сол аралдан отын алып қайтып, ертең базарға апарып, ауру әйел мен қарт шешесіне болымсыз сусын әкелмек еді. Отынын зорға арқалап есік алдына келіпті де, жығылып жан беріпті. Өйткені есіктен кіре берсе, қарт шешесі мен бұған пәрмәне болған жан серігі, есті жары – Сәтжан қатарынан оба болып жатыр екен. Өзі кеткенде сау жандарының ендігі жүздеріне өлім ноқтасы тұскенін көргенде жүргегі жарылып өліпті.

Осы жұрттың бәрі де Сармолланы ауызға алушы қоймайды. Дәмежан да Сармолла айтты деген өсиетті балаларынан естіпті. Аралда пішен шапқан, отын кескен бар бейнетқор баршасы да енді жаназаға имам, қарилерді шақырмайтын бопты. Дәмежан да жылап отырып мешіттің молдаларын Жәбікеннің жаназасына шақыртпағанын айтты.

Абай оның байлауын мақұл көрді. Бұл үйге Абай отырғанда келіп-кеткен басжатақтың қайықшы, етікші, ұстасы, жұмысшысы көп болып еді. Бәрінің де Сармолланы құптарап, соның ақылын ала жүргендерін Абай жақсы қабылданап, ақыл берे сөйлеген.

Дәмежан үйінен шығып, өз пәтеріне жаяу келе жатқан Абайдың есіне жаңа естіген қайылы өлімдер түсті. Етікші Сақыптың, жесір қатын Қамардың, отыншы Тұсіптің өлімдері енді жеке-жеке аңы қасірет, ауыр тағдырымен

көзге айқын, жақын елестеді... Аталар, аналар зар-шерлері... Балалар соры, жетімдігі, панасыз, аш-жалаңаш, қатқабат ауыр бейшаралықтары – бәрі де Абай жүргегін қатты жанышты. Күрсіне де алмай, тыныс тарыла қамығып, қалың ауыр сордан шошыды. Дәрменсіздік өсіреле булықтыра қысады... Үй емес, тыста, елсіз көшеде жапа-жалғыз келе жатса да, Абай өзін тұншығып бара жатқандай сезінді. Халық қайғысы ойлы көнілді қамқор жанды анық ауыр уайымға, шынайы терен қасіретке сала бастады...

Ол осы бетте пәтеріне қайтқанда, Құмаштың қорасына қырдан келген, шаң басқан пәуеске кеп кіріп еді. Бұл келген Абайдың екі жұмадай тосып жүрген баласы Әбіш пен оның жақадан ғана үйленген келіншегі Мағыш екен. Абайдың үстіне, ол отырған бөлмеге Әбіш сәлем беріп кіргенде, Мағыш іркіліп ұялып есік сыртында қалып еді. Абай соны аңғарып қалып, офицер киімін киген, қалаға өскерлік формасымен кірген Әбіштей баласының сәлемін жөндеп алмастан-ақ, оны қайта жұмсады.

– Сәлемің жөн, бірақ артында, есік сыртында менен ұялып Мағыш тұрып қалды. Олай қалуы сенің офицерлігіне, менің аталық әкелігіме жараспайды. Бар, ертіп кір үстіме. Менімен амандасудан ұлмасын бұдан былай! – деді.

Әбіштің қоңырқай қызыл тартқан тотыққан жүзі қып-қызыл боп кетті. Ол қысыла күлген бойында, өскери қозғалыспен шұғыл бұрылып, есікті аша берді де, Мағышты өзінен бұрын кіргізді.

Мағыштың бой сымбаты сұңғақ, биік. Аппақ мәңдайына, қара қасына шұғылалы үлкен қой көзі, сәл ғана қайшылықтай болса да, жақсы жарасқан. Абайдың жүзіне Мағыш көзі құрмет ізетпен қарай түсіп, төмендей берді. Толық сұлу еріндері мен сопақша келген аппақ қызыбылт беті де әдептілік танытады. Қызыл еріндерінде сәл ғана сыпайы жымию бар. Бұл жүзден уыз жастықтың сүттей таза, момын адалдығы нұр атады. Абай оған “қарағым” деп амандасты. Әкелік бейілмен жылы достық анғартты.

– Ұзақ жолдан шаршап талмадың ба, Мағышым! – де-
генде, Мағыш өсем дауыспен ақырын фана:

– Жок, аға, оншалық шаршагам жок, – деді.

Абай бұл балаларының өз қасында болуын, өсіресе, бер
жақта қалуын қауіп санайды. Әбіш пен Мағыш екеуінен де
сол ойын іріккен жок. Қазір аттарын доғартпастан тезінен
ар жаққа жөнелу керек. Абай солай байлаған екен. Ар жақ-
та бұлардың түсүіне лайық, көп жұрт бармайтын Данияр
деген оқыған қазактың үйі бар. Оны Әбіш те біледі. Жас-
тар енді сонда барады. Осымен Мағышты Баймағамбет
ертіп тысқа шыға берді. Абай сөл іркіліп қалған Әбішке тез
фана бір мәслихат айтты. Оны жаңа фана есіктен шыққан
сұнғақ, сұлу бойлы Мағыштың сыртына қарап айтқан еді.

– Ауылдағы енелер мен абысындарға қосылып Ділдә
келініне кимешек-шаршы, қалың жібек желек кигізіп
жіберіпті. Мағыштың өз бойының жарастығын жеткізе
түсем деп, жасыра түсіпті. Қаланың үлгісіне лайық емес.
Сенің бұдан былай араласатын ортаңа кимешек-желектің
керегі не, қалай дейсің? – деп, Абай қүле қарап еді. Әбіш
өзінің бұрыннан байлап қойған жайының үстінен дәл
түскен әкесіне ырза болды. Үндеңей күліп, бас иді де,
шығып кетті.

Дәмежан үйіне барып, ондағы бір үй емес, көп үйдің
қазасын көрген Абай, ауыр бір мұң ойлап қайтқан.
Әбіштердің келуі, қызықты баласы мен келінін қалада көру
жаңа бұның көңілін алаң етіп, сөл сейілткен еді. Енді
Әбіштер кетісімен сол уайымы қайта оралды. Бір үйде
емес, күніренген көп үйлердің көкірек жарған өксігін естіді.
Жетім балалар мен жесір жар, жылаулар, аналар айырылу
күйігінен жалын атады. Қасірет басқан жандардың үні мен
демі өлі де қақ қасынан шарпып тұр. Етер шара, көрсетер
көмек аздығы өзгеше қинаиды, қапалы көңілді қыса түседі.
Жұрт уайымын өз аузынан естіп, азалы жүздерін өз көзімен
корумен қатар, Абай қала кедейлерінің Сармолла тұрасын-
дағы дұрыс бейілін де байқады. Оны ел кінәламайды.

Бірақ бұғін таңертенгі шайда осы үйдің иесі Абайға бір жай айтып еді. Сол аз сөзді, турашыл адам – Құмаштан естіген сөз қазір тағы еске түсті. Құмаш кеше түнде ястая намазына барып, мәзін, халфелерді көріпті. Соңғы күндерде базарда Сейсеке, Қасен, Отарбайды көрген. Солардың өз ауыздарынан естігендерін Құмаш Абайға жеткізді. Соңда ең соңғы айтқаны:

– Сармолланы бар молда мен саудагерлер аса жек көріп алған көрінеді. Соңшалық өшіккен тәрізді, тіпті айтып болмасты. Немен тынарын да білмеймін! – деген.

Абай бір жағы осы сөзді ести отырып, екіншіден, кедей үйлерінің жайын ойлад, енді Павловқа бір соғып, сәл ақыл қосып қайтуды мақұл көрді.

Павловтың пәтері Слободканың орыс бөлімінде, каланча мен больницианың аралығында болатын. Құмы жоқ кең көшемен Абай тақап келгенде, жалғыз қабат, қоңыр шатырлы үйдің күн жақтағы екі терезесінің сыртқы қақпағы шала жабық екен. Шықырламай женіл ашылатын кіші қақпаны Абай ашып, қораға кірген жерде, ол орыс үйдің қорасын аңғарды. Ашық ауланың тап ортасында ағаштан қызып биіктеп қойған құдық сырты көрінді, салма ағашы да бар. Одан өрі тауық пен қаз, үйрек шұбырып кіріп жүрген құс қорасы. Кішкентай ғана төбесі жабық сиыр қорасы да бар.

Озіне белгілі пәтердің сыртқы есігін ашып, чуланға кіре бергенде, Абай орыс үйінің ішкі ерекшелігін де андады. Төбеде моншаның сыптырылышты. Бұрыштағы су сақтайтын күбі шелектің беті жабық. Және бұнда биік қолжуғыш тұр. Ол көк түске боялған қалпында кішкене чуланның көркі тәрізденеді. Екі жақ қаңылтыр қанатына қызыл көк сабындар қойылған. Үй иесі – сағатшы Савелийдің тазалықты алдымен ескергені байқалады.

Осы үйдің барлығы төрт бөлме болғанда, жарымында сағатшының өзі де, қалған екі бөлмесінде Павловтар тұратын.

Абай келгенде Павлов пен Александра Яковлевна да өздерінің осы бер жақтағы больницаға жақын, кішкене

пәтерінде, үйде екен. Абайды бұл үйге өкелген уайымымен қатар, күдікті бір сұрағы да бар. Ол Александра Яковлевнадан сол соңғы жайын сұрастырды.

– Не себепті мен келген кезде, осы екі жұма бұрын ауруда, өлім де азырақ еді? Неліктен асқындал, көбейіп барады? Бұлай болғанда осы халықты құртып болмай тоқтамайтын болғаны ма? Қайткенде тыйылады? – деді.

Жаназа, хатімдерге соңғы он шақты құннен бері қала халқы өте аз барады, тіпті жөнді жиылмайтын болып еді. Сонда да ауру неліктен саябырламайды, асқындал кетті, осы жайды сұраған.

Дәрігер әйел Абайға өзінің қажып, талған, мұңшыл қаракөк көзімен ұзақ қарап алды. Оның ашаңдау жүзінде, жүқалау біткен шекесінде жіңішке көк тамыры білінеді. Абайдың уайымын ол адамгершілік белгісі деп түсінді. Өз жүргегі де осы күндерде көріп жүрген селдей мол көз жастаң қиналатын. Қазір бұл әйел Абайға аса бейілді, ынталы жауап берді.

– Ибраһим Кунанбаич, сіз алғаш келген кезде бұл қалаға ауру жаңа ғана араласқан-ды. Ол мынау ыстық күндерде осылай үдемей қоймайды. Ал жаназалар өз істейтінін істеп болған. Сонда ауру жұқтырған жеке-жеке адамдар, енді өздерінің үйлерін дертке ұшыратып, жұқтырып жатыр! – деді.

Сонымен қатар Абайдың мұлде үмітсіз уайымын дәрігер әйел теріске шыгарды.

– Ауру енді екі жұма, көп болса бір ай шамасында азаяды да тыйылады. Ол август айының салқындауына қарай бәсендейді. Себебін де азғана айта кетейін, Ибраһим Кунанбаич... Бұл ауруларды да, басқа көп жұқпалы аурулардай, залалды микроб тудырып, жаяды. Ол микробтар ыстық шақта күшті тірлік етеді. Ал салқынды сүймейді. Салқында әлсіреп, өздігінен өліп, қырыла бастайды! Суық түскен шақта ауру мұлде болмайды, басылады, – деді.

Сонымен қатар күйеуі мен Абайға Александра Яковлевна бүгін больнициада болған, көз жас арасындағы бір қулкі жайды өнгіме етті.

Көптен күлкіні ұмытқандай боп, қаны қашқан әйелдің ашаң жүзі енді сөл әзілқойлықпен жылынып, жадырай берді. Бүгін таңертең бұл дәрігер больницаға барғанда ойда жоқ оқыс қызық бір халдің үстінен түсіпті.

Семей шаһарына, Слободкаға оба науқасы араласқаннан бері бұндағы жүрттың бәріне енді мәлім болған, бұрын халық атаулы көріп-білмеген, адам шошырлық “қара арба” дейтін арбалар шықкан. Бұларды күн сайын ерте мен кешке, қаланы аралатып шығуға больницилар жібереді. “Қара арба” кәдімгі кең сары арба болған да, үстіне биік үйшік етіп, айналасына түйік жабық брезент қоршау жасалған. Оба науқасының індettі құртын заарсыз ету үшін бұл брезент пен арбаның өзіне де карболкадай қара май төгіледі. Сондай қап-қара май сінген үлкен брезентті арба, обадай обыр дерттің баршысы төрізді. Өзі де жаман сүмдүқ белгісі есепті. Өйткені бұл арба қаланы аралап жүріп, көшеде, ойда жоқ жерде өліп жатқан адамдар болса немесе өлмелі аурулар болса, соларды жинап, больнициға әкеледі.

Бүгін Александра Яковлевна аңдаса, сондай екі арба больнициға таңертең оралып келген еken. Соның біреуінің ішінен екі ереккті түсіріп жатады. Дағды бойынша бұларды оба еken десе, олар арбадан өздерін түсіргенде боқтап, бұлғактап, қарсылық көрсетеді. Больница адамдары енді аңғарса, ол екеуі ауру емес, мастар болып шығады. Құйма түбінде жығылып жатысқан соң бұларды да күндеңі оба науқасы еken деп қара арбашылар алып кеткен. Қазір арбадан түсіргенде екі мас бірін-бірі сүзе қағысты. Бұлғактай түсіп, бірін-бірі нұскап, әуелі ырсылдан күліскең-ді. Ұзын бойлы, үйпаланған сары сақалды біреу аласа бойлы тықыр қараға әзіл айтпақ болады.

— Сені мынау жақсы адамдар оба десе, сен ғой, ұятсыз, алдайсың! — деп, біресе сақылдан, біресе ырсылдан күледі.

Анау болса, өзінің қанталаған ала көзін әрең ашып, қайда түрғанын аңдай алмай сипаланады. Құтты бір ендігі жүрген жерін қалтасынан қарап білетін кісідей, бешпетінің

екі қалтасына қысқалау қолын кезек-кезек сұңғітті. Ырғала тұрып, бір сәтте оң жақ қалтасынан бір бумажник сұрып алды. Өзі енді сол мыржиган майлар қара бумажникке не таңданып, не наразы болғандай үркө қарап, алақанына салып созып тұр. Сол сәтте бұл бумажникке көзі түсіп, енді өзі қалтасын сипалап тұрған ұзын бойлы, сары сақалды жаңағы құлген жұзін, ақситқан тісін өзгертпестен кеп аласа қараны әлсіз қолымен қойғылай жөнелді.

– Сен талаушы, кісі талаушы, маскүнем! – деп қояды.

Артынан анықталса, бұл екеуі екі жерде ішіп, біріне-бірі жақын жерде құлаған екен. Тек әуелі сары сақалды мас болып жығылып жатқанда, соның үстіне анау екінші мас келеді де, оның қалтасын ақтарып тонайды. Сөйтіп, өзі мас, ананы тонаймын деп жүріп мүлде ләйліп болады да, ілгері қарай, жарым квартал жүріп барып, о да құлайды. Қазір олардың оба емесіне больница таңданса, олар өзді-өзі де аңтаң. Бірі ұрысын тауып, екіншісі өзі тонаған жемін тауыпты. “Бұл дүние не қылған сандырақ тұс тәрізді, опасыз” дегендей анырган жайлары болыпты.

Александра Яковлевна айтып берген бұл оқшау оқиға Абай мен Павловқа екі түрлі өсер етті. Павлов әдеппен сәл қүле беріп, мысқыл байқатып бас шайқады да, ернін шүйірді. Абай құлген жоқ. Ол өзінің осындағы жандарға қарап айтқан екі жол ажуда өлеңін еске алды:

Есер, есірік болмасан,
Тіршіліктен пайда жоқ...

Өлеңін айтпай, достарына ол осы өлеңдегі ойын айтты.

Жүртта кім жоқ?! Жылаған мен шерленгеннің арасында “тапқаным осы, табынғаным осы” деп жындыбыстыққа салынатын жандар да бар... “Мейлің ыза бол, мейлің құл” – деп жиреніш ойладап қалды.

Басжатақтағы көп кедей үйлердің өлім қазасы мол боп жатқанын Абайдан естүмен бірге, Павлов та бұған өзі

білген өлім-қаза жайларын айтты. Ол ар жақтан Затондағы пароход грузчиктерінің ортасында жиі болады екен. Сондағы тон заводы, пима басатын, сыра қайнататын, арақ ашытатын дүкен, заводтарда Павлов жиі болушы еді. Бер жақтағы мойканың, тері заводының және қайықша атаулының көп топ жұмысшыларымен ұдайы араласы бар екен. Абайға өзі көрген жайларын жеткізе отырып:

– “Азап қайда, жоқшылық қайда, адам тірлігінің ит қорлыққа түскені қайда?” – десеніз, Ибрагим Кунанбаевич, бәрі де сол мен көрген жерлерде. Әрине, мынау ауыр дертиң өсіресе ойнақ салған жері де сонда! – деп баяндады.

Осымен қатар әйелімен екеуі қосылып, Абайға және де қазақ халқы арасына осы аурудан сақтану жайын білдіру қажет екенін айттысты. Бұл жөнге келгенде бұлар бұқара қамын қатты ойлайтын дос-жар адамдар жүзімен жарыса айттысады. Осы күндерде өздерінде обадан басқа уайым жоқ. Обаға ұшырап жатқан қалың қарындастар-бауырға қам ойлап, пәруәна болудан басқа бірде-бір шет жайлар, мұнда жоқ тәрізді. Бұл достарының қазақ кедейі үшін барын құрбан етер бейілін көре отырып, Абай өзінің де жұрт көрегіне жарауы аса қажет екенін ойлады. Ол бұл сөтке дейін өз тарапынан не қымыл жасарын, қандай амал табарын аңдай алмай жүрген. Достарына Сармолла әрекеті мен әңгімесін Абай баян еткенде, олар Сармоллаға қатты сүйсінді. “Ондай адамды қостау керек, барынша көмек етіп, сол бастаған әрекетін тоқтатпай соза беруге қайрау керек. Бейілдендіру қажет!” – десті.

Абай бұлармен ақылдасып, енді өзінің де бір жол тауып, ар жақ, бер жақтың халқына ақыл айтудын қажет деп байлады.

Александра Яковлевна Абайдай беделді адамның сөзі қазақ қауымына қаншалық қымбат болатынын өзгеше ойланып еді. Ол сол ойын дағдылы ісшілдік, ширақтығымен қолма-қол іске асыруға асығады. Сармоллаға дінбасылар қарсы әрекет сайлап жүр дегенді түсінгенде, әйел Абайдың өзіне де ақыл қости.

– Барсаңызшы, сіз мұсылмансыз. Сол мешітке сіз де барып, жұма намазында сіз де сөйлесеңізші! Неге сөйлемеске, Ибрагим Кунанбаич? – деді. Ашаң аппақ жузі қып-қызыл бол ду ете түсті. Ол дағдысынан тыс қызына сөйлеп еді.

Бұл жайға, әрине, Абай да және соған ілесе Павлов та амалсыз қуле қарасып, қарсылық билдірісті. Мұсылманның мешіті, оның мінбері мен хұтпасы тек имам, халфелердің ғана жұртқа сөз қатар орны екенін айттысты. Ол жер күніне бес намаз түгіл, бес айда бір намаз оқымайтын Абайдың аяқ басар жері емес. Осыны айтып, Абай дәрігер өйелді енді құлдіре отырып, анықтап ашып берді. Бірақ бұл үйден кетерде қалай болса да бір жолдар тауып, Абай ар жақ пен бер жақтың қазақ халқына дәрігерлер ақылын жеткізіп көруді міндет, серт етіп ала кетті.

Келесі күні ертемен ыстық, ашық сәске шақта Абай Ертістің арғы жағына таяу жүргіншіні өткізетін үлкендеу бір жел қайыққа кеп мінди. Қайық иесі биік кермені жалаң аяқ бойда түрегеп тұрып ұстаған Сейіл екен.

Ол жағадағы екі құрекші, жас қайықшыларға кендір арқанды лақтыра тастады. Абай келіп отырғанда жүргіншілер мөлшері қайыққа толып қалып еді. Енді қайық ар жаққа жүргүре айналды. Бірақ Ертісті қөлденең кесіп арғы жағаға өту үшін бергі жағада біраз жерді өрлеп көтеріліп алу шарт. Сонымен, Сейілдің “тартындар!” деген қысқа бүйрық белгісі бойынша екі құрекші ұзын арқанды иықтартынан асыра қымтып, арқалай тартып кетті. Қайық аз тен-селип барып, өрге қарай баяу жылжып келеді. Сейіл өзі кермені түзеп ұстаумен қабат, ұзын сырықты қайта-қайта су түбіне қадап қойып, қайрат салып, ауыр қайықты итепе жүргізіп келеді.

Ертіс сүй тегінде Семей тұсында көкшіл, тұнық бол ағатын. Бұгінгідей жауынсыз ашық күні сол мол су өсіреке көгілдір тартып, мөлдірей түсіпті. Сөл жасылданған бояуы да байқалып қалады. Қайық бергі жағаға өрлеген сайын Слободканың өзенге шығатын көшелері бірінен соң бірі кезектеп ашыла берді. Әр көшеде суға келіп жатқан

жандар байқалады. Алыстағы ауқатты үйлерден су алуға бөшкелі арбалар келіп, өзенге ат жалдата түседі. Ол бөшке-лердің үлкен-кіші мөлшері, ескі, жаңа қалпы, өсіреке қызылға, жасылға, немесе көкке боялған іреңдері де әр сәнді. “Көктөбел үй”, “тасболат үй” дейтүғын бай үйлерді байқатады. Әзір осылар көрінумен қатар, иықтарына әкпіш ағаш салып, қос шелекті көтеріп келіп, су алып кетіп жатқан келіншектер, қартаң әйелдер, не бала жігіттер көбірек көрінеді.

Абай Ертіс сүйн ішуге әкетіп жатқан үйлердің қаупін ойлап қалды. Мөлдіреген, сылдыраған, ауыр салмақпен сәндең аққан сұлу Ертіс, бұл шақта қаншалық үнсіз қатер, жым-жырт жаманат, ауыр дерт таратып жатыр. Ол күй ойды қорқытады да, амалсыздық тығырығына қамайды... Мынау жағалай отырған жаман үй, кедей шоқпты қоралардың, ескі шарбақ, құймалардың, жыртық аласа қақпалардың ар жақтарында түрған үйлердің бәрі бір халде. Олар амалы жоқ, суды Ертістен ішпей қайдан алады. Су емес, “у” десен де, Ертістен басқа ауызсу іздер жері қайсы?.. Сондықтан да барлық ортажатақ, басжатақ Ертіс сүйн жаңағыдай алып, ішіп жатыр да, кесел дерт обаның қазасына белшесінен батып жатыр.

Ертістің сүй жаз ортасында тартыла түсіп саязданған-дықтан, қайықшының қайсысы болсын кейде суға секіріп түсіп, қайықты қолымен де итеруге тұра келеді. Сол себепті жасы елуге тақалған Сейіл маңдайы мен екі ұрты, көз ұясы айғыз-айғыз әжімге толған қалпымен жалаң аяқ тұр. Балағының бірі жыртық, ақ дабы дамбалдың ышқырын түріп апты. Өзі біресе кермені ұстап шалқайып, біресе қаққы ағашты өзен түбіне қадап, еңкейе тіреу салады. Қайықтың тез жылжыуна қайрат етеді. Сөйтө тұра Сейіл Абайды жақсы біліп, құрмет тұтатын қалпымен оба науқасы жайынан ақыл сүрай бастады.

Дәмежан үйінде Абай естіген басжатақ кедейлерінің күйіндей бер жақтың төмен тұсындағы кедей-кепшік

үйлерінің де өлім, қазасы аса көп екен. Жақында ғана Сейілдің кіші балалары, 6-8 жасар екі ұлы бір күнде қаза болыпты. Мынау қайық тартып келе жатқан екі жас жігіттің біреуінің келіншегі өліпті. Біреуінің ас пісіріп, жас жетім інілерін күтіп отырған шешесі қайтыс болыпты.

Сейіл Абайға қарарап:

– Бұл дертке шара-шыпа бар ма, Абай мырза? Осылай қыруар халық қырыла-жойыла барғаны ма! – деді. Аса ауыр дертке тым құрса жұбаныш тілегендей. Ендігі үміт тірері 15-16-ға келген, үлкен ұлы екен. Сол, анау кіші інілері ауырғанда бірге жығылса да, әзірге ұсынып кетпепті. Қысыла барып, әкесін неше қундей қан жылатып, “ес кетті, жан шықты” дегенде сәл бері қараған тәрізді.

Сейілдің дімкәс әйелі бар екен. Бір күнде топ баласының ішінен оққа ұшқандай үш бірдей баласы мұрттай түскенде, ол ес-түстен айырылып, ыстық істеп беруге де жарамай қалыпты. Көрі кемпір, әже болса бүк түскен күйде: “Мені ал, балаларымның жолына айттым өзімді, тым құрса біреуі үшін құрбан еттім өзімді”, – деп, о да өлімге бас байлапты. Аза менен наладан ауыз жимай, бас алмай қойыпты. Сейіл үйге барса, құніренген шер мен зар естиді. Осы жайын айта келіп, ол бір сәтте:

– Мынау үлкен балам жазылмай, тағы да қайталап жа-зым боп кетсе, әйелім мен шешем обадан бұрын қайғы-қасіреттен өртеніп өлетін. Осындау аурудың бері қарағаны, тегі қайталай ма екен, Абай. Оны білгеніңіз бар ма? – деп сұрайды.

Абай Сейілді жұбату үшін ғана емес, анық сенімі сол болғандықтан, қайықшының көңіліне медеу болар сөз айтты.

– Үштің бірі болса да, аман қалғаны ырысың екен. Ал-ғашқы ауыр күндерде аман өткен соң, бұл балаң енді осы дерттен құтылды деп біл, қайталамайды, – деді.

Бір кезде Сейілдің қайығы үлкен Ертісті жүзіп өтіп, жарлау кенересі бар көгалды аралға жиектеп келіп еді. Енді

тағы да ескектегі жас қайықшылар қолдарына арқан алып секіріп түсті. Семей жақтағы Қарасуға қосылатын ағынды арнаны өрлеуге кірісті. Қайық ішінде Абайдың сырт жағында отырған он шақты жаяулар бар еді. Арасында екі татар әйелі, бастарына көтерген жұқа қара шапандарын беттеріне түмшалай бүркеп алышты. Өзге жүргіншілермен олар да түсті. Қайықтың өрлеуіне женілдік жасамақ. Сол барлық жүргіншілермен қатар Абай да қайықтан түсуге бейімделгенде, Сейіл оны сыйлады да:

– Сіз түспеніз, ешнөрсе етпейді, шаршайсыз, шықпаңыз! – деді.

Абай мол, ауыр денесімен сыртына қарай бүрылды. Қайықтан өзгелерден соңырақ шығып жатқан екі татар әйеліне көз салды.

– Тіпті мынау әйелдер де шығып жатыр. Денім сау, менің отырғаным лайық болмас! – деп еді, Сейіл өжімді жүзін өте сирек құлкімен тыжырайтты да, жарылған ернін ашып, ақсия құлді.

– Ол әйелдерден қысылмаңыз. Бұлар жаяу жүрмесе шаршайды емес пе. Отыруға шаршағаннан қыдырып бара жатқан жоқ па! Сіздің жөніңіз бір басқа, отырыңыз! – деп, Абайды шығармады.

Екеуі оңаша қалғанда Абайдың ойында жоқ сыр ашып, Сейіл Сармолла жөнінде қаланың төменгі жатағы айтысып жүрген бір жайларды сөйлемеді.

– Абай мырза, біздің естігеніміз рас па, осы? Сармолланың өзге молдаларға жақпай жүргені, ол: “Молдаларға жаназа, садақадан түсім түспей қалса да, жұрт науқастан амандау болсын. Ендігөрі кісілерің өлсе, жайшылықтай емес, молда-қожаны шақырмандар, көп жүрттыв жиып ас бермендер. Бұл менің халыққа айтқан достығым!” – депті. Соған бас мешіт пен біздің мына төменгі мешіт имамдары сөз қосып, қатты жауығып апты. Бұлардың сойыл соғар, бас бұзар сотқарлары күндіз істемесе, тұн жамылып істейтін қастық аз емес қой. Осылар сол Сармолланы құртпай тынатын емес! – деседі. Одан сіз не білдіңіз? – деді.

Абай бұл сөзден сәл сескеніп, ойланып жауап берді.

– Сармолланың сөзі халық қамына жақын сөз екені даусыз. Арапары ұрыс-талаасқа айналып жүргенін де естіп ем. Бірақ соншалық өшігіп, қастық етуге баар ма екен. Оны неліктен айттың? – деп өзі сұрау берді.

– Айтқаным сол, кімнен деменіз, осында Отарбай дейтін, сөзімен бірге қамшы, қаруы қоса сілтенетін бір сотқар саудагер бар. Оның Семейқан, Қорабай дейтін өзіне серік төбелескөй саудагерлері бар. Бұлардың ар жағы порттардан шықпайтын бірнеше ішкіш, қарташы, кісі өлтіргіш, ұры, бұзықтарға жалғасып жатады. Отарбай үйі менің анау су жағасындағы жаман үйіме жақын болатын. Әр үйлерді аралап жүрген бір шал сушымыз бар еді. Соның сөзін тыңдасам, Отарбай үйіне жаңағы бар қаны бұзық сойқандар жиылып, Сармолланы сыртынан құртып, жойып жатыр дейді. Ол екі имам алдында “ләнет” аталады. Қаланың бар басты саудагер байларын түршіктірді. Дін мұсылман қарындасты мынау қаранғы күнде, апат үстінде орға, жарға жыққалы түр. Діннен аздырғалы жүр. Астыртын орыстың төрелері мен поптарының дегеніне қарай жетектеп, халықты мешіттен, имам, хазіреттен бездіріп барады! – депті. Сол үшін “ондай ел аздырушуны дін жолымен жазалау керек”, “аямай құрту керек” – деп есіттім.

– Бұны қашан есіттің? – деп сұраған Абайға ол өткен бейсенбінің кешін атады. Оған бүтін үшінші күн.

Абайдың енді көңіл күйі, өсіреле, қобалжытқан ренішке ауысты. Ол Сармолламен өзінің кеңесінде “халық қамын ойлап, жүртқа естірте өсінет айту керек” дегенін еске алды. Сол жолда не ниетпен болса да, Сармолла әрекет етіпті де, осы қаланың бар момын еңбек еліне қамқор адам есебінде аты шықты. Оның айтқанын бар хазірет, халфеден әлдеқайда артық санаған момын жүрт мынау қайықшы Сейілдер. Кешегі басжатақтағы көзі жасты, көңілі қаяу жүдеу-жадау көп үйлер. Сармолла жалғыз болса да, ауыр дерт үстінде, көп үшін өз басын құшті топтың жаулығына қарамай қатерге тіккен кісі тәрізденіп түр.

Молдалармен арасында қандайлық өші-қасы болса да, бүгін оның хазіреттерге қарсы айтқан жарты лебізінің өзі де көпке жетіп, жұртқа жақты. Ендеше, Абайдың қолынан келсе, сол Сармолла айтып жүрген сөзді бұл өз тарапынан да жұртқа жеткізу борыш-қарыз тәрізді.

Енді біразда ауыр қайық үлкен қала жақтағы Қарасуға қарай тақап келіп еді. Қазір аралды айналып, сол Қарасуға шыға бергенде, кішкене өзеннің арғы жағасындағы үлкен Семей кең ашылып, мол көріне берді. Бер жақ пен үлкен қала арасын бөлген, көзден тасалап тұрған қалың биік тоғайлы Полковник аралы енді арқада қала берді. “Қарасу” бөлек өзен емес, Ертістің сол аралды айналып аққан бір тарауы да, Семейдің үлкен қаласы осы Қарасудың жағасында. Қазір қаланың Қарасуға құлай түскен бірнеше кең, түзу көшелері алыстан аңғарылады. Дәл өзен жағасына қарай ыра төмен салынған үлкенді-кішілі көп үйлер көзге түседі. Солар арасында, өсіресе қайықтың қарсы алдында аппак, көп қабатты бу диірмені көрінеді. Оның қызыл кірпіш мұржасы бар. Атыраптан бойы асып, қара қошқыл тұтінін будақтатып тұр... Атақты татар байы Мусиннің бу диірмені, қазақтар атандырған “қызыл барабайы”¹ осы.

Содан арырақ биікше аланда окружный соттың екі қабат, ақ тасболат үйі көлденендейді. Бұған жалғасырақ өзенді құлдай салынған Плещеев шеркеуі және бірнеше аққа боялған екі қабат тас үйлер, көк шатырлы асты-ұстілі ағаш үйлер бойлап көрінеді. Кенселі, машиналы, биік алтын кресті, қоныраулы орыс қаласы айқын ерекшеліктермен байқалады. Өсіресе қырдан, сахара үнсіздігінен қалага келген қазаққа жаңағы қызыл барабайдың “қышқырғаны” қандай! Жақын шеркеулердің көп қонырауын қанғырлата, шалдырлата, гүмбірлете, салдырата соққандары да өзгеше өмір дабылын, тірлік тынысын танытады. Сол жайды бүгін ерекше аңғара отырып, қайықтағы Абай Қарасудың жиегіне жетіп қалғандарын байқады. Алда біраз жерде жаңағы

¹ Паровая мельница – бу диірмені.

қайыңтан түскен жаяулар түр екен. Беттерін қара шапандарымен қымтай түсіп, бір жақ қана көздерін сығырайта қараған татар әйелдері де жетті. Қазағы, ноғайы бар, әр жасты, әр үлгілі киім киген қала адамдары енді қайыққа беттеді. Осылай тақай бере Сейіл өзге сөздерін үзе қойды. Абайға оңашада айтып қалайын деген бір соңғы сөзін еңкейе тұрып баян етті.

– Өзіңіз де естіп, сезіп жүрген боларсыз. Менің де көңілім Сармоллаға көбірек иланады. Хазірет, ишанға қошемет айтайын деп түрғам жоқ. Бір кезде Сармолла жауларымен қатты бір айтысқан шағында, “менің айтқанымды халық айтады” депті. “Әсіреле, қазақ халқының Абайдай қамқор адамы айтады” депті.

Сейіл Абайға осылай бір сыр ашты.

Абай мынау момын еңбек адамының аузынан жаңағы жайды есіткенде, бұрынғыдан да қатты тіксініп қалды.

– Қалай дейсің? Бұлай деп неліктен айтты екен, оны білдің бе? – деді. Сейілге енді бар шынын, бар білгенін айтқызардай боп, ойлы көзін үлкен ашып, қадала қалған.

Сейіл бөгелген жоқ. Ол қайығын жағаға қарай қаққы ағашымен қатты тіреп, жылжыта түсіп, алдыңғы түрғандар естімесін деп, Абайға қарай бір аттады да:

– Оны да білдім. Естуімше, Сармолла мешітте сөйлеуден бұрын өзіңізben кездесіп, сізден ақыл алып кетіпті, дейді ғой! Оның “халыққа жайлы шығып жатқан сөзінің түп-төркіні сізден тарапты” дегенге осы басжатақ пен аяқжатақтың бар қазағы әсіреле дең қойып, оңай иланып жүрген жоқ па! – деді.

Осы кезде қайық жайдақ жағадағы ұсақ тасқа шыға бере қайрандап қалған еді. Құрғақ жағада тосып түрған жаңағы адамдар қайыққа ытқып секіріп түсе бастады. Абай отырған корма жақтағы қайық бойы екі жаққа кезек тенселіп, қатты ырғала берді.

Абай ендігі сөздің бөгелуі, тоқталуы лайық екенін аңғарды да, Сейілдің бұған көрсеткен сенімі мен бейіліне, ашық сырына ырзалақ білдірді. Қысқа ғана жауап қатып:

— Естімеген, андамай жүрген жайым да болар. Жаңағы айтқандарыңа мен түсініп отырмын. Өзіңе ырза болдым, Сейіл! – деп тұра берді. Сейіл де Абайды дұрыс түсінді.

— Бұл айтқаныңыз да жадымда болар! – деді.

Қайықтан шығарда ауыр денесі ауытқи басып бара жатқан Абайды ол күа жетті де, өзі қолтығынан сүйеп, құрғақ жағаға шығарып салды.

3

Қызыл диірменнің қасынан өрлең қалаға қарай басқан Абай, “қыраттағы аланды извозчик бар ма” деп қарастырып еді... Дағдылы жеңіл трашпенкелі легковой извозчик те жоқ. Жайдақ аласа арбалы ломовой извозчик те көрінбеді. Енді Әбіштің пәтеріне қарай жаяу басқанда Абайдың кебісі қайта-қайта құмға тола берді. Семейдің көшелері Слободкадай емес. Бұнда қалың бол көпсіп жататын құм мен боз топырақтан аяқ алып жүру бір жүк. Желді күні аспан үйіре соғатын құм боран, шаң боран да осы үлкен қалада мол болады. Қазір жел жоқ, күн ыстық. Ілгері басқан аяқ ұдайы жарым қадам кейін жылжиды. Абайдың көңіліне былжыр басқан ат журісіндей кез елестеді. Терлең, демігіп, қинала отырып, Абай өзіне керек көшеге шықты. Өңшең ағаш үйлі, тақтай құймалы, биік қақпалы үйлердің терезе қақпактары әралуан бояулы. Көп қақпалар да қызыл, көк, сары бояулармен жаңғыртылған. Осы орталық тұстағы екі қабат ағаш үйлердің шатырлары тегіс бояулы.

Қаланың орталау тұсынан басталып, татар жаққа қарай созылатын Мир-Құрбан көшесінде құм сәл азырақ еді. Осы көшениң бастала берген шенінде сол жақтағы пүшпақта түрған асты ақ кірпіш, үсті жаңа бөренеден салынған кішіғана ықшам үй, Абайдың іздеген үйі болатын. Қазір сол үйдің жаяулар кіретін қақпасын ашып, Әбішті іздеген Абай кеп кірді.

Әбіштер тұскен үйдің иелері бұл қаланың саудагерлериңен де, көп қазақ, ногай тұрғындарынан да басқарақ, өзгеше адамдар. Асты кірпіш, үсті ағаш, ықшамды жаңа

Үйдің иесі Данияр Қондыбаев, оқыған қазақ. Ол Семейдің “Государственный банк” дейтін үлкен бір елеулі орнында тілмаштық қызмет қылатын ұсақ чиновник. Бұның әйелі де өзге қала қазағынан басқаша. Ол ноғай да, қазақ та, орыс та емес. Түркістанда Марғұлан қаласында туып-өскен, сол марғұландық ұсақ бақалшының қызы Афтап. Данияр сияқты орысша оқып, орысша киініп, қала кеңселерінде қызмет қылатын әр орынның үлкенді-кішілі тілмаштары, песірлері және фельдшер мен мал дәрігерлері бұл қунде қазақтан да шыға бастаған. Семей қазағы бұл оқығандарды “қаратаяқ” деп атандырған.

Сондай боп, азды-көпті оқып алғып, кішілеу чиновник дәрежесіне ілініп, едәуір жақсы жалақы алғып, енді міне, үйжай салып, тоқ түрған қаратаяқтың бірі – Данияр.

Бұны, осыдан он екі, он үш жыл бұрын қалаға орыс окуына интернатқа бергізген Абай еді.

Данияр ол кезде бүгінгідей боларын қайдан білсін. “Болыс басына үш бала берсін” деген ұлық әмірі бойынша ел ішіндегі иесіз жетімнің бірі есебінде, садақадай шетке шығарылып берілген жетім еді. Қырдан қалаға қарай бұны алғып жүрген Жұмағұл атшабардың мазасын кетіріп, ботадай боздал келген-ді.

Бұны әкеп табыс еткен оқу орнын “Русско-киргизское училище” дейтуғын. Ол школды он тоғызынышы ғасырдың орта тұсынан бастап қазақ балаларын оқытуға үкімет әдейі арнап ашқан. Патшалық кеңселеріне керек тілмаштар мен көмекші атаулыны, ұсақ чиновнистерді қазақтың өзінен сол школдар әзірлемек. Данияр кеп түскенде, оның үстіне әмірінде бірінші рет жаңа, бүтін, ықшам киімдер кигізді. Тамағын, жатар орнын жайлап, сайлап берді. Өзіндей әр жайдан келіп жылған және жасы құрбы қазақ балаларының арасына қосты. Сөйтіп, біртіндеп қалаға үйретіп, сабакқа үнілтіп, жатақхананың тәртібіне мойындасты. Аз жұманың ішінде сол “Русско-киргизское училище” Даниярды қөдімгі оқу жолындағы тәрбиелі баланың қатарына ілестіріп әкетті.

Абай өуелі зорлықпен болса да қазақ балаларының орыс оқына баруына көмек етті. Өзінің беделі жетіп, қолынан келген жерлерінде, осы Даниярдай жалқы-жетім жастарды интернатқа әкеп қосуға тырысқан. Сол ретте қазір Семейде Данияр қатарлы оқып келе жатқан, алды кеңселерге енді-енді түсे бастаған Самалбек, Нұрлан, Орманбек деген тағы бірнеше жас “қаратаяқтар” бар.

Данияр болса алты жылдай орысша оқып, бастауыш бес жылдық школды бітірді. Ешкімге аты-жөнін, ой-ниетін айтпастан, өзімен бірге оқыған, Түркістан жағының бір жас жігітіне еріп Ташкентке кеткен. Содан екі жылдай Ташкентте, үш жыл бойы Марғұланда патшалық кеңселеріне қызмет етті. Жақсылап тұрып ақша-пұл тапты. Сол Марғұланың мынау бүгінгі Афтаптай келісті бір қызына үйленіп қайтқан. Семейге келісімен банкіге қызметке түсे сала, Түркістаннан жиып келген ақша-пұлын жұмсап, осынау үйді сатып алған.

Данияр аласа бойлы, қалқан құлақтау, жайдақ қабақ, жыптық көзді жігіт. Оның ақсүр бетіне жарасқан жұқалаң қызылы бар. Таңқы мұрны сүйкімді келген, өзі жүғымды жігіт. Ал әйелі Афтап болса, Даниярдың өзінен жарым есе биік. Кесек сымбатты, көмірдей қара қасты, толық, көркем жүзді, күлім көзді, келісті келіншек. Бұл екі жақтың өзір балалары жоқ, асты-ұстілі төрт бөлмеде тұратын тек өздері мен қартан құтуші әйел Майсара ғана. Қағылез жұқа дениелі, кішкене Данияр кесек келбетті Афтапқа өзінің күлдіргі, ойынши, ұсақ құлықтарымен де сүйкімді көрінетін. Қазақ жайын, орыс жөнін, қала, дала тірлігін мүлде білмейтін Афтапты Данияр: “Сонау Түркістанның Марғұланынан осы Семейге алдап әкелдім”, – деп күлкі әңгіме айтатын. Бүгін таңертенгі шайдан соң Данияр Мағышқа мегзеп өзіл айтып отыр. Өзіне іні есепті, бірақ бұдан оқуы жоғары офицер дәрежесіндегі Әбіш Абайдай ағаның баласы. Данияр Абайды сыйлағандай Әбішті де аса жылы шырай, жақсы бейілмен күтеді. Бірақ қалжының да тастанамайды.

– Мағыш, сені мынау Әбіш үйлене сала елде, үйде тұрғызбай, әлдеқайда алысқа шырқатып әкетіп барады. Әбіштің тілі қандай жұғымды, сыпайы. Бұл ғой: “Алматы сондай тамаша, мұнан өзгеше, басқаша” – деп барады. Ал біз, оқыған жігіттер мұндайда, әйеліміздің сенгіштігіне сүйеніп алдай да береміз! – деп, көзін қысып қойды.

Әбіш ақырын ғана күліп отыр, ол жауап қатпады. “Мағыш қайтер екен!” – деп келіншегінің нұрлана балқып отырған ақ жүзіне көз таstadtы.

Өзінің жайын сөз қылғанға үяла күліп, сөл қызара түсken Мағыш Даниярдың өзілқой, қалжыңбастығын жақсы андаған болатын. Енді күле отырып, үялғанын жеңіп, күйлі даусымен қарсы қалжың айтты.

– Данияр аға, онда Афтап жеңгейді өзіңіздің алдағаныныз болса, өуелі соны бастап айтпас па екенсіз! – деді.

Мағыштың орай қалжың айтқанына Данияр сүйсініп күлді де:

– Айтайын, қылған қылмысым үшін Афтаптан жаза шегіп болғанмын! – деп алып, Данияр енді өздерінің бір кездегі өмірін күлкі қып айттып кетті.

– Афтап-ханға құдай қосып үйлендік. Марғұланда баубақшалы бір жайда жап-жақсы тұрып жатырмыз. Бірақ есіл-дертім туған жақта. “Семейді қашан көрем, елге қашан бір оралам!” – деп аңсағанда жар құлағым жастыққа тимейді. Өзге жайымның бөрін ұқса да, Афтапқа “Марғұланнан кетейік, Семейге жетейік” – деген сөзім, байқаймын, даритын емес. Не қылсын, өке-шешесі қасында, көленкелі ағаш басында. Тұнжыраған хауызы, сылдыраған арығы, гүл майысқан гүлзары, үзілтіп сайраған сандуғашы анау. Афтап Данияр айтқан Сарыарқаның енесін ұрсын ба! Менің айтқан мұң-зарым құлағына кірсін бе?! Бұл болса, есіл-дерті гүлзар мен үзім, алма, өншең төтті жемістер. Содан бір күн, күз бола, алма піскен шағында қорадағы бір алма ағашының түбінде екеуміз отырғанда, мен бір сөз бастадым. “Бұ не, Марғұланның алмасы, үзімі, жемісі жеміс пе! Гүл бақшасы бақша ма! Ой, шіркін Семей… Осы

күнде фой оның алмасы аяқтай боп албырап түр! Ойпыр-ай, үзімдері-ай Семейдің, хұсайні, ширази бәрі-бәрісі сонда! Әттең, Семейдің нәгі мен шафталысы... иісі қандай! Аузыңа салсаң, дәмі қандай! Жәннат қой біздің Семейдің жеміс-бақшалары! Көусар фой оның арық сулары! Қандай сандуғаштар, қандай ғана құмыр бұлбұлдар... Нелер шешен құлдіргі тотылар бар Семейде! “Тотынаманың” қырық тарауын өздері “тоқсан тарау” қып, күнде айтып беретін жасыл тотылар қандай Сарыарқада!” – деп тұрып, аңсадым да, сарнадым-ау кеп!

Байқаймын, Афтабым нәк пен шафталыны айтқанымда!.. – деп, Афтапқа қарап қоюып отыр. Әйелі болса, кесек денесін дірілдете мәз бола күледі. Мағыш пен Әбіш те қайта-қайта күліседі. Қып-қызыл боп екі көзінен жас аққан Әбіш орамалымен көз сүрте отырып, күлкі үстінде кекесін айтады:

– Бәсе, шіркін Семей! Қыс суығы 50 градус, жаздығұні құмды бораны адастыратын Семей... Үзімді іздесе, осында келмей, қайда барсын! Жер шарына біткен жемістің Семейде жоғы бар ма! Иә, және! – деп қояды.

Данияр болса, өзі тырс күлмestен, өзгеше бір аңқау момақан ғана жүзбен өлі сөйлеп отыр.

– Байқаймын, Афтабымның топсасы босай бастағандай. Енді кешке ғана емес, ерте мен түсте де зарлаймын. Хауліміздің ең бір жемісі нашар, құрт түскен алма ағашының түбіне әдейі барып отырам. Оның шіріп түскен алмаларын Афтаптың көзіне әдейі көрсетіп, мұрын шүйірем. Сарыарқаның Афтабыма ұнаған шафталысы мен тотысын жиі-жій жоқтай берем. Содан не керек, бір күні Афтабымның өзі “кеттік болмасам шу Сәмәйінә” – демесі бар ма? – деп әңгімесін аяқтады.

Афтап дау да, наразылық та айтпады. Өзі ырза болған Даниярын бүгінгі әңгімесімен де құптаап, алданғанын моянындаиды. Осы жайды айтқан Данияр Мағыштан енді оны “Әбіштің қалай алдап әкеле жатқанын айтып бер” – деп

әзілдей берді. Мағыш алдыңғы қалжың әңгімені қостай түсіп:

– Тегі, алдыңғының салған жолы сол болса, Әбіштен де алдампаз әңгімені алдан тосармыз. Әзір айтқан жоқ еді. Өзінізше кейінге сақтап барып, бір күн шығарады да! – деп шебер қалжың айтты. Әбішке әйелінің үнсіз емес, қайта сыпайы, тапқыр, көркем әзілқойлығы да ұнап отыр.

Сәскелік ас артынан Данияр кеңесіне кетті. Үйде қалған Әбіш пен екі жас әйел және құтуші қартаң әйел Майсара төртеуі боп енді бір қызықты әрекетке кірісті.

Мағыштың басындағы желегі мен кимешек-шаршысын енді, Абай айтты-айтпады, өзгерпесе болмады. Мағыш пен Әбішті алғаш күн қонақ етіп отырған шакта Абай сөзін Данияр да естіген, Афтап та білген. Енді бүгін қолы бос жастар Мағыштың кимешек-шаршысын таstatумен бірге, оның басына не киім кигізу жайын ақылдасты. Бұл жөнінде өзгелерден жасы үлкен және өзі Қазан, Уфа қалаларында жас шағын өткізген, Семейдің де театры мен қазақтарының үлгісін білетін Майсара көп ақыл айтты.

Ол өуелі салған жерден “көлөпуш” пен “шілтер шәлі” керек деген. Әбіш оқа шеккен тақия мен ақ жібек шәлі жайын ескертті. Афтап басқа үлгілер туралы ойлап еді. Енді Майсараның ақылы бойынша үш әйел төргі үйге кіріп, Афтаптың таза киімдерін салған үлкен сандықты ашты. Сол үйде Мағышты киіндіріп, мынау ауыз үйде отырған Әбішке көрсетпек болысты.

Мағыш өзін базарға шығарып, сарапқа салған жандай болуға тартынып еді. “Қоя тұрса не етеді” – деп ойланып, өздігімен жайлап таңдамақ болатын. Бірақ Әбіш пен Афтап бұған енді “қай киім, қандай үлгі жарасар екен” деп қызығудан іркіле алмады. Әбіш өсіресе Мағыштың қолаң қара, бүйра шашын, білектей бұрымын ашқанды тілейді. Өзі онашада ғана көретін аса сұлу, сәл ғана қызғылт құлағы, ақ торғындау уыз етті мойны, тамағы... кимешек-желек астында жасырынбаса екен дейді.

Бұның өзін тамашалатып қуантпақ қалпында күндіз де, түнде де ашық болса, үдайы батпас айында, толық айында, үнемі жарқырап көрінумен тұрса... Тойымы, тынымы жоқ анық, асық ынтықтығымен әрі қызығады да, әрі қана алмай қуанады.

Әбіш шынымен шаттана түсіп, тілек еткендіктен, Мағыш үндемей тұрды да, әсем салмақпен аяқ басып, төргі үйге кірді. Ол үйдегі әйелдердің, әсіресе Майсараның кесектеу құлкісі Әбішке үнемі естіліп тұрған.

Бір сәтте арғы төргі есік ашылды. Аласа табалдырыққа аяқ басып, аппақ ұзын саусақтарын сөл соза түсіп, бұған үяла қарап тұрған соңдай нәзік жарын көрді Әбіш. Бешпетті тастап, Мағыш қынай бел кемзал киіпті, сарғыш іренді жібекке аса әсем үйлескен қоңырқай, қызығылт мақпал кемзал, оқалы жиегі мен көп бүрмелі ұзын көйлекке әдемі, құйыла қоныпты. Майсара айтқан кәләпушты, Афтап үнатқан қалпақты да анау үйде өлшеп, көре бере, Мағыш ытқытып тастаған еді. Ол жаңағы Әбіш айтқан, екеуі ең алғаш көріскенде киіп келген оқалы тақияны киіпті. Соның үстіне шілтері жұқа, сары алтындан ұзын орамал жамылған еді. Орамалдың шашақты бір ұшын кеуде тұсынан кең оралта келіп, оң иығынан асыра салыпты. Әбіш көзіне қазір Мағыш ең алғаш көрінген сәттегідей, уыз жастық шағымен қайта бір жарқ беріп тұа қалғандай.

Мағыштың қасына жүгіріп келіп, Әбіш аялай тұрып, қырынан да, сыртынан да қарады. Әйелінің таңдал киген бар киімін түгел мақтап қабыл алды. Майсара үндемесе де, Әбішке қосылып, Афтап та Мағыштың ендігі көркі мен жаразтығын өзгеше тамашалап, мақтап тұр.

Озі де сирек сымбат көркі бар жас әйел болғанымен, Афтапта қазір қызғаныштан зәредей елес жоқ. Жақсы пішілген, ұнамды, қонымды киім Мағыштың өзіне біткен бой сымбатын, нұр сыпатын бұл атыраптағы бар әйелден басым етіп тұр. Афтап өз ойында бұл жайды түгел саралап шықпаса да, Мағыштың сұлулығы мен нәзік жастық, ыс-

тық сүйкімділігін барынша ұнатады. Сол жайын ол айтып та білдірді.

– Қандай матор, қандай сұлусыз сіз, Мағыш! – деді.

Әбіш Афтаптай өзі сұлу әйелдің мынау мінезіне танда-нып, ырза боп тұр. Ішінен ойланып қалды.

“...Әдettе әйел затының сұлулығына өзге сұлу әйел қызғанбай, таласпай-ақ әділ кеңдікпен қарай алады. Әйелге әйел өзгені кешпесе де, сұлулығына таласпайды. Қалтқысыз қызыға біледі. Ал ереккөн атаулы бұлай емес. Көбінше ереккөн атаулы қимайды. Қорғісі келмейді, әсіресе танығанын айтқыш емес. Әйелден еректің бұл да бір төмен мінезі екен-ау!” – деп қалды.

Екі бөлме арасында Мағышты қоршаған дос жандар оны тамашалаған күйде, кейін қарай жібермей, қалжынмен қажап тұр еді. Қыстап сыртқы есік ашылды да, Мағышқа тұра қарама-қарсы қарап, үйге кіріп келе жатқан Абай көрінді. Мағыш кімді көргенін аңғарып бола бергенде, екі беті мандаудына шейін оттай лаулап қызарды да, аппақ сүйрік ұзын саусақтарымен бетін басып, айнала жөнелді. Афтап пен Майсара да ұяла күліп, төргі есікті жаба сала, дүбірлете қашқан-ды. Абай Мағыштың бұл өзі айтқан өситетті орындал тұрғанын тез аңғарса да, оны байқағанын білдірген жоқ. Келген бетінде төрге шығып отыра бере басындағы жеңіл тымағын алды.

Жаңа қайық үстінде естіген жайларды айтып, Әбішпен ақылдасуға кірісті. Әуелі баласына Сармолламен алғаш кездескенін айтып өткен. Содан бері ар жақ пен бер жақтың көп имамдары, дүмше молдалары бірігіп, қарандық қастық жолына басып бара жатқанын баяндаған. Енді бүгін жайғана бір момын қайықшыдан естігенін айтқанда, Абай Сармоллағана емес, өзінің сөзі үшін де айыпкерлердің бірі болатынын ескерді.

– Не шара, не дауа бар бұл дүлей қарандырыққа. Өздері елді түмшалап көрсоқыр етіп отыр. Халық дертіне шипа табу орнына сол пәлені өршітіп отырған тағы өздері. Тым құрса залалынды тый, құлқынынды теже, табысынан

тартына түс, халық сорына сен себепкөр болма! – деген үшін жау да болмақ, жауыз да болмақ, қылмыс та қылмақ. Енді аңдып қарасаң, құр ғана бітеу кеуде, надан емес. Барып тұрган өздері айтатын фитнәи-ғалам – презренные мира, – деп, Абай жаңағы араб сөзін Әбішке өдейі орысшалап жеткізді.

Әкесінің қазіргі налып тоқтаған сөзіне, үніне Әбіш уа-йым етті. Осыдан бес минут қана бұрын болған мәз қуанышын енді қысылып еске алды. Аман тұрган аз аралдай кішкене үйдің жайбарақат халінде Әбіш қаланың қасіретін, халықтың қамырық қамын ұмыта қалған төрізді. Оның қасірет дертін енді, міне, үнемі сергек, сезімтал әкесінің жүзінен танып отыр. Өзінің бейқам бір күлкімен отырғанын айыбы есепті түсініп қысылды.

Абайдан бұл істерлік қандай жөрдем, көмек барын жа-быса сұрап еді. Әбіштің талпынуын әкесі дұрыс көрсе де, ол істейтін іс жоқ екенін айтты. Жалғыз-ақ баласынан сұрайтыны халыққа арнап сөз сөйлеу үшін, қай жерге бар-сам мақұл болар! Енді Сармоллаға ара түскен сөзді аяғым жеткен, тілім жеткен жердің бәріне барып айтуым қажет боп тұр. Бірақ осыны қай жерден, қай ортадан, кімдерге кездесуден бастаймын, осыған ақыл қос! – деп Әбіштен сұраған еді.

Әбіш әуелі Абай ар жақ, бер жактағы мешіттерден бастап, имамдарға сейлессе қайтеді, деп ойлаған еді.

– Сармолланың жауы солар ғой. Енді молда тобынан шықпай, халық арасынан келген, сіздей қалыс адам сөйле-се, әлде олар ойланар ма екен, өзгерер ме екен! – деп үміт айта сөйлеген.

Абай Әбіштің бұл сөзінің түсында Павловтың әйелі Александра Яковлевнаны еске алды. Әбіш те сол тәрізді, үстірт ойлап отыр. Абай: “Имамдар сәлдесі мен таспигы-на сенген. Өздерін ишан, хазірет деп бас шүлгітын надан қауымға қатал боп дағдыланған, зорлығы күшті қауым!” – деді.

– Олар “айыбың бар, құдай алды ғана емес, махшар күні емес, осындағы қасірет күні, осы махалла халқының алдын-

да берер жауабың бар!” – деген сөзді айтушыны көпір қауымына қосуға іркілмейді! – деп бір тоқтады. Тағы ойланған отырып айтқаны:

– Олармен халық алдында көптің үні, сынны қосылып отырап жерде сөйлесең бір сәрі болар еді! Сен оның қараңғы топ қауымына баrasың. Немесе кәрі сопы, қартан шәкіртері сияқты қара құзғындай қамау, қоршауының ортасына барып сөйлейсің. Олар болса, өздерінің имамының аузынан шыққаның бәрін, иманын сата қостап, құптағаннан басқаны білмейді! – деді.

Әбіш өз ойының бұл жөнде ұшқары екенін аңғарып:

– Мен жұма намазы сияқты, бөгде халық көп жиналатын күні хұтпаның артынан Сармоллаша шығарсыз ба, деп едім. Ол қалай? – деді.

Абай баласының бұл сөзіне де күлді.

– Сармолла имам, халфе болмаса да, мешіттің мінберіне шығып сөйлейтін қисыны бар. Басына сәлде ораған молданың бірі. Ал мен ол жерге мынау шешең тіккен тобықты тымағымен барам ба, жоқ әлде, енді қартайғанда дуанадай болып басыма сәлде орап барам ба? – деп өз жайын мысқылдан күліп алды.

Әбіш бұл айтқанынан да тез қайтты. Бірақ іздене отырып, әкесін халыққа кездестірерлік ендігі орын – “базар”, “базар ғана” деп байлады. Және екі жағының жүргіншілерін мол таситын паромдардың аузы, Семей халқы айтатын “қайық аузы” сияқты жерлерді атады. Қалайда жұрт жиналатын орынға әдейілеп ешкімді шақырмаса да, Абайдың енді бара түсіп, сөйлей түсуі даусыз қажет. Сармоллаға ара түсіп, өзінің де оған айтқанын Абай жасырмай, ашықтанашық халыққа білдіру шарт екенін атады.

Бұл соңғы жайды Әбіш тағы да алғаш бастап сөйлегеніңдеги ширығып, қызына сөйлеп тоқтады. Ең соңғы айтқаны:

– Аға, халыққа сіз өзіңіз барып айтпаған сөз, бәрібір сіздің атыңыздан жетіп жатыр екен. Енді тілесе молдасы, саудагері білсін. Әсіресе жаңағы өзіңіз қамын жеп отырған

қазасы көп қара халық білсін! Бер жақ пен ар жақтағы жүрт ортасына барып, тұра өзініз де өз ойыңызды айтып шығыңыз! Қажет болған жерінде Сармолланы арашалап та, ақтап та сөйленеңіз. Бұл тұста дұрыс сөз айттыпты ғой. Сол жайына ара түспесеңіз әділет емес, дегелі отырмын. Дәл осының сіздей жандардан халық өсіреле тоса ма деп ойлаймын! – деді.

Абай енді не істейтінін, байлауын айтқан жоқ. Өзі жел-қайықпен өткенде, “Ертістен паром арқылы өтіп кел” деп Баймағамбетті ат-арбамен жіберген еді. Қазір тыстан сол Баймағамбет кеп кірген соң, Абай тымағын сілкіп киіп, тез жөнелуге қамданды. Бірақ Афтап Майсараны ертіп, Абай мен Әбіштің алдында кішілеу ақ шыны тегешке құйған қымыз әкеп қойғызды. Тыстан Баймағамбет кірген, оны үстел басына шақырысты. Және сызылта сәлем беріп: “ас-салау мағалайко гөм!” деп, сыртқы есіктен өзінен бұрын қамшысын кіргізіп, шоқша қара сақалды, ұзын бойлы Өтегелді кірді. Оның құлдіргі, ойыншы мінезі Әбіштер келгелі мынау үйге мәлім болған. Афтап пен Майсара Өтегелдінің күле отырып қарсы алды. Ол бұнда бір рет күнұзын отырған. Екіншіде, бар жастарды ойыны, домбырасы, қалжын, қылжағымен мәз қылып, қонып та кеткен. Сонымен қатар Өтегелдінің бұл үйдің бар жастарына мәлім болған осал жері де бар. Ол қаланың шетінде, бір қазақ үйінде жатады. Өзі жаңнан озған аңшы, жүргінші және өсіреле сиқыры бардай, аты мәлім “ізші” болса да, қалаға келгенде бұл: көше, адрес дегенді өсте ұға алмай қойған. Ол осы жайын Әбішке жалынып отырып айтқан-ды.

– Мен, тегі, қалаңа келгенде тап ауылдағы түйеден жаманмын. Қия бассам адасамын. Сонау қала шетіндегі үйге апарып салып, біреуге әкелгізіп тұрмасан, құдай білсін, қайда қаңғырып кетерімді! – дейтүғын.

Расында да, оны Данияр үйіне екі рет Әбіш өзі кісі жіберіп бастатып әкелгізген. Қазір Өтегелді жапа-жалғыз, басшысыз кіріп келгенге, оның осал сырын біліп, бұрын құліп қалған әйелдер мен Әбіш енді таңданып отыр.

Әкесі мен Әбіш арасындағы әңгіме үзілген-ді. Құлімдей жымыңдал, көзі ойнақшып отырған Өтегелдіге Әбіш оқыс сұрау берді.

– Әй, Өтеш, сен өлі қалада қия бассам адасам, бұл үйді таба алмаймын дегенің қайда? Қалай келдің? – деді. Қымыз құйып отырған Афтап “не дер екен!” – деп Өтешке құле қарады.

Өтегелді Абай жаққа көз тастап қойып, момақан ғана пішінге түсіп, мән-жайын айтып отыр.

– Адасатыным өлі рас. Бірақ бұтін қаланың шетінен сені табайын деп атыма міндім де, көшеге көлденен тұрып ап, осы мынау Ертіс бойындағы барабайдың ұзын мойын мұржасын көріп алдым. Соған қарай шаба бердім, шаба бердім. Қасына жеткен соң бұрылыш ап, атымның құйрығын Ертіске беріп, сол барабайға тіреп тұрдым. Содан соң алдында анқып жатқан бір көше бар еді, соған түстім де, шаба жөнелдім. Бар білетінім, дәл осы мына тұста, бір қақпаның астынан кішкентай сары қанден ит жүгіріп шығып, үре қоя береді. Сол сары ит шыққан пүшпақтан он жаққа жалт бере бұрылсам, сенің үйіңнің дәл үстінен түседі екем. Енді сол, бұдан былайғы менің басшым сол сары қанден ит! Алдыңғы күн осы үйде, сыртынан болжап солай келіп, сары ит үре шыққан жерден бұрыла қойып, бір тауып кеткем-ді. Бұтін және де Ертіске барып, жаңа осылай шапқаным емес пе! Тілеуің бергір, сары қанден ит мені тосып даяр жатыр екен, қақпаның астынан ол үре жүгіре шыққанда, бұрыла қойып ем, тағы тауып алдым! – деп Өтеш масайрап отыр.

Майсара Абайдан ұяла отырса да, бетін баса сықылықтай құліп қапты. Қымыз құйып отырған Афтап та ажарлы жүзі қып-қызыл бол қыстығып, кесек денесін дірілдетіп, үнсіз құліп отыр.

Абай Өтегелдіге жылы ғана шыраймен құлкісіз көз тастады.

– Ал сары ит шықпаса, не күн көресің?

Үй іші тағы ду күліп еді. Өтегелді іркілген жоқ.

– Ол жағын тағы ойлап қойдым, Абай аға. Сары ит шықпаса, сол көшемен ілгері-кейінді шаба берем. Содан сары итіңіздің шықпасқа әдді бар ма?! – деп, Абайдың өзін де күлдірді.

Кетуге ынғайланып отырып, Абай Өтегелдіні өзіл етті:

– Міне, бұған қала, көше, номер, адрестің не керегі бар? Сары иті бар, не мұны бар? – деді.

Уайымсыз Өтегелдінің берекесіз күлдіргісі Абайға осындағы өзіл мысқыл айтқызды. Жазықсыз қылжаққа сәл күлумен қабат Абай көнілі азғана селт еткендей көтеріліп те қалды. Болмаса өз ойындағы үздіксіз мұнға, бүгін тағы талай тынышсыз ауыр шерлер, сырларды қайықшы Сейіл қосты. Әбіш пәтеріндегі жастар ажары мен аз әңгіме, жүрек түкпірінде жатқан зіл қара тастай, салмақты дерпті сейілткен жоқ-ты. Абай қеудесінде ол тек аз шаққа ғана іркіліп тұрғандай болатын... Сол тұнған удай уайымды, тек жаңағы Өтегелді күлкісі біраз ғана бүркелей, ұмыттыра тұрғандай боп еді. Осы қалпында Баймағамбетті ертіп, Семейдің үлкен базарына қарай тартты.

Қазір Абай үлкен Семейдің базарын аралап жүргелі сағаттан артық уақыт өтті. Әуелі Плещеев, Деров, Михайлов, Малышев және татар байлары Хамитов, Негматуллин, Тұхфатуллиндер магазиндеріне сәл уақытқа кіріп, бас сұғып шыққан еді. Оларда бұйым, киім, жабдық-жарақ алғалы келіп жүрген адамдар онша мол емес. Бары болса, алым-сатық саудасының есебінен басқаны ойлауға мұрша-сы жоқ адамдар көрінеді. Ол қазақтың дені қырдан келген еді. Бас пен аяқиім үлгілері әр елдің, әр болыстың адамдарын танытады. Бұндай кісілер көбінше магазин аралап, сауда-саттық, алық-берік жасап тұрған кездерінде сырт көзден, көлденең кісіден именгіш келеді. Тіпті көлдененеңің бәріне сенімсіз қарайтын келенсіз бір байлар болады. Кейде қартан, сырдан, дүниекор болыс-билер, малқорда, бықсыма, жаман айлашыл, бұқпантай адамдар кезігеді.

Бір магазинде Абай керей тымағын киген, түйе жүн шекпені бар, сондай бір байшыгешті байқады. Қасындағы екі жігітіне көне күміс белдігін, қамшысын ұстасып қойыпты. Өзі үлкен тері шалбарын шешіп, шалбарланып алған бешпетінің терең қалтасынан кір орамалын алды. Соған орап, түйіп тастаған ақшасын сұрып жатып “бысмылда”, “имам ағзам саудасы” дей түседі. Мықшындағы бұкшінде, кассаға төлейтін ақшасын шабандап шығарып жатыр. Бұл қартан, сырдан байдың қасына екі жігіті ғана емес, тағы да керей тымақ киген торт-бес кісі оралды. Орта жасты қала-шылар жаңағы байды сыртынан танып, сәлем беріп тақап еді. Бурыл сақал бай шалбарының ала жіп бауын шұбатып, дәл бір дәретке отырғалы жүрген кісідегі магазин ішінде талтандалап, бұкшендей берді. Жаңағылардың сәлемін алмай, күнкілдең наразы болып, сырт айналып барады.

Абай осы көрініске ызалана жириеніп қарады. Женіл, кен шапанының сыртынан арқасына екі қолын айқастыра салып, жай басып, магазиннен шығып кетті. Әзірге аралаган үлкен дүкендерінің бәрінде де жаңағыға ұқсаған көрініс байқалады. Сауда қып жүрген қала түрғыны орыс, ноғай адамдарынан басқаның көбі жаңағы қойлы қоқсық “жұндібайы” сияқты қалашылар. Олардың бәрі де: “қала-да бұзық көп болады, ақша-пұлдыңды көз ілеңтірмей қағып алады, алдап әкетеді, ұрлап қояды, қала деген өңшең кудын, жепкетердің жері” – дегендегі үркек ұғыммен жүретін, әралуан “Біткенбай”, “Біскенбайлар”. Осы түрпат-сиықтарын көріп аңдаған соң Абай, магазин аралаган қазақтан бөгде сөзді ұғатын, ұқпак түгіл, құлақ асатын кісі бар деп білмеді. Содан кейін қатар-қатар бірнеше кварталды өздері алған ағаш лавке, ұсақтау сауда дүкендерін аңыстал еді. Онда да жарытымды көп адам басын көре алмады. Енді соңғы үмітін соған артып, қалың ел қауырт жүретін, дағдылы жаяу базарға қарай ауысты.

“Қалада індет, дерт бар. Ол жұқпалы дерт. Ауыр апат” – дегендегі ести жүрссе де, жаяу базар бұрынғыдай. Қол сауда жасап, азын-аулақ өткермесімен шай-пүйын, ас-

ауқатын айырып отырған қалың жаяу, күндегі дағдысын қоя алмапты. Абай талайдан бұл базарға келген, көрген емес еді. Кең аланға созылған, құмы қалың жаяу базар майданы қазірде де халыққа лық толы екен. Баймағамбет пен Абай арбалы күйде осы базарға жағалап келіп, шеттей тұрыш, халықтың сырт көрінісін көлдененен бақылып тұр.

Жаяу базардың оқшаша бір белгісі: ең өуелі тынымсыз балдыры-бұлдыры, дабыр-дұбыр, саңғыры-сұңғыры, үздіксіз сөйленіп жатқан үндер, сөздер естіледі. Үндемей құлақ салсаң, бейнебір қалдыры-құлдыры, дабыр-дұбыр, құжынап қайнап жатқан дүние. Үздіксіз, тынымсыз мол сөздің селі қасыннан ағып тұрғандай болады. Мындаған ауыздар өңшең құлақсыз, тыңдаусыз, тынымсыз ортада тек қана өзінің сөздерін қайнатып, ақтарып жатқандай. Абай қайран қалып, құле түсіп өлі құлақ салып тұр. Ендігі бір аңдағаны, жаңағы мың ауыздың толассыз, тоқтаусыз, салдырлатып айтып жатқандары қай тілдегі сөз екені де аңғарылмайды. Не сөздер екенін талаң тыңдалап тұрса да, айырып болар емес.

Анығында, бұл базарда дені қазақ болса да, орыс, ногай адамдары да көп. Аралықта Түркістан жағынан, Қытай шегінен де керуен-кірекеш атанып келген дүңген, тараншы да көрінеді. Абай енді арбадан түсіп, топқа араласа беріп еді. Оюлы, аламыш шәлілерін бір иығынан қолтық астына қарай шалыс жамылып, құлақтарына ұлken сырға салған, алақандай қара көзді, қара шашты сырған әйелдері оралды. Абайға бал ашып берем деп, “бақытынды тауып, атап берем” – деп сүсылдан, алақанын жаза сөйлем жүр.

Тағы біраз жүргенде, ескі сенсен тымағының шошақ төбесіне шолақ, жыртық, кір сөлдесін орап алған оқшаша біреу байқалды. Қолында шылдырмақты биік аса таяғы бар дуана екен. Кеудесі ашық, сүйегі адырайған, аяғы жа-лаңаяқ, қыли көзді, көсе қара дуана Абайдың қасынан су-маң етіп өтіп барады. Бір аяғын шоқ басқандай шапшаң шолтаң еткізіп көтеріп басады. Секіре түсіп, аңдаусыз

түрған жұртты шошыта селк еткізіп, бақырып, айғайлап қалады.

– Аллай ха-а-а-ақ! – Соңғы “хак” деген сөзін шыңғыра, шаңқ еткізіп айтады. Содан әрі сұық түсі, сирек тісі тыжырандай ыржында, жыны ұстаған кісідей екі езуін көпірте, шұбырта сөйлеп кетеді:

Шайқы-бұркы дуана,
Кесір, кесел куала,
Кел, берекет, кет, пәлекет,
Аллай ха-а-а-ақ! –

деп бақырып қояды. Жалғыз аяқтан асасына таянады. Қаздандай ырши, ытқи түсіп, әп-сәтте топ ішіне сұңгіп жоғалып, Абайдың көз алдынан ғайып бол кетеді. Жаяу базар толы әралуан ұсақ ісмер. Қол саудамен не өздерінің, немесе үйдегі әкесі, шешесінің әзірлеген киім-бұйымдарын сатушылар көп.

Абайға қаракесек тымағын киген, сары сақал біреу өзінің екі иығына екі айырып іліп алған жарма қоныш жаңа қара саптамаларын ұсынады. Тағы біраз жүргенде, екі қолының басына қос-қостан ноғайша құндыз бөріктөр қондырған, басына да екі бөрікті мінгестіре кигізіп бөрікші татар мен қазақ ісмерлері де тақайды. Абайды ноғай бөркін киүге лайықты кісі көріп, өз нәрселерін ұсына береді. Біреулер тақия тігіп әкелген. Тағы біреулер қайыс өрме қамшыны, ұзын өрілген божы немесе өмілдірік-құйысқан, ат-арба жабдықтарын көтеріп жүр.

Бір топ дұғалық шеккен жайнамазды бір құشاқ қып иығына аса салған қартан қазақ әйелі және де Абайдың алдынан көлденендей береді. Жасына, бой, қабілетіне қарап, Абайды не қылса намазға бас қойған адам шығар деп, бұл саудагер әйел өзінше топшылап жүр. Осылайша өзі істеген жүзік-сырғасын ұсынған, қазақша кіселі белдік жасап, қыны мен пышағын түгелдеген қол ісмерлері де кездесіді. Ескі киім сатушы, тон-шалбар алушы бар. Әр үлгілі

тымақ, бешпетті қазақы қол қып тігіп өкелген көрі, жас қазақ әйелдері байқалады.

Бұл топта да Абай өзінің кімге ораларын, кімге арнап сөз айттар амалын таппады. Женіл жұқа қара елтірі тымағын қолына алған Абайдың кең маңдайына жіңішке сзыылған көлденең әжім жолдары жиылыпты. Көз айналасында, са-майында тер шыпшип түр. Сақалға “қырау тұсті” деген-дей, анық айқын бурыл ірең араласқан. Ойға ауысқан көздері, базардағы топқа қараған тәрізді болса да, ол қазір ешкімнің жүзін көріп түрған жоқ. Бұл сөтте Абай анық қартаң тартып түрғандай. Қөнілде зіл қара тастай, шын қажытар уайым басып түр. Құнұзын кезіп, қамқор сөзін тыңдатар жан таппады. Бүгін емес, көптен бері іштегі же-гідей кеміріп жүрген бір жараның өзіне барып соқты.

“Өлең жазып, есиең таратып журмін”, “халқым үшін қам жеп журмін” дейтін Абай, көп уақыттарда күдікке түсуші еді. “Тыңдал жатқан, ұғып-танаң, керегіне жаратып жатқан қазақ баласы бар ма осы, жоқ па?” – деп толқитын. Қазір, міне, сол күдігінің шындығын анық көзben көріп түрғандай. Және қандай кездे?! Қаншалық сүмдық дерт үстінде? Қандайлық қажет сөзін, ем сөзін тыңдарлық жан таппаған деген не қорлық? Неткен қатты мазақ… Қatal тағдыр жазасы?!.

Осы жайды егілген назалы қөнілмен шұғыл бір ойлап қалды да, артынан қайратты ойын қайта жия берді. Сөйтті де, өз халіне өзі мысқыл ажуамен көлденең бір көз тастады…

“Не қыларсың… қайтіп амал табарсың, сен де бейне бір ку дала, ку медиен елсізде, әдемі, әсем қызыл, жасыл бұлдарын жайып салып, өлшеп кесер кезін ұстап, онтайла-нып отырған жан тәріздісің! Бұл да бар, кез де бар, кездеп берер сатушы да бар… тек алушы жоқ. Қанша тоссаң да мейлің… алушың шығар шақ жоқ. Солсың ғой, Абай, сен-дағы”, – деп басын изеді де, кейін бұрылды.

Қалдыр-құлдыр, дабыр-дұбыр еткен жаяу базардан енді бір кез сыйылып шыққан Абай, қала шетіндегі құм төбешіктің беткейіне жиналған салтатты саудагерлерге

тақап келді. Бұл жер белгілі ат базары болатын. Жиыны шағын, тұрған орындарынан көп қозғалмай, базарға түскен атты тобымен тұрып көз алдарынан өткізіп жатқан осындағы аттылы, жаяу қазақтар өзге базаршыдан гөрі Абайға қолайырақ келді. Бурыл сақал, жирен мұрт және бір көслеу сұрғылт келбетті үш саудагер Абайды танып, бұрылып кеп сәлем берісті. Осылармен өз арбасының үстінде сөйлесіп отырып, Абай қаланың мына ат базары жақ шетіндегі өлім-жітім хабарларын естіді. Саудагерлердің өздері бастаған оба науқасы жайы енді Абайдың да сөйлеуіне жетекші болды. Көптен бері ізденген қауымның азғана бір шөкімдей тобын кездестірген болса да, Абай ойда жүрген жайларының көбін айттып шықты.

Арбада отырып, бір топ саудагер қоршаған Абай көпке естірте ақыл сөз айтады. Жақын мандағы аттылы-жаяу, арбалы жүрген қазақ, ноғайдың, еркек-әйелдердің бірталаіы оралып кеп, сөз тыңдай бастида. Абай өуелі обадан сақтанудың ел үшін аса қажет екенін айтты. Сол жөндегі бұның сөздеріне ден қойып тыңдаған торы атты, бурыл сақалды саудагер “жаназаны, хатім, садақаны көпті-топты жимай, аз адаммен өткізу дұрыс” деген сөз бар дейді. Осылы қалай етеміз?” – деп те сұрады.

Абай ол жөнінде, өнеугі хұтпада Сармолла айтқан анғардағана сөйлеп қойған жоқ. Ол: “жаназаны тек халфе, қари, молда, мәзін ғана шығарсын деген шаригат жоқ. Эрбір мұсылманның дүға, намазды білетін аз оқыған адамы да жаназаны шығаруға болады” – деді. Соған қоса: “өліктің үй ішінде өз жақыны жаназа шығара білсе, ондайларда молдаларды шақыртпай, мешіт, медресені мазаламай жаназа шығара, құран аудара, хатім қыла берсін!” – деді.

Абай өзін молда, хазірет дағдысынан бөлек үстады. Ол өзі ашық, білім қасиетіне сүйенген адам боп ашыла бастанды. Сол себепті тазалықты қатты айтады. Әрдайым қолды ыстық сумен жуғанды дұрыс дейді. Суық су, сұйық асты ішпеу керек екенін айтады. Қарбыз-қауын тәрізді, қала қазағы, өсіресе қала балалары құмар келетін көкті жемеу

керек дейді. Тек қатты қайнаған ас, қатты қыздырып қуырып берген тамақты ғана жеу дұрыс екенін айтады. Су сүйгән соң ауру тыйылатынын да сөйледі. Қысқасы, Александра Яковлевнаның өситет, кеңесінің бәрін де бұлжытпай, ұғымды, байыпты етіп салмақты қоңыр даусымен жақсылап айтып берді.

Осыдан әрі бұл адамның Абай екенін және сол жерде Абайдың өзі кім екенін естіп, біле түскен қала адамдары Сармолланы да ауызға алысты. Оны молда, халфелер жамандап, айыптаған қойыпты, дейді. Сол рас па? Имамдардың осы істері мақұл ма, жоқ па? – деп те сұрасқандар болды.

Абай бұл тұста да: “Имам, халфелер ісі мен сөзі теріс және соның үстіне надандық. Қын күнде халық қамынан бұрын өзара керіс-кейіс жасаулары лайықсыз. Халыққа жаны аштын адамдай істейтін іс, міnez олай емес. Қай имам, қандай ишан айтса да, жүқпалы аурудан сақтану керек. Халыққа, “сақтан” дейтін адамдарды айыпкер ету өте өрескел. Өзімшілдік, қыңырлық. Ондай жандардың өзін айыптаса, жұрт жазықты емес. Сақтан деуші әрқашан қастық ойлаушы емес, қамын жеуші екенін ұмытпау керек!” деген.

Бұғін Абайдың үлкен қала базарына алғаш бару сапарында бастап айтқан сөзі осы еді. Келесі күні Слободка жаққа өтіп шықты. Осы жақтың базарында да бір кез жиырма-отыз адамның басын қосты. Мал базарында, тағы бір шақ өзінің арбасының айналасынан жиылып келген отыз-қырық адам арасында сөйледі. Ұсақ дүкендер жанында Абайды тоқтатып жөн сұрасқан әртүрлі ұста, ісмер: балташы, тігінші, етікші және ұсақ бақалшы, жаяу жүрген кәрі, жас көп. Ерек, әйел базаршылар арасында Абай өзінің межелеп алған ақыл сөздерін тыңдаушылардың естірінде нық орнап қалатындей етіп, қадағалап айтты.

Кешегіден гөрі бұғін Абайдың көнілі көп көтеріліп қалды. Ар жақтың жаяу базарында емес, енді әр түстан тыңдаушы шықты. Олар қысыр кеңес құрушылар да емес.

Абайға анық сенген және сене тұрып, дуалы ауыздан дауалатар сөз күткен, ақыл тосқан жандар көзге көрінді.

Осындағы жайларды ішке түйген Абай енді көңілдене түсіп, сенімді ұнмен, әсерлі жүзбен сөйлеп береді.

Бер жақта сейлеген сөзінде Абай Сармолланың өзге молдалармен дауын шеттеп қана еске алды. Нықтап, қатты қайыра, қадап тұрып, сол Сармолла сөзін: “Ең дұрыс ақыл”, “қала халқы құлақ қақпай қолданатын анық достық ақыл” – деп атап берді. Осыдан тағы бір жұмадай уақыт өткенде Абай ар жақ пен бер жақтың базарларына күнде барады. Күніне кем қойса қырық-елу кісіге өз ойларын, қамқор сөзін айтудан тартынған жоқ.

Соның орайына Сармолла айтты деген сөз енді азайып, халыққа “аурудан сақтан” деген сөзді Абай айтыпты – деп қала қазағына мол аңыз тарады. Август айының алғашқы жұмасында осында лақап түгел жетіп болған ар жақ пен бер жақтың халқы енді басқа қалыпқа келді. Бұл күнде жаназага мешіт имамы, халфе, қари, мәзін, шәкірттер шақырылмайды. Ас беріп, хатім түсіруде де оларды шақыру сирек. Мұсылмандық қарызын ада қылу үшін, өлгеннің қамы үшін молда, халfenің біреуін ғана шақырады да, сонымен өлігін жөнелтеді. Ендігі ел мінезі мүлде өзгергенін соқыр қари, Шәрібжан халфе, Самұрат мәзіндер аса жақсы ұғынды. Олар соңғы күндер аса бір қатты “қаһарға мініп”, ауыздарына аса жаман сөздер ала бастады.

Бұлар Абайдан шыққан сөзді білсе де, оны “қыр қазағы”, “дін адамы емес” дейді. Оның үстіне халық арасында абырой-атағы, бет-беделі күшті екенін ескерді. Соңдықтан Абаймен ұстаспай, оны сырттан да ауызға алмай қойысқан. Бірақ соның орайына өздеріне анық өш, қас жау етіп жалғыз Сармолланы атап алған. Тістерін соған барынша басулы. Үшеу-төртеу болып сыйырласа сырласып байлаған бір ниеттерін Отарбай, Қорабай саудагерлерге білдіріп, оларды ертіп бас мешіттің ығында, қара көлеңкеде қарт имамды жаңағы саудагерлер оңашалап алысты.

– Таксыр хазірет, арызымыз бар. Сізге махалла халқы атынан айтатын датымыз бар! – деп Қорабай мен Отарбай қатар сөйлемді. Қастарына мәзінді, соқыр қариды, Самұрат, Шәрібжан халфені ертіп алысыпты. Енді бұлар имамнан оқшау бір жайдан пәтуә сұрайды.

Сөз бастаған Отарбай болатын. Ол биік бойын аласа хазіретке иіп, тақап түр. Ұзын сояу қара сақалы сілкіне түсіп, кесек дауыспен сейлеп кетті.

– Уа, хазірет! Мені сізге көп қауым жұмсады. Осында кеп түрғанда да жалғыз емеспін. Анау шарбақ қасында тосып қалған оннан аса кісі бар. Мына өзіңізге қараған махалланың құдай жолына ден қойған Мұхаметтің үмбеттері боп, сізден пәтуә сұраймыз. Мұсылман баласының басына кеп жатқан мынау пәлекет апатқа, мынау аты жаман оба науқасына қарсы, дін қарындасқа жаңы ашып, құтқаратын сөз айтыла ма, жоқ па? Не шара, не дауа айтасыздар осыған?! – деді. Мұны құнғірлеген қоңыр үнді Қорабай қостай жөнелді.

– Тенізден толқын атып, кемедегі жұрт суға кетер болса, арасынан құрбандық, тасаттық жасап құтылады дейді! Әлде бұл қаланың халқына сондай бір шараны айтасыз ба?

Отарбай және сейледі:

– Марқұм атаңыз өулие еткен Ақишан еді. Ол кісі осында халыққа өз ішінен аяусыз құрбандық жасасын депті. Баяғыда қалың сүзек пен көкшешек кезінде сондай бір дағуа айтты деп естіміз. Ендігі ақылды өзіңізден сұрадық. Айтыңыз, таксыр, бір дауасын айтыңыз мына халқыныңға! – дейді.

Екі саудагер екі жақтан сапылдаپ сейлеп, бұрын өзірлеп алған жаттанды сөздерімен, қалтаң-құлтаң еткен көрі хазіретті қамауға алды. Бұндай сөзді оқыс естіген хазірет ашып жауап айта алмады.

– Бәрәкәллә, бәрәкәллә, фиғылдарыңыз қабыл болсын. Құрбан садақа әhlі ислам қауымына, һәрбір мұшкіл пұшаймандық халде, пайғамбарымыз рәсуалла, Мұхаммәд Мұстафа алдында қабыл болар. Һәләкәт заманаударда

езгі көңіл, ғазиз бәндәләр хәрәкәтілдүр! Қабыл болсын ниетлөріңіз. Бирахматқа я архамаррахимин! – деп бет сипады.

Екі надан саудагер шала түсініп, не десерін білмей тұрып қалысты. Хазірет ұзын таяғын көлбей тастап, аласа өкшелі кебісін мешіт қасындағы қырышық тасқа тықыртықырып басып, бетін қайта-қайта сипап, жүріп кетті.

Хазірет шарбақ сыртына шыққанда, Отарбай мен Қорабайдың қасына олардың жаңағы хазіретке атаған он шақты серіктеп де келді. Бұлар бар тобымен енді қари, мәзіндерді ортаға алысты. Отарбай мен Қорабай хазіреттің орнында қалған Самат халфе, Шәрібжан халфе екеуіне ентелеп тұр.

– Жаңағы хазірет не деді?

– Айтқан ақылы не болды? – деседі. Ұзын бойлы, сояу қара, көсе халфе Самат, хазірет сөзіне нықтап кесіп, шешу айтты.

– Білініздер, уа қабыл алышыздар. Ендігі харекет фәтуә сұрап келген өз қолдарыныңда. Мына бәйтоттанаңың түбінде сіздер әулие еткен хазіреті Ақишанның атын атадыныздар. Бүгінгі Садыр ағзам, қарт имамыныздан, яғни бұл шаһардың ең қадірдан ғұламасынан бұдан былай істейтін іске рұқсат алдыныздар. Енді ешбір адамзат сіздерді ғұламаңыз, зор мәртебелі факих хазіретіңіз берген нұсқа үшін ғайыпты демейді. Айтты хазірет, болды халас, тамам! – деді.

Бұл айтылған сөзбен осы арада тұрған ендігі қалған дінбасылар өз ниет қараларын бір жерге түйді. Екі содыр саудагерді де белгілі бір ниетке белгілеп қойды. Қорабай ездері ойлаған істі өлі де дінбасылармен анықтай түскісі келіп:

– Осы тек кесер жерін айттып беріндерші. Соған мен өлі қана алмай тұрмын! – деп еді. Бұл саудагерлерге күндегі араласы көбірек Самұрат мәзін нақтыладап түсінік айтты.

– Естідіңдер фой, “пәледен күткілу үшін халық қандай да болса құрбандыққа шыдау керек” – деп тұр. “Құрбан ететін қаншалық қадірлі, асыл зат, қыын қымбат болса да, халық соған бекінсін де аяmasын. Сауаптан басқа табары

жоқ”, – деді. Байлау сөз осы емес пе? Қари, сіз айтыңызышы! – деді. Кітап сөзі мен молдалар тілін түсінбей тұрған надан саудагерлерге мәзін барынша қазақылап, әр нәрсениң бетін анықтап берді. Соқыр қари болса, осы жерде өзгеше шапшандық көрсетті. Жаңағы мәзін сөзін қолмақол құпташып:

– Анық байлау сол. Пәтуә деген осы. Барыңдар да, ойға алған істеріңе басындар! – деп қалған сөзді бір-ақ түйді.

Бұл күндерде Сармолла болса, көңіл жайы мейлінше тынышталған, жайбаракат дейтін жақсы күйде болатын. Ол айтам дегенін айтты, істеймін дегенін істеді. Соқыр қари, Самұрат мәзін, Шәрібжан халфелер ғана емес, ол ишан, хазіреттің өзін де, Сармолланы ілтифатсыз шеткепі қалдырғаны үшін, лайықты жазаға ұшыратты... Қазіргі Сармолла со жайды сәл ойлаған еді. Андаса, хазіреттің өзі де соңғы жұмаларда күн санап түсім табыстан мақұрым қап барады. “Болсын солай”, “Барсын хаман”, “хоб, хоб аст, бисияр хоб аст”¹ деп соңғы бір жайларды Сармолла парсыша сөйлемеп те кетті. Осылайша “кәйфі көтерілген”.

Келесі күні кешке, Сармолла ақшам намазынан соң ішкі үйдегі Бибісара, Әсма деген қыздарын шақырды.

– Қызым! Қызым, Бибісара, Әсма! Әнилеріңге айтыңыз. Самаурынын хазірлей берсін. Мен әлі ғана шаштара-зыға барып келейін! – деді де, женіл, жұқа шапанын киіп, аяғына кебісін іліп жатты.

Бұның 15-17 жастағы, жаңа өзі атап шақырған Әсма, Бибісара деген жінішке, сұнғақ бойлы екі қызы аталарының алдынан есік ашты. “Тез келерсіз, самаурынды хазірлеп қоямыз” – деп аталарын құрмет түтқан қалыпта, алдынан шам үстап, жоғарғы үйдің басқышынан түсіріп, сыртқа қарай ұзатып салысты.

Сонымен, бұл екі қыз аналарына келіп, сәл уақытта са-мауыр қойды. Ас үйлеріне дөңгелек үстел жайды. Бірақ са-

¹ “Жақсы, жақсы болған ... өте жақсы болған”.

мауыр қайнағанша аталары қайтпады. Кейін самауырға бірнеше рет демдеп көмір сала отырып, Сармолланың үйге қайтуын ұзақ тосты. Кешіккен сайын танданып, әр дыбыс-ка елеңдеп, неше түрлі жорамал, болжаяу айтысты.

– Намазға кеткен болар, шаштаразы асқа қалдырған болар. Әлде біреу қаза болып, шақырып алыш кеткен болар ма? – деседі.

Бұндайда айтарлық себеп, сылтаудың да бәрін тауысты. Жатар уақыт болды. Лампының керосині таусылды, тұн ортасы болды. Уақыт өткен сайын ашаң жүздері құдіктеніп, ақшыл тарта түскен екі талдырмаш қызы, енді жылай бастады. Анасына қосылып, сарғыш қабактары қатты түйіліп, аһылай береді.

Қалың тұн ортасы да ауып өтті. Шамы сөнген үйде үйқысыз, үнсіз жатқан бір ана мен қасірет сезген жас қыздар танғы қораздың алғашқы қышқыруын да есітті. Келмеді, қайтпады ата! Файып қаранғылық жүтқандай. Әлдебір бақытсыздық торына Сармолла шын шырмалған тәрізді.

Осы өткен кеште жаңағы момын жандар ұзақ тосқан Сармолланың басынан кешкен хал басқаша, ойға келмес өзгеше болатын.

Бас мешіттің сыртында Сармолла үйінен төрт пүшпақ айналған жerde, бұған таныс шаштаразы бар-ды. Ақшам намазын үйде оқып, іңір қаранғысы түспей тұрып көшеге шыққан Сармолла шаштаразының үйіне бөгетсіз жеткен еді. Үйінде шай әзірлеп, әйелі мен қыздары тосып отырғанын ойлай түскен Сармолла, шаштаразымен сөзге айналып, бөгелген де жоқ. Бірақ шашын тазалап алғызып болып, күтімді сақалын да таратып, ықшамдатқан. Мұрт, сақалын мұсылманша, мұхтасар айтуынша бастырып болып, енді үй иесіне дағдылы алғысын айтып, тысқа шыққан-ды.

Тері, бірталай бөгеліс, айналыс болып қалса керек. Қазір айсыз кештің қаранғы ымырты анық болып, жарықсыз кешелер елсіз түнде қап-қараңғы, құлазып түр екен. Сармолла өз үйіне аппаратын тұра жолға түсіп, мешіттің шар-

бағын күншығыс жақтан жанасалап жүріп келе жатты. Енді пұшпақ айналса, өзінің кішілеу қоңыр шатырлы үйінің отын көреді. Сөйтіп, сөл пұшпақ айнала бергенде, қарсы пұшпақтағы көленкелі үлкен ағаштың түбінен бір-екі адам тап берді.

Сармолла үн шығарып: “Кімсің?” дегенше болмады. Мешіт шарбағының пұшпақ айналар тұсында тағы бір үш адам түр екен. Қолдарын көтеріп, қысқалау қаруларын сермей түсіп, Сармоллаға қарай олар да тап берді. Сармолланың тек қана: “Ей, жандарым, кімсіндер, тоқта!” – деген сөздерді айтуға ғана мұршасы келді. Жан-жақтан ұмтылған бес кісі түгелімен жабыла кетті. Бәрінің аузында: “сұбыха-налла”, “астағфиралла”, “ләйләһа иллалла” – деген үндер. Бейне бір сәждадаға иілген, “таһлил” айтқан сопылар дерсін.

Сол сәтте Сармолланың басына бірінің шоқпары, бірінің келтегі зілдей тиді. Сармолла қарсылық етуді ойға да алмады. Жауларының аузында алла, қолдарында қанжар, шоқпар, келтек. Бұл қастан күштер қатарынан қатты соққыға алған Сармолла құлай берді. Көз алдынан соңғы сөүле сөніп, аяғын шалыс басып құлап бара жатқан халінде оның кеудесіне қанжар да сұғылды. Әлдебір жаудың өткір сапысы жаңа ғана епті шаштаразы қолымен бапты боп таралған алтын сары сақалдың астынан орып, бауыздап өтті.

Таңғы намазға жиылған жүртқа қартан шәкірттер мен Қорабайдай саудагерлер аузымен айтылған сұық хабар жетті.

Намаз соңынан Самұрат мәзін, соқыр қари, Самат хал-фелер бір жағынан өзгеше сұқтанаңып, екінші, жаңа туған аңыз, лақап болмысты ерекше сырлап айтысып жатыр. Ендігі сол аңыз Сармолланың қазасын былай баяндайды.

“Сармолладай қасиетті, шарапатты ұстаз дамолданы халық өлтіріпті. Обадай бәлекеттен қала халқын құтқарудың жолы, бір жақсы адамды құрбан ету екен. Шаригат хұқімі бұндай өліммен өлген адамды шәһит барабарына санайды. Өлтірушілерді айыпкер етіп, күнәкар демейді.

Себебі, теңізде қатты дауыл тұрып, ауыр толқын ұрып, халық толы кеме ғарқ болатын шаққа жетсе, сол кемедегі бір жақсы адамды суға атып, көп үшін құрбан етіп, қазадан құтылу файып емес. Бұл жөнде бағы заманда ғұламалар шарифат жолына лайықты етіп, жазып кеткен дағуалар бар. Қазіргі Сармолланың қазасын да, оның файла ағзалары, қарындас, дос-жарандары, барша шәкірттері солай түсінсін. Болмаса мәйіттің шәһит дағуасында жаназасын шыға-руға, бар күнәдан фак болып, қадір алланың дидарына баруына зарар келтіреді. Гүмән қалдырады. Осы хал есте болсын!” – делінген.

Сол сөзбен ілесе және де мешіт маңынан махалла халқына бір хабардан соң бір хабар кетті. Жұртқа ақыл, сабыр ойлатпай есенгіретіп, тағы бір пәтуә айттысыпты.

“Сармолла мұсылман қауымы үшін қаза болып, қан төккендіктен, анық шәһит деп танылады. Өзі сол қаза болған қалпында, үстіндегі бар киімі қанмен, жуылмаған жарасымен қойылады. Тәнір-тағаланың дәргәһына сол күйде сапар шегеді!” – десіпті.

Басжатақтағы “бәйтолла”, “құдай үйі” деп аталатын мешіттің қаранды қөлеңкесінде туған қара жұзді қылмыс өз дегенін істеді. Ауызға алласын, кеудеге пайғамбарын, аят хадисін алып, “пәтуә”, “дұға” деген жәрдемшілерін жадына ала отырып әрекет етілді. Қан төгілді. Сопылық пен діндарлық тонын жамылым келген бұл жолғы қылмыс өзге қылмыстардан өзгеше. Бұл қанішерлердің басында сәлде, қолында таспиқ, аузында “тәһиліл”. Төмендеп сүзілген монтаны мұләйім көздерінде қөлеңкедей қара сүрме. Осының бәрі жиылыш, бірде-бір кісі өлтіргіш, қанішер бұзықтардың немесе үлкен жолда, қаранды түнде талан-тараж жасаушы жолбасарлардың қолына түспес жақсы жағдай еді.

Әрі өш адамынды өлтір, әрі өзің сейіт атанип, бейіс алатын бол. Бұл күнде кек пен жазадан, қарғыс пен қанарапдан аман бол! Ол дүниеде хорды құшып, көусәр ішіп, жеті жәннат жақсысы бол!

Сармолланы өлтіріп, жаулары оны шәһит деп дағуа берісті. Бар қылмыстың артын, болар өртін сәлделерімен, таспик ұстаған қолдарымен үйпалап өшіріп жатыр. Бас мешіттің имам, халфе, қари, мәзін шәкірттерінің ендігі Әрекеттері осылай. Олар таңертеңнен қоршалап, жаңағы жайларды Сармолланың момын өйеліне, аңқау таза қыздарына көп ұғындырып, иландырып жатты.

Сармолланың кішкене үйін, қақпасы мен есіктерін, тіпті арық тарлан аты түрган ат қорасын, бар үй айналасын молдалар қоршап алды. “Шәһит” деген, “жаны жәннattа” деген сөздерді көп айтЫп, жылаған өйелдердің үндерін де өшіре сөйлейді.

– Жыламаңдар, ғазиз бәндәләр, хұдаға қарсылық білдірмендер. Бұл қазаға өзгеше сабыр керек.

– Хұданың ең сүйген құлы шәһит болады.

– Бұндай өліммен өлгеннің арманы жоқ.

– Жыласа наразы болып, налыса мәйіттің көр ғазабын ауырлатады! – деген сөздерді кірген-шыққан шақтарында халфелер әдейілеп айтады. Ойда жоқта осы өлімге өзгеше ілтифат жасап, өзі де келген қарт ишан, хазірет те өсиет етеді. Бибісара, Әсмалардың құлақтарына жаңағы сөздерді көп молда кейде кітапшалап, кейде қазақшалап естіртіп жур. Жаназасын асықтырып, “өлікті жуу керек емес”, “киімін ауыстыру керек емес”, “кәфін керек емес” – деп, жеделдетіп тез қоюға қарбаласады. Бұл ниетке келгенде ерекше жеделдетіп, елпек қағысады.

Өзгеше асығуларының себебіне “бүгін жұма”, “жұма-ның күні ауыспай тұрып жамбасын жерге тигізу керек”, деген тағы бір дағуа шығарды. Бұл сөз ең алғаш соқыр қаридан басталған еді. Енді бір молданың аузында үлкен бір дәлел, “хақихат” есебінде бар дінбасылар аузына таралды. Бөлмелерде, қорада, көшеге де сол бір хабарды байлау етіп: “мұсылмандылық қағидасы бойынша тез қою керек” – деп жатыр. Дабыл салып тұр.

Осы хабарға жалғас:

– Шұбхөсіз шәһиттігінің исбаты сол – бейсенбіден жұмаға қараған түнде тәнірісі бұйырган қазасы жеткен, – деседі.

– Бұл өлім, һәммә мұсылман баласы сүйіп, сүйсініп тілейтін өлім.

– Хатта “өзім де солай өлсем” – деп, қызғаныш ететін, шын тілейтін өлім.

– Лаухул-махфузда бұл шарафатлы дамолданың алла дәрғаһына осыншалық фактікте баратыны жазылған.

– Мұсылмандар, білініз, о ағаһ болыңыз, шәһит дағуасында өткен қадірліміз Сармолланың бәрімізге шафағаты тисін! – деген сөздерді дәрет алып жүріп Шәрібжан, Са-мұрат, соқыр қари үшеуі өсіреке саңқылдатып айтады.

Бұл адамдардың осындай қарекетпен арпалысып, асығуының себебі де бар. Ол себеп – мешіт те емес, Сармолла өлігінің басына жиылған өңшеш құзғын тәрізді молдалар да емес. Бұлар індеттен өлген малдың жыраққа тасталған жас өлексесіне қайдағы шырқау қиядан самған ұшып келетін ақбас құшігендер тәрізді. Қазір олар ак сәлделі жыртқыштар. Жаңағы себеп Мейілдей, Есбайдай қайықшылардың маңынан шыққан Ермектей балықшының, Тұсіп, Тоқбай сияқты отыншы-сушылардың, Дәмежан, Жабайқан сияқты кедейлер үйінің қақпа алдарында, терезе түптерінде туған. Немесе солар жиылған өзен жағасында, қайық аузында еске түскен себеп еді.

Сармолланың өлімін ең алдымен күндеңі сабакқа келген шәкіртері білген. Олардың ішіндегі ең үлкені 14-15-ке келген жастар еді. Біразы жаңағы қайықшы Есбай, балықшы Ермек, жұмыскер Тоқбай сияқтылардың баласы. Қыс кезінде Дәмежанның екі баласы да Сармолладан оқыған. Ол үйдің көршілерінің 12-13 жасар балалары да Сармолланың қанды қазасын айтып, жылап-еңіреп келісken. Сол күйді білген жаңағы қайықшылар, кексе жасты көп ата-аналар “Сармолланы бауыздап өлтіріпті” деген хабарды естіген жерде-ак, оның әнеугі хұтпада айтқан сөздерін ауызға алысқан.

Бұлай етуші жеке ғана үйлер емес, әлденеше көшелер, тіпті тұтас махалла халқы. Соңғы жұмалар ішінде имам, молдаларды ешбір жаназаларға, хатімдерге шақырмай қойған осы жұрт еді. Сармолла сол хұтпадағы сөйлеген бір сөзінен соң сейлекен де жоқ. Қайтып ешқайда шықкан да, барған да емес. Тек балаларын оқытумен ғана болатын. Бірақ оның бар әрекеті жалғыз-ақ жиында сөйлеу болса да, сол бір сөзімен үлкен әрекет еткенін кейін ғана сезіп жүретін. Ол мұсылманшылықтың сөуегей кітаптары сөйлейтін “тылсым” қуатын тапқандай, сиқыр сырын ашқандай. Жалғыз сөзімен молдалар ортасына жайдың отын шашып, жаза тобын түсінгендей болды. Оларды жайратып женіп кетті. Өйткені қауым, халық атаулы түгелімен бұның айтқанына иланды да, мешіт, медресе, молда-қожаға сәтте сырт берді.

Бүгінгі өлімнің анық сыры осында екеніне халық атаулы титтей де күмән қылған жоқ. Сол ретте әкелерінің ашуын көрген, өздері оқытушы ұстазын аяп жылаған жетісегіз ересек шәкірттер шұбырып жүріп, көшеде келе жатқан Сейіл мен Есбайдай қартаң қайықшыға кездескен-ді. Иықтарына құректерін, сүймендерін көтерген Сейіл бұл балаларға ақыл айтқан.

— Сендер бос жылап шұбырғанды, қайғы шаққанды қойындар. Бұндайдаң бір-ақ қана жолы бар. Осында жүретін Метрей мен Симон деген екі “охотшы” бар фой. Тура сол екеуіне “кісі өлтірді”, “бауыздап кетті”, “соны істеген қарақшыларды тап”, “молдамызды өлтірді” деп айтындар, — деген.

Сейілдің ақылын алған жаңағы бір топ жас бала шәкірттер қаланы аралап келе жатқан екі полицейскийге өздерінің сүмдік хабарын білдірген. Ол екі полицейский осы басжатақты әр кезде үндемей аралап жүретін. Мойындарына ұзын сары ала қылыш асынған, жаңағы Сейіл айтқан “Метрей, Симон” осылар. Бұлар бер жақты билейтін забедейшінің көз, құлақтары.

Балалардан сүйк хабар естіген екі полицейский Сармолланың үйіне келген-ді. Өлікті өз көздерімен анықтап көріп алғанда, бер жақтағы забедейшінің кеңесіне кеп мәлім еткен.

Орта бойлы, жұқалау денелі, шоқша сақал, үлкен мұртты забедейші Смирнов подполковник чиніндегі ісшіл, ширак адам болатын. Ол Слободкада қан төгіліп, өлім болғанын тек қалдыра алмайды. Бұл өте сирек болатын, оқшау қылмыс. Слободканы жеті жыл бойы өзі билеп келе жатқан осы шакқа дейін, “попты бауыздады”, “магометандардың попын бауыздады” деген хабарды ол естіп көрмеген.

Подполковник Смирнов үшін “молда” деген сөз – мешіттің дінбасы адамы боп аңғарылды. Ал дінбасы болса, шеркеудің не дъяконына, не попына, не протопопына өлшестіріп ойлағанда, оған қайсысын болса да өлтіру деген ақылға сыймайтын іс тәрізденді. Сонымен, ол тезінен следовательді және дәрігерді алғызып, екі полицейді қосып Сармолланың үйіне жөнелтті.

Бағана мешіттің халфе, хазіреттері қарғадай шулап, Сармолланың басына бар қара тобырымен жиналып жүргені, осы забедейшінің әрекетін естіген соң туған. Ел тұра следователь мен дәрігер келіп, Сармолланы оңашалап алып түгел қараған да, актілерін жасап, қалпына келтіріп киіндіріп, бұрынғы орнына қойып кеткен. Осы әрекетті естігеннен кейін Шәрібжан, Самат халфелер хазіретті мешітке шапшаң шақыртып алып, Сармолланы шәһитке шығарған. Оны “жұмаға қою діннің бұйрығы” деп асықтыратын болған. Мұсылман қауымының үйғаруы бойынша “өлтірушіге жаза жок” дегенді шығарған. “Бұны халық құрбаны етіп, халық өзі шалды, ондай қарекетке дін ислам қауымы, дін қарындастардан басқа жандардың араласуға хақысы жоқ!” – деген.

Соның үстіне имам, халфелер Сармолланың жаназасын шығарар кезде, киізші Сейсеке, қасапшы Қасен, дүкенші Жақып және Отарбай сияқты бас махалланың көрнекті бай,

білікті саудагерлерін әдейі шақырып алған. Ел қазағынан “осы өлімнің керекті күесі болар” деп, Оразбайды да әкеп араластырған. Бұл топ сонымен шарифат бүйрығы осы деп, Сармолланы мұсылман зиратына апарып көмісп қайтты.

Бірақ осының орайына, кеше ястau намазынан қайтып келе жатқан Шәрібжан халфені белгісіз бір топ адам ұстап, басындағы сөлдесін жұлып алып, өзінің екі тісін сындырып, тұмсығын қанға бояп кетіпті. Самат халфенің терезесінен таспен ұрып, үйінің ішін бей-берекет шошытып кетіпті. Келесі тұнде Самұрат мәзіннің жаңадан ғана тыңқытып салып алған көк төбел үйінің бояуы кеүіп те болмаған әсем шатыры қалың өртпен лау етіп, бір-ақ жанады.

Онымен ғана тынбай, забедейшінің екі охотшысы Метрей мен Симон енді күн санап өртөнді-кеш Шәрібжан халфе, соқыр қари, Самұрат мәзін және саудагерлер: Отарбай, Корабайларды қайта-қайта дознаниеге шақырады.

Бер жақ қана емес, үлкен Семейге, Затонға, Жоламан жатағына, Өжеркеге, қысқасы, қала мен жақын ауыл-селленің бәріне Сармолланың өліміне ілесе, әлденеше бүрк-бүрк шыққан хабар дүңк-дүңк тарап жатыр.

Забедейшінің шақыртуымен көлденең күә есебінде Сейіл, Есбай сияқты қала тұрғындары және басқа да көп адамдар Слободка ұлығының кеңесінде болып шығады. Жаңағы аталған халфе, мәзіндер тергеуге алынар алдында забедейшінің өзімен және тергеуші, тайный советник Зенковпен Абай да екі рет ұзак әңгімелесіп шыққан.

Енді біразда үй өртөнгені былай тұрсын, Самұрат мәзін кеше кеште каталашкеге жабылды. Осы кеште бұл хабарды өзгеден бұрын естіген соқыр қари ат жеккізіп алып, хазіретті, халфелерді үркітіп тұрғызады. Ел жатар мезгілге шейін тыным алмай шапқылап жүріп, өзі тәріздес Шәрібжан халфені де, Самат халфені де жүріске салады. Қаланың бар беделді байларын хабарлап, ұрандастып “дін іслем үшін”, “хақ жолы үшін” забедейшіге қарсыласуға өзірлейді.

Осыдан кейін үш-төрт күн өтеді. Енді Семейдің барлық жеті мешітінің имамдары мен махалла байлары да ұлық

кенселеріне приговорлар, арыздар тұсіреді. Пысық, білгір адамдарын жүріске салады. Сонымен, Сармолланың өлімінен кейін бір жұмадай қалың шу, үздіксіз өсек, ойда жоқ әңгімелер тарай-тарай келіп, ең ақырында ұшық-ұшықпен бітеді.

Ар жақтан полицмейстер және городской голова зілмен араласқанда, забедейші алғашқы әрекеттерінен сөтте бет бұрып, тоқтала қалады. Самұрат мәзін үйіне қайтады. Имам, халфелер мен қала саудагерлері енді көнілі жай бол тыныштық алады. Бұл кезде полицмейстерден бастап забедейші Смирновқа, тергеуші Зенковқа және оларға емес, приговорларын берісken ар жақтың бірнеше имамдарына қат-қат “аққүйрық”¹ дейтін деддал араласып еді.

Забедейшілер өздері анық танып ұстап алған қанды мойын кісі өлтіргіштерін көрінеу босатты. Айтқан дәлелдері: “Бұл қылмыс емес, исләм дінінің өзінің закуні”, “Магомет дінін тұтынушы қазақ, татарларға сол дінде болу рұқсат етілсе, олардың өзінің шариғаты рұқсат еткен. Кейбір қарекетін де рұқсат етпеске болмайды!”, “Әсіреле бұл мынандай оба апатының үлкен қаупінің үстінде қара халық, қалың жұрт істеген қарекет”, “Ол дін жолында істелген іс”, “Ауру, апattан құтылу үшін жасаған надан елдің топас әрекеті”, “Бұған ешбір жаза Россия заңында көрсетілмеген”, “Со себепті айыпкер жоқ!” – деп, бұлар да өздерінше “дағуа” айтып, “пәтүә” жасасты. Осымен Сармолланың өлімі де өтті, оның артындағы жоқшының сөзі де өшті. Қылмыстының қылышы да жоққа айналып, жұтыла берді.

Абайдың соңғы құнде бер жаққа, Құмаш үйіне қайта бір келгенде естігені, көпшілік ашуының жазасын соқыр қары да шегіпті. Оны да түнгі намаздан қайтқанда, өздері Сармолланы өлтірткен шақта, дәл қақпасының алдында белгісіз, үнсіз бір топ адам ұстап алады. Лезде алып соғып, арабаға салып, бірталай уақыт шапқылатып жүріп, үнсіз күйде соққылап, тепкілеп жазалайды.

¹ “Аққүйрық” деп қазақтар бұрынғы жүз сомдық қағаз ақшаны айтатын.

Көзі жоқ қаридің құлағы адам үніне ерекше зейінді дегенді білетін кісілер болу керек. Оны қинаушылар бірдей үн қатпастан езгілеп, тепкілейді. Сөйтіп, апарып әлдекімнің ат қорасына кіргізіп жіберіп, сыртынан бастырып қояды. Сөлдесін шұбатып оралтып, сүйрете апарып, бір үшін төбеге киетін фәсімен қоса, әжетханаға тастана.

Соқыр қари өзін қинаушылардан босадым ғой деп, маңайын сипалап, ыңқылдай тұрып, қозғала бергенде, бір жағынан теуіп қалған аттарды аңғарады да, қыбыр етпей отырып қалады.

Сармолла жөнінде аты белгісіз, сөзі жоқ, үнсіз бір кекшіл күштің талайдан ыза қып жүрген молда, сопыларға еткен соңғы мазақ, сотқар өрекеті осы болды. Енді августың 20-сынан асып қалған шақ еді. Семейде тұнғана сұық болмай, күндіз де салқын жел күшейіп, жауын көбейіп, күздің мол бұлынғыр ызғары біліне бастады. Арапдың тоғайлары алтын арай іренге айналып, сарғая берді.

Күз болса Ертіс бойында, әсіресе Семейде жел қатайып, дауылға айнала бастайды. Қазір күн санап құм боран құтыра соғатын болды. Қатты жел енді сұық лепті күз тынысын білдіре берді. Қала халқы жазғы жеңіл шапаннан сырма шапан, қалың бешпетке ауыса бастады.

Бер жақтың базарына енді қырдан топтап айдал кеп сататын: қой, сиыр, жылқы, түйе де жиі түсे берді. Семейдің базарына Қарағай ішіндегі Белағаштан, Ертіс бойындағы ылдидары: Ақтас, Глухов, Степной станцияларынан және жоғарыдағы Өжерке, Секленке деп аталатын қыстактардан қауын, қарбыз атаулы көп арбамен ағыла берді. Бидай тасыған, үн тарттырып базарға салған крестьян обоздары да екі жағаның базарын баса берді.

Аспан күн сайын бір ауық кіrbің тартып сұрланады. Кейде күнұзын, тіпті екі күн, екі тұн ұдайынан сұр бұлт қаптайды. Тұман оралып, сұық дүлей желге де айналады. Қалың бұлт көшкін салқын жауынға, ақ жауынға ауысқан күндер де болды. Мөлдір сулы Ертіс қазір жиі-жиі құла

суланып қалады. Қөшелерде бірде шаң бораса, біреке жауын селінен лайсаң бол, жүргінші адам сирей береді.

Сармолланың өлгеніне екі жұма өтіп, оның қазасы жөніндегі айғай-шу, қызу-дырду басылған шақта, енді оба науқасы да қалада көрінеу саябыrlай берді. Осы жайды Абайлар өзінше занды деп түсінсе, молдалардың таратқан лақабы мұлде өзгеше болды. “Сармолланың шарапатты адам екені рас болды!”, “Халықтың оны құрбан етуі анық шарифат ұқімі бойынша тауып істеліпті”, “Анық осы қала-дағы ең faziz, қымбат бәндө Сармолла екені енді көрінді”, “Халық басына келген зор апат, қорқыныштар фәләкәт Сармолланың қанымен ұшықталды, жойылды”, “Халық та дұрыс істеген”, “Бір жақсысын құрбан етіп, бүкіл қаланың ендігі ата-анасы, өсер ұрпақ, бала-шағасын, қауым-жұртын сақтап қалды”, “Исләм діні дін қарындастарын адастырған емес”, “Имамдарға мың мәртебе алғыс пен шүкірлік!” – деген хабарлар медреселерде, мешітте түгел қаулады.

Патшалық кеңеслерде онсыз да аяқтап, өшіп бара жатқан дознание жұмысының ең соңғы беттеріне соңғы молдалардың жауап сөздері жазылған еді. Олар: “Сармолланы Магометан шарифаты бойынша дін тұтқан халық дұрыс құрбан еткен. Соның шиға болғанын, міне, енді көрдіңіздер!” – депті. “Екі жұма өтісімен Семей шаһарында, ар жақ пен бер жақта оба науқасы мұлде тамам болды. Сармолланың құрбан болған шарафаты жалғыз магометандар, мұсылмандарға ғана емес, тіпті орыс халқына да тиіді”, “Ол ғана емес, патша-ағзам мәхкемәләләрінде отырған өздеріңіздің, яғни чиновник жанабларының баршасының да аурудан аман қалуына сол бір құрбандық себебін тигізді” – деген тағы да дағуалар айтылып тіркелді.

Абай бұл сөздерді ести отырып, аса бір қапалық ызада, демі құрығандай қиналуда болатын. Айдан аса мезгіл ішінде қала халқының ұстазы деп жүрген имам, хазірет, молда-қожаларды өте жақыннан көрді. Бәрінің ішек-карны-

на шейін тығып жүргендерін анықтап танып, білді де, қатты жиреніп шықты. Өмірінде аса бір былғаныш, қарандыл ас жерде жыбырлап құжынаған соқыр құрттар өрекетін көргендей. Шірудің, тозудың тірлікке қарсы алысуши құрттары. Тек қана ішудің, сіміре семірудің құлдары. Амалсыздық, айласыздық діңкені құртқан тәрізді. Қырдағы сорақы жыртқыштық біралуан болса, қаланы қаптаған қараңғы надандық, қыңыр дүлей, зорлық құштің мені-реулігі де өзгеше.

Абай ойлана түсіп, толғана шерленді. Анық бір тас қабырға, шойын есік алдында титығы құрып, демі бітіп тұрғандай. Осы орайда бір кеште Құмаштың астынғы кең бір бөлмесінде дөңгелек үстелге лампы қойғызып, Абай жазу үстінде отырып қалған еді. Күндіз ойлана жүріп, бірнеше кеш бойы осылайша отырып жазу жазады. Құнғырт көңілден кешіп өткен ойлар күздің аксүрғылт бұлтындей. Сол ірексіз ойлар толқыны тудырған жолдарын күйлейді. Бір сәтте өлең боп оралған ойлар:

Құранды молда теріс оқыр,
Дағарадай болып сөлдесі.
Өзімшіл көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі!.. –

дегендей жайларға құйылып оралады! Тағы бір сағаттарда Абай ишан, имам, халфе, хазіреттермен олардың өз тілінде сөйлеседі. Жер-жебіріне жете, ызалана соқтығады.

“Молдалар былай тұрсын, хусуән бұл заманың ишандарынан да бек сақ болыңыз. Олар фитнәи-ғалам, өздерін аһли тариқат біліп, басқаларды жеткізбек дағуасын істейді. Олардың барлық қуаты басындағы сөлдесі, қолындағы таспиғы. Одан басқа түк те жоқ. Наданның наданы, зорлықшыл жыртқыш, топасы солардың өзі!” – деген жолдарды жазып, ызалы көңілі ширығып отыр еді.

Соңғы күндері ораза кіріп, қаланың дін күткен ұлкендері ораза тұтатын. Сол оразада қала балаларының бір әдеті

бар-ды. Кеш қараңғылығы түсө салысымен тұнгі ел жатқан уақытқа шейін, шәкірт балалар әрбір жарық терезенің алдына келіп, өздерінше жарапазан айтады. Жанағыдай жалғыз үйде оңаша қалып, қағазына үңіліп отырған Абайдың дәл сыртындағы терезе түбінде жиілеп басқан аяқ дүбірі естілді. Сонша болмай үш баланың үнімен, жас шәкірт балалар тілімен өндөтіп айта жөнелген жарапазан естілді. Тек мына жарапазанның бұрын осы қалада айтылып көрмеген алғашқы жолдары Абайды қатты елең еткізді. Ол терезеге бұрылып, үнсіз аңыра қарады да, жарапазаншы балаларды тындала қалды. Үшеуі бірдей көп айтып дағдыланып алған, бірінен бірінің үні мұлде айрылмастай қосылып алған жарапазаншы балалар жартылай кітапша, жартылай қазақша тілмен сарнап тұр.

Я илахи, уа биллахи,
Ертең құрбан ғайыти!
Біз айтайық, сіз тыңлаңыз
Сармолланың бәйіти!..
Сармолла шашын алдырған,
Алдырам деп шәшләрін...
Фазиз басын қалдырған...
Сармолланың қызлари
Бір жыламай шай ішпес.
Сармолланың көк аты
Бір қышқырмай су ішпес!.. –

деп, тағы да осылай шұбырта барып, ең аяғында дауыстарын қатарынан қаттырақ көтеріп, “тәммәт-тәмәм, ағайлар!” – деп, жарапазаншы балалардың даусы басылды.

Абай үнсіз гана, ұсақ ақша ұстаган қолын терезе сыртына созып, балаларды жөнелтіп, отырып қалды. Үлкен бір анқау тазалықпен, жас балалар үнімен айтылған жаңағы олақ өлең жолдары Сармолланың жоқтауы болып шықты. Бұны шығарған, тәрізі, оның 14-15 жасар ересек шәкірттері болу керек.

Енді кешегі өлген Сармолла бұл көшелер мен махалла-ның азызына айналды. Сармолланы ойласа, Абайды ауыр ыза қысады. Қандай сүйк бауыр қара күш женді?!. Ол және бүгін емес, бір күн, бір шақ емес, бір-ақ қана Слободкада емес, ұшы-қиры жоқ өлем. Арты болса өлшеусіз алыстан келе жатқан, алды болса қашанда созылып барып, қай шақта соққы көріп, жол береді. Тұп жоқ бір меніреу күш... Дәл осы обаның тұсында Абай “мешіт, медресенің, дін ұстазы, шарапатты ишан, имам” дегендердің сүмдық салмағын ғана көріп қойған жоқ. Олардың өсіресе ендеп, тереңдеп, құшті тамыр жайып алған қара қуат құдіретін көрді. Сол құдіреті халық соры, қалың соры, арылмас соры екенін андады. Қазақ халқы бұл пәледен шеткерірек пе деуші еді, олай емес екен. Өнер ұсы, үлгілі халық орнаған “қала” дегенді алса, оған орнап жатқан қазақ халқын ойласа, бұрын Абай “сахара елі емес, осы қалалық қазақ елдің белі болар ма екен” деуші еді.

Енді көрсе, қаладағы қазақ халқын торлаған дерт-түнек, түн-түнек қандай қазалы да кәрлі... Қанша ата-ана күңіреніп өлді кешегі күндері! Нелер қыршын жас кетті! Арманға толы кеудемен кетті талай ыстық жүректі жақсы жар. Сан қеудеде ашылмай, айттылмай кетті аңы зар!.. Қырғын көрді қараңғы ел. Бірақ бәрінен ауыр, бәрінен аңы, бәрінен улы қайғы не?.. Оба науқасындағы қара кесел, аяусыз, сезімсіз және онан да бетер қас қараңғы күш жатыр ғой! Ол – надандық... Ол – меніреу зұлым қараңғылышык... Абайдың ой иесі боп, көзін ашып шыққаннан басталған сол меніреу дүлей кемісе нетті!.. Сәл де болса женілелісі нетті!.. Сергісі болмас па еді? Жоқ... жоқ!.. Әлі сол сор, әлі сол қасірет!.. Сау ақыл, сергек жанды санадан солдырар қара дүлей!.. Қан жылатпай тынбайтын тағы да зәр төгілген жан жарасы!..

Абай осы азғана жұмалар ішінде өзі кешкен қайғы мен өшкен жандар жайын ойлап, жалын ата күрсінді. Ел уайымы, ер зары еді. Сол жайды улана ойланып, тағы да өзінің

қағазына үңіле бергенде, енді тың бір хал елең еткізіп, жұмысынан тоқтатты. Терезенің түбінен тасырлатып өткен аттылар дүбірі осы қақпаға, осы үйге оқтала келгендей. Абайдың анғаруынша, үш-төрт салтатты. Жүргіншілер асығып келген тәрізді.

Бұларды Абай “неғылса елден келді, жүрістері қатаң екен, оқшашу сұық хабармен келген болмаса игі еді!” – деп, үйге кірулерін асыға күтті. Ойлағандай, енді аз уақытта Абайдың үстіне дауыстап сәлем беріп, өні қашқан Дәрмен кірді. Көптен көрмеген іні досы, аса жақсы көретін жас ақын досы ойда жоқта кіргенде, өуелі Абай қуанып еді. Сол сәтте және де Дәрменнің түсінен өзгеше жайды анғарып, сескеніп қалды.

– Япыр-ай, қалай келдің? Немен келіп едің? Не жаймен жүрсің? – деп, Дәрмен отырып болмастан, асыға сөйлеп қарсы алды. Жазып отырған қағаздарын жаба салып, көзінен көзілдірігін де алды. Анығында Дәрменнің келісі тым асығыс-ты.

Оның ендігі отырысы да оқыс екен. Қамшысына таяныш, тымсағын басынан алмай, бір тізерлеп отыр. Өні аппақ қудай. Сәл қанталай түскен ажарлы, отты сұлу көздерін Абайға қадай түсіп, Дәрмен асыға сөйледі.

– Абай аға, тізгін ұшынан екі-ақ сөз айтып, қазір-ақ жөнелгелі келдім. Артым құғын, алдым өрт!

– Не дейсің, не айтып отырсың?..

Мұнан арғы сөзге Абайдың демі жетпегендей.

– Қасыңызға ергелі қасықтай салмағым салып, бейнетімді тартқызбаспын деп едім. Амалым жоқ. Жастық отымен тұтандым да, тұстім бір жалынға. Ендігінің бәрін өзіңіз білініз. Өзіңіз биленіз, не десен де, көндім де бердім. Жете алмай титығым күриды гой деп ем. Алдыңызға жетіп өлдім міне, арманым жоқ! – деп сөзін аяқтады.

Абай оның жайын енді түсіне берді. Соңғы күндердің бірінде Әбіш Дәрмен туралы өз әкесіне сездірген, ойда жоқ шетін бір хал бар болатын. Дәрменнің қазір Абайға әкеп отырған дәті сол еді.

ҚҰЗ-ҚИЯДА

1

Айсыз кеш қоңырқай ағаш үйдің қорасында қап-қаранғы боп тұнып қапты. Әсіресе, төбесі жабық, бүйірі ашық, лапас маңы күйедей қап-қара. Ондай тұстарға үйкілі тұн ұялағандай. Желсіз, жұлдызызыз аспан да қазір меніреу қара... Жерге мүлде ентелеп төне түскен тәрізді. Тек қана қаланың иттері тыным тапқан жоқ, бірін-бірі қоздыра, өшіктіре, өршеленте үргендей болысады... Осыдан басқа Құмаш қорасының ауласынан білінген тірлік белгісі жоқ.

Абайдың қасынан асыға шыққан Дәрменнің демінде күрсіну білінеді. Үстінгі үйдің биік басқышынан бұның түсіп келе жатқанын алыстан аңдаған жолдастары, жылдам басып қарсы жүрісті. Бұлар төрт ерек, бір әйел. Бәрі де Құмаштың кең қорасының төр жағындағы төбесі жабық, баурайы ашық лапастың қараңғы көлеңкесінде отырғанды. Аттарын сол лапасқа жалғас салынған ат қора, складтарға жанастыра байлап, көлденең көзден жасырына отыруға тырысқан. Енді Дәрменді қоршай қалған жолдастарының ішінен ең алдымен Кәкітай шапшаң үн қатты.

– Не деді? Ұрысқан, кейіген жоқ па?

– Ұрысқан жоқ. Бірақ, аңдауымша, менің жайымнан бұрын да Абай ағам бір кейіс, күйініш үстінде отырған тәрізді! – деп, Дәрмен сөл іркілді де, жолдастарының аныра күткен жайын есіне алып асыға сөйледі.

– Маған ұрысқан жоқ. Бірақ көп сөз де қатқан жоқ. Берік жайға жайғасып көріндер! Ұлыққа арыз жазып, сол арызбен Мәкенді енгізуден басқа шара жоқ. Әбіш арыз жазсын, ар жаққа өтіндер! – дегенді ғана айтты, – деп Дәрмен бұл үйден алғы шыққан ақылы мен байлауын қысқа ғана сөйлемді. Енді Мәкеннің қолынан ұстап жетектеп, атқа қарай тез басып ентелей берді.

Абайға Дәрмен мәлім еткен жаңа жары осы. Жұмбақ жайға тілек қосқан сұнғақ бойлы Мәкен еді. Ендігі істейтін іс-әрекет Дәрмен сөзінен анық болды. Дәрмен өз атына қарай беттегендे, Мәкеннің көк жорға атын шешіп әкеп, Әбді қөлденең тартты. Бұл топта Дәрменнің қасына әдейі кеп қосылған сенімді серік, жұбын жазбас жолдасы – осы Әбді. Одан басқа көңілдес, дос-жараннан Дәрменнің осындағы қысталан, қатер сапарын бірге атқаруға, Мағашпен ақыл қосып ерген – Кәкітай, Мұқа, Әлмағамбет болатын. Сөйтіп, бес ерек, бір қызы бол қосылған азғана топ енді тез атқа мініп, інір қарандырылышында Ертіске тақау көшелерді бойлап, желе жөнелісті.

Бұлардың алдында қазір бір ғана асығыс, тығыз мақсат бар. Осы түнде неғылса Ертістің ар жағына өтіп, үлкен қаланың бұлар ойға алған бір түкпіріне барып тығылу, жоқ болу. Азат жүрген жігіт пен оң жақта ата-ана бауырында өзінше әлі күнге еркінше жүрген қызы Мәкен, ендігі сәттерде қашқынға айналды. Бұлар қара түнді жамылып, қының түкпірді сағалап, қөлденең көзден жасырынады.

Осы топтың бәрінің ойындағы ендігі ең әуелгі үлкен бөгет – Ертістің үлкен сусы. Ар жаққа өткізетін паром болса, ол бұл күнде тоқтап қалған. Басжатақ пен ортажатақта Ертістен өткізетін желқайықшылар болса, олар да кеш бата жүрістен тоқталады. Сөйтіп, күн бата Слободка мен үлкен Семей жағы қатынас – жалғастан үзіледі.

Қашқын жастар қалаға інір қарандырылышымен аралас жасқана кіріп, өздеріне жаңағыдай бөгет те жасап алған. Сол жайын ескерген Абай, әлгіде Дәрменге өзінің көңілдесі Сейіл қайықшыны атаған да, соған сәлем айтқан. Аз уақыт-

та Ертістің биік жағасында шатырсыз кішілеу қоныр үйде тұрған Сейілді, Кәкітай қақпа қағып сөйлесіп, Ертістің жағасына алып шықты. Абайдың сәлемін естіген Сейіл көрші үйлерде тұратын екі жас жігіт қүрекші-көмекшілерін ертіп келді.

Енді алты жолаушының қайыққа мінер шағында бар аты мен өздері Сейілдің кішілеу қайығына сыймайтыны мәлім болды. Ертең пароммен өзге аттарды өткізетін болып, қазір Әлмағамбет пен Мұқа бес атты алып жағада қалды. Қайыққа тек қана Мәкен мінетін кек жорға атты салып алып, өзге жастар сұық түсті Ертіс өзенін кесіп, арғы жағаға тартты.

Мұқа мен Әлмағамбет бес атты қосарлап алып, басжатқтағы дағдылы таныс, жататын үйлеріне кетті.

Інір қарандырылғаның дәл осы шақтарында бұл топтан басқа және де қарбаласқан жандар бар. Олар әлдекандай әлек қуып шапқылаған он шақты салт атты. Қазір осы топ аттарын қан сорпа қып желе шапқан қалпында, Слободканың басжатақ жақ шетіне кеп ілінді. Өкше ізіне қарағанда бұлар да Тобықтының Слободкаға кіретін керуен жолымен төпеп кепті. Осы кештің тыныштығын қатты жүрген аттарының дүбірімен және ызалы қыжыл сөздерімен бұза үмттылады. Қарандырылғаның түнде болса да, бұлар бір сүрлеуді әбден аңғарып шапқандай. Қала ішінде осы топтың да ең алғаш ат тұмсығын тіреген қақпасы – Құмаштың үйі болған. Есептері бойынша, қалаға қашқан Дәрмен Абайға соқпай кетпейді. Әлде, тіпті, Абайдың панасын іздел пәтеріне де түсүі мүмкін. Он шақты кісінің бар жүрісін билеген шокша сақалды, кесек мұрынды, ақсиған ұзын тісті Дайыр ерген тобын қақпа алдына тоқтатты. Өзі қораға кірді. Ол ең өуелі үйге беттемей, қораның төріндегі лапас пен ат қораны аңдалап алмақ.

Дерек білмей жатып жанжал, әлекпен Абайдың үстіне кіре қоюды лайықсыз көрген. Қораның төрін, түкпірін ара-лап, ат қораның қақпасынан сығалап, жаңа келген көп аттарды көре алмай, Дайыр бас шайқады. Таңдай қағып, үй

жаққа алаңдап тұрғанда, склад жағынан бұған қарай жай басып келе жатқан аласа бойлы, жұптыны киімді күзетшіні көрді. Дайырға керек тіл осы еді. Ешбір жайды андамаған анқау жігіт, олақ күзетші қазір Дайырдың сұрауы бойынша, осы іңірде не көргенін, кім келгенін түгел көйтіп, айтып берді.

Алты кісі бұнда түспепті. Біреуі ғана аз уақытқа үйге кірсе, бұнда қондырмапты. Содан соң көше бойлап төмен қарай шауып кетіпті. Осы білген деректері бойынша Дайыр тысқа шыға сала, басы-көзін тер басқан бүйіра қоңыр атына міне бере, көше бойлап шаба жөнелген.

Қала мен қырдың жайын бірдей білетін айлакер Дайыр, Абай пәтеріне қонбаған қашқындар “бер жақта қонбас, ар жаққа қашар” деп сезіктеніп келген. Бұлар осы есеппен Ертіс жағалай жүрген. Құмаштың үйінен аттанысымен Дайыр өз қасынан үш кісіні бөліп, киізші Сейсеке байдың үйінде жатқан Оразбайға шаптырды. Өздері әкеле жатқан сүмдышқ хабарды естіртуге жіберген.

Дайыр Оразбайдың аталас, ауылдас жақыны болған да және ағайын ішінде аса сырлас, көңілдесі. Бүгін қашқан Мәкен – Дайырдың жесірі. Дайыр ғана емес, Оразбайдың жесірі. Алып қашып отырған мекенсіз, елсіз Дәрмен емес, ежелгі жау Абай болып шығып отыр. Оразбайға осыны ғана жеткізу, білгізу шарт. Дайыр бүгін жалын құшып тұр. Жауының қолында өлмей, намысын жер қып кеткен, он жақтағы жесірі Мәкеннің жолында өлмей, тоқтамақ емес. Сабыр, тақат таппайды.

Тұнді таңға қосады, танды таңға ұрады. Жерге кірсе де, жесірі мен азғырғыш жауын табады. “Қолынан келер көмегі, етер себебі болса, енді Оразбай қам қылып көрсін”, – деген болатын.

Осы сөлемші үш кісі Дайырдың долбарын және де жеткізген. Қашқындар ар жаққа өткен болу керек. Кім өткізді, қай қайықшы жәрдемші, себепші болды? Паромның жүрмейтіні анық. Ендеше, Дайыр тұн бойы Ертіс жағасында, сол қашқындарды алып кеткен қайықшыны тосумен бола-

ды. Осыны да Оразбайға және қаланың қайықшыларын бі-
летін Сейсеке байға әдейі айтқыза жіберген.

Оразбай Дайырдың хабарын естігендे, жын буған бақ-
сыдай бүлінді. Салған жерден ауызға алғып, иянаттап, айып-
тап сөйлегені жалғыз Абай болды. Дайырдың хабаршысы
кетік тіс, жайнаққөз, шубар Жемтік дейтін қара сақал, сөз-
уар шапшаң адам. Ол қасындағы екі жолдасын байдың ауыз
бөлмесінде қалдырып, Оразбай, Сейсеке отырған төргі,
жасаулы үйге мысықша ептең кірген. Дөңгелек үстел айна-
ласында отырған Оразбай, Сейсеке және бұл бөлмедегі
үшінші адам жуан, зор денелі сары кісі – Есентай үшеуі.
Солардың қатарына отырмай, Жемтік әуелі есік алдына
жүгіне ғана қалған.

Біразда жаманат хабарын біртіндеп, нақтылап жеткізе,
тарата тұсумен қабат, үстелге қарай екі тізесімен жорғақ-
тап, ентелей берген. Қазір міне ол Мәкеннің қашқанын, оны
Абайдың жігіті Дәрмен алғып қашқанын, Дайырдың жеті-
сегіз кісі боп қуып келгенін, қалаға өздерінің жаңа, осы
інірде ғана ат сабылтып жеткендерін айтты. Тізгін ұшымен
шапқылап отырып, осы қақпаға асығыс әлек хабар әкел-
генін айтып болған.

Есентай кесек мұрынды, мандайы тайқылау келген зор
басты, бітік көзді, зіл салмақты адамның бірі. Оразбайға
жасы да тақау. Елде Сармырза деген ұлken рудың аса сот-
қар, жуан бел атқамінерінің бірі. Бірі ғана емес, тіпті бір-
дің өзі. Ол Оразбайдың әр пәледе, әр кесір әлекте ұдайы
қасынан табылатын үзенгі жолдасы. Жасырақ шақтарын-
да бұл екеуі ұрлықты да бірге істескен дейтін сыйбыс бар-
ды.

Есентайдың Оразбайдан айқын бір басқашалығы да
бар. Ол өте аз сөйлейді. Оразбай сапылдан: ашуын да, бок-
тығын да, шешен тілді қара борандатқан дауын, жаласын
да аласапыран айта жөнелгіш кісі. Ал Есентайдан сондай-
да Оразбайды бес-алты рет актарылта сөйлетіп алмай үн
шықпайтын. Тегі, әр жиынның ең артқы сөзін айтуды өзіне
тәсіл ететін. Әуелі сөзге сараң, онан соң айтса, неғылса

біреуді біреуге соқтыра, өшіктіре, қиян-кескі қиталастыра сөйлемесе іші кебетіндей болатын. Пәлесіз, үлкен ылансызы, алыс-жұлыссыз аяқтайдың сөздің тұсында Есентай көбінше тіл бермей, үн қатпай жым-жырт қалатын.

Әсіресе даңғойлау, есерсоқ, анғалдау адамдар болса, Есентайдың қолына түссін. Ол бітік көзін жұма беріп, маңғаз, биік бойдағы сырын сөздірместен сызданып отырып алады. Бірде-бір езу тартып, жылды жұз беріп күлген, жылыған, жібіген ажар көрсетпейді. Сырт қалпында адамды алдар деген титтей белгі болмайды. Бірақ сөйте отырып, талайларды алдаң соғады. Мысқыл етеді, мазақ қып кетеді.

Тәкежанның Әзімбайы өзінің көп арам есеп, айла-тәсілін, сырты суық тоң-торыс мінездерін осы Есентайдан оқитын. Тобықтының ішінде ендігі бір топ арам, айлакер атқамінерлер анығында сол Әзімбайша Есентайды ұстаз көретін.

Қазір Есентай Жемтік әкелген хабар бойынша әлеккे түсken Оразбайды бағып отыр. Әлі бір ауыз сөз берген жоқ. Қаланың беделді байы Сейсеке де Оразбайға қосылып, екі-үш рет жастанды жамандап, Абайды аластап, Оразбайды барынша құптап, қостап сөйлеп шықты. Оразбай өзі болса, екі қашқынды өз алдына сүйретіп әкелдіріп тұрып, мойындарына арқын тағып өлтіртпекті серт етіп отыр. Одан аса беріп, Абайға да барынша көрін тігіп, зәрін төкті. Абайдың қалада екенін білген жерде Оразбай отырган орнында ыршып түсіп, жүгініп алды. “Қазір қолма-қол жауабын аламын”, “өзгені емес, дәл осы жолы қос қолыммен сол Ыбырайды жағадан аламын”, “Аламын да шөке түсіріп, табанымның астына саламын”, “Мен дегенің тек осы сертімнің ғана ұстінде табыл, соңымда бол!” деген.

Құмаштың үйіндегі Абайға дәл сол сәттің өзінде, Есентай мен Сейсеке байды Оразбай қолма-қол жұмсап, жөнелтіп салды.

Байдың ақ арғымағы жегілген үлкен трашпенкеге Сейсекенің қасына қатар отырып жүре бергенде, Есентай бір мынқ етіп қалды. Сейсекеге айтқаны: “Бай, сен қыр сахара-

ның талас-тартысын сүймейсің де, шорқақсың ғой! Қасымда отырсаң болады. Анау жаумен сөйлесетін сөзді мениң өзіме қоя бер, тек ұндеңімей отыра бер. Соның да жетеді!” деген.

Алдағы көшір естімесін деп бұл сөздерін Есентай күбірлеп, мінгірлеп айтты да, қаба сақал байдың санын шымшып қойды.

Абайдың үстіне екі егде адам рұқсатсыз, хабарсыз кірді. Амандық сөз қысқа болды. Келушілер кірген жерден-ақ Абай оқып отырған кітабын жинап, көзілдірігін алғып, Баймағамбетке есік жақты қөзімен белгі етті. Бөтен кісі кірмесін дегендей ым жасап еді. Баймағамбет жартылай ашық қалған есікті тартып жапты да, Абайдың төменгі жағына келіп, шапшаң ғана жүгініп отырып алды.

Сөздің тұжырымын алдымен бағатын Есентай өзі келген жайды ұзаққа созған жоқ. Екі қашқынды айтты да, Оразбайдың бүлініп жатқанын жеткізді. Сонымен, Абайдың жүзіне салмақты сары жүзін пандана бұрып, бітік көздерінің астынан қарай тұсіп:

– Жә, Ыбырай, не айтасың? – деп, сөл тоқтап қалды.

Жасы Абайдан кішірек болса да, Есентай Абайға “сен” деп сөйлейтін. Атын әсте “Абай” демей, “Ыбырай” деп атайдын осы Есентайдан шыққан мінез-ді. Бұның үлгісімен соңғы кездерде Абайды Оразбайлар да, барлық араз топтарамен “Ыбырай” деп, “Құнанбайдың Ыбырайы” деп атайдын.

Абай Есентай ұстаған сөздің жақсылықпен тынбайтынын біледі. Оның өзін сөйлетіп, ойын айтқызыбақты ниет етті. Сонымен, ашық жүз, ажарлы, отты көздерін Есентайға тік қадап, тура бұрды да:

– Әуелгі сөзді өзің айт, бастаған жайынды аяқта. Не ниетпен келіп ең, соныңды айт! – деді.

Жұмылған көзін ақырын ғана аша тұсіп, Абайға әлі де қырындай қарап отырып, Есентайдың бар айтқаны:

– Ең әуелі маңсұт еткенім, сенің не дейтінінді білу! Айт, не айтасың мынауыңа! – деп тағы да салмақ тастанап, тоқтап қалды. Абай іркілген жоқ.

– Мен айтсам, жастардың оғаттық, олар айыпты. Ақтамаймын. Қылған қылмыстары үшін алдарында айыпты. Ал менің айтарым сол! – дегенде, Есентай бірбіrine қарасып, сәл дағдарысып қалды.

Абайды бұлайша оп-онай, дәл осылай жуасиды деп ойласқан жоқ еді. Есентай ішінен Абай сөзі мен мінездерін өз дағдысы бойынша арамға жорыды. “Ыбырай, алдағалы отырысың ғой, көрермін, нар тәуекел” деп алды ішінен. Сонын ойлады да, жедел сөйледі.

– Айыпты, жазықты ғой, ендеше жазасы не болады? – деп, ашулы жұзбен тағы томсара қарады.

– Сен айтшы, сендерше не болсын? – деп, Абай ашық, қатаң үнмен қайта қадалды.

Осы кезде Есентай Оразбайдан алып келген ең зілді зे-рін айтты.

– Жазасы сол, Ыбырай құптамаса ұстамасын екі бүлікті! Қолыма берсін, мойындарына арқан тақтырып, сүйретіп өлтіремін! – дейді Оразбай.

– Басқаға бітпеймін дей ме?

– Басқаны ауызға да алдырмаймын, – дейді.

– Ол заман өткен! Ол не деп отыр, сен елші боп не әкеп отырысың өзің? Қай заманда, қайда отырмын деп ойлайсындар? – дей бергенде, Абайдың сөзін тоспай, Есентай киіп кетті. Ашулы, зекіре сөйледі.

– Эй, Ыбырай, шешендік салыстыра келгем жоқ! Енде-ше, қалғанын тында. Оразбай осы жолы қашқындар ғана емес, Ыбырайдың дәл өзін қанды мойын айыпкер етіп, табанымның астына салмай тынбаймын! – деді. – Жітікке саяқ бір қуды, бұзықты ол ұстаса, бұ қаланың ішінде қалған бар бұзықты мен де ұстай білемін! Соның бәрін Ыбырайдың өз соңына қаптатып салып, қанқақсату менің де қолымнан келер! Аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ. Көзін ашып қарасын Ыбырай! – деді.

Осы сөзді айтқанда сары жұзіне қызыл қан ойнап шығып, Есентай анық тәбелеске шыққан кісідей құтыра қарады.

Көп заманнан бері қарай Абай, өзінің жүзіне дәл осы естігендей тұрпайы, сотқар қатты соққанды естіген жоқ еді. Әсіресе Оразбайдан келген байлау – барып тұрған жыртқыштың, жауыздың бүйрығы. Өзінің қаншалық күйіп, намыстанып ызаланғанын Абай аңдап та үлгірген жоқ. Аузынан ақырып айтқан ашу сөз шықты.

– Сен келіс сөзді әкелмей, кетіс сөзді әкеліпсің фой. Бар, жөнел ендеше! Айта бар Оразбайға, істеп көрсін жауыздығын, бірақ өкініп жүрмесін! Жер тәнірісіп құтырыпты фой, жерге қафатын күш бар екенін ұмытпасын! Шық, бар, жүре бер! – деп қатты ашуланып, қабақ түйіп, екі көзі қанталай түсіп Есентайға қадалғанда, анау салмақпен ырғала түсіп, үн қатпастан сіресіп тұрды да, есікке қарай тарта берді.

Есентайлар қайта келгелі байдың қорасы жан-жаққа бұлан-талан кісі жүгіртіп, асығыс әрекетке кірісіп, әлек-ке түсті. Ал бер жақ жағада тыным таппай қуғыншылар жүр еді.

Дайыр аяусыз ыза жетектеген бойында, қазір ізге түскен иісшіл иттен бетер, сергектеніп, сақайып алған. Ол басжатақтың, ортажатақтың ұзын бойына жаңағы өз қасындағы алты жігіттерін тыным алдыrmай жоғары-төмен жүргізіп отырды. Оразбай мен Сейсеке хабар жетісімен олар да: “Қашқындарды алып кеткен қайықшы қайта оралған жоқ, келер уақыты болған жоқ” – деп топшылаған-ды. Сейсеке сөлем айтып, бұндай әлек, жанжал үстінде “шабар қылыш, атқан оқтай” құралы Қорабай саудагерді шақыртып алған. Ол өз көмекшілерін және бай қорасының әлуеутті екі малайын ертіп, ат жектіріп, Ертіс жағасына шапқан. Соңда Дайырды тауып, елсіз, үнсіз жағада, мезгілсіз кеткен қайықтың қайта оралуын тосып қалған-ды. Бұлардың тосуы ұзакқа созылған жоқ. Терен, тұңғиық бетінде жүзген үлкен қайықтың ескек сыйбыры Дайырдың сергек құлағына естіліп қалды. Сол белгінің аңдай сала Дайыр, Қорабай мен өз жігіттерінің бір тобын жар жағасына жабыса отырғызып, қайықшыларды жым болған, үнсіз күйде тосып алды.

Тек үлкен қайық ақырын жылжып кеп тоқтаған соңғана, қарауытқан жар астынан құғыншылар тобы түгел көтерілген. Қайықтан Сейіл түсіп болғанша, бұлар да су жағасына жетті. Жерге түсе берген үш қайықшыны бұлар кеуделерімен тосып, бөгей берді. “Бізді де алып өтіндер” десті.

Ожар, содыр Қорабай болса, сезікті ойларын енді Сейілге соқтыға айтып қалды.

– Немене, қара түнде қандай қара ниетті жүргіншіні тасыдың, кімді өткіздің, өуелі соны айт?! – деп еді.

Сейіл үн қатпай, салмақпен басып, жағаға түсті. Екі жолдасына қайықтан түсіп, күректерін алуды бұйырды. Олар бөгелмestен үлкен қайықшының дегенін орындал, ескектерін көтеріп алышып, жағаға секіре-секіре түсті.

Дайыр мен оның жолдастары қатар үн қосып:

– Тоқта, түспе!

– Бізді алып өт!

– Алдыңғылар төлеген ақшаны біз де төлейміз! Асығыс, тығыз жұмысымыз бар, көмек ет! Алып өт бізді! – десіп, қайықшыларды қамап, дабырласып тұр.

Сейіл қапсағай денесін ырғалта басып, әлі де жауап қатпады. Үлкен қайығын екі серігінің көмегімен судан тартып, малта тастың үстімен сүйрелеп, құрғақ жағаға шығарды. Бұл үнсіз өрекетінің бәрімен, кесек мінезді Сейіл, Қорабайдың жаңағы зіл ызғарын елең қылмаған қалпын білдірді. Қорабай енді үрісқа басты.

– Немене, Сейіл, саған менің ақшам арам ба? Жауап та бермей, жотанды неге көрсетесің? Қара түнде қысылып кеп тұрмын, жұмысымыз тығыз. Мін қайыққа қайтадан! – деп жанжалын да, бүйрыйын да қатар жұмсады.

Бірақ Қорабайдың бұл жолғы кәрі даритын емес. Оның үйреншікті айғайы мен шатағынан ықтайтын кісі Сейіл болмады. Бұл салмақпен ғана кесер сөзін бір-ак айтты.

– Онсыз да жұмыстан кешігіп қайттым. Қара түнде қара баспаса, Ертісті арлы-берлі кезген қайықшыны қашан көрдің? Енді қыбыр етер жайым жоқ. Асығыс болсан, танертең ерте кел, қазір менің қайығым саған тимейді! – деді.

Иығына салған ұзын ілгекті темір сүйменін салмақтап алды да, жолдастарына: “тараңдар, жігіттер!” – деп өмір етті. Өзі де үйіне қарай аяңдай берді.

Үйреншікті көрі өтпей қалған Қорабай, енді қайсар, суық мінезді Сейілден амалсыз көңілі қайт болса да, сонынан қалмады.

– Кімді өткіздің ендеше, сол жөнінді айт. Неге оның айтқанына көніп, қараңғыда қайық саласың да, біз келсек, сылтау айтасың? Тым құрса жөнінді айт! Сені осы түнде тұрғызған қай әулие? – деп қадалды.

Дайыр да жанасалай отырып:

– Тым құрса соны айт! Өткізгенің қала адамы ма, танысың ба? Жоқ әлде қыр адамы, бөгде жандар ма? Соныңды ғана айтшы! – деп еді.

Сейіл бұл сезге де саран, сырдаң жауап қатты.

– Менің танысым ақша, жігіт! Мың сан адамды өткізіп жүріп, көбінің жүзіне қарамайтын, кім екенін андамайтын Сейіл бар. Іңір қаранғысында қайыққа мінген жүргіншінің орысы, қазағын да, қаласы, даласын да аңдаған мен жоқ-пын! – деді де, үйінің қақпасына кіре берді.

Қорабайдың ендігі үміт қылғаны сыртта қалып, көрші үйге қарай қозғалған жігіт – қайықшы Тұсіп. Сейілден күдер үзген күйде Қорабай мен Дайыр сол Тұсіпті ұстап алып, көп айналдырды. Қатты да, тәтті де сөйлесіп барып, ең ақыры Тұсіптен, ол аңдаған бірнеше дерек алды.

Бұлардың өткізгені үш жігіт, бір әйел екен. Тәрізі, қыр адамдары сияқты. Кейбір сөздерінен бұның андауынша, ар жакта, Затонға баратын тәрізді. Төрт жаяудың ортасында әйел ерімен ерттелген көк ат бары да айтылды.

Осы соңғы дерек әсіресе Дайырға барлық жайды мәлім етті. Ол түу Шыңғыстан бергі керуен жолымен қашқындарды қуып келе жатқанда, жолдағы елден әйел мінген ат пен еркектер мінген аттардың түсі-түгін үнемі сұрап, жадында сақтап келген. Қазір бұл білгенінің үстіне сол адамдардың бәрі қайыққа, Ертіс жағасына салт атпен келгенін, бес атты екі кісі қайтадан алып кеткенін естіді. Бар жай мәлім

болды. Из-тоздары анық, айқын көз алдында түр. Тек асырыс қана әрекет керек. “Жұр, жөнел! Осы түннен асырмайық. Жасырынды ашамын, жау көнілін басамын!” – деді Дайыр, Қорабаймен екеуі “Қайық, қайық!”, “Қайықшы…”, “Жақын қайықшы қайда” десіп жөнелісті.

Улken Семейдің орта тұсынан, ак диірмен тұсынан шыққан Дәрмендер Затонға жеткенше, көп уақыт өтіп еді. Қаланың ылди жақ шеті ұзақ болатын. “Қазақ-орыс жағы” деп аталатын ағаш үйлі, құмы қалың қөшелермен жүргіншілер ұзақ кезді. Содан өрі қаланы тауысып, енді елсіз аланға шыққан-ды. Бұдан кейінгі жол біресе жар қабақты жағалап, кейде ойға, тоғай арасына түседі. Біресе шалқып, кең жазық жотаға шығып, қаладан көп аулаққа тартады. Арада оқта-текте ғана кездескен топ үйлер бар. Олар не тоншылардың немесе былғары заводының, пима басатын заводтың және сыра заводы мен арақ заводының өнім жайларын анғартады. Осылай бірінен-бірі аулақтау орналасқан көсіп жайлары Семей қаласының “Затон” дейтін бір үлкен шеті болады.

Жаңағы көсіпорындарына жалғаса созылған тағы да көп қаранды қөшелі қала жай бар. Бұл сол көсіпорындарының неше алуан жұмысшы, қызметкері жайғасқан қалашық. Осы жерде, жақын маңда, үлкен Ертістің бір мол мүйіс жасап оралатын қойнауы бар еді. Сол тұста қыс бойы көп пароход, баржалар тұратын.

Бұл мекен-жайдың “Затон” деп аталу себебі де – сол кемелер орналасатын ерекшелігінен туған ат. Жаңағы қаранды қөшелеріне аласа, коңырқай үйлері тығыз орналасқан кішкене қала, сол Затондағы көп кемелердің жұмыскер, қызметкерлері жайғасқан орын болады.

Дәл осы пароход жұмысшыларының арасында жүк таситын, грузчик деп аталатын мол бір топ бейнеткор бар. Жаз пароход пен баржаларда арқаларына ауыр жүк артып, қыын еңбекті көсіп етсе, қыста да сол грузчиктер қара күшіне сенип, неше алуан қара қайраттың ауыр енбегін кешеді. Соның орайына бір замандарда аш-арық, елдерінен

кәсіп іздел, ішерлік, күн кешерлік талшық іздел келген қазақ кедейлері, Затон пароходтар жұмысында аш-жалаңаш болмай, өлім-берім күнелтеді. Еңбегіне жалынғаны болмаса, ешкімге де көз сұзбей, өз күндерін өздері көреді. Қолаяқ сау шағына азамат ырза. Ішіп-жемін біреуден тілеп алмай, өз үйлерінен татқанына қатын-бала, кәрі-құртаң, әкешеше де ырза болысатын.

Затон жұмысшылары Семейдің қаласы мен Слободканың көпшілік саудагер тұрғындарынан бөлек. Әр мінездықтары ерекше болушы еді. Әншейінде қала көпшілігі бұларды білмейді. Тек жыл он екі айда болатын айт мерекесінде грузчиктердің, Затон жігіттерінің атағы қала халқының, қазақ, ноғайының аузынан тұспейтін. Семей мен Слободканың базарлары тұрған үлкен аландарда айт күндерінде ұдайымен екі-үш күндей қалың күрес болады. Күрескес Затонның грузчик жігіттері үштен, төрттен, бестен, оннан келіп, шешініп түсе қалғанда, қарсы топтардың нелер аты шыққан, мақтан алған балуандары табандасып белдесуге жарамай, қирай жығылатын. Арқалы, жоталы келген қалың иық, жуан балтырлы атпал азамат, кесек грузчиктер күрессе, нелер алпамсадай жігіттерді жағадан ұстай бере, арқадан соғатын. Иығынан асыра, екі табанын тарс еткізе, шалқасынан құлату “грузчиктер күресі”, “Затонның әдісі” – деп, айт күндерінің айыз қандырар аңызы боп тарайтын.

Сөздері аз, қуаты мол, өздеріне сенімі зор қалың қайрат азаматы, осы Затон жұмысшылары қаланы мекен еткен қазақ баласының өзгеше бір ажарлы қауымы боп, оқшау байқалады.

Қалаға Мәкенді алып бет қойғанда, Дәрмен мен Әбдінің Абайдан соң пана тұтқаны дәл Затонның елі. Әбді бір кезде, осыдан үш-төрт жыл бүрын өзі де кәсіп іздел Затонға келіп, екі жылдай тұрып, еңбек етіп қайтқан. Оның көз таңыс, тамыр-дос дейтін сенімді үйлері осы Затонда. Дәрменнің де қалаға келіп, ұзақ жатқан шактарда көп аралап, өлең айтып, думан-сауықтарына көп қызық қосып жүретіні – осындағы грузчиктер ортасы болатын.

Қазір Әбді мен Дәрмен екеуі де Затондағы өздерінің ең сенімді досы Сәменнің үйіне келді. Оның қорасы тар, тұрғын-жайы сүр кірпіштен салған ауыз үйлі, төр үйлі кішілеу екі ғана бөлме. Жұргіншілер жеткенде, Сәмен үйі жатып қалған екен. Қақпаны Сәменнің әйелі, жінішке, ұзын бойлы Айша ашты. Сәмен мен үй ішіне өз жайларын ұғындыру үшін Әбді жалғыз кірді.

Сөлден соң кішкене екі бөлмеге бірдей жарық жағылды. Үйден саудырай сөйлем, аңсағай бойлы, қылаң жұзді, қара мұрт жігіт Сәмен шықты.

Қонақтар үйге отыра бере-ақ, ауыз бөлмеде Айшаның самауыр мен қазанға қатар қам жасай бастағаны байқалды. Мәкеннің көзінше Дәрмен мен Кәкітай да Сәмендерге шешіліп сөйлеген жоқ. Тек бар жұріс өрі жасырын, өрі тәуекел деген ер-азамат қимылы екенін Кәкітай сездіріп өтті.

Ең алдымен айналага сак болып, жасырына тұру біраз құннің міндеті екенін білдірді. Сол арада Кәкітай шайға қарамай жүретін болды.

Ол осы түнде Әбішке жету қажет. Бағана Абай айтқан арыз неғұрлым тез жазылып, неғылса керекті ұлық кенсесіне тез кіріп қалу керек.

Кәкітайдың дәл кетер шағында Дәрмен оған бір хат ұсынды. Сөл танырқап қараған Кәкітайға оның айтқаны:

– Мынау хатты жаңа Абай ағам Әбішке жазып еді. Ала баршы, жөнін айтпай, үндемей беріп еді. Осы істің жайы болар. Әлде көмек ақыл айтып жатқан шығар!.. – деді.

Кәкітай үнсіз құпташ бас изеді де, хатты қалтасына салды. Енді Дәрменнің, Әбдінің келте қайырып айтқан кенес сөздері бойынша, бұл үймен қатынас тек түнде ғана болу керек. Көз көп, бейпіл ауыз мол. Аса бір тығыз-таяң болмаса, күндіз келіп-кету тыйылсын дескен. Барлық жайды осы сөздерден жақсы түйіп, үндемей басын изей түсіп отырған Сәмен, Кәкітай жүрерде тағы бір ақыл айтты:

– Естерінде болсын, түнде келгенде де көшे бойлап жүрмегейсіндер. Бұл Затонда түндегі жүрістің өзі де өр үйдің итін үргізіп, елеңдетіп тұрады. “Кім келді, кім кетті,

қайда кетті, немен кепті!” – дегендей, қазақ емес пе, осы отырған Затон елінің өзі де сұрағыш-ақ, естігіш-ақ болады. Соны ойлап қазір мен, Кәкітай, сізді қақпадан қырға, елсізге шығаратын бір жолға салып жіберейін. Келгенде, кеткенде тек сол жолмен ғана хабарласқайсындар!

Мәкен мініп келген жалғыз көк жорға ат бүл қорага батпай, өзі бір айғақтай болып түр еді. Сол атқа Сәмен Кәкітайды мінгізді де, өзі айтқан бүйрек жолға апарып, жаяу болса да бір шақырымдай жыраққа ұзатып салып, жөнелтіп келді.

Даниярдың үйіне Әбішті ізден Кәкітай келгенде мезгіл кеш болғанмен, бүл үйдің іші жатқан жоқ еді. Өзінің суыт жүрген оқшау хабарын Кәкітай киім шешпестен баян етті. Сол келіс бетінің өзінде-ақ, сөйлеп түрған бойында, Әбішке Абайдың хатын берді... Өзі болса бір отырып, бір тұрып ап ендігі халді ашық зор үнімен мәлімдеп жатыр. Әбіш бұны тындағы тұрып, Абайдың хатына көз қадап, шапшаң оқып барады. Кәкітайдың айтудынша, арттарында шулап қалған, пәле қуған жуан, содырлы ауылдардың әлегі мол. Сағат сайын құғын жету, қалаға келіп ылаң салып, бүлік бастау оп-онай. Себебі Дәрменнің ісі әлдекім емес, даланың ең бір азулы жауы, кесір мен кеселдің қандайынан болсын қажып көрмейтін Оразбайды тауып отыр. Ол қалада деген еміс хабарды да Кәкітай естулі еді. Осының бәрін ойласа, енді Дәрмен мен Мәкенге көмек жасаушылар дамыл таппай, қабак қақпай әрекет ету керек екен.

Кәкітай бүл жайларды сөйлеп түрғанда, Әбіш хатты аяқтап кеп еді. Енді біраз сәл іштей оқып барып, сәл ойлаңып тұрды да, әкесінің хатын Кәкітайға үнсіз ғана ұсынды. Кәкітай қабак түйе түсіп, Абайдың кесек, анық жазуын шапшандата оқыды.

“...Дәрмен басы маған қандайлық екенін айтпай-ақ қояйын. Ол жыл санап халықтың да қадірлісі, аяулысы болып келеді. Сен де дос көретін тәрізді ең. Мен сонынды құптай-тұғым. Ал дос болсаң, “шын дос”, “айнымас дос” дегізетін бол. Әйтпесе жаман дос көлеңке, күн ашықта

қашып құтыла алмайсын, күн бұзылса, іздең таба алмайсың. Сені ел ішіндегі алыс-жұлыстан аулақ етіп сақтауға тырысқам. Бірақ онда да, менің алысұым: әлсізге, айыпсызыға, адад, момынға, ел ұлына ара түсу болатын. Енді мынау кез болса, мен сенің кезегің келді демекпін. Қалаға қашып келгендері дұрыс. Қырдың қара заңынан, діннің шарифатынан – бәрінен де орыстың законы адам басын тәуір қорғайды. Ол жөнде әкімдер мен соттар – сенің білетін ортаң. Мен саған міндет артам. Үлкен әлек тартыс келді. Тұн демей, күн демей өзір бол!” – депті.

Кәкітай мен Әбіш бір-біріне қарасқанда, сөйлемей-ақ үғыса берді.

Ендігі жайды аңғара салысымен, Әбіш Даниярга оның жеңіл трашпенкесін шапшаң жектіруді бұйырды. Өзі бұл түнде қаланың жай саудагерінше киініп алмақ боп, жұқа шапан, ноғай бәркін киген еді. Ат жегіп, жүріс өзірлігін Да-нияр мен Кәкітай қамдал жүргенде, Әбіш Даниярдың жазу үстеліне отыра қалып, екі бөлек қағазға арыз жазды. Бұның бірі Семейдің ояз начальнигіне, екіншісі Семейдің окруж-ной сотына бағытталған. Қазақтың жабайы сахарасынан келіп, өзінің панасыз басына азаттық тілеуші Мәкен Әзім қызынан жазылған арыз еді.

Қағаздарын бүктеп болып, енді сырт киімін иығына іліп, Әбіш жүрерменге айналғанда, бұның ойында жоқ мінез жа-сап, Мағыш орнынан тұрып бірге жүремін деді. Жеті тұн ішінде оның баруын Кәкітай мен Әбіш екеуі де, Данияр да оқыс көріп еді, Мағыш бұларға салмақты, орынды бір сөз айтты.

– Мәкен менің бір туғаннан бетер жаным деген жақын досым. Қунде бармаспын, мүмкін енді мұлде көрмеспін. Оның басы осындағы қысталан, қатерде тұрғанда мен кө-ріспесем, тыныштық таба алар емеспін. Сөкпендер, мені де ерте жүріндер! – деді.

Іштей толқып кеп, берік байлаған салмақты бір түйіні тәрізді. Сұлу жүзі Әбішке тұра бұрылып, үлкен қой көз-дерін оған дәл қадап, бір назын өткізгендей салмақ салып,

барлап түр. Әбіш екі сөзге келмей-ақ түйсінді. Мағышты иығынан құшақтап сипай түсіп: “Жүр!” – деп бір-ақ сөз айтты да, шапшаң киіндіріп, ерте жөнелді.

Кішкене жеңіл арбаға үш кісі мінетін болғандықтан, көшірдің орны жоқ еді. Енді козлоға Қекітай өзі мінді. Даниярдың жүрдек қара жорғасын қатты соқтырып, жыраққа, Затонға қарай үйқылы қаланың жым-жырт көшеслерін жара жөнеліп берді.

Бұлар Сәмен үйіне жеткенде, жүрт жатқан еді. Бірақ сергек Дәрмен шаршап, талып қатты үйықтаған Мәкеннің қасында киімшен, ояу жатқан-ды. Сыртқа келіп, жеңіл арба тоқтағанда, үй ішінен бұрын шыққан Дәрменнің өзі болды. Әбіш үйге кірген жоқ. Жүріс, жұмыс тығызы. Бұл үйдегі бар жанды қораның көлеңкесінде тосып алғып, асығыс жайларды шапшаң, шолақ сөздермен ғана айтысумен болды.

Қасынан Дәрмен тұра бергенде, шырт үйқыдан атқып түрған Мәкен енді Мағрипаны көріп, үнсіз ұмтыла кеп, құшақтаса түсті. Ол екеуінде бұдан әрі де бір ауыз сөз жоқ. Тек беттерінен, көздерінен бірін-бірі кезек қана сүйісіп, қайта-қайта құшақтасып қалады. Екеуінің де кеуде толы күдігі мен ыстық жалын арман, шері тамақтарына тастай түйіліп кеп, кезек-кезек ыршып атқан ыстық жасқа айналады. Бірінің көзінен бірі сүйгенде ашқылтым жастарын да жұтысады.

Әбіш Мәкеннің арызының жайын айтып, екі қағаздың сонына бояулы қарындашпен Мәкеннің өзіне “Мәкен Әзім қызы” деген қолын қойғызыды. Дәрменге осы асығыс келісінің салмақты ғана себебін Әбіш шапшаң сөйлеп баян-дады.

– Айнала қауіп-қатер болса да, қазір бір-ақ нәрсеге ырзамын. Қаладан мен кетпей тұрып жеткендерің бір жақсы болды. Әлім жеткенше, қолымнан келгенше, Дәрмен, Мәкен екеуін үшін аянарым жоқ. Ертең ұлықтар кенселеріне мынау арыздармен өзім кіремін. Екеуіңе айтарым: “Қыбыр етпей, қиналмай, бірде-бір нәрсені ойға алмай, тек тыныш бола беріндер. Енді сендер етер әрекет бітті. Қал-

ған тауқымет менде, мына Кәкітайды. Және білегі мен жүргегі күшті, кезегі келсе қайраты мен намысын жібермес мынау екі ер-азамат Әбді мен Сәменге міндеп болсын. Жауда жаман, бірақ жағаласып та қалар заман. Істер істі істедіндер, енді тек өкіне көрмендер! Осы тұрған азғана топ, жаңағы сөзімді бәрінде бір-ақ айтып өтінгелі келдім. Мына Мағыштың да айтары, өтінері осы болса керек! – деп ауыр жайдың салқын сөзін аз әзілмен аяқтады. Әбді, Дәрменғана емес, енді Сәмен де Әбішті жаңағы сөздерінен жақсы танып, жақын сезінді.

Бұл топтан Әбіш айтқан жайдан өзге сөз шыққан жоқ. Тек Мәкен ғана бір-ақ сәт ыстық жасын төгіп жіберді де: “Не көрсем де шыдағамын, Әбіш”, – деп қалды.

Бұған барынша жаны ашып және осы сөзіне сүйсінген Мағыш “Жаным Мәкен” – деп тағы құшақтай алып, көзінен сүйді. “Шыдарсың сен. Шыдайсың, білемін” – деп үзіле үн қатты. Өте ақырын айтылса да, екеуінің сөзі де бар топқа, түгел тынысымен, толық естілді.

Ендігі сөзді Кәкітай, Әбді, Сәмен үшеуінің ақыл байлауына салды. Олар “оқыс бір жайға керек болса, осында тұрсын” – деп, танертең Мұқа мен Әлмағамбет алып өтетін аттың бірін осында, тоғай ішінде, тұсауда ұстамақ болысты. Не хабар болса, ең алдымен Данияр үйіне, Әбішке, Кәкітайға жету керек. Олар ат-көлігін сай ұстап, үнемі да-йын отырады. Бұл араға ертең Әлмағамбет пен Мұқа да жетіп, Мәкен мен Дәрмен қасында күндіз-түні бірге болады. Байлау осы еді. Үйқылы Затонды үркітпей, жаңа жарты сағат бұрын келген женіл трашпенке сол жүргіншілерін мінгізіп, сол бүйрек жолмен қайта тартты.

Бұлар қаланың ішін аралап келе жатқан шакта, тағы да үлкен Семейдің орта тұсына, ақ диірменнің жағасына, бірінің артынан бірі ілесе кеп, үш үлкен қайық тоқтады. Қайықтар үстінде алты ат, бір арба салған он шақты кісі бар. Олар түйілген қалыпта, үйқылы жағаға кеп, үнсіз тоқтаған еді.

Сейіл қайықшы көнбесе де, Ертіс бойында Қорабайға таныс үш қайықшыны жеті түнде тұрғызып алысқан. Енді

солар дәл Дәрмендер түскен жағадан алдыңғылардың іздерін баса түсіпти.

Сәмениң төргі үйінде оңаша болған Дәрмен мен Мәкен, бұл түннің ендігі жарымын үйқысыз өткізуде. Бірі туралы бірі “тынықсын, үйықтасын” – деп ойладап, қыбыр етпей жатса да, екеуінің де көнілдері тынымсыз. Іште құдік пен қауіп мол.

Дәрменнің қазіргі есіне өз махаббатының өр кезеңі оттай ыстық болып айқындал түседі. Қысқа ғана тарихы бар бұл сүйісдің өлсе де естен шықпас шақтары бар... Биыл жасы жиырма беске жеткен Дәрмен бұл кезге дейін махаббат шұғыласына, сүйіспендік жалынына жанасып көрмеген-ді. Ол өзгенін, достарының, құрбылас қызы-келіншектің араларындағы достыққа, ынтызарлық махаббатқа барынша тілеулес. Қалтқысыз таза дос, жан аяmas көмекші, делдал болғанды сүйетін.

Сол ретте Әбіш пен Мағыш арасындағы ойда жоқ күйден туып ұлғайған мол махабbat жайын Дәрмен көп қуаныш етіп тамашалайтын. Олар сезімінің арасында бұның інілік, құрбылық, ақын достық сезімнің бәрі біте қайнасып, бірге араласып кеткендей.

Әбіш пен Мағыштың қандай жақын туысын алсаң да, олар арасындағы ендігі тірлік тілек қызығын Дәрмендей бар жанымен толық сезінген кісі жоқ деуге болады. Ол екі жастың өздері де Дәрменнің бұларға деген тілеуlestік достығын қатар қуаныш ететін. Дәрмен бұлар махаббатына өнімен, әсем өлең жырымен үнемі араласып, біте қайнасып кеткен.

Биылғы жаз ортасында, Керегетас сияқты көрікті қоныстағы ноғай аулына Әбіш күйеушілеп соңғы рет барғанда, жиырма күндей думан-сауық шақтары өткен. Әбіш күйеудің жолдасы Дәрмен сол сапарда, жайлау кештері мен жарық айлы түндерінде, өзінің де бұрын татпаған жан рахатын тапқан-ды. Мәкен Мағыштың қасында көп күндер бойында ұдайы кездесіп жүріп, Дәрменнің ендігі бір арманында оралған-ды.

Бұлар арасындағы махаббат Әбіш пен Мағыш арасындағы ыстық сөулелі өзгеше таза қасиет сезімінен әсер ала туған махаббат есепті еді. Мүмкін, Әбіш пен Мағыш сөзбен, мінезбен, не болымсыз да болса, іс-әрекетпен бұл екі жастың жарастығын септемеген шығар. Бірақ ол екеуінің Мәкен мен Дәрменге жиырма күн бойында көрсеткен достық ажарлары тілсіз, үнсіз күйде-ақ бұл екеуін де өз жалынымен тұтандырған болар. “Мәкен мен Дәрмен екеуінің сүйіспендердің қай күнде, немен басталды” десе, қазір Дәрмен өзі де, Мәкен көnlі де анық жауабын айта алmas еді. Әрине, Мағыш пен Әбіштің бұл екеуін кейде бірге шырқатып ән салдыратыны да текке кетпеген болар. Жарық айлы кештерде, ауыл сыртына сейілге шыққан шақтарда, әдейі аз ғана топ болып, оқшау кетіп, соның үстіне Әбіш пен Мағыш екеуі ғана боп оңашаланып, өзді-өзімен болжысқанда, Дәрмен мен Мәкен ойда жоқтан оңаша қалысатын да кездері боп еді. Бұл да текке кетпеген болар.

Қалың жиын арасында шабытты Дәрмен, шалқыған ескек өлеңді ойдан шығара жырлағанда, бар жан тамашалай сүйсінетін. Сонда Мағышқа қосылып Мәкен де, ақсүр жүзді, қыылған қара мұртты, майда қарайтын нұрлы көзді өнерпазды тамашалап мақтайтын. Бұның да гүл бағына үмітті дән көмгендей мән-мәнісі, өз жемісі тамыр шашқан болар.

Мәкеннің кедейлеу аулында жалғыз шешесі мен өзі тірлік еткен қоңырқай үйі бар-ды. Сонда бір кеште Әбіш, Мағыш, Дәрмендер болып қонақтаған шақта, Мәкеннің есті шешесі Дәрменге сүйсініп, мақтағаны да бар. Алғыс айтып, қаралы ана бата берген. Шебер тілін, орамды нәзік сезімін, майда мінезін құптай отырып мактаған-ды. Сол Мәкеннің анасындаі, кедей ауылдың барлық үлкені мен кішісі де, күйеулер қонаққа келген кештен кейін, ауыздағынан Дәрмен атын тастамай, тамаша етісken. Өнерлі, үлгілі бір оқшау жасты момын ауыл өзіне жақын тартып, жақсы көріп қалған.

Ондай жайдың да, кейінгі шақта кезегі жетіп, ашылысатын жас махаббатқа әсері болған болар. Бірақ бұл ғана

емес, осылардың бәрінен бөлек тағы да сол жиырма күн бойында не күндіз, не түнде, не үйде, не түзде, кейде жиын ішінде, кейде оңашада екі жүрек арасына жібек талдай, майда лептей тағы бір ғажайып тілсіз сыр жалғасты.

Ол әр шақта, жаңағы бір атағандай есте қалар кезде айтылатын Дәрмен өндөрі еді. Бұл, жас жігіттің өзі тудырған, толғаған сөз сырлары емес, Мағыш пен Әбіштей сезімді жастың бәріне мәлім жырлар болатын. Ол Абай сазы. Мағыш төрізді Мәкен де көп тыңдаған, көп үққан, жаттаған өлеңдер бар.

Кейде топта, кейде оңашада Мәкендер өздері де аса көп қайталай айтатыны – Абайдың сырлы сезім жырлары. Неліктен екені белгісіз, Мәкен отырған шақтарда Дәрмен “Көзімнің қарасы” – деп жырласа, “Айттым сәлем, Қаламқас” – деп, ыстық сәлем жолдаса, немесе “Қор болды жаңым” – деп, наз-наласын толғаса, кейде бір сирек қана “Жарқ етпес қара көнілім не қылса да” – деп бастап, ойлы, нұрлы көзін Мәкен жүзіне тастаса, бар жасқа мәлім осы жырлар, дәл осы шақта, Дәрменнің аузынан шыққанда бұрын айтылмаған сөздей болады. Тіпті, мұлде ашылмаған сырдай, соншалық балқып, жана бір туыстай қалықтап ырғалатын. Мүмкін өзге, басқа біз санаған екі жас махаббатын тудырар шарт-шаралар арасында, осы күйдің де өз әсері, өзгеше көп әсері болған болар...

Қалайда жиырма күн бойына Мағыштың өтініші бойынша, оның қасынан айрылмай үнемі бірге болған Мәкен, Дәрмен жүрегінде бұрын ол біліп, барлада көрмеген өзгеше жалын тудырды. Бірақ бұл жастардың айырылар шағы жақыннады. Мағыштың ұзатылар күні тақаған сайын, Дәрмен жүрегіндегі от-жалын үйқысыз түнге айналып, ендігі жас халін биледі. Бұрын жан баласына жүрек жарып, ашылып көрмеген момын, таза Мәкен де соңғы күндерде Дәрмен домбыра алып, бұның қарсысына отырып, үн сазын бастанда, жас жүрегі лупілден соғып қалады.

Әбіш пен Мағыштың көздері соңғы күндерде Мәкен жүзінен осындағы сәл бір шақта толқына туған қызғылт

нұрды көретін. Таң шапағындай қызыл арай Мәкеннің таптаза жүқалаң біткен қонырқай жүзіне лап беріп шығатын да, тез толқып, оның нәзік жүзін, шыншыл жүзін сәл ағарта түсіп, жасырына кететін.

Сүйіскен жастар өсіреле алғашқы уыз жастық кезінде, өз арасындағы туып келе жатқан ғажайып сезім жайын өздері аңдамай, толық танымай жүретін бір аңқау шақ барғой. Олардың ішкі жайы өлі аталмаған, өлі өз көңілдерінде де оймен, сөзбен түйілмеген, шешілмеген. Бірақ бұл кіршікісіз таза, аңқау жастар екі арасында туып қойған сезімді көлденен дос, жақын көз танып қойғанын да аңдамайтын. Бірталай күннен бері осы жайды Әбіш пен Мағыш шын сыр етіп бір-біріне айттысқан-ды. Екеуі Мәкен отырған шақта Дәрменге жиі-жиі, әдейі арнаулы өлең айтқыза беретін. Іні, құрбы, қыз бен жігіт достарының осы шақтағы жүздерін олар барлап білдірмей, сездірмей ғана сүйсінетін. Өзара көз тастасып, іштей құптап құй танысадын.

Бірақ қанша сүйіп, жалын құша жүрсе де, сол күйін ешкімге, еш шақта ашпай сақтап қалу Мәкен қолынан келер еді. Оның жіңішке сұнғақ бойы, сұлу көзі, барынша нәзік сүйкімді жүзі Әбішке өзгеше боп көрінетін. Әлдебір бұл оқыған романдарда өте ауыр құрбандыққа шыдағыш, махаббатқа барынша берік әйел бар еді. Ол жанып өтседе, жалынып өтпес. Өзгеше үлкен сезім сақтайтын жар еді. Сол жүрек пен қасиет осы Мәкен алуандас қыздан шықса керек.

Әбіш оқыған тағы бір романда шебер жазушы айтқан бір сын болжая бар. Онда: жіңішке, сұнғақ бойлы, ашан, жүқалаң жүзді сұлу әйел махаббат жолында ең тұрақты сезім иесі болады депті. Толық қанды, қалың денелі әйелде тұрақты сезім сирек кездесіп, құрбандыққа шыдамсыздық көбірек ұшырасады – деп те үққаны бар-ды. Өзі білгеннің көбін көңілде түйгемен, сыртқа шығармайтын Әбіш, бұл сахарада жүрген қыздардың арасында Мәкенді өзгеше бағалайтын. Дәрменді болса, Әбіш оның өнері үшінде, жігіттік қасиеті арқылы да және өсіреле кіршікісіз жас-

тығы үшін де жақсы көретін. Кейде Әбіш өз сырымен болып, әділ мінезділігіне салып, құпия ойлағанда, осы сахарада бар туыс, дос, жақын-жаран ішінде әкесінен соң Әбіштің ең жақсы көретін азаматы осы Дәрмен тәріздеди нуші еді. Кейде өзіне-өзі сұрақ беріп: “Мен Дәрменді ең сүйікті бауырым, інім Мағаштан да артық көрем бе, осы қалай?” – деп қалатын кездері болған.

Қазір Әбіш Дәрмен, Мәкен екі арасынан не түйін шығарын қызығып тосатын. Олар өмірінің алдында қандай ауыр толқын, тосқауылы болса да, жаңағыдай қызығып, қуана қарайтын үмітінен Әбіш өзін қайтарып ала алмай жүретін. Егер ол екі жас бұған ақылдасар болса, Әбіш олардың алдында от тұрса да тайсалмауын, тайлышпауын құптар еді. Қалайда ол, іштей өз қатарына Мағышты қосып, Дәрмен мен Мәкеннің қостаушы, құптаушы серігі боп алған. Бірақ бұлар тілеу қосып тұрганмен, әлі де Дәрмен, Мәкен арасы ашылыспай және басылыспай жүрген бүркеулі бір оттай.

Екі шыншыл, бірақ анқау, адапттар жүргегін енді оңай ашылысуға қатал бір жай жетектеді.

Мағыш ұзатылардан үш күн бұрын ерекше бір хал туды. Күндеңі әдеті бойынша жастар кеш батар шақта ауыл сыртына сейілге шығып еді. Жұқа, көркем қара жібек шаппан жамылған Мағыш, өз шапанының астына сұңғақ бойы өзіне тең келген, талдырмаш Мәкенді тартты. Құшақтасқан екі қыз жай, баяу басып, жігіттермен қатар келе жатты.

Кейін ай туып, ымырт жабыла бастаған шақта, Мағышты Мәкеннен бөліп, Әбіш ертіп кеткен еді. Қастарында қалған Әлмағамбет пен және бір-екі қыз серіктерді өзіл-әңгімемен көнілдендіріп Дәрмен сейіл етіп жүрді. Осы кезде бұл жастар тобына қарай астындағы жерқыланып, жүрдек атын тебіне түсіп, омыраулай бастырып, бір жуан денелі, жасы үлкен кісі кеп тоқтай қалды.

Жігіттер берген сәлемді жөнде алмастан, шоқша сақалды, зор мұрынды, қалың қеуделі жігіт қатан үн қатты.

– Осында Мәкен бар ма? Анау тұрған Мәкенсің бе? Бері қарай бас, бері, маған бүр мойныңды! – деп өмір ете сөйледі.

Жаңағы сөздерінің арасын ұзіп-ұзіп айтқан шағында аңырып қалған жастар, әлі де таңдану үстінде болатын. Бірақ бәрі де мынау адамның қатқыл үні мен мінезін көріп, аңысын андады.

Мәкен бұл кісіні таниды екен. Баяу, салмақпен басып, оның қасына тақады.

– Бертаман жүр! Бас бері қарай! – деп тағы да өмір етіп, келген адам атының басын бұрып, Мәкенді оқшаулап апара жатты.

Сол келген салқын үнді, қатаң ажарлы жүргінші Мәкен басына өлек әкелген. Ол – Дайыр дейтін Мәкеннің өменгері. Қыздың әкесі Әзімнің тірі шағында Оразбай байдың жақын ағайыны осы Дайыр, өзінің кенже інісі Қайырға Мәкенді айттырған екен. Қазір бұған бес жыл мезгіл өткен. Одан бері Әзім қайтыс болып, Мәкен жетім қалды. Кедей шаруа бол шешесі басқарған үй-жайы шалдуарлыққа айналды. Енді қысқы соғым, жазғы сауын сияқтыны Мәкен үйі сол қайын жүрттап амалсыз алатын кіріптарлыққа түсті.

Мәкен Дайырдың інісін көрмese де, тағдырына көндіккен. Сол белгісіз жар “қосағымын” деп бағына өскен. Бірақ былтыр бұған атастырған Қайыр, өзі құрбы жас, аттан жығылып қаза болды. Енді міне, жыл мезгілі толартолмаста сол Қайырдың ағасы, қырықтан асқан жасы бар, үйінде аюдай қатыны бар мынау Дайыр Мәкен мен оның шешесіне сұық сөз сала бастаған. Ақыл, кенес емес, етініш, тілек емес, бүйрыйқ, байлау жолдаған.

“Інім өлсе, жесірім тірі, өменгері өзім бармын. Мәкенді өзім аламын. Осы жазда, не күзде ұзатуға қам-қарекет істесін!” – деген бүйрыйқ жіберген-ді.

Ноғай аулына күйеушілеп Әбіш келгелі сол Дайырдың аулы қатты мазасызың күйге тұсқен. Дайыр болса, Қоянды жәрменекесіне сапарға кетіп, бұл жақтағы жайлауда болып жүрген жастар жайын мезгілінде білмеген. Енді кеше-

лер жәрмеңкеден қайтып келе сала, Мәкеннің “Абай аулы жастарының ортасында көптен сауық етіп, сайран салып жүргенін” естиді. Бұның аулындағы бір-екі қартаң женгелер, Дайыр келмес бұрын, ногай аулына, күйеудің отауына жансыз етіп бір-екі қартаң еркек өсекшіні де жіберіп алған болатын. Олар Мәкен мен Дәрмен арасын сырттан болжап, өздерінше өсекке таңып қайтқан. Сондай күйдің бәрін ішіне жиған жөне Оразбай ықпалы бойынша Абайдың өзін, оның бар өрен-жараның жау деп білген Дайыр, бүтін келім-кетімнен босай сала, әдейі атқа мінген. Осы кеште Мәкенді айыптайтын шақты іздел, не пәлеге болса да ұшырасуға өзір боп келген.

Енді Мәкенмен екі-үш сөзге келмestен ол:

– Үйіңе қайт, қазір кет мынау кесір топтан! Шешеңдің қасына жет. Аз күнде келемін де аламын! – деп бар бұйрығын да, байлауын да бір-ак айтты.

Дайырға тиу деген ой әлі Мәкеннің көнген ойы емес. Жүрегін үркіте түршіктірген құпті жайы болатын. Шыншыл, ашық көңілді Мәкен Дайырдан жаңағы сөздерді естігендеге наразылығы мен ызасын жасыра алмады. Ол қабақ шытынып, реніш айтты:

– Сізге не көрінді? Мұнша тасырлап нeden бүліндіңіз? – дей беріп еді, Дайыр сойдақ тістерін ақситып арс еткендей әмір айтты.

– Догар сөзді, алма бетімнен! Жөнел қазір үйіңе!

– Ақырмаңыз! Мен сіздің әйелінің болғам жоқ әлі. Болам деп те жүргем жоқ! – дей беріп еді. Ендігі сөзін қатты бір түрпайы ұрысқа ауыстырган Дайыр:

– Өшір үнінді, жүзіқара! – дей беріп, Мәкенді қамшымен тартып-тартып жіберді.

Мәкен шыр етіл:

– Куарған! Жауыз! – деп, кейінгі топқа қарай жалт берді. Ашы зары топтан көмек тілегендей өзгеше естіліп еді.

Дәрмен елден бұрын ұшып келіп, қыз бер Дайырдың арасына киліге кетті. Дайырдың қолындағы дырау қамшысын бір-ак жұлқып, тартып алды.

– Тоқтат! Айуанбысың? Не деген арсыз адамсың! – деп, қамшыны Дайырдың өзіне білеп, тұра қалған.

Дайыр бұны да боқтап жіберіп:

– Тұр былай жолымнан. Ара түсем дейтін шығарсың, жерге қағармын шетіңнен! – деді.

Анадайдан бұл жанжалға “о не, немене, бұл кім?” – деп үмтүлшіп келе жатқан Әбішті аңғарды да, Дайыр соңғы бір сотқар сөзін ақыра айтты.

– Сенгенің Абай шығар! Абайың түгіл, құдайыңды пана тұтсаң да, жерге қағармын! – деп, шапқылай жөнелді.

Осы кеште жастар тобы көпке шейін үйге келмей, жарық айлы түннің көбін далада кешірген. Әбіш, Мағыш, Әлмағамбеттер бір бөлек кетті де, Дәрмен мен Мәкен ұзақ кешті жұбын жазбай өткізді. Солардың аңысын аңдаған Әбіштер, бұл екеуінің арасын сөз қылған жоқ, үнсіз түсінді, қамқор көңілмен, олардың өзара сыр ашуларына тілек-тестік танытты.

Мәкен мен Дәрмен осы кеште, бір сөтте ойда жоқтан оңай ашылысты. Екеуінің сырына көз жасы да, сараң сөздері де, ең алғаш табыстырған құшақтары да араласты. Мәкеннің толықша келген, аса сүйкімді кішкене аузын Дәрмен ыстық оттай жалынды еріндерімен тауып сүйгенде, қыздың да қабыл ала сүйген ыстық еріндері жас жігітті балқыта толқытты. Осы кеш бұлардың бүгін, міне, қара бұлттай түйіліп тұрған тағдырының ең алғашқы бастауы еді.

Семенниң төргі кішкене бөлмесінде ой үстінде үнсіз жатқан Дәрменнің көз алдына, бұдан аз күн бұрын үміт берген, көмек көрген және қауіп ойлатқан жайлар кезектеп келеді. Үнсіз, тынышсыз ойға батқан арлы жас бір кезек “жұртқа өлек салдым ба, Абайға азап өкелдім бе?” – деп те қиналып қалады. Өз өмірінде қолынан келгенінше “Абайдай өз ағаның басына кейіс салмай өтсем” – деген бұның азаматтық арманы еді.

Сондықтан да қалаға қашумен Абайды қырдағы көп әлектен құтқардым ба деп еді. Қырда болса, бұл істің арты

бүгін ауыл шауып, барымта алышуға соғар ма еді? Немесе ақсақал, билер тергеуіне, кесіміне айдал салып, Мәкенді бұдан айырып, Дайырға қайырар ма еді, Дәрменді жазалап, мал-мұлік айыбын кесіп, өуелі тонап алып, содан әрі аластап, ел ішінен айдал тастар ма еді. Тіпті ызалы, жыртқыш боп, бұның басын жарып, көзін шығарып қор етуге де барап еді. Ол жағы сол! Бірақ бұнда да қуаныш пен азаттық құшағын жайып қарсы алып түрган жоқ. Алдағының бөрі бұнда да тас қараңғы.

Қазір басталатын әлекті көп күдікпен қинала ойлағанда, Дәрменнің маңдайынан ыстық тер шыққандай. Деміне өксікті жалын араласқандай бол кетеді. Сондай бір кезде, бұның жалғыз жұбанышындай бол Әбіш мінездері еске түседі. Жаңа келіп кеткен Әбіш айнымас дос қалпында. Жаңа бұлардың түгел тобына арнап айтқан сөздері сабырды да, қайратты да молайтып, қүшейткендей.

Әбіштің осындай сөзі мен ақылы болмаса, Дәрмен сонау кеште дәл сондағыдай бол ашылмас еді. Тегі, оңаша сыр түйіскен шақта Әбіш айтқан бір жай болатын. Алдағы қыындықты болжай тұрып ол:

– Дәрмен, сен жасқанба! Мен білемін, сен өсіресе Абай ағаңды қинаймын ғой, дос-жаранды әлекке салам ғой деп жасқанатын шығарсың. Ен алдымен осындай күдікті жой. Әрине, женіл емес. Ауыр әлек, үлкен салмақ саласың дос-жараныңа. Бірақ сен Дәрмен болмай, әлдебіреу болсан, бұлай жасқану, именуге болады. Ал сенің басың үшін, мен айтайын, өзім де, әкем де бар салмағынды қүйінбей көтереміз. Мағаш, Кәкітай да сенің жайынды дәл осы менше, айнымай үғынады деп берік сенемін. Менің бұл сөздерімді Мәкен екеуің қоса ескеріндер! – деген.

Дәл қалаға аттанарда өзін шығарып салған Дәрменге Әбіш соғы жайды тағы да айтқан. Бұл кезде Мәкен мен Дәрменнің қосылмаққа бел байлаған, бекінгені Әбішке анық мәлім еді. Сол себепті қаладағы Абайға алдын ала Дәрмен жайын білдіріп, үғындырып қоюды Әбіш өз мойнына алған. Кешегі Абайдың ажары Дәрменге көп жайды

танытты. Абай Әбіштен Дәрмен сырын білген де, ішке түйген төрізді. Сондықтан да “Әбіш арыз жазсын”, “Жастардың мекені ар жақ, оқшау түкпір болсын”, “Осы тұнде ар жаққа Сейіл өткізіп салсын” – деген Абай, енді Дәрмен ісінен сырт қалып отырған жоқ. Ашылып, шешіле сөйлемесе де, ендігі Абай, бұдан былайғы Дәрмен ісі мен сөзіне жауап беруге көнген, мойындаған Абай.

Әбіш болса, сол айнымаған алғашқы бетінде бұлар үшін алысқа кірісіп, әкесі Абай үшін де, өзі үшін де іс бастағаны жаңағы. Осыларды ойласа, Дәрмен көңілі толас тауып, үлкен бір жұбаныш, тыныс алады.

2

Келер сәскеде, Сәмениң үйі ойлаған үлкен қауіп, жол тауып келіп қалды. Тұн бойы Затонға жетіп, тыным таппай, әр көше, әр үйді тімтіне баққан Қорабай мен Дайыр осы Затоннан өздеріне таныс үй тапқан. Сол үйлердің біреуі, шарбақ құймасы бар, кішкене ғана тоқал үй Сәмен үйіне құймалас боп шықты. Откен кеште жаңағы шарбақ тесігінен сығалап қарап жүрген үйқысыз бір кемпір бар еді. Сол кемпір сәскеде келген Қорабай мен Дайырға тұн бойғы бар сезгенін баян еткен. Сол-ақ еken, Дайыр мен Қорабай Затонның басқа көшелері мен оқшау түкпір қалтарыстарына таратқан жолдастарын іздетіп, жинастырумен болған.

Өздері шарбақ арасынан баспалап қарап, Сәмениң кішкене көне қорасынан көз айырмай үнсіз отырысқан-ды. Осы қарсанда таңертеңгі пароммен ар жақтан откен қос салт атты, Мұқа мен Әлмағамбет те Сәмен үйіне келді. Аттарын қораға байладап, Айшаның бастауымен олар да кірген-ди.

Сонымен, таңертеңгі шайды Сәмен үйінің жасырын қонақтары ішіп бола бергенде, жаулар саулап келген. Жат жүрісті, жау ниетті адамдардың жеткенін ауыз үйде, самауыр қасында, есікке тақау отырған сергек Айша бұрын андаған.

— Ал, жандарым, жетіп қалды кеселдер! – деуге ғана мұршасы келіп, ол жүгіре басып, ұмтыла барып ауыз үй есігінің шотын да салып еді. Сүйткенше болмай, сырттан есікті тепкілей, соққылады. Анық талаушы жауша сатырлатып қатал әрекет бастаған топ қымылы танылды. Айша самауырды пеш жанына қөтеріп қоя салды. Сәмен мен Әбді және Мұқа, Дәрмен төртеуі енді ер қайратына бекінген күйде, қолдарына бір-бір қару ұстай алысты. Шошына қабақ түйіп, бетін басып тұрып қалған Мәкенді Айша құшақтай алып, өз бойымен қоршап тұр.

Сырттағы жаулар:

- Аш!
- Жібер жаның барында!
- Құтылмайсың, жоямын көзінді!
- Қырыласың шетіңен!
- Аш есігінді! – деп, көнелеу кішкене есікті құлатарман болып, қатты соққылап тұр.

Әбді өз қолына бұрыннан бір ескерген қаруын ұстап қалған екен. Жаяу ұрысқа табылмайтын құрал – қара шоқпар бұған тиіпті. Сәмен насыбайшы еді. Соның ертеде ауылдан ала келген, қатқан қайың, қара шоқпары болатын. Сәмениң де қолына ұзынша кіндік темір ілініпті. Ескі балтасың желке жағын бетке алып Мұқа да сайланған төрізді. Темір келсал Дәрменнің қолына тиіпті. Бойы аласа, әл-қуаты шамалы, өзі қорқақ Әлмағамбет екі өйел мен ереккетобының аралығында көзі алақтап, “алла” мен “тәубені” көп айтып, сиынумен жүр.

Енді біразда сырттағы жұрт кішкене есіктің топсасын сындырып жіберді. Қалған күйде бүл есік пана болмасын көрген соң, Сәмен есіктің шотын шығарып жіберіп, панасы болмаған тақтайды жұлқа серпіп, лақтырып таставды. Сол сөтте бұларға қарсы сермелеп тиген Қорабай, Дайыр екеуінің қамшысы сатырлап еді. Сәмен мен Әбді бұған орай есіктің екі жағына тұра қалып, пәле басы Дайыр мен Қорабайды қамшы, сойылдан өлдекайда оңтайлы құралдармен қатты қағып, періп кеп жіберісті. Әлуettі Дайыр-

дың оң қолы салдырап түсіп, қамшысы ұшып кетті. Зіл шоқпармен табандап ұрган Әбдінің соққысы тигенде жанжалқой Қорабайдың да оң иығы сынып кеткендей сыйтыр етті. Атан кеуделі, жауыз тілді, қара сақал қаскөй саудагер Қорабай бір жағы жапырылғандай қисайып, есік алдынан жалт берді. Оң қолынан қан саулаған, сол қолымен өз қолын сүйемелдеген Дайыр да боктық пен кекесіннен басқа, “қырам, жоям” деген доңайбаттан басқа түк істей алмай, шегіне берді.

Өз қайраттарына енді берік сенген атан жілік, атпал азамат Сәмен, Әбді, Мұқа үшеуі ожарланып, қатты ашумен түйіліп апты. Бұлар қатарынан ұмтыла атқып, есік сыртына шығып алды. Қамшыдан басқа құралы жоқ бес жігітті жондай сойып, кішкене қораның ішінен тықсыра қуды. Қақпадан көшеге қарай өп-сөтте айдал салды.

Қолынан қан саулап жүрген Дайырды, Әбді қақпа аузында белуардан бір теуіп, сыртқа қарай шаң қаптыра жалпасынан түсірді. Осы әредіктे Дәрмен Әлмағамбетті сүйемелеп келіп, қорадағы жүйрік торы атқа мінгізді.

– Сенен осыдан басқа көмек жоқ. Шап, жөнел де жет Әбішке, Қекітайға жет! Данияр үйінен тап! – деді. Қақпаны сәл ғана аштырып жіберіп, Әлмағамбетті жөнелтіп салды.

Кішкене үйде жазықсыз жандарды қорғап қалған ер жігіттер тобы енді қандай пәлелеге болса да тістеніп бекінгендей. Зор денелі, балуан бітімді Мұқа да Әбді мен Сәменге сай екен. Әрі қайратты, әрі батыл серік боп тізе қосты. Жаңа өздеріндей он шақты ер-азаматты айдал салғалы бұлар қандай жау болса да сескенетін емес. Үйдің сыртқа қаралған терезелері қақпақпен жабылған да, темір сүймені үй ішінде кепіл шегемен нық бекілген болатын. Жаңағы жаулар алғашқы келіste терезені ескере алмады. Қақпа мен есік мынау жігіттердің өз қолында. Ендігі толас шағында Сәмен Дәрменді “үй ішіне ие бол!” – деп, әйелдер қасына қайырды.

Қолына өткір балта беріп: “Жан қысылса, аянар не бар, сен әйелдерге шошыма деп басу айт та, ана сыртқа шыға-

тын терезені бақ!” – деп, Әбді мен Дәрменге қамқор бүйрық етті.

Сәскеде Әбіш пен Кәкітай тұндегі Мәкен арызын алып, ояз кенсесінде болып шыққан. Енді окружной сотка Әбіш жалғыз кіріп, Кәкітай тыста тосып қалған-ды. Алқынып шапқан Әлмағамбет екі қабат тас үйдің басқышында тұрған Кәкітайды көрді.

– Ойбай, жаным, неғып тұрсың! Қаптады ғой, қырып жатыр ана Затонда. Жандарың болса жете гөр! – деп қаны қашып, аптыға сөйледі.

Бар жайды Кәкітай өп-сөтте түйді. Әлмағамбетке:

– Тұр осылай, тапжылма! – деп, оны тастай сала, жоғарғы этажға тұра көтерілетін кен, биік басқышпен жүгіре жөнелді.

Сол кезде тыстағы Әлмағамбеттің қасына шапшаң басып, лыпыл қағып сары сақалды, көк көзді Баймағамбет жетіп келді. Оның тұксиген қабағы, түйілген көзі Әлмағамбетке тағы бір қатал хабар әкелгенді сездірді. Әлмағамбет көніліне Баймағамбеттің тіпті көзі де дағдысынан тыс шақырая көгеріп алған төрізді. Баймағамбет: “Хабар нашар”, “хабар нашар” дегеннен басқа сөзді Әлмағамбетке ашқан жоқ. Бұны “Абайдың сыр сандығы” десетін. Әдейі “соны, пәленге айт” деген ариналы бүйрығы болмаса, Баймағамбет Абайдан естіген сөзді өуелі Әйгерімге де айтпайтын. Соған орай бұны “Абайдың сыр сандығы” деп Әйгерім атандырған болатын.

Сәл шамада үстіңгі үй, сот кенсесінен Әбіш пен Кәкітай асыға түсті. Баймағамбетті көре сала екеуі де үнсіз үмтыйла беріп:

– Е, немене, Бақа! Не хабар??

– Ағамның не хабары бар, немене? – десті.

Баймағамбет сүйк түйілген қалпынша, үнделмей ғана тұрып, омырау қалтасынан екі бүктелген хат алды да, Әбішке үсына берді.

Кәкітай Әбіш қасына қатар тұра қап, хатты бірге оқыды.

Бұл хатта Абай түндегі Оразбаймен ұрысып ерегіскен жайын айтыпты да, сақтандыра сөйлепті. Дәл білгендей, “Дәрмендер қайда жатыр екен? Қазақ үйіне түссе, сыйбысы тез шығады, мыналар онай тауып ап, бастанына қастық етіп жүрмесін!” – депті. Тезінен бір орыс үйіне шығарғанды мақұл көріпті. Оның үстінен Әбішке бүгін тағы бір жайды баса тапсырыпты. “Кешегі хатта мен екеуміздегі досстық қарызын ғана атап ем... Бүгін ежелгі жау зұлымдық мені қорқытпақ, қорламақ бопты. Енді тек бетпе-бет белдесіп тұрып, қан керек болса – қан, жан керек болса – жанды да киу бар. Аянбай жұлысу ғана қалды. Мен қазір сол егеске бекіндім!” – депті.

Абайды бүндай сөз берін осындаған күйге жеткізген іс-мінездер не екенін Баймағамбеттің ауызша айтқан қысқа хабары білдірді. Түнде Оразбайдан Есентай, Сейсекедей елші келіп, Абайды қорқытпақ болғаны, ашуландырғаны, егеске шығарғаны түгел мәлім болды.

Әбіш те осыған орай енді өке жүргегіндегі барлық на-мыскер ызаны, қорлана құлышынған ызаны өз бойына ұнсіз, сөзсіз шапшаң жиды. Асығыс, қысқа сөзінде Баймағамбетке тапсырғаны:

– Ағама айт! Мен аянып та, іркіліп те қалмаспын! Тек ақыл-кенесі керек болар, тез ғана осы жаққа өтсінші! – деді де, жүруге беттеп қозғала берді. Баймағамбет жалт бұрылып, тағы да жаңа өзі келген жағасына, қызыл барабай қасындағы желқайыққа қарай үмтүлді.

Поручик дәрежесіндегі офицер киімін киіп, қылыш асынған Әбіш, қасына Кәкітай мен Әлмағамбетті ертіп, Даниярдың қара жорғасын пәрмендетіп жорғалата отырып, әлдене шакта Затонға жетті. Бірақ жетулері қуантқан жоқ. Қатты қауіп-қазаны, ойда жоқ үлкен сұмдықты енді білді. Сәменнің үйінде соққыға жығылып, қан-жоса болған Айша мен Мұқа, Сәмен үшеуі қапты. Есіктен төрге шейін, қораның ортасы қақпаға шейін шашылып, ойран болған үй мүлкі жатыр. Қираған бүйім, әр жерде ұйысып қалған қан. Сұмдық әрекет, қatal жаулықтың анық сорғалаған қан,

сойқақтаған ізі жатыр. Сәл ғана есін жиған Айша жығылып жатқан бойын жимастан:

– Шабындар, жетіндер, көп болған жок. Паромға шейін жетесіндер! Жаңада ғана кетті. Қырық, елу саудагер қаптап келіп, қырғын жасап кетті. Әбді ғана Дәрмен мен Мәкенниң үстіне жығылып, пәрмене боп, қолына қанжар алып, арбаға бірге мінді! – деген сөзді талықсып жатып, үзіп-үзіп айтты да, Айша қайтадан қансырап, сұрланып есінен жаңылды.

Әбіш Әлмағамбетке бүйрық етті:

– Мыналарға сен көмек ет, қасында бол, көршілерін жи! – деді. Өзі Кәкітайды алып, ақ көбігі омырауын жапқан, қара тер басқан жүрдек қара жорғаны қайтадан соққылай шапқылап, паромға қарай жан ұшыра ұмтылды. Биік жолды құлданап, паромның көпіріне шейін ұшыртып келген қара жорғаның женіл арбасынан ыңғайлыш офицер Әбіш секіре түсті. Паромға қарай ұмтыла берді.

Жаңа бұлар белге шыққанда, бергі жағада тұрған үлкен паром жуан кедір арқанын жиып алып, кірер ауызға кепіл ағашын қойып, бұл жағадан кетуге айналып еді. Енді көпір үстінде жүгірген Әбіш жеткенше, паром бір саржандай жерге сыйылып кеткен екен. Тәуекелмен көз жұмған, бар денесімен ақыл, санасын жалғыз ғана әмірлі байлау билеген Әбіш, көпірдің қанатына секіре шығып, паромшыға орысшалап: “Қайтар, тез қайтар!” – деп ақырып жіберді. Өзі де сол бір саржан бойындағы жердегі паромға қаршығадай атқып берді.

Қиуасыз жерде, жай адамның бірде-бірі бекіне алмас әрекетке басты. Жалындан ұмтылған офицер суға түсер деп барлық жан сескене үн қатып, қадала қалғанда, ол дік етіп барып, паромның шетіне аяқ ұшымен ілінді. Жіңішке, аппақ мықты саусақтары да паромның жиек ағашына шап етіп жабыса түсті. Осында өзгеше өрт үстіндегі қимыл-әрекет еткен, өзі көрнекті ұлық бейнелі офицер, жаңағы қимылдының өзімен-ак құдіретті бүйрық еткендей болды. Енді паромның кормасын ұстаған бурыл сақалды ногайға

Әбіштің: “Кейін қайт!” – деп, басын бір-ақ изеп бұйрық беруі жеткен еді.

Әлдекімдердің үзіле, күрмеле шыққан қарсылық үндері ескерілген жоқ. Қалың арба, көп салт атты, көп жанды тиеген үлкен ауыр паром Әбіштің қадалып тұрған үнсіз қалпына бағынды. Паром қайта қайтып, мерзімді көпіріне жетіп, жуан арқамен нық байланып, қайта тоқтады. Ол тоқтай салысымен алға қарай көз қадап тұрған Әбіш, жағадағы жуан, жоталы, қызыл шүйделі, сары ала қылыш асынған полицейскийді қасына шақырып алды.

“Семіз сары” деп аталатын ар жақ, бер жақтың бар жүргіншісіне мәлім бүл стражник Әбішті ұлық тұтып, кішілік түспен алдына жылдам басып кеп, қалт тұра қалды. Әбіш оған сараң сөзben қазіргі шатақ жайды білдірді.

– Мынау паром үстіндеге жаңа ғана Затонда болған разбойдың, қантөгістің айыпкерлері кетіп барады. Бүл қылмыстылармен, бұзықтармен солардың құрбандақтары да бар осында. Мен қазір уезд начальнигіне жетіп, саған көмекке бірнеше полицейскийлер жеткіземін. Соған шекті тапсырылатын міндет – паромды қайта жүргізбей, қыбыр еткізбей және ішінен бірде-бір кісіні шығармай, осы жағада ұстайсың. Саған бұйрық беруші военно-полевая артиллерияның поручигі Ускенбаев. Үктың ба?

– Так точно-с, Ваше благородие, господин поручик! – деді де, семіз сары ілгері қозгала берген Әбішке жол беріп, алдынан өткізді. Өзі үзын қылышын сол жақ жамбасына баса қысып алып, паромға қарай адымдай жөнелді.

Әбіш осы бетінде тағы да күдіс қара жорғаны Ертіс жағалаған тақырлау көшелермен бездіре жорғалатып отырып, танертең өзі кірген уезд начальнигі Маковецкийдің кенессіне кірді. Семей уезінің бүл кездегі уездік начальнигі Маковецкий бұдан бұрынғы Казанцевтардан әр сыпаты артық келген білімді кісі. Әр істегі орамы өзінше шебер әкімді танытатын. Маковецкий жас жағынан отызға жаңа ілінген. Өзі биік бойлы, басы-беті келісті, келбетті адам. Ол Абайды жақсы білетін. Бұғын танертең Әбіш айтып келген арызыды үлкен ілтифатпен оқып, андал шыққан.

Орыс тәрбиесін алған жас поручик Ускенбаев Маковецкийге әділ сөз, орынды хабар әкелген адам сияқты. Ол әдеттегі сахарапың дауын қуушылардай, өз басын жоқтаушы емес. Қызды алып қашқан адам да бұл емес. Және қыз берен оны алып қашушы жігіт те бұл поручиктің інісі, ағасы, жақын туысы емес. Олай болса, сахара заңының қарандылық, озбырлығына, надандық қиянатына, жабайы жыртқыштығына орысша қоюп, тәрбие алған өнерлі жас қарсылық білдіреді. Ереуілмен алысады. Және сол қарсылық, алысу әрекетін сахара жолымен, Маковецкийге аса белгілі, тартыс жолымен жүргізуге болмайды. Аталар заңына бұл, Россия патшалығының үлгілі заңын қарсы қоюға талпынады. Қысқасы, даланың жабайылығынан қашқан панасыз, айласыз жастарды бұл патшалық әкімшілігінің панасына әкеледі. Поручик Ускенбаев, Маковецкийдің түсінігі болынша, өте тура, дұрыстық жолда әрекет етіп жүр.

Бағана Әбіш әкең қалдырған Мәкеннің арызын ойға салып отырған Маковецкийдің түсінігі осылай еді. Енді, таңертенгі қалпынан, ондағы сабырлы, сүйкімді жүзді, майда мінезінен мұлде өзгерген поручик Ускенбаев келді. Бұл кірген сәтте Маковецкий таңырқап, өз орнынан түрепеле жөн сұрады.

Әбіш отырмaston, қалт түрған қалпында барлық болған жайды Маковецкийге айтып шықты. Ең ақырында өзінің бүған берілген әмір дәрежеден тысқары әрекет еткенін сәл айыбы есебінде мойнына алды. Паром жағасындағы полицейскийге өздігінен бүйірк етіпті. Қалың қылмысқа қарсы өзге айла таптағанын айтты. Тиісті әкімдердің правосына қол сүққаны үшін сырпайы күйде кешірім өтінді.

Болған халді ұғына салысымен, Маковецкий қаланың паром жағын әкімдік жөнінен билейтін, үшінші участкениң становой приставы Старчакты алғызды. Сол приставқа әмір етіп, қасына бас полицейскийді алып, тезінен паромға жетуге бүйірді. Ондағы басты айыпкерлер мен арыз берген Әзім қызы Мәкенді және оның жігіті Дәрменді осы уезд кенсесіне шапшаң жеткізуді тапсырды.

Енді бір жарты сағат шамасында пристав Старчак өңшешен биік бойлы, сом денелі бес полицейскийді ерткен бойда, айбарлы ажар көрсетіп, қайық аузына жетіп келді. Паромның көпірін үлкен айбынмен тарс-тұрс басып, әлі де байлаулы тұрған паромға шапшаң аттап кіре берді. Қылыш, қарулары сатырлай жарқылдаған әкімшілік адамдары паром үстіндегі барлық жай жүргіншілерді сескенте берді. Полицейскийлер келер алдында осы паром үстінде тағы да бір қатты қатал қақтығыс болған-ды.

Әбіш кетісімен, паром үстіндегі бақырауық Қорабай және оның қасына ерген бірнеше, өзіне тартқан “портерде” жүргіш жанжалқұмар шолақ саудагерлері бірігіп ап, паромшыларға жанжал салған. Паромды жөнелт деп бұйрық еткен.

Семіз сары паромшыларға “қозғалма!” – деп бұйырғанда, Дайыр мен Қорабайлар жылы сөйлесіп көрмек боп, қызыл қағаздың шетін де қылтитқан-ды. Бірақ жаңағы официердің ажарынан тайлығып қалған стражник үйреншікті парасын алмай, бой сағаттаپ, екіұдай күйде қалған.

Әбішті көргеннен бері ызасы мен кегі қайнай түскен Дайыр, енді тағы бір кезек Дәрмен мен Мәкен отырған арбаға құлшына ұмтылып, олардың басына сау сол қолымен қамшы үйірген. Бетінің қаны қата түскен, шекесі мен желке тұсының жарасы таңылмаған Әбді, өз қолындағы ұзын сапыны Дайырға осымен сан рет қайта көрсетті.

– Жалғыз тамшы қаным қалғанша бұл екеуінің басына сенің таяғынды тигізбеймін, Дайыр! Сертім, антым сол. Қара қанынды ағызамын. Тақап көр, тиіп көр! – деген.

Бұл егес Қорабай қасындағы сотқарларды және қоздыра түсіп еді. Олар паромға мінген жандардың жарымына жуығы шулай сөйлегенде үлкен бұлік тобы екенін танытады. Осылар алдауға, парага көнбекен Семіз сарыны енді қорқытып, ықтырмақ болды. Бір ауыздан қосыла зекіп, айғайлап:

– Босат паромды! Жібер бізді!

– Жетті тоқтатуы тамам жұртты! – деп, Семіз сары мен паромшы бурыл сақал ногайды ортаға алды. Қыспаққа салып түр еді.

Осы шақта паромның көпірін солқылдата, тасырлата басып он шақты жаяу, өңшең еңгезердей, жұпымыны киімді қазақ жігіттері жүгіріп келді. Паром аузында тұрган жаңағы топқа олар кимелей араласты. Ауыздарында бір-ак сөздері бар.

“Қайда Қорабай?”, “Қайда қанішер Қорабай?” – десіп, сұрау сала килікті.

Бұлар үнін естіген Дәрмен, Мәкеннің қолын қатты қысып, Әбдіні де иығынан тұртті.

– Ия, сәт, мынау Затон жігіттері! Асыл азамат, грузчиктер ғой! – деп қалды.

Анығында бұл топ Сәмениң тату жолдастары. Шетінен балуан атағын алған балғын грузчиктер болатын.

Бағана Әлмағамбет Айшаның нұсқауымен осылардың Сейіт дейтін біреуіне жетіп, Сәмен үйінің қан-жоса боп жатқан жайын білдірген. Кең жауырын, бітік көздеу, қызылсары Сейіт әп-сәтте мынау сегіз-тоғыз көрші достарын ертіп алып, Сәмен үйіне кіріп, бар жайды көріп білген-ді. Сонымен, серіктерін ертіп, осы паромға қарай өзгеше кекті ашумен үмтұлысқан болатын.

Сейіт паром үстінде, бұлар іздеген бұліктің бәрі барын білгенде: “Ия, сәт, бересің!” – деп тісін қайрап, құлышына түскен. Қазір сол Сейіт “қанішер Қорабай” деп ақырғанда, содыр сойқаннан жалтарып көрмеген аңсағай бойлы Қорабай жайдақ арбадан секіре түсіп, Сейіттің алдына ентелеп келіп, ақырып жіберді.

– Экеңнің көз-құны бар ма еді? Мен – Қорабай!

Сол-ақ екен, Сейіт Қорабайдың ұзын, тығыз қара сақалынан шап беріп үстай алып:

– Мә, Қорабай сен болсаң! – деп, шойындай жұдырымын ауыздан қойып-қойып жіберді. Қорабай сол қолымен жұдырық сілтесе де, Сейіттің қолынан сақалын босата алмады. Беті-жүзі қан болып, екі бірдей күрек тісі салдырап, аузының ішіне тұсті.

Паром үсті айғай мен сатыр-сұтыр төбелеске айналып қалды. Осында үлкен сары арбада күжірейіп отырған Дондағұл дейтін бүлік бар-ды. Ол қаланың екі жағасына аты мәлім, аса бір балуан және атақты ұры болатын. “Пәленше байдың тас құймасынан бір мeste шайды лақтырып ырғытқан”, “кесек ұрлайтын алып ұры!” – деп Дондағұлды барлық қала аныз етісетін. Қорабайдың әр кездегі қайраты мен айбаты осы Дондағұлдай, портерден шықпайтын, өзі ішкіш, әрі қайраты күшті пәлелер еді.

Бағана алғашқы толқын, он кісілік жауды жеңіл айдан тастаған Сәмен, Әбді, Мұқа үшеуіне кейін қайта келіп қаптағандар, тағы Қорабайдың бастауымен жеткен, осы Дондағұлдар екен.

Сәменді, Әбдіні қатарынан ұрып жыққан да Дондағұлдың өзі. Бірақ сол үлкен айқаста Дондағұлдың басына Сәменнің кіндік темірі де қатты тиген. Қазір содан бері бас, желке, жотасы түгел дүңкіп ісіп, жаңағы паром үстіндегі айғай-шуга ол қатыса алмай, басы зеніп отырған. Қазір құбын келіп, Қорабайды анадай еткенін көре сала, Дондағұл қолына дағдылы келтегін алыш, ақыра ұмтылды. Жолда тұрған бір жайдақ арбадан көлденең басып секіріп кеп түскенде, Қорабай мен Сейіттің тап қасынан еңгезердей боп дүңк ете қалды. Аузында боқтық, Сейітті жоям деп секірген-ди.

Бұл әуелгі бетінде жерге тарбия секіріп тұсті. Бір сәтке бойын иіп, тізесін бүгіп, енді ғана ақыру үстінде жазыла берген еді. Қапысы жоқ сәтті бақсан Сейіт пен оның өзіндей кең кеуделі, қара бүйіра сақалды Жайнақ, мына Дондағұлдың үлкен ұрыс бастарын сезіп қалысты. Сол сәтте екеүі де қолдарындағы қаруын қатар сілтеп, біреуі Дондағұлды көк желкеден ұрғанда, екіншісі қатты қайың таяқпен білек қарынан келістіре қайқайта соққан еді... Желкеден тиген Сейіттің қолындағы Сәмен үйінің қара шоқпары болатын. Өтіздей дүңкіген қара жон Дондағұл, мынау екі балуан грузчиктің қатар соққысына төзе алмады. Өкіріп барып етпетінен түскенде, арба астына бас сұға бере, тырайып қалды.

Бір-екі грузчик Дайырды тауып алып, оны қойғылап тепкілеп, иттей езгіледі. Пристав Старчак пен қасындағы полицейлері және Әбіш пен Кәкітай жеткен шакта паром үстіндегі жай осы еді. Старчак көп сөзге келген жоқ. Әбіштің айту, көрсетуімен ең өуелі Мәкен мен Дәрменді бөлек босатып, жағаға шығартты. Содан кейін Қорабай мен Дайырды және де бар топтан бөлгізіп алды. Оларды екі полицейскийге арнап тапсырып, Маковецкийдің кеңесіне қарай бастап жөнелді. Грузчиктер үнсіз сазарған қалпында үйлеріне қайтты. Үндері өшіп, жуасып қалған жанжалқой саудагерлердің тобын көтерген паром, енді мерзімді жүрісіне басып, Семей жағасынан жылжып кете барды.

Сол жүргінші тобы Ертістің Слободка жағасындағы көпіріне кеп тоқтады. Осы “қайық аузы” дейтін жерде тағы да жесір қуған, пәле іздеген үлкен топ сабырсызданып, тықырышық атып тұр екен.

Бұл топтың алды – бурыл сақал, зор мұрынды, жалғыз көзді Оразбай. Қасында ерткені – бай құдасы Сейсеке және басына сәлде салған Шәрібжан халфе. Үшеуінен бөлек салт атқа, жайдақ арбаға, женіл трашпеңкелерге мінген тағы да жиырма шакты қала саудагерлері мен ел адамдары бар. Бұлар паромға көліктерін, арбаларын кезекпен кіргізе жүріп, хабарға қанды. Ар жақтан тауаны қайтып, бар пәлені бастарынан атқарып келе жатқан Дондағұл мен бірнеше саудагерді ортаға алған. Паром жүріп кеткенше солардан жайдың бәрін білді.

Қорабай мен Дайырды приставтың жапқалы өкеткенін естігенде, Оразбай жай қозғалған паромды тебіне тыптырлағандай, жарылардай боп асықты. Аузынан от жалындей, зәр қарғыс атты:

– Қанды балақ қас жауым Абай десsem, бөлтірігі тағы еріп пе еді?! Жетіп қап па еді тағы бір дүспаным боп! Ұлық, төре болғансып дегенін істетіп тұр ма екен!.. – деп, ар жағын айтпай, тек өкініш қана білдірді... Бас бармағын құшырлана тістеп қалды. Баяғыда: “Абай баласына орыс оқуын оқытып жатыр. Ұлық, төре жасамақшы. Сенің де

күдіретің, мұлқің жетеді. Оқытсаң қайтеді бір баланды орысша?” – деген ақылшыларды Оразбай ауызға үратын. Қазір сол оғаты есіне түсіп өкінгендей. Бірақ бұл шағында күйреп кетейін деп тұрған Оразбай жоқ. Сәлден соң қайтадан дүр сілкініп, құлшынып кетті.

– Көрермін, шығып көрсін... Шыдап көрсін көлдеңең!.. – деп бұлыға қайнап, кіжініп алды.

Қуғыншылар мен қашқындарды енді қайдан іздерін анық аңғара алмаса да, Оразбайдың жалғызы көзін қадаған бір ғана нысанасы бар.

Ол үлкен Семейдегі өзіне таныс қазақ тілмашы Самалбек, Маковецкий уездің тілмашы. Сүйегі қырғыз, Тобықты ішіне сіңген он шақты үйден шыққан оқыған жігіт Самалбек Доспанов. Оразбайдың бұдан бұрынғы бірнеше істеріне ақылшы да себепші болған делдал еді. Бар мінезі мен сырына көзі жетпесе де, Оразбай сол Самалбекке кейде қыскы соғым жібертіп, жазда сабалап қымыз, семіз қой, бағландар жіберіп, іліктесе жүретін. Самалбек арқылы мировой судьяның, окружной сотың, банкенің және жандарал кенсесінің бәріндегі қазақ тілмаштарымен Оразбай дәмдес, таныс болған.

Қайықтан өте сала Оразбайлар тобымен Самалбекті іздең келді. Бұл шақта Маковецкийдің кенсесінде кезек тосып Әбіш пен пристав Старчак және Дәрмен мен Мәкен отырған. Қаланың бірнеше ірі чиновниктері мен тағы бір советникті бөгде жұмыспен қабылдаған Маковецкий, Әбіштер жеткеннен кейін бір сағаттан соң ғана босады. Ол әуелі Старчакты қабыл етіп, одан жанжал басы Дайыр мен Қорабай жайына қанып алды. Паром үстінде де тәртіп бұзған, үлкен айуандық әрекет болғанын Старчак дәл мәлім еткен. Пәленің себепшісі Қорабай, Дайыр екенін, олардың Старчакты да иянаттап, ұрсып, “параға сатылдың” – деп айыптап сөйлеген сөздерін оязға түгел жеткізді. Осы дерекке сүйеніп, бұл екі әкім өздеріне берілген администраторлық право бойынша, қалада разбой жасаған екі қылмыстыны бір айға каталашкеге жауып, істерін мировой

судьяға жолдайтын болды. Сөйтіп, Старчакты жөнелтіп, Маковецкий Әбішті қабылдаған.

Әбіш өзімен бірге Мәкен мен Дәрменді ерте кірді. Арыз иесі Мәкеннің сөзін Маковецкий өз аузынан сұрап еді.

Берген арызынан қайтпай ма, осындағы сөзінде тұра ма? Жоқ бүгінгідей жанжал, әлек, қантөгісті көрген соң, бұрынғы байлауынан қайта ма? Қайта ойлана ма? Соны білмек.

Әбіш Маковецкий сөзіне бірде-бір сөз қоспастан, бұлжытпастан дәл аударды. Осы кезде ояздың көптен күтіп отырған бір адамы амандастып кіріп келді. Ол қазақ тілмашы Самалбек. Бұның пәтеріне барып ошарылған Оразбай бастаған құғыншыларды іlestіріп, Самалбек ояз кенсессіне жаңа кеп кірген.

Оразбайларды аузыға қалдырып, оязға өзі жеткен. Та-ныс тілмаш Самалбек келген соң, Әбіш оған бас иді де, ке-зек берді.

— Мен тілмаштықтан тоқталайын, господин Доспанов өзі аударсын. Арыз берген қыздың ендігі сөзін сізге өз тіл-машының жеткіzsін! — деп, Әбіш төрбиелі ұстамдылық көр-сетті.

Маковецкий жас офицердің бұл мінезін де құп көріп, үнсіз ғана бас изеп, Самалбекке иек көтерді.

Мәкен жаңағы Әбіш жеткізген ұлық сұрауына, ақырын айтса да, ойлы, салмақты жауап қатты.

— Таксыр, мен көптен зар шеккен жылаулармын! Қала-да әділ ұлық бар деп, сіздің панаңызды ізден келгемін. Со-лай өзім ізден келіп, кеше берген арызымнан бүгін қалай айнимын. Екі айтарым жоқ! Сол арыздағы сөзім сөз! Азат-тық тілеймін ақ патшаның әділ заңынан! — деп сөзін аяқта-ды.

Кей жерде тоқтала түсіп, көзіне жас алып, соншалық бір сабырлы, саналы жүзбен сөйледі. Қасындағы Әбіш пен Дәрмен екеуі таңданып, сүйсінгеннен бір-біріне көз таста-ды. Іштерінен Мәкеннің ақылынан айналғандай. Самалбек, Әбіштің байқауынша, орысшаға едөуір жүйрік, әділ ауда-

рушы екен. Бұл арада оның көлденең сыйншысы орыс, қазақ тілдерін бірдей жақсы билетін Әбіш, Самалбек қыздың сөзін айтып болғанда, Маковецкий “қалай аударды?” – дегендей сұрақ тастаған жұзбен Әбішке көз қызығын бір бұрып еді.

Әбіш үндемей құптарап қана бас иді. Осыдан кейін Маковецкий өз сөзін Әбішке арнады.

– Поручик мырза Ускенбаев, мен сізге бір жайды мәлім етейін! – деп, өзі осыдан бұрын ойлап қойған салмақты бір ойларын өлшеулі, дәлелді сөзбен баяндады.

– Әзім қызының арыз, тілегі патшалық кеңселеріне жеткен соң ескерусіз, тексерусіз қалмайды. Әрине, әдетте, бұндай істердің баршасы сахараның өз заңы мен шариғаты бойынша тексеріліп, шешіліп келген. Біздің кеңселер алдына бұл істер бұрын келіп түспейтін-ді. Ол ретке қара-сақ, Әзімова қазақ даласынан Россия заңы арқылы өз басына азаттық тілеуші бірінші әйел. Сонымен қатар шығыс әйелінің эмансипациясы үшін алысушы бірінші әйел деу-ге де болады. Поручик Ускенбаев, бұл іске сіздің араласуыңыз бер менің араласуымды әділет үшін араласудың бір түрі деп түсінейік. Бірақ сіз Әзім қызына және қасындағы дос жігітіне ұғындырыңыз. Заң бойынша бұл адамдардың арызы мен барлық істері сот орындарына тиісті жұмыстар. Ендеше, бұдан былайғы тексеру, шешу, қорытулар – бәрі де сот байлауы бойынша болады! – деді.

Осы турадағы бар әрекетін окружной сот председате-лине Маковецкий өзі барып мәлім ететінін білдірді.

Содан кейін Әбіш, Мәкен, Дәрмен үшеуі Маковецкий кабинетінен шыққан еді. Енді Самалбектің Оразбайлар жайын мәлім етуі бойынша, ояз начальнигі Оразбай мен Сейсеке байды, Шәрібжан халфені қабыл етіп қалды.

Ішкі бөлмеден офицер киімді Әбіш шыға келгенде, Оразбай жыландағы жиырыла қалды. Қарсы келе беріп, қасындағыларын ілгері өткізді де, өзі тоқтай берді. Әбішке жалғыз көзін оқтай шанышлтты. Әбіш те бұның көзінә қабак түйе, қадала қарап, сескенбестен өте беріп еді. Оразбай тістене тұрып зіл тастады:

– Болмай жатып бәле құғызды ма әкең саған? Тек тұрысып көріндер әкең екеуің!.. Өлісер жерге жетіпсің, өкінбे тек!

Әбіш Оразбайға қырынан тұрып, ажуалай, жирене қарады. Әкесіне осы адам істеп жүрген бар қастық пен кесір-кесел қазір бір араға жиылып, бадырая көрініс бергендей. Бүгін көзі қөрген қаталдық, қаскөйлік пен қан-қаза жас жүректің ызасын өршітіп тұрған. Ол Оразбайды табалап, қатал үн қатты:

– Мен пәле құғам жоқ. Бірақ пәле тудырам деушімен алысуға шықтым. Біліп қойыныз, ардан, аяныштан аттаған жыртқыш жауыз болса, оған қарсы мен де әкемсіз-ақ шыға аламын! Аянбастан, өкінбестен алыса білемін!.. Есінде болсын, ақсақал! – деді де, жүре берді.

“Доңайбат жасап сесскентем” деген Оразбай, мына жігітті қорқыта алмай, ширықтыра түскенін көрді де, үн қаттай, сүзе қарап қала берді.

Мәкен, Дәрмен, Әбіш тобы ауыз үйде Маковецкийдің жанағы уәдесін тосумен болды. Бұл кенседе құғыншы мен қашқындар және арадағы жанқүйерлер бетпе-бет тізелесіп отырғанмен, бірде-бір жақтан тырс етіп шыққан сөз де, ұрыс та болған жоқ. Ашу үстінде аямас қастыққа қатты бекініскең топтардың іштегі оттарын әрен бүркеп отырған күйлері танылады. Егер бірде-біреу тіл қатып, үн шығарса, от қынабынан суырылған жалаң қылыш есепті сермелу керек те, қан төгу керек тәрізді. Әсіресе бүгін таңнан бері екіудай болған осы топтардың арасынан түскен жара мен қан, соққы мен қырғын, енді екі жақты да өлімнен бетер қаттылыққа бекіткен.

Оразбайлармен Маковецкий сөзі тіпті қысқа болды. Ол:

– Бұл істі мен тергемеймін, сот тергейді. Менің араласкан себебім: қалада, мен билеп тұрған орында қантөгіс, жанжал болғандықтан соған ғана тыйым салудың әрекеті болатын. Мен қазір қызды да, оны қуып дау айтушылар – баршанды да сот алдына айдаймын. Ендігі сөзді сол жерде айтып, дау, дәлелдерінді сол мекемеде шешкізесіңдер! – деген.

Бұрын елде болған бір сайлау үстінде Маковецкиймен астас, білекtes болған бай Оразбай, Самалбекке де сырмінез көз таныстай батыл сөз айтты. Онысы – қазір патшалық кеңесінен заңға лайықты дәлел тауып сөйлеген өтініш тәрізді боп шықты. Бұның айтқаны:

– Рес, ояз сөзі бастан-ақ орынды. Заңға келсек біз тентек. Сотқа жіберсін, заңға келсін. Мақұл-ақ, бірақ мынадай бір өтінішке ояз да, сот та теріс деп қарсы шықпас дейміз! – деп, Оразбай қанын ішіне тартып алды. Қатты сұрланып, қатқыл үнмен көтеріле сөйлемді.

– Тергеу бүгін бітпейді, бірталайға созылады. Олай болса, қашқын қыз қайда болмақ керек? Сол қашқын жігітінің қатыны боп қасында қала бермек пе? Онда соттың тергеуі неге керек? Дау үлкені сол екі бүліктің қосылу-қосылмауы турасында емес пе? Ендеше, ей, Маковецкий, – деп алыш, Оразбай жалғыз көзін оязға оқтала қадады.

– Мейлің өзің шеш, мейлі сотың кессін. Бірақ дәл осы сағаттан бастап, сенің кеңсендің табалдырығынан аттағаннан былай, анау бүлік қыз бен бұзық жігітті тізе қостырып отырғызбай, қазір айырындар! Айырып тұрып тергендер. Біздің өтінішімізді тыңдасаң, екеуін екі боліп, екі абақтыңда ұста! – деді.

Сөзінің басы Маковецкийге орынды көрінген еді. Соңғы байлауы, әрине, сахараның қатал занын қолданушы озбыр-зорлықшының қияс дауы. Маковецкий Оразбай сөзінің осы тұсын естігенде ернін шүйіріп, бас шайқады.

Сотқа оның арызын да жеткізбек боп уәде қылып, бұл топты да ояз ұзатып салды. Енді арада тағы бірер сағат өтіп, кенсе ісі аяқтар шаққа жеткенде, окружной соттың іші мен алдыңғы жағы, көше бойы, айналасы қазақ арызшыла-рына лық толды. Бұл араға бағанағы бір кезде Абай мен Баймағамбет те жеткен. Ол екеуін басжатақтан әдейілеп алыш өткен қайықшы Сейіл де “не болар екен” деп ере келген-ді.

Абайды жиын ішінен көріп қалған Оразбай, салғаннан соқтықпаса да, бір кезек маңайласып келгенде, Абайға көп жүрт көзінше даурыға тұрып, кінә таstadtы.

– Тағы салдың ба өртінді?.. Өрте! Өртеп қал, Абай!

Абай сасқан жоқ. Даусын Оразбай даусынан асыра, қатты көтерді де, мысқылдай сөйлемеді.

– Өрт деймісің?! Өрттің бәрі жаман дегенді саған кім айтты?!

– Ия, өрт жақсылық демексің фой, сонымен, ә?

– Өрттің жаманы да бар, жақсысы да бар. Шіріген шенгел, қуарған түп-түбір, көрі тікенектерді өдейі өртейтін де кез болады. “Орнына жаңа көк шықсын”, “анау жол берсін” деп өрт салады. Бар пәлені білгенде соны білмей, не қара басты? – дегендे, Абай маңындағы Сейіл бастаған жұпымыны киімді бар жиын мәз бола, даурыға құлді.

Оразбай Абай жаққа қарай қолын бір-ақ сілтеді де, сырт берді.

Бұл жиында ар жақ пен бер жақтың саудагерлері ғана емес, бір жағы қайықшы, бір шеті Затондағы грузчик жұмысшы, жай көпшілік кедей, кәсіпшісі бар. Екі жақтың базарында жүрген ұсақ саудагер қала түрғыны мен маңайдағы ел-елдің қалашылары және кепті.

Бай, саудагер Сейсекенің қырдағы үлкен бай, жуан құдасы Оразбай қуған дау екен. Бір Сейсеке емес, Қасен, Жақып сияқты байлар жар салып, ар жақ пен бер жақтың көп саудагер байшыкештері де сәнді арбаларын жектіріп, көбінше ноғайша киініп, сыланып, тараңып келісіпті. Осылардың кейбірінің арбаларына мініп, араларына кіріп сәлделі молдалар, халфе, қарилар, шар тартқан шәкірттер де жетіпті. Бұлар қазақтай “мұсылманмын” дейтін елдің әйел жайын, әсіресе “никах”, “талақ” тәрізді шаригат үкімі шешетін жайларын патшалық сотына, орыс законына беруді үлкен қылмыс санайды. Айыпкерлерді, қолдарынан келсе, сол сөтте лағынетке ұшыратып, көпір қауымына жазып, тұтіп жегендей.

Жарым күн өтсе де, бар қалаға өрт хабарындағы өрекпіп жеткен лақап, қанды жанжал осы қаланың әр кенесеңінде істейтін қазақ чиновник, тілмаштарын да сот үйіне тартқанды. Олар қыр қазағы мен қаланың жай түрғындарынан

басқаша басады. Кеңсе ішіне, жұрт батпай жүрген жерге кіріс-шығыстары батылырақ. Абай да окружной соттың үстіңгі қабаттағы кең залында Әбіш, Кәкітай, Дәрмен, Данияр және Самалбектей жігіттерді қасына алып, көбінше үндемей отырған. Бұлардың ортасында көптен бері Мәкен де жоқ. Маковецкий сот председателіне келгенде, Оразбайдың арызын еске алып, қызды Дәрменнен, Әбіштен де бөлген. Өз кеңесінің қызметкері Самалбекке ерткізіп бөлек әкелгізген. Окружной соттың председателі мен Маковецкий оңаша сөзге кіріс бастағанда, Мәкенді стражнике шақыртып, ішкі бөлмелерге алып кеткен. Аз уақыт ішінде сот председателі істес адамдарын тез жиғызып алды.

Қыз арызын окружной сот өз қарамағына ала ма, жоқ па? Қазақтың бұл күнге шейін сахараасында қолданып келген әдет-заңына бере ме? Оразбайлар тілегендей әдет пен шариғат жолына тапсыра ма? Жоқ, әлде қыздың арызы, Әбіштей офицердің өтініші бойынша, Абайдай келденен арызшы, ел адамының сөзі бойынша окружной сот өзі қарап шеше ме? Міне, осы екі жайды кезек салмақтап, бір байлауға келу сотты да көп ойға салған жай болды.

Мезгіл кешке тақап, жұрт сарылып болған шакта әзірге: “предварительный” дейтін уақытша байлауы кеңсенің өз ішінде аз жұртқа ғана мәлім етілді.

Бұл байлауды арыз иесі Мәкенді алдарына келтіріп отырып мәлімдеген сот председателі. Ол келісті қасқа бас, сарай шаштары ағарған, салқын жүзді, тығыз біткен ақ сақалды, көп шенді, келбетті адам. Председатель қысқа ғана байлау айтты.

— Округ соты ерекше шара есебінде сахарадан қашып келген, патшалық сотына арыз берген Әзім қызының ісін уақытша өз қарамағына алуға үйғарады. Іс тергеу аяқтап болғанша Әзім қызы қалада болады. Оны қуған адамдарға да, алып қашқан адамдарға да берілмейді. Алысқан екі жақтың адамдары оған кездесспес үшін, іс тергеуге өсер етіп, бөгет жасамас үшін, Әзім қызы үкім байлау күніне шейін полицияның надзоры астында болады. Сол жөндегі айрық-

ша шара есебінде окружной соттың тілмашы, сенімді гражданин, тайный советник Әлімбек Сармановтың үйінде тұратын болады.

Үлкен кеңсенің өзірге ешбір жайды байлап, шешпеген алдын ала шарасы осылай мәлім етілді.

Сонымен, Мәкен енді Дәрмендер көзіне де, жаулар жүзіне де көрсетілмей бөлек кетті. Талас-тартыс тетігі болған жылаулар қызы, мұнды Мәкен екі жаққа да жоқ болды. Бүгінгі күн бүлікпен басталған қала тірлігі, әлі де бар жұртты белгісіз, тиенақсыз дәркүмәнға салған сергелден үстінде аяқталды.

Осы күннен бастап Мәкен тірлігі оның да, Дәрменнің де ойында жоқ өзгеше күйге ауысты. Ауысуға себеп көп еді. Ең әуелі патшалық кеңселер өздерінің дағдысынан тыс өзгеше мінездер ұстанды. Аз сағаттар ішінде бұл іске айналысса да, олар көп-көп қайшылық, тартыстарды тындалап, аңдан шықты.

Бұл кеңселердің тегінде осындай іске араласуы Семей облысы мен қаласының тәжірибесінде болып көрмеген. Сонымен қатар: “мұсылман әйелдерінің неке, талақ жөндері шарифатқа тиісті. Бұл жайды мешіттердің имамдары, мұсылманның дінбасылары шешуге жол!” – деп Оразбай, Сейсекелер шүйлеп салған сәлделі халфе, кари, молда, мәзіндер арыз берген. Олар бес-он сомға да жалдана салатын қазақтың шолақ тілмаштарын ертіп келіп, салмақ салған. Бұдан бөлек қаланың Сейсекедей, Қасендей байларын ертіп, сахараның ақсақалы, ру басы, әдет-ғұрып жоқшысы болып Оразбайлар да өктеді. “Сот пен ояз осы дауды өздері қарамасын”, “халқымыздың заңына берсін”, “ата-бабамыздың ежелгі жолына айдан салсын”, “патшалық заңы бұл шакқа шейін біздің құда болу, қалың төлеу, келін ұзату, жесір алу жөндегі заңымызға қол сұқпаған болатын!” – дескен.

Мәкенді қуған топ осындай болса, енді бір көп жұрт өте орынды дәлелдермен “осынау істі сот өзі қарау шарт” деп өтініш етеді. Военно-полевая артиллерияның поручигі

Ускенбаевтың өз бетімен жазған, амалсыз күә болып көрген-білгендері аса бір салмақты жайларды еріксіз еске алғызыдады.

Ол Маковецкийге айтқан ауызша дәлел-деректерін енді өтініш талабы түрінде молайтып, дәлелден жазған. Жабайы сахараның ортағасырлық құлдық-қорлық заңынан тұңғыліп, Россияның жеке адам правосын басқаша қорғайтын заңынан әділет тілейді. Көмек күтіп, пана тілеп келген бірінші қазақ әйеліне қорған болмау, Семей қаласындағы патшалық-әкімдік орындары мен құрметті сот орындарына үлкен айып болар еді! – деп жазыпты.

Екінші, бұл істер сахараның өзінде патшалық-әкімшілік орындары көрмеген, білмеген жерде болып, жүріп жатса бір сәрі. Қала әкімшілігі, уезд әкімшілігі және тіпті болыс әкімі әскери губернатор отырған Семей қаласында бар әкімшілік орындарының көбіне мәлім болып, көз алдында қанды оқиғаға айналды. Осындағы істі қолға алмай, көрмеген кісі болып, сахараға қайтарып жіберу үлкен қателік болар еді. Патшалық үкіметінің Семей облысындағы әкімшілік, сот орындарының дәрежесін, намыс престижін сахара дағы қазақ халқының көзінде аса төмен түсірмекші.

Және де осы жай орталық баспасөз жүзіне шықса, ми нистрге, сенатқа мәлім етілсе, бұл жердегі патшалық кен селерінің басындағы адамдар батылсыздығы үшін ұтқа батқан болар еді деп те жазыпты. Осының бәрі соншалық салмақты, еріксіз ойландыратын сөз. Шынында Әбіштің сөздерінде әрі саясаттық шеберлік бар, әрі бір жағынан Семейдің үркек, шорқақ чиновниктерін айламен сыз өткізіп, “баспасөз жүзіне шығарамын” дегендеге сескендіру де бар. Бұл жай, әрине, ете орамды сөзбен шебер айтылған болу керек. Әйтпесе, тікелей қатаң айтылса, жалған намыс иесі жергілікті чиновниктерді ыршытып, егестіріп жіберуге де болар еді.

Осындағы нәзік, еткір және қионы шебер жайлар тоғысқандықтан, Әбіш өзінің әрі куәлік түрінде, әрі патшалық қызыметкере ретінде жазған жайларын қатты ойланып, көп

ақылдасып жазуды дұрыс көрген. Сол себепті бүтін таңертең Павловты шақырып, өз арызын соның түзеуіне, өндеп шеберлей түсіүне беріп кеткен.

Павлов, тегі, бұл іске мезгілімен ерте қосылды. Оны қосқан Абай. Таңертең окружной сот залында Әбішке кездесіп қайтқан Баймағамбет хабарынан соң, Абай тез іске кірісті. Семей жаққа өтер алдында Павловтың пәтеріне келген. Александра Яковлевна да барлық болған жайды естіп қанған екен. Абайға тығыз кеңес, көмек керек екенін толық андаған Павлов та ар жаққа өтпек болды. Ол Затонның бар жұмысшысын білетін, әсіресе Сәмен бұның жақын танысы, үйіне де барып, араласып жүретін. Сол үй ішімен бұзықтардың соққысына, шабуылына ұшырап қалды дегенді естүмен бірге Павлов көмек етуді, ақыл беруді өзінің борышы санады. Төбелес, қантөгіс хабары тағы да болғандықтан, қолма-қол көмегі болар деп әйелін де бірге баруға шақырды.

Александра Яковлевна Павловтың жүзінен, байлауынан анық қатерлі жайды андады да, өмір бойғы үйреншікті дағдысы бойынша іркілместен қасына ерді.

Сонымен, Абай Баймағамбет екеуі басжатақтағы жел-қайықпен жөнелгенде, Павлов пен Александра Яковлевна қолдарына дәрігерлік аспаптар мен кейбір дәрі-дәрмектерін алып, Слободканың төменгі жағындағы паромға қарай асыға басқан. Затонның өкпе тұсына паром жақын болғандықтан солай кетісты.

Сәменнің үйі мен паром үстінде болған қантөгіс төбелестердің сонында Затонда бірнеше жұмысшының үйінде жаралы бол қалған адамдар бар-ды. Сәменнен осы жайларды біліп алған Павлов, қалаға, Әбіштің пәтеріне асыға кетті де, Александра Яковлевна жаралыларды емдеуге кірісті. Оның осы Затонда тұратын жақын таныс фельдшері Дмитрий Артемович Девяткин деген бар еді.

Обадан бұрын Александра Яковлевна Семей қаласында, қалалық больнициада дәрігерлік еткенде көмекшісі болған және Александра Яковлевнадан көп жаңалық үйренген фельдшер осы кісі. Қаланың байырғы тұрғын адамы. Мінезі

салмақты, өте орнықты, есті жан. Қоңыр шаш, сәл жирен шоқша сақалды фельдшер Девяткин 35 жастар шамасындағы адам. Дәрігерлік ісін ол үлкен бір мінезділік достықпен, жылы жақындықпен атқаратын. Әрі қазақша тілді жақсы біледі. Осы сыпаттарымен ол қазір Затондағы қазақ үйлерінің ерек, әйел мен жас, көрісінің бәріне қадірлі.

Александра Яковлевна Сәменнің жарасын өз жуып, тазалаумен, дәрілеумен қабат, сол Девяткин фельдшерге кісі жіберген-ді. Жіберген адамы Сәмен үйінің екінші жағындағы көршісі, Затонның слесары Захар Ивановичтің әйелі – Марфа. Захар мен Марфа Сәменнің өзімен, әйелі Айшамен де аса тату болатын. Павловтың жолдасы Марков осы көршілес екі үйде кезек жататын да, екеулерін бір-біріне өте мақтап, өсіреле дос етіп жіберген. Марфа Сәмен үйінде болған әлекті кеш біліп қалды. Мәкен мен Дәрменді жаулар тартып алыш кетіп бара жатқанын, ол үйіне қайтып келе жатып, көшеде көріп, жай бір бөтен адамдар төбелесіндей түсінген еді. Кейін сол көргенін тату көршісі Айшаға айтпақ болып, оның үйіне кіргенде, барлық бүгінгі қанды сойқан осы үйде болғанын аңғарған.

Сәменнің талып жатқан, қансыраған күйін көрді. Соқыға жығылған Айша жылап жатып, ыңырып “Сейітке хабар айт” – деген-ді.

Марфа содан өзінің 30-ға тақап қалған ересек жасына қарамай, екі етегін көтеріп алыш, жас қыздай жүгіріп, ұшып отырып Затонда жұмыс істеп жатқан Сейітке хабар айтқан.

Бағана паромдағы соңғы тартыскა, майданға Сейіт бастаған бір топ грузчиктің жан ұшырып жеткені, сол Марфанаң хабарымен болған. Оларды паромға, куғынға жөнелтіп салып, Марфа Сәменнің үйіне келіп, оның қанын жуып, қолынан келген көмегін істеп жатқан үстіне Павлов пен Александра Яковлевна жеткен-ді. Марфа дәрігер әйелдің тапсыруы бойынша фельдшер Девяткинді алыш келіп, қазір Сейіттің, Сәменнің, Әбдінің, Мұқаның – бәрінің де қанды жараларын емдеуге осы дәрігер достар күнүзын айналысқан-ды.

Кейін Девяткин жаралылардың бәрінің жөнінен акт жасап, хат мөрлеп, алда болатын тергеулерге арнаулы деректерді Александра Яковлевнаның қолына берген.

Павлов қалаға, Данияр үйіне келіп, Әбіштің кейбір қағаздарын жазысұға көмектескен.

Құндіз Әбіш бізге мәлім әлектің ортасында жүргенде, Павлов Мағыш пен Афтаптың кезек күтуін көріп, Данияр үйінде ұзақ отырып, Әбіш арызын көп ойланып, ондал шықты. Семейдегі патшалық кеңселерінің осы жөндегі жауаптылығын ескерткен, саясат жағдайын айтып отырған дәл Павловтың өзі еді.

Кейін окружной сотта, оңаша ұзақ кеңестер болып жатқан шақта Павлов сәл ғана уақытқа окружной сот кеңесіне келіп, Әбішке арыздың черновигін әкеп беріп кеткен.

Әбіш сол арада осы арызын көшіріп болып, Маковецкийден соттың оңаша кеңесіне апарып жеткізууді өтінген.

Абайдың ақылымен Сейіл бастаған бір топ қайықшы қуәлардың арызы да кірді. Олар қашқан мен құғандар жағын әйелге тән тілекtestіk, көмектestіk ретімен жазған. Бұлардың үстіне Затон грузчиктері – Сейіт, Сәмендер арызы болған. Олар да Павловтың Затон жақта тұратын, бұларға күнде араласып жүретін, айдалып келген досы, жас жігіт – Марков қолымен аса дәлел-деректі арыз жазғызып алған. Бұндағы еріксіз көңіл аударатын жай, қыр адамы Дайыр мен қала бұзықтары Қорабай, Дондағұл тал түсте қаруланып барып, қала ішінде разбой жасағаны, қан төгіп, зорлық қылмыс еткені, үй талағаны, қызы мен жігіт екеуін “самосуд” ретімен “казнить” етпекке талап еткені, әсіресе, баса жазылған. Бұндағы қылмыс қала өкімінің билеуіне тиісті. Затонда, паромда, көше бойында орын алғандықтан, осы істі қала соты өзі тексерсін деп өтінеді. Арызға қол қойған – Сейіт, Сәмен бастаған толып жатқан грузчиктер және Затондағы тоншылар, пимашылар тәрізді жұмысшылар. Ұзақ созылып жатқан округ сотының оңаша кеңесіне бұл приговор да мезгілімен жеткен.

Осылайша, жаңағыдай топтардың біріге жазған, қол қойған, бармақ басқан, таңбалар салған приговор қағазда-ры бір-ақ күн бойында “Әзімова Мәкеннің ісін” толықтыра берді.

Нәтижеге келгенде қуушы жақтардың ісі боп тігілген деректі документтері аз болды. Олардың ауызша жасаған домбыттары, даурығы көп. Ондай халдің, әдетте, қағаз бетіне дәлелді боп қонбайтыны мәлім. Бұның орайына Абайлар жағының қағазға түскен қуәлік деректері, тілек-талаптары өлдекайда орынды боп қалыптасты. Сондықтан да бүгін ең алғашқы уақытша байлау жасауға келгенде, округ сотының председателі мен мүшелері амалсыз қыншылық сезді.

Бір жағынан ойласа, қаланың инабатты, беделді адамдары, мешіттердің имамдары араласқанын көріп отыр. Бұлардың даусына қала саудагерлері мен байларының тілегі қосылыпты. Ал екінші жағын салмақтаса, онда дәлел, дерек, занды жолмен өтілген тілек-талаптар бар. Бұны еске алып, есепке тұтпауға тіпті мүмкін емес. Өйткені соттың қолында тұрған қағазына көлдененен қараса, екінші топтың істерін дұрыс демеске шара жок.

Міне, осындай көп шытырман жайлардың түйіні ұзақ толғантып, көп қиналтып келіп округ сотының жоғарыдағы байлауына сайған.

Байлау осылай болғанмен, жастар жолы кеңейген жок, өзір қайта қатал тұсауға түсті. Мәкенді Әлімбек Сарманов сияқты кісінің үйіне қойысты. Бұл байлаудың бірнеше жағдайы Әлімбектің өзімен сөйлесе отырып байланған. Ең әуелі, Әлімбек облыс әкімдеріне ешбір ой, пікір жағынан күмән тудырмайтын, сол себепті бірнеше чин алған, қазір советник атағына ие болған чиновник. Екінші, уәде бойынша қызды ол өз үйінде екі жақтың адамының ешбіріне де көрсетпей, сөйлестірмей бағып, бақылап ұстауды серт етеді. Әлімбек Сармановқа бұл іс жөнінде сенуге болатын тағы бір себеп – оның сүйегі, руы Тобықты руымен жақын емес. Бұл – Қарқаралы уезінің қазағы.

Қыз оның үйінде тұрған шақта сот орыны Сармановқа ақша-пұл салмақ салмайды. Пұл шығынын патшалық кеңесі өз мойнына алады. Тергеу біткенше Әзім қызының тамақ жайына арнап күніне елу тыыннан шығарып, айына он бес сом ақша төлейтін болады.

Сармановтың әйелі қазақ емес, татар. Бұл да Әзім қызын оған әсер етерлік жай-жағдайлардың барлығынан сыртқары етіп, оқшau ұстauғa себепші болмақ.

Сармановтың өзімен ақылдаса отырып жасалған осы байлау, кейін анығында Мәкен мен Дәрмен үшін анық тас қамаудай қын жағдайға айналды.

Сарманов бітік көзді, тылтиған аласа бойлы, бөтегесі жаңа шығып келе жатқандай семізше жігіт. Өзі секектеп жүреді. Мандал шашын кірпінің түгіндегі тікірейте қайырған советник Сарманов өте ынталы чиновник болудың үстінен, аса қatal, шолақ-шолтырақ адам боп шықты. Ол Мәкенді пристав Старчакпен келісіп алып, арнаулы екі полицейскийдің надзоры астында ұстады. Бұның үстінегін Дәрменнің жүзін көрсету былай тұрсын, тілхатын, бірде-бір дерегін де білдірмейтін болды. Тіпті Абайды да Әлімбектің өз маңына келтірмейтінін мөлім етті. Бұл чиновниктің үйі қазақ арасы емес. Семей қаласының “ногай жағы” дейтін бөлімінде. Асты кірпіш, үсті ағаш, екі қабат, көнелеу үй. Құймалар биік, қақпалар берік. Сарманов маңайдағы ногай көршілерден де қатынастан тыбылып, айналасын таптүйнактай қымтай жүретін.

Өзі қырдан қол үзген. Әйелі болса қазақ қонақты ұнатпайды, жанасу мүмкін емес. Әлімбекке Данияр таныс болғандықтан, Әбіш тым құрса сол арқылы бір сөйлесуді талап етіп көріп еді.

Тықақтаған шолақ чиновник Әлімбек Даниярға ұрысарман боп, үзатып салды. Кейін Данияр мен Әбіш Әлімбектің үйіне Афтапты жіберген. Бірақ бұл әлі қазақ тіліне жаттығып болмаған марғұландық жас әйел. Татар тілінен басқа тілден әлі бір ауыз сөз үйренбеген Әлімбектің әйелі анау. Екеуі өздерінше шүлдірлесіп мұлде шала ұғысумен тез айырылысты.

Әлімбектің әйелі Мәкенді Афтапқа әдейі көрсетпей қалды. Келер күндердің бірінде Әбіш өзінің тез уақытта жүретінін айтып, сот председателіне бұның қуәлігі қажет болар деп айрықша мәлімдеме жасап еді. Бұл шакта оқшау іске арналып бөлінген “особое поручение” чиновнигі Злобин дайтін следователь Мәкен ісін өз қолына алған екен. Әбіш өзі жазған қуәлік арыздың жөні бойынша Злобинмен көп сөйлесті. Тергеушіге талай жайларды кең ашып, мол деректер беріп айырылысты.

3

Осы күндерде Түркістанның әскери округінен поручик Ускенбаев Фабдрахым турасындағы байлау-бұйрық та келіп жеткен болатын. Тегінде, осы өткен жаз басында Петербургтегі Михайловское артиллерийское училищени поручик дәрежесімен бітіріп шыққан жас офицер Ускенбаев Фабдрахым, енді әскерлік қызметті ада қылу үшін, сол азиялық шеттегі Түркістан әскери округінің қарамағына жіберілген-ди.

Қалаға келіп, Мағышпен екеуі жүріс жайына көптен қамданумен болғанда, Әбіш осыдан бірер ай бұрынғы ауызша келісім бойынша өзін “Алматы қаласына баратын болармын” деп топшылайтын. Қазір жоғарғы әскери орыннан келген бұйрық та, бұны сол Верный қаласына барып, полевая артилерия болімінде арнаулы қызмет ада қыла бастаудын айтыпты. Сонымен, жол әзірлігін, күйме-көлігін бұрыннан сайлап жүрген Әбіштің енді жүретін шағы жетті. Бұл кезде Абай мен Баймағамбет Слободкадан Семей жаққа көшкен. Бұрыннан Абай өзі пәтер етіп жүретін шаруа адамы, ескі тату-танысы Көрімнің үйіне пәтерге жайғасқан.

Дәрмен мен Мәкен ісі Әбіш қана емес, Абайды да ауыр азап, ұзақ әлекке салған. Соңғы шақтағы Абайдың іштей шеккен мұн, наласы осы күзде өсіреле ауырлап, қоюлана түсken. Бұл жайларын Абай осы айларда сыртқа шығарып

айтпағанмен, қалаға келгеннен бері күн сайын қағазға қадалып, толғана ойланып жазып таставтын. Ендігі ішкі сырларын өлең сөзінен, өнер сазынан аңғартады. Соңғы жылдар жазу өнеріне тыңнан қосқан бір ұлгісі “қара сөз” еді. Сондай кенеулі ой жемістерінен де жаңағы жайын женіл танытатын. Дәрмен ісі тұсында Абай, Әрине, не күрсінген, қуйінген қабақ танытқан жоқ-ты. Бірақ әркімге арналған істің, айтылатын сөздің жайын бұрынғыдан емес, енді ылғи салқын қабақпен айтады. Өте қысқа ғана қайрып қояды.

Көп тартысқа көп шабылып ысылған және мейлінше тойып, талып қажыған салмақты ойшыл барлық жайды өте тез аңғарып, шешулерін аса шапшаң түйеді. Сонысы және асығыс байлаудан балтамен шапқан орашолақ қопал қымылдай көрінгенмен, ұдайы орынды және өте дұрыс ақыл болып шығатын. Қала қазақтарының да молдасы, мешіті, саудагері, тілмаштары араласқан қыбын-сырын Абай опонай үйде отырып-ақ лезде біліп, тез де танып, таратып отыратын. Әрине, сондай Абай ақылы орнымен, ұдайы араласып отырғандықтан да, округ сотының “Әзім қызы” дейтін “делосында” бұлар жағының бар сөзі салмақты боп шықкан.

Енді Абай мен Әбіш күткен жоғарғы орын бүйрекі Әбіштің жүруін талап етіп келгелі, Абай күн сайын Әбішті қасына алады. Әсіресе кешкі шақта талай мәжілістерін бірге, оңаша еткізеді. Бүгін сондай бір отырыс үшін, Абай кеш батар алдында Баймағамбетті жіберіп, Әбішті дағыдан тыс ертерек шақыртып алған.

Әбіш келгенде, Абайдың қасында бұрын сөйлеспейтін екі адам отыр еді. Олардың біреуі Шәрібжан халфе де, екіншісі сүйегі найман Юнуспек халфе екен. Үлкен Семейдегі “Қазақ мешіті” дейтін мешіттің имамы, қазағуар татар молдасы, Кәмәли хазірет Абайға Юнусспекті жұмсапты.

Бұл адамдар бір жақтан астыртын Оразбай, Сейсеке сияқты байлармен ұштасып, жалғасса, екінші жақтан заң орындарының үлкен чиновниктеріне де баратын. Маковец-

кий сияқты уездік, қалалық әкімдерге мұсылман қауымы атынан бұлар сөйлегенде: “Біздің дінімізге, қафидамызға патшалық орындары зорлық етпесін” дейді. “Патша ағзамының Рүсия қоластындағы барлық мұсылман қауымына арнаған ілтифат, ықыласы бар. Соған хилаф келетін жолсыздық істелмесін” – деп, салмақ салған. Соңғы құндер приговор қарсылықтарын қағазға түсіріп, сот орны мен уезд кенсесін аралап шыққан да осы екі халфе.

Бірақ мекемелердің бірнеше басшы адамдары бұлардың алдын Абайдың арызымен тосқан, бөгеген. Өздерінше дәлел тауып тойтарған болатын. Сол жөнде тұмсықтары тасқа тіреліп, тайқи түскен екі халфе Абайды ол күтпеген кезде пәтерінен тауып, шаруаларын айттысты.

Шәрібжанды Абай әнеугүні оба тұсында, өсіреле Сармолла ісінде сырттай жақсы біліп, сүм адам көріп, жирене қарайтын. Қазір сол кіріп, ширатыла созылып “фатиха” қылып, өз атын айтқан жерде Абай жақтырмай, зеки сөйлеп, қарсы алды.

– Е, әлгі мешіттен шыққан мерез, бұлік халфе сенбі-сің? – деп, жиренішке толы өткір көзін бұл адамға ұзақ қадап, үнсіз жауап күтіп, отырып қалған еді.

Шәрібжан бұндай тұра қадалған, қатты айтылған айыптау сөзден жасқанып, ығып қалды. Ішінде кейбір егес-қияс жауап тұрса да, қарсы сөйлесе алмады. Отырған орнында қыбжындаған, қозалақтады да, иба қылған боп, Абайдың үлкендігін сыйлаған боп:

– Эй, Абай мырза, ғайыпладыңыз ғой! Абай мырза, эй-әй! – деген болды да, үндей алмай қалды.

Абай көпке шейін оның жүзінен өзінің ызалы, сыншы көзін алмай отырды. Екі молданың бұнда келген шаруасын Абайға баяндаған Юнуспек халфе. О да жанағыдай зеки сөйлеген үн ажарды андай отырып, Абай алдында шешіліп, көсіле алмады. Көбінесе бүтін күндіз кенсе бастықтары, орыс чиновниктері алдында айтқан дау-дәлелдерін қайталаған. Аяқтай келе Көмәли хазіретті ауызға ала отырып, Абайдың өзіне арнаған сөзін дін атынан айтылатын уағыз,

өситетке бұрды. Абайды таңдандыра отырып, иман жайын сөз етті. Оның Абайға ендігі айтқаны:

— Абай мырза, мұсылман қауымының қай заманда, қай мекенде болса да, тетігі мен тиегі иманы еді. Халық – на-дан, заман – иман, ынсаптың азған заманы. Сіздей қауым, халық ұстазы болатын адам ислам жолынан закон жолын, яғни діні жат қауымның жолын артық санаса, сіздің соныңызға ерген қауым мен нәсілдерде қандай иман, ефтиқат қалады? Қандай қылмыс алдында үждан, инсаф таразысы болады? Біз сізден сол мұсылманшылық иманы үшін, осы іс уақытында өзгеше ойлануды күткен едік! – дейді. – Бізді сізге жіберген ишан мен хазіреттер... – деді.

Абай Юнуспек халfenің жүқалан, кішкене денесі мен сұлуша ақшыл-қызылт жүзін андал отыр. Әсіресе оның жирендеу біткен, әсемдеп күзелген сақал-мұртына сәл қызыға қарап қалды. Бұл халфе тегінде бақасқа жүйрік, қазақша тілге де орамды болар. Қыр мен даланың үлкенді-кішілі сөздеріне көп араласса керек. Бір жағы қазакы бишікеш, екінші жағы қалалық дін өкілі, сондай қыры мен сырьы бар халфе тәрізді. Ол Абайды мұсылманшылдық дін жағынан, түп қазығынан сынайды. Тығырыққа қамай соқтыққан тәрізді. Бұғін болып жатқан даудың анық терең тамырын ұстап алып, сол жерден бұғалық тастамақ сияқты.

Абай әуелі халfenің орамдылығын сәл тамашалай түсті де, енді біразда мысқыл аралас, бір ажуаны ойлады. Бұл халфеге өзі қатаң үнмен сөйлесе де, өнінде мысқыл бар. Осы кезде, Абай сөйлей бастағанда, әкесінің шакыртуымен келген Әбіш үйге кіріп, сәлем берген еді.

Абай оның сәлемін алмаса да, үнсіз ғана қабылдап, өзінің оң жағынан төменірек орын нұсқады. Сабыр етіп отыра тұруын анфартты. Сойтті де, жаңағы халфеге бұрылған алғашқы бет ажарын сол күйінде сақтай отырып, сөйлей жөнелді.

— Сіз, дін адамдары, осы қаланың хазірет, ишан, ғұламалары, осындай жайға өздеріңіз араласуды шарт, қажет деп біліпсіздер. Айтайық, оларыңыз жөн болсын. Бірақ

осында инсафты, ұжданды, ар-иманды несіне ауызға алып, көмей толтыра, көптіре сөйлейсіздер? Неге риамен, екіжүзділікпен сәттің арасында жұз құбылып, жалған жолда жүресіздер? – деді.

Абай сұрауларының салмағы бата бастаған Юнус халфе жүгінген қалпында, жорғақтай тұсті.

– Қалай, қалайша? – деп қалып еді.

Абай он қолын жай салмақпен, бұйрық ете қозғай берді.

– Сабыр, сабыр... солайша! – деді де, жылдам ғана бастырмалатып, қадала сөйлеп кетті.

– Риялық, екіжүзділік дейтінім: сіздер кеше мен бүгін, барлық мешіттердің ұстаздары, иман-хазіреті болып, ең алдымен патшалық кенессінің, орыс чиновниктерінің, бөтен дін адамдарының, яғни кәпір қауымының ұлықтарына бардыңыздар! Бар ажар, назарларыңды салып неше алуан айла, дәлелмен жалынып та, жалбарынып көрдіңіздер. Жағынып, мақтап сөйлеп, өтініштер айтып шықтыңыздар. Мешіттерініздің мөрлерін былшиға басып, нелер шебер жазылған хұснihat, ғаризаларыңызды өбектеп апарып, жағына кіргіздіңіздер! Енді сол махкамалардан қарға адым жерге шықпай, менің ұстіме келіп, үйіме кіре бере жаңа ғана өздерініз мадақтай мақтап шыққан патшалық әкімдерін хақараттаң, иянаттай келесіздер. Бұның аты не? Барып тұрған екіжүзділік, жалғаншылық, масқаралық емес пе? Жеке адам жалғыз басымен, өз бетімен осындаиды істесе, біз соны көре тұра жерге түкірер едік! Жиренгеннен өртөнгендей болар едік. Осы қаладағы ноғай, қазақ халқының атынан, сан мындаған қауым атынан, сол қауымның ұстазы, тәрбиешісі, рухани басшысы аталған көп жандар, яғни ишан, имам, халфе, хазірет, молда, мөзін, шәкірттер атынан сөйлейтін сіздердің мінездерінізді не деп ауызға аламыз? Қайтіп жиренбей, ренжімей айтамыз? Жалғаншылар, екіжүзділер, қор мінезді, адамгершілік қайыршылары демей, сорлылары демей, қайтіп шыдаймыз? Мен сіздер шығып келген сол мешіт, сол дін атынан намыс етер едім өуелі! Қорланар едім осындаі мінездерің үшін! – деді. Екі халfenің енді аузын ашырмады, үстеріне, олардың

өздері айтатын: “жаһаннамның жаһилдерге шашылатын әділ ғазап отын” төккендей болды.

Осы сөздердің бәрінің тұсында әрі даугер, әрі айыпкер сынышы қалпына ауысып алған Абай, екі халғені соншалық шындал, елемей де отыр. Сондықтан бұның қыры көп кесек мінезіне қазір үнемі бір мысқыл, жерлегіш ажуа да үдайы араласа отырды.

Әбіш көлдененеңнен қарайды. Оның естіген сөздері мен ұғынған жайлары Абайды қатты бір намыспен ширықтырып отырған сияқты. Бірақ сонымен қатар Әбіш әкесінің жүзіне қараса, оның ақ-қарасы әлі де ап-айқын, шошақтау біткен көздерінде салқын күлкі, аңы бір мысқыл аралас отырғанын байқады.

Абай ендігі сөзінің соңын иман деген жайға, Юнус халфе бұны өзінше тұсамақ болған жайға соқтырды. “Шархы Фабдоллаға” дейін жетіп қалдық, “ұлken кітапқа орай біліміміз бар” деп жүрген молдаларды енді Абай сол кітаптарының тілімен сөйлеп таңдандыра бастады.

– Екі түрлі иман бар еді – яқини иман, тақлиди иман. Жұртқа сол иман атымен өсиет, хұқім айтпақ боласыздар. Осы отырған екеуінізді мен не дейін?! Яқини иманы бар деуге сіздерде ғылым жоқ. Тақлиди иманы бар деуге өүелі өздерінізде беріктік жоқ, яғни я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайданызға қарай дархал осы сағаттың өзінде “акты – қара” деуге, “қараны – ақ” деуге, “өтірікті – шын” деуге өзірсіздер. Сол терістіктердің бәріне ант етуге өзір отырған сіздерді не дейміз? Жоқ, бүтін мынадай дау мен пәле шығып түрған шакта, “қылыш үстінде серт түрмайды” десеніздер, “құдайтағаланың кешпес күнәсі жоқ” десеніздер, сіздерден не күтейік? Патша әкіміне кіргенде тағым ете жалынасыз, жалған айтасыз. Үйге қайтып, киізші Сейсекедей байға барғанда, бет сипап фатиқа қыла отырып, жаңағы өзіңіз кірген ұлықты қиянаттайсыз. Маған келе бере, жаңа ғана өзіңіз екі жерде екі түрлі жүз көрсетіп, өздерініз сатып қорлап келген иманды маған қарсы құрал етесіз. Қылыш етіп суырасыз. Яғни менің қолыммен қазақтың онсыз да қорлық ас-

тында қан жылап, сор кешкен бейшара қызын дарға астыр-мақ, қанға былғатпақ боласыз. Солай ма? Осылайша иманы мен арын саудалап жүрген сіздердегі жандардың, сіздерді жіберіп, жұмсап отырған иман ұстаздарыныңдың “жалғанши, қиянатшы жүзі құрсын!” демеске не шарам қалды? Барыңыз, жөнеле беріңіз! Менен осыдан өзге есітер сөз, алар сыйларыңыз болмас! – деп, соңғы сөздерін бүйрық ретінде айтты. Екі халфені өз алдынан айдал сала сөйлемеді.

Абайдың ашуын бағып, тез қымылға әзір отырған Бай-мағамбет енді халфелер бір-біріне қараса бергенде, өз орнынан атқып тұрып, оларға “жол бос” дегендей, қаусырма есікті кеңінен ашып жіберіп, тұра қалды. Бұл да: “барыңдар, сол сыйларыңмен” деген тәрізді.

Енді біразда Абай жаңағы ызалы қалпын басып, шарасына түскен шақта қағаз, қарындаш ұстай отырып:

– Осы жаңағыларға айтқан дауымның кейбірін мен қағазға түсірсем керек! – деп, биылғы күз бойында өзі көп оралып жүрген еңбек жайын айтты еді.

Әбіш ол жазуларды Абай үйіне келген сайын оқып кетіп жүретін. Әкесі жазып жүрген еңбектерінен көрінген бір өзгешелікті сұрамақ та, өзінше сынамақ та ойы бар. Енді Әбіш соны айтты.

– Аға, мен бір нәрсе жөнінен сізден сұрамақ едім де, кейбір күдігімді өзіңізге айтпақ та болып едім! – дегендеге, Абай бұған кең бір мейірлі жүзбен қарады.

Көптен әке мен бала арасына қанықты мінез, қалыпты әдет бойынша Әбіш кейде әкесін сүйсіндірсе, кейде таң қалдырып қуантатын. Әбіш осындаш шақта Абайға тосын, оқшаша ойлар, соны сөздер тастайтын.

Қазір Әбіш өздігінен тың сөз бастамақ емес екен, бір жайға іштей күдік етіп жүріп, жаңа соның кейбір себебін оқыс жайда өзі де шешкен сияқты екен. Соны айта бастады.

– Мен соңғы айлардағы кейбір “Қара сөзден”, “Өлең сөздерінізден” дін өситетіне дағдыланған молда ақынның анғарын байқағандай болатұғым. Ойлаушы ем, осындаш

сөз үлгісі ағамды оқып, ұфып, жаттап жүрген қазақ қауымының көбіне түсініксіз ғой. Осылай сөйлеудің қажеті қанша екен? – деуші едім. Жаңағы молдалармен шарпысқан, – деп Әбіш күлді де, – сөзінізге қарағанда, сондайлық сөз үлгісінің орны бар екен, дедім. Өзінің арналатын адресі бар екен деп, солайша жазуыныздың себебін түсіндім. Бірақ тағы да айтайын, көнілімде жүрген осы жөндегі күдігім әлі айыққан жоқ, аға! Жаңағыдай халфе, молда қазақ қауымында көп емес, сирек ұшырайтын селдір ғана топ қой. Солар үшін тілінізді өзгертіп, түрінізді басқартып, кейде көпшілікке ұфымсыз жайларға жырақтап барудың қажеті бар ма? – деді қүле сөйлеп, осындайда әкесіне бар ойы мен сезімін батыл айтатын әдетіне ауысты. Бірақ сондайдағы және бір қалыптанып келе жатқан дағдысы бойынша әкесінің ажарын, өңі-түсін аңыстай отырып, күліп айтады.

Абай баласының майдалап айтса да, туралап сынап отырған әзілқойлық ажарына жұмсақ қарап, қоса күлді.

– Мен олардың арам құлық, жаман қылықтарын айыппауши сыншы болсам, олардың өзіне ұфымды болатын өз тілдерімен сөйлемеске шарам бар ма?!

Әбіш әлі де күлді.

– Жаңағы иман яқини, иман тақлиди, қазақ баласының тілін сындыратын сөздер сол себептен келіп жатыр екен ғой. Бірақ бұл олармен жүз көрісіп дауласқан жерде жаңағыдай тұста айтылса да, өзіңіз жазған сөзге, еңбекке аз кіретін шығар, солай емес пе?!

– Ол кейде менің жазатын сезім мен жырыма да кіреді.

– Сіздің тыңдаушы, оқушының көпшілігі түсінбейді ғой.

– Олар керегінше түсінер, бірақ мен бүгін өзім жарғыласып отырған мынау топқа айттар сөзімді бұлардың өзінің тілімен айтпасыма болмайды.

– Қазақ тірлігінде бұлардың қандай орын, салмағы бар?

– Жоқ, Әбіш, сен бұл тұста ұшқары айтасың. Олар аз болғанмен, әсері мол, кесірі көп жұрт. Осы күзден бері екі үлкен істің тұсында бұл топтың надандығы мен зұлымдығынан жиренудің үстіне, олардың қазақ халқын, әсіресе,

осы қала жұртшылығын қаншалық үлкен улармен улатып, сорлатып жүргенін көрдім.

– Ол, көпшіліктің өз надандығы емес пе? Қырда да сол надандық бар ғой.

– Олай ғана емес екен. Қала – өнер орны, білім жарығының көпке пайдасы тиер, үлкен дүкені, мекені десек, кейде адасады екенбіз. Өйткені мынадай халфелер, мешіт, медреселер иесі ишан, имам, хазіреттер жүрген жерде оқымаған қала халқы нағыз сорлы, тұсаулы, қамаулы қауым екен.

Абай қырдан да қаладағы көпшіліктің дүмшес молдалардан молырақ залал шегетінін көп таратып айтты. Кейде медресе, мешіттен шыққан дағуа болмыс, қара ниет, надан, зұлым байлау – үкімдер сонша көп халықты сондай-лық тез адастырады. Жан түршігерлік сұмдық сорақылықтар дәл осы қалада, мұсылмандылық жолын тұттық деген қауым арасында болады екен.

Абай бұл жайды сөйлей келе, Әбішке жаңа бір сыр айтты.

– Ал осылар кімге болсын өз кебін кигізіп, өз тезін ұсынбақ. Мұсылмандының деген сөзге сүйеніп, өздерінің қараңғы нанымдарын іске асыруға кімді болсын құрал етпек, жетек-ке алмақ. Оны айтасың, бұлардың бір шеті жыраққа кетіп жатыр. Россия ішінде отырып, сол уатанына халықты жау етіп тәрбиелейді. Жаңағылардың аузынан соның ісі аңқып отыр. “Дін қарындастық, көпірге қастық” деген талай үгіт, өсінет бір арнаға саяды. Өздерінің ұстаздары Тройцкіде, Қазанда, Қырымда, сонау Бұқарай-Шариф, Самарқанда, одан әрі халифа жұрты дейтін Мысыр, Меке, Мәдинеде. Сонау “Мың бір тұн” заманының тирандығын сақтаған сұлтанды Стамбулда, Түрікте. Солардың бір тобынан маған кейде сөлем келеді. Және бір хат, кейде газет үгіттері де жетеді. Танимын, ойланамын да, кейде ызамен құса боламын. Бар ниеттері исламның бес парызын сәлделі молдаға табындыру. Өзге дүниенің жаңалығынан бүгінгі қауымды, келер нәсіл-ұрпақты аулақта, қараңғылықта ұстамақ. Әсіресе құбыжық етіп көрсетіп, үркіткені мынау

орыс халқының өнері мен білімі, тағылым-тәрбиесі. “Біздер дін қарындастарымыз”, “ол дін дүшпандарымыз – аулақ бол, қабыл алма, қас бол” дегеннен өзге үгіті жоқ! – деп, Абай бүгін Әбішті таң қалдыրған жаңа бір жайлар, хабарлар айтты.

Бұл жөнде өрісті ойы бар екен.

– Осы қауым менен не тілегісі, не алғысы келеді, аңдаймысың? Ойласам, барласам, надан сахарадан, қараңғы қауымнан шығып, көзі ашық адам болғанымды мен енді ұмытсам керек. Орыс өнері арқылы, орыс кітаптары арқылы сәл сөүле көріп, азаппен тапқан аз жарығымды өзім лағынет айтып жойсам керек. Исламият атынан бүгін маған сөз салушылардың үніне бақсам, мен осы заманың дәруіші, жаңа бір сопы Аллаярына айналмақпын. Өзімді өзім қорлап, сөзімді өртеп жоймақпын. Содан әрі, мысалы, сен орыс тәрбиесі өсірген адам болғандықтан, мен саған “бәлдүға” оқып, аталық теріс батамды бермекпін. “Шураи ислам дағуасына” бой ұрып, мен өзім лағынет айтып аластамақпын. Көрдің бе, міне, бұлар тілегендеге нені тілейді? Ырқына көнсен, еркіне берсен, бұлар қалай бастамақшы? Бір мені емес, мені құрал етіп, бүгінгі бар қазақ қауымын солай улатпақ. Келер нәсілін, тарихын түгелімен, осында қараңғы надандық жолға бүрмақ! Сен оларды қазақ ішінде аз қауым дейсің. Сан жағынан аз болғанмен, олар үлкен күш есепті бол, зор зарап таратып жатқан қауым! – деді.

Абай және де ойланған отырып, бұл жолдың үгітшісі жалғыз ишан, молда, халфелер емес екенін еске алды. Талай қараңғы қазақ, қас наданнан шыққан – Сейсеке, Қорабайдай саудагерлер, тіпті Оразбайдай мүлде кітап ашып көрмеген әміршілер солардың серігі. Нелер жуан бел, қарадүрсін әкімдер де сол жолда көп заманнан бері үздіксіз өрекет етіп келе жатқанын айтып шықты.

Абайдың бүгінгі бұл жайдағы сөздері көп толғанудан туып жатқан сыр екендігін Әбіш әбден анғарды. Бір жағы сахарада, бір кезі тек осы Семейде ғана өтіп жүрген әке еңбегінің іздегіш ойлары алысқа кетіп, жырақпен жалғасып жатыр.

Осы кеште Әбіш те өзі көрген бірталай мекен, өлкелерден дәл осы жөнде байқап шыққан жайларды әңгіме етті.

Жаңағы халфелермен кезігу тұсынан ширығып сөйлеген Абай, Әбіш үшін де бірталай жайдың түйінін шешіпті. Оның жеке-жеке байқап жүрген бір жөндері енді кеп бір арнаға сая бастады.

Әбіш биыл келгенде әкесіне өзінің тамағындағы бір тыртығын көрсеткен-ді. Онысы, тегінде, Әбіштің Петербургте, әскери оқуда жүрген шағында пайда болған, без шошу науқасы болатын. Сол ретте бұны Петербургтен әдейілеп оңтүстікке, жыраққа жіберіп емдектен. Әбіш өзінің Қырымда, Феодосияда болғанын жөне Кавказға барып, Кутаиси жанындағы Абастуман қыстағында арнаулы санаторийде ұзақ емделіп, жазылғанын айтатын. Кейін окуын бітірген соң, өткен көктемде ол ұзақ сапар кешіп, Түркістан әскерлік округін іздеپ Та什кентке барған. Оны да кейде үзік-үзік әңгіме етуші еді. Көбінше сол өлкелердегі халықтар мен салт жағдайларды айтатын. Қала, қыстақтардың, жол мен базарлардың жайын көңілді әңгіме етіп қоятын.

Әбіш бүгін кеш Абай ойларына, наным, ұғымдарына үлкен тірек, дерек болатын бір жайларды қосып айтты.

Петербургте жүргенде бұнымен бірге оқитын бір татар жасы болған екен. Қазанинан келген сол жолдасынан Әбіш бүл шақтағы Қазан жайын көп үққан. Екі жас өз халықтарының Россия өнерінен жырақ жатқанын сөз қылушы еді. Сонда жаңағы татардың жас юнкері Физатолла, татар қауымының халін осы имам, хазіреттерге байланысты қатты күйзеліп сөйлейтін. Россияға баяғыда қосылғанына, қояма-қолтық келіп күнделікті құшақтаса араласып отырғанына қарамай, әлі күнге татар қауымы мен орыс өнерінің арасында тас қабырға тұрғандай. Сол тас қабырғаны орнатушиның үлкені мешіт, медреселер, ислам фанатизмі.

Ол Россия өнерінен қашады, қорқады. Тартына түсіп, халық ақылын, ойын тұсауға тырысады. Кейін Қырым, Кав-

каз, Ташкент барған, Түркістанды көрген сапарында Әбіш сол жаңағы өзінің досы, татар жасы Физатолланың айтқан аңы шындығын көп байқапты. Халық үшін мұндық қараңғылық жайды өз көзімен көріп, түгел таныпты. Бәрінде мешіт, медреселер ықпалы, ишан-хазіреттер өсietтепі жаңағы Абай айтқандай. Бүгінгі қауымдарды қасында тұрған орыс школасынан қашырып, орыс өнеріне жауықтырып, өзгеше сенімсіздікте, жаулықта ұстаяуға тырысады.

Тұн ортасына дейін созылған әке мен бала кеңесінің соңында Әбіш өзінше бір ойын түйді.

— Aға, бұгін сіздің еңбегіңіздің аса мәні зор бір сырғы мен шынына жақсы жетіп тірелген екенбіз. Басында мен ойлағандай емес. Сіз шынымен әр кезде сол молдалар айттып жүрген өсiet болмысын сез қылмай болмайды екен. Олар өсietтінің сыртқы, жалған қабыршақ, алдамыш бояуын ашып, лақтырып тастап отырасыз. Ішіндегі талай заман дертін, қараңғылығын әйгілеп ашып отыруыңыз аса қажет екен. Соны енді ұғындым, енді таныдым! – деді.

Сөйте тұра өкесінің тынымсыз ой әрекетіне бас игендей ырзалық білдірді.

Сонымен қатар осы биылғы және былтырғы жыл бойла-рында Абайдың Лермонтовтан зор ықыласпен көп аударған өлеңдерін қолжазбадан жағалай қарап барлап өтті. Бұл еңбектің де ермек емес екенін ойлайды. Анау сәлделі екі халфемен қағысу тегі осында. Өте бір өрісті, өзгеше тартыс іздерін бұнан да аңғарды.

Алыс сапарға белгісіз ұзақ мезгілге кетуге өзірленіп жүрген Әбішті Абай қимай, бірнеше күндей қасынан жібермей жүрді. Мәken дауының ең алғашқы бүрк-сарқ еткен тасқыны бәсендей бере, Әбіштің сапарға аттану кезі тақап қалды. Соны білген соң Абай, өсіреле, Әбішті көз алдынан кетіргісі келмей, өз баласына өзі қызығып, көпшілік жайдан қызғана қарайтын. Қайта оралып кездескенше кім бар, кім

жоқ. Соны ойласа өке, бала екеуі де биыл өсіреле бар сыр сөзімдерімен онаша болысқан мәжілістерін аса артық көріседі.

Әке мен бала азғана күн ішінде Семей қаласында бір майданда тізе қосып, иыққа иық сүйесіп, табандасқан тартыстан өтті. Бүгінгі әңгіменің соңын аяқтай бере Абай соны еске алды.

– Қарағым Әбіш, барласам екеуміздің ойларымыз ғана, арманымыз ғана бір емес, биыл тіпті майданымыз да жақсы қосылған екен-ау! Сені тартыста танығаным қатты бір қуанышым болды-ау! – деді.

Әбіш Мәкен жұмысы турасында өз өкесінің бұған ырза болғанын жақсы білуші еді. Ол тұста екеуі біріне-бірі “жақсы”, “жаман” десіп ешнәрсе айтысқан да жоқ-ты. Енді Әбіш жанағы өке сөзіне орай өз қөnlіне алдыңғы күндерде оралған бір жайды білдірді.

– Аға, сіз мені тартысқа жарадың, майдан көрдің, сонда сыналдың дегіңіз келеді ғой. Ал мен өз өнерім жеткізді дегім келмейді. Қанша дегенмен қырдың қара заңынан, мұсылманның қожа, молдасының шарифатынан Россияның заңы адамға мейірімдірек, рақымдырақ қой. Жеке адамның правосын, өмірін, мұлкін қорғаудағы Россияның ережесі әділірек. Олай болмасқа әдді жоқ. Өйтпей, Оразбайға не Ақишанға ерсе, олардың қараңғы қанішер заңына жастар тағдырын тапсырса, Россияның сот орындарын қара басар еді ғой. Қысқасы, бұл да өзіңіз айтқандай, қазактың ендігі нәсіліне Россияның саясы мен панаыс басқаның бәрінен бағалы дегениң айғағы ғой. Соны ойласам және де Мәкендер ісінде менің өнерім женген жоқ, олардың келетін жеріне келгені женді ғой, – деп құліп қойды.

Бірақ жалғыз Абай емес, Әбіштей жасты жанындағы жақсы көретін іні-құрбы, дос-жаран, жора-жолдас бар. Олар: Көкітай, Дәрмен, Мұқа тәрізді жастар. Мағышпен екеуіне бірдей жақын күлдіргі дос Өтегелді, әнші Әлмағамбет, әңгімеші Баймағамбеттер бар. Бұлардың да мәжілісіне

Әбіш өз ынтасымен, дағдылы қимастығымен бірнеше кешін арнады. Жақында өткен сондай кештің бірі Кәкітай пәтерінде болған еді. Ал бүгін сол жастар тобы Дәрмен пәтерінде, Затондағы оның белгілі досы грузчик Сәменнің үйінде болды.

Сәмен мен Айша жақында Дәрмен мен Мәкеннің отына күйген, күйзеулік тартқан адамдар болса да, Дәрменге деген дос көңілден айнымалты. Бұлардың қонағуар, меймандос кішкене үйінде қазір жалғыз Дәрмен емес, Мұқа мен Әлмағамбет те жататын. Бүгінгі Әбішпен бірге мұнда Кәкітай, Өтегелді де ере келген.

Дөңгелек үстел айналасында отырып, кешкі шайды қонақтар іше бастаған кезде, бұл үйге үйреншікті жақын танысы Павлов та келіп қалған еді. Сырттан өте ақырын басып, төргі үйге үнсіз ғана бір-ақ аттап кіріп, жымия қарап, барлай тосып тұрған Павловты көргенде, Сәмен мен Айша көңілдене күлісіп жіберген. Сәмен Павловқа аса сыйлас, қадірлес адамындей бейіл-белгі көрсетті. Орнынан атқып тұрып, Павловты өз орнына шақыра берді.

Әбіш те Павловтың келгенін ойда жоқ, қымбат сыйдай қабыл алды.

– О, қандай тамаша! Қандай жақсы сюрприз! Келіңіз, мұнда келіңіз! – деп, Сәмен мен өзінің екі арасындағы орынды жылжи түсіп, босата берді.

Павлов ұзақ отыра алмайтынын, азғантай ғана уақытқа бір шаруамен Затон жұмысшыларынан шығып, Сәменге кіре кетуге ойлағанын айтты. Ол шай іше отырып, Әбішпен күле сөйlestі. Дәрмен мен Мәкен ісіне өзінің барынша қанық екенін білдірді.

– Сізге барлық жайды кімдер мәлімдеп отырды? – деп сұраған Әбішке, ол салмақпен күле жауап берді.

– Мынау Сәмендер қатынасы бар іс пен халдің барлығы бұл шакта мені еліктіре жүретін болған. Марковтың Затон жұмысшылары атынан окружной сотқа жазып түсірген алғашқы адвокаттық тәжірибесіне менің де ең алғашқы адвокаттық ақылым қосылған! – деп, тағы да Сәменге қарап кү-

ліп алды. Әбіш ол әрекеттерін алғыспен құптады да, енді бір өзі қызыққан сұрағын берді.

– Айтыңызшы, сіздерге қазақ даласынан қалаға қашып келген жалғыз ғана қыздың дауына араласу да революцияшыл программаға кіре ме? – деп өзілмен күліп еді.

Павлов бұның кекесін емес, сүйсінумен сұрап отырган жайын түйсіне отырып, өзі де өзіл жауап берді.

– Әрине! Болмаса Затондағы өншең кедей жұмысшылар қандарын текке төге ме? Бастарын жарғызып, өздері де осы қаладағы бай, саудагер мен қырдың ақсақал байларының бастарына шоқпар соғар ма! – деп күліп отыр.

Әбіш әлі де алғашқы бетте қалжындан сөйледі.

– Олай болғанда Затон жұмысшылары өздерінше келтек тілмен, білек күшімен жаңалық қосқан да, солай бола ма? Осылай десек қалай көрінеді? – деген еді.

Павлов бұл жайға шын жауап берді.

– Оныңыз да айтуға сыйды. Біз жұмыскер қауымды қандай тұста, нендей істе болса да, өздерінің жауларын анфара берсін дейміз. Рас, шын сырын, бұдан арғы жайларын біздің Сәмен, Сейіттер түсінеді! – деді.

Сәмен бұған арнап айтқан Павлов сөзін орысшадан тура долбарлап ұғынды да, өзінше бір байлауын сөйледі.

– Сенің үлкен жауың бай мен болыстар, саудагер мен ұлықтар деген сөзді Марков пен Павлов айта бастаса болды, біздің Затон жұмысшылары өзінің бала күнінен не қырда, не қалада сол содырлардан көргенін айта жөнеліседі. Сол-ақ екен, бұл кісімен ежелгі бір сырласымыз, мұндастырылған үғыса кестеміз. Мәкен мен Дәрмен дауының әлек, шатағының үстінде бұл кісілердің бізді ұғынды, түсінуі де сондай оп-онай болды. Қағазымызды өздері жазып, болатын сөзді өздері жолға салып берді. Тегі, жауын білген қауымның қаруын қайда сілтеуі оңай мәлім болса керек! – деді.

Павлов енді бұл жөніндегі сөзді аяқтай келе:

– Мінеки, солайша Мәкеннің дауы біздің Затон халқының тосып жүрген жайына мезгілін тауып қосылған керекті

сылтаудың бірі болды. Сіз, Әбіш, бұл жөнде Марков әңгімесін андасаңыз, ол осы болған жайларды соншалық сүйсініп, құшырланып әңгіме етеді. Ол жұмысшы қауымының өз жауларын тануына біз мұнда тіпті ортағасырдағы “қызы алып қашудың” керекке жарағанын да көріп отырмыз деп, кей достарына хат та жазды! – деп Павлов әңгімесін аяқтады.

Әбіш жай ғана жөн сұрағаны болмаса, бұл тұста Павлов-қа іштей тілектес адамша қарап, үнемі бас изей отырды. Сүйсінген ықылас білдірді.

Жүрісі асығыс Павлов шайдан соң тамаққа қарамай жүріп кеткен еді. Ендігі кеш бойы, ас піскенге дейін, онан соң тұн ортасы ауып ұзақ отырып барып ішкен соңғы шайға дейін бұл жиын-мәжіліс бір ғана жайға көніл аударып, ден қойды. Әбіштің өтінішімен өнер, саз сарыны басталды. Бұл жиынның тындағаны Дәрменнің соңғы өлеңі мен өндөрі болатын.

Домбырасын қоңырлата сөйлетіп отырған, ырғағы шебер құлақ күйінің тұсында Дәрмен өуелі азғантай бір үзіліс жасады. Жан-жақтан бұған көз тігіп отырған достар жүзін барлап шықты. Сөйтті де Әбішке бұрылып сөйледі:

– Маған бір нәрселер айт дедіндер ғой. Бұл күнде, бұл шақтарда менен шығатын жыр мен сыр қандай боларын андайсындар ғой! Әлі ешкімге айтпаған, ашпаған, іште ғана оралып жүрген ырғақтар бар еді. Көзіме көрінсе, тірі болсам, ең алдымен Мәкеннің өзіне елден бұрын айтармын деп ем, Әбіш, сапар жүріп барасың! Бүгін айтпасам, естімей, білмей кетуің мүмкін. Мәкеннің өзі жоқ болса да, достары отыр ғой. Соны ойлап ашпағанымды ашайын, сақтағанымды ортаңа салайын дедім. Бірақ білесіздер ғой, Бақаң айтатын “Шәркен” ертегісінде жас Зукуль – Мәкен, батыр ағасы Шәркеннің өлімінен соң не деп еді? Өзінің бар денесін оқ тескен, жааралы. Ағасы болса өлген. Сонда ақылды дос Данданға айтып еді ғой: “Іштегі жара анау, тыстағы жара мынау, көнілді аулар бір жайларды баян етсенші, Дан-

дан!” – деп. Мен де соның бір кез-кезегінен шертіп көрейін де! – деген еді.

Әншейінде үнемі ашық қабақпен жарқырай сөйлейтін Дәрменнің қазіргі үнінде ойлы мұң сезілді. Үй іші оның сөзін үн қатпай тыңдал қалған-ды.

Осыдан әрі Дәрменнің қыылған мұрты, құндыздай қою жылтыр қасы, сәл қанталай түскен өзгеше ойлы сұлу қара көзі тыңдаушы достарын Дәрменнің жұз ажарына да қызықтыра қаратады. Дәрмен үніне осы күнде қосылған өксік лебі сезілді. Сорлы асық өзінің ынты зарынан айрылу мұңын толасы жоқ шер тынысына айналдырып алышты. Біресе Дәрмен алғаш жүрек сирин ашқан шаққа кетеді. Тағы бір кезек үмітті, көтеріңкі ән қанат сермен, екеуі жасаған тәуекел, серт жайын тебірентеді. Одан келе бір шақта, қазақ ақыны айтпаған, Абай ғана бастаған “Көзімнің қарасындай” ырғақпен, жалыны қайтпас, арманы айықпас анық асықтығын ырғалтады.

Тағы бір сәтте Әбіш пен Мағыштай достарынан Мәкен екеуі алған ауызша сертін, дос жүрек көмегін шын баяндайды. Және бір ауық баяу, қоныр, сараң сыр бастаған ділмар домбыра, жи ауысқан ырғаққа сүйене отырып, бар жиынның күтпеген қалпында әзіл, қалжың күйді де қозғай кетеді. Мәкен мен өзінің әп-сәтте қашқын болғанын мысқыл етеді. Енді бірде сол ырғақпен, мынау қасында отырған жан аяmas достар Сәмен мен Айшаның, атандай асқар бойлы Мұқаның соққыға жығылып, қанжоса боп жатқанын әзіл, қалжыңға айналдырады. Аз жиынды көп күлдіре жырлап өтеді. Сонда көңілді күйін ауыр мұңымен алмастыра отырып, енді бір шақ сонау қырғын күні Әлмағамбеттің қорқып сасқан үсқынын мысқылына оралтады.

Бар жиын ішек-сілесі қатып күліскең шақта Әлмағамбет өзі де, сол күні зәресі кеткен жайын мына жұртқа ұғындыр-мақ болады.

– Қайтейін қорықпай! Қорабайдың сыңар жұдырығының өзі қап-қара тоқпақтай. Анау көпір жұдырық келіп ти-

се, бір жапырақ Әлмағамбеттен не қалады, деп шошынғаным рас! – дейді.

Сәмен мен Айша көздерінен жас аққанша құлу үстінде Әлмағамбетке мұсіркей қарасады.

Өзінің аузына қарап отырған дос тобына Дәрмен бар бейілін беріп, мейірін сарқа сыр толқытты. Кейде көңілдендіріп, құлдаріп алған достарына енді келіп аса бір ауыр наласын шағады.

Көп күндер өтсе де, сан сағаттар бұны сарғайтумен соғып кетіп жатса да, ол өлі Мәкеннен бірде-бір хабар, белгі білген емес. Кейде бұл оның жүдеген, жылап, қиналып, Дәрменді жәрдемге шақырған жүзін көреді екен. Осында түсінің бірінде Мәкеннің терең зындан ішінен шырылдан шыққан даусын естиді. Сонда Дәрмен: “Мен бармын, жақындамын!” – деп, айғайладап жауап қатайын десе, үні шықпай қалады. Қолын созайын десе, бауырына тартылып, байланып қалған қолы тұсауын үзе алмайды. Дәрмен бұл шақты бірінші рет осы топқа мәлім ете зарлай жырлағанда, жаңағы құліп отырған Айша мәлтілдетіп жас төгеді. Әбішке ақын досының жаңағы, соңғы жыры орыстың шебер даналары жазған кейбір балладаға сай туғандай көрінді.

Дәрмен ең соңғы кезде бар тынысы бетті шарпып түрғандай, соншалық ыстық жайды толғап өтті.

Тас қамаудан бетер болған Әлімбек тілмаштың үйіне Дәрменнің делдалы жетпеуі былай тұрсын, осылай зарлаған онаша шер куәсы, хаттары да бармайды, тимейді екен. Қатал тілмаш оның да жолын кесіп қойыпты. Сондықтан ең соңғы күндер тым құрса осылай жетер ме деп Кәкітай мен Дәрмен бір шара жасапты. Мәкенге арнап жаңадан тіккізіп жіберген көйлек пен кемзал, бешпет, ішік жағасына, омырауына, қаусырмасына Дәрмен көп тұмарлар тігіп жіберіпті. Сол тұмардың бәрі жетер ме екен Мәкенге. Егер аман-есен жетер болса, не сыр барын елер ме екен асық жар! Ол тұмарларда қапалы көніл құмарлары тізіліп жазылғанын сезер ме екен! Тауып, танып білер ме екен ынтызар! Соңғы, ұзак, өзгеше бір тың ырғақпен айтылған ғажайып

өлең осылай оралып толқып еді. Үй іші соңғы шайға ауысар кезде, бұл жырдың соңына келген күдік сұрау, үміт сұрау, арман сұраулар қайталады. Дәрмен соны айтқанда, үй іші көп ауыздан тілек қосып, жамырай үн қатысты. “Білер Мәкен”, “алар хатынды”, “таныр тұмар сырларын!”, “айтқаның келсін, дегенің болсын!” – десіп барынша адал тілек қосады дос қауым.

Дәрмен мен Мәкеннің жұмысына жаңын салып араласқан Әбіш енді сол жұмыстың сот алдында аяқтауын тоса алмады. Ол жайды адал серік болған өзі, тіпті Дәрменнен де көп арман етіп еді. Ақын досына: “Енді бар бөгет жойылып, Мәкен екеуің қайта қауышып, күле жайнап отырғанынды өз көзіммен көріп кету соншалық ыстық тілегім еді. Амал жоқ, Мәкенге осынымды өзің айт, ұмытпай айт!” – деген сөзді Әбіш дәл қоштасар сағатта айтқан да, онымен сүйіспін қоштасқан.

Әскерлік қызмет ретінен Алматыға барып іске кірісу жайы Ташкенттен тың бүйрық, анық, нақтылы бүйрық боп тағы жетті. Семейге Әбіш ойлаған мезгілден бұрын жүретін болды. Сөйтіп, ол Алматыға сентябрьдің аяғында аттанған еді.

Содан бері айлар өтіп, енді міне, январь да кірді. Мәкен болса, қалаға Дәрменнен алғаш кірген інір қараңғылығынан бері, сентябрьдің басындағы бұған жұмбақ кештен бері, төрт ай бойында ел-жүрттап, жақын жандардан жырақта. Тырс еткен сыйбыссыз, хабарсыз өзінше бір қамауда қалды. Тек соңғы айдың ішінде Әлімбек тілмаштың татар әйелі Сәлима жеңгей бір күні Мәкенді өз қасына көшаба шанаға отырғызып, басын Сәлиманың өзінше, осы қаладағы татар әйелдерінің салты бойынша қара шапанмен бүркеп, окружной соттың тергеушісі Злобинге апарып қайтқан.

Тілмаш боп Әлімбек қатынасты. Бірақ Мәкенге бірде бір сөз көмегін беріп, қазақ баласы, таныс адамы болып, икемді міnez көрсетпеді. Тек қана тергеушінің Мәкеннен

сұрағанын қазақша, шолақ-олақ тілмен оған жеткізеді де, Мәкенниң жауабын да өндемей, шеберлемей, “нем кетеді” күйде айта тастап тұрған төрізді. Мәкен бұған сенген жоқ. Өзінің ғана Әбіш көзінше айтып шыққан сөздерін бұлжыт-пай, айнымай қайта бекітті.

Ол тергеу болғалы да ай өтті.

Енді міне, аязды ашық күннің сәскесінде Мәкенді, ана жолғыдай, басына қара шапан жамылдырып, Сәлима тағы окружной соттың жоғарғы этаждағы өздері білетін бөлмесінде өкеліп кіргізген-ди.

Мәкен осылайша мылқау жандар арасындағыданай. Тіл қатысадар, жан тартар адамын көрмеген күйде бұғін, енді өз ісінің байлауына жеткен төрізді. Жаңа сот үйіне жортып жеткен кәшаба шанадан түсерде Мәкен байқап қалды. Осы үлкен үйдің алды, айналасы, тіпті Ертіске қарай құлай берген, үлкен ауыл аймағындағы, кең аланы түгелімен қаптап кеткен қазақ адамына толы екен. Беті бұркеулі күйде ешкімге көз тоқтатып, іркіліп қарай алмаған Мәкен, әйтеуір, жапырлап қаптаған еркектердің көпшілігі қыр қазағы, Тобықты үлгісінде киінген топтар екенін аңғарған. Сонымен қатар жағаларын мол қайырып, мәуітімен тыстаған тымақ ішік, жанат ішік, тиін ішік киген нөфай бөрікті байларды, сәлде салған бірен-саран молдаларды сезіп қалған.

Озі үміт ететін, алыстан асқар бел санайтын Абайдай асыл аға, бұл асығыс жүріс кезінде Мәкенниң көзіне түспеді. Соны күдік көрмесе де, көңіліне сөл жұмбақ біліп еді. Дәл сот есігіне кіре бергенде, бір жылы дауыс сыртынан анықтап тұрып, қазіргі сәтте Мәкенге аса қажет болған бір ауыз сөзді жеткізіп қалды. Мәкенниң анғаруынша, ол Әлмағамбеттің даусы төрізді. Қымбат сөзі: “Жасқанба, жалтақтама, Мәкен! Жоқшың қасында, Абай ағаң да осында!” – деп қалған.

Мәкен осыдан өзге қазақ үнін жау жағынан да, дос тобынан да естіген жоқ. Оны тергеген ұлықтар оңаша үйге өзін ғана алып байлау айтты. Соттың бұғінгі кесімі де осы өзгеше оқшаша істің жайына байланысты өзгеше кесім бол

шықты. Бұл кесімді окружной сот кең мәжілісінде жасаған жоқ. Арнаулы отырыс ретінде сот бастығы мен екі мүшесі – үшеуі болып өткізді.

Дағды бойынша үлкен тергеулерде ұдайы болатын прокурор, қорғаушы адвокат, зал толы қуәлар, тындаушылар тобы да болған жоқ. Іс түгел тергеліп отырған жоқ, оқшау шара ретінде қысқа тоқтам ғана жасау мақсат болған. Сондықтан Мәкенді жалғыз бөліп алып келген стражник, одан өзге тергелетін кісіні де, куәні де, көлденен адамдарды да келтірмеді.

Мәкен есіктен ақырын ғана кіріп, аяғын баяу ғана басып, бөгеле беріп еді. Ұзынша кең бөлменің төріндегі кек мәүіті жапқан ұзын үстелдің ар жағында сары сақалды, қасқа бас, көзілдірікті, сары ала түймелі келісті адам отыр екен. Мәкеннің көз қадағаны сол ғана кісі еді.

Үстелдің екі шетінде бірі ұзын бойлы, бірі аласа бурыл шашты – екі бөгде адам бар екен. Төртінші кісі үстелдің бергі шетіне сол қолын сүйей тұрған тілмаш. Ол үлкен көзді, сәл шұбар жүзді, толықша денесі бар қазақ.

Сары сақалды ұлықтың өні-жүзін андай бере Мәкен ішінен “мына кісі орыстың бір сұлу адамы екен” деп қалды. Әдеп сақтағаны болмаса, Мәкен бұл сәтте де үрейленіп, қорыққан жоқ. Кей сәтте андал қараса, Мәкен әлі бір уақыт соншалық шошып, қорыққан емес екен. Бір ауық өзіне-өзі: “Осы мен есуаспын ба, неге шошып, неге үркіп қалтырап жылап, үрейленбеймін? Әлде есім шығып, мәнгіріп жүрмін бе?” деп те құдікtenетін. Анығында Мәкен қорқақ емес, тәуекелі мығым жан еді. Ол сонау күндегі қан-қазадан естен айрылмай өткен соң, “енди несіне болса да шыдадым”, “өкінерім, қайта айтарым жоқ!” – деп, сол әлек үстінде өзіне өзі бір-ақ түйін айтқан да, бекініп қалған-ды. “Оттан да, тозактан да қорқарым жоқ”, “өлсем өлейін, шыдадым” деп қана қойған еді.

Мәкенмен қазір жауаптасқан тек сот бастығының өзі ғана. Есіктен кіре, стражник қасынан ұзамай, ақырын жылжып, іркіліп қалған Мәкенді сот бастығы шошып тұрған

сахара қызы деп түсінді. Ол жұмсақ ұнмен сөйлеп, қолын да бұлғап:

– Бері қарай, бері таман, жақындаі түсіңіз! – деп өзі шақырды.

Тілмаш сол сөздерді жеткізе бере Мәкен өуелгі қозғалысын шашшандатпаса да, аяғын ақырын ептең басып, залдың ортасына тақап келді. Ұзын сұнғақ бойлы, қынай бел кемзал киген, басында оқалы тақия, жеңіл жібек шәлі бар, қонырқай жүзді, нұрлы, ойлы көзді қазақ қызы сот бастығына сүйкімді көрінді.

Бастық салған жерден Мәкеннің өз атын, әкесін, жасын, оқыған, оқымағанын башайлап сұрай бастады. Үстел басындағы аласа бойлы бір төре тілмаш аударған Мәкен жауабын хатқа да тұртіп отыр. Мәкен оны да анғарды. Барған сайын Мәкеннің көnlі өзі күтпеген күйде, сонша-лық тыныш орныға түсті. Ол тіпті жаңағы жақсы шырайлы бастықтың жайлап сұраған сөздерін енді сынап та тұрған тәрізді. Ишінен: “Алты айдан бері кім екенімді өлі біліп болмаған ба? Анық бес рет сұрап, тіркеп, қайта-қайта айтқызып, жазғызып алғандары көне! Менің атым мен өкем аты осы қыс бойы сан қағазды толтырмап па еді? Өйткенше қайта-қайта ежелей бермей, байлауын айтса не етеді екен?” деп те қойған. Сол ойының жауабы да, орайы да енді дәл табылғандай болды. Аз уақытта сот бастығы Мәкеннің Дәрменге қашан көңіл қосқанын, Дайырдан неге қашқанын нықтап сұрады. Оған Мәкен аз сөзben өте орнықты, берік жауабын айтты. “Дәрменнен айрылмақ ниеті жоқ, Дайырға қайтқаннан өлгенін артық көреді және патшалық сотынан, законынан өз басын қорғауды тілейді. Пана сұрап келген, жол көрмеген даланың жас қызы осы тергеуші ұлықтардан рахым сұрайды!”

Бұл сөздер тілмаш арқылы жеткенде, салқын жүзі көп өзгермеген сот бастығы, өзінің екі жағындағы серіктерімен Мәкенге түсініксіз, орыс тілінде кезектесіп сөйлесіп, ақыл қосып қалғандай болды. Соттың үш адамы – орыс адамда-рының бұл жүздерінен Мәкен құдер үзген жоқ. Анығында

оның байқағыштығы теріске кеткен де жоқ еді. Сот бастығы: “Мынау қазақ қызының сөзі орынды, тілі тапқыр, бұл барынша шынын әкеп түр!” деген болатын.

Онаша үйге қайтадан екшеліп шықпай-ак, осы топ төрелер Мәкенге тілмаш арқылы өздерінің байлауын баян еткен. Бұл кесімдері бар істі мулде бітірген байлау емес. Бірақ бұған білдіретіні: “Қыздың басы азат. Патшалық законына сүйенген округ соты Мәкен басына азаттық береді. Ал қалынマル, мұлік дауын шешуді қазақтың өзінің заңына бұйырады”. Осымен талайдан күткен сottың байлауы болды. Жартылай кесімді сот өзі жасап, осы іс жөніндегі ендігі бір жарты дау-тартысты екі топтың өзара келісіп, бітісуіне берді. Мәкен үшін бақыт шағындағы болған алғашқы бөлім байлау еді. Ол – сот байлауы. Бұл жөнінде басына азаттық тілеуші Әзім қызы Мәкенді бұрын төленген қалынマル бойынша зорлықпен алам деуші Шақар ұлы Дайырдың талабын сот теріс деп табады. Дайырға тимей, өзінің таңдаған адамына тиуге қызға рұқсат етіледі. Оны патшалық заңы, сот орны өз қорғауына алғанын мәлім етіп, қолына азаттық қағаз береді.

Осыдан соңғы бұл істің бітім, келісімге берілгені мал-мұлік жөніндегі сөздер. Қызға төленген қалынマル тәрізді, алық-беріктің бәрін қазақ халқының осы күнде өзі қолданып жүрген әдет, заңы бойынша “қызды жоқтаушы Шақар ұлы мен қызды қорғаушы Ысқақ ұлы Кәкітай келісіп, тыныштық табысатын болсын” делинген. Осы байлау сottың үлкен залына лық тола кірген қазақ атаулының бәріне мәлім болды. Ендігі ұзақ, оқшау келіссөзі тыста, сот кенсесінің маңында жүрді. Оразбай, Дайырлар тобының қарашы тілеулемесі бол келген қала саудагері, шәкірт, молдалары, тілмаштары қанша көп болса, Абай айналасындағы тілеулемес жұрт та мейлінше мол еді. Бұлар – ар жақ, бер жақтың қайықшысы, әралуан ұсақ кәсіпші, қалың еңбекші көпшілігі. Жөне бас киім, аяқ киімдері көнетоз болса да, орысша киінген жұмысшылар

көрінеді. Әсіресе, денелері, бітім-тұлғалары балғын, кесек біткен, отыз-қырқы тізе қосып, жұбын жазбай жүрген грузчиктер болатын.

Бұлардың Абай мен Кәкітайды, Дәрменді және соларға тілек қоса келген көп ел қазақтарын қоршап жүргені, бүгінгі күнде өзі бір үлкен айдын, көңілді көрініс бол шықты.

Қазіргі сәтте Абайдың ажарындағы ырзалық оны жасартып, өзгеше бір жадыратқандай. Жұзінде құлкі, іреңі ағарғандай. Кейіс кеткен қас-қабағы жоғары көтеріле, көріле түсіпті. Екі көзінің айналасында нұрлана біткен өзгеше бір сөule бардай. Шат, игі сөule! Қарасынан ағы молая түскен мұрт, сақалы едәуір егде жасты байқатса да, Абайдың езуіндегі құлкі, аксиған сұлу аппақ қатар кесек тістері оның жасын да ұмыттырғандай. Қасындағы Кәкітайды, Дәрменді екі жақ қолтығына ала құшақтай түсіп, сот үйінен шыққанда, Абай өзгеше өркештеніп, сонша бір тыныс алдып, шоқтығы аса шықты.

Осы істің алғаш әлек күнінде Оразбайдан Есентай әкелген кесір, асқақ сәлем Абайдың есінен кеткен емес-ті. Сонда сескенбей, жиреніш қана атып, тәуекел етіп, шыдамға бекінген өз мінезін енді өз ішінен қуанышпен құптады. “Жауыздықпен әрбір кездесу, табандасып белдесу әмісе осылай аяқтағай-ақ та! Осылай тынсаныш!” – деп, соңғы сөздерін қуанысып келе жатқан Кәкітай мен Дәрменге қатты сөйлеп, айтып та қалды.

Абайдың бұл қалпын көлденең бағып тұрған көздер бар-ды. Ол – Есентай мен Оразбайдың қызғаныш пен кек ызаға толған көздері. Абайды аңдай бере Есентай сол қолының шынтағымен қатардағы Оразбайдың шынтағын мытып қалды.

– Жауланып, өкпесі қабынып бара жатқанын қарашы! – деді.

Оразбай тістеніп, қырылдай түсті. Гүж еткен қабаған төбеттің ырылындаш ашу атты:

– Бара түссін баарына... Аса түссін, бүлдіре түссін ыбырай! Бұны бір қан тартып барады ғой. Тілеген сыбаға-

сын тартармын... Тостым алдын тағы да, үндеме! – деп, Есентайдың қолын сілке қысты.

Мәкеннің босағанына мәз болып, көнілі жайланып шыққандықтан, екінші кезекке қалған келіссөзге Абай кіріске жоқ. Мәкен сот үйінен соңғы рет Әлімбек тілмаштың әйеліне еріп шыққан еді. Абай Әлімбекке сөйлесіп, Мәкенді Даниярдың үйіне апарып, еркіне жіберуге келісті.

Ал мал жөніндегі Оразбай мен Дайыр айтқан қалың-мал шығынын “Дәрменге доспын” деген Абайлар жағы даудалбайсыз, толық етіп төлемек болды. Абай қарсы жақтың ойынан қара үзіп, өзгеше көнгіш боп шықты. “Тілегенін бермек, дегеніне көнбекпіз” – деді.

Екі жақтың сөзін ұстап араға кірген Айтқазы дейтін Белағаш қазағы пысық, сөзшең жігіт арқылы, Абай келіссөзді керіске жібермей оп-оңай шешті. Ұзақ дауласармыз деп әлі де қанын ішіне тартып, қабактарын кісі өлтірердей боп сүйқа салған Оразбайлар, Абайдың мал жөніндегі көнгіш жауабын естігенде, біраз уақыт не дерді білмей, мәнгіре дағдарды.

Артынан Оразбай пәллеге тоймас қалпымен, енді тағы асқындаі түсіп, айып тіледі. Айтқазы Абайларға бұл сәлемді өкелгенде, Абай өз аузынан өз жағына екі тоғыз айып атады. Дәрменнің көп досының мойнына сәл салмақ боп, тарап түсетін шығындарға қарамады. Мал шығынын өз жағына өздігімен баса салған Абай Оразбай, Дайырларды, қаншалық қақап тұрса да, тез қақалтып, тоқтау салды. Ұзақ айлар бойына Абай мен оның көп достарын Семейдің тұрғыны еткен сұлу жүз, сезімді жүрек, сыпайы мінез Мәкен дауы осымен аяқталды.

“Мәкен қыздың ыланы” деп, Дәрменнің ынтызарын, асыл жарын әлдекімдерге жаманатты етіп айтқызған ауыр тартыс әлі де талай зілін кейінге сақтап қалды.

Бірақ бұл дүние солай бола берсін. Ал Дәрмен мен Мәкеннің енді тозақ отындаі азаптан айрылудан етіп, қайта ұшырасуы бұл екі жас бастан кешірген өмірдің ең бір естен кетпес жалындаі шағы болды.

Тағы да Сәменнің төргі үйінде, кешкі ымырт шағында Дәрмен есіктен кеп кірген Мәкенді қаншалық арманды құмарлықпен қарсы алғанын өзі де аңғара алған жоқ. Тілмаш Сармановтың үйінен Мәкенді осыдан бір сағат бұрын өзі барып босатып алып шыққан Кәкітай жолда ешқайда соқпай, тура Затонға тартқан-ды. Ол Дәрменге алдын ала пәлен шақта Мәкенді қайырып әкелеміз деген жайын айтқан да жоқ-ты. Алакөлеңке үйде, кешкі шақта сағыныш ойымен күндегіше оңаша күніреніп, қоңыр домбырамен “құлақ қүйді” қоңырлата тартып отырған Дәрменнің бұл сәтте Мәкен келер деген үміті жоқ-ты. Бірақ азапты айлардың бар кеші мен түнінде тыным бермей сарғайтқан сағыныш қазір де Дәрменнің бойын, ойын улата мегдеткендей болатын.

Кәкітай Мәкенді төргі үйге кіргізе бере өзі кейін шегініп кетті. Бұл шаққа шейінгі қорқыныш, азап, қысым-жаза шағында көзінен бір түйір жас шығып көрмеген Мәкен қазір Дәрмен құшағына алған шақта ыстық жастар төгіп, үнсіз егіліп жіберді. Дәрмен мұның өлі салқын жүзіндегі салқын жасын жұта сүйді. Алғашқы ұшырасу минуттары ғана емес, екеуінің құмарлық ынтығында тегінде өлі күнге сөз аз да, бірін-бірі іштей үнсіз сезіну мен тануға көбірек бейім болатын. Қазіргі шақта да шала шешініп болған Мәкенді жердегі көрпеге қарай құшақтай тартып отырғыза бере, Дәрмен дамылсыз жабысып, іштей сиына сүйеді. Әлде кімге, әлде қалай тағдырына алғыс айта сиынады.

Мәкен де басында сәл тосаңсығандай. Оңаша жалғыздықта тығыла тартынып қалған қалпымен үн де қатпай, құшақ та жазбап еді. Ол сәтте, тек Дәрменнің аймалауына өзін қиыла, қысыла сүйгізгендей ғана болатын. Кейін ол да кезек жалын атқандай дірілдеген ыстық еріндерімен Дәрменге өзі де өзгеше бой жаза түсіп, ыстық, нөзік жалынмен жабысты.

ҚАПАДА

1

Абай мен Дәрмен қоңыр адырдан асып, төскей қоныс – Молалы суға жеткенде, күн батуға тақаған. Күздін бұлышыңғыр күні айықпады. Ертеден кешке дейін қатты қара жел соғумен болды. Онсыз да тозығы жеткен көп жатақтың аулы қазір, өсіресе, жүдей түскен жадаулықта. Жиырма шақты қоңыр-қай үйлі, жыртық қара лашықты ауылдың тірлік белгісі аз-ақ. Тек әр үйдің ығынан үре шығатын арық күшік, бұралқы қатпа қаншықтар бар. Кейбір үйдің түңлігі астынан жіңішке-леп шалқып шыққан түтін байқалады.

Ауыл сыртында жүрген жан байқалмайды. Талшық болмысын жалғыз-жарым сауынан айыратын шешелер өз үйлерінің ығында бірлі-жарым сиырларын сауып отыр.

Екі жолаушы өздері іздеген үйді ешкімнен сұрастырмай-ақ, сырт долбарынан айырып таныды да, дәл кеп түсті. Бастап келген Дәрмен. Ол бұл үйге келіп, түсіп жүргендіктен, есқі туырлыққа былтыр жамалып қосылған жаңалау қызыл киізді есінде сақтаушы еді. Бұл шақта ол қызыл киіз онып, құрым сарыға таман айналса да, жапсыра жамылған қалпы белгі болды.

Жүргіншілер кеп түскенде де бұларды анғарып, қастарына келген кісі жоқ. Абай бие бауындай жерде өремен жайылып жүрген екі атты көрді. Біреуі Ерболдың ала аяқ қоңыр аты төрізді. Екіншісі Базаралының бір кездегі теңбіл аты, бұл күнде тарлан бозға айналған. Екі атты таныған

Абайдың көңіліне ол аттың иелері тұсті. Күн бойғы ұзақ жүрістен қажыған көңіл жайы енді сөл көтеріле берді.

Үй іші бұл кезде “кісі келді-ау” деп селт етпегендей. Адам жоқ иесіз үй болмаса, не бір басқаша орасан күй болмаса, аттан тұскен шет қонақты сезгенде иті абалап, әлек, шу жасап жатқанда, қауқары бар үй жанының біреуі не шықса немесе дыбыс берсе керек еді. Бұл үй ондай белгілер жасамады. Абай мен Дәрмен үйге кірген соң ғана ерекше жайдың мәнін білісті.

Кішкене қоңыр үйдің сол жағында, жер төсекте ауру жан жатыр. Екі ерек, бір әйел сол қысылып жатқан адамның ескі төсегіне ентелеп, науқасқа үңіле қарасып отыр. Осы жандардың бейнесін көргенде, Абай мен Дәрмен бар күйді анық аңғарды. Бұларды енді ғана білген дені сау жандар тез серпіле берді. Абаймен ақырын амандастып, төр жақты босатып, орын беріп жатқан – Базаралы мен Ербол.

Әйел үнсіз жас төгумен отырған қалпынан көп ауысып, өзгерген жоқ. Абай бұл адамдармен ақырын, қысқа ғана амандық айттысты да, аурудың халін сұрады. Осы кезде ауруға телміріп отырған әйел науқастың ымдал жасаған белгісі бойынша еңкейіп үңілді де, жүзіне жүзін тақады. Сейтті де қатты дыбыстап:

– Келген Абай, Абай, Дәрмен! – деп, екі-үш қайырды.

Бетін Абайларға бұрды да: “Келген кім?” – деді, тілі қайта шешілгендей.

Осыдан кейін Базаралы Дәрменге кеңес етті.

– Қасына тақашы. Сені аузына ала береді. Айтпағы бар ғой деймін! – деген еді.

Дәрмен сырт киімін тастан, бешпетшең күйде жаңағы әйел отырған орынға жүресінен отырып, еңкейе берді. Абай да осы кезде тымағын тастан, төсектің бас жағынан шынтақтап келді. Дәрменге бас түйістіре отырып, әлсіз науқастың көз алдына бар жүзімен көрінді.

Ербол сөніп қалған отты осы шақта құрғақ тезек салып, қайта қоздандырып, үрлей түсіп еді. Енді бір сөтте лаулап тұрып, маздап жанған от Абай мен Дәрменнің жүзін ауру

адамға анық көрсетті. Аурудың аппақ сақалы ұзын күйде ұйысқандай. Кесектеу мұрны қазір сүйірленіп қырлана түскен. Кішілеу көздері ашылар-ашылмластай сөл ғана сыйрыайып, төмендеген. Ағарған қалың қасы ретсіз үйпала-нып, көзіне қарай жайылған. Дерт жеңген қарт өзіне үңіл-ген екі жұзге кезек қарап, сөл ғана езу тартқандай болды. Өте ақырын ғана дауыспен:

— Абай-мы-сың? — деді. Кірпігін ғана қозғап, өзіне қарай шақыргандай.

Абай оның не тілегенін аңғарып, аурудың сақалына бе-тін әкеп баса берді. Науқас бұнысын құптаپ, бас изеген-дей ишарат жасады да, Абайды құлағынан, самайынан, мандаіынан қоса іскеп, сүйгендей белгі етті. Көптен көзден шықпаған кесек тамшы, ыстық жастар Абайдың көзінен көрі досы Дәркембайдың мұрнына, оң жақ бетіне сап-салқын тамшы бол қат-қат тамды.

— Қайран қартым-ай!.. Қадірлім-ай! — деп Абай, өзімен өзі сөйлескендегі күрсініп, бір жалын атты. Демі дір-дір ет-кен өксік тәрізді ауыр күйініш қалпын байқатты. Үлкен адамдық пен мейірімді достық қасиеттерін жиған кең кеуде, аса аңы бір шерменен өзгеше күйзелгендей.

Дәрмен жылап жіберді. Жаңыл да мұрнын тартып, үнсіз жасын төге түсті. Кейінірек отырған Ербол да Абай аузынан шыққан жаңағы жалынды аңдағанда қатты “ah” ұрғандай бол, дыбыстап күрсінді. Үнсіз, жым-жырт күйде басы-көзін төмен салып Базаралы да ауыр уайымға батқан. Лапылдай жанған тезек отының ойнамалы жарығы оның қастарының арасындағы үш тарау терең әжімдерін өзінше бір ереуілдеген көлеңкедей етеді. Кейіс, нала елесіндегі айқындан түседі.

Қасына жаңада кімдер келгенін жақсы аңғарып жатқан науқас енді бар күшін, ес-санасын зорлықпен жинап алды. Тағы да қабағымен ишарат жасап, Дәрменді өзіне қарай тарта түсті. Жас жігіт қарт ағасының қиналған жүзіне жү-зін тақап, етпеттей кеп еді. Дәркембай баяу салмақпен қоз-ғалған кішкене көздерін сәтке Абайға аударды да, Дәрмен-ге сөйледі. Сөзі сыйыр, бірақ анық естілді.

– Абай сенің... қарызынан... құтылды!.. – деген сөздерді бөліп-бөліп, өте ақырын айтты. Аз күшін тартына жұмсап, тағы бір нәрселер айтып қалмақ тәрізді. Қуаты шақ болғанымен, санасты сау, ойы сергек. Есті қарттың жаңағы сөзін естүмен қатар, оны қоршай отырған бар достары да ендігі жайды жақсы анғарды.

Ербол, Абай, Дәрмен үшеуінің де есіне ерте кезде өткен, Дәркембай өзі араласқан бір шақ түскең еді. Ол – Құнанбайдың Мекеге жүргелі жатқан сафатында Тінібай қорасында, Семейде болған уақыға. Сол кезде көзіне көз ауру тип, кір орамалмен басы, бетін қиғаштай таңып алған он, он бір жасар бала Дәрменді Дәркембай Құнанбайдың алдына әкелген. Жетімнің қарызы барын айтқан. Сонда Абай аузынан шыққан бір сөз бар еді. Жас бала Дәрменге қарап: “Әкем үшін мен қарыздармын” деген. Сондағы әділ адамның, адамшылығы зор адамның аузымен айтылған ер серті есепті екен.

Бүгін өлім аузында жатқан Дәркембай осы жайды есінек текке алмады. Базаралы мен Ербол да сол бір жайды еске ала бере, өз беттерімен Дәркембай сөзін құптағандай бас изесті. “Сонау шактағы Дәрмен қандай еді, бүгінгі Дәрмен қандай?”, “Абаймен оның екі арасы қандай?!” , “Туды” деген жай сөз!”, “Бүгінгі Дәрменді бүгіндегі Абайдың баласы емес деп кім айта алады?”, “Кейбір туған баладан, ағаініден, бауыр-жақыннан Абайға Дәрмен сонағүрлым жақынырақ, ыстығырақ, қымбаттырақ десе кім таласады?” Дәркембайдың төрт-ақ сөзбен мегзегені осы. Базаралы, Ерболдай дос-жаранның өз іштерінде талай жайды ойлап өтіп, құптағаны да сол.

Дәрмен мен Абай өз араларын сарапқа салып жүрмеуші еді. Тек қазір Дәркембай аузынан шыққан аз сөзден соң, көңілдерінде, тереңде, іште жатқан бір жарастық жайды анғарысты. Дәрмен жылай отырып, ауру қартқа тілмен жауап айтқан жоқ. Бірақ басын қайта-қайта енкейте ііп, изей түсіп, аға сөзін құптағанын танытты. Және содан әрі де Дәркембайдың бір нәрсе айтқалы жатқанын анғарады.

Аурудың аузы мен көзінен өзінің көзін айырмай: “Тағы да айт!”, “Тағы да айттарынды тосамын!”, “Не өситет айтасың?” – деген жүзбен телміре қарап отыр. Бұл сәт осы екі туыстың арыздасу сәті екені бар жанға айқын. Бір Дәрмен емес, кішкене үйде науқас төсегінің айналасына үйірілген кішкене топтың бәрі де үзілгелі жатқан асыл жанмен арыздасып қалу халінде отыр. Соны анғарған есті әйел – көзі жасты Жаңыл, сыртқа екі-үш рет алаңдап, өзіне-өзі айтқандай етіп, үн қатты. Сыбырлай берді. Шалының көптен тілсіз, үнсіз жатып, енді ғана соңғы айттарын айтып кетпек болып жатқанын аңдаған сайын Жаңыл жаңағы сөзін, сыйбыр сөзін қайталай түседі.

– Рахым қайда жүр? Келмеді-ау! Неғып кешігіп жүр Рахым! Келмеді-ау, әлгі Рахым! – дей беріп еді. Дәл осы кезде сол анасы көп күткен Рахым да Абай мен Дәрменге сәлем бере, кіріп келді.

Бұл күнде жасы он төрт, он беске келген, бала жігіт Рахымның бойы бойшан, ақшыл жүзі ашаң, арықтау екен. Ол кіре салысымен шешесінің үнсіз қол бұлғап шақырған ымы бойынша тымағын таstadtы да, әкесінің төсегіне Дәрменмен қатар отырып, үңіле түсті. Дәркембай Дәрмennің қасында өзінің жалғыз баласының, жас баласының жүзін көргенде қатты қобалжып, бір толқын оймен түйіліп қалды. Рені қашқан жұқа еріндерін жиыра тістеніп, өте аңы бір зәр жұтқандай шер тұтқан-ды.

Абай танып отыр. Қарт досының осы бір сараң ғана бет белгісінде оның бар арманы, айтары сезілгендей. Бұл дүниеден әкетіп бара жатқан бір зары білінгендей.

“Жасы жетпей, бұғанасы қатпай, жетім-жалқы бол жалғыз мынау балам қалып барады. Қолында өнері жоқ, алдында малы жоқ, айнала пана жоқ. Кімге қалып барады?” – деген ой, “күні не болады” – деген қауіп, күдік Дәркембайдың діңкесіне, өсіреле дөп тигендей. Осы жайды ойлай отыра, Абай Дәркембайдың жүзін бақты. Аузынан тағы бір айтсам деген арманы шығар ма екен, жоқ оған мұршасы келмей, әлі жетпей өтер ме екен? Айтылып болмаған арман-

нымен үзілер ме екен! Ондай қасірет мынау жұмылған ауыздың ішінде шығарман боп тұрып, шыға алмай кетсе, оның өзі де бір жазағой! – деп, қиналып ойланып еді.

Жаңағы сыйырлап айтқан азғана сөзінен соң ұзақ үнсіз жатқан Дәркембайдың көзі Дәрменді өз қасынан босатпай, өлі өзіне қарай “тыңдай түс” – дегендегі тартып жатқан-ды. Сол себепті де Дәрмен бұған “тағы не айтасын?” – деген тәрізді көз айырмай қадалып отыр. Енді бір шакта Дәрмен мен Рахымға кезек көз аударып жатқан Дәркембай, тағы бір нәрсе айттарман болды. Еріндері сөл қыбырлай түсті. Сол сәтте тағы да айқын сыйыр естіліп еді. Дәрмен анық ұғынып, нық тоқып алу үшін ағасының аузына өзінің құлағын да тақай төнді.

– Рахымды саған тапсырамын... Осыны адам ету жайын сен де өз мойныңа қарыз етіп ал!.. Сонымен ақта Абай тәрбиесін!.. – деп, бұнымен сөзін бітіріп, енді көз қиығын Абайға бұрды. Жаңағы Дәрменше Абай да еңкейіп құлағын тақады. Аурудың бұған айтқан сыйыры тіпті өлсіреп және қыскарып, азайған еді.

– Рахымды окуға... берші! Бұны да адам етші!.. – деп, соңғы арыздасу сөзін осымен тамам етті.

Дәркембай енді сұлық түсіп, жым-жырт көз жұмып қалды.

Үзіліп бара ма, жоқ арыз, есiet айтамын деп өлсіреді ме, білу қиын. Абай науқастың тамырын ұстады, сөл, өте сирек, болар-болмас қана соққан қыбыр бар. Үй іші аурудың жүзіне әр сәтін бағып, қадала қарап отырып, енді бір болжай жасасты. Өздерінше долбар айтысты.

– Жаңағы сөзден өлсіреді гой, тыным алсын! – деп Базаралы байлаған еді.

– Қайта-қайта сұрап, “келе ме, келді ме” деп, Абай мен Дәрменді тосып еді. Бұларды көріп, арманын айтқан соң, енді тыныштық алды білем! – деп Ербол топшылады.

– Сөл қалғығандай... Үйқыға кетпеді ме екен! – деген үміт сөзін жас Дәрмен айтқан еді.

Абай мен өзге үлкендер бұның сөзіне жауап берген жоқ, олар біліп отыр. Бұндай халге жеткен ауруда дәл

бұндай сөтте үйқы болмайды. Ол барлық пен жоқтық арасындағы бойсұну. Үзілермен шақтың бірі. Дәрмен сияқты жас өзелі өлім көрмеген тәжірибесіздігін танытады. Болмаса ол өзінен кішірек Рахымның көңілін аулайды, үмітін демейді.

Бірақ бұның айтқандарына тәжірибелі үлкендер ілтифат жасаған жоқ. Олардың аңдағандары енді не де болса науқасты тыныш қалдыру керек. Дәрменге сол отырған қалпында қала беруді қолымен белгі етіп бұйырды да, Абай өзі енді төрге қарай, кейін серпілді. Базаралы мен Ербол да жазылышырап, дағдылы қонақтарша отырысты. Осыдан соң бұлар жай сұраса бастап еді, Базаралының сұрауы бойынша, Абай бүгін Қорықтан шығып келген жайларын айтты. Күздің қысқа күнінде аяңмен ұзак жүріскең екен.

Абай Дәркембайдың қалай ауырғанын, қашан ауырғанын енді анықтап сұрады. Бұл жайды Базаралы, Ербол, Жаңыл үшеуі кезектеп айтты.

– Ауырғанына, алғаш жығылғанына бүгін төртінші күн! – деп Базаралы бастады.

– Жаңадан жығылса да, науқасының басталуы ауырлау деген соң, мен бүрнағы күні келіп кетіп едім. Сонда да ыңқыл қатты еді! – деп Ербол сейледі.

– Алғаш жығылғаннан қатты жығылды. Онысы рас! – деп, Жаңыл да енді шай қойып, қазан аса жүріп, сөзге арасаса отырды. Неден болғанын да Жаңыл өзінше дәл ойлап, дұрыс түйсінген екен.

– Суық өтті. Осы бір жұмадан бері айықпай түр ғой, мынау қара суық, қатты жел. Қораға тасылмаған бір отау пішени бар еді, қарағанды сайда. Соған мынау көрші үйдің арбасын сұрап алғып, қасына Рахымды ертіп, бір күн ертемен кетіп еді. Барған соң алған жұмысын тындырмай токтай ма бұл кісі... Қара дауылдың үстіне қыыршықтап қар да жауған екен. Соған қарамай баласымен екеуі күні бойы шөпті тасып, қораға үйіп те болыпты. Шекпені болса жұқа, омырауы да ашық еді. Жұмыстың қызуымен оны ойламаған ғой. Бейнет ауыр, әл-ауқат аз, киім лыпа нашар... Күн

болса өңменінен өтетін қатты жел! Өзге емес, бәрі осыдан болды. Ел жата үйге келгенде: “Жаңыл-ай, қатты жаурап, аса қиналып келдім, осы бүгінгі күн діңкеме тимесе еді!” – деген еді. Айтқаны болды, танертең өне бойы қызып, жөтеліп, жата алмай қинала бастады... Соның арты міне! – деп, жұдеу жүзді Жаңыл білгені мен түйгенінің бәрін сондай айқын, саналы жүзбен айттып шықты.

Базаралы көп сордың, жұдеулік-жадаулықтың неше алуан қасіретін шеккен адам, өзінің салқын, ағын таратты.

– Белгілі ғой... Жаңылдың жаңағы сөзі аурудың себебін де, тосып тапқан кезегін де ашып отыр. Қай қамауға түспеген Дәркембай еді. Бірақ адам темір емес қой. Қөңіл қайратты болғанмен, көне шекпен етке лыпа бола ма? Өр кеудесін имейім дегенмен, қара дауыл қоя ма? Айдалада, омбы қарда, қиян елсізде бір үя қасқыр қамаса, адам құр қол болған шағында, жаяу қалған халінде: жақсы болды не, мінезді болды не, қымбат, керек болды не, оның – бәрінің көмегі бола ма? Сондай көрілік, жоқшылық, әлсіздік, лыпасыз жұдеулік, аштық деген сияқты қамаған қасқыр көп қой. Бәрінің жиылыш кеп тұсап жыққанын көрмейсің бе? – деді.

Жасы жетпістен асып бара жатқан Дәркембайдың бүгінгі жайын Базаралының бұл айтқан сөзінен орынды, қисынды сөз тауып айту қын. Абай мен Ербол “рас, рас” десіп, тек қана бас изесті. Осы түнде Дәркембайдың халі ауырлап, сағат сайын мегдете берді. Үй іші ас ішіп бола бергенде, үнсіз сұлық жатқан ауруға, соншалық әлсіз шактың өзінде де қатты бата бастаған қиналу білінді. Сол, соңғы шұғыл өзгерістің белгісі еken. Енді біразда деміне сырлы араласты. Абай мен Базаралы, Ербол үшеуі де осы дыбысқа елең етісіп, ерекше қөңіл бөліскен еді. Үшеуі де ауруға кезек-кезек тақап келіп, ендігі деміне құлақ салысты. Соның артынан бұлар кейіндей отырып, біріне-бірі ақырынғана айттысқаны сол сырылдың жайы еді.

– Анық сол!

– Сырылдың өзі!

– Мәлім... сол сырыл! – дескен. Кейін тағы бір ет асымдай мезгіл өткен соң, жаңағы жаман нышан араласқан дем ауырлай барып, таңға тақаған кезде Дәркембай дүние салды.

Келесі күні, сәскеден бастап, жиын отырған жатақтың барлық жұрты өздерінің қадірлі қарты, көрі ағасы Дәркембайдың қазасын күтумен болды. Молалы судан қой өрісіндегі жерде, бел астында жатақтың бұдан бұрын өлгендерін қойған көп бейіт бар-ды. Соған ер-азамат Дәркембайдың сүйегін апарып, таза арулап, қойып қайтты.

Абай, Базаралы, Ербол мен Дәрмен бұл әрекеттердің қалың ортасында өздері болып, Дәркембай қазасының бар ауыртпалығын да өз мойындарына алған. Өздері қам еткен болатын. Жақында отырған Ақылбай аулына Абай кісі жіберіп, ол жақтан жаназага көп адамды келтірудің үстіне, Дәркембайдың үйіне аза ретінде бір сиыр, бір түйе сауын әкелгізіп берді.

Жаназа, қаза күндерінде қонағын атқару үшін Жаңылға тай, қой сияқты сойыс берді. Бұл күнде өз алдына шаруасы өлденіп қалған Ербол да күр қалған жоқ. Ол да бір қара атап және екі сойыс малын алғызып берді. Шамасынша өз көмегін Базаралы да атаған еді.

Осылымен Абайлар, Дәркембайдың артында анырап, жылап қалған Жаңыл мен Рахымды жұбата отырып, жатақ аулында Дәркембайдың жетісіне шейін бөгелді. Бұл күндерде Абай көбінше жақын жердегі, бір бел астындағы Аққұдықта отырған Ерболдықіне барып, екі күндей қонақ болды. Өзінен жұбы жазылмаған Базаралымен де күндіз-түн бірге болысады.

Тағы бір күні, күндіз Жаңылдықіне келіп, әдет бойынша бата оқи келген адамдармен біраз бірге отырысып, кеш бола Абай Базаралының аулына барып қона жатып қайтты. Сонымен, Дәркембайдың жетісіне шейін Абай жылаулар, жетімдер үйінен ұзған жоқ. Көбінше мұндар адамдардың көз алдында болды.

Дәрмен жақын жердегі Ербол, Базаралы аулына Абай қонаға кетіп, қайтып жүрген шақтарда, олардан қалып, күндіз-түнін Жаңыл мен Рахымның қасында өткізді. Абайдың да бір жағынан қарайлағаны, сол өзінін баласындей, жақсы көретін інісі Дәрменнің жайы болатын. Дәркембайдың жалғыз сүйеніші, ағайын ішінде ең ыстық көрген інісі есепті болғандықтан, әрине, Дәрмен бұл күндерде бұл үйден кете алмайды. “Жүрейік, кетейік!” – деп Абай да айта алмайды. Олай айту былай тұрысын, егер Дәрмен осылай істемесе, Абай оны кінәлар еді. Дәрменге соңғы күндерде Абай өзі тапсырған бір жайы тағы бар-ды. Ол Дәркембайдың қайтыс болар сәтте айтып кеткен арызынан туатын.

Саналы қарттың өлер алдындағы қамырығы мен арманын Абай Дәрмен мен өзі ғана боп, оңаша бір айтысып, ойласып көрген. Сонда Дәрменге:

– Дәкен сен екеумізге арыз айтып, қарыз артты-ау! Қатты тапсырғаны мынау жас баласы – Рахым болды фой. Күн көре алмайды, аш-жалаңаш қалады демеген шығар. Бірақ өлдекім боп қалмасын, “біреуің қамқорлық ет”, “біреуің адам ет” деп екеумізге бір міндеттің екі басын салмақ етіп салғандай еді. Мен ойласам, мұсылманды оқуы жаман емес екен, өзінің оқуға зейіні де, бейілі бар көрінеді. Мына Рахымды ілгері оқытайық. Сен, Жаңыл мен Рахым үшеуің осыны ақылдасып, біз қайтқанша бір байлау жасаңдар! – деген.

Дәрмен осы жөнде үй оңаша болған кештерде, қонақсыз, бата оқырысыз ертеңгі шақтарда жеңгесі мен інісін ала отырып, көп ақылдасты. Жаңылға да қын, Рахымға да қимастық тұсау тәрізді болатын бір жай бар. Дәркембайдың болса қайтыс болды. Енді Рахым кетсе, Жаңыл бір үйде жапа-жалғыз, тірексіз, көмексіз қалмақ керек. Бір өйел бір қораға, азды-көпті дүниесіне жалғыз бас-көз боп отырған үй жоқ қой. Рахым оқуға кетсе, осы жағы қалай болмақ? Ал Дәрменнің бір ойы бойынша, Жаңылды өз қолына алса қайтер еді. Бұнда әке-шешесі жоқ Мәкенмен екеуі ғана бір үй боп отырған жайлары бар. Жаңыл осыларға қосылса,

Рахымның бөгеті болмас еді. Ал Жаңыл Дәрменге де, Мәкенге де шеше болар да отырар еді. Жаңылға бұл сөз де жат көрінбейді. Ол Мәкенді әбден жақсы біліп, өзінің туған қызындаидай, не өз қолына түсіріп алған тума келінідей жақын санайтын, жақсы көретін.

Бұдан былайғы тірлікте Дәрмен мен Мәкеннің қолында тұрса, олармен тату-тәтті болмақтан бөтен ой, басқа мінез өзінен шықпайтынын саналы әйел жақсы анғарды. Ол осы күздегідей қоныс шалғайлығынан Мәкенді бір ай, екі ай көрмей жүрсе, тіпті қайнысы Дәрменнен бұрын, соны сағынатын. Мәкен де бұған соншалық бауырмал, ыстық тартып тұрады. Жібек талдай сұлу, майда мінезімен ол Жаңылға өзгеше жаққан.

Сөйтіп, Дәрмен: “Рахымды оқуға босату үшін сізге Мәкеннің қасына бару лайық” дегенде, Жаңыл ішінен шүкірлік етіп, қуанып та қалды. Күндердің бір күнінде солай болар деп, көнгенін де Дәрменге білдіріп қойды. Бірақ сонымен қатар бұл әйел Дәркембайдын артын, әр-уағын және оның қазасын күту деген қарызды ойламай қоя алмайды. Берер пұлы, ішкізер асы, кигізер киімі болмаса да, бар жатақтың басына көтерген, әкесіндегі көрген, асыл қарты Дәркембай еді. Соның қырқы өтпей, не жыл мезгілі болмай, былай айтса “бет топырағы жасырынбай жатып”, оның үйі жоқ, орны жоқ болғаны жүртқа да бату керек. Жаңыл да көнерлік жай емес. Олай болса, Жаңыл қазір тілегенмен, талпынғанмен Дәрменнің қолына бара алмайды. Дәркембайдың шаңырағын бұл арадан әкете де алмайды. Із-тозсыз, белгісіз етіп те кете алмайды.

Ал бұл жерде қалқып, ерінің артын күтіп отыру үшін Жаңылдың қасында тым құрса осы күз, қыс бойы, келер көктемге шейін, не жазға шейін Рахым бірге болмаса болмайды.

Міне, осы жай-жағдайдың әр жағын ойлаумен Жаңыл, Дәрмен, Рахым үшеуі бірнеше күн өткізсе де, анық бір шешу айтыса алмаған. Тек Дәркембайдың жетісін беріп болған соң, Абай мен Дәрмен бұл ауылдан қайтатын шаққа

жеткенде, жаңағы түйінді Абай ақыл қоса отырып, Жаңылмен бірге шешті.

Бұл жерден Жаңылдың қазір де, қыс та кетпеуін Абай да дұрыс көреді.

Ол жағына келгенде Жаңылдың сөздерін Абай түгелімен мақұлдайды. Бірақ қыстауга қонып, ас-суын өзірлеп болған соң, Рахым биылғы қыстың көбін Дәрменнің үйінде Ақшоқыда, Абай аулында өткізсін. Соңда мұсылманша да, орысша да азырак түртініп оқи берсін.

Ал келесі жылы, Жаңыл Дәрменнің қолына көшкенде Рахымның қалаға барып, қалауынша мұсылманша, не орысша оқуына тұсауы кеңіді, алды ашылатын болады деген.

Жаңыл қыс бойы мұлде жалғыз болмас үшін, Рахым ай сайын бес күн, он күнге шешесінің қасына келіп, қайтып тұрады. Міне, Абай мен Дәрменге өлім аузында Дәркембай айтқан арыздың арты осылай аяқталды.

Енді Абай мен Дәрмен аттанар кезде Абайды Базаралы ауыл сыртынан оңашалап шығарып алғып, бір азғана жайды айтты. Ең өуелі Базаралы өзі де Абайға мәлім, биыл науқасы үдей түсіп, жүдеуі асып барады.

– Баяғы бір бунап, бір босатып жүретін ескі науқасым көрі ланқадай боп кетті. Сол құрғыр құян буын-буынның ұстаганына тоймай, енді жүрекке де шауып жүр. Биыл бір-екі рет жүрегім қысылып, талып қалғаным да болды! – деп, өуелі өзінің науқас жайын айтты.

Абай осы бір жұма ішінде Базаралының жүдеулік ұстінен қартайып қалғанын, әл-қуатының азайып, жұз реңі қатты өзгеріп, қуаң тартқанын аңысталап жүр еді. Бірнеше рет Базаралыдан саушылық жайын сұрағанда, ол сараң сөйлеп, жұрт көзінше және Дәркембайдың өлім, қазасы үстінде бұл жөннен шешілмеген. Таратып ешнөрсе айтпаған болатын.

– Менің жасыма жеткенде, кейде ойласам, жақынына, жан күйеріңе алдымен айтатын сырдың бірі – денсаулық болады екен. Соны “дәрменім азайды” деп, көпке даурық-

тырып, дақпыртып айтуымның да жөні жоқ. Жақыннан жасыратын жайым тағы жоқ деп, саған айтып отырмын! – деген.

Абай, аға досының бұл жайды оңашалап айтқанын өзінше түсінді. “Айналада жауы көп. Аңдысып, арбасып, алыстан болса да бұның басына пәле тілеп жүретін қаскейлер бар. Жамбасы жерге тигенше солар “асқактамасын, басынбасын” деп ойлады ғой. Жөне ердің бері жарасын жарыққа салмайды, қолынан келсе өзі ғана біліп, өзі ғана “жалап жазуға тырысады” деп бір ойлады. Абайдың көңіліне әлдебір жолбарыстай, қабыландай қайратты жансебіл жандар елестеді.

Абай: “Базаралының осы сөзінің тағы бір арты бар ғой” деп сонысын сұрады. Досының ендігі сырын бақты. Ойланғаны рас, Базаралының шын тағы бір айтпағы бар екен. Тағы да Үрғызбайдың сотқарлары бұл жолы Шұбарды, Әзімбайды бір араға қосып жөне бір пәленің шетін шығарыпты. Базаралыны тұра атамаса да, қасында отырған іні көршісі Әбдіні қадап айттып, “ұры” деп, “айыпкерім” деп пәле салып, жала жауып отыр.

– Биыл жазда Әзімбайдың бәйгекер ат дейтін, тақымына басқан дей ме, бір аты жоғалыпты. Сұрау салып, айналаны шалып, бірде-бір дерек таптай қояды. Соған қарамай, “осы атымды Базаралы үрлапты, үрлаған өзі емес, Әбді” – деп жала жауыпты. Соған сұрау да салып, жақында Шұбар өзі келіп, Тәкежан мен Әзімбай жіберді деп, Үрғызбайдың тобы жіберді деп, салмақ салды. “Не мына Әбдіні үримыз етіп, қолымызға шығарып бер, не болмаса ақтасаң, кепіл бол, жаныңды бер” дейді.

Ауру Базаралы бұрынғыдай емес, жалындан айғайын салып шыға алмай отыр. Бірақ торға түскендей бір жағы ауру, бір жағы жау, қамауда тұрса да, Әбдіні “қара” деп айтпапты. Себебі, көзі жетеді, ол ұры емес. Ал жуанның зорлығы мен зомбылығына шек бар ма? “Ақтасаң, жаныңды бер” – дейді. Оған Базаралы: “Жанымды текке бермеймін, әрі ақ деймін, ақтығының себебіне жанымды беріп

жалынбаймын. Өлсем де осыныммен кетемін, былығына бас имеймін” дейді. Онысына қоймай, Шұбар мен Әзімбай екеуі қосылып, қасына бес кісі Үрғызбайдың содырларын ерте келіп, тағы әбігер жасайды.

Сонда Базаралы: “Мен Әбдіні ақ деймін де, сонында тұрамын. Ал сол Әбдіні анық “қара” дегенге “көзім жетті, күмәнім жоқ десе, жасы пайғамбардың жасына жетті рой, анау Тәкежан өзі жанын берсін де, Әбдіні де, мені де қоса өлтірсін!” депті.

Бұнысы Базаралының өзіне сай міnezі еді. Әрі ақылы кемел, әрі және ерлігі батыл байлауы болатын. Осыдан соң, Базаралының айтуынша, жол мен жүйеден женілсе де, жуан Үрғызбай сотқарлары тоқтамапты. Жақында, осыдан он шақты күн бұрын Шыңғыстың бөктерінде, Тәкежан аулына бар Үрғызбайдың Әзімбай, Шұбар бастаған ақ сақал, қара сақалы жиылып, баталасып аттанысып-ты. Айтысқандары: “Базаралыға қыласыны қыламыз, үйелменімен өртейміз. Ара түсетін ағайыны болмасын. Кімде-кім Жігітек баласынан оған болысам десе, бүгін тағы анттасып, баталасқан бойымызша, сол қорған болам деген Жігітекті, тағы басқа жекжатты түгелімен соямыз!” – депті.

Топтарын тағы да қүшетіп, Базаралыға зіл-зәрін батыра түсу үшін Жігітектен шыққан пәле басы Әбділдә деген биді ат беріп, ас беріп, қасына ертіп апты. Ол соңғы кезде малы індетке ұшырап, қыстың жұтына ілініп, кедейлеу тартып жүрген. Өзі белгілі алаяқ, алдамшы, “кужауырын Әбділдә” деп аталатын пәлеқор бидің бірі болатын. Бүгінгі алымын “кедей боп қалдым” деп зарлай түсіп, ардан аттап ала жүретін осы би жаңағы анттасқан топтың ішінде бопты. Бұл жайды айттып келіп, Базаралы қысылмаса да күйінеді.

Абайдың есінде болсын деп білдірумен бірге, өзі кешірген өмірге ашы бір мысқылын айтты.

– Өлейін десен, көрге де жібергісі келмейді. Онда кетсе, Базаралы аман кетіп, жетісіп кетер ме еken деп, тағы қызығанады. Соны ойлап, мыналар кем қойса көріме шенгел

тастайын деп отыр-ау деймін! Ал тағы тұрып қалдым. Сенің жынынды келтіре тұсу үшін, көзіңе қанды сүйел боп басыла тұсу үшін, “ал өлмедім!”, “көнбедім!” деген боп жүріп жатқан күйім бар! – деп, көзін қысты. Үлкен бір санаалы, ерлік қалпымен қарады. Абай күтпеген сәтте, баяғыдағы бір өр мінезіне басып, ескісін еске түсіріп, сылқ-сылқ құлді. Осы тұста, жаңағы отырыста, ең алғаш бастаған сөзінің түйінін өзі де шешті.

– Сен бір жұмадан бері менің ажарыма қарайсың да, әл-қуатымды, ауруымды сұрайсың-сұрайсың кеп. Ал мен жүрт көзінше сонымды айтпай қойдым. Қасында жатып жүрген күндерде кей сәтте жүрегім аузыма тығылып оянам да, сонда да білдірмей қоям. Не себі боларын қайдан біле-йін, әйтеуір екі көзім жұмылып, қара жердің қойнына кірге-німше, тым күрса жауларым “әлі Базаралы тыйылған жоқ, жапырылған жоқ, бойсұнған жоқ!” деген дақпыртымен жүре берсін дейім. Дінкем құрыса да, бұл дертімді де тығып жүріп кеп, өзіңе ғана айтып отырмын! – деген.

Абай Базаралымен қоштасып аттанғанда, үнсіз, үлкен толқын ой әкетті. Қазір күз аспанында бірін-бірі қуалай аунап, ауысып жатқан ауыр сүр бұлттардай сұық, ауыр ойлар.

2

Қыстың басы тақау болғанмен, әлі қар түсे қойған жоқ. Бірақ қара сұық мезі қылғандықтан, Ақшоқыдағы ауыл бұл күнде тегіс жылы тамға кірген. Әр үйде күн ара-латып пеш жағылатын. Өзінің бөлек тамына, Баймағам-бетпен бір қорадағы оңаша тамға Дәрмен мен Мәкен де кірген.

Абай қарсы үйде оңаша отырып, соңғы он шақты күн-нен бері кітапқа, қағазға құндіз де, кеш те үңіліп еңбек ете-ді. Түкпір үйде Мағаш пен Кәкітай да өз алдарына кітап оқып ізденуде.

Оның екеуі де бұл күндерде орысша кітаптарды, әсіре-се жеңіл тілмен жазылған қызық романдарды көп оқитын.

Өз мәжілістерінде сол оқығандарын ауызша әңгіме, ертегі қып айтысып отырады.

Соңғы күндерде Дәрмен де оңашалығын сүйеді. Жылы, жайлы бөлмеде ол безілдетіп домбыра тартады. Өзімен өзі күнірене қосылып, кейде қысқа қайырып, кейде өндіріп жосылта жөнеліп, жаңаша туған бір соңғы жырларын еспелей береді. Мәкенді күндіз Әйгерім өз қасына алады. Ол екеуі тамға кіре бере қолдарына алған бір ұлken шебер, көркем істің сонына сарылады. Бұлар қазір әр түсті манатқа кесте шегеді.

Осыдан бірнеше күн бұрын екеуі қолдарына қағаз, қарындаш алып, өздерінше ою, өрнек түрлерін аса көп сыйған. Мәкен өнерлі, ісмер, кесте мен оюға өсіреле шебер екен. Шешесі берген ұлгі, тәрбиенің оған аса бір жақсы қонған жағы осы кестеші және тігіншілік, ұлгі тапқыш шеберлік зейінділігі болатын. Қазіргі күнде Әйгерім ғана емес, Мағаш, Кәкітай, Әлмағамбеттер де Мәкеннің оюларын, жаңадан пішken тымақ ұлгілерін, жақ өрнектерін әрдайым мақтай түсіп, бағалап жүрісетін.

Бұлар ғана емес, Абайдың өзі де оның қағазға сыйған ұлken-кішілі ою, кесте нақыстарын, гүлдерін, шеберлеп қыстырыған “қошқар мүйіздерін”, “ұшқілдерін”, “қазтабан”, “құсмойын”, “қарлығаш қанатшасын” қызық көріп, көп үңіліп қарайтын.

Әйгерімнен қай кесте, қай оюдың қандай орынға келетінін сұрастыра отырып, Абай кейде әлдебір өрнектерге жұмсайтын түйін жіптің түрлерін, бояуын да өзі бірге таңдасады. Екі шебер әйел осылайша, қыстауға қона бере бастаған ұлken істеріне ауылдағы ұлкенді-кішілі ерлерді де қызықтырып, араластыра жүреді.

Әйгерімнің жаздан бергі қалашыларға әдейілеп тапсырып, алғызып жүрген манаттары, мәуіттері, мақпалы мен дүриясы, түстері мол түйін жіптің қазір түгелімен керекке жарап жатыр. Биыл Әйгерім мен Мәкен бір жақсы, ұлken түсініз оюлап, кестелеуге кіріскең. Осылайша Ақшоқыдағы ауылдың екі қорасында, әр бөлмесінде әралуан ең-

бекке берілген, адал еңбек адамдарының күндері өтіп жатқан-ды.

Абай үшін бұл күз айрықша бір жемісті, шабытты еңбек күзіне айналып келеді. Кей тұнде немесе таңертен өрте шақта Абайдың оңаша отырып, жазып тастаған қағаздары ең алдымен Әйгерімнің қолына жинала беретін. Кішкене, аппақ әжімсіз саусағымен Абайдың соңғы, бүгін таңертен жазған бір өлеңін, күндегі әдеті бойынша Әйгерім және де Мәкенге әкеліп оқуға бұйырды. Мәкен хатқа жүйрік, Абай сөздерін бұдан бірнеше жыл бұрын да Мағышпен бірге жаттап өсken. Өзі көшіріп алуды да дағды еткен. Жарым табак қағаздың бетіне жазылған сөзді Әйгерімнің әкелуін қазіргі шақта Мәкен күн санап күте жүретін.

Қарындашпен кесек жазылған, оқуға өте оңай, ірі, сұлу Абай жазуы әр шақта, ең алғаш Әйгерім қолымен бұған әкеліп берілгенде, Мәкенді ұдайы асықтыра, қуанта әсер етеді.

Бейне бір өзіне арналған аға, әке сәлем хатындаі көреді. Кейде қоңырқай, сүрғылт жүзіне сәл толқын қызылыт нұр шығады. Қобалжытқан қуанышын жасыра алмайды. Әйгерім Абай хатын ұсына тұра, әрдайым Мәкеннің жүзіне қарайды. Қылған жіңішке қастары сәл ғана діріл ете, қозғала түсіп, Мәкен әдемі, кішілеу, ойлы қара көзін қағазға үңілтеді. Сол сәтте толықша, кішкене аузы сәл ашыла түсіп, сол жақ езуі үнсіз ғана жынығаны білінеді. Мәкеннің көзі тұра қарағанда кішілеу көрінгенмен, ұзын боп біткен. Өзгеше бір келісімі бар, адамға айрықша тартымды, ыстық отты қөздер.

Әйгерімнің өзі де әлі балқып толған нұрынан кемімеген. Сұлұлық, сүйкімділік қасиеттері бірдей үйлескен қалпында ол Мәкенге, жаңағыдай шақтарда, қызығып қарайды. Өзі әлі де бар жаңымен сыйлап, сүйген жарының хатын жас келіннің оқуға ынтық болғанын көргенде, Әйгерім анадай мейірлене түседі. Ол соңғы күндерде Абайдың өлең жазып, Мәкеннің соны бұған оқып беруін өздері үшін айтылмаған, аталмаған, бірақ ерекше бір қызық, қымбат ыстық шақтай біледі.

Күнүзын ұзақ сарылатын еңбектерінің бас кезін, не орта шағын Абай өлеңдерімен, жаңа жазуларымен бөліп отыру бұл есті әйелдің екеуіне де енді бір саналы қуаныш, рақат болып алған.

Жаңа Әйгерім Абай отырған бөлмеге барып, алып келген екі табақ қағазға жазылған сөздер Мәкенге тиісімен, ол әдемі қоныр үнімен оқи бастады. Әйгерім өзінің дағдылы орны Мәкеннің жоғарғы жағынан орналасқан. Мәкен бірде оған жүзін тұра қаратып, біресе сәл қырындай түсіп оқып отыр.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан,
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан! –

деген өлеңді әуелі демін үзбей, түгел бір оқып шыққан Мәкенге, Әйгерім қайтадан, басынан түсіріп тағы да оқытты.

Мәкеннің өзі де өлеңнің кейбір жолдарын ішінен қайта оқып отыр еді. Бұл өлеңнің алғашқы жолдарын есінде сактап алған Әйгерім енді бір сәт, ақырын ғана қоңыраудай күміс үнді сұлу күлкісімен күліп алды.

– Ағандың алғашқы сөздері бізге де айтылған сөз десек болатын-ау! Өзі ауызша да айтады ғой. Кімде-кім есі бар, қайраты бар, бойында жігер, талабы бар адам болса, еңбексіз өмір кешуге жол жоқ деп! Маған десе патшаның қызы мен қатыны бол, арамтамақ болсан, қор боласың, дейді. Мынада айтып отырғаны да сол ғой! – деп, аз бөгелді де: – Бірақ “кірпіш” дегені қалай? Сол арасын сен екеумізге өлшесsem, қекейіме қона қоймайды! – деп және күлді.

Мәкен бұл өлеңнің соңғы жағын Әйгерімге қайта оқыды... Ондағы жолдар әрі ісмер, әрі сұлу, әрі бар мінезі, зейіні өзге әйелдерден артық біткен шебер, сұлу Әйгерімді және де ойландыратын тәрізді. Бірақ ол тұста, Әйгерімнен өздері төмен болса да, оны қызғанышпен жек көретін абы-

сын-ажын дегендөргө басқаша мінез жасауға үйреткендей. Кейбір жолдар бұл тұста, Мәкеннің көнілінше тұра Әйгерімге дәлдеп айтқан дос, тілекtes, өсиет сияқты. Сол тұсты Мәкен сұлу сыртыйлықпен өзіне жарасатын қалпында, сол жақ езуін тарта, жымия отырып, қайта оқып берді.

Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегін кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға! –

деп Мәкен тоқтағанда, Әйгерім енді бұл өлеңге сүйсініп, шіміркенген қалпын білдірді. Бір толқын қызыл нұр оның өз жүзіне де ойнап шықты. Аппақ сұлу тістері сәл ашыла түсіп, сылдырлай күліп, бейне бір өн салғандай сұлу үнмен өзіл айтты.

– Мен жаңа андамаппын, анық сен екеумізге бейім сөз мынада екен фой, сен дұрыс андапсың! – деді.

Мәкен момын ғана үнмен қостай отырып:

– Ең соңғы жолдары, Кіші апа, сіздің маған ұстаздық етіп, мынау кесте тіkkізіп, баулып жүргенізді де айтқандай көрдім, – деді.

Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға! –

деп, қайталап оқыды.

Осылайша әрбір күн, сәт күннің не жауынды бұлынғыр таңтеренгі, не сәл уақытқа күн көзін көрсеткен, айналадағы сары адырды алыс, сары алтындај жарқыратада жадыратқан түс шағы талай ойлы, сырлы жолдарды тудырып жатты. Көбінше ауыл ұйықтап, үй іші түгел тыныштық алып, жалғыздық жым-жырт шақта, тұн орталарында дөңгелек үстел

қасында туған өлең жолдары, тағы осы күздегі ел қамындағы ауыр ойларды толғайды.

Сондай кездің бірінде, әнеугұні Дәркембай үйінен аттанатын шақта Базаралы айтқан Әзімбай, Шұбар мінездерін ақын еске алған еді. Олар Базаралының айтуынша жиылады, топ қасқырдай бастарын бір араға түйістіріп тұрып, қан құмар тұмсықтарын “е” дескендей бір сәтте, тегіс аспанға көтеріп, ұли жөнеледі. Сол ұлу, шулау үстінде кезекті шабуылына кезеніп, өзірленеді де, қар боратып, екпіндете жосып, ойда жатқан момын қойлар қотанына құйындана соқтығады. Қанды шабуылын жасайды. Мыналар да сондай ұялас, қанды ауыз, дәніккен бөрілер. Алыстан жемін аңдап алышп, бас қосқанда анттасып, баталасып, бірін-бірі қайрайды. Жауыздыққа, жаулыққа баталасады. Жазығы жоқ жақынды, жалғыз бен жалқыны жем етуге анттасады. Сол үшін өздеріндей бүліктен, бұзықтан көмек жияды. Біреуді еліктіріп алады, біреуді қорқытып ертеді. Тағы бір Әбділдә тәрізді, амалсыз болса да пәле тілеп сатылған биді “аттың сауыры”, “түйенің өркешіне” арын айырбастатып, сатып алады.

Осылар жайын ашы бір ызамен еске алғанда, Абай көз алдына Базаралыны келтірді. Оның әрі жазықсыз, әрі таза, соның үстіне сыншы, ойшыл қабілетті жүзін көре отырып, ызалы жолдар тізген еді.

Антпенен тарқайды,
Жиылса кеңеске.
Ор қазып байқайды,
Туа жау емеске!..
...Аз адам шаршайды,
Ебіне көнбеске.
Басы ыңғай қайқайды,
Амал жоқ өлмеске!

Осы жолдарды тере отырғанда Абайдың көз алдына жаңағы ұялас топ қасқырдың ұлуға бейімдеп, бір

сөтте тұмсық көтерісіп, бас қайқайтқан қалыптары елестеді.

Бұл өлең Дәрмен үйінде домбырада, Мағаш пен Кәкітай қолында көшіруде, Кішкене молда оқытып жатқан балалардың қолында, бөлек қағаздарға жазылып жатталуда болатын. Жеміт болыс, тойымсыз айлакер, сүркія мінезді Әзімбайдай жауыздар туралы Абай айтқан аса ашы мысқыл, атақты өлең де осы күндерде Ақшоқыда, жаңағыдай бір сөт күндерінде туған. Ол мысқыл, ажua, ызалы шебердің тілі мен жүргегінен мынадай кестемен жадырай тараған-ды.

Қайтсе женіл болады жұрт билемек?

Жұрты сүйген нәрсені о да сүймек!

Ішиң берік боп, нәпсіге тыю салып,

Паңсымай, жайдақсымай ірі жүрмек.

.....

Кісімсі қайда жұрсөн олжага тоқ,

Шоқыма халық көзінше қарғаша боқ!

Жұрт бала, ешнәрсесін тартып алма,

Білдіртпей еппен алсаң залалы жоқ! –

деп тұрып, парамен байыған Тәкежанды, бұл күнде әке жолына түсіп ап, үш жерге қыстау салып, қатты байып бара жатқан Әзімбай болысты да еске алып отыр. Өз болыстығын айлалы, шеберлікпен қу парақорлыққа жұмсаған Шұбарды да еске алған. Сондай атқамінер, жуан бел болыс әкімдердің талайының мінезінен қорытып кеп тудырған өлен, ызалы мысқыл жамбысындаш шықты.

Бұл өлең, жыр да Ақшоқыдай еңбек аулында туып, сан рет көшіріліп жатталып, домбыраға, әнге түсіп айтылып жатқан шақ еді.

Міне, дәл осындағы өзгеше өнімі бар, жемісі мол қоңыр күзде, тағы бір шаңқай түсте, ойда жоқ, өзгеше сұық хабар жетті. Қаладан қос аттап шапқылап Баймагамбет кепті. Ол өз үйіне соқпастан, бірде-бір жанмен тіл қатысып сөйлес-

пестен, асығып, аптығып кеп, Абайдың үстіне кірген. Бұның осылай дағдыдан тыс келгенін сырт ажарынан аңдаған Әйгерім, Мағаш, Кәкітайлар Абайдың үстіне үнсіз ғана кіріскең еді.

Баймағамбет Абайдың алдына кеп жүгініп отыра бере, амандасуға, сөйлесуге келмес бұрын, қойнынан алақандай қағаз суырды да, ұсына берді. Бұл телеграмма Алматыдан, Әбіштен келген хабар еді.

– Әбіштен тіліграм!

– Өзінен бе?

– Не депті?! – дескен үзік-үзік күдікті сұрақтар кеудеден күбір-сыбырдай әлсіз шығады.

Абай ұзақ телеграмманы баяу оқып шықты. Анықтап, аңғарып болғанша, қасына Мағаш пен Кәкітайды шақырып алып, оларға да оқытты. Өзі тағы да бастан-аяқ іштей оқып, енді анық аңдады. Бұл телеграмма хабары Абайды қатты шошытты. Екі көзі оймен жоғарылап, көтеріле қарағанда, Әйгерімге шатынап кететіндей көрінді. Шарасынан шыққандай, қатты шошыған қалпын танытты. Қоңыр жүзі аппақ бол бозарып, көйлекшең отырған қалпында кең жеңдері дірілдеп тұр. Ол ойланып қалған. Шошыну үстінде үй ішіне айтуды да ұмытып, не дерін, не істерін білмей, өзге-ше үркіп қалған.

Абайдың ажарынан қатты сескенген Әйгерім бастаған үй іші үнсіз қыбыр етпей, жым-жырт бола қапты. Бұның жүзіне өтінішпен қараған Әйгерімнің жайын енді аңдаған Мағаш орысша жазылған телеграмма сөзін естіртіп, қазакшалап айттып берді.

Алыштағы асыл бала, ардақты азамат жайынан жеткен хабар шынымен барлық жанды қатты шошытып, өте суық естілді.

“Екі айдай ауру едім, қазір лазаретке түсемін. Мағышты үйге қайырдым. Тезінен Мағаш мұнда келсін!” – депті.

Тегінде, Әбіштің денсаулығы нашар екендігі бұл отырған дос-жаранға ертеден мәлім. Тіпті Петербургте окуда

жүргенде “сол жаққа баруды қойса қайтеді, оқуды тоқтатса не етеді!” деген қауіп пен құдік жайларын шешелер, қарт-қариялар емес, Абай мен Мағаштар да Әбішке сан рет айтысқан еді. Қазір сөйлеспесе де, Абайдың, Мағаштың, Кәкітай мен Дәрменнің – бәрінің көнілінде сол құдіктер сайрап тұр. Осы төртеуіне, Алматыға кететін жылғы жазда, Мағышқа үйленердің алдында, бір күні Әбіш өзінің сауышылығын реніш етті: “Менің өмірім аз!” деп қалғаны бар еді.

Сонда Кәкітай мен Мағаш шошынып, жыларман боп көздеріне жас алып, жөн сұраған-ды. Әбіш оларға сол сәтінде құліп қана жөн айтып, “қалжындаимын” деп, қайтадан жұбатқан болатын.

Екі жылдан аса мезгіл өтті. Бұлар Әбіштің хат-хабарын алғаны болмаса, денсаулық жайын дәлді білген емес. Білу мүмкін де емес. Әбіш оны өзінің жиі жазылатын хатында таратып айтып сөз қылмайтын. Енді не деген сөз, не деген ауыр хабар?! Екі айдай ауырады. Қасында докторлар, дәрілер, больницилар бола тұра, жазыла алмаған. Соның үстіне лазаретке түскен. Бұл енді ұзақ төсек тартқан халғой. Мағышты Семейге қайырғаны да оңай белгі емес. Жасыра келіп, енді бұдан өрі бүркеуге болмаған соң, жеріне жеткен соң мынадай сұық хабар салып отырғой. Оңайлық болса әкесін, үй ішін шошытам дейтін Әбіш пе еді! Амалы құрыған соң айтылған сөздер ғой мынау, тастай сұық сарап сөздер!

Осы жайды өз іштерінде Абай, Мағаш, Дәрмендер ойлай сала үнсіз жас төгісті. Қатты жылаған әйелдерді Баймамбет пен Мұқа бөлек үйге алып кетті. Қанша отырғаны белгісіз, Абай енді үлкен жүзінен айғызы-айғызы боп аққан жасын тыймастан отырып, бір сәтте ес жиды. Өзіне өзі келе бере ендігі айтқаны асыға байлаған тығызы байлау.

– Жә, не отырыс бар?! Шапшаң қамданындар! Ауылдағы ат жетпейді. Осы отырған бәріміз де ертең таңертен-нен қалмай Семейге жөнелеміз. Мағаш, сен бар қамынды

бүгін жасап ал! Семейден Алматыға жүресің. Кәкітай, Дәрмен, сендер де бірге қамданындар! – деді де, қайтадан шұғылынан екі қолымен бетін баса қалып, еңіреп жылап жіберді.

Абайдың бұл күйін көруге шыдамаған жас дос, жақындары, өздері де жастарын төккен күйде, тез тұрып, жүріп кетісті. Қайғылы атаны енді өз ойымен, өз дертімен оңаша қалдыру қажет сияқты. Себебі оның жаңағы шолақ бүйрек сөзден басқа, тіл қатар түрі жоқ. Мұндаасар да ойы жоқ. Не де болса бар жарасымен бір өзі ғана болғысы келгендей.

Осы күн еңкейе бергенде Мағаш, Кәкітай, Мұқа болып салт атпен Семейге қарай аттанды. Бұлар жолдағы жақын қостағы жылқыға бармақ. Содан, осы түнде Абай қалаға жегетін аттарды бұнда жібермекші. Өздері Мағаштың Алматыға баратын сапарына керек пұл, соманы өзірлеу үшін, сол қостағы семіз биеден, жарамды сойыс малынан керегін тізіп алып, үрдіс жүріп Семейдің базарына жетпекші. Арттағы Абайлар жеткенше, ұзақ жолдың өзірлігін жасай бермек.

Абай бұл күнді күні бойы және осы түнді де оңашада, жапа-жалғыз қайғыда, ауыр қасірет тебіренткен күйде то-лас таппай өткізді. Бірсек зор кеудені сілкінте, қалтыратада шыққан ыстық жалын күрсіну естіледі. Бірде сыйырлап, әлденені сөйлем кетеді. Қапалық сөздерді жиі-жиі сыйырлап, асығып айтып-айтып кетеді. Оқта-текте бар зар шерінің қайырмасындар етіп, алыстағы асыл баласының атын соншалық ынтызарлықпен қатты сыйырлап атайд бере-ді. “Әбішім”, “Әбіш”, “Әбіштайым менің” – деп қалады.

Шошыған ата көңілі тынымсыз. Таң алдында жалғыз өзі аласұрғандай әлекте отырған халінде, ендігі көңіл жалыны әлдекәндай бір сөздерге оралады. Қатар жолды күйге қайтады. Бұл сөтте де шерден туған қасірет өлеңі оралып, құралады. Ол күрсінуден, жалынудан... шарасыз сенделуден туған күй... Сөзбен шыққан жан жалыны. Жүректен атылған, сол жүректің ыстық қаны. Бусанып, толқып аға

берген ыстық қандай сөздер құралып жатыр. Оған ақыл, сана басшы да емес, қазы да емес.

Я, құдай, бере гөр,
Тілеген тілекті!
Қорқытпай орнықтыр,
Шошыған жүректі.
Шын жүрек елжіреп,
Алладан тілеймін,
Шын қалқам осы күн,
Болып түр керекті.
Жүргегім суылдаپ,
Сүйегім шымырлап,
Талмастан тілеймін,
Құпия сыбырлап!.. –

деген өлденеше шер, зар толқып-толқып ашила түскендей болады.

Қандай сөзбен, не айтып жатқанын да Абай түгел аңдап жатқан жоқ. Әйтеуір тынымсыз да толассыз бір қауіп, шошыған жүректі қатал тұяқпен қатты сығымдаپ алған. Шеңгелдеп қысып, сәт сайын зәр-зарын төктіреді. Қанша жазғанын, нелер айтқанын, кеудеге сыймас қанша шер тілінің қағазға түспей қалғанын Абай аңдай алмайды. Бірақ Әбіштің жайын ойласа, осылайша оңаша, құпия сыбырлап, күйлі шер шертпеске шарасы жоқ. Бұдан былай да ендігі өмір күйіндегі көңіл күйі, қайғылы көй-гөйі осы түннің осы жырларынан басталардай.

Арада бір-ақ жұма өткен соң Әбіштің телеграмы болынша Мағаш әзірленіп болды да, қасына Майқан дейтін тату құрбысын ертіп және Әбіш жақсы көретін оның елдегі қызықты досы Өтегелдіні алып, Семейден Алматыға аттанды.

Абай, Кәкітай, Дәрмен үшеуі бұл жүргіншілердің қалталарына өз қолдарымен жазған зар хатын, өлең хаттарын салып, бірге жөнелтті. Өздері енді Әбіш пен Мағаштың

хабарлары мұлде ондалғанша Семейден кетпейтін болып, қалаға ұзаққа жайласып, орналасып қалды.

3

Женіл кәшаба шананың артқы орнында Абай мен Дәрмен, козлада – Баймағамбет. Жүрдек қоңыр ат басжатақтың көшелерімен кеш батар шақта соқтырып, қатты жүріп келе жатты. Аттың тағалы тұяғы мен шананың табаны ти-ген қар шықырлап, сыйырлай түседі. Шыныланған қалың қар. Ызғырықтап соққан кешкі аяз сақал, мұртқа қырау тұрғызады. Кірпіктерді жабыстырыған салқын мұздақ та білінеді. Осы белгінің бәрі де Семейдің қысы мейлінше түскенін сездіреді.

Ар жақтан Ертістің үстімен өткен Абайлар соңғы бір сағат бойында бер жақтың көп жерін аралап шықты. Әуелі Құмаштың қақпасына кеп тоқтап еді. Абай өзі шанадан түспей, үйге Дәрменді жіберіп, осы адреске келген хат-хабардың бар-жоғын білгізді. Көптен күткен Алматы хабары – Магаштың хаты келменті.

Бер жақта бұл үйден басқа Абай мен оның бала, іні, туғандары түсіп жүретін қазақ үйлері көп еді. Соның бәрін де қазір бұлар кеш батқанша жіті жүріп, аралап шықты. Жүріс себебі біреу ғана. Ортажатақ, басжатақтағы бірнеше үйді аралап өтіп, жоғарыда, базар сыртындағы бір таныс үйге де соққан еді. Ешбір адреске келген хат-хабар жоқ.

Бірнеше күннен бері осы жайдан қатты мазасызданған Абай, енді қазақ үйлерін арылтып шықты. Көнілдегі күдік пен күптілік аса түсті. Үнсіз жүзінде уайым белгісін танытып, қабағы да салбырай береді. Базар сыртындағы екі қабат қоңыр үйдің қақпасынан Дәрмен құр қол шыққанда, Абай енді Баймағамбетке асыға сөйлеп, тағы бір жайды атады. Онысы Слободканың төменгі қайық аузы жағында, жотада болатын.

Абай почта конторынан хат-хабар жайын өзі кіріп сұрады. Жатып қалған, жіберілмеген хаттың арасында өзіне

арналған хат болмады ма екен деп сұрап еді. Көзілдірігін мұрнының ұшына таман түсіре киген ұзын сақалды, қуаң жүзді қарт чиновник Абайдың сұрауынан, ажарынан Алматы хабарына аса ділгір екенін аңғарып, орнықты жауап берді.

Жіберілмей қалған хаттың ішінде Құнанбаевқа арналған хат-хабар жоқ екен. Оны байыптаپ қарап шығудың үстіне, “Аягөз тұсында бір жұмадан бері қатты боран болып тұр!” – деді. “Жол басылып қалғандықтан, Арқат пен Аягөз бекеттерінің арасында ешкім жүре алмай жатыр. Семейден кеткен почта қазір Арқатта бөгеліп тұрғалы бір жұма болды. Өзге себеп емес, сізге келетін хат та осы күн рaiyның жамандығынан кешіккен болу керек. Тек кеше ғана Аягөзден бері қарай бірнеше почта лауы өтті деген хабар бар. Бергі бет бөгемесе, сол алғашқы лаулар Слободкаға бүгін түнде жетуге тиіс. Бір орайдан, сізге хат келсе, ертең осы лаумен келген почтадан аларсыз!” деген.

Абай үшін бұл да болса сәл үміттей дерек еді. Почтадан шыққан соң, кеш бата бергенде Слободканың орта тұсында төрт терезелі, шатырсыз тоқал үйде тұратын Кәкітайдың пәтеріне аз уақытқа аял етті. Тағы да Дәрменді жіберіп, Кәкітайды сыртқа шақыртып алыш, іс тапсырды. Оған почтаниң бөгелу себебін айтыш, хат келсе, осы түнде келуі мүмкін екенін ескертті. Кәкітай да осындай бір үміт хабарын қатты тосқан күйде елең етіп, ынтыға тыңдады.

Абайдың оған ендігі тапсырғаны, таңертең кенсе ашылу қарсанында почтаға барсын да, хат болса алыш, тезінен бүгін Абай қонатын үйге жеткізсін. Бер жақтағы осындай жүрістерін аяқтап болған соң ғана, ымырт жабыла бергенде Абайлардың шанасы Дәмежан қорасының алдына кеп тоқтаған-ды.

Бұл үй Абайды осы кешке қонаққа шақырған. Абай келсе, Дәмежанның төргі үйінде қайықшы Сейіл де бар екен. Қалада Абай кездесіп жүретін еңбек адамдарының ішінде мінезімен, сөзімен және қала жайын жақсы білетін есті-бастылығымен Абайға өте ұнайтын адам осы Сейіл

еді. Онымен Абай қайық үстінде ғана емес, кейде кезек қонақтасқан үй, пәтерлерінде де бірге болысатын. Қазір Дәмежанның төрінде отырған, жасы Абай құрбы Сейіл тың қонақ келгенде, оған өзі бұрын сәлем беріп, орнынан тұрып, төрге шығарып, қос қолымен қолын да қысты. Не қылса да қалалық сыйтайлықты өзінің жаратылысындағы ұстамды мінезділікпен үйлестірген қалпын танытады. Абай бұл үйде өзі ұнататын адамын көргенде, қазіргі ренжіп келген көңіл жайына қарамай, едөуір риза боп қалды.

Сейіл мен Дәмежанның көмегімен бел шешіп, сырт киімін тастап, жайласып отырған соң Абай оларға жақсы шыраймен жадырап амандасты. Сейілдің бұл үйде не ораймен отырғанын Абай түсінеді. Соңғы екі-үш жыл ішінде, Жәбікен өткеннен кейін Дәмежан мен Сейіл, бәлкім, тіпті Абайдың осыларды бір-біріне тәуір сөзбен атағаны да себеп болған шығар, әйтеуір құда болысқан-ды.

Сейілдің жетіп қалған қызы Жанғайшаны Дәмежан өзінің үлкен баласы Жұмашқа айттырған. Биыл күзде Дәмежан сол келінің түсірген де болатын. Қалаға Абай келген сайын оны өз үйіне дәмге шақыртатын Дәмежанның салты бар-ды. Алматыда Абайдың ең жақсы көрген баласы Әбіш қатты науқас дегенді Дәмежан да білетін.

Сол жөнде Абай үлкен уайым етеді дегенді де естуші еді. Осындай кездे Дәмежанның туысқандық, дос-жарлық көңіл білдіргісі келгені де бар. Келінің түсірген соң Абайдай жақсы адам, жақынына дәм таттырмақ. Ол ойы да орынды және Сейілді де қызын ұзатып өкелген соң шақырған жоқ еді. Онымен Абайдың көңілдес екенін білетін Дәмежан, әдейі сый қонағы Абайдың көңіліне жағатын жақының шақырған-ды.

Аздан соң Баймағамбет, Дәрмен де аттарын жайлап, үйге кіріп, кішкене дөңгелек үстел айналасына отырысты. Бұл кеште шай үстінде және кешендең барып піскен тұнгі асқа шейінгі уақытта да Абай аз сөйледі. Ол қаланың бейнеткоры – Сейіл мен Дәмежаннан бүтінгі қала тірлігі, өз

өмірлері туралы айтқандарын естімеккे ден қойды. Әңгіменің басы шайға отыра бергенде Сейілден Абайдың сұраған бір сезінен басталған.

Дәмежанның өзі құйып отырған қаймақты қоңыр шаяны жадырап іше отырып, Абай Сейілден оның қазіргі әрекеті, қысқы көсібі, құнқөрісі қандай болыш жатқанын сұрап еді. Сейіл өуелі қысқа қайырып жауап қатты.

– Қайық тоқтаған соң өзіңіз білетін жазғы кәсіп қалдығой! Содан онда-мұнда түртіне жүріп, енді мына қыс түсіп, қар бекігелі забойға кірген ем, сондамын! – деді.

Ондағы жұмысы не екенін Абай және де сұраған.

Сейіл Қасен қасапшының забойында қой сояды екен. Дәмежан да өзінің баласы Жұмаштың сол забойда тері жайып, болымсыз тыын-тебен тауып жүргенін айтты. Осыдан сөз басталып, қасапшы Қасеннің Сейіл, Жұмаш сияқты қала жатағына бұл кезде істетіп жүрген жұмыстары туралы, көрсететін неше алуан қынышылығы, қыры, қорлығы туралы әңгіме басталды.

Сейіл мен Жұмаш бүгін забойда болған масқара бір жайды бас шайқап, қабақ түйіп, таңдай қаға, түңіліп отырып, айтысып еді. Күйеуі обадан өлген, үш бірдей жас баласы бар Шәрипа дейтін орта жасты әйел, күзден бері аштыққа ұшырап, өлермен боп жүреді екен. Сол забойға барып, Қасеннің довернайы боп жүрген қырсық саудагер Отарбайға жалданады, ішек-қарын аршиды. Таңертенен, таң білінер-білінбестен барып, ел орнына отыра зорға қайтқанда, күні бойы істейтіні тек ішек аршу. Бел жазбай, нәр таттай, тыным таптай иіс-қоңыс арасында істегендеге сол Отарбай ант атқанның беретіні бес тыын жарым екен. Қаланың басжатағы осындай кезде бірнеше байға, баяғы ауылдағы кедей-кепшікше, сорпа-су үшін де жұмыс істейді емес пе! Қайдағы аш-жалаңаш, арық-тұрық ер мен әйелді қасаптың кезінде Қасен осы басжатақтан жияды. Күйзеліп отырған үйлерді әдейі кісілерін жіберіп, аралатып, еркегін, әйелін, баласын, кәрісін, жас демей, алжыған демей алғызады

да, жалғыз “шет копейкеге” дейін бұлдаپ, өте арзанға жалдайды.

– Истеген еңбекке қарағанда бәрімізге де беретіні еңбектің ақысы емес, мазақ! – деп, Сейіл Қасен мінездерінің шетін бастады. Содан өрі Дәмежан, Жұмаш, Сейіл үшеуі кезектеп қасап үстінде осы басжатақтың кедейі көріп жатқан талай қорлықты айтты. Соның бәрінен өткен бір масқараны жаңағы Шәрипа деген әйел Сейіл мен Жұмаштың көзінше бүгін көріпті.

Кешкі жұмыс біте бергенде, қақпаның аузында Отарбай мен тағы бір ожар, дәу қара Қонқай деген жігіт тұрып алдып, “ішек-қарын аршыған әйелдер май үрлайды” деген пәлені шығарыпты. Өздері ішіп алған, қызу, қылжақ-мазақ керек. Сонымен, “қойдың шарбысын үрлайсындар” деп әлек салады. Өзге, ет десе, құйрық десе, ол жаласы дарымайды. Әйткені ондай кесек нәрселер болымсыз лыпа киғен бала-шағаның, кемпір-шалдың бойынан оңай көрінеді ғой. Ал шарбыны әдейі шатақ, мазақ үшін ойлап шығарған. Және қасаптың қалың кезі енді басталып келеді, осы шақта шошынып жүрсін дегені болу керек.

Бір топ әйелдің алдында келе жатқан Шәрипаның өні ақшыл, ажары тәуір болатын. Соны жаңағы Отарбай мен Қонқай “шешін” деп әурелейді. Әйел сыртқы жыртық шапанын шешеді. Одан кейін, ақыры бүйірып кемзалын шештіреді. Бойынан ешнәрсе таппайды. Соған қарамай, “денең толық”, “етіңе орап алған шарбы бар, талай майды өкетіп баrasың!” деп етегін ашпақ, абырайын төкпек. Артында тіреліп тұрған көп әйел мен еркектің көзінше өлердей қорлап, масқараламақ болады.

Соған шыдай алмай күйген әйел, Отарбайдың бетіне түкіріп жіберіп, жетім балаларын айттып, зарлап қоя береді. Көйлегін сыптыра бастаған Қонқайды жақтан тартып жібереді.

Сол-ақ екен, қолақпандай екі ерек үялмастан жабылып, жаңағы бейшара ана, жесір әйелді қар үстінә жалаңаш етін

ашып жығып, тепкілеп ұра бастайды. Соған шыдай алмаған Сейіл Қонқайды және Отарбайды қоса боқтап тұрып, төбелеске түседі де, анау қор болған әйелді арашалайды. Басқа бар әйел атаулы шулап, жылап қоя беріп, шағым айтады. “Бұлардың істеп жүрген қорлығы мен мазағында шек жоқ” деп, жаңағы екеуін жаны күйген әйелдер жұдырықтап, тепкілеп, сабап кетеді.

Осы жайды Жұмаш пен Сейіл біресе түршігіп, біресе ызамен күле отырып айтысып берген еді. Қалалы жерде де бұндайлық масқара қорлық, мазақ болатынына Дәрмен барынша түршігіп, ызамен ширығып отыр. Сейіл мен Жұмаштан Қасен қасапшының забойында тағы не жайлар барын ынтыға сұрап, айтқыза берді. Абай да қабак түйіп, үнсіз халде қатты түршігіп, қадала тыңдалап отыр.

Бір кезек Сейіл өзінің де биылғы қыс амалсыздан осы қасапшы Қасеннің торына түсіп қалғанын айтады. “Жас болса келіп қалды, үстімнен біреуге “әй, өй” дегізіп жүргізбей, орайы келсе өзіме бөлек бір енбекпен талшық тапсам деуші едім. Жазды күн қайыққа кететінім де сол еді. Қыста біреуге басыбайлы кіріптар болмай, он күн бір жерде, он бес күн бір жерде істесем деп ем. Биыл осы “Жатақтың кедейінің бәрі забойға барып, тыын-тебен тауып жатыр, нан, суын айырып жатыр” дегенмен барып қалып ем. Қасен деген де кесел екен” деп бір қайырды. Содан әрі ол өзінің түн жарымынан тұрып, ымырт жабылғанша тыным алмай қой соятынын айтады. Бұл жұмысты да ол жас кезінде, осы қалаға көсіп ізден келгенде, өзіне дағды еткен екен. Сойғыштығы сондай, етін бұзбай соятын болғанда, күніне алпыс қойға шейін сойып кете алады. Бірақ сонда да табатыны кейде күніне он бес, кейде жиырма-ақ тыын. Оны да жұмасына бір рет есеп айырарда, жаңағы Отарбай мен Қасен болып қолдарына шоттарын ұстап отырып, “жарым тыын грош шық”, “шет копейкаға кір” деп шоттарын сатырлатып отырып, қағыстырып жегісі келеді.

Сондай бір есеп айырған күні:

— “Аш иттің артын сүқ ит жалайды” деп, менің қан кешіп, жын құшып жүріп тапқан жаман-жәутік тыныма да сұқтарыңды қадапсын. Сендердің-ак дегендерің болсын. Бірақ осы табан ақы, маңдай терімнен жегендерің желкеннен шықсын деп, айтқандарына көне бердім, – дейді.

Сейілдің “быыл амалсыздан Қасеннің торына түсіп қалдым” дегені бар еді. Сол жайын Абай сөз таратып сұрағанда, ол тағы бір байдың қала жатағына істеп отырған жеміт киянатын айтты.

— Жасы он жетіге жаңа ілінген інім бар еді. Қәсіп таппаған соң жаздай қайықтан жиған тыын-сиыныма бір ат, арба әперіп, соны жүк тасуға бержабайға салайын деп едім. Киізші Сейсеке осындай ат, арбасы бар жатақтан жемшік жиып, ұзаққа жүк тасуға жібереді дейді. Баратын жағы Бақты, Шөуешек. “Дүние деген су тегін. Жемшік боп барғанның өзі олжаға қарық боп, күреп қайтады” деп, тағы да мынау Қасеннің қасапқа шақырғанындай кісілерін жүргізіп, жар салады, шырға тастайды. Соған сақалды басыммен мен де алданып, інім де қызықты. Бір сапарға барып кел. Қыс түскенше оралып қаларсын, деп семіз атымен, жап-жана бүтін арбасымен жөнелтпедім бе! Табаны отыз кісі жемшік, жетпіс-сексен атпен Бақтыға кеп-кеп кездеме апарады. Қайтқанда Сейсекенің тері-терсегін тиеп келеді. Бұл өзі бір шеті Қытайға, бір шеті сонау Ірбітке, Мәкәржіге кетіп жатқан, саудасының ұшы-қыры жоқ үлкен бай екен ғой құрғыр. Не керек, өзгесін не қылайын, сол інім жақында келді. Осы күнде үйімде ғаріп болып, сорлап отыр. Қол-аяғы үсіген, домаланып қалыпты. Өлімші боп, зорға жетті. Өзі арығанда екі құлағынан күн көрінеді. Аты болса, о да тері тарамысына ілініп, жүз рет болдырып, зорға жеткен. Сөйтіп, ат арып тулақ болған, ер арып әруақ болған кезді көріп отырмын. Барғаны мен қайтқанында тек қана қара нан, қара суды талшық етіпті. Атының шала жемін ғана беріпті. Ақы-пұлы жоқ. Жөнін айттайын десе, інім үйден шыға алмайды. Өзім де бара алмаймын. Көршімізде жемшік боп кеткен қайықшы, тағы

бір өзімдей серігім бар еді. Сол жылап отыр. “Мениң ба-
ламды да сыртынан сорлатып жатыр” дейді. “Әлі әкелген
терілерінді түгендейміз. Ит жегені, жоғалғаны, жолда
істен шыққаны бар, – соның бәрін “пұржөмкеге” аламыз”
деп айтады дейді.

– Ал бұлардың тері-терсекті, жұн-жұрқаны “пұржөмке-
ге” қалай алатынын білесіздер ме? – дегенде, Дәрмен күліп
қойды.

– Е, шет-жағасын білеміз. Доп-шоп, мәжемке, пырақ-
сырақ! – деп, екі көзінді бақырайтып қойып тонайтын.

Сейіл Дәрменге құптай қарап, бет өжімін мол жиыра,
қатты құлді де, әңгімесінің соңын айтты.

– Сол тері-терсекті “жолда бұлінген” деген боп, отыз
кісі жемшіктің еңбек акысын жегелі отыр. Ат көлігіне
бұрын атаған болымсыз пұл-мұлын да бермеудің айласын
істеп жатыр. Інім ауру, өзім бара алмаймын. Бірақ
бұндағы үйлері ашыққан, өздері тон тоздырып, ат ары-
тып, жұдеген отыз жемшік, күн сайын зар қағып, Сейсе-
кенің қақпасының алдын күзетеді дейді. Міне, Абай! –
деп, ас пісер алдында Сейіл Абайға шаққандай бір уайым
сөзін қорытты.

– “Бәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ” деген-
дей. Байға күні түскен кедейдің қырда да, ойда да көзі ашы-
лар шақ жоқ еken fой! – деп тоқтады.

Абайлар осы Дәмежан үйіне қонып шығып, таңер-
теңгі шайға жаңа отырған еді, үстеріне жүрісі шапшаң,
көз ажары жайнай түскен Кәкітай қатты дауыстап, ашық
сәлем беріп, кіріп келді. Дала бүгін де аяз екен, етігінде
қырау ызғары бусанып, білініп тұр. Кішкене мұрты қою
қалпында, сіреулленген мұз боп қапты. Ол шешініп, аман-
дасып болмастан Абай: “Почтаға бардың ба, хат бар
ма?” – деді.

Кәкітай қойнына салып, әдейі асығып әкелген екі хат-
ты Абайға ұсына берді.

– Почтаға бармас бұрын алдымен Құмаштықіне соғып
ем, сонда кепті, – деді.

Абай екі хатты бірдей жыртты да, соңдарындағы жазылған шақтарына қарады.

– Мына біреуін жазғанына жиырма күн бопты. Мынасы соңғы хат, он екі күн! Мағашқа жұма сайын хат сал деп ем, жібергені осы ғой. Почта бөгеліп, екі хаты бір кепті ғой! – деп сөйлей отырып, көзілдірігін киіп, өуелі алғашқы хатты қарады.

Хаттың басы жай сөзбен жазылған екен. Аяғы Мағаштың өлең хаты. Абай үндемей хат оқығанда, Кәкітай, Дәрмен, Баймағамбет, Дәмежан – бәрі де қыбыр етпей, тек Абайдың жүзіне қадала қарап қалысқан еді. Мағаш өз хатының аяғында, алғаш сезген қасірет шерін барынша шыншыл, ыстық жүрекпен өлең жолдарына тізіпті. Абай соған ауыса бере, қатты бір күрсініп алды.

Іңқылдан жатыр екен жаңа барсам,
Көз жасым тоқтата алмай болдым сарсан.
Сүп-сүр болып жатқанын шалқасынан
Көкірегім көреді, көзімді алсам.
Көзінің еті кеткен, арықтаған,
Сүйек, сінір бәрі де анықталған.
Ақ кенептің ішінде аппақ болып
Ол ғазиз болып жатқан қайран ағам! –

деген жерге жеткенде, Абай көзінен көзілдірігін жұлып алды. Өні сүп-сүр боп кеткен. Екі көзі мөлтілдеген жасқа толы. Хат жолдары бұлдырап, көз алдында ерігендей, танылмай жоғала берді. Қос қолымен бетін басып, үнсіз отырып қалғанда, Дәрмен мен Кәкітай қатарынан жылап жіберісті.

Бұлардан гөрі ересегірек Баймағамбет: “Соңғы хатты оқындаршы” деген еді.

Абай қайтадан тез бойын жиып алды да, сол хатқа қол созды. Екінші хаттың хабары алдыңғыдан тәуірірек екен.

“Әбіш ағамның көnlі біз келгенге көтеріліп қалды. Тамағы да тәуір сияқты. Үйқысы да осы күні тыныштау.

Енді лазарет пен жақсы-жайлы пәтердің екеуі де бірдей, “қолдарыңа алып емдесең де болады” деген соң қуанып қалдық. Бері қарады ма деп доктор сөзінен үміт қып, қала-дағы бір күтімді, жайлы үйге алып шықтық. Осы күнде Әбіш ағам өзімнің қасымда. Тұрған үйіміз Әбсемет деген шалақазақтың үйі. Өзімізге дос-жар адам. Сұраса келе бізге жиен боп шықты. Қазір соның үйінде бір жағынан докторға емдетіп, бір жағынан бие саудырып, қымыз беріп, күтіп тұрмыз. Алдыңғы құнді аллаға тапсырдық!” – деген екен.

Абай бұл хатты алғашқыдай емес, сөл бір жұбаныш хаттай қабылдады. Екі-үш рет өр тұсын дауыстап оқып шықты. Енді соның артынан үй іші әр үнмен тілек айтып, құдайына жалбарынып, шүкірана етісіп қалған еді. Осы арада қағаз, қарындаш тапқызып алғып, аял етпестен бүгін-ақ Абай қайта хат жазуға отырды. Ауыз үйге шығып, кішкене текшеріп өз алдына қойып, Кәкітай да жазуға кірісті. Терезенің жақтауына сүйеніп Дәрмен де жазады. Бұлар да сөлем хаттарын, бар бейілдерін беріп, жазып жатты.

Мағаштың жаңағы өлең жолдарын есіне алып отырған Абай да сол күйде жан үріккен жанқүйердің үндес сазын шерте сөйледі.

Зар хатым, бұл хатым,
Бізді тыныш жүр деме!
Азайып қуатым,
Денем жүр көрмеге.
Бұл жазған сұнғатым,
Көніл ашар бір нама,
Менің сол рақатым
Көзіме сүрмеге... –

деп кеткен бір кезек шер толқыны бар еді.

Тағы бір ауыса тұскен мұң жайын қара сөзбен жаза келіп және де өлеңге ауысып кетеді. Бұнысы дәл осы сәтте қауіп пен үміттің тез алмасып, кезек шарпысып, үлкен адам кеу-

десін жалын мен судай қатар жалап тұрған шағы еді. Сол хал өлең жолына барынша бусанған шындығымен тағы бір тізіліп кетеді.

Бір үміт, бір қауіп,
Көңілге жол тауып.
Кірген соң сөз қыын,
Әрнеге ой ауып.
Екі ай-ақ не қылып,
Басқаша ауырып,
Япымай, докторлар
Жұрмесін жаңылып!..
...Әбсәмет жиенің,
Ол сенің біреуің,
Достық пен достыққа
Отемек тілеуім! –

деген сәлем сөздер де Әбішке арналған жолдарға араласады. Бірсесе Мағашқа да жаны ашып, оның жаңағы өлеңінен қайғыда туған өнерін танып, оған да елжірей түседі.

Жаралап аузын ашты,
Жарасы жарасты.
Жарасыз біреуі
Неліктен үйқы ашты! –

деп, өлдекімге жауапсыз мұң сұрауларын тастап кетеді.

Абай хаты осындай күйлер толғап жатқанда, Дәрмен де дәл осы бір ғана таңертен көріп, сезгенін өзі байқамастан өлеңдете тізіп отыр:

Екі хат қатар келді көптен тосқан,
Жүрекке жүректердің күйін қосқан,
Қапалық қабағында Абай ағам
Қол қалтырап, алғашқы хатынды ашқан!
Үн қатпай тыңдал қаппыз хаттың сөзін,
Әбішті көргендеймін қасымда өзім...
Шерлі ата оқи алмай, тоқтап қалды,
Сұрланған, жасқа толған көрдім көзін...

Үмітпен тағы да ашты соңғы хатты,
Зор кеуде қасіреті жанға батты.
“Бер қарап лазареттен үйге келдік”,
Дегенің барша сөзден болды тәтті... –

деп, бұл күде әңгіме хабар да жазып шықты.

Абай ендігі хаттар жайын сөйлескенде ақыл айтатын. Кейде көніл көтерер, езу тартқызыар немесе сарылған көнілді алаң еткізіп, селт еткізер хабарлар, әңгімелер де жазу керек. Төсек тартып жатқан ауруға ондай алаң еткізетін шақ хардыш өзі де керек болады, ем болар! – деген.

Көкітай да, Дәрмен де ұзақ хаттар жазды. Мағаш пен Өтегелді, Майқанға да және Әбіштің өзіне де әңгіме қып, ермек етерлік жайларды айтысады. Осымен түс кезінде бірнеше хат, сәлемдер өзірленді. Қалтқысыз достар, бір тілекпен жүректері түйісken аяулы жандар асығыс сәлем хаттарын Алматыға қарай қайта жолдады. Өздері келер жұманың жаңа сәлем хатын жаңа сый, тілек, үміттей тосып қалысты.

4

Ұлы таудың етегіне бау-бақшасымен кең жайыла орнаған өңшен аласа үйлі, кішілеу қала, ет бөктерде ұзақ кең алан қалдырған. Қаладан сол тауга кіре беріс терең сайдың аузында көп үйлі лазарет бар.

Әр дерптің өзіне бөлек жеке, жалғыз қабат, ұзынша боп салынған ағаш үйлері бар. Бақшалы кең аула осындай он шақты ағаш үй корпустарға бөлінген. Жаз бұл үйлердің айналасы гүл шөппен қоршалады. Жағалай жиі орнатылған жеміс бақшасы да бар. Ол лазаретті баурайына алыш, сондай өзгеше гүл жеміске орап тұратын сияқты.

Облыстық қала Алматы өзінің осы лазаретімен мақтапарлық орайы бар. Әсірессе лазареттің үлкен дәрігері, қартаң еврей Лев Николаевич Фидлер осыдан он бес жыл бұрын Алматыға келіп, лазаретті қолға алғалы жай-жағдай көп

өзгерді. Ауруларға беретін ем, көмегі, жатын-орын, тамақ-жайы өзгеше жақсы бол алды.

Осы лазаретке құдістеу, дом бол жараған үлкен торы ат жеккен кәшаба шана бір сағат бұрын келіп, тосып тұр.

Дөл шаңқай тұс қыыс ауа бергенде ғана бұл шананың тосқан адамы, орталық ағаш уй, үлкен корпустың кең есігінен асыға шықты. Тымак, ішік пальтосының түймесін аласа басқыштан тұсіп келе жатып түймелей бастағанына қарағанда, ол асығып шыққан сияқты. Бұл кісі Майқанға орысша амандасты. Бөркін ала ілтифат жасап, кәшаба шағаға шириқ, шапшаң басып кеп, отыра берді.

Ол отырысымен құдіс торы ат, керіп тұрған божының сәл босағанын аңғарып, бас шұлғып иек соза берді де, жорғалай жөнелді. Доктор қазақша аз білсе де, сол білгенін еркін, қысылмай айта беретін. Майқанға иығымен сүйене тұсіп: “Менікі уақыт аз ғана, Торжорға о да асығады, жібер” деді.

Майқан ақырын құле тұсіп: “Мақұл, құп болады, сөтте жетеміз!” – деді. Басын тежей жорғалатқан аты қақпадан шығып, қалаға қарай тартатын үлкен жолға тұсті. Енді Майқан екі аяғын кәшабаның алдына тірел тұсіп, сірескен божыны сілкінте демеп қалды.

Құдіс бойы бүктетіліп жазылған, жаясы жұп-жұмыр тегенедей, емшек тағалы Торжорға ат ыра төмен, қалаға қарай бездіріп жөнелді.

Жай жауған қалың қар бұлыңғыр сүрғылт аспаннан желсіз тынық шақта ақырын ғана тұсіп тұр еді. Торжорғаның екпінімен жапалақ қар енді жел соққандай көлбеп ұшып, бетке, көзге ери жабысады.

Майқан алып келе жатқан дәрігер, лазареттің барлық Алматы қаласы білген қадірлі дәрігері – доктор Фидлердің өзі. Ол жақсы дәрігерлігінің үстіне, аса мейірбан, жанашыры, адамгершілігі мол кісі, Әбішке ол бір жағы адамшылық және бір жағынан әкеліктең бейіл, достық көрсетуші еді.

Алматы қаласындағы орыс, қазақ, ногай, тараншы, дүнген, қашқарлық, ташкенттік болсын көбінің аузында Фидлердің аты ұдайы алғыс аралас аталатын.

Қалаға лезде келіп кірген Торжорға атты кәшаба шана, аңқып жатқан түп-түзу Колпаковский көшесімен ағынын бәсендептей соқтырып келеді. Содан көлдененде, тағы да оқтай түзу кең созылған Сельский көшемен Никольский шіркеуіне қарай тартты.

Жол да Колпаковский мен Сельский көшелердей жатық емес, ор, жырасы, тас үйілген орқаш-ойдым бөгеті көп бірнеше көшени Майқан кесіп өтіп келеді. Гурде көшесі, Нарым көшесі, Сергиополь көшесі, Розовая аллея дейтін көше – бәрінен де естіре, соқтыра өтті. Өздері баратын үйге беттеп, Старокладбищен көшесімен онға қарай еңіске таман тағы да қатты жорғалата жөнелді.

Арқа қазағы, тегі, жорғаны бұл жақтай қадірлей қоймайтын. Бұнда болса екінің бірі жорға ұстаяға тырысады. Және бәйге аттан бетер жорғаны қымбат бағалап, қадірлеп сақтайды. Мынау Торжорға да Мағаш пен Майқандарға ерекше бір қадірлі жаймен келген. Оны есіне алғанда Майқан өз көңілінде Торжорға да, оның иесіне де дән ырза.

Қыс басында Алматыға бұлар кеп жеткенде, Арқадан, Семейден жегіп шыққан өз аттары арықтарап келген. Сонда осы Никольский шіркеуінің қасындағы кең алаңға жайғасқан мал базарына Мағаш пен Майқан келіп, қалада жегіп жүретін бір семіз ат сатып алмақшы болады. Бұлардың Абайдың туысы екенін білген Дәт деген кісі, базарда қастарына кеп амандастып, жөн сұрасады. Дәт өзі осы жақтың көп елінің біріндегі Абайдың атын естіп, сөзін де едөүір үғынған, жадында сақтаған адам екен.

“Сондай аты мәлім Абайдың жақсы көрген баласы ла заретке түсіпті. Оны кенже інісі Абайдың жіберуімен іздеп кепті” дегенді де Дәт естіген еді. Енді Мағаштың базарға келген шаруасын білген кезде, Дәт бұл базардан ат іздемегенді мақұл көрді.

– Түсken үйлерің Әбсеметтікі екен. Ол менің де дос-жар адамым. Сонда барапың. Бөтен жақтың аты-жөнінді білмес, ажарынды танымас адамымен көйтіп саудаласып, қол соғысып жүресің, Мағаш шырақ. Жасың кіші інім екенсін, Абайдың баласына базардан ат іздетіп жүрмей-ақ қоялық. Бұяқтағы ел де Абайдың елі. Жатың емес, жақының. Аттың орайын Әбсеметтің үйіне барып табамыз. Жүрелі! – деп, Мағаштар жатқан Әбсеметтің үйіне әкелген.

Сол сағатында өзінің астындағы осы, “бір жесірдің құнындар” дейтін атын сыйлаған. Бар атырапқа атағы шыққан “Дәттің Торжорғасы” дейтін сәйгүліктің ер-тоқымын алғып, Мағаштың қолына ноқтасымен ұсынған болатын.

– Еліңе де ала барғын. Абай ағаға: “Ұлы жүздің бір бала-сы сәлемдемеге жіберген бір тайы еді” деп алғып кеткін! – деген-ді.

Міне, қазір Майқаның Ташкент аллейіне қарай әлі де қатты тайпалтып, соқтырып келе жатқан Торжорғасының осындаі өмірбаяны бар-ды. Сол сағатта мал базарынан шығып, Әбсемет үйіне Дәтпен бірге келгенде, осы Старо-кладбищен көшесімен жеткен болатын.

Доктор Әбіштің қасында сағатқа жуық отырып, соңғы үш-төрт күннен бергі өзгерісін байқады да, көп жадырап жұбаныш сөз айта алмады. Төмендеп, ақырын баяулап сөніп бара жатқан қимас жан, жақсы жанның ауыр халі бар. Бұл ауру Фидлердің өзіргі білген білімінің күшінен, шамасынан тыс ауру.

Көктемге жетер ме, жаз шықса, күн жылынса, “тым құрса туған жеріме қайтып жетіп, бір жайлы болсам!” деген арманды да бүгін Әбіш анықтап айтқан еді. Қасына Мағаштар келгелі өкесінен, аға-ініден, анасынан, жарынан сағынышты хат-хабарлар алғалы Әбіш туған елін, ыстық ұясын, әке-шеше бауырын соншалық сағынатын. Сол жағын көптен бергі дәрігері ғана емес, сырлас, мұндағас жақыныңдаі көретін Фидлерге бүгін ашып айтып еді. Туғандары келгелі науқасы жеңілеймесе де, көңілі көтеріліп, уайымы азайған Әбішке Фидлер бір уақыт лазареттен шығып,

осы үйде жатып-ақ емделуге рұқсат еткен. Соның орайына өз мойнына әрбір үш күнде бір келіп тұратын бөгде сапарды ренішсіз алған.

Әбсәметтің жарығы көп кең бөлмесін Әбішке болаттырғанда, ол өзі қадағалап қарап тұрды. Үй ішіндегі түсікіз, кілем, сырмак, текемет сияқты шаң көп боларлық жиһаз, бұйымдардың бәрін жиғызып, шығартқан-ды. Әбсәмет болса, Әбішке лазарет бере алмайтын қымыз өзірletip отыр. Осы қорада үш қысыр бие сауғызып отырған. Доктор мұндай жайда жазылатын рецептімен дәрмені аз, көмегі көмескі дәрісін береді. Үнемі өзі қарап, ішіп-жемде, күтіну-сақтауда жұз мәртебе айтқан мәслихатын ескертеді.

Әбіштің жаңағы арманына ол ойланып, бөгеліп отырып жауап берді. Салқын қарайтын үлкен, қоңыр ойлы көздерін терезеге бұрды. Женіл қар тіп-тік төгілсе де, баяулап, бейне бір ауыр салмақпен түсіп тұрғандай. Әріде жапырағынан айрылған, күз жұдеткен, қуаң тартқан көп ағаш көрінеді. Биік бойларымен, қалың бұтақтарымен қосылысып шимай сыйық салысып, өзінше бір шытырман сүрқылт дүниені танытады.

Алматының бүгінгі аспаны да өркеш-өркеш ауыр сүр бұлттармен қапталған. Күн де жүдеу. Ол күнге көз тастаған ой да жүдеу. Сендірер, үміт берер сенімі аз болса да, мейірімді Лев Николаевич соншалық биязы, дана мінезді Әбішті ренжіте алмайды. Өзінің шарасыздығынан сондай қысылып, қиналғандай болады. Сейте отырып:

– Жазға мүмкін, бәлки, Фабдрахим, жетерсіз, баарсыз! – деп, біраз бөгеле сөйледі. – Күн жылынғанда, шаң көтерілмей тұрған шақта, жайлы күтіммен асықпай баарсыз. Ақырын жүріп, өз туған жерінізге жетерсіз деп үміт етем! – деді.

Бірақ амалсыздан, қысылғаннан айтқан қалпы байқалауды. Бұл жайды бөгде бір, көлденең халдей елеусіз ғана айтып еткен тәрізді. Ол өр уақыт Әбіштің бір сағатын қалт еткізбей келіп тұрғанмен, бірде-бір жолы өзіне өзі ырза

болған емес. Өзге осы қаладағы, басқа аурумен ауырған көрі мен жасқа, ер мен әйелге де нелер көмек еткен еді. Өлім аузынан қайырып, ажалдың аш құшағынан жұлып тартып, арашалап алған да адамы бар.

Барлық қала халқының аузына Лев Николаевич Фидлер аты мен оның емі аңыз болып кеткендіктен, бұл кісі кішкене қалада тәжірибелі дәрігерлер аз болу себепті, бар ауруды емдейтін. Соңғы он жыл ішінде мықты хирург те болып алған. Бірақ не керек, бірде-бір емінің жалғыз Әбішке келгенде әлі жоқ, шарасы біткен, титығы құрыған. Тек қана: “Қарап жүрген докторы бар, ол – Фидлер, әрбір үш күнде, мезгілін аудырмай келіп тұрады, көріп тұрады” дегенниң өзі үміті үзіліп болмаған жас жанның жалғыз тірері есепті. Сол үшін ол кезегін аудырмай келеді де, көңілін бірде-бір кез аша алмай, өз уайымын өз ішіне тығып кетеді.

Шыншыл, ашық мінезді Фидлер Мағашқа да өтірік айта алмайды. Оның да жұп-жұқа сұлу майда жүзінен ауыр қайғы, улы жас көріп тұрса да: “Жұбата алмаймын, қымбаттым, жалған айта алмаймын сізге, көгершінім! Фабдрахимың сауышылығы қуантпайды, не шара, не шара?!” дейді.

Бүгін де уайымнан басқа жайын айтпай жүріп кетті.

Мағаш бұны тысқа шығарып, шанаға отырғызып, ұзақтып салып қайта келгенде, Әбіш жастығының астынан жаңаңдан келген хаттарды алып, көзіне өте жақындана, бетін жасыра қарап, оқығандай боп жатыр екен. Оқу емес, ол ауыр қайғыда жатыр. Қолындағы қағазы Мағыштан, ауылдан келген хат. Бүктеліп салынған, ұзақ жазылған қағаздың арасында бір сары, бір қызыл екі фана жапырақ жұқа қағаздар бар. Әбіш әлгі екі қағазды өзінің жұп-жұқа, қаны қашқан, сұлу еріндеріне біраз басып жатты. Сүйгендей...

Енді қасына келген Мағашқа, жіл-жілішке ұзынша қастарын көтеріп, ақырын фана Мағыш хатын нұсқап, сөз қатты.

– Мынау бір сары, бір қызыл қағазды қарашы... Мағыш жазыпты: “мен сағыныш пен санадан сарғайдым... Кішкене нәрестең Рахила болса жүре бастады. Ол қызғалдақтай

қызықты, жақсы өсіп келеді”, депті. Міні, бірі сары, бірі қызыл екі қағаз менің Мағышым мен Рахилам ғой! – деді де, көзі жасаурап, жіп-жіңішке қастары тез шытынып, танаулары дірілдей түсіп, бұрылып кетті. Денесі емес, бетін бұрды. Біраз үнсіз жатып, бойын жиып, сөл ғана сыйырлап: – Сарғайып жүдеген Мағыш та, қызырып, гүлдеп келе жатқан Рахила ғой, – деп тағы айтты.

Мағаш бүндай шақта Әбіштің көңілі қатты бұзылатынын және ұзак уақыт ауыр ой шырмауынан шыға алмай қалатынын ойлады. Сонымен, кеше келген хаттар арасынан сөл көңілді жайлары бар, өзілі бар Дәрменнің, Кәкітайдың хаттарын еске салып еді.

Әбіш оларға өзір аландаган жоқ. Жастығының астына тағы да жіп-жіңішке жүдеу қолдарын баяу ғана тықты да, әкесінің хатын алды. Оны да кеше алғалы сан рет оқып еді. Абайдың бұрынғы хаты да осы арада екен. Екі хаттың өлеңдерін оқып, Әбіш баяу ғана дауыспен, өзінің ендігі бір ойын айтады.

– Ағам шошиды-ау! Сондықтан ғой... құдайшыл-діндар болып барады. Маған жазған сөздерінде жалынған, жалбарынған, шошынып тілек тілеген жай байқалады. Сезесің бе, Мағаш? Дәрмені біткенде, үміті таусылғанда адам осылай жалынғыш, жалбарынғыш бола ма екен әлде? – деді. Қалған ойларын аяқтамай, түгел айтқысы келмей тоқтап қалды.

Мағашқа қымыз әкелуге бұйырды. Ендігі тамағының дені сол. Екі-үш жұтты да, қымызды Мағаштың қолына беріп, жаңағы ойының ендігі бір сырдай құпия шынын ашты.

– Бәрінен де бататын бір ауыр ой бар. Ағам арманда қалды-ау!.. Менің жайымды ойласа, арманнан басқа не қалды? Оқытып еді... Өсіріп еді. “Жетеріне жеткен шығар-ау” деп қуанып қарайтын еді өзіме. “Біліп, толып келіп, халқына жақсы қызмет етсөң, мен армансыз әке болармын” деп еді. Не керек, бәрінен аңы у осы ғой, – дегенде, жүдеген сарғыш жүзіне кесек тамшы жастары жиілеп ағып-ағып кетті.

Мағашта үн жоқ. Ол бетінен орамалын ала алмай, Әбішке өзінің жүзін көрсете алмай отырған-ды.

Арада тағы талай күндер өткенде, Семей мен елден бірнеше рет хаттар келді. Бұл жақтан да біресе Әбіштің, біресе өзінің атынан Мағаш ұдайы хат жазумен болатын. Бүгін де кең бөлменің іші онаша. Әбіш бұл шақта бас көтермейді. Көбінше шалқасынан жатады. Жұп-жұқа боп жудеп біткен қалпында жастыққа, құстөсекке жабысқандай, көп қозғалмайды.

Алматының қысы да аяқтап келе жатқан тәрізді. Бүгін бір өзгеше жарқыраған ашық құн еді. Көше бойындағы зәулім, биік, оқтай түзу теректердің жалаңаш бұтақтарына келіп қонған қарғалар жыл келгенін танытқандай көп қарқылдайды. Әбіштен жырақтау жерде, биік үстел жаңында жалғыз отырған Мағаш бір нәрсе жазып отыр. Ол көптен жазған тәрізді.

Сыртта жарқыраған қүннің қуанта жайнатқан аспаны сондай мөлдір, таза, көкпеңбек. Далада жүгіріп ойнаған балалар үні келеді. Көшеде дағдыдан тыс жиі жүріп өткен жаяулар білінеді. Ат шанамен даурығып жүріп жатқандар да көп. Үлкен мейрам тақау деп еді, сондықтан ба, тереzenің түбінен жез қонырау шылдырап өтті. Ат кекіліне, жал, құйрығына қызыл-жасыл өлем байлаған, кең шанаға кілем ораған жүргіншілер. Олар өздері гармондатып, өндегеді. Сондай бірнеше шана тереze алдынан сайран салып өтті. Кең шалқып, қуана түсіп, шулап-дулап кетіп жатыр.

Сырт дүние сондай. Үй ішінде Мағаш жалғыз сарылған, көптен жалғыз. Бұрыштағы биік тесекте жан ағасы, ғазиз жаны жатыр. Соның қуйінен басқа дүние Мағашты алаң ете алмайды, елең еткізе алмайды.

Жаңағы бір өткен сау өмірдің шуы мен дуына Мағаш сәл көз тастап, өз уайымына қайтып, өзінің ендігі жалғыз сырласы қағазына үңілді. Жүрдек қолы тағы бірнеше жолдарды ақ қағаздың жүзіне баян етті.

Бұның өлең жазып болғанын үнсіз жатқан қалпында да жақсы сезген Әбіш үн қатты.

Мағаш байқамапты. Әбіш жым-жырт жатқанмен, ойы сергек сияқты. Ақырын ғана қолын созып, сыйырлай сөйлеп, бүйрық етті.

– Бітірдің ғой өлеңінді, әкелші!..

Мағаш берерін де, бермесін де білмей іркіліп қалып еді. Жазғаны Әбіштің дәл осы жатқан күйі болатын. Соны аурудың өзіне көлденең қараушының тілімен айтып беруді ауыр да көреді. Бермесе, Әбіш ренжи ме деп те қорғанады. Тартастынып қалды.

Әбіш бұның жүргегіндегі қобалжуын және де танып жатыр.

– Қорғанба, ауырламаймын. Сен айтсан, шынды айтасың, әкел! – деді.

Мағаш қағазын әкеліп бергенде, әуелі Әбіш қымыз сүрап, екі-үш жұтып, тамағын жібітіп алды. Және Мағаштың көңілін орнықтырғысы келіп, зорлықпен езу тартып, әзілдей бір сөз айтты.

– Не жазды еken менің ақын боп бара жатқан інім! Менің жайымнан не айтты еken, Мағатайым! – деді.

Мағаш әлі де үнсіз. Ағасының төсегіне келіп жантая отырды. Әбіш аппақ болып сүйегі көрінгендей жүдеген, үзын жіңішке саусақтарымен қағазды ұстап, оқып жатыр.

Жалғыз, міне, отырмын әрнені ойлап,
Тістеніп көзге келген жасты қойлап.
Ауру тыныш болғанда, мен де тыныш,
“Ыңқ” еткен дыбыс шықса, жүрек ойнап.
Ыңқыл қағып жатады сұп-сұр болып,
Сырылдан қақыра алмай кеуде толып.
Жалғыздық, биғилаждық еске түсіп,
Жүрек болмай ериді мұны көріп.
Шыншыл тіл, әдебі зор, таза жүрек,
Ақ көңіл сақтамайтын ішінде кек.
Өмірден үміті жоқ, бейнеті көп,
Жатады бір қозғалмай зор көкірек.
Болады байқағанда, айтуға ер деп,
Тайсалмай ешнөрседен жатыр “кел” деп.

“Азабыңнан құтқаршы бар тілегім,
Айтады жаным өзір, ала бер” деп.
Көп тіленіп сұрайды соны айтып,
Мен шыдаймын есітіп мұны қайтіп?
Жүзін көріп, бейнеті еске түсіп,
Бойымды жене алмадым бүгін тартып! –

деген жолдарды оқып болып, Әбіш бірталай уақыт әл жиғандай, ой құрағандай үнсіз жатты.

Бір кезде Мағаштың жүзінен көз алмай ақырын сөйлеп кетті.

– Менің ауруым тұсында қанша көп өлең туып жатыр. Ағам, Дәрмен, Кәкітай, мұнда сен. Тек қасіретте тумай, шаттықта, барлық тірлікте туса етті! Сол үшін туса етті! – деп, біраз үнсіз жатып, тағы бір ап-ашық сау-санамен ендігі бір ойларын айтты.

– Бар өлеңдерінді бақсам, сонша ақын болып, қатты өнер тауып баrasындар! Және бұndай өлеңдер бұрын қазақ тілінде тумаса керек, ә?! – деп, тағы біраз өзіне өзі сұрау бере жатты да, енді өзі шеше айтты.

– Ағам арқылы орыс өнерінен келіп жатқан шын үлгі фой! Бірақ қайғыны шерте бермеу керек. Ағама да соны айт. Мен өзімен сөйлескенде бір ойымды әр кезде айта беруші ем... Жеткізе алдым ба, жоқ па... Орыс өнері ағамды пыраққа мінгізгендей, биікке алып шықты фой. Оны бұл жарыққа алып шыққан орыс өнері! Ал ең қызығы, ең жарқын алтын арай, шат шағы алда... Россияның болашағы өзгеше бейіс, рапыс! Соны мен Петербургте, Москвада көп жаннан аса көп естігендей, ұққандай едім. Шет жағасын ағама, өздеріңе айтқан да едім... Бірталай жайды анау Павлов жақсы біледі. Оларды тыңдасан, үміттен басқаны айтпайды... Сол Россияны андау керек! Семей, мынау Алматы, бұлар меңіреу жырақ түкпірлер. Бірақ Россия таңы алыс емес! – деп, бір үлкен толғаулы болжая айтып барып, тағы да үзак үнсіз жатты. Аздан соң Мағашқа екі қолын созып, қымыз алдырып жүттү да, енді басқа ажармен сөйледі.

– Біреу туады, біреу мезгілді, мезгілсіз дүниеден көшеді. Бірақ халық, қауым, заман өзінің жолымен маңады. Ешбір жан, жеке адам дүниенің тұтқасы емес. Сендер де мүлде шөгіп, егіліп кетпендер! – деп, тағы біраз жатты да, енді тіпті ширап, зорлықпен жыミятын қалпына сап, Мағашқа өзіл сөз таstadtы. – Сен немене?! – деп, жаңағы өлеңді қолына алды. – Уайымнан, көз жасынан, қасіреттен шықпай қойдың! Мен оған рұқсат етпеймін! Қой мұны, көніл көтер. Мениң қасымнан көшеге, қалаға шығып, сейіліп қайтшы! – деді.

Осы кездे тұскі тамақ мезгілі болып, Мағашты қонақ үйге құндығы дағдысы бойынша өзі шақырмақ боп, Әбсәмет кірген еді. Ол құндіз бір, тұнде бір осылайша Мағашқа келеді де, Әбіш жайын анықтап өз көзімен көріп, ақырын, сыпайы үнмен баяулап сұрап, біліп шығатын. Қазір Әбсәмет кіргенде, Әбіш оны да қол бұлғап қасына шақырды. Мағашты жұмсал: “Өтегелді мен Майқанды шақыр!” – деді.

Ауыз бөлмелерде Мағаш пен Әбіш жайын үнемі бағып, қабақпен танысып, көбінше үнсіз тірлік ететін екі сауықшыл, мықты сергек жігіттер, енді сәт сескеніп, үріккен жүзбен кіріскең еді.

Әбіш жаңағы өз әлінше көнілденген жүзімен Әбсәмет пен Мағаштың қолдарын ұстап жатыр. Қасына келген бар достарға енді өлсіреген даусымен бір жайды тапсыра бастады.

– Мениң Мағашым осы үйден шықпай сарғайып, жүдеп кетті. Бүгін орыстың қызық мейрамы – масленица. Мен естіп жатырмын. Алматының көшесі толған ән, думан. Бүгін төртеуің ат жегіп, қаланың ортасына барындар. Торжорға атты қосындар. Бұл қала масленицаны барынша қызықтайды. Сендер де кататься жасандар! – деген сөздерін анық қалетсіз бүйрық ретінде айтты. – Мағаш, Өтеш, барындар, қызықтап қайтындар! Әбсәмет, сен Торжорға атты өзің жорғалатып, осы қаланың бар жорғасынан

оздырып қайт. Мен бәйге беремін! – деп, енді күліп тоқтады.

Үйдегі еркектер түгелімен қабақтары ашылып, қоса күлісті. Бас изесіп, жамырай сөйлесті.

– Құп болады, айтқаныңды орындаімыз!

– Оздырып қайтамын!

– Тек өзің ғана әмір етші!

– Я, сәт! Көңілі қандай! Бер қарап, жақсы боп жатыр ғой! – деген соңғы сөзді Әбсөмет аса бір қуаныш үнімен айтты.

Осы күні түстен кейін, жаңағы төртеуі екі шанамен Әбсөметтің кең қорасынан ызғыта жортып шығысқан еді. Кенірек, жайлы кәшабада Мағаш пен Өтегелді артқы орынға отырды. Ат басын жақсы ұстайтын Майқан өзі козлаға мінді. Бұлардың алдына салғаны Әбсөмет. Шағын бойлы, шоқша қара сақалды, жайнаган үлкен отты көзді Әбсөмет Торжорғаны шынында да ешкімге айтпай, Майқан екеуі “е” десіп, осы мәсленкеге жақсы жаратып, әзірлеп жүрген-ді.

Бүгін Мағаштар қаланы аса бір көңілді, жақсы шырай-да көрді. Шанада үшеуі болып сөйлескенде бұлар Семейден Алматының толып жатқан басқалығын айтып, сүйсіне тамаша қылышады. Кеш кезінде ашық аспанның қақ жарымын зор кеудесімен ала тұрған қалың қарлы Алатау адам қиялын сиқыр магнитімен тартқандай. Сұқтандыра тарта-ды. “Не деген биік, қандай алып, қаншалық ғажайып дү-ние” дескеннен басқа сөз табу, сипат айту қын тәрізді.

Рас, үйлер өңшең жалғыз қабат. Тегіс ағаш үй. Семей, өсіреле үлкен Семей, бұлардың айтуынша, және шынында да бұл қаланың үйлерінен әлдеқайды биік, үлкен, көрікті тас үйлермен безелген. Үшеуі, тегінде, Алматы көшесіне шығып, өзара сөйлей бастаса, ұдайы Алматы мен Семейді алма-кезек айтысып, салғастырумен болысатын. Қазір де бұлар осы қаланың бақшасы мен жеміс дүниесі өзгеше молдығын бір тамашалайды. Әсіреле көшелер бойларындағы, бұлардың айтуынша, “адам айтқысыз зәулім бәйтеректер” қандай! Аспанға шырқап кетіп жатқан, алыш-

тай ақ қайындар, балғын емендер ше! Бәрі анау дәл Ала-тауға сай біткен, өнім-өсім белгісіндей.

Өтегелді Мағаштан қаланың бақшасы жөніндегі әр жайды таңданып сұрап келеді:

– Ал осы қаланың бар бақшасы бір күнде салынған ба? Бар ағашы бір сағатта көмілген бе? Неге осы, жазғытурым қүзеген тай-құннаның жалындағы осының бәрі біп-бірдей? Бәрін қап-қатар өсіріп қойған қай құдай?! – деді.

Мағаш қала жайын көп естіп, Әбіштің дені тетік кездерінде өз аузынан да көп ұғынған еді. Өтегелдіге Алматының бақша жайын баян етті.

– Бұнда осыдан сегіз жыл бұрын болған, әлгі сұмдық апат жер сілкінуден соң бақша ағаштары қайта егілген! Сенің байқағаның рас. Көп бақшаларының жеміс ағаштары және көшениң мынау көрік ағаштары бір уақытта егілгендіктен күзелгендей, біркелкі болғаны рас! – деген еді.

Алматының жемісі пісіп тұрған шағын көрмеген Өтегелді, қалада ағаш көптігі қаланың көркі, халықтың ырысы екенін жөнді бағаламайды. Сол Алматы қаласының Семейден артық қасиеті дегенге әсте көнбейді. Өзі Шыңғыстай ағашы жоқ тауда өскен, қыр сахараңың адамы болғандықтан, кейде Өтегелді Алматының көше бойындағы ағаштарымен араздасып, жамандап та жүреді.

Бүгін Гурде көшесіне келіп, сонымен Сельский көшени бойлап, соктырып жүрген көп шаналы желіскең ат, жорға аттарды қарап тоқтап тұрысқанда, Өтегелді Алматының ағаштары тұрасындағы әңгімесін тағы да созды. Әбсәмет болса, Сельский көшесінің бойында Торжорғамен бір топ жорғаның арасына қосылып, ұзак жарысқа басып кеткен еді. Соның қайта оралып келетін шағын күтіп қалған шақта, Өтегелді енді Мағашпен Алматы қаласының ағашы туралы дауға кірісті.

– Айта берсең, осы қалаңың көшесінің бәрі ұры. Әсіреле жаздығұні жапырақ жапқанда, қандай дейсін! Әр ағаштың үйдегі көлеңкесіне тығылып тұрып, біреуді тонаймын десе, бір үйді ұрлаймын десе, соған дем беріп тұрған

жоқ па? Одан қала берсе, анау Алатаудың қойын-қойнауы, құз-қарағайы о да сондай ұры! Мына көшеден ала жөнел де, анау таудағы, қиядағы қалың шырыш мәңгілеуге барып кір де кет! Түп-тура “Ұрлай қаш та, мұнда кел” деп тұрған жоқ па?!

Мағаш бұған күліп тұр!

– Ал сол айтқаныңа орай қалада ұры көрдің бе? Келгениңде бірнеше ай болды, неше рет “аттан” салып шаптың?

– Оның рас, бір қызығы осында ұры жоқ. Ал мен айтайдын ба, өзім ұры болсам, тап осы Алматының ұрысы болар едім! – деп, Өтегелді Майқан мен Мағашты мәз қылып күлдіріп алды.

Тегінде аз сейлейтін Майқан бұған қазір таң қалады.

– Үлкен қала, қан базарда тұрып та кісі сондайды айтады еken-ay. Ұрыда бұның не ақысы бар еken? – дейді.

Өтегелді оған орай өзінің бір келелі дауын айтты.

– Бәлі, олай демендер. Мен Абайдың өзінен естігем өйтеп берсөң... “Біздің Тобықтының ен ұрысы мол елі Мырза Бәдей болғаны несі?” – деп бір сұрағанымда айтқаны бар-ды. “Көрмейсің бе, олардың қыстау-жайлауын қарашы! Өңшең қойтас, қызылтас, ұры сай, қын жықпыл. Жерінің өзі ұры емес пе? “Ұрлап әкел де, бір тұмсық айналып, бір шатқалға кір де кет! Жайратып соя сал” – деп тұрған жоқ па” деген-ді. Бәлем, осыны Абай айтқан, сендер мені өйтіп тәлек қылмаңдар. Ондайыңа көнетін кісің жоқ! – деп, өтірік томсарып, бір танауынан құлімсіреді.

– Көшесі ұры болса, бау-бақшасы да сондай болмақ!

Мағаш бұған және күлді де, кең көшеде сыймай сіресіп, қарлы жолды сықырлата соқтырып келе жатқан талай шаналыларды нұскады... Ұш ат жегіп, қоныраулатып бір топ еркек, әйел шулап өлең айтқан, сақылдалап құлген мас қызу күйде лаулап өтті. Бұлардың аттары... Әбсөмет сияқты әдейі жарысқа шыққан, не желіскер, не жорғалар емес. Жай ғана күндегі жегінде жүрген сұлы мен кебекке кезек тоғып, көбен семірген шаруаның мәстегі. Жабайы тұғырлары. Олар қатты жүріп шапқанда да барбандалап, жүндес

денелері қопал қымылдан, шанадағы мас қызу иелеріндей, жалбандаған шабады. Көше бойындағы қалың елді келеңсіз қалыптарымен құлдіріп өзіл еткізеді. Оқта-текте өтетін осындай ішкен, қызған топтан басқа, Сельский сияқты көлденен, түзу кең көшеге сыя алмай сіресіп, сықырлап, маңайларына қар боратып, жел соқтырып өтіп жатқан жарысушы шаналар бар. Осылардың кейбіріне доға жел, ұзын аяқ, қыл сағактар жегілген. Шанышылған құлақ, келте құйрықта да кербез бітім бар. Сондай ағылшын желіскерлері есіп өтеді.

Олардай асыл түқым болмаса да, қазақ малынан шыққан әсем көсілген торы жорғалар, боз жорғалар, қара жорғалар да қар боратып, безек қағады. Орыс жылқысы, асыл түқымды желіскерлер де өз жарыс, бәсекесін салып ағызып өтіп жатыр. Бір шақта Мағаш, Майқан қатарынан аңғарып, дауыстап айттысып қалды. Он шақты жорғалардың ең алдыңғы тобында, қояндай аппақ боз жорғамен үзенгі қағысып Торжорға да безілдетіп келеді екен. Тұрғандар бір ауыздан “Әбсәмет, бас!” – деп еріксіз үн қатып, айғайласып қалды.

Жарыс жаңа басталыпты. Он жорға алдыңғы бір қылан, бір баранды ұзатып жібермей, өкшелеп барады. Жарыс Колпаковский көшесімен барып, Ташкент аллейіне жетіп, содан паркті айналып, қайтадан Колпаковский көшесін орайды. Осы Сельскиймен тартып барып, ақ шіркеудің алдындағы аланда, мал базарында тоқтайды.

Көшпілік сол хабарды естіген соң, енді жорғалардың бәйгесін көмбеде көргісі келді. Мағаштар қайтадан шана сына мініп, жортып отырып, ақ шіркеудің жанына кеп тоқтады. Бұл тұсқа жиылған жұрт та қалың екен. Қаланың халқын Мағаштар енді аңғарды. Мұнда бір топ көшпілік, оқып жүрген бала жастар.

Әредікте, әсіресе ақ түйме, сұр шинельдерімен гимназия оқушылары көбірек байқалады. Әр кенсенің сары ала түймелі чиновниктері де әйелдерімен көріне түседі. Бірақ бар жиында ең қалың молшылық сары ала қылыш асынған,

қызыл-сары тоқыма баулары айқыш-ұйқыш салбыраған полицейлер, урядник, стражники. Осылар ерекше көп боп көзге түседі. Олардың төрелері, жандарм офицерлері де жиі байқалады.

Солай болмасқа жол да жоқ. Себебі 90-шы жылдарда, мысалы, денсаулық сақтау ісіне жұмсалатын қаржының бәрі осы қалада полицияға жұмсалатын қаржының оннан біріндей-ақ болушы еді. Сондықтан да Әбіштің сау кезінде бұндағы дұрыс адамдармен талай рет болған ашық кенесте: “Верный қаласында кім көп?” десе, “сөлде ораған молда шәкірт пен сары ала қылыш асынған жандарм көп” десетін.

Сол көптің бұл күнде де көрінісі мол. Қазақ, ногай, тараншы жағын алғанда, олардың молы бес мешіттің медреселерінде оқитын шәкірт, халфелер. Ноғай бөрік киіскең осы қауым да бүгін масленкенің думанына, інір қарандысын жамыла көп топ болып келіскең көрінеді. Әрине, бұлардың үстіне саны аз болса да тамақ ішік, тұлкі ішік, жанат ішіктерімен мақтана шіреніп шыққан орыс, ноғай байлары, тараншы, қазақ саудагерлері де көрінеді.

Енді бір алуан аса көп жұрт – бұл жиында қол созып жағалап жүрген, өте жүдеу жүзді қайыршылар. Анығында, бұл кездегі Алматы бір жағынан азық-тамақ, жеміс-дәннің молдығы өзгеше қала болса, сонымен қатар неше алуан халықтан шыққан өзгеше көп қайыршы, тіленшіге де мол еді. Бұлардың қалың бір тобы – соңғы жылдарда ішкі Ресейдің жерсіз қалған, аштыққа ұшыраған крестьяны. Мекен іздел, қоныс-жай іздел, адал енбек, кәсіп қуып келген бұқара халық, қара шаруа болатын. Және соңғы жылдарда құм мен тауда болған қалың жұт себебінен бүкіл ауыл-аймағымен шұбырып босып кеткен қазақтың аш-арығы да көп.

“Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді”. Тоқ қызыққа мастанған топтар арасында осы көрі-құрттаң әке-шеше сорға ұшырап, өздерінің дәл бүгінгі түн аштан өлмес талшығын тілеп жүр.

Мағашқа таныс, Әбішті білетін бірнеше қазақ тілмаш чиновнигі де осы алаңда көрініп, Әбіштің халін сұрасып, Торжорғаның бабын айтысып еді. Қалада түстен бері жарыс бәсеке боп жатса да, ымырт жабылып, тұн бола бере, бар көше тұнжырап, қап-қараңғы меніреу күйге ауысты.

Қаланың тап ортасындағы үлкен кең көшелердің де бірде-бір жерінде кешкі жарық жоқ. Шіркеу алдында жорғалардың қайта оралуын тосып тұрған жұрт боз ат қана болмаса, өзге торы, қоңыр, қара, күрең сияқты түстің бәрін “баран” деп долбарлайды. Дәлді қай ат озып келе жатқанын танымастай. Бірақ сонда да жыл бойында бір-ақ болатын осы сағаттағы бәс жарысқа қаланың бар жиыны ынтыға қарап тұр.

Көше мен алаң мейлінше меніреу қаранғылыққа бөленсе де, қалың жиын тараган жоқ. Шіркеудің тау жағына топталып, қак жарылыпты. Аттар өтетін кең көше қалдырып, сағатқа қарасып: “Келеді, келіп қалды!”, “Енді оралды” десіп асыра тосып тұр.

Айтқандай-ақ, енді біразда кең көшенің бойында, жарты шақырымға жуық жерде қара непір көрініп қалды. Бөгде жүргіншіден, ат, шанадан мүлде тазарған полицейлер бағып тұрған ашық, кең жолда жеңіл шаналы тасқын жорғалар тасырлатып, таласып келеді екен. Шіркеу көрініп, қалың ел непірі анғарыла бастағанда, Әбсөмет өзгере берді. Енді кішкене шанасының қайқаң төсіне екі аяғын тіреп алды. Бұл шакқа дейін қолдарын салдыратып жеп келген, басы тастай қатты Торжорғаның божысын ірке беріп, лезде серпе тартып қалып, екі жағынан, қабырғалықтан пәрмендеп шарт-шұрт ұрып жіберді.

– Шуә-ә, айда-а! – деп даусы да шанышла, қатты шығып еді.

Ауыздығын баса тістеп алған Торжорға енді бір сөт егесіп тартқан божының сөл босай бергенін андады. Соңғы рет өзінің кербез, әсем дағдысымен кекілін кейін лақтыра берді. Басын шалқайта, доғаны соғардай боп, изеп-изеп алды да, безіп берді.

Қаланың бір топ магазинінің иесі, атақты бай Әбдуәли-евтердің боз жорғасы өлі де бұны жібермей, дерте қағысып келе жатыр еді. Енді ғана Торжорға көмбе жайын андағандай, Әбсәметтің шыңғыра бұйырған “айт, шу” деген сонғы бір айғайын құптай жөнеліп, сыйылыш шыға берді.

Содан әрі секунд сайын басы озып, мойны озып, бойы ілгерілей түсті. Енді біразда боз жорғаның қалың бу атқан танауы Әбсәметтің сол жақ иығынан аз уақыт қана білініп қалды да, Торжорғаның шанасы үзай берді. Сол бетінде асқындағы тасқындалап, айнала түрган жұртты шулата сүйсіндіріп, бар жорғадан жарым кварталдай қара үзіп шықты. Торжорға шіркеу қасындағы қақ жарылған қара нордан жүлдіздай ағып өтті.

Аттары қаланың төре, қарасына, орыс, қазағына түгел азыз болған Әбсәмет пен Мағаш, ас пісер алдында өздерінің қорасына дабырлап сөйлесіп, қуаныш әңгімелесіп кірген еді.

Ауыздағы үйлерде Әбсәметтің әйелі, балалары, қызметкерлері келгендерді шешіндіре берді. Қуаныш хабарларын дабырлап, күліп айттысып, мәз болысып жатты. Үстерінің ызғары кетіп, даланың салқыны бойларынан айыққан соң ғана Әбсәмет бастап, Мағаштар төргі үйге, Әбіштің үстіне кірген еді. Оның көзі жұмұлы болса да, ояу жатыр екен. Қолын сәл көтере түсіп, кіргендерді қасына шакырды.

– Естіп жатырмын, озыпсындар! Қуаныш... Қайырлы болсын, Әбсәмет... мен саған наград әзірледім! – деді де, жастығының астына жанада салып жатқан ұлken, ұзын қанжарды суырып алды. Қолға ұстайтын жері піл сүйегі. Қынабына тұтас күміс шапқан. Кавказ ұстасының шебер өрнегін танытады.

Абастуманда емделіп жатқан жазында Әбіш сол Кавказдан алып қайтқан бір асыл белгі еді. Соны қазір өз қолымен Әбсәметке сыйлады.

Әбіштен алған сыйларына, естіген алғыс сөздеріне ырза болған Мағаш пен Әбсәмет науқастың бөлмесінен шығып,

қонақ үйге шайға, асқа қарай ауысты. Бұлардың бір тобының ендігі аузындағы өсерлі, қызу қуаныш сөзі Торжорға аттың бүгінгі өнері болатын. Жалтыраған үлкен сары самаурын дөңгелек аласа үстелдің қасына кеп орнады. Кең үстелдің үстіне жайылған қызығылт дастарқанның өнбойына бауырсақ төгіле, жалдана салынды. Сары май, бал, жент, қант, көмпіт сауыттары орналасты.

Өзара тату, сыйлас аз адамның сәл бір толасындағай тәуір кеші осындағы жағдайда басталуға айналып еді. Дәл осы шақта сыртқы есік ашылып, ауыр саптамалары сықырлап, жай басып келе жатқан бөгде қонақтардың дабылы білінді. Сәл уақытта қонақ үйдің есігі ашылып, мол денелермен кіре берген киімді қонақтардың: “Ассалаумағалейкүм, ассалау...” деген дауыстары зор дауығып естіле берді.

Үйге кірген екі адам еді. Алдыңғысы – биік бойлы, су-сар бөрікті, қаба қоныр сақалды, артқысы – ауыр, қалың қара бөрік киген орта бойлы, жауырынды, мол бурыл сақалды адам екен. Келгендердің жүздеріне байыздай қарап, анғара салысымен Әбсәмет өзі қарсы сәлем беріп, орнынан атқып тұрды. Мағаш пен Майқан да алдыңғы қонақты жақсы танып, қатар сәлем берісп, орындарынан ұшып тұрысты.

Келген екі егде адамды тұрған бойларында үй адамда-ры қоршай қалып, шешіндіріп алды. Сырт киім, бас киімдерін шешкізіп, дәл төрге, үстел басына отырғыза берді, арқаларына жастық қойысты.

Бұл үйдің бар жанына қадірлі көрінген алдыңғы қонақ Дәт болатын. Қымбат қара ләмбектен тірсек жең қамзол киген, омырауына алтын баулы сағат салған, келбетті қызыл-сары жұзді қалпымен Дәт өуелі Мағаш, Әбсәметке қайырлы болсын айтты. Торжорға аттың жеңісін, бәйгесін құттықтады. Сөите бере Maғашқа қасындағы жолдасын мәлім етті.

– Мынау менің жолдасым! Атын естулерің бар шығар. Біздің арысы қырғыз, Жетісу, берісі Алматы, Қапалымызға

аты мәлім ақынымыз Жамбыл деген даңғылың осы болады! – деді.

Кішілеу өткір қой көзді, қызыл-күрен жұзді Жамбыл ақын Әбсәметке мәлім еді. Жамбыл Мағашпен енді танысып амандасты да, Торжорға аттың бүгінгі өнерін өз көзімен көрген жайын айтты.

– Табанынан жарылған жануар-ай! – деп, екі қолын жұдьрығын түйе созып көрсетіп: – Айызымды қандырдыяу! Алматының төресі мен қарасы, шоңы мен шорасы сүйсінгеннен таңдай қақты! Шұлғып қалды ғой мұлдем. Атама әкем тегі. Әмісе жолың болғай-ақ та. Жақсы ағаның баласы екенсің. Атаң да жақсы, атың да жақсы босын десем дегендей екесің, Мағаш мырза!

Айттар сөзі тілінің ұшы емес, ернінің ұшында дегендей, төгіліп лыпып тұрған Жамбыл ақын үстел басындағы бар жүртты жадыратып, мәз қылды.

“Жақсының жаттығы жоқ дегендей, мына кісі аузын аша бере арғы-бергіні бір-ақ айтты-ау!” – деп, Майқан қошеметтей күлді.

Мағаш өзір бас изеп жымия түсіп, үндемей құптағаны болмаса, жауап сөз қатқан жоқ. Бірақ өзі Алматыға келгелі Жамбылдың атағын көп естіп еді. Енді отты көзді, ажарлы ақынның жалпақ жүзін, кең мандай, кесек бітімін жи тамашалап отырды.

Дәт жаңа айтты: бұлар бүгін әдейі арнап Әбіштің көңілін сұрағалы келген екен. Бірақ Мағаштар Торжорғаның жарысына кетті дегенді естіген соң, өздері де со-лай бет беріп, күн барда келе алмапты. Енді Әбіштің үстіне кеш қаранғысы түскен соң бару жол емес. Қазактың жөн білетін адамдары, өсіресе үлкендері, күн батқан соң аурудың көнілін қасына барып сұрамайды. Сол жайды Дәт тек тұспалдан айтуы мүн еді, Мағаш, Өте-гелді, Әбсәметтер құптай берді.

Әбіштің науқасының жайын азғана мұнды сөзбен Мағаш қана айтты да, тоқтап қалды. Бұл үйге қонаға келген

Дәт пен Жамбыл ертең тұрган соң, Әбішке кіріп, өздері айтқандай “әл сұрасып” шықпақ болды.

Далада ұзақ жүріп, кешендең келген қонақтар да шайға шаңырқап араласқан еді. Әбсәмет үйінің үлкен сары самауыры бір еңкейді де, шығып кетті. Орнына және діңкиген үлкен польский самауыр келіп кірді. Тек соны еңкейте бере барып, ұзақ шай ішу аяқтаған еді. Шай үстінде Жамбылдың көп сұрауына Мағаш қана жауап беріп отырды. Жамбыл Әбіштің жайын жақсы білгісі кеп, Абайдың бүл баласын оқытқанын, қандай деп білетінін, Семейден жазып жатқан хаттарында не айтқанын түгел есітті. Сол орайда Мағаш бірнеше хат, өлеңді оқып берді. Әбсәметтің аты аталған өлең жолдарын естігендеге, Дәт аса ырза боп, көтеріліп қалды.

– Бәрекелде, жақсылық қылсан, жақсыға қыл! Жүзінді көрмей-ақ алғысын жіберіп жатқанын айтсайшы. Әбсәмет, алдырза болсын, саған. Бір Абай емес, енді міне, бәріміз айталық. Осы қылғаныңа исі Үйсін, Дулат, мұқым тегі Ұлы жүз баласы мың мәртебе алғыс айттық саған. Ояққа сондай жақсы атың барып жатса, бұяқта досың артып жатсын! Осы құрметтінді аяма, жақсы Абайдың жақсы баласынан! – деген еді.

Тағы бір кезек Мағашқа қадалып өтініш ете отырып, Жамбыл Абайдың көп өлеңдерін айтқызып, тыңдал өтті. Бір уақыт өлең туралы, әсіресе ақындарды шенеп айтқан, атақты өлең оқылған еді. Мақтаншақ байға барғыш, сұрамсақ, тілемсек жалғаншы ақынды Абай жаман шенепті. Әр елден қайыр тілегендей тентіреген сатымсақ сөздің иесін жерлепті. Жамбыл бүл сөздердің бәрін таңдана тыңдады. Басын шайқай түсіп: “Біз естімеген сөз екен”, “қазак баласының аузына түспеген сөз екен”, “таразы да, қазы да өзі, үқсан осы сөзді ұфатын екен” деп, бірнеше рет таңдай қақты.

Тағы бір уақыт Мағаш Абайдың халық жайын уайым еткен өлеңін айтты. “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым”

деп басталатын сөзі еді. Бұл тұста Жамбыл тағы да ширыға қозғалақтап, қатты толқып қалды.

— Әттегене дүние-ай, қайғыға түскен қайран ер, қабағың ашылар күн де жок-ау! Алысты болжа дейсің-ау, сөзіңнен айналайын! Тағын айтқын, айтқылашы, інішегім. Кеудеме, саңылау көрмеген кеудеме нұр төккендей болдың-ау, мұлдем тегі! Жарық сөүле бердің-ау, Мағашым! — деді. Біраздан соң орталарына толы сары тегенемен қымыз келіп сапырылған шақта, Дәттің сол жағында отырған Жамбыл Мағаштың қасына қарай, домбырасын теңдей өңгеріп бір-ақ ырғып, ауысып отырды.

Осы түнде ол Абай шығарған әндердің де біразын Мағаш пен Өтегелдіге кезек айттырып, көп тыннады. Ас алдында Жамбыл өзінше бір ой түйді. Кеш бойы естіген соны сөздердің орайын сәл қайырғаны төрізді еді.

— Қасиет қайда, қазына қайда десем, Абайда еken ғой, мұлдем тегі! Атам заманнан бері “Қабан ақын айтты”, “Құланаян Құлмамбет, Дулат, Мәйкөт, Шапырашты Сүйімбай құйындай соқты, — “даңғыл шапты” дегеніміздің бәрі мына жерде еken ғой. Абай дария болғанда, былайғы жүрген бәріміз жар шұқанақ екеміз ғой тәйір, шіркін. Бірді құлдіріп, бірді жұлдырып айтталы десек те, табатынды таппаппыш да! Елге пана, еске дана ақыл да, өнеге де бір өзінде тұрмай ма! Құштар еттің, құмар еттің, Мағашым. Сенің жақсы әкең, менің жақсы ағам болсын, үқтың ба, жетсін осым! Дуайдай дуай сәлемім осы босын, — деп еді.

Жамбыл сөз аяғын бір ауыз өлеңмен түйген-ді.

Әкем-ау, жойқын еken Абай үні,
Далада өзгеріпті-ау жырдың түрі.
Жетісу, Алатауды таң қалдырып,
Мені келіп оятты-ау, бүгін әні.

Мағаш Жамбылды сергек, сезгіш, көреген адам деп аңғарды. Осыдан кейін ол енді өзі болып, үй іші болып ті-

лек етті де, түн жарымына шейін, бар жиын бір ғана Жамбылдың өз жырларын тыңдаумен болып еді.

Осы кеш пен түн Әбіштің бой жасаған, соңғы қуатын танытқан болымсыз, шолақ шағы екен.

Міне, енді қар кетіп, жер қарай бастады. Бірақ Алматының көктемі ашық күнге зар қып тұр. Ауыр сүр бүлттар біресе тауын бүркеп, біресе биік таудан асып аунап, қала-ның үстін басады. Өзгеше бір жүдеу сұрғылт күндер боп кетті. Соған орай дымы көп, ауасы ауыр мезгіл Әбіштің онсыз да әбден біткен өлсіз демін үзуге тақап келді.

Санасы, ойы соншалық сап-сау. Бірдеме айтқысы келсе, тек үйқылы-ояу адамның қалпындағы ақырын сыйырмен айтып та қояды. Бар дүниені, қыбыр-тықырды, әр сөзді естіп, ұғып та жатады. Бірақ арығаны, талғаны, бой қуатының біткені соншалық, енді тіпті көңіл ойы біліп жатқан, тілеп жатқан сусын тәрізді қажеті болса да, айтуға аузы сараң тартты.

Үш күн болды, Мағашқа барынша елжіреген мейірмен қарап: “Мағатайым!” деп еркелетіп, айтып қоятын сөзі де қалды.

Мағаш бүгін күндіз аса күдер үзіп, ұзақ жалғыздықтыныштықта отырған қалпында өзіне өзі “бүгін бе, ертең бе екен?” деп қалды. Соңғы демі үзіліп болмаған жан ағасына арнаған арыз сөзін ақ қағазға тізді.

Дейтүғын сөзің қайда “Мағатайым?!”
Қауіптің тоқтауы жоқ барған сайын.
Жарқ-жүрк етіп жайнайтын жас шағында,
Шынымен кеткені ме, ағатайым?..
Жас татымас жылауға көзді бұлап,
Күні-түні жалбарынам жанын тілеп.
Сыртына бір белгіні қоймасаң да,
Күймесінде болмайды жүрек жылап!... –

деген еді.

Осы күні мезгілдің тақағанын сезе ме, Абайдан телеграмма да келді. “Телеграммамен толық айт, халі қалай?” депті.

Әбіш телеграмма келгенін Майқан төргі үйге кіріп, Мағашқа әкеп бергенде сезген еken. Телеграмма жөнін Мағаш оқып бергенде, үн қатқан жоқ. Тек бас жағына тақау тұрған лампы қасындағы қойын книжкасын көрсettі. Ашылған беттері үстелге төңкөріліп қойылған еken.

Әбіштің көз ажарына, емеурініне қарап Мағаш енді аңғарды. Әкесінің телеграммасына “жауабым осы” деген төрізді. Мағаштың арабша жазуға көзі түсіп еді, “Аға, қош! Арманым – тілегінді ақтай алмадым. Барымды бере алмай кеттім!.. Тағы арманым – Мағыш! Қызығым едің!.. Фашық жарым!.. Бір өзіне берілген аласыз көнілім адал!.. Рахиана сүйдім...” депті.

Бұдан бұрын сөйлесер сөзін тыйған болса, енді осы жолдармен ой сезімін де үзген еді. Сол күні түстен бастап, кешке дейін Әбіштің нашарлап жатқанын естіген көп адамдар Әбсөмет үйіне екіден-үштен келумен болды.

Қасына қаланың оқыған бір адамы Бақия деген арғынды ертіп Дәт те келді. Әбіш үндемесе де, Дәт Мағашқа арнап келген жайын айтты.

– Көптен о яқ, бұт яққа жүрісім боп, үстіне кіре алмап ем. Мана Бақияға кездесіп, “сенің бауырың, менің тілеулес дос-жарым емес пе!” деп кеп қалған жайымыз со, Мағаш шырақ! – деді.

Мағаш Әбіштің ауырлап жатқанын ақырын ғана қысқа сөзben айтқан еді.

– Несін айтасың, қарағым! Көріп отырмыз, о яғын айтпай-ақ қойғын, тек шыпа берсін! – деді де, Дәт жүріп кетті.

Осы қаладағы облыстық правлениеде, округ сотында, ояз кеңесінде істейтін Арғынның, Найманның тілмаштары бар еді. Олар да бірнеше буын адамдар боп келіп, қоштасып шықты.

Солармен ілес, қайдан білгені белгісіз, осындағы бес мешіттің халфелері мен сөлделі мәзіндері, қартаң шәкірттері де қайта-қайта келе берді. Имек тұмсық, ала көздеу, ұрты суалған, қара сақал бір халфе Әбіш қасынан

ауыз үйге шығып, кебісін киіп жатып, “бәрәкәллә, бәрәкәллә!” дей берді. Өтегелді соған өзі күйіп отырған көнілімен өлгөнше ыза болды.

— Арам құстың тұмсығы сияқты имиген тұмсығынды бұзып жіберер ме еді! Қызылға үшқан ақ бас күшіген сияқтанған қу құзғын. “Бәрекелде, бәрекелдесі” несі? “Ауырғаның жақсы”, “әлсірегенің жақсы” дегені ме иттің? Енді қайтып келмestей тірсегін қырқар ма еді, – деді. Жаңағы халфе қораға шығып кеткенше, сыртынан үрыс сөзін оқтайдып қалды.

Бұл тұн таңға тақағанша Әбіш ешбір белгі бермей, сұлық жатты. Ымырт жабылған соң Фидлер соңғы рет келіп, Әбішті қимай маңдайын, қолын сипады. Көп салбырап үнсіз отырды. Магашпен қайта-қайта қол қысып, ұзақ қоштасты да, ешнөрсе айтпай кетіп қалды.

Соның артынан, ұзақ түннің баяу таңы жаңа сыват беріп ата берген шақта, Әбіш үзілді. Ешбір қыбыр еткен белгі, қиналған шырай байқатқан жоқ. Көптен бері барлық пен жоқтық арасында жатқан аяулы жан, өмір шегінен баяуғана, ақырын ғана жылжып өтіп кеткендей. Абайдан кеше келген телеграммаға ендігі жауапты Әбсәмет көңіл айтЫП қайырды. Және баласының сүйегін қалай қоюды бүйірауды екен, соны сұрады.

Абайдан сол күні тығыз телеграмма келді. Бұрын ойлап, байлап қойған жайы екен. Магаштың хатынан аурудың “Семейге, еліме жетіп, ата-анамның қолында өтсем” деген арманы барын ұққан еді. Сондықтан Абай енді Алматыға уақытша қоюды тапсырыпты. Күн жылнып, жол түзеле бере туған жеріне алғызып, әкеп қоймақ ниетті айтты.

Әбіштің жаназасына Алматы халқы көп жиылды. Талайдан бұлыңғыр, жұдеу, сұрғылт аспан мөлдір көк боп жарқырап ашылған еді. Қалың жұрт Ташкент аллейімен жүріп отырып, қазақ зиратына апарып Әбішті қоюға кетті. Лактап қазған көрдің жері өрі салқын, тоң еді. Ақыретке ғана оралған кіп-кішкентай, жұп-жұқа, бірақ ұзынша бой-

лы Әбіш сүйегі қазір сол сұық қара жерге табыс етілді. Үлкен жүрек, аппақ таза көкірек сол қабірге түсті.

Әбішті жерге, лақатқа Майқан мен Өтегелді өз қолда-рымен қойып жатып: “Аманат!” “Аманат!” десті. Жағалай түрған барлық жиын осы сөзді бірауыздан қайталады.

Бұл сөзге қимаған жүрек те бар. Бауыры сұық қара жерден әлдебір рахым тілеген дәрменсіз өтініш те бар сияқты естілді.

Олікті қоюға жиылған жұрт көп болғанмен, Мағаш өзін бөтен көпшіліктің арасындағы деп андайтын. Сондықтан бүгін таңертеңнен бері ол оңашада жылайтын да, бөгде адамдар маңайласса, жасын тыйып, іштен тынатын. Үн жоқ, аппақ боп сұрланған жұқа жүзі де шөлмектей жүдеген. Өзі де ауруға бергісіз.

Ол Майқан мен Өтегелдіге де жылауларын азайтып, бүгіндер бойды берік, қатаң ұстауды бүйірды. Қабір ба-сында олар да еңіреп, боздал жылағысы келсе де, өздеріне тыйым салысты. Топ енді өлікті қойып болып, қабір ба-сынан серпіле беріп еді. Таңертеңнен бері Әбсәмет, Дәт екеуінің қасынан тізесін айырмаған Жамбыл, енді біраз ғана топтың ортасында жүдеп түрған Мағашқа үн қатты. Әуелі аһ ұрып, жалын атты да, көзінен ыршыған ыстық жасын үлкен жүзіне ағызып тұрды. Сөйте тұра, ол бұндағы дос қазақтың, бауырмал қазақтың атынан дәл осы қабірдің басында, Абайға арнаған сөз бастады. Бұл сөз көңіл айтқан, жаралы жүректі жұбатқан, талай адал, дос бейілден тіл қатқан сөз еді. Әндептей, дауысқа ұса-тып зарлатпай, өзінің осылай сөйлеуін “Мағаш жас жақ-сы түсінеді” деген сеніммен Жамбыл жырлап кетті. Ма-нында түрған Дәт, Әбсәмет, Майқандар ғана емес, бүгін осы жаназаға келген жиырма шақты орта буын аталар, әкелер бар еді. Олар да тегіс тына қалыпты. Жамбылдың тегін айтпай, кезін де, сөзін де тауып айтатынын олар біліп, бағалап тұр. Ақынның алғашқы сөзінен бастап-ақ бас изегендер бар. Күрсіне түсіп жылаған жандар да білінді. Андаған адамға Жамбыл сөзі бұндағы халық атынан

алыстағы асыл азamatқа, халық ұлына айтылған арнаулы сөлем боп шықты.

Жақын сәтте жылап тынған Жамбылдың алғашқы үнінде өксіктің дірілі бар. Ең алғашқы сөзде даусы қарлыға да шықты.

Сөлем айт барсаң Абайға,
Кеңесі жеткен талайға.
Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қалайды...
Бір жұтқан судай дүниесің:
Ашысын жұтып күйінесін,
Жаңғаққа біткен бәйтерек
Жалғызыбын деп жүрмесін.
Кемелге келген асыл-ай...
Тасқында тәнір басуы-ай...
Нар көтерген ауырға
Арқасын тоссын жасымай... –

деп бастаған Жамбыл сөлемі, өуелі Әбішті жақсы жоқтап барды. Артынан Абайға қарай шебер оралып, оны жұбата сөйледі. Қайғы жалғыздықта, өсіресе, жанға батады. Сен жалғыз емессің... Елің, досың көп. Алыстағы күрсінгенің біздің мұндағы қеудемізді шарпып жатыр... Бірге жыласамыз, өзіңмен бірге де уанайық, асылым!.. Қара қазақ халқының қадірлісі! – деп, жылы сөзін аяқтаған-ды.

Әбішті қойып болысымен Мағаштар Абайдың шақыруымен, асықтырыуымен Семейге тығыз-ақ жүріп еді. Бірақ өуелі Жетісу қөктемінің лайсаны боп, жолды бұзып өуре етті. Лепсіден өтіп, Аягөзге қарай тақағанда, Арқаның сүйік, ұзақ қысы аяқтап болмады. “Семейге төуір жолмен жетіп қалармыз” – деп ойласып еді, о да болмады. Биыл ерте кете бастаған қар Аягөзден Семейге шейін көксөкта боп, ақсақ ойылып, жүргіншілерді катты бейнетке ұшыратты.

Алматы мен Семей арасына Мағаштар құндіз-тұн аз аял етіп жүрсе де, жиырма қундей сапар шекті.

Абай Мағаш келгенше өмірдегі бір тірегі құлап кеткен жандай болды. Өзін де биік құздың басында, қатер жардың

жұлып ап кетер қасында тұрғандай көреді. Қыбыр етсе, аяқ басса, қуаты кеткен бейнесі бұған билетпей, сол бас айналдыратын құз биіктің түпсіз, шексіз қара шыңырауына қағып құлатып, алып кететін тәрізді. Тұнде үйқы жоқ, күндіз ауыр ойдан, қасіреттен тыным жоқ. Бұл құнде тіпті қасындағы етбауыр жақындары: Қекітай, Дәрмен, Баймамбеттермен де тіл қатысып, шешіліп сөйлеспейді.

Қасірет жеңген ұлken, мейірлі жүрек суып, қатайып, түнілумен түйіліп алғандай. Тек қана Мағаш келер алдында қырда, ауылда Әбіштің жетісін беріп және бір жұмадай қалың бата окушыларды атқарып болып, Ақшоқыдағы ауылдан Ақылбай келіп еді.

Абай одан ең алдымен Мағыштың халін сұраған. Ділдәнің да, басқа жан күйер жақындардың да Әбіш қазасы үстіндегі күйі қандай екенін Ақылбайға айтқызып, үндемей тындаған.

Мағыш қайта-қайта тала береді екен. Аппақ шөлмектей бол кетіпті. Ақылбай әкесіне әуелі жақын жандардың мінезін, уайымын, сөздерін айтып, күндізгі бірнеше сағат уақытты Абаймен оңашада өткізген еді. Кешкі отырыста Әбіштің жетісіне бата оки келген Тәкежан мен Қаражанның бір бықсыған жаман сөздерін Абай сұрамаса да, Ақылбай айтып кетті.

Ділдәмен сөйлесіп отырып, Тәкежан Абайға сын айттып. “Оқытам, оқытам деп, жер түбіне қаңғытып жіберіп, ауруға бір шалдықтырды. Ата-бабамыз орыс оқуын оқымай-ақ адам болып, жақсы атанып, абырай алып, ел билептестеп еді. Оқудың түбін тессетіндей, осы баланың денсаулығы нашар екеніне де қарамай жібере берді. Ал оқытып болды. Енді соған табыс таптырмай-ақ, ақша-пұл іздетпей-ақ қойса не етті? Тағы бір киян шетке, Алматыға қызметке жібертіп несі бар еді?” – депті.

Абай Ақылбайдың жүзіне тесіле қарап, ыза да бола алмады. Өзіне және қайран да қалды. Бір замандар шағында Тәкежанның аузынан шыққан осындаш шіріген сөздерге Абай өртene күйініп, оқ тигендей оршып түсуші еді. Қа-

зіргіні бейне бір ауыр жарадан белі сынып жатқан арыстан-ның көзіне қонған шыбын жарасындаған таңып, елеусіз қалдырыды. Тек жалғыз, ызалы мысқыл төрізді бір аңы жай-ды ақырын салқын ғана айтты.

– Тәкежан менің де “қабіріме топырақ тастаймын” деп келіп, тікен тастап кетер-ау! – деп қоя салды.

Ақылбайдың айтуынша, ауылдағы әйелдер, жастар және балалар да Абай мен Мағаштың болмағанын қатты ауырлайды екен. “Бата оқи келген әралуан алыс-жақын, дос-дүшпан да ауылдың басты еркектері болмаған соң, әртүрлі жаңағыдай ірік-шірік сөздер тастап кететін кө-рінеді” деп отырып, Ақылбай Абайға және бір удай ауыр сөзді айтты. Ол сөз де жақын болмыстың аузынан шығыпты. Шеттеп келген бата оқушылар соны естіп, түршігіп кет-кен болса керек. Жаңағы Тәкежан сөзінен шығарып, оның қаны сұық қатыны Қаражан да жазғырыпты. Ыңқақтың пан, кердең топас кеуделі Мәнікесімен қосылып қорланған, намыстанған болады екен.

– Кімнің басына ат қойып келеді ағайын, туған?! Қара-лы басымен зарлап қалған алғаны, аңырап қалған анасы қайтіп басына барып құран оқытады? Тым құрса қолынан топырақ салғызыса не етуші еді! Ауыра салысымен елге неге алғызбады? – деп айтады екен. Және де енді тұлыпқа мөңіреген сиырдай, бір томар белгісі қалмағанға қайтып шыдаймыз? – десіпті.

Олар Абайдың байлауын білмейді. Тіпті білсе де, жүртқа әдейі Абай басын сынап, іштей табалап жүр. Осының аты да жақын, туыс! Бірге жыласып, бірге жоқтасқан кісің боп отырған, жалған жақындар, жау жақындар.

Бұндай сөздің шоғырын да Абай өртеніп отырған кеү-десімен ерте сезген. Әбсөметтің телеграммасы келісімен жолдың жайсызын ойлап, Алматыға уақытша “Аманат” қойындар дегенді өзі шешкен. Ешбір жанға ақыл салмай бұйырған да, телеграмма берген. Сонда осындағы сұық тіл, сұғанақ тұмсықтар итше тімтініп, Абай емес, әсіресе

Әбіштің әруағын күнірентер деп сезген. Туған жеріне, еліне алғызуды сонда байлаған.

Мағаш келмей, Абай қаладан шыға алмай бөгеліп жатыр. Ауыл болса, Ақылбай хабарына қарағанда, есті-басты жан күйер жандарды керек ететін төрізді. Соны ойлап, Абай Ақылбайға қосып, Көкітайды Ақшоқыдағы ауылға тез жөнелтті. Өзі қасына Дәрменді ғана алып қалды. Өмірде алғаш рет ауыр соққыдан қатты жеңілген жандай. Әл-қуатын жия алмай, тағы да үнсіз, қыбырсыз қайғы соңынан қадалумен болды.

Қала халқынан Абайдың уайымын естіп, ол жатқан пәтер үйге ертелі-кеш көп адам келіп жатты. Бір кезек көңілін алан етіп, ас ішкізіп, жұбату айтамыз деп Сейіл мен Дәмежан да келіп кеткен. Дәрменнен сәлем айтып, Сәмен, Сейіт сияқты Затонның Абайды жақын дос көретін бір топ кедейлері де, грузчик жұмыскері де келіп кетті. Қаланың саудагері, чиновник тілмаштары, тіпті молда шәкірттері де келе берді. Қоңіл айтушылар ерекше көп болды.

Абай көп жанмен қабақ ашып, тіл шешіп сөйлескен жоқ. Бұл келушілер ішінде Абайдың анық қабылдан ұзатып салғандары Сейіл мен Дәмежан. Және Әбішті ана жылғы Мәкен дауының тұсында өздеріне басшы серік көріп, әңгімелеген Сәмен сөздерін ғана Абай үлкен ілтифатпен тыңдап еді. Ол топты да Абай анық дос-жар көңілімен қарсы алған.

— Мен үшін болмаса да, Әбішті жақсы ойлап келіпсіңдер! Сендердей жандар жұбату айта келгенде, Әбішті жоктай келгенде, мен алғыс айтпасам, астарынды бірге ішіп, қайғылы қабағымды ашпасам, әруақ ырза болмас еді. Әбішке сендер ырза болсан, сендерге мен ырза! — деген.

Сөз бен жөнді жақсы білетін Сәмен, Әбіштің қазасына байланысты соншалық саналы бір арман айтты.

— Ортамызға келіп, ақылымен, білімімен басшылық етсе етерлік, бір жас осы екен-ая, есіл ер! Досың болса осы болсын! Дәрмендей жалғыз-жалқылар Әбіштен пана тапса,

есесі ешкімге де кетпес-ау! – деп, сондай бір үміт, қуаныш етіп қалып ек! Біз де жетім қалдық десек болғай да! Заманымызды мұнымызды ұғып, қамымызды жейтін қай қазактың оқығанын көріп отырмыз? – деген.

Осы сөз Абайға, әсіресе өзгеше тауып айтылған жұбына штатай еді. Анда-санда өз ойымен құніреніп, Абай тағы да сыйырлап сөйлемеп, шер толқытып кеткенде, ойда жоқта өз-өзінен ырғақты бір жолдар құралады. Оған өксік араласады. Жас орнына тілден шықкан жүрек қанында! Сол жүрек қанымен жазылған жолдар екшеле береді. Оңаша қалса болды, сыйырлай зарлап, кейде жоқтау, кейде шер шығарады. Сондайда қайталай беретін бір қайырма бар...

Замана, неткен тар едін,
Сол қалқамды қоймаған?!.. –

деп әлденеше қайыра, күрсіне түседі.

Сәмендер кеткен соң осы жолдарға, осы ырғағына Абай тағы бір оралған еді. Ата арманы, жаңағы Сәмен айтқандай, халық арманына, кейінгі буын, жас төл арманына айналып кетеді.

Жаңа жылдың басшысы ол,
Мен ескінің арты едім.
Арман деген аңы сол,
Сүйекке тиді, қарт едім!
Қайғы болды күйгендей,
Ол куатым еді рас.
Көзге қамшы тигендей,
Шыр айналды артқы жас!

Осыған қоса тағы бір үзік арман ойласа, әке арманы емес, халық арманына, қараңғыда қамалған ел арманына мегзейді. Жүрт өкесі боп, бір жылап кетеді.

Білім алдың, бас болдың,
Көкірегінді кермедін.

Ел ішіне сау келсөн,
Тағылым айтпас ер ме едің!
Жол көрсетіп сонда өлсөн,
Арманым бар дер ме едім!..
...Замана, неткен тар едің,
Сол қалқамды қоймаған!.. –

деп, тағы бір у толқынын жұта құшқандай болады...

Абайдың уайымын, Әбіштің өлімін талай қазақ баласынан, тіпті талай “туыспын” деген аталас жақыннан әлдеқайда көп уайым еткен қазақтан жынысы бөлек жандар да болды. Ол өсіресе Павлов еді. Әбіштің жат хабары келген соң Павлов Абайдың қасында үш күн ұдайымен, таңертенген кешке шейін болып өткен. Абай жүргегі қабынып, соңғы кезде бір шақта талықсып та кетіп еді. Өзінің көз алдында қападан, қасіреттен осындай өрт шалғандай күйге түскен Абайды Павлов өз әкесіндей аяды. Оңаша қалса болды, үнемі жұбату айтатын.

Бір рет үйіне барып қайтып, Әбіштің соңғы төрт-бес жыл бойындағы бұған жазған талай хаттарын әкеп берді: “Осы хаттарға көніл бөліңіз, Ибрагим Кунанбаич! Абдрахим қандай биік, қасиетті санаға жеткен жан еді. Соны, осы бір маған жазған хаттарынан танырысыз, андартсыз да. Уайым еткенмен, жұбаныш та етерсіз. Сабыр да табарсыз деймін. Себебі жүз жасайтын жан жоқ. Аз өмірде қаншаны біліп, биіктеп өскенін, шырқай үшқанын көріңіз! Жақсылығын көзбен көріп, оймен танудың өзі де “балам” деген атаға көп жұбаныш болар деп білем!” – деген.

Әбіштің хаттары әдемі, ұқыпты боп берік оралған күйде Абай төсегінің бас жағынан жай тапқан. Дәл осы күндерде тағы да дос жүргегімен Абайға аса терең ой түсіріп, жаңағы Павловша жұбата біліп хат жазған ескі досы Евгений Петрович Михайлов еді.

Көп жыл бұрын Семей әкімдері тайдырып жіберген жақсы жан бұл күнде білім соңына түсіп, Зайсан жақта, Алтай алабында жүр. Бірде кезбе өмірге, кейде жазу енбе-

гіне беріледі. Евгений Петрович соңғы жылдардағы Әбіш жайын оның хаттарынан біледі екен. Ал мынау хатында өзінің есіне алғаны Әбіштің бала шағы. Михайловтың өзі қолынан жетектеп апарып кіргізген орыс школының ішінде Әбіштің ең алғаш көрсеткен мінездерін жазыпты. Бұның бауырына жабысып, әкесіндегі көріп, таныс емес школды, бар жандарды жатырқаған ауыл баласының суреті шебер тілмен сипатталған екен.

Сол Әбіштің азғана өмір ішінде жүзге келген қазақ шалынан бетер көпті көріп, көпті білгенін айта отырып жұбады Михайлов.

Енді бір кезек тағы да Абай өзімен-өзі қалған сәттерінде Әбішке екінші әкесіндегі болған тамаша дос Михайловтың сөздері де өлең қатарына ауысады.

Көргені мен білгені
Жүзге келген шалдан көп.
Бізге уайым жегені,
Арманда боп қалды-ау деп, –

деп, қатар жолдар үлкен оймен көп сезімді сараң таратып, іркіле берді.

Осындай Әбішпен бір өзі оңаша сырласқандай, арыздастықандай сәттерін Абай ендігі тірлік тынысындай күнделік мерзімі етіп алып еді. Әлі жан баласы көрмеген, ешкім оқып білмеген бір Әбіштің өзіне жолдаған талай күйлі сырлар көп туған.

Мағаш келген соң да, Абайдың қапа мен қазада туған ақын шабыты іркілген жоқ, дами берді. Тек Мағашты үш күндей оңаша алып отырып, Әбіштің бар айтқан арызын, арманын есітті. Қыс бойғы бар мінезін, қалай ауырып, қалай үзілгеніне шейін – бәрін де ұзак-ұзақ айтқызып еді.

Сол орайда Мағаш Абайға жолдаған, Мағышқа арнаған Әбіштің арызын, қоштасу сөзін көрсеткен. Қай күні жазылғанын ол айта алмайды. Бірақ, Мағаштың ойынша, Торжорға атты бәйгеге қосқан күні бұған осы арыздастасу сөзін көрсеткемен, дәл осы күнде жазған болмау керек. Әйткені

бұл кезде Әбіштің әл-шамасы мұлде азайып кеткен-ді.
Қарындаш ұстап, қағаз жазуға шамасы қалмаған болатын.
Тегі, бұрын жазып, ерте өзірлеп, ең соңғы сағатта әкесіне,
жарына жеткіз деп қойғандай.

Осы сөздерді естіген соң да, Абайдан азаматын жоқтап
ел атасының мұнды толқып шығады.

Тәуекел зор, ақыл мол,
Қорықпай тосқан тағдырын.
Қынсынбай өлімді ол,
Білдірмеген бір сырын.
Ата-ананың қызметін,
Алған жардың қарызын,
Өтемей кеткен бейнетін,
Қағазға жазған арызын...

Мағашпен оңаша ұзақ әңгіме соңынан және де сөз бен
шер шығармай, ауыр дерпті ақын жүргегі ендігі сырласы
қағазына жас аралас жырын, сырын төгеді.

Жиырма жеті жасында,
Фабдрахым көз жұмды.
Сәүлең болса басында,
Кімді көрдің бұл сынды! –

деп, кей жастарға оның көп мінезін, жаратылысын ұлғі
қыла сөйлемді.

...Тәкаппар жалған онда жок,
Айнымас жүрек көңілің бал...
...Аз өмірін ұзайтқан.
Фылымға бойы толған соң,
Көрген жерін молайтқан.
Оқып біліп болған соң,
Қырым, Кавказ, Түркістан,
Ресей, Сібір қалмады.
Хабарланып әр түстен,
Көрмей дамыл алмады!

Құйрықты жұлдыз секілді,
Туды да, көп түрмады!... –

деп кетеді. Бұрын Абай өзі айтып көрмеген, жақсы азаматты арман еткен ата сыры баян етіледі.

Абай бұрынғы әдетінде өзі жазған өлеңдерін бірді-екілі адамға оқып беріп, не Мағашқа немесе Дәрмен, Кәкітайға, кейде Кішкене молдаға жөнелтуші еді. Көптен бергі Абайдың көңіл сырласы, ендігі өлеңдері ешкімге паш етілген жоқ. Ол жазатын да, қол сандығына, төсегінің бас жағына жинай беретін. Бірақ бұнымен ендігі өлеңдерді ешкім білмей қалған жоқ. Әсірсе, Дәрмен көлденен адамға айтпай, білдірмей жүрсе де, мезгілін тауып, Абай бөлмеден шыққан кездерде жаңа өлеңдерін тауып, көшіріп алатын. Кейін Кәкітай екеуі оңаша оқысып, жаттай жүруші еді.

Мағаш келген соң, оның Әбіш қасында отырып жазған өлеңдерін өзіне айтып берулерімен бірге, Дәрмен мен Кәкітай Мағашқа әкесі жазған өлеңдердің бәрін де білдірген.

Дәрмен мен Кәкітайдың да, Ақылбайдың да Әбіш науқасынан бері қарай осы шаққа шейін жазған өлденеше өлеңдері бар. Абайдан оңаша Мағаш, Дәрмен, Кәкітай үшеуі болып бір сөйлескенде, бұлар осы соңғы бір жыл бойындағы өлеңнің өзгергенін айттысады. Соны әуелі Әбіш байқаған еді. Мағаштың айтуынша, ол Абайдан бастап, биылғы жыл өлеңнің басқа болып бара жатқанын сезіпті. Орыстың анық шебер өлеңдерінің тағы да бір үлгісін андалты.

Бұл жайға ұзақ ой жібермесе де, қайғылы жастар ендігі мұң, қасіреттерін анық өзгеше айтатындарын еске алысады. Мағаштың Әбіш өлген соң айтқан тағы бір өлеңі өзімен ере келіп, Дәрмен, Кәкітайдың қолына тиіп еді. Сонда және де айрықша шыншыл дем, басқа бір тыныс бұлдырысыз айқын аңғарылып тұр.

Ержеткен соң Рахила,
Арман қылар әкесін.
Тырнағына ала ма
Аға, іні, шешесін!

Жетіммін деген ішінде
Кете ме қайғы, кекесін.
Құл болармын балаңа,
Қате кетсе кешесін.
Жарың қалды қолымда,
Жетім болған жасында.
Неше түрлі қайғы бар,
Бейшараның басында.
Арманда қалды-ау, қайтерсін,
Отыра алмай қасында!.. –

деген жолдар тізіліпті. Өзгесінен бұрын бұнда және де адамды төндіріп, қолма-қол, көзбе-көз бір шындыққа соншалық еріксіз мойынданып тұрған дәлдік бар.

“Осылайша сөйлеу соңғы жыл өлеңдерінің өзгеше сипаты болды”, – деп, бұл жастар өздері де айттысады. Әсірсесе Абайдан бастап, ендігі сөзде бұрынғы қазақтың осындауда айтатын жоқтауынан, қоштасуынан мулде жырақ, аулақ жатқан бір жай бар. Бұрынғы қазақтың би мен begi, алымпаз ақыны жырласа немесе кейінгі заманда мұсылмаништық, діншілік үгітін көп таратқыш қожа-молда жоқтау жазса, татымал болған арзан шындықтар қаптаушы еді. Онда бос мақалдалап, сөз қосарлап, “тұяғы бүтін тұлпар жоқ, кияғы бүтін сұңқар жоқ” деп бір кетеді. Немесе көбінесе соңғы замандарда “құдайдың досы пайғамбар да кеткен” – деп сөз бастайды. “Мұхаммед досты шаһариар кеткен” – дейді. “Кербалада Қасен-Құсайын өлген”, “Ақ пайғамбар достысы Қамза да қаза болған” – дейді.

Осындаимен қайғыны айтам деп, қайдағыны кезетін қанғыма сөздер көбейетін.

Абай үлгісі осы қапада бір әкениң құрғана баласын жоқтағанын айтқан жоқ. Одан өлдекәйда алысқа мегзеп жатқан терең толғау бар. Өзгеше тәрбиені алыс өрістен барып алған азамат жайы арман болды. Ол – тәрбиенің үлкенін алған азамат. Өйткені ең үлгілі ел – орыстың ең өнерлі қаласы Петербургтен қазына алып қайтқан жан еді. Өзі үшін емес, төрелік үшін емес, халқы үшін. Қараңғыда қамалған қалың

жұрты үшін қазына алып қайтқан. Жыл құсында жаңа төлдің басшысы болар деген алғашқы буын азаматы кетті.

Ол “еліне келіп, еңбек етсе” деген Абайдай атанаң өмір бойғы арманы екен. Сол тілегіне сай боп, білімі толып, адамдық қасиеті өсіп, жас қанаты енді бекіп, енді адамшылық сапарға, алысқа ұшады деген шақ еді. Сондайда қаза болып отыр Әбіш. Сол үшін жұбаныш таппай, жаны жылайды. Шексіз ұзақ түндер бойы қасірет шегеді халық әкесі Абайдай шер тартқан азамат! Жаңғырған жаңа белдегі тынысы басқа бұл өлеңдер соның жайын баян етеді.

Мағаш келген күннің қарсаңына Абай жалғыз өзі шешіп, байлаған бір жай бар еді. Уш күндей Мағаштан Әбіш жайына қанып алған соң, енді Абай сол байлауын білдірді.

5

Ең әуелі, жол біраз күнде түзелетін болғандықтан, күн қызыбай, жердің тоңы жібімей тұрған кезде Әбіштің сүйегін Алматыдан алдырмақ болысты. Сол оймен Өтегелді, Майқанды қастарына және үш кісі қосып, үш арбалы көлікпен Алматыға қарай жіті жөнелтісті.

Мағашты қалада бөгемей, Абай тезінен Ақшоқыдағы ауылға қайырды. Ондағы Әбіштің үйіне, шешесіне Әбішті қолынан жөнелткен Мағаштың өзі жетіп, қастарына отырып, қайғысына ортақ болсын деген.

Абай өзі өлі де Дәрмен мен Баймағамбетті қасында үстап, қалада қала берген... Тек Өтегелділер Алматыға жетіп, Әбіштің сүйегін алып: “Қайтадан Семейге қарай шықтық”, – деп, телеграмма берген соң ғана Абайлар қаладан қозғалды.

Әбіштің сүйегін Семейге келтіру қажет емес. Не Аягөзден, немесе Арқат бекетінен тосып алып, Шыңғысты бөктөрлөп, Тобықтының өз ішімен Абайдың аулы Ақшоқыға әкелу керек.

Осыдан он бес күндей уақыт өткенде, Абайдың бұл байлауы орнына келді. Май айының орта кезінде Ақшоқыдағы Абай аулында Әбіштің сүйегін тосып алған жұрттың жиыны қалың еді.

Ақшоқы бектеріндегі қыстаудан қозы өрісіндей жерде Абайдың анасы Ұлжанның төрт құлақты бейіті болатын. Әбіш сол үлкен анасының бауырына қайтады, қасына қойылады. Дәл жаназа шығарылар алдында Әбіштің денесі бұл сәтке дейін салынып келген ағаш табыттан алынатын болды. Ол тұста да Майқан мен Өтегелді өздері өз қолдарымен ара-ласты. Бұлар Әбішті Алматыдағы қартаң адамдардың ақылы бойынша былғарыға тігіп әкелген екен. Тұған топырағын Әбіш алыстан аңсан өткен еді. Енді алғаш дүниеге көзін ашқан ана бесігі Ақшоқысына келгенде, бірде-бір жан бұның жүзін көрсе болмас па?!

Ділдә соны Абайға ақыл сала айтқан еді. Абай оның сөзін, тілегін мақұл көрді. “Анасы Ділдә мен арманда қалған жары Мағыш екеуі Әбіштің жүзін көріп, соңғы рет қошта-суға рұқсат етілсін!” – деген.

Алакөлеңке салқын тамның ішіне шымылдық құрып, сүйек төсекке жатқызыған Әбішке Ділдә мен Мағыш тақай берді. Енді анасы солқылдаپ еніреп, “құлыным!” – деп зар төкті. Талайдан Әбіштің қасынан ұзамаған Майқан мен Өтегелді екеуі де қазір еніреп жіберіп, жерге отыра кетісті.

Мағышты Ділдә өзі он қолымен құшақтай түсіп, сүйемелеп әкеліп еді. Ол жылай да алмайды, тағы да үнемі тала береді. Өлім таңбасындағы боп, өз жүзіне де түскен кек таңлақ таңбасы бар. Ол дәл төсекке тақап кеп, енді Әбіштің жүзін Ділдә он қолымен ақыреттен арылтып ашқан шақта, сылқ етіп құлай кетті. Ғажап, Әбіш үйиқтап қана жатқандай, өні бұзылмаган. Ділдөнің жасты көзі байқағаны тек самайының шашы ғана аз-аздал түскен екен.

Екі әйелді көп тұрғызбай, Өтегелді мен Майқан қолтықтарынан сүйеп, қайта әкетуге айналды. Сол сәтте ғана үні, тілі шыққан Мағыш жасын да, зарын да бір-ақ ышқынып шығарды.

– Әбішім, жаным, антым міне! Жүзінді көріп... атаған
сертім сол!.. Мен де талақ еттім тірлікті!.. Мен де өлемін,
сенсіз дүние маған жоқ!.. Жетемін, тез жетемін соңынан!.. –
деді. Талып жығылған қалпында Өтегелдінің бауырына
қарай құлай берді!

ҚАСТЫҚТА

1

Абай үйқыдан селт етіп, шошынып оянғандай болды. Басын жастықтан сөл көтеріп, үй сыртындағы дабыр-дұбырға құлақ салғанда, ойда жоқ бір оқыс дыбыстар естілді. Көп аттылар дүбірлете жүріп кеп, сойылдарын жерге тастап жатыр. Жерге түскен ағаштардың сатыр-сұтыры естіліп, кермеге сығылыса келген көп аттылардың үзенгілері шалдырап тиіседі. Аттардың ауыздық, сағалдырықтары сыйырлап шылдырайды. Абай түсінен шошып оянған жоқ, өзі жатқан түңлігі жабық үлкен үйге осылайша топтана келген көп аттының сұық жүрісінен сескеніп, бас көтерді.

Киімшең жаңада ғана жантайған еді. Күн түс кезі тәрізді. Енді шынтақтап бас көтеріп, сыртындағы биік төсектің Эйгерім отыратын алдынғы жағы, төменірек тұсына бет бұрынқырап жөн сұрады.

– Немене, келгендер кім, білдің бе?

Эйгерім есіктің алдында сыртқа қарап, жүзін далаға шығарып түр екен. Келгендерге алаң боп тұрып, Абай сөзін естіген жоқ. Даладан Эйгерімді хабарлап, үлкен әкесіне қарай оқшау бір жаңалықты тез айтпақ боп: “Әке, әке!” – деп, Әбіштің кішкене қызы Рахила жүгіре кірді. Эйгерім енді үйге айналып, орнына келе жатыр. Рахила одан бұрын Абайға жүгіріп жетті. Бұған құшағын жайып, қарсы алған үлкен әкесінің мойнына үмтүлыш, өзі де құшақтай тұрып, хабарын асығып сөйлемді:

– Ойбай, әке!..

Абайды ендігі Рахила шамалас немерелерінің бәрі “аға”, “ата” демей, “әке” деп атایтын болған.

– Әке деймін, көп-көп үрылар келді! Сойылдары бар. Олар кіммен төбелеседі?

Абай әлі де сескенген жүзімен Эйгерімге бұрылды.

– Олары кім, сен білдің бе?

Эйгерім онша сескенбеген тәрізді.

– Арапарында Шырақ бар! – деді.

Абай оның қай қайнысын “Шырақ” дейтінін есіне туғріре алмады.

– Қай Шырақ?

– Мына кіші Қасқабұлақтағы Эйнекемнің баласы! – деп, Абайды тыныштандыра, жымия қарады.

Қоныс атын атаған соң ғана Абай Эйгерімнің Эйнекесі Тәкежан екенін, “Шырағы” – оның баласы Әзімбайдың аты екенін есіне алды. Осы кездे түрулі есіктен Әзімбайдың еңкейіп кіріп келе жатқан қаба қара сақалды қызыл жүзі байқалды. Ісіне түскен қызыл қабағы, кесек біткен жайылыңқы жуан тұмсығы көріне берді. Табалдырықтан аттай, ақырындау үнмен сыздана сәлем берген Әзімбай Абайға бір ғана рет салқын қарап, жалт етті де, төрге қарай адымдады. Оның артынан жөндекілеу киінген он шақты кісі керуенше тізіле кіріп, шұбатыла сәлем берісіп жатты. Бұл адамдар көбінше Әзімбайдан жас. Сақал, мұрттары аз келген өңшең біркелкі азамат екен. Тағы бір сырт ажардағы өзгеше қалыптары бойынша, бұлар ұзын бойлы, жоталы, не балуанға немесе барымта, төбелеске бейім, өңшең атан жілік, атпал азаматтар көрінеді.

Өздерінің тағы бір сырт белгісі: бәрі де көне шекпен, тозыңқы шапан, ескі тымақ, етік киіскең. Кедей малшы көршігে үқсайды.

Бар қонақ жайғасып болған соң, Абай Әзімбайға таңдана қарап:

– Қайдан жүрсің, не жүріс? – деп қана, бар жөнді Әзімбайдың өзі айтудын тосты.

Әзімбай Абайды таң қылып, өуелі “мырс” беріп күліп алып, жөнін айта бастады. Сөзінен күлкі емес, анық пәленің иісі аңқиды.

– Жүрісіміз сұық жүріс, бір шатаққа барамыз. Ағам сіз естімесе “жолшыбай соғып, білдіре кет” деген соң әдейі келдім. Өзінің осы мына жақында шығып жатқан пәлені естімеп пе едіңіз?

– Қандай пәле?

– Ойпыр-ау, ел шабысып, егес болысқалы жатқан жоқ па?

– Не деп отырсың, тамызықтатпай жөнінді айтшы! – деп, Абай қатты ақырып қалды.

Әзімбайдың аузынан шығып жатқан сұық сөздерімен қатар жузінде ылғи айықпаған бір күлкі, қызық, жеңсік белгісі қатар отырғанға Абай жиренішпен ашулана қараған. Әзімбай өлі де Абай жаққа көзінің астымен күлімсірей қарайды. Түк те саспастан отырып, анық жайды ұғындыра сөйледі.

– Шатақ сол, мынау Көкеннің Уағы мен қырық руы құралып алып, егеске шығыпты. Арасында қаладағы ұлыққа арыз айтқыш, сөзін бұлдағыш Серке деген бір пысығы бар дейді. Солар Тобықтының жерін кесіп алғызғалы жер өлшегіш бір төрени шығарып отырған жоқ па? “Жемтемір” дей ме, “земтемір” дей ме, сол бір пәлесі келіп, анау Бұғылдығы Есболат, Тасболаттың, Қарамырза мен Дүзембеттің алдын кесіп алышты. Енді қарала ағашын сүйретіп, біздің мынау Сақ-Тоғалақтың алдына кепті. Өзіміз көктеу-күзеу етіп отырған исі Олжайдың сол Көкен болысымен шектес құдықтарын, қоныстарын өлшеуге алышты!

Абайға бұл сөздер бұрында бір мәлім жай болатын. “Олжайдан қай құдықтар, Есболаттан қай жерлерді кесіп алмақ?” – деп сұрады.

– Бізден анау Басжымба, Аяқжымбаны, Көпсақаудың Қарағанын, Шолақеспені Білдеге шейін кесіп алмақ. Содан әрі Обалы, Қоғалы, Қарақұдық, Төрекұдықтың үстін басып отырып, анау Шаған мен Семейтаудың жапсарына шығады. Қысқасы, бар өрісімізді кесіп алғалы жатыр. Бір старшын, бір болыс емес, не бір ру емес, исі Тобықтыға соқтығып отыр! – деп бір тоқтады.

Абай ендігі жайды аңғара бастады. “Тобықты боп Уақ-пен шайқасамыз” демекші. Әзімбайға енді оның нақтылы сөзін айтқызыбақ болды.

– Ал сонымен, жұрт не қылмақ? Сендер не істемексіңдер?

– Жұрт болғанда, бұл жолғы Тобықты тобын Оразекен бастап отыр! – деп, Абайдың ызасына тиетіндей, әдейі бір пәленің шетін шығара сөйлеп кетті.

– Ең үлкен жау – елдің жауы, ең үлкен дау – жердің дауы деген бар гой! Оразекен ел намысын жоқтап, Тобықты атынан Көкеннің жанағы еліне, анау Серкесымғына сөз салыпты. “Жемтемірінді тоқтат! Ел мен ел боп сөзге келісейік!” – деп, үш кісі жіберіп, сөз салған екен. Уақ: “Тобықтыдан көргеніміз жеткен. Әділет тапқамыз жоқ, не болса ұлықтың заңы шешсін”, – деп, құйрығын сыртқа салды. Оразбай соған орай: “Уақтың арбакеш, егінші жатақ жалшысынан есе ала алмай қаламыз ба?! Атқа мінсін Тобықтының намысы бар азаматы!” – деп ұран салыпты. Елді жиып: “Уақты шабамын”, – деп, қол құрап жатыр. Ағама: “Барымтаға аттанатын ат, сойылы сайлы азаматын әкелсін. Мен барымды салдым, “ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді”, келсін, жиылсын!” – деп жар салыпты. Міне сол, Оразбайдың жасағына барамыз! – деп, Әзімбай Әйгерім ұсынған қымызға жаңа ден қойды.

Қысыр сауылып отырған қоқтем шағы. Саба шағын болса да, Әйгерімнің бұл қонақтарға құйып әкеліп, сапыртып бергізіп отырған күміс тегенедегі салқын қымызы мол еді. Абай өлгі сөзді тыңдал бола бере, әуелі бір қыскға ғана мысқыл айтты:

– Ауыз – дарбаза, сөз – самал, – деп қойды да, – есесің де бөсесің ғой, Тобықтының сотқары! – деді.

Қымызын ішіп аяқтай бере, Әзімбай міндетін ада қылыш болған-ды. Оның өзі тілемесе де, әкесі “Абайға барып білдіре кет!” деген соң, осында соғып, пәле тілеп, аттанып бара жатқанын айтқан. Енді Абайды сөйлетіп, сыр тартқысы келеді. Әсіресе бұл барып түскен жерде Оразбай: “Абай не деп жатыр?” – дегенді сұрамай қоймайды.

Соны жаңа еске ала отырып, Абайға ақылдақсан кісі боп, түсін жылтырып, жөн сұрайды.

– Жә, Абай аға, біз не істейтінді естідіңіз! Ал енді шабуылға өзірленіп, ат мініп, қару асынып жатқан халқыңыз, туысыңыз мынау, не айтасыз? Оразбайдың осы басшылығына не дейсіз?

Абай бұл тұстағы шырғаны сезіп отыр. Бірақ әдеті бойынша ойдағысын жан баласынан іркіп көрген емес. Екінші және өз ішінде Тобықтының жуан содырлары бастап отырған осы істі теріс көреді. Көкеннің еңбек сауған елі бұл тұста әділ ашуға бекінген. Абай оны ішімен ғана емес, сыртымен де қостауға, құптауға өзір. Оразбай Әзімбайдан естіп ашууланбаса, тулай берсін. Абай оның көзіне де ойдағысын айтады. Соны ойлап, Әзімбайдың қысқа ғана сыр түйгізді.

– Оразбай ат мініп, қару асынып алыстан жау іздел қайтеді. Жауы, анық жауы Оразбайсымақтардың өзінде, өз ішінде! Ол қас надан қараңғылығы ғой! Алысар болса, өні, сонысымен алышсын да! – деп, үлкен адамгершілік оймен бір ой таstadtы.

Арам, айлакер Әзімбайдың жаңағы бықсыма құлығымен қоса, оның басынан аттап түсіп, алыстан барып бір шаң берді. Және бір ойын танытып:

– Зорлықшыл зорлықтан қаза табар. Қарашоқпар шабуыл заманы, Оразбай түгіл, кеше Құнанбай заманында таусылғанын танытқан болатын. Танып жетпесендер, тағы бар, тағы тұмсығың тасқа тиіп тұрып тани бер, – деп, бұл жайдағы бар сөзді Әзімбай ұқсын, ұқпасын, осымен кесіп таstadtы.

Әзімбай болса, енді қымыз ішіліп болған шақта, Абайдың бұдан әрі сөйлескісі келмеген ажарын аңғарды. Жаңағы сөздерден оның өзінше түйгені де бар. Абай бұл жорықты ен әуелі мақұл демейді. Екінші, Әзімбайдың ойынша, осыны Оразбайдың бастағанын тағы жақтырмайды. Дәл осы соңғы жайды есіне ала бере, Әзімбай іштей өзінің құдасты жаққа шықты. Абай баяғы бас араздығы бойынша Оразбайдың жақсылықты қимайды. “Қай жерден шаң берсөн де,

сенің қойманды біз де көріп отырмыз”, – деп, өз ойын түйді. Абаймен іштей арбасқан қалпында, оған әсте сенбес кеудесін және де қымтап, мықтап алып жүргуге ыңғайланды.

Қолына қамшысын ұнсіз фана алды да, қасындағы қарашаларына сұық қабақпен “әзірлен!” деген емеурін білдірді. Сол-ақ екен, жігіттердің бәрі де тымақтарын киіп, қамшыларын қолдарына алғанда, Әзімбай өзі Абайға: “қош” деп елден бұрын тұрып, есікке қарай салмақпен тік басып, тарта берді.

Бұлар кеткен соң Абай Әйгерімге болып жатқан жайды баяу фана әңгіме етіп берді. Оның айтудынша, шатақ бастап отырған Көкен елі емес. Оларға Тобықтының көп заманнан бергі зорлық еткені рас. Жаңағы атаған, Тобықтыдан алам деп жатқан құдық, қоныстардың бәрі анығында Тобықтынықі емес, Көкен елінікі. Соны былтыр сөз етіп, Жалпақ деген жерде болған Семей уезінің “шербешнайында” Көкеннің елі арыз қылған. Олардың сөзін бастап, бүгінде ұстап жүрген Серке деген пысық адам. Бұл дәл осы тұста тура жолда жур. “Шербешнайға” ояз келген еді. Ұлық жаңағы жер Көкен елінің өзінікі екенін дәлелдейтін қағаздарын ала келген. Тегі, Семейдің ұлықтары Көкен мен Тобықтының болыстарын сол “шербешнайда” қосып отырып, бұрын Тобықты тартып алған жерлерді Көкен еліне қайыртпақ болады. Соны сезген Тобықтының жуандары Жапалақтағы “шербешнай” сияз ұстінде бірнеше пәле шығарды.

Ең әуелі Серкені сескендірмек боп, Тәуірбек дейтін Мұқырдың қазағы оны боктап, тіл тигізеді. Бетін қайыр-мақ, жасытпақ әрекеті. Олжайдан шыққан Қазбек дейтін бакырауық пәлекұмар бір даукас бар, сол Қазбек Серкеге шарай топтың көзінше “өз басында ақым бар” деп жала жауып, пәле салады.

Сонда да қайтпаған Серкені көп ішінде, ұлықтың үйіне кірер жерде Әшіrbайдың Оспаны деген бір бұзық Тобықты байқамай қағылған боп, желкеден қойып жіберіп, басындағы бөркін ұшырып түсіреді. Бұның бәрі көп иттін, оншең бөріаланың жабылғаны, үргені сияқты нәрселер.

Бұндай мінездер балалар істейтін сотқарлық тәрізді. Соған таңданып Әйгерімнің мысқылдағанын Абай мақұлдап қояды. Жауыз адамдардың өз жауларын “жасытамын” деп, осындаш шатақ жасайтынын да айтады. Бірақ істің зоры ол емес екен. Жаңағы сиязды басқарып, екі елдің жер дауын тексеріп аяқтамақ болған ұлықтың өзін де Тобықты адамдары әлекке салады.

Кім істегені белгісіз, әйтеуір жеті-түнде, барлық жұрт ұйқыда жатқан шақта ояз жатқан үй лау етіп өртене бастайды. Ояз бер өзге ұлықтар жалаңаш-жалпы зорға қашып шығады да, қағаз атаулы өртеніп кетеді. Барлық жұмыс сонымен тоқтап, сияз тағы тарқап, ұлықтар қалаға қайтады. Жер дауы, Тобықтылардың айласы бойынша, аяқталмай қалады. “Енді мінеки, қыс бойы сол Қекеннің елі баяғы арыздарын қалпына келтіріп, тағы заңмен жеңіп алуға жеткен ғой. Жаңағының “жемтемір” деп көкіп отырғаны орысша “землемер” деген жер өлшектін шенеунік. Сол кеп іске кіріскенде, енді Оразбай “тағы да бір атым шықсын” деп тағылық бастаған ғой!” – деп, Абай бір ойын түйген. Болғалы тұрған бүліктің бар сырын анық аңғарып, кейін осы жұмыста өз басы: “жаңағы Әзімбайға қарсы алысатын орай келер-ау”, – деп те бір ойлаған еді.

Қарақұдық дейтін кең төскей қонысқа Оразбай көп ауыл боп қоныпты. Оргада өз аулы ұзын желіге қысыр байларатқан. Қонақ үйді көп тіккен. Әр үйлердің арасына әлденеше жерден керме тартқызған. Әрі бастау, әрі мол құдық бүл ауылға ең жақын жерде. Өзінің балалары Хасейін, Қасымжан, Елеу дегендерін және де бөлек-бөлек ауыл етіп, жаңағы құдық басынан қашандау, шашырата қондырған.

Жамағайын інісі Доспан аулы сияқты бірнеше ауылды және айналасына қамау, коршаша етіп жайғастырыпты. Бүгін таңтеренен бері Оразбайдың осы кең сартөскейдегі көп аулының үсті қалың топ-топ болып жиналып, келіп-кетіп жатқан әр рудан, әр қоныстардан шыққан салт аттылар сансыз көп болған. Бейнебір ұлкен той, не ас берген қалың нөпір, құжынаған жиналыс байқалады. Сол та-

нerteңнен кешке дейін Оразбайдың өзінің үш үлкен үйінде бүгінгі “жиынның басы” аталатын өңшең ақсақал, қарасақал “гу-ту” кеңесте болды. Бұнда жан-жақтан келген топтардың өңшең басты, беделді атқамінерлері. Ал қастарына еріп келген қара топыр қосшы, сойыл соғарлары болса, олардың бәрі жаңағы көрші отырған отау ауылдарға орналасып, ошарылып жатыр.

Оразбайдың үлкен үйінде бүгін осы Қарақұдыққа ол ұрандал жиған көп Тобықтының сан жуандары отыр. Ата ұлынан атап айтса: Олжайдан, Сақ-Тоғалақтан, Есболаттан, Қарамырза, Дүзбембеттен және тіпті, жер шамасы шалғай болса да, Оразбайдың сәлем ұранымен жиылған Мырза-Мамайдан да бар.

Осы елдің бәрінің аузында Оразбайдан тараған бір ғана желік пен пәле тілеген сүйк сөз жүр. Оны Әзімбай осында келе жатып Абай үйіне сокқанда: “Оразбай айтып жіберген сөз”, – демей, өз сөзі қып айтып шыққан-ды.

“Жау үлкені – елдің жауы, дау үлкені – жердің дауы” деп бір лаурайды. Соған ілес Оразбай және айтқан: “Уақ-пен менің алты аласы, бес бересім жоқ. Өз басым үшін емес, Тобықты намысы үшін, ел бағы үшін атқа мінемін! Уақ болса, елге жаулық етіп отыр”, – деген сөзді және де көптің аузына таратып жатыр.

Сан жерде әр топтың ортасына қойған ақсақал, қара-сақалы, жігіт-желеңі, жас-көрісіне шейін осыны айтқызыды. Қазіргі топтардың әралуан, әр үйде қайталай түсіп, қадағалап айтып жатқан бір шырға сөзі тағы бар. О да Оразбайдан тараған болса да, бір Оразбай емес, Тобықтының бар байының аузынан шығарлық сөз.

Бұнда не дейді? “Уақ Тобықтының күз күзеуін, қыс отарын, кектемгі кең жайылысы, өрісін алып жатыр. Кімдікін алып жатыр? Тобықты әруағына меншікті болған қоныс-өрісті алып отыр. Ендеше, намысын шабақтап, өртеп түр. Осы кектем, күзеу Қарақұдық, Төрекұдық, Обалы, Қоғалы, Шолақеспе, Қанай Қарағаны, Басжымба, Аяқжымба – бәрі-бәрі Оразбайдың өкесі Аққұлы ғана меншіктеген жер ме еді? Құнанбай ғана пайдаланып па? Бай-

сал, Бөжей немесе Молдабай, Бурақан ғана өріс-қоныс етіп пе еді? Құдай қані, тілесе Тобықтының бар атасының ұлы бірде күзек етіп, бірде қысқы жылқысына отар етіп немесе осы бүгінгідей көктемде өріс етіп пайдаланып келмеп пе еді?! Сол жерінді алғалы отыр! Қазақ қазақ болғалы іргелі дауынан үлкені – жер дауы емес пе? Сол жер үшін, желік үшін емес, өзім үшін емес, көбін үшін, міне, туынды көтердім, алдыңа тұстім!” – дейді Оразбай.

Қысырдың қою салқын қымызын бүгін желіге іше отырып, өз үйіндегі Тобықтының көп атасының ұлына бар айтарын айтып шыққан.

Тағы бір орайда: “Тартынған тартынып, бүкқан бұғып қала берсін. Жер ашуы – жан ашуы, салым барымды. Арынды жоқтадым, Тобықты!” – деп те сілтеген.

Өзін мактай қостап, көтере құптап отырған Жиренше, Абрали, Әзімбай, Әбділдә сияқты жуан рулардың содырлары бұны және асқындастып, тасыта сөйлемеді. Олар Жиреншениң аузымен Оразбайға үлкен бір мақтау айтты.

– Ендігі Тобықтының анық туы сенің қолында! Намыс туы сол! Саған ермейтін Тобықты ез ел емес! Намыс үшін жауға жігер танытып сен шыққанда, ұстаған жерде қолымыз, тістеген жерде тісіміз кетсін! Уатып алдымызға салып бер осы Уақты! – деген.

Оразбай Уақтың аты аталғанда елеріп, сұрланып, қатты қозданып алды.

– Шиқылдаған арбасына мәстегін жеккен өңшең егінші, масақшы, күрек-шоттан қорегін іздеген қу кедей! Аталы ел боп, іргелі жұрт боп белдессе бір сәрі. Қырық рудан құралып, қырық жамау болған басымен “Көкен еліміз” деп көкиді дейді. Осы “ұстасқанда кімімен ұстасамын” десең де, көзге түсер қүйқалы жері жоқ. Өңшең “құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас” дейтін, сайда саны, құмда ізі жоқтар. Енді шапқанда солардың қырық руы бір араға жиылған қара қорда нөпірін бұздырайын деп отырмын. Өңшең тырмашы, балташы, орақшы, соқашы, диханшы дей ме, ылғи ыңыршақ мінген, ырымы жаман суырларды сойғызайын деп отырмын! – дейді.

Жаулыққа, аяласқа өзі тісін басып алып, енді барлық бай-жуанды шетінен мас қыла қоздырып, қыздырып отыр. Оларға бір жағынан ескертіп қояды. “Анау ертіп келген жігіттеріңе, қарашы-қосшыларыңа, сойыл соғарларыңа менің осы айтқандарымды үғындырындар!” – дейді. “Неге баратынын, неліктен баратынын, кімдерге соқтығатынын біліп барсын!” – дейді.

Дегеніндей-ақ, бұғін Қаракұдықтағы ауылдардың бар қонағы кей кездерде қымыз арасында, ет пен шай арасында кезек қыдырысып, желі мен құдық басында, ақ үйлердің сыртындағы көгал шалғындарда көп-көп кездесіп, айқыш-үйқыш араласып қалған. Оразбайдың сөздері бір үйде, оның үлкен үйінде отыз-қырық кісіге айтылса, сол сәттерде және отыз-қырықтың аузымен осы атыраптағы үлкен-кішінің, алыс-жақынның бәріне де тарады. Сырланып, сыйпайыланып немесе асқындағы түсіп, атқуылданап, кейде боктық аралас жуандап, содырланып, не қылса да жасақшының бәріне жеткен.

Әрине, Әзімбайға еріп келгендей өзге ірі атқамінерлерге де ере келген үнсіз топтар, қарасойыл, атарман-шабармандар бар. Олар Оразбай айтқызып жатқан сөздің бірін үқса, бірін үқпайды, біріне иланса, біріне көзі де жетпейді. Бірақ бұларға бұғін анық, айқын болған бір жай және бар еді.

Осы Оразбайлар Уақпен жанжалдақсалы отырған талас жерлер анығы кімдікі екені оларға дудемал, құдікті-ақ. Тобықты Уақтан тартып алған жерлер дегенді естіген, білген кедей-кепшік те бар. Ол өз бетіне. Әсіресе сыртқа үндемесе де, Оразбаймен іштей дауласатын қарашылар да бар. Оларға анығы: Қаракұдық, Төрекұдық, сонау Жымбага шейін созылып жатқан жерлерге әсте Тобықтының малы жок кедей көпшілігі қадам басып көрген емес. Өзде-ріне айтқызсан: “Бұл жерінді итім біліп пе?” – дейді.

Қалың ел “бұл қоныстың пайдасын көріп пе едің?” десең: “Атамаңыз, ат керт етіп шөп жеген, ер қылқ етіп су ішкен жеріміз емес. Оны жеп жүрген, ішіп жүрген қолы жеткендер ғана!” – дейтуғын. Анығында Оразбай “жер

үшін, ел үшін”, “елдің жауы”, “Тобықты намысы”, “жердің дауы” дегеннің бәрін жұрт көзіне топырақ шашып, қара борандатып айтады. Өз құлқының, әдетте, осылай көздел келіп, өтірігі-шының қосып, аламыштап, қара бауыр арамдығына әкеп соқпай коймайды.

Көпті арандатқалы отырып, соны және “өзім үшін, өзімдей азым үшін” – деп әсте айтқан емес. “Өзің үшін, көбің үшін” деп, бір пәлені қара бұлттай қаптатып әкеleді де, тілесін, тілемесін көп момынға құшақтата салып, тарта береді. Осылай ойласа, анығында жаңағы даулы бол отырған күзеу, көктеу деген қоныс атаулының барлығын пайдаланатын жиырма-отыз ғана ауыл еді. Мың жарым, екі мың үйдің ішінен жиырма ғана адам, сол жиырмадай ғана бай жайлап-төстейтін. Бұгінгі Оразбайдың отырғанын-дай, Құнанбай заманынан бері қарай Тобықтының әр жуан руының бір-бір үлкен байлары көрші кедей, момын егінші, еңбекші Уақтың өздері әлі пайдалана алмай отырған жерлерін үнемі баса қонып, жеп жүретін.

Қыстығуні сол жерлерге отарлап, қостап жылқыларын шығарады. Жаңағы қолденең созылған ұзын өлкеге қар түсе жиырма-отыз қос жылқы келеді. Шамасы елу-алпыс мындај жылқының қыскы панасы Тобықты жері емес, осы Уақтан тартып алған жерлер. Міне, Оразбайдың барлық байбайы мен айғайының астарында жатқан шынның шыны осы.

Әрине, бұгін Оразбайдың қасына оның шашпауын көтеріп отырған әр рудың жуандары бұл есептерін ұмытқан емес. Олар Оразбайдың айғайымен өздерінің кіндігі бір екенін жете біледі. Тек Оразбай үш мыңы бар бай болғандықтан, ол сәлем айтқандықтан немесе Тобықты деп ұран шақырғандықтан келіп отырған жуандар жоқ. Олар осы түйінге өздерінің де керегі түйілгендіктен ентелей кеп отыр. Бірақ айлакер, тартпақы мінезді тәсіл еткен қу мен сүмдар дәл бұл шынға келгенде қоймаларын ашпайды. Тек Тобықтының ендігі ағасы Оразбайдың басшылығын қостаған, құптаған кісім болысады.

Міне, осындаі арыны, алқыны құшті сөз айтушы Оразбай бастаған қара жел енді қазір әлдебір момын елдердің,

бейқам ауылдардың басына түйіле соғатын дауылға айналып барады.

Күн екіндіге тақай бергенде, барлық ауылдар өреде, арқанда жүрген аттарды, кермеде тұрған, белдеуге бекем байланған айғырларды, бедеу биелерді сатыр-сұтыр ертегі бастады.

— Атқа қонсын, мезгіл жетті!

— Енді бетті түзеп, тартып берсін! – деген әмір, бүйрық Оразбайдың үлкен үйінен айтыла сала, бір сүт пісірім ішінде жұзге тарта жарау сәйгүліктер тегіс ерттеліп болып, бір қол ер-азамат сойыл, наиза, шоқпар, айбалталарын алып іріктеліп, Көкен тауына бұлкектей жөнеліп, бет қойды.

Әрине, Оразбай үйіндегі үлкен топ бұл аттылардың ішіне бірде-бір адамын қосқан жоқ. Олар қатарын бұзбастаң, шып-шырғасы түгел күйде кеш бата Оразбай бата қылдырып, сойғызып жатқан қысырдың семіз көк тайының етін тосып қала берді.

Қарақұдықтан аттанған жұз қаралы топтың ендігі жүрісі мен барысын билеген, жастары отыз-қырыққа ілінген бірнеше жортуыл басшылары бар. Оларды Оразбай, Әзімбай, Жиреншелер осылай көтермелеп, күн бойы “жортуыл басы”, “қол басы” деп жалған дақпыртпен аттандырған болатын.

Жалғыз-ақ Есентай ғана қалып топ аттылар жіті жүріп, ауылдан сыйтылып, арты үзіле бергенде, кермедегі семіз шабдар атына мініп, тебіне жөнелді. Аттанған қолдың артынан ұмтылған еді. Бұны сыртынан бағып қалған Оразбай, Жиреншелер біресе таңырқап, біресе тамашалап сүйісіне қарасты.

Жиренше Оразбайды түртіп қалып, мысқылдан:

— Байғұстың, көрі жыны қозды-ау мынаның! – деп, сықылықтап күліп, Есентайдың жас шағында ұры болғанын еске алды.

Оразбай күлмесе де, сыйырая қараған жалғыз көзін Есентайдың сыртынан сүйсінгендей қадап тұр.

— Кешеден, таңертеңнен үн қатпай қойып еді! Безбүйрек, жан шығардағана үн шығарады ғой ол. Аналарға ақыл айтқалы барады! – деді.

Әзімбай мысқылдай түсіп:

— Ақылын да айттар, жанжіп те байлар. Қадалғаннан қан алмай неғып қалсын Есекең! – деп, маңындағы жуан соңдырың бәрін ду күлдірді.

Есентай бұл шақта топ алдындағы Бесбесбайды сәл оқшаулап алған. Қол қатарында желе жортып отырып, қысқа сөзбен ақыл айтып келеді.

— Мына топты сен бастайсың! Мың да бір айттарым... әсте тұтқын қалдырма!.. Адасып, қаңғып, қалың майдан ішіндегі бетінен жаңылып, жауға душар болатын жаманжәутік те болады. Ескертіп қой бәріне! Қайта серпілер кезде бәрі тегіс ат қүйрығын Темірқазыққа дәлдесін! Сонда оқшau кеткеннің де, шоғыр бол топпен жургеннің де бет-бағдары біреу-ақ болады. Елге қарай, кейін дұрыс беттейсіндер!

Бесбесбай үндемей, бас изей түсті де, “мақұл екен!” – деді. “Тағы не айтасың?” – деп, өзімен бір заманда жортуылда кездесіп, бір бақырдан сорпа ішкен жайын еске ала, Есентайға жымия қарады.

Семіздігі беті-көзінен, бұғағынан діріл қағып айқын көрініп келе жатқан Есентай өлі де салқын ақыл айтты.

— Аты жүйрік, қолы қатты, қару етер жау болса, ең қатерлі дүшпан сол ғой! Орайын тауып сондайларды қатардан бұрын шығаруға тырысындар. Ана көрі серіктеріңе соны да айтып қой! Ондайлардың емі көбінше сойылдастып жығу емес! Қарсы ұрысқанда, қаша ұрысқанда, тіпті болмай бара жатса, өзін ұрмай, атын ұр! Шекеден бір-бірақ қағып, атын жығып кету керек. Ол қайтадан ат тауып мініп, қатарға қосылғанша қашан! Қатерліден осылай құтылар болар. Ал бар енді, жолың болсын, уай, өңшең батыр! – деп, іркіліп қала берді.

Адам туралы ырзалақ пен мырзалақ сөз, мақтау сөз әсте аузынан шықпайтын Есентай бұл топтың алдындағы бесеу-алтауды “батырлар”, “азаматтар” деп әдейі дауыра

мақтап қалды! Оларды бүгін осы өңірдегі “ең жақсы”, “ең қадірлі”, “ең тамаша өжет жандар” деп көпшік қойғаны алдаусыратып, қолтықтап дем бергені болатын.

Ал шынына келгенде, арттағы елге де мәлім, мына келе жатқан қолға да айқын: бұлардың бәрі анық қаныпезер үрылар еді. Бірақ Оразбай сол ұрыларды әр ортадан таңдап алған. Бұлардың кейбірі Тобықтының жуан-жуан рулаresын ұрылары. Кейбіреулерінің көргені көп, жүріс-ұрыс, қашқын-куғында айлалы, жырынды адамдар. Бәрі де ойдағы егінші, еңбекші момын ел Уақты қыста, жазда талай торып, бар қонысынан мал қуып әкетіп жүрген сырқынды кулар.

Көкен тауынан асатын асуладарды, әр жерде, әр кезде топталып отыратын ауылдарды білмейтіні жоқ. Тіпті Уақтың “пәлен аулының жылқысы түнде қалай қарай өреді” десе, Шынғыстың ту сыртында отырып та бұлжытпай айттып бере алатын осы ұрылар. Өздері және жаңағы елдердің жуандарымен шеттерінен тамыр, тату, үнемі жақсы ат, жақсы құрал атаулыны кезек алысып жүретін, іліктепе үзілмейтін сақтаулы жандар. Қалайда үш мың жылқылы Оразбай мен осы топты бастап келе жатқан алты барымташының бәрі де сондай тату-тәтті болатын.

Міне, сол атақты сақа ұрылар: Жарқымбай, Дубай, Бесбесбай, Саптаяқ, Құлайғыр, Күсен дегендер еді. Осы алтауы Қарақұдықтан күн барда шыққан соң-ақ: “Уақ хабарланса, Көкеннің тастарынан қарауыл салып, қалың тоғымызды көріп қояды. Соны аңғартпас үшін, алтауымыз осы жүз кісіні алты бөліп алайық”, – десіп, бір қайқаның алдындағы тіктеу сайды алты ұры бар барымташыны алты топқа бөлді. Сонымен, Оразбай аттандырған, пәле ізденген қалың топ жаңағы сайдан лек-лек болып бытырап, буын-буын бөлінісіп ап, жол тартты.

Жер алыс емес, өңшең жарау ат-айғыр, бедеулерге мінген, қымызға қызған, соқтығыс сойқан ізденген желікті топтар қас қарада бергенде Көкен тауының ар жағындағы “Қандар сайы” дейтін сайға қарай асатын кең қолатпен желігে тартып келе жатты. Бұл кезде дүсірлете желген қат-

ты түкәтардың қалың дүбірі мен сүйреткен сойыл, шоқпарлардың сатыр-сұтыр қақтығыстары ғана елсіз таудың тыныштығын бұзды. Оқта-текте тұнгі жортуылға мінілмеген ат-айғырлар пысқырып қалысады. Үзенгілер шылдырап, қақтығысып, шың-шың еткен темірлер үні білініп қалады.

Бар есептерін, алдағы қымыл-әрекеттерін Көкеннен аса бере анықтап алмақ болған жортуыл басылар өзір тек алға түсіп алып, қалың топты енді сар желдіріп, тау желіне жел қосып, есіп келе жатыр.

Жортып келе жатып ақылдасқан, байласқан сөздердің бәрінде айтқаны орайлы, тәжірибесі молырақ боп жаңағы алты барымташының ішінен біреуі басымдау көрінді. Ол жас жағынан да өзгелерінен үлкенірек, егерек және бар Тобықтының ең қалың, жуан ортасы Олжайдан шыққан Бесбесбай. Жасы қырықтың ішіне кіре берген, сақал-мұртында қылау жоқ, екі көзі бадырайған шығынқы, от шашқан өткір, өзі шекелі, жалпақ бетті, қызыл сары Бесбесбай дene жағынан да өте кесек біткен адам. Бойы биік болмағанмен, жауырынды, жоталы, төртбақ келген. Ат үстінде сол атына желімдеп тастағандай. Қорғасындей құйылған зіл-зәрлі, анық қара сойыл, қара шоқпардың мойымас жауынгері. Ол бұрыннан хабарланған кісідей алдағы шабатын ауылдарының отырған қонысын және жылқының бүгін түнде Семейтауга, күнбатысқа қарай өретінін күдік қылмай, кесе байлап айтып келеді. Көкеннен інір қараңғысымен асып ала сала, бұл жаңағы қолбасыларға өзінің соңғы болжауы мен байлауын айтты.

Дәл осы кезде қол түгел тоқтап иіріліп, сайда аттарының демігін сөл бастьрып тұрған. Бесбесбай өз қасына Жарқымбай, Дубайларды ертіп, бес-алты кісі боп, он жақтағы тақырлау тікше төбеге шығып алып, алдағы қаранғы мұнар жапқан алыс тұнғиыққа қадала қарап тұр. Дубай жекей тымағын басынан алып, құлағын сол дала жаққа салып үнсіз ұзақ тың тындал, төсеп тұрды.

Аттардың сөл қыбыр еткен қозғалысын тізгіндерді жұлқа тартып тыйып қойысады. Сұлығын сылдыратқан атты да қымтышп үстасып тұр. Біраз осылай тұрып барып, Бесбесбай енді аңдағанын айтты.

– Осы арадан қозыкөш жерде Тұщыкөл бар. Біз баратаң бар жауың сол Тұщыкөлдің айналасына қонған. Бір жағы қамыс, ар жағы су. Егер жылқының өзі сол қауға кіріп кетсе, айдал шығу да онай емес. Бұл жиын отырган ел, бейқам емес. Жылтылдаған оттарын көрші... Сонау, байқайсындар ма?.. Бұл ауылдар жатпай немесе қой шетіне әдейі оттарат жағып, сақайып отырган ел төрізді. Ал, бірақ, жылқысы Семейтау жаққа, көлдің батыс жағына өрді дейтінім, жел сол жақтан тұрды. Күні бойы ыстықта үйездеп тұрған жылқы, бұғын күн ыстық болды ғой, енді мына желге беттеп, солай шыққан болу керек. Байқандаршы! – деп, біраз тұрғанда, Қарамырзаның қапсағай денелі жырынды ұрысы Саптаяқ: “Сөзін рас!” – деді. “Мен алыстағы жылқының сарынын аңғарып қалдым. Жана желдің бір үзік леп берген соғуынан аңдадым. Кісінеген жылқының дабысын шалдым!” – деді.

Енді бұлардың алтауына да айқын, даусыз көрінген бір-бір байлауды Бесбесбай өзі жасады.

– Алдымыз еңіс ой, ар жағы мидай жазық. Бір сыр ет-кізсек, жылқының үстінен түсеміз. Бірақ ел ұйықтасын. Әлі түннің жарымынан артығы бар. Жұрттың көзі қалың үйқыға барғанда бір-ақ соқтығамыз. Ар жағында таңға шейін қайта қуған малмен дәл осы Қандар сайынан асамыз. Таң ағарғанша осы сайдан асып, Қекеннің төсіне құлай беру керек. Ал әзірше сәл аял етейік. Осы тау қойнауында тұрып, ер-тұрманды бекітіп, аттардың бойын салқындастып алайық. Әрқайсынның өз тобындағы жігітіңе жөн-жосықты да айттып қой.

– Қай жөн-жосық? – деп Жарқымбай сұрап еді, оған Саптаяқ кесек үнмен жөн айтты:

– Қара сойылды көлденең ұстағаны болмаса, мынау қалың тобың жортуылда болмағандар. Оларға айғай, сүрекнің өзін де айттып, білдіріп қою керек. Қуғын-сүргін болмай-ақ, кейбір жаман жортуылышы, ақылсыз барымташылар өзі айғай-шу салып, қуғынды өз соңынан өзі шакырып отыратыны да болады! – деді.

Қалған жай бөріне мөлім. Енді бұл алтауы ойға түсіп, топ-топтарына келіп, алдағы жауды, тиісетін кезді айтты.

Қайта беттегенде осы сайға келетін байлауды да түгел айтысып шықты.

Көп жұрт аттарының айылдарын босатып, жеңіл желқом ерлерін ат арқасына біраз желпіп көтеріп, өздері мінген сәйгүліктерінің белі-жонын салқындастып алмақ боп жатыр. Енді біразда бәрі де: “атқа қон!”, “атқа қон!” – деген сөздерді ести бере соңғы рет төс айыл, шап айылдарын нықтап тартып алысып, жүгендерінің сағалдырықтарын қаранғыда қолмен сипалап анық бекітіп алысып, тымақтарының құлақтарын байладап, кейбіреулері қалындау шапанының оң жақ жеңін белбеумен қоса тартып, оң қолын босатып алып, тықырышқа атқан, жер тарпыған, шыр айнала елеңдеген жүйріктегі міне-міне сарт-сұрт аттаныса берді.

Бұл сөтте соыйл, шоқпар, найзалар білекке, аяққа сүйреткен күйде емес, қолтыққа қысылып, қолға алынған. Немесе ердің қасына қөлденен салынған. Найза, айбалталар оң аяқтың үзенгідегі басына түп жағымен қойылып, ұзын бойларына оң қолда тікіе шаншылып, аспанға қарап қалған.

Көп жігіттер соғыс үстінде өр дыбысты аңдай отыру үшін, тымақтарының құлағын ішіне жымыра байладап атты. Тұстери сұық, артық сөз жоқ. Ендігі ақырын, шолақ айтылатын сөздер бүйрық қана. Қалың қолдың алдына ақ боз атты, ақ шекпенді, ақ елтірі тымақты Бесбесбайдың өзі түскен.

Қол алдынан кештің қоңыр салқын лебі білінді. Құндізгі жүрісте омырау, қолтығы, құлақ түбі, шабы терлеген, бусанған жарасты сәйгүліктердің жүрісіне мынау салқын жел қарсылай соғып, жеңілдік жасап, желік қосқандай. Кеш батуға айналып, көз байланып келеді. Қекжиек қоңыр кекшіл қалың құнгірт бояуға ауысқан. Тек батыс жақ әлі кешкі шапақ қызыл кек арайынан түгел арылып болған жоқ. Қарауыта қызарған сол шапақ қекжиекке төмендеп бата түсіп, таусылып барады. Қолдың дәл бет алдында, шексіз ұзақ алыста кең созылған биік жота бар. Ол да бұл шақта кек барқын мұнарга оранып, аспанмен ұласып араласып,

бояу қосып тұтасып барады. Тек оқта-текте сол алыс көкжиекте, өте бір жырақтағы шоқ қара бұлт түсында найзагай жалт етіп қалады. Үнсіз бір ұлы жарық лап етіп, сөт сөнеді.

Жақын дала, еңіс өлкө әуелде жасылданып созылса, ымырт қөлеңкесі қоюланған сайын бозғылданып, қуаң тартады. Жусан, изен, жауылша, тарлау істері мен кей шалғындарда сиыржұа иісі кезектеп келіп, сахараның шаңсыз, мөлдір таза ауасын сан іспен құбылтады.

Ат тұяқтары тасырламай дүңкілдеп, жиі дүбір үн береді. Жол бойында кешкі мекенге жайғасқан бозторғай, қараторғай атаулы жер бауырлай, сасқалақтай ұшады. Тағы бір кезек қалың топ тарғақ қара ала қанаттарын ымырт қарандырығында ала құйындата, жарқылдата түсіп, қырқылдап үн салып, қарбаласа жөнелісті. Ымымырт қарандырығы қоюланған сайын жортуылышылар жүрісі қатая берді. Енді айсыз кеште біртіндеп жұлдыздар туда бастап еді. Бесбесбай “сөл ғана іркіл!” деп қолға шолақ белгі етті де, бағана Есентай тапсырған, өзі мақұл көрген бір жайды барлық топқа мәлім етті. Қолтынына қысып алған ұзын қара шоқпарын қөлбете қөтеріп, аспанға нұсқап тұрып, барлық топқа Темірқазықты көрсетті.

— Ау, азамат! О, мына бір нәрсені жадында тұтшы! Тыңдал ал, ұғып ал! Сонау жалғыз жұлдыз Темірқазық. Зәуі-сайтан, біреуің оқшауланып, тағы бір топтарың жырыла жарылып шабатын кез болса, тегінде есінде болсын! Ел қайда, жау қайда екенін қашқылық-қуғылықта андамай, қатерге түсіп-ақ қалуға болады. Сонау серігін осы жұлдыз. Ат құйрығын дәл осы жұлдызға беріп алып бет түзегейсін! — деді де, тағы да жорта жөнелді.

Жаңағы “қозыкөш” жерде деген ауылдардың қазір барлық оттары сөніп, аңғарарлық тірлік белгісі өшіп тұр. Тек жырақтан ғана оқта-текте үріп қалған зор дауысты төбеттер үні ғана сәл сирек естіліп қалады.

Қол желе-шоқытып, “ауыл болар-ау” деген алқаптан қашаңдалап айналып, батыс жақтан ескен желге қарсы жортып барады. Қатарына келе берген Саптаяққа Бесбесбай-

дың жалғыз айтып қалғаны: “Жылқы тақау, екеуміздің долбарымыз рас болды. Жел жақтан бірнеше рет кісінеген айғырлардың анысын андап келем!” – деді.

Саптаяқ бұны қостап: “Ол дегениң рас, мен де аңғарып қалдым. Тағы бір жай бар. Байқайсың ба, жел қатайыңқырап келеді. Біз болсақ ық жақтан келеміз. Соның жылқысында жүрген қандай саққұлағы болса да, біз қиқу салып тиіп кеткенге шейін дабырымызды, сарынымызды андамай қалатын бір сәт бол тұр!” – деді.

Қатарда жортып келе жатқан Жарқымбай, Дубай, Құлайғыр үшеуі бірдей: “Сәт-сәт, жол болсын”, “байлансын, Ораздының жолын берсін!” – десіп лау-лау етісті. Бұлар жылқыға тақап қалды. Бар қолды қатарынан жортқызбай, лек-лекке бөліп, алты буын етіп, енді шұбырта созылтып, Бесбесбай айтқаны дәл орындалып келе жатқан.

Осы топ тигелі келе жатқан, “жау” деп атандырған, анығында соншалық бейбіт, момын ел дәл осы бүгінгі күндерде өздерінің дағдысынан тыс бір оқшашау күйге келген болатын. Тобықтыдай емес, көрші болыстас ел болғанымен, Көкеннің халқы көбінше егінші, пішешні. Қалаға жақын кәсіпшіл, шетінен еңбекке бейім ел. Бұлардың көшуі де сирек болады. Әр аулының сыр ажарына қарасаң да, Тобықтыға мұлде үқсамайды. Үстайтын малының көбісі сиыр, өгіз, жегін малы. Бұлар өздерінің өрісі аз жерлеріне орналасқанда да мол-мол үйлер болып, көп ел болып орналасады. Сондықтан Көкеннің әр жердегі ойдым-ойдым елін, қоныс кәсіпптерімен қоса атасады.

Осы елде фана: “Қырықүйлі” дейтін ауылдар болады. “Қандар” дейтін көп үйлер бір арадан табылады. “Көпсақау” дейтін қалың ауыл бір өлкеде кездеседі. “Балта-Орақ” деген бір өлкені жүзге тарта мекен етеді. Онда жаңағы “балта-орақ” деген аспаптар, қару-саймандар осы ел мен осы жердің тірлік, кәсіп қалпын анық анғартады. “Жалпақ” деген қоныстары ең жалпақ пішендікке жабыла енбек ететін көп жүргіттың барын байқатады.

“Қандар” деген жер аты да бұл арада қан болғандықтан аталмаған. Қайта әр рудан жиылған көп үйлердің адам-

дары бірталай заманнан бері туған балаларына ат қойған-да әрбір анық аттың аяғына “қан” дегенді қосқыш болған. Мысалы, Әсемқан, Сәлімқан, Жұмақан, Семейқан, Жабайқан, Төреқан деген сияқты үйқас аттары бар көп адамдар шығады. Бертін келе әрқайсысы үй иесі бола тұрып, сол барлық адамдар бір сайдан табылады. Әуелі солардың сайын, жаңағы Тобықтының барымташылары асқан тоғайлы, шалғынды ұзын бір сайын “Қандар сайы” деп атасқан. Содан әрі жетпіс-сексен үйлі бір өлкенің елін де ата-тегін, руын былай тастап, тек қана “Қандар” десіп атап кеткен. Анығында осы “Қандардың” ішінде, сол сексен шамалы үйлерінде қандар емес, талай жандар бар еді. Тіпті Көкеннің Уағына ру жағынан мүлдем маңайласпайтын адамдар да көп. Көсіпқор, момын егінші елдің ортасына қорек ізделеп келіп, осында құда, дос, көрші, тамыр, “еңбекшерік”, “кәсіпшерік” болысып орналасып қалған көптеген елдің үйлері бар.

Сондықтан бұнда жаңағы қоныстасқан Көпсақау, Балта-Орақ, Жалпақ, Қандар, Қырықүйлі деген ауылдарда, елдерде Уақпен қатар талай атаниң ұлы бар. Осында: Бура, Найман, Жалықбас, Бәсентиін, Матай, Керей, тіпті, Тобықтының өзінен де ертелі-кеш жырылып келіп, осы елдер арасына орналасып, момын, еңбек, адал кәсіпке берілген кедей-кепшік көп болатын.

Міне, осы елдерге өзге дүние атаулының бәрінен бұрын еңбек үшін тыныштық керек. Ал дәл осы көктемде, әсіреке соңғы он күннің ішінде сол тыныштық еріксіз бұзылып отыр. Бұлар Көкен елінің егін салатын жері азайғандықтан, анығында Көкеннің сырты Тобықты бұрын тартып алған жер атаулының бәрінен анық мұқтаж. Себебі ол жерлер егінге аса жайлы, ең шұрайлы төскейлер. Бетегесі, көдесі киіздей, өзі сан шақырымдар бойына теп-теріс бол созылған анық “құдай қосқан” дейтін, үлкен еңбектің жаңасуын тілейтін жер. Қыстығұн бұл жерлерді қалың жылқы, Оразбайлардың елу-алпыс мыңдай жылқылары да мекен ететіні сол: қыртысы қалың, жайылдысы бетеге, көдесі, ақоты көп болғандықтан. Рас, қыстың ортасына шейін фана

бұл жерлерді Тобықты жылқысы мекен етеді. Ақпаннан бастап сол төскейлерді қалың қар басады. Бұл да осы өлкениң сыйы мол, егінге кенеуі көп қолайлы жай екенін білдіретін.

Енді сол жерлерді Көкеннің еңбекші, егінші елі Тобықтыдан қайырып алмаққа шын талап етеді. Бұл жөнде бар Уақты, Көкен елін дәл осы өділ ниетке бастап, жұмылдырған Серке деген басшы адам екені рас. Ол землемерді шығартып, жаңағы еңбек еліне еселі жерін қайтып әперем деп алғып жүр. Бірақ соған орай Тобықтыдан келген сұық сөзді бір Серке емес, Көкеннің көп елі естіген де, осы көктемде дағдыдан тыс бір қалыпқа келген. Олар әр жерде салып жатқан егінін де бітіре алмай, қалың ел болып бір араға жиылып, Тобықтының қастығын, қайратын, тіпті шабуылын болса да бір арадан тосып алмаққа бекінген. Сойтіп, жаңағы Бесбесбай аңдаған Көкен бауырындағы Тұщықөлдің басына Көкеннің осы атыраптағы талай елдері көшіп келген. Олар кәсібін тастап кеп отыр.

Бірақ көктем кезі ең су жетерлік болғандықтан, осы өлкеге мал жайып қайту, егін шаруасына қолайлы болмаса да, мал баласына жаман емес еді. Өзара бас біріктіріп, жуан елдің зорлығына, қорлығына қарсы бірігіп әрекет жасаймыз деген Көкеннің елі қазір бар жылқысын қосып бағатын.

Анық дерек болмаса да: “Тобықты барымташы аттанырғалы жатыр. Көкен елін шаппақ!” – деген сөздерді Серке алдымен естіген. Сонымен, ол соңғы бір жұманың ішінде осы тұстағы Көкен елінің ортасына өзі келген.

Көп бөлек ауылдарды дәл көл басына өзі жидырып, қондырған. Және талай жігерлі, қажырлы, қайратты адамдарды ертелі-кеш өзі қайрап, өзірлеп жүрген. “Тобықты кол жұмсаса, сен де қайрат етер қауқарың бар жүртсың. Қай қастығына болса да алысып қарсы түр. Жалынған бас қорғау емес, жағаласқан бас қорғау! Олар зорлық етпек қой. Бірақ шабуыл заманы, құбақалмақ заманы өткен. Соны андамай дарақылық етсе, қай Тобықты болса да сыбағасын алады. Зорлықшы зорлықтан қаза табады. Жол

мен жөнге жығып, кейін алдыңа байлап беруді мен өзім міндетіме аламын. Ал, бірақ, бүгін олар қара құшке салып, қол қайратын етер болса, сенің де қолың қайратсыз емес, менің елім! Сенің қолың олардай селтиген қу ағаш сойылды ғана көтеріп көрген жоқ, сен балтаны да, балға, төсті де көтеріп ұра білетінсің. Сенің қолың қара жердің сауырын қара соқамен де айырып үйренген сүйелді қол. Олар шоқпар жұмысаса, сен жетегіңмен-ақ ұрып көрші! Өлмеген Тобықтыны мен көрермін!” – деп, осы Тұщыкөл басындағы елдің кәрі-жасының бәріне өзінің жігерлі сөзін көп таратып, жеткізе айтып болған-ды. Бүгіндер көл басындағы қалың елдің қару ұстаяға жарайтын ер-азаматы қара бақан, жетектерін болса да өзгеше бір жігермен, ызамен білемдеп ұстап отырған тәрізді.

Бесбесбайдың тобы жылқыға тиерменге тақап келген шақта, сол жылқының шетінде атусті төбелесте де бұрыннан атағы шығып жүрген бес-алты мықты жігіт қастарына жиырма шақты жас азаматты ертіп алып, қалың жылқыны қамсыз қалмай, үйқысыз бағып жүрген шақ еді.

Тұщыкөлдегі елдің қазіргі сәтте ат мініп, қару ұстаган, жылқы маңында жүрген қарулы азаматының да ер, жауынгер аталған жоян жігіттері болатын. Қандардың өзінен шықкан, жасы қырық шамасындағы Бостан, Балта-Орақ елінен келген Қонай және басқа жақын қоныс, қалың шоғыр ауылдардан екшеліп шықкан, мықты атанған: Еңсебай, Марқа, Құлжатай сияқты өз орталарына аңыз болған ерліктері бар азаматтар мәлім еді.

Бұлардың қайсысы болса да Тобықтының барымтاشыларындаң ұрыдан шықкан емес. Сондай ұрыларға мал бермейміз деп, қажыр-қайрат көрсететін жылқышы, бақташыдан шықкан, диханшы, пішенишіден шықкан азматтар. Өмірлерінің көбін еңбек сонында өткізіп, жаз шағында, жауторуылы көбейетін кездерде қосылып жайылатын жылқыға сақшы боп жүретін.

Жау түсіргіш ер жылқышы, атпал азamat, атусті бағлан боп мадакталады. Өздері жау болып, жат біреудің ма-лына тиіп көрген емес. Бірақ өздерінің елін, ауылдарын

әр кезде торитын көбінше Тобықтының ұрыларына қалай қарсы әрекет етуді жақсы білетін. Жаумен андысуға, мал амандауға, сол жаулардың барлық айла-амалын андал, қарсы қайрат көрсетуге тәсіл алған жігіттер.

Жаңағы бес-алты ер-азаматтың жас жылқышылармен қосылып, бүгін іңірде жылқы шетіне келгенде өзара сөйлесіп, байласқан жайлары бар. Бір бүгін емес, соңғы төрт-бес күннен бері Тұщықөл елі ұдайымен күндіз-түн Тобықты шабуылын тосуда. Бүгін болса, соңғы кездегі дағдылары бойынша, осы түнді қалай сақтық жасап, аман өткізу жөнінде ақыл қосысты. Бұл топтың да Бесбесбайдай өзге көпшілігі аузына қарайтын бір балғын азаматы бар. Ол – Бостан.

Мойын жотасы тұтасып біткен, жар қабақты, көселеу, кесек мұрынды, шүңірек көзді Бостан өте ер бітімді. Қара күшке атан түйедей. Эрі балуан, әрі соғысқа берік жауынгер жігіт. Тегі, Бостанның қолынан талай Тобықтының жаман ұрысы басы жарылып, қолы сынып, әлденеше рет құғын жеп, қолға түскен кездер болған-ды.

Ұзын сары келген бойында артық “қырым ет жоқ” дейтіндей, сүйекті, сінірлі Қонай да кең жауырынды. Қаранғы кештерде алпамсадай бойымен биік баран аттың үстінде ол түйе мінген кісідегі көрінетін. Жер қылаң құлаға мінген, түйе жүн шекпен киіп, төсін жалаңаштап ашып алған, қаба қара сақалды, төртбақ Құлжатай да бүгін бөлек. Сегіз қырлап жонған сырлы қайын шоқпарын ерінің алдына көлденең салып, Марқа, Құлжатай, Еңсебайдай құрдастарын екі жағына алып келіп, Бостанға ақыл салып тұр.

Бостан дәл бүгінгі күнді сезікті көреді. Семейтау жақтан қатаң соғып түрған түн желін жауға жайлы деп, өздеріне қырын жел деп санады.

– Егер жау Қекенге күндіз бекініп отырып, түнде жылқының батысқа қарай шыққанын бақылат алып, бет қойса, қазір біздің ық жағымыздан келеді. Біздің де, жылқының да бар сарын, дабырымызды ол естиді де, біз оның бір тықырын білмей қаламыз. Екі түрлі іс істейік, жігіттер!

Мен ауылдағы ақсақалдарға айтып кеткем. “Жылқыны көз байланғанша батысқа, Семейтау жаққа беттетемін де, қас қарайған соң тез ғана ылдига қарай, Темірқазық жаққа, ауылдардың ығына қарап төңкеріп жіберем”, – дегем. Қазір мына жиырма жігіт жылқыны желдіріп отырып, тез ауна-тып жіберіндерші! Ал қалған алтау-жетеуіміз сол жылқының бетіне қарай, “осы түнде жүреді-ау” деген жаудың жолын кесуге тырысайық! – деген.

– Осының акыл-ақ!

– Құп болады! – деп, Құлжатай мен Марқа қостағанда, Қонай тағы бір жайды ескертті.

– Ауылдың бәрі бүгін отын ерте өшірсін! Жатып қалған боп жым-жырт бола қалсын деп ек. Тіпті күзетшінің айтадын азайтындар дескеміз. Тек әр белдеуде бір сәйгүлік, бір жетек әзір тұрсын дескен едік қой. Ауылды тыңдаңдаршы! Қалың ел болғанмен сол дегеннен шығыпты. Әнеки, үрген иттен басқа тырс еткен дыбыс жоқ, жылт еткен от жоқ! – деді.

Бостан мақұлдай қостап:

– Үндеме, не қыласың, біз ғана емес, өлкенің елі болып, “әй, бәлем-ай” деп мығым отыр. Тынып отыр. Енде-ше, келіндер, жаңағыны бастайық! – деді.

Бұлардың әмірімен жиырма жігіт жылқының қалың шоғырын топтап қайырып алып, ауылдың ық жағына қарай тасырлата, желе-шоқыта құып ап кетті.

Ал Бостан мен Қонай екеуі бір бөлініп, Еңсебай, Құлжатай, Марқа үшеуі бір екшеліп, жаңағы аталған “Батыра шалғынға” Көкен мен Семейтау аралығын мегзей, желе-жорта жөнелісті. Соңғы үшеуі аз-ақ уақыттың ішінде өздерінен қыис өтіп, Семейтау жаққа, жел жаққа жосытып айналып өтіп бара жатқан үшін-қыры жоқ қалың аттылар тобын көрді.

Құлжатай ер болса да, мынадай қалың нөпірді көргенде, алғашқы сәтте жүрегі “дір” етіп, ат басын ірке қалды.

– Тоқта! – деп, екі жағындағы жолдастарын тізгіндерін тартып, ат жалына жабыса қойды.

– Астапыралда, мынау барымтاشы емес, анық шабуыл ғой! Саны жоқ, шегі жоқ! Мынаның бәрі адам болса, күрыды ғой бүтін Уақ! – деп қалып еді.

Күндізден бергі жұрт ашуы мен жігері Құлжатаймен бірге Еңсебайды да қатты ширатып, ызамен түйілдіріп жүрген. Оның сөзі аз болатын. Бірақ анда-санда: “Бәлем Тобықтының қанқұйлысы, тек көзге көрініп кел!” – деп жүреді. Қазір Құлжатайдың қорқып, үріккен сөз айтқанына Еңсебайдың жыны кеп кетті.

– Өй, күйек сақал аузынды... Не оттап тұрсың! Жау деген осы! Қорқытып келмей, құшағын жайып, қуантып келеді деп пе ең! Не шатып үркіп тұрсың! Жұр, бүйірінен көрінеміз де, әдейі көрініс беріп, құғынды артымызға саламыз! Менің атым шабдар, сенің атың құла, екеуі де жер қылан. Көрінбейсіз, тарт! Марқа, сен астындағы ак бозынмен қазір жарқ беріп, ауылға қарай шап. Біздің даусымызды бақ! Бізден үн шыққанда сен де ауылға қарай “аттанға” басып, елге хабар бере бер. Біз жазым болсак, тіл кетсін! – деп, енді тымағының бауын тістеп алды да, “қозғал!” деп, қамшы ұстаған қолымен Құлжатайды бүйірден қойып қалды.

Анау әлі де бойын баяулап жиып: “Мақұл, бірақ сәл тоқташы, андайықшы, арты бар ма, жоқ па? Тым құрса артынан тиейікші!” – деген еді.

Еңсебай енді бұның аты мен өзін қоса ұзын қамшысымен орай тартып жіберді. “Былжырамай жұр!” – деп, көлдеңең жауды андамай, қатты жортып бара жатқан шұбырған жауға қарай екпіндеп шапты. Енді Құлжатай да есін әбден жиып алған еді. Еңсебайдан қалу қорлық екенін андай бере-ақ, ол да астындағы аққұласына қамшыны басып-басып жіберіп, басы қырлы шоқпарын қурайдай жеп-женіл етіп, тақымынан жұлдып алып, Еңсебайдың алдына кеп түсті. Екеуі ағындаған бойында әлі өтіп, арылып болмаған ұзақ шұбырған лек-лек жаудың орта тұсынан, дәл бүйірден сұғыла беріп: “Ұрып таста！”, “Ұрып таста！” – деп қатты айбар атты. Сөйте бере-ақ, аттарының басын шапқан күйде ойыстырып, айнала берісті.

Бұларды арқан бойында жерден анық аңдаған өз қолдарының орта тұсында келе жатқан Құлайғыр болатын. Ол ақырып: “Тұс!”, “Тұс!”, “Жіберме мынаны, бас!” – деп, езінің қолын артынан ерте, бастырып кеп жөнелді.

“Алдарында тағы да тосқауылдаған жау көп шығар!” – деген Құлайғыр мен оның соңындағы он шакты құғыншының ойы бар еді. Олай болмады. Жанағы өздері үн салып, көрініс беріп, қаша жөнелгендегі екі атты бұлардың көз алдында сағымдай құбылып, бозғыл көденің ішінде жоқ болды да кетті.

Алғашқы сәт осылай еді. Құлайғыр енді өз тобын дауыс шығартпай, қайтадан алдыңғы ағындағап бара жатқан жылқыға қоспақшы еді. Осы кезде арттарына түскен жосылған топтың құғының анық аңдаған Еңсебай мен Құлжатай “е” десіп алды. Бұлар бұрын Бостанмен келіскең сезінде ауылды, елді босқа үркітпек емес. Анық бадырайған жауға бетпе-бет келісіп, көрісіп алған соң ғана атой салу керек дейтүғын. Енді бұлар шалғыншының ісін анық дәл күйінде ада қылды. Жауды тапты, құғынды арттарына салды. Қазіргі бұлардың мақсаты өздері төбелес салу емес, бірақ жауды шұбыртып, жылқышы мен ел құлағына естіртпекші. Осы жайлар екеуінің бірдей көкірегінде сайрап келе жатқан Еңсебай мен Құлжатай енді қатарынан бұл түннің бірінші, ең алғашқы сұық сүренін салып қоя берді. Бірнеше күннен бері үш-төрт жасар баладан бастап, көрілігі әбден жеткен, алжып можа болған тоқсандағы шал-кемпірге шейін: “Жау келеді!”, “Жылқыға тиеді!”, “Ұры келеді, барымта алады!”, “Төбелес болады!”, “Қан төгіледі!” – деген сияқты сұық хабарлар мен дақпырттарды әр дастарқан басында, әр ошақтың қасында, жатарда жыртық көрпе астында, мал шетінде, көген басында үзбестен сөз етісетін.

Бұрынғы момын тіршіліктерінде тыныштыққа үренип өсken, пәлені сүймейтін жуас елдің әрбір үйінің іші соңғы күндерді қарғап-сілегендей болатын. Міне, сондай көп үйлі, көп ауылдардың Тұщықөл айналасына қоршай қонған топтарының барлығына Құлжатай мен Еңсебай ауыздарынан жана, қара тұнді қақ жара, үркіте шыққан сүмдық айғай

жеткен. Ол бір-ақ сөз – жалғыз-ақ өрттен де, дауылдан да, шатырлаған наизағай, күркіреген күннен де бетер ең бір сұық сөздер.

– “Аттан!”, “Аттан!”

Үәде бойынша Құлжатай мен Еңсебайдың үні шыға сала, ауылға жете бере сұық хабарды жедел білдіру үшін Марқа да сүрен салмақ керек. Арттағы Құлжатайлардың алғашқы “аттаның” енді қалың ауыл үстіне қарай құйықтыра шауып, тақап қалған Марқа үдете жеткізді.

Ауылдардың бәрі от жақпағанмен, үйқысыз ояу екен. Көп-көп үйлердің жанында айран-шалабын асықпай ішіп, белдеудегі аттарының қасында екіден-үштен әңгімелесіп отырған ер-азамат әзір еді. Үркусіз, әбігерсіз бәрі де белгілі жерлерде тұрған қамшы, сойылдарын алыш, айбалта, наизаларын, кейбірі шоқпарларын көтеріп алышып, аттарына қона-қона берісті.

Күндер бойына құлақтарына жігер, қайрат сөздері әбден сіңген азамат санда бірі болмаса, жаңағы “аттаннан” да шошыныш, сасқалақтап үріккен жоқ. Бұлар өздерінің жазықсыз әділдігіне сенеді. Және қалың ел жалғыз ниетке ала көнілсіз жұмылып отыр. Ол буыныш, түйініп алған, кім келсе де женілеміз, аз боламыз деп отырған жоқ.

Бірақ осы күйді ат-сойылын қамдаған ер-азаматтан көргенмен, үйдегі кәрілер мен жас бала, жетпеген іні-баяуыр, көвшілік жұртты жаңағы “аттандар” өрттен бетер шошытты. Жылағаны, дабыстап жалбарынғаны, әруақ, құдайға сиынғаны, аттаныш шауып кетіп жатқан бала, бауыры, байлары туралы безек қағып, үркे шулаған үндер де аса мол.

Әр ауылдың тұс-тұсынан андыздалап немесе қалың шошыр бол “қайда-қайдалап!” шауып жөнеліп жатқан еркектерге ауылда қалған бала-шаганың шулары бөгет болған жоқ. Қайта солардың тыныштығын бұзып, жастарын төктірген, жүректерін түршіктірген жат дүшпанға ызалы өшігу де үдей түседі.

Ап-азғантай уақыт өткенде Марқа қояндай ақ боз бедеумен көл бойындағы жиырма-отыз ауылды үркіте ха-

барлап өтті. Даусы да зор, тамағы да берік екен. Тынбастан “аттан!” салумен болды.

Алғашқы ауылдан шыққан қалың шу мен айғай-ду әбі-гері аунап жөнкіліп, бір ауылдан бір ауылға лезде ауысып жатты.

Жаулар жылқыға жеткенше, Тұщықөл айналасындағы бар ауылдардың шуы бүл түннің айсызы, жұлдызсыз бұлыңғыр қара барқын аспанына қаулай жеткен.

Жау тобының алдындағы Бесбесбай, Дубай, Күсен, Саптаяқ төртеуі қалың шоғыр құйындай қара селді бастап кеп жылқыға жеткен еді. Жылқының шетіне бұлар іліне бергенде-ақ, алдарынан дәл өздерінше тізе қосып сайланған қалың шоғыр, қайсар топ “қайт-қайттап!” айқаса кетті. Бұл қатарда алғаш сойыл сілтеген Бостан, оған ілес Марқа, Еңсебай болатын.

Үш жігіт тізе қосып айқасқан шағында жүректері лоблыған жоқ. Артындағы қалың шоғыры да жауға қарсы, Бостандарға қатарласа аттан салып араласа берді. Сатыр-сүтір қағысқан қара шоқпар, ақ сойыл, емен қара найзаптарға үн береді.

Бостанға қарама-қарсы Бесбесбай өзі тап келген еді. Бір-бір рет сойыл қағысып жібергенде, Бесбесбайдың екі қолы зырқырап кетті. Қатты тиген зіл шоқпардың мықты аужайын түйіп қалды. Ішінен “мынау қол туралап ұра қалса, жазым етер” деп тез ойлай қап, шапшаңдығына салды. Жырынды жортуылшы сойылды қайта кетеріскенде Бостанды қолының қарынан ұрып жіберді. Осыдан көпке шеін Бостанның қолы салдырап қалды. Ұрганына өзі де мәз бола алмады. Бірақ бет алдынан тайқи берген Бесбесбайдың қарақұс тұсынан сол қолының күшімен сырт айнала ұрып қалғанда, Бесбесбайдың басынан қан бұрқ еткен еді. Басы мең-зен боп қалған Бесбесбай ендігі бірер сөт айналыста Есентай айтқан жолға ауысты. Сонына түскен құғыншылардың аттарын ұдайы шекеден ұрып құлата берді.

Дубай, Күсен, Саптаяқтар болса, Марқа, Еңсебай топтарымен мейлінше мылжаласа соғысқан еді. Бірталай ұрыс

бір орында екі жақтың да бет бүрмай салысқан қалпында өтті. Бұл шақта екі топтың мықты жауынгерлерінің қолымен талай бастар жарылып, бірнеше жаулар түсірлді. Ойнақшып, шапқылап бірталай аттар да кете барды.

Аздан соң ұйып, салдырап қалған қолының жаны қайтада кіргенде Бостан: “Ұрып таста!”, “Қапта!” деп құшырланды. Құйықтыра жүріп қатты соғыс ашты. Бір әредіктегі белбеуімен басын қыса тартып байлап алған Бесбесбай да соғысқа қатты ашынып кеп, ызалана кіріскен еді. Алғашкы бетінде ол ұдайымен екі жылқышыны екі-ақ салып, бірі артынан бірін омақата түсірді. Әуелгі қатты, қанды айқас шынайы “жаннан кешкен” намыскер кызу қайрат қақтысы болды.

Осымен ұлы дүбір, ұздіксіз пөле жаулығы түн бойы тынбастан созылды. Өшіккен, сайланып кезіккен қалың жаулар екі жақтың да жігер-қымылын тасқындастып кеп шайқастырды. Сондықтан да төбелес түн бойы созылып, таң ағарып атқанша тынбады. Ең соны құн шығып, тіпті найза бойы көтерілгенге шейін аяқтамады.

Тобықты қолын бастаған Бесбесбай қандай сырқынды болса, соған орай бүгінгі Бостанның айласы да таныған жүртқа тамаша есте қаларлық есеп көрсетті. Оның, әсіресе, бар жылқыны шашыратпай, қалың нөпірін бір араға қосып бақтырып жүргені ақыл болды. Егер жеке бақса, отыз шақты ауылдың ап-азғана бөлек-бөлек шоғыр жылқылары тырым-тырақай жайылар еді де, солардың қайсысына кеп соқтықса да, жаудың алдынан шығар, басы бір жерге құрылған көп бақташы сойыл соғар болмас еді. Мал қандай шашырап жатса, азамат күші де топтана алмай, шашырап, тозып жатар еді.

Онан соң әсіресе бүтін кешкеп жылқыны көз байланғанша құнбатысқа, Семейтау жаққа беттетіп барып, кейін отыз ауылдың ық жағына тез төңкеріп жібергені, әсіресе мығым ақыл болды.

Батыра шалғын жасаушы үш жолдасы жаудың қолы әлі жылқыға араласпай түрған кезде, ояу отырған қалың елді жаудың тұс-тұсынан қаптатып қоя берді. Сонымен,

Тобықтының жұз сәйгүлік мінген, жұз жауынгер мықты жігіттері “алмай қоймаймыз” деген жылқының қарасын да көре алмады. Олар жылқыға жеткенше жол бойы бүйірден шауып, ұран-сүрендеп, “Қапта!”, “Қапта!”, “Тұс-тұс!”, “Аттан, аттан!”, “Жой-жой!” – деген өшіккен үндер ағылды. Енді жылқыны қойып, осы құғыншымен төбелес салып құтылуудың өзі мүң бола бастады.

Қатар шауып келе жатқан Бесбесбай мен Саптаяқ әлі де өздері алда отырып: “Құғыншыны жайрату керек те, жылқыға араласып көру серт болсын!” – дескен. Сонымен, олар төбелесе отырып, өуелі көбінше жылқыға қарай ұмтылумен болып еді. Бірақ бұлар өлшеп-мөлшерлемепті. Ауылдан шапқан аттылар саны аса мол болып, енді жылқыға қарай өткен жаудың алдын да қоршап, жылқының тұсынан да қамай қарсы алды. Артын да қаусырмалап, өкшелей қуып, тықсыра берді.

Осымен бүйірден, алдан, арттан жер-көкті “аттандаган” айғайға толтырып қамаған қол Тобықты жауларының санына қарамай, ығын кетіруге айналды. Жылқы былай тұрсын, бас амандал құтылу оңай емес. Осыны жарты сағаттай төбелес соңында Бесбесбай мен Саптаяқ, Дубай үшеуі бір сәтте тізе қоса беріп, андасып алды. “Бас амандал, қайта серпіл!”, “Жау қолында кісі қалдырма!”, “Айырылмас-айырылмас!” деген сүренін салып, қаша ұрысу-даң қамына кіріsti.

Алдағы бұл үшеуі бұрыла шапқанда, арттағы бар Тобықты жайды аңғарды. Тезінен жалт-жалт бұрылып, қайта айнала берісті. Бұл кездердегі төбелесте Тобықтыдан біреу емес, бес-алты да емес, оншақты кісі аттан ұшқан болатын. Соның орайына Жарқымбай, Бесбесбай, Саптаяқ, Дубай, Құлайғыр мен Күсен де Уақтың онға жуық аттыларын бас жарып, талдырып, мертіктіріп құлатқан-ды. Енді Тобықты қолы қайта серпілгенде, бұрынғы бетте құлап қалған жаяу Тобықтының біразы “айырылмасстан” келе жатқан аттылардың өз кісілері екенін андап, жаяу күйде алдарынан жүгіріп: “Ала кет!”, “Ала кет!” – деп орала берді. Аттан құлап тұссе де, енді естерін жилюға жараған әлі

барлары қолға түсіп қалғысы келмей, жан ұшырып, өз кіслеріне қарай жүгіріскен еken. Осындаидың төрт-бес жаяуын қайта қашқан Тобықтылар арттарына мінгестіріп, іліп-іліп алыш кетісті.

Таңға жақындағанда Тобықты анықтап бет түзеп алыш, көл бойындағы елден жалғыз тайды да ала алмай, тырымтырақай қашқан болатын. Қаша ұрыс салысып барады. Бұларды Қандар сайына шейін, тіпті осы сайдың басындағы Көкеннің кең кезеңіне шейін қуып, қирата соғысып, Тұщыкөлдің елі айдап тастады. Күн әбден наиза бойы көтеріліп болғанда қуғын тоқтап қалды да, аман қалған жаулар Көкеннен асып, енді ғана ес жиып, бас құрауға айналды.

Топ қатты сиреп, азайш қалған. Ұзын санын санағанда он ұш кісі тұтқынға түсіпті. Жиырмадан аса ат қалыпты. Мінгескен-ұштасқандар анық қашқылық-куғылық көрген, сүргін жеген, есі қашқан қүйде еken. Аман қалып, қазір ат үстінде басы қалқып тұрғандардың өзінің де көресіні көрмегені жоқ.

Бесбесбайдың басында тымақ жоқ. Торсықтай шекесін белбеуімен таңып апты. Бірақ тұра маңдайынан айғыздап аққан қан мұрнының екі жағынан сорғыта қатып қапты. Сақалы, мойнына шейін әлі тоқтамаған жаңа қаны агады. Бір иығы шыққан ба, қолын белдігіне асып алған Салтаяқ та қамшысын кеудесіне тіреп, ат үстінде құлап кетермен боп теңселе түсіп, зорға тұр. Беті қан болған, тізесінен қан аққан, тісі сынған Дубай, Жарқымбай, Құлайғыр да алжа-алжа. Бірақ жырынды, көп шабылған бес-алты барымташы қандай пәлеге ұрынса да, өздері қолға түспей құтылып шығыпты. Бастап апарып арандатқан топтарынан жау қолында қалған он ұш кісі Тобықтының әр жуаны әкең қосқан: жылқышы, сауыншы, түйеші, малшы, қосшы еken. Олар алдарында не пәле, қаза көрері белгісіз. Тобықты содырларының бастаған пәлесі қазір бар салмағымен тұтқын болып, “жау” атанып, Тұщыкөл елінің қолына түсіп қалған сол сорлы топтың басында.

Осылай Оразбайдың қысырының қымызына желіктір-ген қолы ит қорлықты көріп, қан жоса боп қаңғып қайтты. Оразбайлар болса, әулілігіп бастаған, батырсып, жуансыған дарақылығын енді бар елге паш қылыш ап, масқара болған қүйде мазақ болып қалып отыр. Құтыра сөйлеген сөзінде, бар құдірет өз қолында тұрғандай бақырып еді. Енді жеңілген, жентек жеген ол жіберген қолы ғана емес. Ең әуелі әлін білмей әлекте қалып, мазакта болып отырған Оразбай, Жиренше, Абрали, Тәкежандар сияқты тынымсыз бұліктердің өздері болды.

2

Тобықтының Бұғылы болысы дейтін елдің ортасында соңғы он күннен бері қалың бір жынын өтіп жатыр. Бұл жынын орнаған жер Бұғылы болысындағы Қарамырза, Тасболат және Есболат дейтін қалың елдердің өте жиі отыратын төр жайлauуы. Айналасы көз ұшымға шырқап кетіп жатқан мол сулы, қалың шалғынды, кен жазық бар. Соның тап ортасында орнаған Үлкен Кексенгір деп аталатын биік бар-ды. Айналасы төсектей жазық болғандықтан, Кексенгір аса биік жалғыз тау боп, одағайлас тұрады. Жан-жақтың қай тарапынан қараса да, атшаптырым алыстан дүңкішіп, тұтасып, қыр арқасымен созыла көрінетін жалғыз тау “мен мұндалап” тұрғандай. Алыстан қарағанда мол даланың мұнары ішінде оқшауланып тұрған бір тұтас жалғыз биік тотияйындаі көкпенбек боп көрінетін шақтар бар. Шыңғыстың сыртында талай биік таулар болса да, солардың ішінде Бұғылы, Машан немесе Ақшатау, Тезектің Қарашоқысы тәрізді таулар дәл үлкен Кексенгірдей көз тартып, ерекше көкшілденіп, оқшауланып тұрмайды. Олардың бәрінің де айнала қоршау таулары, адырлары көп те, жеке биігі соларға жалғасып жатқандықтан, ұлкендігі де онша білінбейді. Көкшіл ірекі де өзгеше боп көз тартпайды.

Кексенгірдің етегінде теріскей жағын ала қонған ел өзгеше мол. Бұл таудан ағатын бұлақ, бастаулар мол сулы болғандықтан, ылдилап бара түскенде өзенсұмақ боп кетеді.

Аққан бұлақтары шалғынды, сазды, салқын төспен ағады. Жазғы елдің малына ауызсу, қонысына мол шалғын, жайлыш жон, самал тау осы жайлау болады. Сондықтан да қазір, жаздың орта шенінде осы төр жайлауда отырған ел, сол жайлау елінің айтуынша, “жыртылып айрылады”.

Онсыз да жайлау адамдарының қызырысы, атусті жүрісі, ерсілі-қарсылы араласы көп болудың үстіне, қазіргі күндерде Көкセンгірдің бауырында өзгеше оқшашу жиын жүріп жатыр. Бұл жайлау елі үйренген мерзімді сайлау емес, сияз да, шербешнай да емес, сирек болатын ас та емес. Анығында исі қазақ даласы аты-жөнін биыл алғаш естіген төтенше бір жиын, әрекет бар. Оның атын қазақ елі өзінше атап, “санак” депті.

Көкセンгірдегі қалың елдің, мол ауылдардың дәл орта тұсына тігілген қырық-елу үйдің бейне бір жәрменкедей қыруар жиыны көрінеді. Бұл қырық шакты үйдің тап орта тұстарында, үш жерде үлкен-үлкен ақ үйлер, кестелі отаулар төрт-төрттен тығыз тиісіп, қызық түрде қосылып тігіліпти. Тап ортада сегіз қанат үйдің кеудесі биік, кесек күмбездей көтерілген. Осы ортадағы үлкен үйге төрт жағынан есіктерін сұғындырып, алты-алты қанаттан төрт үй қосылыса орнапты.

Сырт қараған жүртқа да, ішіне кіргенге де сол үйлер өзгеше оюдай жаразтық танытады. Іште алаша, кілем, тұскиіздер мен көп түсті шымылдықтар тартылған. Бұл үйлердің осынша жасауланып, жабдықталған қалпын көргенде жайлау қазағының өзі де таңдай қағып, тамаша қылышатын. Қазақтың киіз үйлерінен өзгеше ойда жоқ қызық жай жасалыпты. Бұны дағдылы крестьян начальнигі мен ояздарға тігетін үйлерден мұлде басқаша етіп, ынта салып, тырысып тіккен бейілдер байқалады. Анығында қалың елдің қан жайлауының ортасына орнаған “санак” төрелептінен бұл жолы басқаша бір бейіл берген осы жайлау байларының ынтымағы бар-ды. Сол байлардың ішінде бұл атырапқа үш мың ақ-көк жылқысымен данқы шыққан, өзі құдіретті жуан, бүлік, атқамінер Оразбай бар. Ол өзін төрт жүз үй Есболаттың, өзінше бір шұрайлы қалың елдің “қайт-

пасымын” деп санайды. Жаңағы “санақшыларға” тігілген көп үйлердің ортасындағы орда тәрізді оқшау үйді осылай етіп тіккізіп отырған да Оразбай. Әсіресе, әкесін осы тұста өз ақылымен жүргізіп келе жатқан оның болыс баласы – Елеу. Бұлардың дәл осы жолы ерекше бейіл берген бір үлкен төресі бар. Ол – жаңағы өзгеше үйлер тобына өзінің атқосшы жігітімен, сақшы стражнігімен және қасындағы хатшысы орыс жігітімен келіп түскен қазақ чиновнигі.

Қазір жиырма шақты үйлерге осы “санақшы” үлкен төренің көмекші қызметкерлері жайғасқан. “Санақ” жүргізуі әралуан чиновниктер, жас жігіт, егде әйелдер орналасқан. “Санақты” өздері жүргізетін бұл топ чиновниктер регистратор деп аталады. Орыс адамдарымен қатар сол регистраторлардың жарымына жуығы қазақ оқығандары. Және бұлардан тыс жиырмаға жуық тілмаштар “санақ” жұмысын қазақ ортасында жүргізудегі жәрдемшілер. Алдыңғы аталған регистратор чиновниктердің тобындағы қазақтар көбінше отыз бен қызық арасындағы төрешіктерге ұқсайды. Ал жаңағы, соңғы тілмаш боп қызмет етушілер өңшең балдырған жастар. Бұлар он жеті-жиырма жастар айналасындағы қазақ оқушылары тәрізді.

Жазғы екі-үш ай демалыс кезінде осы “санақпен” қазақ ортасына жалданып шығып, қысқы оқуларына азын-аулақ талшық, тамақ, тиын-тебен тауып қайтуға шыққандар. Олар үшін қазіргідей жақсы жайлайға орналасып алғып, дағдылы жеңіл тілмаштық ісін атқару күндері әрі оңай тірлік, әрі көнілді бір қызық шак. Жұмыстан қолдары босай салысымен, тұс ауа олар атқа мініп, жарыс салады. Маңайдағы ауылдарды түн ішінде мазалап, қыз-келіншек аңдысады. Кейде өздерінен үлкен бірен-саран қазақ чиновниктерін көндіріп алғып, Көксенгірдің жотасына кетіседі. Жүйрік тазыларды таптырып алысып, қоян қуады. Бұл тілмаштар және әлденеше қазақ чиновниктері-регистраторлар өздеріне маңайласқан қазақ атаулының бәріне осы “санақты” жүргізіп жатқан өздерінің үлкен төресін – қазақ жігітін көп мақтасады. Сол қамау, қоршаудың аузынан

шықкан қошемет сөздер қазақ төресін Оразбай мен оның баласы Елеу болысқа өзгеше үлкейтіп, дабырайтып мәлімдеген. Ал өзгелерден Тобықты ішінде бұрын келіп, Көксенгірдің бауырына Тобықтының төрт болысын шақырып алған Семейдің осы болыстарға білікті тілмаштары болатын. Сол қатарда округ сотының тілмашы Сарманов, банк тілмашы, түбі осы Тобықты елінің қазағы Данияр да бар.

Тобықтының бүгіндегі біркелкі жастарынан шықкан болыстары Жанатай, Елеу, Өзімбай және Қоныркөкшенің жас болысы Сәмен еді. Бұлардың бәрі де жаңағы Семейдің тілмаш, төрелерімен жақсы таныс. Осы төрелер Көксенгірге келе бере Оразбай аулында жатып, құлын-тай сойғышып, тырандал ырза болысып, тынығып алады. Содан дәл осы бүгін орнап отырған Ортабұлақтың басына төрт болыс Тобықтыдан қырық-елу үйлер, жаңа отаулар жиғызыады. Ортадағы өзгеше үйді төрт болыспен, Оразбаймен әдейілеп ақылдасып отырып, солайша, өзгеше етіп тіктіреді.

Бұлар бір жағы ұлықта жағынғыш құл мінездері бойынша және бір жағы қазақтан шықкан ұлықты қазақ еліне ерекше қастерлетіп, қампайтып, үлкейте көрсетуге қызығады, ынтыға түседі. Екі-үш тілмаш Оразбай үйінде “санак” жайын, мәні-жөнін көп айтқан.

Бұл “санак” Тобықтының басқа жерлеріне, өзге болыстарына ауыса көшіп бармайды. Осы жердегі үй, сойыс, бап түгел өзірленіп болған соң бір-ақ көшіп келетін көп төрелер бар. Бұл бір үлкен отряд немесе қаладағы дөкей бір кеңсе десе де болады. Соның орыс, қазақтының бар үлкен-кіші төрелерінің осы жолғы ең үлкен бастығы – қазақ жігіті.

Оразбай үйіне алдын ала келіп сөйлесуші таныс чиновниктер, әсіресе, сол әлгі аталған қазақ төресін қатты көтеріп сөйлейді. Айтуынша, ол Петербургте оку бітірген. Бұл жүрген қазақ баласының бәрінен білімді. Өзі орыстың Петербург, Москвадағы өншең аксүйек, князь, дворяндарының жастарымен бірге араласып өскен. Орыстың

анық ақ патшаға жуық ортасын біледі. “Сонау сегіз санат министрлерге тақау жерлерде де болған!”, “Мынау корпұснайларыныңдан үлкен жандаралдың інілері, балалары осының қасында өскен!”, “Орыстың талай миллионшік байларының жас буындарын да ол біледі!” – десіп сөйлескен.

Ал “қазақ баласы бола тұрып бұл қалайша, не қасиетпен сондай биік қияға жеткен?” – деп сұраған Оразбайға жаңағы тілмаш, төрелер тағы бір жайды баян етті. Бұнысы Оразбайдың көкейіне әбден қонған еді. Қошеметші чиновниктердің ендігі айтқандары Елеу, Сәмен, Әзімбайдай болыстардың да көкейіне қона қалды. Төренің жаңағыдай топтарға тез араласып жүргені өзі тек түкым емес екен. Орта жұз қазағын бір заманда “бұл еткізбей” билеген Жабай ханның немересі екен. Және Оразбай мен Елеуге, Сәмен мен Жаңатайға жақын бір жері тағы бар. Бұл төренің әкесімен туысқан ағалары Құспек, Жамантайлар болады екен. Олар Қарқаралы дуанына көп жылдар кезек-кезек аға сұлтан болыпты. Анау бір шақта Құнанбайды орнынан құлатып, аға сұлтандығын тартып алған да солар екен. Құнанбайды Омбыға жауапқа, тергеуге тартқызыған, сонау “Итжеккенге”, “Жерсібірге” айдатып жібере жаздаған да солар болпты.

Осы жайларды мынау келе жатқан төре өз көзімен көргендей, дәл алақанында түрғандай ай, күндеріне дейін атап айтып бере алады деседі. Төрені мақтаған кездерде өуелде үнсіз тыңдаған Оразбай осы тұстан бастап сол ұлыққа іші жылыған. Оның ең түсінікті себебі өзінің бәсекесінен туады. Абайдың өз бағы мен абыроиды Оразбайдан асып тұр деп Оразбай өсте ойламайды. Абаймен бәсекесі жөнінде ол Абайдың бір жағы тәуір болса, бұл өзінің көп жағымен одан артықпын деп санайды. “Байлығым ғана артық емес, қайратым артық!”, “Ел ішіндегі салмағым басым” деп біледі. Жалғыз-ақ бұның таласа алмайтын бір жағы бар, ол Абайдың әкесі Құнанбай жөнінде. Оразбайдың әкесі Аққұлы тек қана қара қазақ болған, тіпті бай да болған емес.

Тегінде, бір жағынан үрлік, “білсе барымта, білмесе сырымта” дегенге сүйей жүріп, жас шағында тынымсыз жортқан Оразбай осы күнгі көп малын өзі тапқан. Ал бұның жауы Абайды алса, ол анық-ак аталы жау. Бір Құнанбайдың өзі бай болудың үстіне, аға сұлтан да болды. “Қарадан шықкан хан” аталды. Қандай асып-тасты! Жақындал ұғынып, білуі бойынша мына келе жатқан Жабай ханның нәсілі үлкен төре Құнанбай тегін, Абай жағын онша мақтамайды дейді. Төремен оязы бір, жері тақау Сарманов чиновниктің айтудынша, Оразбайда бұл төреге қарай ерекше ден тартқан бір сырды бар боп шықты.

Қарқаралыдан бері шыққан осындай үлкен жайлауларда, қалың елдер арасында “санақ” өткізіп жүріп, жаңағы төре Тобықтының жайына да көп қаныпты. Сол ретте биылғы өткен көктемде Оразбайдың жүз жігіт аттандырып, Қандарды шапқанын төре өзгеше қызығып, ынтығып тыңдапты. “Анық бұл өнірдегі қазақтың мықтысы Оразбай екен”, “Шабуыл жасаған дегені қандай батылдық!”, “Заманы өтті ме, жоқ па, сол бір шабуылы, бір қимылдының өзі неге тұрады?” – деп, Оразбайды мақтап келеді дейді. Және де сол үлкен төре: “Тобықтыда ең алдымен өзім барып сөлем беретін кісім өзге емес, Оразбай болады”, – депті.

Міне, Көксенгірдің бауырына отыз үй сұраса, анық аппак елу үй тіктіру, ол елу үйдің ортасына бес үйді хан ордасында орнату – бәрі де Оразбай мен Елеу болыстың бұл жолғы төреге төсеп отырған қайығы еді. Оразбай ол төрені өз жағына мұлде үйшіп, бұрып алмаққа тырысады. Оның атақ айдының өзі қатты мадақтап, аспанға көтеріп жүр. “Орыстың да төресі, қазақтың да анық қайнар көзі, қанықты тұқымы, кешегі замандағы ханыңның өзі, ақ патшаның арқаға қаққан төресі. Әрі атам қазақ бағынған хан төрем. Бұны құтпей, кімді құтем?! Орданы бұған тікпей, кімге тігем?!” – деген қазақ төресіне осы сөздерін жеткізетін Семей тілмаштарының алдында әдейі бір алқына сөйлеген.

Бұның айтқан сәлем байлауы да бар. “Үлкен төре ақылымды алсын. Көксенгірге орнасын да жатсын. Төрт болыс Тобықтының бәрінен алатын “санағын” дәл осы Көксенгірден алсын. Бір жолға Тобықты ортасына кеп түсіп қалған екен, тауқыметін өзіміз көтереміз, тек осы арадан ірге аудармасын!” – деген.

Маңайына жиылған, атұсті кездескен, ас айналасында басы түйіскен Тобықтының ақсақал, қарасақалдарының бәріне Оразбай төрені тіпті көрмей жатып, әдейі көпірте мақтап қояды. Сондай бір шағында:

– Әсіресе, аса білгір адам дейді. Білімді болғанда қазақ баласы шерігіне келмейді, шаңына ілеспейді деп айтады. Осында “Абай білімді”, “Абай білгір!” – деп, құлагымды сасытушы еді. Енді бақсам, мына төренің қасында Абайың аңқау елге арамза молда боп қалса керек! – дейді.

Осындай алдын ала алып үшқан қошемет жайға бір күні бес пәуескемен тройкалар жектіріп, көп жез қоңырауларын бұлқынта шылдыратып, қазақтың Оразбай күткен үлкен төресі – Әзімқан келіп түскен-ді. Ол айтқанындай-ақ, өзге жұмыстарын өүелі доғарып қойды. Көксенгірге келген күннің ертеңінде қасына Сарманов, Данияр сияқты өзі құрбы, өзінің алдында құлдай жорғалайтын жағым-паз чиновниктерді, тілмаштарды ертіп алып, Оразбай аулына келіп түскен-ді. “Сәлем берем, жақсы ниетпен достыққа келем” – деп, өзінің бетін аңғартып келген. Содан бері күндіз жұмысын істесе, кеш сайын ол не Оразбайдың өз үйінде немесе көбінше Оразбайдың болыс баласы Елеудің отау аулында болады. Қалың құрмет, қошемет ортасында күніне бір құлын, бірнеше бағлан жеп, шалқып жатады. Кеш, бос шақтарында бұл төре Оразбай бастаған ақсақал, қарасақал, Елеу, Әзімбай, Сәмендей жас атқамінерлер ортасында ауыз жаппай есіп сөйлеп, көрген-білген жайларды баяндаумен болады.

Төренің осындай әңгімесіне және Оразбайдай ел жуанына көрсеткен бейіліне қарап, айналасындағы болыстар, билер, атқамінерлер оны мақтай бастады. Әрқайсысы өз тұсынан өз айналасындағы атқамінерлеріне, қамау, қор-

шауларына Әзімқан төрөні көп дәріптеседі. “Әрі өзі ұлық, патшалық ұлығы. Әрі қазақтың Орта жүзді билеген ханының түкымы. Былай салсаң да төре, олай салсаң да хантөре. Ұлықтық осыған тауып қонған. Қазіргі қазақтың Ресей заманындағы бастығы осы болар”, – десіп, Оразбайдан шықкан сөз атыраптағы аталы жуан, бай, би, қажы, болыс, ру басыларға көп тарады.

Келгеніне оншақты құн болмай-ақ бұны дабырайтқан, көтере мақтаған лақап, қошемет сөздер Тобықтының төрт болысының бар жайлауына жетті.

Әрбір Әзімбай, Сәмен, Жанатай сияқты алысырақ жайлаудан келген болыстар өз еліндегі ниеттес жақын жуандарына сәлем айтып, шақыртып алғып жатқаны да болды. “Төремен таныстырамыз. Қазақтан шыққан әрі білгіш, әрі ұлық. Орысша, қазақша бірдей ұлық, бірдей төре – Әзімқан ұлықпен таныстырамыз!” – деп әдейілеп шақырысады.

Осындай сөлеммен Көксенгірдегі Әзімбайдың хабары бойынша Шұбар да келген. Ол Абайға сыртымен ғана жылтыраған боп, ішкі есеп, айла-тәсіл, ниет, мақсатта мұлде басқа болатын. Кім Абайға түбегейлі жау болар-ау десе, сонымен бұның сыры да ұштасып, достығы да беки түсіп, тілеуі де ұзаққа қосыла беретін.

Оның Тәкежаннан бетер қастық етер қайраты бар, қырыстығы бар Әзімбайды өзіне “жакын туыс”, “жакын досым” етіп алған. Әсіреле екеуі, кейде Тәкежанмен үшеуі ғана боп, өзге жан баласына естіртпей сөйлескен сырларын тындаса, шындарын сүмдышқ қып ашуши еді. Олар айдан ай, жылдан жыл өткен сайын әрбір үлкенді-кішілі тартыс-таласқа Абай ықтиярсыз араласқан сайын, оның сыртынан айтпайтын өсегі, тақпайтын айыбы қалмайтын.

Тек Абай ғана ойламай, білмей жүрген кісі болады. Іші сезсе де, ол әлі де алданумен, жұбанумен келеді. “Қызғанышы болмаса, Шұбардың қастығы бола қоймас”, – деп санайды. Себебі Шұбар әлі қүнге болымсыз ғана сезік андатқаны болмаса, бұл шаққа шейін соншалық айлакер сақтықпен қастық етеді. Үнемі бір содырды, сотқарды, өз сүмдышғы өзіне өзі жетіп жатқан біреуді алдына салады.

Солардың сыртында, ығы мен тасасында жүріп, Абайға ататын оғын кезеп отырады. Сондай есебінде бірлесе Оразбайды, бірде Тәкежан және бірде Әзімбайды алдына салып жүреді. Кейде Жиренше, Әбділдә сияқты аталас елдердің айлалы жуан содырларын да ақырындан тұрткі салып, алға шығарып, өзі сырттарынан далдалап, тасаға түсіп кетіп жүреді. Қаладағы киізші Сейсеке, Қасен, Жақып сияқты байларды, мешіт-медреседегі хазірет-халфелерді де ақырын тамызықтатып, Абайға жау ете түсетін сөздер айта біледі.

Олармен кездескенде бұл өзінің мұсылманша көп оқығанын және мұсылман ғұламаларының кітаптарынан қол үзбей жүретін молдалығын да іске жаратады. Әзімбай, Оразбай, Тәкежан тәрізді ел жуандарына араласқанда ол бұл топтан және де жүйрік боп шығады. Себебі жасынан болыстыққа, әкімдікке іліне жүргендіктен Шұбар өз бетімен орысшаны да қарастыратын.

Барып тұрған күншілдік, қара ниет қызғанышпен Абайды қастай көріп жүрсе де, ол Абайдың өзі істегенді, оның қасындағы Мағаш, Кәкітай, Дәрмен сияқты жастардың істегенін, іздегенін қоса істеп, қатар іздеп жүрген кісі бола біледі. Бұл Абай өлеңінің бәрін біледі. Жатқа айту керек болса, Абай отырған жерлерде ағызып, судыратып айтып та бере алады.

Әзімбай, Тәкежандар болса, әрине, “Абайдың сөзі” деген жалғыз ауыз сөзді жаттап көрген емес. Оразбай, Жиреншелер де Абаймен қас, бәсеке болғандықтан, Абай сөзін есте ауызға алыспайды. Ал Шұбар болса, Абайдың бар қоймасын билетін, ол көргенді қоса көріп, ол білгенді бірге біліп, одан “қалыспай жүріп қарасамын” дейтін адам. Анық “ішті-тысты”, “кіресілі-шығасылы” дейтін, “бүгінгі дос – ертең жау” деп, Абай өзі болжая аралас сын айтып жүретін ағайын-тыстың бірі.

“Өзі көрген қоймасын жауына барып өзі ашып беретін” – кісі болады деп те Абай өлеңінде өз ортасының талай атқамінер сойқанды қуларын атап жүрсе, сонын да сан қылышы бір Шұбардың басынан табылатын.

Енді міне, сол Шұбар да Оразбай, Әзімбайлар хан көтеріп жатқан қазақ төресіне амандаста келіп, танысып та-бысқан-ды. Бүгін жұмыстан қолы босаған кешкі отырысында Әзімқан төре Оразбай бастаған үй толы жиынға бейіл берді. Өзіне тігілген бес үйлі орданың тап ортасында үштөрт ақ жастықта шынтақтай сүйеніп, әр жайдан сөз бастап отыр. Кешкі шайдан бұрын ол бұл отырған Тобықты жуандарын, ру басыларын, ата-текті жақсы білеміз дейтін қазақтарды таң қалдырды. Кітаптың айтқаны ма, өзінің хан баласы болған тегінен, жастайынан естігені ме, әйтеп-уір қазақ деген елдің арғы-бергісін бұл өнірде бұл отырған қазақтар айтып та, естіп те көрмеген түрде баяндайды. Сондай бір шағында Әзімқан қазақ даласының Ресей патшалығына қараған жайын сөйлей жөнелді.

– Кіші жұз қазағы Ресей патшалығына осыдан жұз ал-пыс жеті жыл бұрын қарады! Оған қаратқан Әблілқайыр хан дейді. Орта жұзді қаратқан Абылай десе де, Жекей хандай біздің аталарымыз да қатынасқан! – деді.

Айнала қамап отырған Оразбай, Есентай, Жиреншельер мына сөзді құптай түсіп, таңдай қағысты. Жиренше күбірлеп:

– Бәрекелді, арғы атасы ақ патсамен келіскең, өзі мынау! Шынжыр қатар осы-дағы! Қайт дейсің, ерім-ақ-аяу! – деп, төреге соңғы сөздерін естірте тамсанады.

Төре одан сайын дәуірлей түсті.

– Ұлы жұз қарағалы қырық шамалы жыл болды. Бұны қаратқан да біздің төре, Абылай баласы Сөк, Әділ дегендер болады! – дейді.

Енді бір орайда: “Кеше Құнанбайды аға сұлтандықтан түсіріп, орнын тартып алған менің туған ағаларым Құспек, Жамантайлар!” – деп те есіп соқты.

Оразбай мен Есентайға осы жайдың шеті мәлім болса да, мына тұста айыздары қанып, кенқілдеп күле берісті. Құнанбайды бұл өнірдің қазағы атын атамай, тек қана “қажы” дейтін. Мынау отырған Шұбар мен Әзімбайларды Құнанбай нәсілі демей, қастерлеп “қажы баласы” деп атаныратын болған. Қазір мынау жас төренің Құнанбайды

“Құнанбай” деп баттитып айтқаны, кектесін қақ басқа бір салғандай Оразбайға жағып отыр. Бұл жағынан да Оразбай, Есентайлар төрөні осылайша сөйлетіп, дәүірледі. Тобықты жуандарын бір соның аузына қаратып алғысы келеді. Төре де Оразбайға өзі жаққан сайын өркештене берді.

Бір ауық ол шайдан бұрынғы әңгімесінде бұрын қазақтың хандық тірлігі болғанын айтады. “Қазақтың арғы руслары дүниені алған Шыңғыс ханың қолында бопты-мыс” деп кетеді. Ол Шыңғыстың Оразбайлар естіп көрмеген “дүниенің төрт тарапын өздеріне қаратып алған төрт ұлын” мадақтады. “Қасқа жолды” шығарған Қасым, “Ескі жолды” қалдырған Есім ханды айтады. “Бүкіл үш жүздің қазағына әмір-құдіретін жүргізген қазақ хандары мен төрелерінің” тегін апарып, сонау Шыңғыстың Жошы деген ұлына байланыстырады. Айта келе, өзін сол Шыңғыс ханың нәсілі қып бір шығарды. Бұнысы да Оразбайға жағып отыр. “Ендігі қазақты осындай, әрі арғы тегі қазақтың ханынан келе жатқан, бүгін өзі орыстың өнерін біліп, Оразбайдың “айтуынша” ақ патшаның қолынан ұлықтық алып келген кісі бастау керек!” – дейді.

Бүгінгі кеште “Әзімқан төрөнің әңгімесіне ынтығып жиылдық!” – деген би-болыс, ақсақал, атқамінер сегіз қанат үйге зорға сыйды. Жағалай жайылған көп дастарқандар ортасынан алты-жеті жерден сапырылып жатқан қымыз бар. Жының қымызды мейлінше сілтеп, қыза отырып, осы төрөнің ендігі бір әңгімесін тыңдайды. Онысы да мынау тыңдаушыларына таң қалдыратын қызық, соны әңгіме бол естілді. Бұл төре мынау отырған Тобықтыдан арғыны көп білмейтін қазақтарға исі “қазақ” деген елдің бүгінгі орналасқан жерлерін, бөлінген болыстарын, ояздарын таратып айтып берді. Және Оразбайды, Әзімбайды, әсіресе Шұбарды, Елеуді өзгеше сүйсіндіріп, бар қазақтың бар жерлердегі санын шұбырытып айтып кетті. Бұл жайларын естігенде: “Міне, елдің ендігі басы, бұдан былайғы иесі осы болатынын дәл осы тұстан-ақ танысандаршы!” – деседі.

Әзімқан бар қазақтың санын айтып бір кетті. “Пәлен миллион” деп, мөлшер емес, Оразбайғана емес, тіпті көзді-қарақты дейтін Шұбарлар да естімеген деректі айтты. “Ресейге қараған қазақ пәлен миллионнан астам” – деп, оны бір қайырып таstadtы. Содан әрі, бұл отырған қазақ қайдан білсін, 1895 жылы Петербургте басылып шыққан “Энциклопедический словарьдың” 15-томында қазақ деген халықтың әр болыстағы санын айтқан цифrlарды үстінен төпей түсіп, Әзімқан айттып жатыр.

– Астрахань губерниясында екі жұз он алты мың қазақ бар. Орал облысында – төрт жұз он екі мың қазақ! Торғай облысында – үш жұз отыз сегіз мың. Ақмола облысында – үш жұз қырық бір мың. Мынау өздерің отырған бес ояз Семей облысында – бес жұз қырық жеті мың. Жетісуда – алты жұз мың. Анау Сыр бойында, Түркістан, Ташкент жағында жеті жұз отыз мың қазақ бар! Бұл шоғыр, тұтас, құйқалы қалың отырған жерлері! – деп, үй ішінде қымызға қызып алған ақсақал, қарасақалды, би-болыстарды, аңқылдақ, мақтаншақ үркөппе байларды “қазақ не деген көп еді”, “қайдан білген”, “шіркін, білсең осылай біл!”, “қазаққа ие болған, қамқор болған кісінің жиганы ғой мынау!” – дегізеді.

“Бұндай білімді кімнен көрдік”, “қай қазақтың ділмәрі мен білгірі осындағы қып бар қазақтың басын түгелден беріп еді”, “мынау анық-ақ Оразекең айтқандай, ендігі қазаққа бас болғалы тұр екен”, “өзі де тектіден шыққан ғой”, “бұның ойы тегі қазақтың бәрін санап алып, содан іргелі ел құрайын деп жүр екен!” десіп, кен үйдін екі жақ деңгейінде созыла отырған Жанатай, Сәмен, Әзімбай, Шұбар, Жиреншелер кейде төреге естіртпі, кейде өзара қызып алып, қымыздың желігімен дәуірлей түсіп, мақтанға да басып, гу-гу етісіп қалады.

Әңгімелерін мынау отырған жұрт өзгеше танырқап, тамашалап тындағандақытан Әзімқан төре “Энциклопедический словарьдан” жақсы жаттап алған қосымша деректерін тағы да айттып кетті.

– Жаңағы қалың отырған қазақтан басқа анау Орал, Торғай облыстарының қырық мыңға жуық елі сонау Орал тауына кіре жайлайды. Верхне-Орал, Челябі, Тройский дейтін ояздарды мекен етіп те кетеді. Одан басқа талай мындаған қазақ Хива хандығында өмір кешеді. Теке-түрікпенмен аралас Амудария бойында қырық мың қазақ бар. Самарқан облысында жиырма мың қазақ, Каспий аты-рабында қырық мындан аса қазақ тағы бар. Одан қала берсе, Қытай жерінде, сонау Қара Ертістің басында, Алтайдың тұстік жақ сілемінде, Тарбағатай, Сауырдың ішітисында, он-терісінде тағы талай қазақ бар, – дейді.

Бұлардың көбін Әзімқан төре жүз-жүзге бөліп, талай-талай руларын атап та берді. Соны тындаушы Тобықтының бай-билері енді мүлде таңдай қағып, бас шайқасып, ауыз ашып қалған. Олардың көбінің атын тағы да Оразбай түйе сөйледі.

– Не керек, шырағым Әзімқан, тек жолың болсын! Он күннен бері сенің лебізінді ести-ести ырза болғаным сонша, қай сипатыңды айтайын! Төрт тарапың сай келген, ендігі қазақтың хан-төресі сен екенсін! “Ханым сен, қарашың мен” десем дегідей кісім өзің екенсін! Өзге қазақтың “білдім, болдым” дегенинің бөрі сенің садағаң кетсін! – деп, қарқылдаپ бір күліп алды.

Жиренше жаққа жалғыз көзін бір қысып, бас изеп, Әзімбай жақты нұскап та қалды. Дәл соңғы садаға кеткізіп отырғаны өзге емес, әр кезде аңдыған, аңдысқан жауы Абай екенін аңғартып отыр.

Бұл түні таңға тақау қалың жүрт Әзімқанды кошемет-теп мақтаумен болып, тарап кеткенде, Шұбар әлі де оған жабыса түсіп: “сұрайтыным бар, айтатыным көп” деп, қонақ үйлерге кетпей, қонып қалды. Әзімқаның да Шұбарды бір есептен керек еткен мұқтажы бар екен. Сол жөнде жиын аяғында ол Шұбармен қысқа түрде жауаптасып, сөйлесіп те қалып еді. Онысы Абайдың жайы. Төре Шұбардан Абайдың жөнін сұраган. Ол “Өлең жазатыны рас па және орысша білетіні шын ба?” – деп еді.

Шұбар Абайды көп білетін кісі қып көрсеткен жоқ. Бірақ “орысшаны долбарлайды” – деген. Мақтауға үйренишкіті қызғанышы жібермеді. Өтірікті және бадырайтып айта алмады. Онысын және “өз туысын өзі мақтап тұр” деп айтпасын дегендей айлаға да жалғап, сыпайылыққа сала жасыра сөйлеген болады.

Бірақ бұл ойлағандай емес, Әзімқан Абайдың кейбір жайын білетін тәрізді. Ол туралап: “Абай Пушкин, Лермонтовты аударып, өлең шығара ма, сол рас па?” – деп те сұрап қалды.

Шұбар мынау төренің Абай жөнінен нақтылы білетін дерегі барын андан қалды. Сондықтан да оған біраз шынды айтуға тұра келді.

– Рас, Абай аударады. Аударғаны рас! – деп, қысқа болса да, дәл жауап берді.

Әзімқан Тобықты қазағын шешен тілімен тамсандырған жоқ болатын. Оның кейбір қазақ сөзін айтуында бұл өнірдің елінен көнелеу бір тілмен қазақылап сөйлеп қоятыны бар. Ол тобықтыларша “болмайды” деп айтпайды, “бомайды” дейді. “Ендеше” деген сөзді “еше” деп қояды. Қазір Шұбардың жаңағы Абай жөніндегі сараң хабарын ести бере қадала тұсті.

– Еше, сол Абайдың Пушкин, Лермонтовтан қазақша жазғанын білесің бе? – деп сұрай қалды.

Шұбар төремен жанасуына Абай сөздері себеп болатынын енді анықтап, анғарды. Жаңағы сұраққа ол “білем” деп жауап берді.

Бұл жөнді естіген жерде төре Шұбарды билей, байлау жасап қойды.

– А, еще, ол сөзді, мен есітпей болмайды. Осында қасымда боп, ертең маған соны айтып бересің! Болды ма? – деп, қадала сұрады да, Шұбардың бас изеп құптаған қабыл алғанын анғарып, күліп қойды.

Төренің Абай жайынан естігені аз емес тәрізді. Соның ішінде осыдан бір жыл бүрын бүған ерекше көрінген бір жай – Абайдың ақындығы жөнінде болатын. Былтырғы жылы жаз басында ол Петербургтен Семейге келіп, содан

Семейтауды басып, Қарқаралыға қарай жүрген. Семейтаудың бауырындағы Бураның бір байының аулына қонып отырғанда ол оқшау, ойда жоқ бір жайды аңдаған. Көрші үйде, аңғары отау үй болу керек, көп жастардың жиыны, думан-сауығы болып жатыр еді. Үлкен үйде, ауыл иесінің қасында отырған Өзімқан сол отаудағы ән, сауықты естіп, аландай берген.

Ол думанның жөнін сұраса, күйеу кеп жатыр екен. Және сол күйеудің жолдасы бол, осы Семейтау, Көкенге аты шыққан бір әнші келіпті. Осы жайды естіген соң жас төре үй иесінен өтініп, сол әншіні шақыртып алды.

Ақсүр жүзді, келісті толық бет бітімі бар, етшең деңесі зор біткен, шоқша қара сақалды әнші бұл төрені салған жерден таң қылды. Ол:

Амал жоқ, қайттім білдірмей,
Япыр-аяу, қайтіп айтамын.
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсан да тартамын! –

деп бір кетті.

Сөздер төренің шала шырамытатын бір жайын баян етті. Әнші маңғаз пішінмен бұл өлеңді біраз айтып барып, енді тағы бір өлеңге ауысарында: “Жаңағы хатқа Онегиннің жауабы мынау”, – деп салды.

Төре енді анық өзі болжаған жайды жыр қып отырған әншіге басын жастықтан жұлып алыш, ентелей беріп сұрау салды:

– Өй, сенің айтып отырғаның “Евгений Онегин бе?” –
деп, өзіне біткен топастау, оқыс мінезімен түрпайы сүрады.

Әнші бұған бет бүрмастан әдейі пандана жай сөздей етіп, тағы бір жайды айта салды.

– Өзің де біледі екенсің фой, мырза! Ия, бұл сол “Татьяна, Онегин жайлары”.

– Е, сен оны қайдан білуші едің?
– Мен білмейтін несі бар?!
– Кім деп білесің оларды?

– Олар орыстың мен сияқты Пушкин деген ақыны жазған қыз бен жігіт. Солардың жөнін қазақша өлең қылған біздің досымыз, үлкен ақынымыз Абай! – деді.

Бұл жайды Әзімқан төреге былтыр баян еткен Абайдың дос әншісі – Мұқа болатын. Абай атын Әзімқан төрениң алғаш естуі сол болғанда, ол Абайды тек ақынғана деп білуші еді. Биыл санаққа шыққалы сонау Қараөткел, Қарқаралы, Баяннан бері қарай Абай деген кісінің сөзі, өнері, халыққа айтқан өсietі, ән мен өлең үлгісі дегендерді оқта-текте әркімнен ести жүрген. Енді міне, қолына Абай өлеңін көп айтып беретін кісі Шұбар тиген соң, ол жарым күндей Шұбарға Абайдың әр өлеңін айтқызып, тындал шықты. Бірақ жаратылсында өлеңді сүймейтін бұл төре қаншалық оқыған адам болса да, өзінің туған елінің тілі, қазақ тілінде жазылған Абайдың өлеңін тарс танымады.

Бір ауық ол Абай Пушкинді аударыпты, Лермонтовтың көп өлеңін қазақшалап айтыпты дегенге елеңдеді. Ол Абайдың қазақ жайынан айтқан, өз жанынан шығарған сөздерін тындал отырып, бұл өлеңдерді бағаламай, басқа бір жайды айтып кетті.

– Қазактың ең жақсы ақыны Бұхар жырау болатын! – деп, Абайға оны салғастырмай, жоғары атап отырған тेरізді. Сөзінің дәл осы түсі жақында Абай қазақшага аударған Крыловтың “Есек пен бұлбұл” атты мысалына тап келуші еді.

“Әнің жақсы екен, тек қораздан біраз үлгі алсаң болар еді”, – деген есек жөнін Шұбардың арам да болса жүйрік көңілі сөл есіне алып қалды. Ол өз ішінде Абайды үлкен ақын деп білетін де, бірақ жолы тұра емес, қисық жөнде жүр дейтін. Қазактың бар жақсысын масқаралап, елдің қорына, бұқарасына, кедей-кепшігіне көп табынатын Абайды бұл сынап, ұнатпай жүретін. Соңғы кездердегі оның ұғымы бойынша, Абайды түзу жолға салып, қазақтың хан-төресін, жуан ата жақсысын, мұсылмандық шариғат салтын жырлайтын ақын ету керек. Сонда Абайдан, Шұбардың ойынша, анық бар қазақ “жақсылары” сүjetін ақын шықпақ керек.

Әзімқан төренің жаңағы сынсымағының орайына Шұбар тағы бір ол төреге жақпайтын Абай жайын мәлім етті.

– Сіз Бұқарды жақсы дедіңіз фой. Ал біздің Абай сол Бұқар жыраумен де шайқасып, мүйізіне іле кеткен бір жері бар! – деп, Абайдың белгілі өлеңін айтты. Қабақ түйе, жақтырмай тыңдал отырған төренің құлағына әдейі көтеріңкі үнмен естірте сөйлеп:

Шортанбай, Дулат пenen Бұхар жырау,

Өлеңі бірі жамау, бірі құрау! –

дей түсіп, төреге қабақ қағып, иек көтерді.

Әзімқан төре осыдан әрі Абай сөзін тыңдағанды тоқтартып қойды. “Ол қазақтың хандарын дұрыс мақтаған, өз заманындағы қазақтың кемел ақыны!” – деп, Бұқарды өзінің дәл бүгінгі ханшыл, жуаншыл, бишіл ойымен әбден туысы жақын, ниеті тұзу ақын етіп, көтеріп сөйлеп кетті.

Енді не ниетпен екені анық мәлім болмаса да, тағы бір күні Әзімқан төре Елеуді, Шұбарды шақырып алып:

– Ат ерттетіндер, сендерді ертіп мен сапарға аттанғалы отырмын! – деген.

Бұндағы ниеті Қексенгірден түстік қана жердегі Шақпақта отырған “Абайға барып, сәлем беріп, жүз көрісіп сөйлесіп, білісіп қайтамын” деген еді. Әзімқан төренің ертенді-кеш қасынан кетпейтін, қатты сенімді досы болып алған Оразбай баласы Елеу төренің байлауына үн қатқан жоқ. Бір ауыз сөз айтпастан аттарды тез өзірледті.

Ертеңгі шайдан соң-ақ атқа мінген он шақтың кісі қошеметші нөкердің ортасында келе жатқан Әзімқан төре Қексенгірден шыға бере, Елеу мен Шұбар, Әзімбай үшеуін ғана бөліп алып, өзгелерді ілгері жіберіп, оңаша бір әңгіме бастады. Бұндағы сөз Абайдың жайы еді. Төре осы Абай деген адамның өз сөздерін де естіпті. Ол туралы жұрт сөзін де көп ұғыпты. Қазір бұның сол Абай туралы бірталай ойлары бар. Көп ниетін шынымен айтса, әзіргі өзі білген қалпында Абайды жақсы көруден гөрі сынап, мінеп, ұрсу жағына бейім тәрізді.

Әсіресе осы ойна оны бекіткен соңғы бес күндей бұнның қасында болған Шұбар, Әзімбай тәрізді Абайдың өз жақындары. Ол Оразбайдан Абай туралы естігеніне бір түрлі қарар еді. Ал Абайдың дәл қасынан, етбауырынан шығып келіп, оның бар сөздерін де айтқан, іс, мінездерін де, ой, ниеттерін де баяндаған Шұбарларды тындаған Әзімқан Абаймен түсінісіден бұрын дауласардай. Осыған қазір Әзімқанның қасында келе жатқан Тобықтының жаңа буын басшылары, осы үш атқа мінген азамат не айтады? Анық іштегі қырындысын қалдыrmай, шынын ақтарса қалай? Абайдың міні көп пе, жақсылығы көп пе! Мен онымен сөйлесу үшін осы жөнде қолыма ұстарлық дәлді, салмақты жайларды атап беріндер, деген.

Солайша қасындағы үш жолдасын ойласу мен сөйле-суге салды да, төренің өзі енді ұзақ сапар бойында үнде-мей, тек тындаумен болды.

Өүелгі бір өңгімені Шұбар айтып еді. Соңғы алты-жеті жыл ғана бойында оның ішін Абайға қатты мұздатқан істер бар екен. Соны айтады. Бұнысы: “Семей қаласындағы ар жақ пен бер жақтағы он мешіттің, сан медресенің ғұлама, ишан, имам, халфелерін Абай өзіне қарсы жау етіпті. Сол жөнде ол екі түрлі дәлел өңгіме айтты. Біреуі, оба науқасының үстінде мұсылман имамдарымен араздасқаны туралы. Екіншісі, дәл мынау Оразбайдың жесірін, аталы ауылдың қаралы күйде отырған жесірін атасыз, елсіз, тексіз бір жалғыз кедейге Абай алып қашқызыған. Оны апарып, қаладағы орыстың ұлығына қорғатқан. Сейтіп, қазақтың, халықтың қағидасын, ата жолын бұздырды. Мұсылмандық жолынан, шаригатынан сотқар жастарды аттап өткіздіріп, пәле бастауға баулыды”.

Осы ісінің екеуі де қаланың бар ұстаз имамдарын, білікті адам, басты саудагер байларын, қысқасы, қалалы жердегі “қазақ халқының бар қаймағын шайқалтыпты да түнілтіпті”. Шұбар соны әсіресе кешпейді екен.

Әзімбай айтқанда: Абай қырдағы толып жатқан егінші, пішениші, емен-жаркы ғана тірлігі бар жатақ-сатақ деген, бұқара-сұқара дегенді қостағыш бол алыпты. Солар үшін

сан рет елдің болысымен, қажысымен, бай-бағланымен, аталы жақсысымен, тіпті өзімен бір туған Тәкежан, Өзімбай, Майбасардай етбауыр жақындарымен де үнемі жарғыласудан, жаға жыртысадан жалықпайды екен. Сондыктан, болыс боп жүрген Өзімбайдың айтуынша, бұл күнде ол билеген болыста не көп? Сол Абайдың қоздыруымен азып жүрген жалшы-жақыбайдың, кедей-кешіктің дауынан, арыз-шағымынан көп неме жоқ екен.

Сөздің бәрін арнаулы нысанасына шақтап, есеппен, салмақпен айтуды өзінің айла, тәсілі етіп жүрген Оразбай баласы Елеу, енді ғана сөйлемді. Ол алдыңғы екеуінің сөздерінен бағып, түйгенін өзі айтатын жайға дерек етіп, керекке жаратты.

— Жырақты, баяғыны қояйын, осы биыл көктемнен бергі Абай мінезін ғана айтайыншы! — деп сөз бастап еді. Оның айтуынан мәлім боп отыр. Оразбайдың көктемде қол жиып, Көкен елін шапқаны Өзімқан төреге үнайды екен. Ол мұны оң-теріс болса да қайрат, қажырлы қимыл, өнімді ашу деп біледі. Ел болатын елдің басшы боларлық ер-азаматының қолынан келетін қайратты қылышқ! — дейді.

— Ал Абай болса, осы жөнде бар Тобықтының игі жақсына қосылмай, қырын кетіп отыр. Тіпті мынау екі інісімен, туған ағасы Тәкежанмен де Көкен елін шапқаннан бері қарай өсіресе қыrbай, қырғи-қабақ боп алды. “Егіншітігінші”, “кесіп елі момын” деген боп, “тілеуім солар жақта” деп айтады. Оразбайды “әлін білмес есер” дейді. “Қазіргі заман баяғы бұзакы, шабуыл заманы емес. Енді түзеліп келе жатқан заман. Артқа қарау керек емес, алда болатын жаңалыққа бой беру керек. Ескі қолшылдық, қара қазақ жолын құбыштық бұл күнде садақа қылатын мінездер!” — дейді.

“Елдің игі жақсысына осы елдің исі бұқара, құнсыз-бұлсыз қара жұртын өшіктіріп, үрпітіп салып отыр!” — деген.

Үшеуінің де әңгімесін тыңдалап келіп, тәре жалғыз ғана сұрау беріп:

— Алдағы жақсылық деп айтады, онысы не, кімнен естіген, қайdan күткен жақсылық екен? Бұнысын білдіндер ме? — деген еді.

Ол жайын Шұбар тағы да таратып берді.

— Бұл жөнде Абай қазақты айтпайды. Тіпті сонау Ресейді айтады. Алдыңғы аз заманың ішінде Ресейде жақсылық болады. Бұл тәртіп өзгереді, басқарады! — дегенді де көп айтады, — деп бастаған.

Төре тағы да қадала түсіп:

— Ол кімнен шыққан, қайdan шыққан сөз, соны айта ма? — деп еді.

Шұбар бұл жайын да төреге таныта білді.

— Е, Абайға бұны айтатын оның ішкі Ресейден айда-лып келген әралуан достары бар емес пе! — деп, Әзімқан-ды тағы бір түршіктірді. Шұбар өуелі Михайловты айтты. Одан бергі, соңғы сегіз-тоғызың жыл ішінде ойы мен тегі тіпті бөлек Павловтай Абай досы бар екенін баян еткен! Осы жайдың бәрін Әзімқан естіп болғанда жолаушылардың алды Абай аулына тақап қалған еді.

Енді төре шұғыл өзгерді. “Елеу!” — деп қатаң үн қатты да, жағын тістеп, қалың қабағын түксите түйіп алды.

— Мен өзгердім! Шақыр анау алдағыларды. Бармаймын бұл Абайға! Мен сәлем беруге тұратын Абайды танығам жоқ. Болды, қайт бәрің, — деп, тізгінің шұғыл тартып, атын кейін қарай бұрып алды.

Төренің байлауы өздерін таң қылған оқыс байлау болса да, Елеу мен Әзімбай іштерінен ырза болысты. Екеуі қатарынан бар пәрменімен асыға айғайлап, қамышыларын, тымақтарын бұлғап, ілгері кеткен жеті-сегіз атқамінер жолдастарын кейін бұрып алысты.

Сол күн кеш батпай, Абайға бармай, Әзімқан төре Кек-сенгірге келді. Баласы Елеуден сұрап, Әзімқаның бүгінгі бар сөздеріне, Шұбар мен Әзімбайдың жауабына Оразбай бір қанған еді. Кейін Әзімқаның Абайды мінеп, айыппатап, оған барудан айнығанын анық білгенде, Оразбай отырған орнында байыздай алмай, қуанғаннан жорғақтап кетті.

Бір шынтақтап, бір ытқып отыра қалып, біресе тепендей, астындағы тайтерісінен жылжып шығып кетеді.

Жалғыз ғана оңаша отырган баласы Елеудің көз алдында өте қызып қуанды. Осыдан екі-үш күн өткен соң Қоңыр-кекшениң қазіргі болысы Сәменді Оразбай қасына алған. Жерлері шалғай кетіскенмен, бұл екеуінің түбі аталас болатын. Сол Сәмениң бұған ашқан бір сырын және өзінің де ішінде жүрген бір үлкен күдік кірбенін Оразбай ендігі досы Әзімқан төреге анықтап ашып, ақылдаспақ болды. Екеуі Оразбайдың үлкен үйіне Әзімқанды жалғыз ғана шақырып алып, үшеу ғана боп отырып, өзірше қысқа ғана, түйік қана түрде Әзімқан төреден ақыл сұрасты.

Енді бір он бес күнде Арқат деген жерге Семейдің оязы Маковецкий шербешнай сияз шақыртып отыр. Онда кешегі Уақ пен Тобықтының жанжалы тергеледі. Тобықты мен Уақтың жер бөлігі бекіледі.

Уақ өзіне Семей оязының көп билерінен көмек жиып жүр. Әзімқан төренің осында жүрт алдында өзі мақтаған “Оразбай шабуылы да” талқыға түспек. Ал осы түста “өзгенің жөні бір басқа” деп келіп, Оразбай кесер сөзінің Әзімқанға салып отырган бар салмақ түйініне шұқшиып келді.

Ендігі айтатыны: “Жараның үлкені сол болғалы түр. Уақтың сөзін мені мұқату үшін Абай қостайтын сияқты. Ал ол қостаса, Тобықтының өзінің ішінен маған қарсы айғақ шыққаны. Мені айыптаушы, тіпті Тобықтыны айыптаушы Уақ емес, ұлық емес, Тобықтының өзі болғаны. Соның ішінде, өсіресе Абайдай ой мен қырға аты бірдей жүріп тұрган адамның айғақ болғаны. Осы бар ел жақсысының аяғына тұсау боп түр. Тағы бір кеселі, Абай Тобықтыны “зорлықшыл” деп, өзі айыпташықса, айналада отырган осы Семей оязындағы Сыбан, Керей, Бура, Матай, Уақ, Найман – бәрі-бәрі сөз біріктіріп, жабыла түседі. Сөйтіп, Абай Тобықты жақсысын ірік-шіріктерге тұсатып жыққалы жүр.

Ол сонымен, ескі әдеті бойынша өзіне “әділ” деген атақ алмақ. Бар қазақтың “қамқоры” дегізбек. “Әсіресе, жылау-

лар, бұқара қазақтың қорғаны” деген атақ алмақ. Бірақ көріп отырсың, бәрімізге, қазақ жолына, ел жақсыларының бірлік, берекесіне қас әрекет етіп отырған Абай міне! Жә, осыған не қылсақ рая? Ертең шербешнайда бәрімізді құлатып беріп, бір араға үйіп-төгіп кетсе, қайтпек керек осы Абайға?!” – деген еді.

Сәмен – Абайға Оразбайдан да бетер өші бар болыстың бірі. Оның өз есептері жетерлік болса да, қазір кеп онда емес, Оразбай айтқан жайда. Енді ол да өзімен жақсы құрбы жас төрени “ағеке” деп жалына түсіп:

– Тура ақылыңа қоңсы қона келдік, ағеке! Ендігі басшым, асыл төрем! Айтартыңды өзің айт! Қалай етейік осы Абайды? – деп қадалып отыр.

Төре Абайға енді сыншы ғана емес, өшігіп алған жазалаушы есепті. Аяmas жаудың қалпына келіп, қырыс қабағын сұйта жауып, түйіп алыпты.

Ол өз жауабын енді бір-ак кесіп, шолақ айтты. Жұдырығымен қылтанақ мұртын сипай отырып, екі сотқар жуанға олардың өзінен өлдеқайда асып түскен, бұлардың ойларынан сонағұрлым өктем жатқан бір пәлені таstadtы.

– Еше, не сөзі бар? Бар сөз біткен, бар жол таусылған да! Сондайда жөн таппайтын Оразекең бе еді?! Несіне үйлішкіп, қамалып отырсындар? Бұндайдың сөзі, тілі біреу-ақ болады. Ол тілді Оразекең оқыған да оқытқан. Абайды молда қылатын да сол Тұщықөлде жұмсалған қайрат, қара шоқпар! Оған тыйылмаған, аюсыған Абайды көріп алармын! Ұқтындар ма? – дегенде, Оразбай мен Сәмен бір-біріне әрі таңырқап, әрі қуаныса қарасты. Бар жайды түйісіп, үндемей ғана бас изесті. Енді тырс еткен үн шығармай, “е” дескендей жаба қойысты. Осы түнде Әзімқан төре ойға келмес сүмдыққа өз қолымен құрық берді.

3

Арқат бұл өнірдегі таулардың көбінен өзгеше. Қөлемі шағын жалғыз тау болғанмен, бұның күз-қиялары, биік жартастары көп. Қыр арқасының серек тастары ерекше

сұлу біткен, бірақ қыын тау. Осы Арқаттың ең биік тұсы оқшаша біткен жылтыр құз текшедей бөлініп, аспанға шаншылып, қызық қөрініс береді. Сол құздың биік басы мен төмені әдейі қырланған күймедей боп біткендіктен “Күйметас” деп аталатын.

Қазір Күйметастың шығыс жақ баурайындағы Қопа дейтін кең қонысқа тағы да көп үйлер тігілген. Бұнда қалың жиын жүріп жатыр. Қопа кең шалғынды, жылып аққан мол сулы, мөлдір бұлақты және тауға қараған төрінің көбі тал, терек, жасыл әсем жас тоғай. Бұнда да бүгін тігілген үйлер ауыл үй, жеке адамдар мекені емес. Сирек болатын бөгде топқа арналып тігілген үйлер. Үй саны мол, елу-алпыстан асады. Кей тұста сол үйлер үйірліп топталып қонса, тағы бір тұста өлке бойының көгалы жінішкелеу тартқан жерлерде екі қатардан ұзай созылып тігіліпті.

Ортадағы қалың топ ақ үйлерге жақын тастақ төбеде Қекен болысының осы жиынға келген үш-төрт кісісі өзара әңгімелесіп отыр. Бұлардың арасында Бостан, Құлжатай, Еңсебай бар. Ол үшеуі қазіргі алты-жеті кісілік топтың ортасында көбірек сөйлеп, көтеріңкі көңіл, ажар байқатады.

Сонау ұзақ ойран айғағы болған Тұщықөл басындағы түнде Бостан қатты мертіккен екен. Оның қазір оң қолы шолақ боп біткен. Саусақтарының басы семе бастапты, қайратты батыр қолы сынып біткен қалпында, қысқара түсіпті. Бірақ қазіргі ажарында Бостан уайым еткен кісі тәрізді емес. Құлжатай да қаба қара сақалы, қалың мұрты аузын жауып тұрғанмен, сөйлесе, күлсө, маңдай тістерінің қатары түгел опрышылып, жойылғанын байқатады.

Бұгінгі жиынға бұлардың келу мақсаты да өздері кешкен, өз бастарынан атқарған ауыртпалықтың, “бас шығынының” жокшысы болу. Бұлардың бәрі де байлаулы бір сөзді асығып тосып отырысқан. Ол сөзге тиянақ байлау жасататын адам бар. Бұгінгі сөз сол адамның сөзі деседі. Қалай айтады, немен келеді?! Сол жайды өздерінің ойлауына үлкен бір асу тәрізді сезінген Бостандар жанағы “келеді” деген адамды асығып тосады. Жақын дөңнің басына

шығып отырған отырыста да “сол керекті адам келе ме екен” деп көздей отырысқан.

Арада біраз мезгіл өтсе де, ол кісінің келісі бөгеліп тұр. Азғана топ ермек үшін әралуан жайдан қысқа қайырып, сөз қозғап отыр.

Бір уақыт Еңсебай өзінің құрдасы Құлжатайға қарап, он қолын нұсқап, Құйметасты көрсетті.

– Құлжатай, сен “ермін, батылмын” дей бересің. Ал, анау Құйметастың басына шығар ма едің? Осыған жан баласы шықпапты дейді ғой. Жүрттан озып, жалғыз бір шығып көрсөң не етер еді? – деп өзіл таstadtы.

Құлжатай бұған орай Еңсебайды қыжыртып кекете сөйледі.

– Мені Құйметасқа шығарып, тағы бір Боран атандырайын дейсің-ау, ә?! – деді.

Бостан мен Еңсебай Боран деген кісіні естіген жоқ екен. Бұлар қатарынан Құлжатайдан соны сұрады. Енді Құлжатай опырық аузын жымита құліп отырып, Құйметасқа қарай түсіп, тың бір өнгімені айтты.

– Тобықтыда өзгемен қатар өтірікші де елден ерек емес пе! Мамай деген руының адам айтпас өтіріктерді айтатын Боран деген кісісі болған. Сол айтыпты ғой: “Құйметастың басына таң сөріде жалғыз өзім бір шығып, дүниені болжайын дедім. Түү басына шығып алғып, айналага көз салсам, бұл өлемнің көрінбейтін жері жоқ екен. Сонау Семей қаласы тіпті аяғымның астында қалды”, – дей бергенде, Құлжатайға қарап, қызыға тыңдал отырған жүрттың бәрі ду күле бастады. Құлжатай өзі де балғын, қалын иықтарын дірілдепе түсіп, күле отырып, өнгімесін соза берді.

– Семей аяғымның астында қалып, барлап қарап тұрсам, қаладағы киізші Сейсеке бай таңертенгі намазға дәрет алғалы жez құманын қолына алғып, ауласының ішінде өжетханаға бара жатыр екен! – депті. Сөйтіп, Боран осы Арқаттан өздеріңе мәлім жуз елу шакырым жердегі Семейдің байын да көріп, қолындағы құманын да аңдаған. Ал кейін сол Боранды қалжақ етіп шығарған өлең де бар ғой! – деді де, бір ауыз қызық өлең айтып берді.

Басына Күйметастың Боран шыққан,
Қазақтан өтірікке оран шыққан.
Онан соң Күйметасқа жан шыққан жоқ,
Аспанда шаңқылдаған қыран шыққан! –

деген сөз бар деп еді.

Бостан мен Еңсебай Құлжатайдың әңгімесіне сүйсіне мәз бола күлісті. Еңсебай әлі де қалжақтап Құлжатайды қағытып отыр.

– Тобықтыда Боран шықса, “Қырықүйліден Құлжатай шыққан” деп біз де өлең шығарайық. Кейінгіге азыз босын. Сен де бір осы бос жатқан күнде шығып қайтши соның басына! – деп, жақсы көретін құрдасын сейлектісі келеді.

Құлжатай әңгімені басқаға бұрды.

– Құлжатайды Күйметасқа шығарып жетістіріп қайтесің. Оразбайдай Тобықтының содыр-сотқарын жеңдіріп-ақ жетістірсөнші. Бұл жолғы біздің шықсақ шығатын, көксесек көксейтін биігіміз сол емес пе? Ақылы жоқ, көксоққан-ау! – деп қойды.

Енді ғана алдыңғы жасыл белге қарай түсіп отырған Бостан өз тобына жаңа андаған жайынан дабыстап сөз қатты.

– Жігіттер! Анау бір топты байқандаршы! Со жақтан келеді деп еді! Осы біреу бес-алты кісі сол әлгі біздің сияздың тосып жатқан адамы емес пе! Мезетіне, қысынына қарағанда осы сол болу керек! Жүріндер, анау орталық үйге баралық, солай бет алды ғой! – деп, орнынан тұра берді.

Бұлар беттеген қалың топ үлкен үйлер он шақты еді. Дәл осы үйлерде Семейдің оязы Маковецкий жатқан. Қасындағы үйлерде соған ере келген қыр бولыстарын басқаратын екі крестьянский начальник жатыр. Бұнда және де Самалбек сияқты ояз тілмашы, кеңсе қызметкерлері, тағы да бес-алты стражникитер жататын. Одан арғы жоғары кеткен үйлерде Семей уезінің он бес-он алты бولыстарының адамдары бар. Төмен қарай ылдилай тігілген үйлер-

де Тобықтының төрт болысынан келген адамдар жайғасқан. Жоғарыдағы үйлерде Бостан мен Еңсебайлардай Көкен болысының адамдары бар-ды. Жиын Семей оязының бар қазақ болыстарынан жиылған “шербешнай сияз” деп аталады. Арқаттағы “шербешнай” кейін өзінің көп байлауымен көп ел аузына мәлім болған. Маковецкий басқарған төтенше бір сияз. Дағды бойынша бұндай шербешнай сияздарда қаралатын істер көп болатын. Ал мынау сияз болса, олардан бөлек бір жайы бар. Бұл бір-ақ жөнге, бір ғана үлкен іске әдейі арналып құрылған. Бұнда қаралатын Тобықты мен Көкен елінің жер дауы. Соған байланысты осы өткен жылы көктемде болған шабуыл, үлкен жанжал жөні тексеріледі. Семейдің жандаралымен келісіп, Маковецкий Семей уезіне қараған он алты қазақ болысының бәрінің басын осы Арқатта қосып отыр.

Дау төрт болыс Тобықты мен бір болыс Көкен арасында болғанда, бұл екеуі бір жағы даугер, бір жағы жауапкер болып кездеседі. Ал арадағы байлау, билік сөзді кесетін қалған елдер. Және солардың ақылын, байлауын ескере отырып, ең соңғы әкімдік түйін жасайтын ояз болады.

Көлденең елдерден Ертістің төменгі жағындағы бес болыс Бәсентиін, Найман, Бура келген. Ертістің ар жағындағы қарағай ішіндегі қазақ болысы – Белағаштың адамдары бар. Содан басқа Ертістің қыр жағындағы Тобықтыдан өзге алты-жеті болысының елі жиылған. Әрине, “ел” дегенде, бұл араға ояздың, крестьян начальниктерінің жинарап отырғандары әр болыстың патшалық заңы ретімен сайланған билері.

Бұлар ауылнай бас биден болғанда, әр болыстан он мен он бес шамасындағы би болады. Он алты болыстан жиналғанда солардың ұзын саны екі жүз елуге тарта адам. Қазіргі көп үйлерді мекен етіп жатқан сол әр тараптан келген билдердің екіден-үштен жайғасқан топтары. Сөйтіп, Тобықты мен Көкеннің дауына тергеу мен кесім айтатын жаңағы билер тобы.

Енді сияздың өзіне тартысқа келген жақтар мен жауапты адамдардан басқа барлық осы маңда жүрген адам

атаулының бәріне мәлім бір жай бар. Онысы: қай жақтың тілеулес адамы көп, соны таңтертеңен кешке шейін жүрттың бәрі сөз қылып, санасумен болады. Бидің көбі Көкен жағында ма, Тобықты жағында ма? Осыны сарапқа салады. Кесік, байлау жақындай қоймағандықтан, әлгі жай ешкімге де анық мәлім емес. Жалпы сырттай ойласа, Тобықты зорлықшыл, соқтыққыш және ұрысы, барымтасы көп содыр ел. Оны ой мен қырдың бар елдері біледі де, Тобықтының бұзарларын, сойқандарын соншалық жирип жек көреді. Әсіресе, Көкен, Семейтаудай, Белағаш, тоғай бойындай еңбекші, егінші, қарекетшіл елдері қатты жирип жек көреді. Ол болыстардың момын халқының аузында Абайдың:

Ел бұлігі Тобықты,
Көп пысыққа молықты! –

деген сөздері жиі айттыла жүреді. “Тобықтының жыртысын жыртамын” деушілерге қарсы әрдайым Тобықтының өз жақсысы айтқан “ұрып жығар” дәлелдей.

Бұл жағынан қараса Тобықтының тілеулестері аз. Көкеннің көмекшілері көбірек болу керек. Сол елдердің ыңғайымен билерді жікке бөліп байқағанда Тобықты жағында елу-алпыс би қалады да, өзге жұз жетпіс, жұз сексендей билер бір-ақ жаққа ауып кетуге болады. Бірақ со-лай етіп қоя ма?! Би дегендер, Абай айтқандай, “аттың сауырына, түйенің өркешіне” жантаятын, бір орында тұрмайтын жандар. Олардың және бір сыры бар. Қай болыста болса да, кем қойса да екі жуанның бәсекесі болады. Ендеше, әр болыста екі жақ, екі тарап билері жүреді. Со-лардың енді қайсысы қай тарапқа тартып кетерін білу тағы онай емес.

Және осының бәрінің астарында билер үшін тартысып жатқан, өлердей жанталасқан сыпсың сөз өзгеше көп. Тергеу әлі басталған жоқ, бірақ Тобықтының Оразбайының қасына ере елу кісі келген. Одан басқа Әзімбай, Сәмен, Жанатай сияқты болыстардың қастарына оннан, жиырмадан келген анық сөзуар, пәле қуған, партия басы атқамі-

нерлер. Солардың бәрі де осы үйлерге орналасқан. Барлық болыстардың билері мен олар жатқан үйлерінің маңында, іргесінде әрбір өткен тұн сайын қараңғыны жамылышп, қалың сөз тартыстар жүреді. Бұл тұста “ат майы”, “түйенің өркеші” емес, кем қойғанда түйе аталса, түгімен жұтылатын. Ат ауызға алынса, басы бүтін кететін. Ақша, пұл “күйек асты” көп жол тауып жүріп жатқан. Бұның бәрінің атын, дәлін айтқанда “арын-сырын саудалап” келер таразыға, тайталасқа жанталасқан халді білдіреді.

Бағана Бостандар тосқан адам осы топтың ортасына келмек. Ол алдағы байлауға өзінің аса маңызды “кесек сөзін” айтатын күә адам. Оны күәға салып отырған зорлық көрген Көкен жағы. Соның күәлігін тындауға бұйырып, соған қарай өздерінің байлауын, бетін белгілегелі отырған көп болыстардың өлі беті ашылмаған көп билері. Бұлардың үстіне сол келетін қуәның сөзін ояз Маковецкий мен екі крестьянский начальник керек етеді. Даугер Көкен болысъының көп приговор берген қалың елі, қара бұқарасы болса, өздерінің әр арыз приговорының ішіне осы адамның атын жазыпты.

“Біздікі жөн бе, Оразбайдықі жөн бе? Осының анығына айдан анық көзі жететін сол адам, соны күәға тартамыз!” – депті. “Себебі – ол адам Көкен мен Тобықтының жер дауының арғы-бергісін жер түбінен білетін адам!” – депті.

Жаңағы жөндердің бәрінің үстіне сол болашақ күә Тобықтының өзінен шыққан адам болып отыр. Бұнысы жапа көрген Көкен елінің мынау күәға не сенгенін көрсетеді немесе ел болып сынға салып, шынға тартқысы келген байлауын танытады. Тобықтыға да бұл кісінің күәлігі мойын бұруға келмейтін қысталан жай. Жауласқан жауың күәны өзінен салса, оған қайтіп, не деп қарсы боласың. Бұл жөнде “осы күә күәлік айтпаса екен деп” айтуға ең өуелі Оразбайдың өзінің аузы бармайды. “Не дегенмен Тобықтының” намысын жібермейді. Біздің деген жерімізден шығады. “Өз елін жатқа жығып бермейді” деп бір ойлады. Және де одан әрі сүмдышқ бір ойлары тағы бар. Егер

Тобықтыны жағаласып тұрған жауына жығып берсе, онда Тобықтының тобынан өзін өзі жат қып шығарады. Оққа байлап бергені болады. Жә, бұл қүә дәл осы күні осы соңғы жолға баса ма, жоқ па, оны да көреміз?! – деседі.

Сөйтіп, ол адам өзінің аузына қараған көп көздің сыйнағана емес, қадалып тұрған көп найзаның да ортасына түседі. Денесіне жара салғызбай, арына таңба бастырмай адал, аман өту шарт. Сондайлық қыын түйінге бүгінгі ықтиярсыз сапары алып келген қуә қасындағы бес-алты кісі жолдасымен ең әуелі Самалбек тілмаштың үйіне кеп түсіп еді. Қалың қөпті қазір дабырлатып: “келді, келді” дегізген, сол көпке өзін шын көп күттірген қуә – Абай болатын.

Самалбек сүйегі қырғыз. Өз қалпында Семей қаласындағы бар қазақ тілмашы, ұсақ чиновнігі, жалпы “қаратаяқ” атанған тобының ішіндегі момын, тұзу адам. Абай оны: “Отырған орны адамды бұзатын жер болса да, өзін өзі өз әлінше дұрыс алып жүреді”, – деп бағалайтын. Әуелі соның үйіне түскен себебі, Абай өзін осы сиязға алғызып отырған әкімдердің не тілейтінін білмек. Тобықты мен Үақтың бұл жайында екі жақтап, үсті-үстіне келіп сөйлесетін кісілерін көруден Абай тартынып келді. Ең алдымен өзінің сөзі “кімге керек?”, “неге керек?” және “қандай салмағы боларлық жай бар?”, соларды андан алмай, алысып жатқан екі жақтың бірде-бір кісісін көру бұған керек емес, жол емес тәрізденген.

Самалбек жаратылысындағы сараң сөзді, тартымды мінезі бойынша Абайға ашылып, көп нәрсе айтпады. Оның “жалғыз білгенім сол” деп айтқаны: “алысып жатқан екі жақ бірдей Абайдың куәлігін керек қып отыр. Ояз бен крестьянский начальниктер сол екі жақтың арызы бойынша Абайды тыңдау қажет десті. Бірақ олардың ішінде, аргы ниетінде қандай байлау бар екенін Самалбек білмейді. Оның айтуынша, Абай не қыларды өзі жақсы ангаратын болар. Және сол өзіне лайық көрінген дағдылы жолымен куәлік айтқаны Абай басына лайық болар!” – дегендей кеңес тәрізді сөз айтып бітірді.

Күөлік бүгін тыңдалмақшы емес. Ол ертеңге қалып отыр. Тұске жақын Самалбек үйінен Абай шыға бере ойлағанындей жан-жақтан қамап, жеке сөйлесуді тілек етуші кісілер қадам басқан сайын орала берді. Сонымен, бүгінгі жарым күнді және сол күннің кешін, жарым түніне шейінгі уақытын Абай көп кісілермен жеке-жеке сөйлесуге бөлген еді.

Тобықты мен Уақтың атқамінер жуандарынан бір-бір ғана кісімен сөйлескен. Солардан кейін Абайға өтініш айтушы көп адамдар, көктемдегі жанжалда қаза көрген, азап тартқан, тіпті содан кейін сорға қамалған жандар бар екен. Бұлардың бір алуаны – Бостан, Құлжатай, Еңсебай төрізді Көкен жағынан сол шабуылда соққы көріп, кем-кетік бол қалған адамдары. Тобықтының да әр руы аттандырған жүз қаралы кісінің қазір онға жуық адамы сол Бостан төрізді өздерінің бас уайымын шағып келді. Бұлардың арасында қабыргасы сынған, қолы сынған, бет-аузына ауыр жара түскен немесе көзі шыққан кем-кетіктер келген-ді. Солардан басқа, өздері жоқ болғандықтан, сол шабуылда тұтқын бол қайтпай қалған он үш адамның жалғыз көрі шешесі, алжуға жеткен қарт атасы, аш-арық бол қалған қатыны немесе жетімсіреп, күн көруден қалып, қайыршылықта салынып бара жатқан жас балалары Абайға өз жайларын айта келген еді.

Бүгін түн жарымына шейін ас ішпей, жолдан кейін тыным алмай, бірде-бір үйге де кірмей, қараңғы далада көп үйлердің сыртында тапжылмай жалғыз отырып, Абайдың тыңдал шыққандары көктемдегі бүліктің әлегін шеккен жалшы-жақыбайдың жайлары болатын.

Келесі күні Абайдан бұрын тағы да күөлік айтатын бірер кісі өтті де, тұске тақай берген шакта ояз бен қалың топ билердің жиыны Самалбек үйінен Абайды шақыртты.

Қазір оядың сегіз қанат үйіне Абай беттегенде кешегі Бостандай сыртта жүрген барлық ел дөң басынан, алыс үйлерден, бұлак басынан, тал тоғайдың арасынан андызыдаш шығып, қаптай бастады. Билер мен ояз отырған үлкен үйге Абай табалдырықтан аттап кіргенде, сол үйді өлдеше жүзден асқан қара халық еңсере қамап, басып кетті.

Абаймен ілесе ағылып кіре бастаған топтар да бар еді. Стражники, атшабарлар Абайға жалғаса кіріп жатқан топты тоқтата алмай қалды.

Енді біразда Абай үйдегі ұлықтар мен қазақтың әр тараптан келген, әр ұлгілі киім киген өкімдерімен амандастып түр еді. Бірақ осы кезде үйге тоқтаусыз ағыла кіріп жатқан жұрттың дабыры мен шуы амандық сөздерді де естіртпеді. Абай отырарлық орынды да қалдырмайтын төрізді.

Екі жақ босағадан төрге қарай малдас құра сығылыса отырған, төстерінде знектары бар болыстар мен билер енді антарылып оязға қарады. Ояз қасындағы Самалбекпен, начальниктермен сәл жауаптасып, орнынан үшіп тұрып, бір байлау айтты. Самалбек онысын жұртқа жеткізгенде, ендігі жиынның отыратын жайы өзгеретін болды.

“Киіз үйге сыймайтын болғандықтан, қазіргі жиылыш далада болады. Барлық жұрт енді қайта шығу керек!” – деген. Ояз өзі қасындағы нөкерлерін ертіп, есікке қарай қозғалды. Осымен сияздың ендігі кеңесі тағы бір сафаттай бөгеліп қалды.

Ыстық күннің көлеңкесіз шақырайған өтіне шыдау да оңай емес. Сондықтан болыстар оязға өздерінің қошеметін көрсете түспек боп, жақын қонған бес-алты үйдің ортасына киіз, кілем жайғызды. Төбе жағын ұлken кенеппен керіп, көлеңке самал жасатты. Үйдегі үстел, орындықтарды да осында келтірген еді. Бұл алаң тағы да көп билерден әлденеше есе артық болған бөгде халықтың тобына лық толды. Отыруға сыйыса алмай, арт жағы турегеп тұрысқан. Үй-үйдің арасына сығылысқан, кей үйлердің ішіне кіріп ап, есігінен қарасқан адам топтары сіресіп алды.

Абай куәлігі басталатын кезек жетті. Енді қалың жиынның ойы да, көзі де Абайдың өзіне төңгенін, тәуір үмітпен сенгенін Абай анық аңдан түр.

Қазақ жолымен болатын талай жиындарда жас кезінен-ақ көп сөйлеп жүрген Абай бұл топтан да қорғанып тұрған жоқ. Бірақ өмірінде дәл осы жолы қатты қобалжып, қиналатын шақта тұрғандай. Сырттан, көлденен жүртттан, қа-

лың топтан қысылып, қобалжыған күй емес. Әдегте күәлік оңай да, би болу қын. Бұдан бұрынғы сан жиын бүгінгіден Абайға әлденеше есе ауыр болса керек еді. Онда бұл он ба, теріс пе кесім айтып, қын түйінді шешетін. Ақылмен, абырой, атақ барымен де жауапкер болатын. Бірақ сондай кезеңдердің өзінде де дәл қазіргідей Абай қысылған емес.

Омірдің өрін едөүір жүріп келіп, Абай енді айналаға көз тастап, өткен мен кеткенге, бүгін мен болашаққа өз кеудесіндегі танығанын, шынын ашпақшы. Бұл жиынға айтатын ендігі сөзіне Абай басқаша, ерекше бір бекініспен келіп тұр. Өз ұғымынша, қазіргі Абай анау отырған, тұксие қараған жалғыз көзді Оразбайдың алдында тұрган жоқ. Екі жұз елу знектары мойындарында салбыраған, ары да, адамшылығы да саудалы сан бидің де алдында тұрган жоқ. Керек десе, ендігі Абай сөзін хатқа түсіргелі отырған ұлықтардың да алдында тұрган жоқ. Абай өзін заманымен беттесіп тұрган адамша түсінеді. Бір есептен әке мен бала болып айтыспақшы. Тағы бір жөннен өзі әке болып, бала буынмен бет ашып, шынға жетіспекші.

Екі жайдың екеуіне де ардың ғана мегзегенін арқау етіпекші. Не сөйлерін ойлап алмаса да, нені сезетінін андал алған еді. Өзіне кезек жеткенде Абай орнынан тұрып, қоныр жұзі ақшыл тартып, басындағы тымағын алды. Екі қолын сол тымағымен қоса артына ұстап тұрып, сөйлеп кетті.

— Ағайын жұрт, бір дуан елді бір араға шоқтай жиган әлек сөздің жөніне мені күәға тартпаксыздар. Мен сол күәлікті айтқалы келдім. Кесік айтатын мен емес. Осында мансап иесі аса көп адам бас қосыпсыздар. Мансаппен адам қасиет таппайды. Адаммен мансап қасиет табады. Әділет жол тапсын, өріс алсын деймін. Қаншалық ашы болса да, әлдекімге ауыр тисе де, жұрт жарасын емдейтін дәрі сол – әділет қана. Ал дәрі ашы болса да дерпті жазады. Осыны сіздер ойлар деп сенемін де, өзіме соны арқау етемін. Қолымнан келсе, ақыл-парасатым жетсе, өз кеудеме ақ көрінген әділетті айтқым келеді. Рас, бұл жөнде

жегілдік жоқ. Өйткені кейбір қыныр көкіректер бар. Олар қаскөйлікпен, зорлықпен, арамдықтың есебінен басқаны ойлап көрген емес, барлап барған емес. Қазақ “инемен құдық қазу қыын” деген нақыл айтады ғой, мен айтсам, сол “инемен құдық қазу” кей көкіректен қаскөйлікті қуудан оңайырақ па деймін! Осы айтқан түйіндерім мениң қуәлігімнің тағы бір арқауы да тіректері! – деді.

Абай мынау жиынның бәрінің суырылған шешендік дейтін, өз өлінше ақыл-парасат дейтін жайларының бәрінен жоғары соғып, биіктеп шықты. Адамшылық ар таралысын атап, бөліп қойғандай болды.

Оны аңдаған кісі аз болғанмен, “Абай бір үлкен сөзді мегзеп түр-ау!”, “Абайлығын байқатып, біккес өрлеп барады-ау!” – деген жайды түсінген кіслер де бар сияқты.

Абайды ентелей тыңдаған өншең жұпымны киімді Уақ, жатақ тобының арасында Дәрмен отыр еді. Айналада таңдай қағып, тамсана түсіп, анда-санда тілеулес дос-жар үн қатқан жандарды Дәрмен көп естіп отырды.

– Алда айналайын-ай!

– Аузыңнан айналдым, лебінен садаға, өмісе жолың болғай-ақ та!

– Әділетті сен айтпасаң кім айттар, тостым жолыңнан жақсылықты! – дескен сөздер жеткенде, Дәрмен өзі де Абайға көлдененен, бөгде кісінің көзімен тамашалай қарап қапты. Жазып жүрген қарасөзінде, өлең, өсиет, ақылында Абай қандай екенін Дәрмен аса жақсы білетін. Бірақ өмірде, шын тірлікте, күндегі қамау-қоршауында, көп Құнанбайлардың өсіп-өнгөн ортасында отыр.

“Шынайы ата намысы көлденең тұра қалса, осы Абай аттап өтер ме еді, жоқ па еді? Сол шақты бір көрсем-ау” деген ой Дәрменнің Абайға табынған дос көңілінің бір түкпірінде арылмай, айықпай жата беруші еді. Дәл қазіргі кезең Абайды сол Дәрмен ойлаған сын өткелдің “тар есік, тас босағасының” өзіне өкелді. “Қайтер екенсің, Абай аға!” – деп, Дәрмен өзгеше ентелеп, тына тындал қалды.

Әсіресе Абай қымтансып отырған билер жағынан тырс еткен үн, қыбыр еткен қимыл көрмese де, өзінің сырт жа-

ғында тұрған иін тірескен қалың топтың ішінде таңдай қағып тұрғандар бар екенін андал тұр.

Жанағы бастау сөзін бір буын бөліп тастанап, енді бір кезде Абай осы жиын өзінен тілеген күәлікке ауысқанын айтты. Сол орайда Тобықтының Оразбайы ғана емес, өсірессе бұның аталас туыстары, ұраны бір ет жақындары қанын ішіне тартып, түршіге дем алатын бір сөздерге ауысты.

— Тобықтының Көкен елін осы көктемде шапқанын менен сұраудың қажеті жоқ. Оны жалған дейтін жан жоқ. Неге шапты? Көкен елі неліктен өзіне Тобықтының шабуылын жасатарлық қарсылыққа шықты? Осыған келейік! – деп алыш, Абай енді бүгін емес, көп бұрын болған күйлерге ауысты.

— Мен Тобықтының ұлымын. Ешкімге сатылғам жоқ. Сондықтан да Тобықтының терісін айтам, тентегін, зорлығын, бұзықтығын айтам. Ол Тобықтының қалың елін қаралағаным емес, қайта жазығы жоқ көпшілігін ақтаймын деп соны айтам. Қалың момын, жазықсыз көпшілігін арамға апарып, итеріп жығып арандатқан аз Тобықтының азғындығын айтам. Көп елді аз арамнан, зорлықшылдан, сотқардан сол Көкеннің көп елінің көз алдында ақтап алам деп айтам. Кімді атайдын, “зорлықшы, сотқар, қиянаткер, бүлік басы Тобықтыны” атайдын. Әділет соны тілесе, атаның да болса айыбын айт. Ең өуелгі айыпкер деп мен ең алдымен кешегі өткен өз өкем Құнанбайды атайдын! – деп, Абай қатты үнмен өте бір ауыр шындықты басып айтып қалғанда, өзінің бүл күнге шейін ауырлап тұрған демі жеңілейіп, тынысы кени бергендей болды. Бірақ соның орайына қарсы отырған Оразбайдан бастап айналада, әр жерде тобы жиын Тобықтылар “дүр” сілкінгендей болды.

“Астагыпрылла!” десіп, “алжыды”, “азғын” деп те әр түстен сусылдаған сыйыр байқалды. Абайды жазғырып жатқан үндер мен күйлер білінді.

Осыдан әрі Абай елу-алпыс жыл бойында момын ел, шаруаның елі – Үақтың талай қоныстарын бастығы Құнанбайды болып, көп Тобықты тартып алыш жүргенін айтты.

Өз әкесі Құнанбай Уақтан тартып алған Жымба, Арқалық, Күшікбайды түгелімен “даусыз Уақ жері” деп кесіп берді. Кеше Оразбайлар алғызыбаймын деп, землемерге бөлік жүргізбеймін деп әлек-бүлік бастаған Ақжали, Төре-құдық, Қаракұдық, Обалы, Қоғалы деген қоныстардың бәрі – Көкен елінің қай аулының, қай атасының мекені екенін Абай бұлжытпастан санап берді. Елу жылдан бері тартып жеп, баса қонып, бастыра жайлап, зорлығын өткізіп алған Тобықты бүгін Көкен елі өсіп көбейіп, еңбек етер өз жерін қайта сұраса, оны қаралайды, қылмысты етеді. Қала берсе, шауып шашшады, жазалап жарапайды.

Осы жайдың бәрін әрі шешен, әрі ызалы үнмен күйіп тұрып, көкейге қондыра айттып өткен кездерінде, Абайға енді Тобықтының көбінің жүздері туралап қарай алмады. Абай көзімен көзі кездескендері жасқанып тайқи берді. Бұл жайда билер мен әкімдерге қажет болған деректің бәрін беріп алышп, Абай сөзінің екінші бөлімінде көктем-дегі шабуылға ауысты. Ол шабуылды жасап отырған бүгінгі күннің Құнанбайлары. Солар Көкен елін ғана зарлатып, күйдіріп отырған жоқ! – деген жайға соқты. Енді сол шабуылда қаза көрген, азап шеккен талай кедей жылқышы, қойшы, түйеші, нелер сіңірі шыққан кедейдің “сойыл соғар” деп атанип, Оразбайдың отына күйіп жатқан мұнын айттып кетті.

Бұл тұста да Абай қатты толқынып, өні қуаң тартып, көзі сәл қанталай түсіп, аса демігіп, қобалжып тұрып сөйлемді. Шынымен қиналған, ар түршігіп қиналған жайы бар. Сол күйлер жиылышп, ширықтыра сөйлетеді.

– Мен осы күәлікке атаған күні келмей, бөгеліп келдім. Себебі, сол құдай үрған шабуыл күні қазаға ұшыраған жандардың үй іштерінің, өздерінің жай-күйлерін біле ба-рам деп бөгелдім. Кеше келгеннен бері күнұзын және тұн бойы Кекенниң де, Тобықтының да көп жандарының шағымын тыңдал, көз жасын көрумен болдым. Оразбай ат-тандырып апарған қолдың ішінен он үш кісі Көкен елінің қолында қол-аяғына кісен салынып, тұтқын болып әлі жатыр. Қайтқан жоқ. Осы жиынға өздерінің сол сүмдәк тұні

кем-кетік болып қалған жайын танытқалы кешегі күн нарадай балғын, балуан азamat болған мынау Бостан, анау Құлжатай, Еңсебайлар келіп отыр. Біреуінің қолы шолақ боп қалған, біреуінің бар тісі құрыған. Біреуінің қабырғасы сынған. Бұлардың әрқайсысы бай да емес, бар да емес. Өншең тақыр кедей егінші, еңбек сауған жандар еді. Естіп, ұғынып отырмын. Жүргегің түршігеді. Осылардың әрқайсысы асырап отырған қызыл қарын жас бала, айналасында қолдарына қараған жетім-жесір, кәрі-құрттан, ақсақ, тоқсақ бар екен. Дәл сол жаңағы үш бірдей жігіттің қолдарына қарап, бүгін алар азығынан айрылып, аш бұралып отырған жанның саны жиырма төрт кісі! – деп, Абай өуелі Қекен жағынан сол бүліктен жаза шегіп, жапа көрген талай үйлердің, талай жігіттердің әкелерін, шешелерін атап тұрып, күйген, түршіккен жүрекпен айтып шықты.

Содан кейін жаңа өзі алғаш атаған он үш кісі Тобықты тұтқындарын еске алды. Бұлардың бесеуі жылқышы, алтатуы қойшы, екеуі атқосшы, ылғи малшы мен жалшы екен. Екеуі Оразбайдың малайы, біреуі Әзімбайдікі. Үшеуі Жанатай болыстықі, тағы бірнешеуі Жиренше, Абралы төрізді байлардың есігінде жүрген есесіз күнқақты жалшылары. Солардың бәрін Абай сұрастырып келсе, осы күнде үй іштері тентіреп, қайыр тілеп қалғаны да бар. Әке-шешесі, жас балалары “өлді” деп күнде жоқтап, зар қағып отыр. Сол барлық малшының қазіргі күнде үйлерінің барша жандары аштыққа, жыртық-шоқпыт қорлыққа қамалып отыр.

Осы жайын және де әр кісінің атын, бүгінгі түрған мекенін, әкесін бұлжытпастан, жаңылмастан Абай атап өтіп, Самалбек тілмашқа айрықша өтініш жасады. Өзі атаған бар кедей-кепшіктің аттарын қағазға анықтап тіркетіп тұрды.

Ал, соларды апарып арандатып қайтқан Оразбай, Әзімбай, Жиренше, Сәмен болыс, Жанатай болыстар қылышы құрымай, өз бетімен кете барды! – деді. Тағы бір кезек Абай тұтқынға түскен он үштен басқа, елге қайтса да қолаяғы, басы-көзі кем боп қалған және оннан аса сойыл соғарды айтып өтті.

Бұл тұста Абайдың күөлігі бай-бағланның қорлығынан шықпай жүретін есесіз көптің көп заманнан бергі жоғын жоқтаған сөзге айналды. Бұл сөздер күөліктен асып, өкімге ауыса бастады. Жылаулардың жайын жеткізе айтқан Абай сөзі, болысу сөзі ғана емес, айыптау сөзі боп барады. Соны анық аңдаған Тобықтының Жөкен деген тобының ортасында отырған жастау, бұзық болыс Сәмен дабырлап сөйлемді. Өз қасындағыларға Абайды кінелап сөз қатты.

– Сайда саны, құмда ізі жоқ әлдекімдерге сонша әлек болғаны несі осы Абайдың? “Бояушы, бояушы” деп, сақалын бояп барады-ау! – деп, тістене түсіп, қатты ызала-нып отыр.

Бұған орай, дәл осы шақта, өзі отырған топтың арасынан Дәрмен даурыға сөйлеп жіберді.

– Әттең, Абай аға, қадірінді білер халқың аз, қайтейін! Көзім жаңа жетті ғой! “Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол!” деп өсінет айтушы ең. Қысыр кеңесін емес, қан қазынандай асылың, шының, шын иманың екен ғой! Садағаң кетейін, жақсы жан, өз аға! – деп жіберді.

Абай үшін қуанғаны да, кінөсіз көңілмен мақтанғаны да бар. Ағына қызыл тарлау тараған үлкен, нұрлы көзі осы шақта мөлтілдеген жасқа да толы екен. Қасында отырған Көкеннің жігіті Құлжатай да Дәрменді тізеге қағып, сөзіне сүйсініп кетті.

– Лебізің қалай жақсы еді! Өзің де азамат екесің енде-ше. Тобықты былай тұрсын, тіпті арғы атасы мен кешегі өз әкесінен де жыртылып айрылуға жарады ғой! “Елдің ұлы”, “елдің ері” дейтін осы-ақ та. Шын жақсыны көргенім де осы болар! Жолы болсын қадірлімнің! – деп, біресе Дәрменге, біресе айналасындағы Бостан, Еңсебайларға да бар лебізін құптатып, ентелей сөйледі.

Абай шабуылда бүліктердің пәлесін өз бастарымен тартып қалған жарлы-жалшының жайларын түгел айтып болды. Енді кеп олар жайынан түйген бірер ғана байлау сөзі бар еді. Соған оралды.

– Жә, осы бүгін сор құшып қалған жылқышы, қойшы, малшы, жалшы сол Көкеннен тартып алатын жерге сон-

дайлық құштар ма еді?! Оның жер үстіне сыйғыза алмай жүрген малы, со Көкен жерін тартып алмаса, жұтап қалар ма еді? Қоныс таппай жүр ме еді, сол кедей өзінің қара күрке, жыртық, жамау лашығына? Оған сол Жымба, Ақжал, Қарақұдықтар қара тынға керек пе еді? Жок, керек емес еді. Оларды “атқан оқ, шапқан қылыш” деп, біресе “сойыл соғар” деп апарып арандатқан ел бұзарлар жаза шеге ме, жоқ па? Бұрын аталмаған дау еді, айтылмаған өмір, билік еді. Мен бүгін сондай жандарды осындағы етіп сорлатушы Оразбай, Өзімбайлар өзгеше бір жаза шексін! Соларға дәл осы сорлатқан адамдар үшін өзге қылмыстарынан өзгеше кесім кесілсін дер едім! – деді. Бұл сөздерін де ұлықтың қағазына қалдырмай түсіруді қадағалап тұрып, жайлап айтты.

Осыдан кейін қуәлік сөзін бітіре келе: “Дау-дамайсыз, бүгін өрісі тарылған, өздері жер емшегін еміп, адал көсіпке ауысқан Көкен елінің жер дауы сол елдің пайдасына шешілсін”, – деп, Абай бір байлау жасады. Және де Тобықтының зорлығын атаған сөзіне қазір қайта соғып, енді қалың жиын қазақ билеріне анық керекті дерек беріп, өз қуәлігін тоқтатпақ болды.

– Мен басында атадым ғой. Уақ жерін тартып алу Құнанбай заманынан басталған деп. Енді сол бүтінгі даулы жерлердің қай жылдарда Тобықтының қай жуаны тартып алған жер екенін айтайын. Мениң өкем Құнанбай Жымбани, Арқалықты, Құшікбайды баса қоныс етіп, көктем кезінде алғаш қона бастағанда менің жасым он бірде болатын. Білденің аяғындағы Ақжалды Уақтан тартып алғып, еріксіз баса қонып, Шоқа қоныс ете бастағанда, мынау отырған сол Шоқаның баласы, бүтінгі мың жылқының иесі – Жиренше он алты жаста болатын. Анау Абралы он бір жасында Обалы, Қоғалыға өз әкесінің зорлықпен қондырған ауыл іргесі тигенін көрген. Қарақұдық, Төрекұдыққа Оразбайдың әкесі Аққұлы зорлықпен баса қона бастағанда, мынау Оразбай он бес жаста болатын. Мінеки, кім істеген зорлық, қашан істеле бастаған зорлық екенін білмек болсандар, білдіргенім осы! Бұны ести, көре тұра бүгін елі егес бол

шабылған, азаматы қан төгіп басылған Көкен елі “өз жерін қайта алу жол емес” десендер, осы отырған қалың би, сендерді де құдай табар. Мен болдым! – деп, сөзін аяқтап, Абай өзіне Самалбек ұсынған орындыққа отыра берді. Жұқа кең бешпетінің қалтасынан алған үлкен орамалымен кең ақ мандайның терін сүртіп отырды.

Абай қуәлігі бүл шербешнайдың қалың жұрттын қадалтқан түйін болатын. Өзін Тобықтымын демей, жалған на-мыс жоқтамай, кеудесіне сыйған ақтывы, әділеті бойынша Абай шешіп берді. Кейінгі кесік те осы қуәліктен ат-тап өте алмады. Ақыры Арқаттағы шербешнайда Тобықтының Оразбай бай бастаған бар жуаны мойны астынан келіп жынылды.

Шербешнайдың кесігі бойынша көктемде Серке жүргізбек болған землемер бөлігі дәл сондағы аталған қалыпша жүргізілетін болды. Оразбай, Әзімбай, Жиреншелер көктемде шабуыл жасап, екі ел арасына бүлік салғаны үшін айыпты боп аталады. Көкен еліне Тобықтының он бес кісі жуандары түйе бастатқан тоғыз-тоғыздан айып тартады.

Шербешнайға жиылған Тобықтыдан да көрші Сыбан, Керей, Уақ, Бура, Матай көп еді. Айнала осы елдерге со-дыр-сотқар атағы шыққан Тобықтының қазіргі жеңілгеніне қалың ел қатты ырза болады. Осы топта бір шешеннің аузынан шыққан мысқыл өзіл де лезде көпке тарады.

– Енді Тобықты – Арғын емес, Уақ – Арғын болды. Арғын – әркім болды! – десіп күлкі ете бастады.

Оразбай мен Сәмен сиязда өздері жеңілген өкімді естіп, Абайдың тұсынан қыыс өте беріп, оған бір кінө сөз таста-мақ болып еді. Оразбай Абайға тұксие қарап, сөл тоқтай беріп, сол сөзін айтты.

– Абай, қайда жетерсін, қашанға дейін баарсың, біл-меймін, әйтекүір бірақ бір үлкен пәлеге кетіп барасың! Соныңдаған есіңе саламын! – деді.

Абай оған күліп, мысқыл ете жауап берді.

– Ей, Оразбай, сенің өзің де жуан, сөзің де жуан, сойылың да жуан. Бірақ сол жуандарыңды қайда жұмсауды білмейтін сорың бар екен-аяу! – деп, айналадағы жұртты құлдіре кекесін айтты.

Абай бұл арада өзіне арналатын ендігі қастықты, өсірепе шапқа түртіп, ширықтырып алғанын аңдаған жоқ еді. Бұл оның асығып айтқан женіл сөзі болды.

Оразбай Абайға қосылып күліп қалған көп жүрттың үнін естіп, өлдебір сертті ішінен айтып, кете барды. Сәмен жастау, ызасы қатты буып жүрген Оразбайдың анық қанды көйлеқ, қараشوқпар сынары болатын. Ол өз ызасын Абайға өз аузымен айтып қалмақ болды. Оразбайдың артында іркіліп қалып, Абайға тұра қарады.

– Абай мырза, арманыңыз сол болса, жеттіңіз фой! Тобықтының иігі жақсысын жерге қараттыңыз фой! – деді.

Абай бұған ажырая қарады. Өзіне белгілі Сәмен сүмдиктарын, зорлықтарын еске алып, ыза боп кетті.

– “Жақсы…”, “игі жақсы…”, сол “жақсы” сенбісің? Садаға кет жақсылықтан! Сенің ел билеген неңді алған?

– Білем, мені сіз болсаңыз сайламас едіңіз, бірақ ел сайлаған.

– Сені ел емес, малың, парап сайлаған.

– Оны да маған көп көрген екенсіз фой?

– Татымсызға тиғен болыстық та, қор болған болыстық.

– Жарайды, тартысып көрерміз. Татыған-татымағанды ертенгі сайлау көрсетер! Тек сол жерден кездесіп бағыңыз! – деді.

Мұрнының ұшына тері шып-шып шыққан екен. Бетінің азырақ шұбары қазір алатеңбілденіп, сұрланып алған баҗыр сары Сәмен қатты ашудан қалышылдан кетті. Ендігі Абай сөзін тоспастан айнала жөнелді.

Оразбай мен Сәмен топтан онаша шыққанда қандарын ішіне тартып, қатты қорланып, үлкен кекті ашумен сыр түйісті. Бұл екеуінен соңғы кезде сөл окшауырақ отырған Есентай да енді келіп ұшеу болып қатар қосты. Бірақ иық сүйесіп “қасындамын, біргемің, не жаманатқа болса ортақпын” дегендей белгі білдіргені болмаса, Есентай бұл шакта тіл қатқан жоқ, өзір қатпақ та емес. Оразбай қаны қашып, жалғыз көзі шаншыла қарап, Сәменмен онаша ғана тұрғанын аңдал алды да, өзгеге айтпайтын бір сөзін бастап қалды.

– Айтып едім, аталы жау алыста емес, қасында! Ол – осы Үбыйрай деп!..

Әлі де демігін баспаған, ашуы алқымына тығылған Сәмен іле жөнелді.

– Жаулығына қапы жоқ! Тобықтының жақсысын жер қылуда, соның ішінде өсіреле сіз бен мені жер қылуда бұның аянары жоқ екен деп білдім!

Оразбай кекесінмен Абай айтқан бір сөзді тістене, кіжіне түрып, мазақ қылышп қайталап айтты.

– “Сойылың жуан, сілтер жерінді білмейсің!” – деді ғой.

– Бәсе деймін, осы айтқан сілтер жері жадында бар ма, Оразеке?! Өнеугүні қазақ хан-төресі Әзімқан айтпап па еді екеумізге?! – деп ентеп, Сәмен қазір жарғыласқан жұлысқа, тартысқа түскелі түр. Оразбай Сәменді иығынан ұстап, құптарап, ырғай түсті:

– Бәрекелде! Есіме жақсы салдың! Әлі осы менің қолыма құрық ұстатып кетпеп пе еді, тілеуің бергір сол төре! Айтпап па ем, “ендігі қазақтың басшысы сол” деп! Мен соған бастатам да қостаймын. Жалғыз-ақ... – деп, Оразбай өз бармағын өзі тістеп, жалғыз көзін тәмен салып, ба-сын шайқап, бір өкініш ойлап қалды. – Не керек, орайы келген бір орын осы еді! Жаңағы сол Үбыйрай айтқан қорлық сөздің тұсы еді! Әзірленбей қапы қаппын ғой! Опық жеп тұрганымды қараши! – дей берді.

Сәмен бұл тұста да Оразбайдың есіне тағы бір таяу тұрган кезеңді салады. Ол енді Оразбайдың неге бекінгенін біліп түр. Өзі отқа түсердей өртеніп алған сотқар енді тек Оразбай осы байлауынан таймаса екен деп тілейді.

– Өкінбе, Оразеке, ниетің шын болсын, кезегі кеткен жоқ... әлі мезгіл өткен жоқ.

– Енді қай кезек?

– Кезек – алдағы сайлау. Білдіңіз ғой, жаңа жариялады. Ояз бен екі начальник осы беттерінде қалаға қайтпай, қыр болыстарына сайлау жасап қайтатын болды. Он бес күндей Қызылмола, Енрекей, Қандығатай болыстарының сайлауын өткізеді де, тап бір жиырма күн орайында біздің То-бықтыға келеді. Маған числоның он бесі мен жиырмасы-

ның арасында жайлауда “үй тіkkіz, болысыңды сайлауға өзірле!” – деді ғой. Кез кезең деген осы емес пе?

– Оған кім келеді, бара ма Ыбырай?

– Барады! Тек мені қайта болыс қоямын деп Мырза-Жөкен сөз біріктірсін. Абай жаңағы қалың ел көзінше мені қауып сөйлеген сөзінде, аты жетсе, қайта болыс сайлататын түрі жоқ. Қолынан келсе, мынау ояз бер тілмашқа барын салып, мені түсіретін аңғары бар. Ал енді сол жерден пәле шықпай, не шығады? – деп барып, Сәмен бұның өзіне Абайдың неліктен қатты ызалы екенін айттып берді.

Қоңыркөкше деген елдің өткен сайлауда болысы бо-лып бекілген Сәмен өз елінің қасқыры болды. Көкшениң көп кедейін жылатып, “аулын шапты, жерін өртеді, жесірін шулатты, малын үрләтты” деп, айналадағы елге Сәменді қатты қаралайтын аңыз тараған. Осы сөз Абайға жеткен.

Абайға “қолынан келсе, тілің жетсе, осы пәледен елі-мізді құтқарып бер. Бұл ертегінің екі басты жыланынан кем болмай түр. Ат пен асты фана алмай, адамның арына, басына жетер болды” деп, көп момын ел Сәменнің үстінен ұлыққа да арыз жазған. Приговорлар түсірген. Абайдай көлденең ағайынға да көп шаққан.

Осы сөздің көбі Абайға анық жылаулар жұрттың аузы-мен бұрын да айтылған еді. Кешеден бері мына Арқат ба-сында да айтылды. Абай аулынан шығып, Қоңыркөкшенің қалың жайлауын аралап келгенде, жолдағы көп елден де осыны естіп келген. Жылаған жұрттың көз жасын көріп тұрған Абай жиренішін жасыра алмай, жаңа шарай топ-тың алдында Сәменді бетке қамшымен ұрғандай, соққы салды. “Сен ел иесі болмай, ел жақсысы атанбай, елден садаға кет!” – деді. Ендеше, бұл Абай неғылса Маковец-кий оязға Сәмен болыс туралы ойдағысын айтады. “Сай-латпауға да тырысады”, – деп, Сәмен мен Оразбай қазір Абайдан жаңа бір қаза құтті.

Осының арты Оразбай мен Сәменнің алай-түлей көп әрекетін туғызды. Оразбай Арқаттан шығып, Сәмен болыстың аулына барды. Бұның елі “Жаман Тобықты” ата-натын. “Жаман Тобықты” өздерін “Жөкен” деп атандыр-

ған. Қоңырқөкшениң көп елінің бірі осы Жөкен, онан соң Мамай, тағы бір азырақ тобы Кекше. Қазір Оразбай Сәменді қасына алып отырып, үш күн ішінде қанжайлаудағы Жөкенің бар атқамінерін жиды. Мамайдың ең үлкен руы – Мырзаның бай-бағланын және шақырды.

Соларға құдай, өруақты айта отырып, Құнанбай баласы Ыбырайды өлердей жамандады. “Арқаттағы сиязда Тобықтыны жер қылып Уаққа жығып берген Ыбырай. Сол Ыбырай ертеңгі сайлауда сенің бәрінің басынды тексіз, құнсыз бір кедейдің, бір Кекшениң қанжығасына байлап береді!” – деп отырып, әлденеше бозқасқаны да сойғызды, көккасқаны да жесті. Сейтіп анттасып, баталасып отырып, Қоңырқөкше болысъының Мырза, Жөкен деген ең көп елдерін өз жағына, өзі арқылы Сәмен жағына ант ішкізіп, анық байлап, қосып берді.

Осыдан кейін он бес-он алты күн өткенде Жөкенің жайлауы Ақшатауда үй тігіліп, Көшбике деген қоныста сайлау жүретін болды. Оразбай аз күнге аулына қайтқан еді. Дәл сайлаудан он үш күн бұрын Сәменнен қос атпен шапқан хабаршы келді. “Елге, шарға салса, женіп алып отырмын. Болысқа өзім сайланатын жөнім бар. Бірақ сайлау басына Абай келгелі жатыр. Ол оязбен, тілмашпен келіседі де, кесірін тигізеді. Өзің жетпесең болмайды. Дегенін рас болса, табылар жерінен табыл, Оразеке!” – депті.

Оразбай осы хабарды ести сала атқа мінген. Қасына ерткені тағы да үзенгі серігі Есентай. Ол бұл шақта да Оразбайдың шойын шоқпары тәрізді зілдей ауыр салмақ танытады да, тек үндемей ғана ере береді. Оразбаймен екеуі де жасында ұры болған, жортуылыш болған себепті қазір егде тартқандарымен, атқа мінсе, қатты жүрісетін. Жері алыс болса да, Көшбикеге араға бір-ак қонып жетпек болысты. Жолда жұмыс бітіре, серт байласа кету үшін қонатын аулы – Тәкежанның аулы. Сонда астындағы аяңшыл ақжал аттың алдын аяңдатып, артын желдіре отырып, қасындағы үш-ақ кісі жолдасымен Оразбай ымырт жабыла асыға келді. Сол арада шай ішіп болмастан-ак, Тәкежан Әзімбайды тек өз қасына оңаша алып, жақын жердегі аулынан Шұбарды шақыртып келтірді.

Осы үш Ырғызбай мен Оразбай далаға оқшау шығып алдып, тұн жарымына шейін аса құпия, сұмдық бір байлаудың түйінін түйді. Бар сөздің аяғында Әзімбай мен Шұбарға тағы бір соңғы салмағын сала, Тәкежанның көзінше сөз таstadtы.

— Екеуің екі “бердінің” баласысың! – деп бастады.

Тәкежанның шын аты – Тәнірберді, Шұбардың әкесі – Құдайберді. Соларын атағаны болатын.

— Арысы Өскенбай бидің, берісі кешегі қажы Құнанбайдың әруақтарын шақырып ауызға алсам, қасымда бел балалары екеуің барсың, өзіммен бірсің! – деп кетемін. – Үбырайды сол “әруақ атынан садаға” деп, “ата ұлынан шығарып таstadtым” деп кетемін! – деген. Осыны бар сырдың байлауы етіп аяқтаған да, тына қалған.

Жаңағы үш Ырғызбайға кезек қарап, үндерін бағып отырып алған-ды. Олардың бір-біреуінен сөз шыққан жоқ. Бірақ жаңағы Оразбай аузындағы үлкен қырсық пөле сөзге бірде-бір шіміріккен де, түршіккен де жоқ. Үндемегендері болмаса, құптамай отырған жоқ. Шұбар болса, Оразбай оған әсіреле қадала қарап қалғанда, ақырын ғана, болар-болмас қана бас иді. “Мақұл, құп көрдім!” – дегенді аузы айтпаса да, анғары танытып отыр. Әзімбайға, Тәкежанға Оразбай онсыз да күдік қылмайтын.

Шұбардың жаңағы үрлап аңdatқан сараң ымын жалғыз көзбен анық көріп таныған Оразбай енді: “болды, бітті” – деп қамшысын мықынына таянып сүйенді де, тұра берді. “Тарт атымды!” – деп бүйрек та берді. Сонымен, келуін ымырт жабылған, көз байланған кезге дәлдеген Оразбай ендігі сырын, жайын да көзге түсіргісі келмейді.

Мынау Ырғызбайларды, әсіреле Тәкежан, Әзімбайларды олардың тілегі бойынша Оразбай құпия қып ұстамақ. Бұлар әзіргі орындарында осылай отырғаны, жарыққа шығып бет ашпай, бүркеулі отырғаны Оразбайға жайлышақ. Сол себепті таңға аял қылмай, осы тұннің ішінде ас ішкен соң қымызға бір тойып, атқа мінді. Аяңшыл ақжал атын қатты жортаққа салып, жас күндеңі жортуылышы бұлаң құйрығымен Көшбикедегі сайлау басына салып, жөнеліп кетті.

Абай Сәменнен өзгеше жылаулар болған Көкше, Мамайдың адам түршігер қорлық жайын тағы да естіп, үйінде жата алмаған. Арқатта осы елдің содырларына қарсы алысты. Енді осы сайлауда тым құрса Сәмендей, Өзімбайдай жеміт болыстарды орнынан түсіртіп, “аз да болса жұрт басына жеңілдік әперіп көрем” дейтін. Сонымен, Көшбикедегі сайлауға о да жүрді. Бірақ Оразбай түнделетіп, түн қатып, таң сәріде барып түскен сайлау басына Абай келер күні екінді кезінде ғана қасындағы төрт кісі жолдасымен асықпай кеп жеткен еді.

Жақын жандардан қасына ергені Кәкітай болатын. Қалған үш кісі бөгде көрші, тек бір сапарға қосылған кісілер. Ояз да сайлау басына жаңа ғана келген екен. Абай оңаша бір үйге өз жолдастарымен келіп түсіп, аз ғана сусын ішіп, енді оязға өзі келген жөнімен кірмекші болып еді. Бұлар түскен үйде жанағы сусын берген күтушілер Сәмен болыстың әдейі қойған адамдары болатын. Оның бір жылпышың жігіті қымыз құйып отырып, Абайдың оязға бармақ байлауын естіді. Енді жылт етіп, аз уақытқа үй сыртына шыға қойып, бұны тосып отырған кетік сарыға “Абай ұлыққа қазір кіргелі отыр, барып айт!” – деп хабар жіберді.

Абай отырған үйге көрші үйлерде тығызып сайланып отырған, қандарын ішіне тартқан елу-алпыс атқамінер бар екен. Солардың тап алдына Сәмен түсіп алыпты. Бәрінің қолында қамшы ғана емес. Кейбіреулерінде қолшоқпар, тағы бірлерінің сапысы да бар. Абай отырған үйге осы топ беттей бергенде, Есентай тап беріп, Сәменді сәл тоқтатып қалды да, өз бойымен топтан тасалай шеттете берді. Бітік көздерін бұл жерде айқындалап аша түсіп, тұқыра қарады.

– Сәмен, қол батыр болмай, жүрек батыл болмас... – деп, Сәменнің қолындағы жіңішке қамшыны алды да, өзінің сегіз өрме, бұзау тіс дырау қамшысын ұстады. – Еттен етіп, сүйекке жеткен ызамыз бар-ды. Тапсырдым, Жөкең әруағына? Аяма да... Аянба! – деп, Сәменді сөйлетпей жөнелтіп жіберді.

Әзәзіл қан тілегенін танытып қалды. Абайдың үстіне есікті шалқасынан аштырып, аттап, екпіндең Сәмен кірген-

де, қалған он-он бес кісі қатарынан қаруларын жасырмай иін тіресе сұғына берді. Сәл сескеніп, үнсіз қарап қалған Абайға Сәмен тура басып, адымдап кеп, қатты сұмдық бір боқтық айтты. “Сонынан қаласың ба, жоқпышың!” – деп, қамшымен бастан тартып жіберді.

Сол-ақ екен, Абайдың үлкен денесі қозғалып тұруға да мұрша келмеді. Соққы жауып кетті. Кім екені белгісіз, жаңағы келген топтың ішінде енді Абайды талап өлтіруге айналған түрді көріп қимаған біреулер Абайдың денесін бүркеп құлай кеткені де болды. Олар біреу емес, бірнеше адам. Осында әбігер арасында Абайға қамшысы тимей қалғандар Кәкітай мен қалған жігіттерді сабай жөнелді. Жан ұшырған Кәкітай, қалай шыққаны белгісіз, жаңағы үйден жұлқынып шығып, сонынан қуған қамшы астында шырылдай айғай салып, орысшалап: “Құтқарыңдар, көмек етіндер!” – деп, ояздың үйіне қарай жүгірді.

Бірталай уақыт өткенде, ояз үйінен шыға, мылтық ат-қан стражниктердің әрекетін андалап барып, жаңағы қаптаған жаулар жан-жаққа шашырап, тарап кетті. Бірақ Оразбайдай қара ниетті жаудың дегені болды. Өлімнен де аяйын деген ниеті жоқ. Сәменнің талайдан кескекті иттей ырылдап, арсылдан, кіжініп жүрген тілегі болды. Жауыз дүшпандардың құндіз-тұн, айлар бойы, жылдар бойы қамауында келе жатқан, талауын тосқан, бірақ тәуекел етіп, шыдан тосқан Абай бүгін өлімнен бетер жаза шекті. Бұның басына тиғен сокқы, етіне түскен жара, бетінен аққан қан бейmezгіл заманның адад ұлын қасқырша талаған қас қимылдың айғағы еді. Ол соққы Абайға ғана тиғен сокқы емес, қазақтың халқының арына соққан сұмдық соққы болды.

Абай есінен танып қалған екен. Ол не болғанын андай бере, өз ішінде жалғыз ғана удай ой ойлады. “Несіне тірі қалдым, өлсем етті!” – деді. Ишінен сан рет қайталап айтқан арманы осы.

Абай Шақпақтағы ауылға кеше келген. Барлық ауылдың үлкен-кішісі, көрші-қоланы, етбауыр жақыны – бәрі Абайдың жүзіне тура қарай алмайды. Бейне бір сондай

ғазиз, ұлы жанның алдында өздері айыпты тәрізді. Бұл жараның атын атай да алмайды. Соққы Абайға ғана емес, оны сүйген, оны қимаған, қадір тұтқан жандардың дәл өз бастарына тиген соққыдай. Халыққа тиген соққы немесе жазығы жок, қасиетті қарт ананың бетіне соғылған қаскөй, сүм соққы тәрізді.

Әйгерім Абайды құп-қу болған өңменен, екі көзі мөлтілдеп толған жаспен аттан түсіріп, өз қолымен есік ашып, қарсы алған еді. Құндіз де, тұнде де ол Абай жүзінен бұрыла берсе, үн шығармай жас төге береді. Осы екі-ақ құннің ішінде ақ жүзіне айқын сызық әжімдер түсіп, көкшіл көлеңке уайым таңбасы білініп, оп-оңай күрт құлап, қартаң тартып қалғандай.

Абай өзі де үнсіз де қыбырсыз. Бар мен жоқтың арасында бір мен-зенде.

Бұл құндеңі қасірет жайды аса қатты күйік еткен Дәрмен еді. Ол өзінің отауына есіктен кіре бере, төсек жанында іс тігіп отырған Мәкенге Абай шеккен жазаны ұғымсыз бір былдыр сөздермен айта берді. Биік төсектің кестелі ақ жастықтарына бетін басып, тұншыға еніреді.

Мәкен де жан ұшырғандай саңқ етіп үн қатып, біресе қатарына кеп, Дәрменді құшақтай қозғап, уатқысы келеді. Біресе өзі де тұла бойын өрт шалғандай жылаған үнін ірікпестен зар-зар етеді. Екеуінен де кезек-кезек, дүркін-дүркін:

– Қайран ағатай...
– Әттең, асылым, ағаекем!
– Садағаң кетейін, ағатайым, ардақтым!..
– Құрбаның болсамшы, ағажан... – деген жан сөздерін ыстық жалынмен кейде қатар, кейде бірін-бірі қостай айттысады.

Ұзақ шеккен қапа-қасіреттен соң Дәрмен ес жия бере, бір-ақ ой түйді. Сонысы Қөшбикеде болған қорлық қазаның анық шыны, сырьы еді.

– Кешегі Арқаттағы сиязда берген куәлігің үшін-ау!
Ар үшін, адамдық үшін, адамзаттың асылы, әділі боп берген куәлігің үшін жауыздардан жапа шектің-ау! Асылым,

арысым!.. Қайран үстазым, ағажаным!.. – деп, Мәкенмен екеуі ғана болған сөтте осындағы ой тұбіндегі оқшаша шерін шеккен-ди.

Осымен келесі күннің екінді шағында ауыл үстінде бір шаң-шүң шығып қалды. Соңғы күндер Тәкежан аулы да Абайға қоңылқостық білдірген тәрізденіп, осы араға, Шақпаққа көшіп келіп қонған. Жаңа Мағаш пен Кәкітай, Баймағамбет үшеуі ат үстінде келе жатып, ойда жоқ жайға кездесіпти. Тәкежан аулының сыртында бір тұп талдың арасында тығыла түсken ерттеулі ат көрініп тұр екен. Бұлардың тықырын естіп, басын жұлып алып қараған тортөбел атты Мағаш пен Кәкітай екеуі қатарынан танып қапты. Тани сала бір сүмдық сезіп, екеуі тап береді. Сонда жаңағы тортөбел аттың бауырында тығылып отырған Оразбайдың атышулы ұрысы – Қиқым атып тұрады.

Ұзын бойлы, орақ тұмсық, көсе қара Қиқым тегін келген емес. Кәкітай қатты үнмен айғайлап: “Әй, тоқта!” – деді.

Сонда секіріп атына мінген Қиқым ауылдарды сырттап, батыс жаққа, Оразбай аулы жаққа қарай қаша жөнелді.

Мынау үшеуі құғанмен, анау белгілі жарап жүрген бәйге тортөбел ат шаңына ілестірмей, Қиқым құтылып кетті. Мәлім болған жай Кәкітай мен Мағашты отқа салғандай күйдіріп жіберді.

Мынау бәйге тортөбел осы жігіттердің ағасы Ақылбайдың атақты жүйрік “Таңбалы ат” дейтін аты еді. Соны Ақылбайдан Әзімбай сұрап алған. Ал былтыр жайлауда Әзімбайдан Оразбай аулы құдалық, қоңілдестік жөнінен қолқа салып, сұратып алған-ды. Есболатқа барғалы “Таңбалы ат” үш рет бәйгеден келді деп естілген.

Енді міне, сол Таңбалы атқа, Оразбайдың атына оның сайқал ұрысы Қиқым мініп келіп, Тәкежан аулының сыртында жұрт көзіне көрінбей тығылып отыр. Неге отырғаны жас жігіттердің қоңіліне таныла қалды.

Оразбай Әзімбай мен Тәкежанға астыртын жансызын жіберіп, Абайлардың не өзірлігі, не ниеті бар екенін біл-

діргелі отыр. Кәкітай мен Мағаш Абайдың өзі отырған үлкен үйге ләнет айтып, түршігіп сөйлеп келеді.

Үйде үнсіз отырған Абай енді ғана елең етіп, аналар есіктен кіріп болмастан: “Тағы немене? Айт шындарынды, не білдіндер?” – деп, қатты зеки сұрады.

Мағаш жаңа көрген жайды әкесінен жасырмай, Тәке жанды “құдай атты ғой, құдай атқырды!” – деп отырып, ашып айтып берді.

Сол-ақ екен, Абай: “Әпер тымағымды!” – деп, Баймағамбетке қол созды. Баймағамбет тымағы мен қамшысын қоса берген еді. Абай асығып, даусы дірілдеп, атып тұрды. Жалғыз-ақ сөз таstadtы:

– Мені шағатын жылан қойнымда отыр ғой! Несіне қалам бұл жерде, бұл елде?! Жоқпын мен сендерге! Шық, жүр, Баймағамбет! – деп, ақыра бүйрық етті де, Баймағамбетті ертіп, тыска шықты.

Соңғы бір айдан бері өзі мініп жүрген Есентайдың “Сұржорға аты” деген ат белдеуде байлаулы тұр еді. Соны өзі шешіп мініп алды. Баймағамбетке нұқсан, Мағаштың атын көрсетті.

– Мін мынау атқа, баста мені! Кеттік бұл елден, бұл қу өмірден! – деді. Өні аппақ боп бозарған. Бойындағы үнсіз қатты ашудан бетінің түктөрі бозарып шыққан. Баймағамбет кермедегі атқа қарғып мінді де, Абайдың алдына тұсті.

– Қалай бастайын?

– Тарт батысқа қарай! – деп, Абай Сұржорғаны тебініп, қамшылай жөнелді.

Мағаш пен Кәкітай есі шыққандай не қыларды білмей, дал болып, үркіп қалысқан еді.

Абайлар тасырлатып қатты кетіп барады. Осы кезде енді сыртқа шығып, әлі аңырған күйде тұрып қалған Мағаш пен Кәкітайдың қасына Ысқақ пен Шұбар ат үстінде тақап келіп қалған еді. Ысқақ алдында тұрған жастардың ажарын жақтырмай шошынып қалып: “Ой, немене, не болған? Анау Абай ма?! Қайда барады? Не қып барады?” – деді.

Мағаш бұл туысқандардың жүзіне қарамай, қырын тұрып, өзімен өзі сөйлегендей, шатасқандай бір жайды айтты.

– Білмедім, бұл дүние не боп барады?.. Кетті елден, бұл жүрттан... Күдер үзіп!.. Енді қайта оралмас боп кетіп барады, әне!.. – деп тоқтап, тамағына жас тығылғандай, ызалы жас түйліп тұрып қалды.

Сол-ақ екен, Шұбар сәтте құбылып, жаны қүйген кісі боп: “Не дейді? Құдай-ау, не дейді. Жібергеніміз бе? Жүрсөңші, Ысқақ аға!” – деп, атын борбайлап, Абайдың соңынан шаба жөнелді. Ысқақ бірге шапты.

Жайлаудың бұлтсызы ашық кеші батып қалған еді. Үлкен шарасы қып-қызыл бол шөгіп бара жатқан күн алыстағы саржотаға жарым бойымен бата берген шақта, бар дүние қызыл арай, соншалық айқын қызыл бояуға малынғандай. Жырақтағы таулар да, жақындағы мал, ауыл-үйлер де, қазір міне Абай мен Баймағамбеттің қатты жортып келе жатқан аттары мен өздері де сол қызыл іренде, басқарған, өзгерген.

Енді біразда бұлардың өз аттарының дүбірін басып, тасырлатып шауып келіп қалған, арттан құған кісілердің анғары байқалды. Абай бұрылған жоқ еді. Алда келе жатқан Баймағамбет бұрыла берді де, ат басын іркіп, тоқтай қалды.

Сол арада шауып кеп жеткен Ысқақ пен Шұбар Абайдың екі жағынан жарыла келіп, жете берді де, аттарынан секіріп-секіріп түсті. Ұзын бойлы, ұзын қара сақалды Шұбар қазір сұп-сұр боп алышты. Зарлап: “Ағатай, Абай аға, қайда барасың?” – деп жүгіре басып кеп, Сұржорға аттың шылбырын қолына алды.

Абай бұның үнін де, өзін де жақтырмай: “Тұр былай, жібер!” – деп еді.

Шұбар сол сәтте Абайдың атының шылбырын өзінің мойнына ұзын сақалын қоса бастырып, екі орап алды. Соншалық жасанды құбылыс көрсетіп, түк аяmas жан болып, даусы да дірілдей түсті. Анық аяр құбылдың сөзін таставады.

– Кетпейсің еліңнен, бауыр жұртыңнан! Айналайын Абай аға! Кетер болсаң, міне, мені буындырып, атыңың тұяғына бастырып, өлтіріп кет! – деп айғайлап жіберді.

Енді Ысқақ та келіп, жаяу күйде Абайдың атының сұлығынан алып тұр еді. “Сабыр қыл, Абай!” – деп, ол анадай аярланбай, бірақ шын қысылып, күйзелген кісінің үнімен сейледі.

– Жаңа ғана жайын біліп шықтым. Анау сүйген балаң Әбіштің санадан сарғайған жары, қайғылы Мағыш қазір үзілгелі жатыр! Сені “соңғы демім үзілерде бір көріп, ырза қош айтсам” деп арман етті. Кешегі Әбішіңнің әруағын ұмытасың ба? Бұ да балаң еді. Қош айтпай кетесің бе? – дегендеге, Абай шұғыл өзгеріп, алдыңғы байлауынан амалсаз айнып қалды.

– Соным бар ма еді? Менен де мұңлы сорлым бар ма еді?! – деді. Амалсыз қайтатын жайының белгісі еді.

Дәл осы минуттарда, оқшау отауда, биік төсектің алдына салынған жертөсекте өмір бойы бірде-бір рет қабақ шытысып көрмеген жандай досы Мәкеннің тізесіне басын салған күйде Мағыш үзіліп бара жатыр еді. Соншалық сау, сұлу біткен жас денесі бар тұлғасын улатқан қасіреттен енді ғана мұлде жеңіліп болған. Екі жыл бойында ұзак қайғы-қасірет шеккен сол Мағыш өзінің ғашық жары Әбішіне берген сертін енді міне орындағы.

Бұның жұбаныш білмеген, уануды ойламаған, ұдайы ғана у жұтқан қасіреті бар-ды. Соны ойлап Абай биыл және де Әбішін еске алып, бір шер толғау тудырып еді. Осы зарының соңғы жолдарында:

Тиянағым, тұрлауым,
Енді кімге асылдым!
Ойламадым тұғанда,
Бір өзіңе бас үрдым.
Жалғыз сенен айрылып,
Артыңа қарап аһ үрдым!
Ойламадым еш жанды,
Өзіңе ердім онаша.

Рақаттанып, мақтанып,
Қылушы едім тамаша.
Шыны сорлы мен-дағы,
Мағыш байқап қараса!.. –

деп, Мағыштың шеріне дәрмені біткен өз шерін қосып еді.
Жұбана алмаған Мағыш дегеніне жетті.

Қазір Абай Шұбар мен Ысқақтан бөлініп, Баймағам-
бет екеуі боп, Әбіштің қаралы отауының сыртына кеп, жаңа
аттан түскенде, Мағыш үзіліп кетті.

Жылап отырған Мәкеннің жүзінен Мағыштың қайтыс
болғанын білген Абай, енді есіктен кіре бере еңкілдеп жы-
лап, еңіреп келіп, Мағыштың жүзін құшып, кесек-кесек
ыстық жастарын төгіп-төгіп жіберді.

ШАЙҚАСТА

1

Көшбикеде Абай басына жасалған қастық көп заман жүрт аузынан кетпеді. Әрине, бұл жөндегі сөздер, сезімдер, неше түрлі сыйбыс, лақап әңгімелер әр ортада әралуан болған. Көбінше біріне-бірі қайшы, ерсі түрде де айтылып жүрді. Ырғызбайдың әншнейінде жуансыған, қолшыл болып мықтысыған үркөппе даңғойлары, бұл тұста құр күпілдектен асқан жоқ. Алғаш Абай қайтып келген күні бірталай Ырғызбай ауылдары сойыл ұстайтын, соғысқа шығатын жігітсұмақтарын атқа мінгізді. Бұлар Ақшатаудан, сайлау басынан өз еліне қайтып бара жатқанда Оразбайды жолдан тоспақ болысты. “Өлтіреміз”, “көзін жоямыз”, “жолда тосып жайратамыз!” деген боп, көбінше күндіз ат ұстасады. Әр ауылға түсіп, қымыз ішіп, гулесіп алып, топ-топ болып төбе басына шығысады. Бірақ тұс аумай, кеш батпай, қымыздың қызуы қайтумен бірге өздері де тарасып, үйді-үйіне қайтысады.

Оразбай болса, осы доңайбатты естіп-ақ, сескеніп қорықкан-ды. Сонымен, ол Ырғызбай ауылдарының үстінен жолы өтетін болғандықтан, түнделетіп қашып кеткен. Аулына бара сала Әзімбайға астырытын кісі салып, Қиқым сияқты жырынды ұры немесе сондай сырқынды ку мен сүмдарды жансыз ғып, Әзімбайға тыңшылыққа жіберіп отырған. Ырғызбайдың алғашқы құндер лаураған бір тобы Тәкежан жағына, Әзімбай мен Шұбардың қабағына, ажарына қарайды да, тартына береді. Себебі олар соншалық алып-ұшып “қырайық”, “жояйық”, “соқтығайық”, “атта-

найық” дей қоймайды. Бұл жақтан арыны азайып, ашуы қайтыңқырап шыққан сол адамдар Абай аулына келіп, тағы да қыратын, жоятын кісі боп даурығып көрген. Осындаидың бір тобын Үрғызбайдың үлкені Үрсай бастап, Абайдың үстіне кірген. Үрсай әрі жылап, бұлығып, әрі күйініп тулаған-ды. “Қарағым, не бұйырасың, жауыңың қолында өлгелі келдік! Шап десең шабамыз, еліс десең, бара алысып-жұлысуға өзірміз міне!” – деген. Қасына еріп келген жиырма шақты Үрғызбайдың үнсіз тобын, бурылсақал, қара сақал көп тоғышарын көрсеткен. Бұлармен бірге Абайдың енді не тілейтінін білгісі келген Кәкітай, Мағаштар да Абайдың үстіне келген қалпынан өзгеріп, ендігі ойындағы бір ғана сөзін айтқан.

– Қапқан иттен өш алам деп мен де қапсам, аузымда не қасиет қалады! – деп қойған-ды.

Абайдың алдында немесе Мағаяния, Кәкітай сияқты оған жақын жандарының алдында өртке де түсетін кісі боп көрінген Үрғызбайлар Абай аулынан адым жерге шықпай-ақ басылышқан-ды. Өйткені Құнанбайдың қалған екі бала-сының ауылдары бүлініп, дүрлігіп жатқан жоқ. Олар түк айтпаса да үндеңей, сазарған қүйлерімен көп Үрғызбайға қүй танытқан, қабақ анғартқан.

“Аталас, жақын”, “ауылдас” деген ортандың жайы осы еді. Бірақ Шыңғыс болысының көп елі, әсіресе момын көпшілігі Абай үшін шын намыстанып, шынымен қатты күйінген болатын. Сол қалың елдің ызалы, жігерлі, күйінішті сөздері көп адамға, жай орташа көпшілік азаматқа қатты батқан-ды. Аз күн ішінде осы көңіл, көп көңілі Шыңғыс болысының сыртындағы өзге болыстарға, Тобықты көпшілігіне тез тарап, жайыла берді. Болыс емес, бай-бағлан емес, партия басы атқамінер би емес, жай көптін, момын көптің талайы Абай үшін қүйінішті, өкінішті де болды. Сондай жандардың бір топтары Мағашты, Кәкітайды ортаға алып, Абай кегін Оразбайдан алу жайын да айтсысты. “Абайдың өші ғана емес, Оразбайдан елдің өшін ала-мыз. Бір өзі емес, оған құрық берген айыпкердің бәрін

жазалаймыз, айып тартқызамыз, бетін айдай етеміз. Өзін жазаға, мал-дүниесін қазаға ұшыратамыз!” – дескен де болатын.

Бұл сөзді Абайдың өзіне айтпаса да, “оның жақсы көрген баласы” деп және “ендігі жастардың білгірі, естібастысы” деп Мағашқа салған. Өзара кісі жіберісіп, хабарласып алып, аужай түйісіп “е” дескен ел Тобықты ішінде бұл жөнінде аз емес-ті. Осындай кездे өлі де ата ұлымен санасатын Мотыш, Құлық, Дұзбембет, Қарамырза деген елдің дұрыс адамдары өзара сейлескен. Солардың тобынан Мағашқа Қодыға деген кісі елші бол келіп қайтты. Оразбайға жері жақын Сақ-Тоғалақ дейтін, Жуантаяқ деген тобы қалың елдерден де кіслер келді. Көрші Көкше мен Мамайдан да қөнілқостық, тілеудостық білдіргендер болған-ды. Бәрі де жаңағы айтқандай: “Оразбайдың бетін айдай қыламыз, айыпты етеміз, сол айып-қиыбымен Абайдың аяғына әкеп жығамыз”, – дескен еді. Бұндай жаймен келгендердің бәріне өзірге Мағаштың да берген жауабы өте сараң болатын.

– Әкемнің ары малға сатылатын ар емес. Менің әкемнің адамшылығы жауыздың зұлымдығын малмен емдеп, айыппен ақтап, тыныш қалатын адамшылық емес. Бұндай емді әкем де қабыл көрмейді. Мен де мақұл дей алмаймын! – дейтүғын.

Оның осылай айтқан жауаптарын кейін естіген Абайдың өзі де құптаған. Және Мағаштың осындай санасы мен адамгершілік таразысын Абай іштей сүйсініп бағалап еді.

Қалайда Көшбикеде жасалған аяmas жаудың жауыз қастығы Абай мен Оразбайдың өздері түрған елге ғана естіліп қойған жоқ. Қазір, міне, сол сүмдік істен бері бір жылға жуық уақыт өтті. Ел тағы да жылдағы дағдылы жайлау-қоныстарында, бұлак, бастау өрістерінде мерзімді тіршілігін етуде.

Талай мезгіл өтсе де, сол болған қастық туралы халық аузы өлі тыйылған жоқ. Енді Абай түрған Тобықты елі емес, Абайдың өлені, өсиет сөзі, қамқорлық қарекеті естіліп, жақсы аты тараған елдің бәріне қаскөй, зұлымдық іс

те өшкере болған. “Жаманат жатпайды” деп, Абай жөніндегі осы жаманат қазіргі шақта шартаралты шарлады. Әлі де үлкен рулармен аталатын: Керей, Найман, Уақ, қалың Арғын – бәрі де естіп, білген хабар болды.

Даланың елі, көшпелі жұрттың жайлау, күзеу, көктеу, қыстаулары ғана естіп қойған жоқ. Біртіндеп, жаяулап тарап, бұл жаманат Семей облысының бес оязындағы қала-қалаларға да жеткен. Жан-жақтың көп елі, ояздары келетін болыстың орталығы Семей қаласының өзі түгел көп әңгіме айтатын. Сол Семейге дуаны қарайтын болған соң, Қарқаралы, Кереку, Өскемен, Жайсан, Көкпекті, Баян сияқты қалалар да қаранды қылмыстан хабардар болған. Семей облысына көршілес болыс – Ақмоланың Қараөткелі, Жетісүйдің Шұбарағаш, Лепсі-Қапал, Аягөзі де ұзынқұлақтан сол жаманаттан шетжағалап естіген-ді.

Оз заманындағы қазақ аталған халықтың зор қасиет иесі, қадірлісі Абайдың арына соққан соққы солайша алыс атырапқа тарады. Тағы да әр оргада әртүрлі айтылып, әр күйде тындалатын. Сол айтылу мен тындаудың өз қалпында да Абайға деген достық көңіл қалың жұрт жүрегімен көрсетілді. Бұнымен қатар, Абайдың өз заманындағы оның жолы мен жанына арналған қастық та өз жүзін көрсетпей қалған жоқ. Осы ретте, мысалы, әр елдің болыстарын, қажы, молда, бай-бағлан дейтіндерін тындаса, олардың ортасы Абай үшін сонша қайысып, қиналып күйзелмейтін. Қайта өз аталарының ұлықтан шен алғанын, бай-жуан болғанын немесе өздерінің Мекеге барғанын, Мәкәржідей жәрменкеге барғанын бұлдай сөйлейтін. Пәлен жандаралдың кеңесінде болғанын, әлдебір шербешнайда топқа түскенін мақтан ететін. Бұндайлар біресе Абаймен қатар Оразбайдың атын айыптамай айтады. “Етсе еткені-ак”, “қылғаны сол-ақ батырдың” деген боп, айдаладан Абайдың жақсылығына жауығып, Оразбайдың ожарлығы мен осалдығына табынып отыратын. Абайдың сөзін естіп, би-болысты сынаған бітімізің қатал өкімін тындал, соған іштей жауығып жүретін жуандар, зорлықшылар болушы еді. Бұлардың көбі естіген әңгімесін өсіріп, асыра сөйлеп, Абай-

ды жазғырып, “өзіне өзі қылды” деп те отыратын. Ондайлар Абайдың өлең-сөзі, өсиеті үшін, жаңа жолы үшін оған өшігеді.

“Ыбырай асып кетті! Өлін білмей, асқақтап кетті! Қазақтың игі жақсысына тілі тиіп, сөзі өтіп кетті. Оразбай сол үшін, көп үшін намыс қылды. Бұның бәрі тегін емес!” – десетін. Дәл осы сөзді айтушы Өскемен, Жайсан, Кереку, Қарқаралының көп жуан болыстары, атақ алған қажылары. Олар көп жиындарда Абайды көріп, оның бұлардан артықтығын біліп, қызғанышпен іштен тынып жүретін бай-жуандар. Бұндай топтың, өз түрғысынан қарандас, Оразбайды қостайтын жөні бар.

Ендеше, бұндайлар Оразбайды айыпты демей, айызы қана әңгіме етеді. Ал халық ше? Анық халық адамының да Абай жайын білгені, естігені, ести тұрып, қатты қамық-қаны соншалық көп болған. Бұл жөнде “жақын ауыл”, “жан күйер” дейтін немесе “алыс ел адамы” дейтін беліктер жоқ. Абайдың бұл достары – тілекtes, ниеттестері әрі сансыз көп, әрі жер жырақтығын, ел аулақтығын елемейтін, елет-пейтін жақындар. Абай жөнінде өздерінің жанына, намысына ауыр тиген қиянат жайын естүмен қатар қынжылады да, бұлар Абайдың бұрыннан өздеріне жеткен асыл сөздерін қайталап айта түседі. Айтүмен қатар оған берік жүрек танытып, жақын, бекем табыса береді.

Дәл осындай қалың жүрт, қауырт көптен шыққан Абай достары қала мен қырда бірдей еді. Әсіреле, сол мол топтың ең үлкен жиыны – Семейдің қаласы. Бұнда орысша, мұсылманша оқитын жас оқушыларға Абай сөздері әбден мәлім. Қайықшы Сейілдей қаланың толып жатқан еңбек соңындағы адал, момын кәсіп иелері Абайды аса жақсы көреді. Толып жатқан ұсақ кәсіп иелері, базар толы қазақ кедей-кеңшігі, тіпті қаланың ар жақ, бер жағындағы ұсақ саудагері де соңғы жылдар “Абай айтты” деген сөздерді аса көп естітін. Қала, бұл жағына келгенде, құлағы түрік орта. Бүгін бір орташа момын үй іші кешкे естіп-білген жаңа сөз, соны хабар ертең бар базар, көп көшенні оңай қызырып кетеді. Ал Абай өнері Семейдің ар жақ, бер жа-

ғын, Жоламан жатағын, Затон елін қуантып, ырзалаң жайылғанына көп заман.

Осы қалада қызы ұзатылса, келін түссе, шілдехана болса, айт пен той, ойын-жының жасалса, Абайдың сөзі, әндері көп жерде-ақ айтыла, атала жүретін. Енді сол Абайдың басына түскен ауыр шақ, арына түскен таңба жайын Семей қаласының еңбек елі үлкен ызамен, қатты намысты ашумен әңгіме ететін. Осы айтқандай, бір жай Семей мен Слободка арасындағы паромның үстінде болған еді. Мезгіл күзге тақау болатын. Ертістің үлкен сұзы көктемдегі шарасынан азайып, мол өзен сөл де болса тарылыпты. Соған орай оның мөлдір сұзы бұрынғыдан да тұна, көгере, тазара түсіпти.

Ертіс пен Қарасудан жүргіншілерді екі паром өткізеді. Ортада зәулім биік терек, қарағаш, қарағай өскен көлеңкелі арал бар. Слободка жағынан, “қайық аузынан” паромға мінген жұрт әуелі үлкен Ертісті кесіп, жағағы дөңгелек аралға өтеді. Содан аттылы-жаяу шұбырған жұрт аралды басып өтіп, Қарасудағы екінші паромға келіп мінеді. Осылайша Слободкадан Семейге қарай жай жүретін екі паромға кезек мініп, екінші жағаға өтіп шыққанша, жүргіншінің бәрі де сағаттан артық уақыт өткізетін.

Бұдан басқа “басжатақ” тұсындағы желқайықтар болмаса, екі жағының өзге өткелі жоқ. Қаланың осы жайын билетін бала да, үлкен де бүл алуандас қатынас қалпына амалсыздан көнеді. Аттылы-жаяу орыс, қазақ халқы, ел керуені, жырақ қалалардан келген обоздар, жемшіктер, шет керуендер де сабырмен шыдайтын.

Мысалы, бүгін де сондай бір көп арбалы жемшіктер, қырдан келген керуендер және екі жағадағы қала тұрғындары көп арбаларымен қайық аузына сыймай сығылысып, Слободка жакқа аралдан қайтқан паромды тосып тұрған-ды.

Паром жағаға жетісімен, үлкен Семейден бері қарай өткен ат-арбалы жүргіншілер, жаяулар түгел шығып болды. Содан кейін паромға жағаны жалғастыратын ағаш көпірдің екі жағасында сіресіп тұрған арбалар енді көпірге

қарай жанталаса қақтығысып лап қойды. Аты күйлі, бишігі ұзын, ысқыру, зекуі ширақ шыққан жүргінші бүндайда көпірге бұрын ілінсе, паромға бұрын мінеді. Қазір солайша ең батыл басқан арбалар – Жетісудан келе жатқан жемшіктердің арбалары болды. Бұлардың бір арбасы кірсе, артқы арбалары от болсын, су болсын іркілместен, қалмастан өршелене ұмтылады екен. Себебі әрбір алдыңғы арбаның артында жемдорба бар. Кейінгі ат кісісіз арбаны жіті алып жұру үшін алдыңғы арбаның жемі оны ұмтылдып, қалдырмай ілестіріп отырады.

Тегінде, паромға ең алдымен мінетін жаяулар мен салт аттылар. Олар әр арбаның қатарында көпірде шұбап жүріп, паромның ішіне бұрын кіріп алады. Қызық көрген көшпілік жаяулар мен паромға таласып кірген ат-арбаларға қарағыш болады. Сонда қырдан келген жөндекілеу арбаның кейде мұрындығы шығып кетіп, кейде дөңгелегі шойырылып, білігі сынның қалады. Әлдебір түйелі бошалаң арбаның жарым бойы көпірден суға құлап қалса, жаяу жүргіншілерге ол да бір қызық ермек көрінетін.

Қайық аузы бұл шақта: “Ай, һөй!” дескен айғай, “Ары тарт! Тоқта！”, “Иттің баласы！”, “Өзің шошқа！”, “Көрсөтермін, бәлем！”, “Көзіңе қара！”, “Әкенді танытам！” деп ақырысқан, бірін-бірі көмекке шақырысқан қырғын, қиқу. Майсыз арба шықырлап, кейде бала жылап, қатын зарлап, әлдебір мезгілсіз есек қышқырып, жанталасқан қайық аузы қым-қуыт боп жатты.

Марков пен Девяткин фельдшер және бұлардың ортақ таныс досы грузчик Сейіт үшеуі Слободка жағынан паромға кеп мінгенде, паромның жаңағы жанталасқан жайлары басылған кез болатын. Себебі паром толған. Енді көпірге де ешкім таласпайды. Міне алмаған, іліне алмаған арбалы жүргіншілер бірі артынан бірі иін тіресіп, сығылысқан сендей қала беріскең.

Сейіт, Девяткин, Марков үшеуі Ертістің үлкен сұына қарап түрғылары келіп, паромның арал жақтағы алдына шықты. Осы жерде он шақты жемшік арбасы паромның тап ортасын алып жайғасқан екен. Аттардың тамағының

астынан еңкейіп өте берген Сейітті арба үстіндегі бір жемшік тани кетті де, атын атап шақырып қалды. Сейіт те бұрыла бере: “Өй, Жұніспісің! Амансың ба? Қайдан келесің?” – деп, жақсы танысын көргеніне қөңілденіп, жадырай амандасты. Сейіт Жұністің өңшең аң терісін тиеген биіктеу арбасына, дөңгелекке басып, қарғып мінді. Паром үстінде отыратын орындық жоқ болғандықтан, Сейіт өзінің қасына Марков пен Девяткинді де шақырды. Олар да іркілген жоқ. Аң терісін тиеген, кенеппен қоршап арқан тартып, ұқыпты қып буған биік арбаға қарғып-қарғып міністі. Жұністің жайын Сейіт жақсы біледі екен, жолдастарына мәлім етті.

– Бұл да біздің Затонның грузчигі еді. Екеуміз қайратқа бәсеке едік. “Мен көп көтерем”, “мен мықтымын” деп таласатұғымыз. Қазір, міне, Жұніс мықты бол шығыпты. Көрдің бе, міне, бұл бай бол алған. Ат-арбасы мынау, тиеп келе жатқаны өңшең түлкі мен қасқыр. Өзі алыстан келе жатқан жемшік болу керек. Мынау көп қазынасын көрдің бе алыстан өкеле жатқан! Қайдан келесің, Жұніс? – деп, жөнін енді ғана сұрады.

Өні тотыққан, қолы жарылған, қырма шоқша сақалы да күнге күйгендей сарғыш күрен тартқан Жұніс Сейіттің сөздерін жымия тыңдады. Ескі жолдастын көргенде қуанып қалған тәрізді. “Қайдан келесің?” – дегенге ол “Жетісудан, Шұбарағаш – Ойжайлаудан келемін”, – деді. Әлі де Мәтелі дейтін шалақазақ байдың жалдама жемшігі екен. Байлық сол: ат-арба да өзінікі емес. Қысы-жазы тынымсыз жүк артуда. Осы жолы жиырма арбалы жемшік болып, Қытай шегінен бері қарайғы жерлерден жиналған аң терісін тартып келісіпті. Қазір он арбасы осы паромға ілінгенімен, он шақты арба кейін қалыпты. Осындай аз жайларды айтысу үстінде ол екеуі өзара сөзге кетті де, Девяткин мен Марков өздерінің қайдан келе жатқан жайларын бір-бірінен сұрасып, айтыса бастап еді.

Девяткин бір жұмадай Ертістен төменгі, сол жағадағы қазақ ауылдарына барып, сонда бір сұзек тәрізді жүқпа-лы аурумен ауырған өлденеше адамдарды емдеп, қайтып

келеді еken. Марков Ертістің жоғарғы жағында Шөптіғақ сияқты бекеттерге барып, Жоламан жатағында болып, ба-лық аулап, құс атып қайтып келеді.

Бұл екеуі Сейітпен де жана қайық аузында ұшырасқан.

Бірауық Марков пен Девяткин сәл тоқтап, Сейіт пен Жұністің сөзіне құлақ салып еді. Қазақша жақсы білетін Девяткин анау екеуінің бір-біріне айтып жатқан сөз анғарын түйді де, Марковқа қарап: – Мыналардың сөзін қараңыз, байқаңызы, кім туралы айттып отыр! – деп, сәл отырды да: – Олар Ибрагим Кунанбаич туралы сөйлеп жатыр! – деді.

Марков Абайдың жайын бір жұмысшы, бір жемшіктің алғаш кездескен сәтінде ауызға алғанына таң қалды. Өзі қазақшаға оншалық жетік болмағандықтан, Девяткинге: “Қане тыңданыз, байқаңызы, не айтысар еken?” – деді.

Сейіт пен Жұністің Абай жөніндегі сөздері осының сәл алдында Жұніс сұраған бір жөннен басталған. Ол қалаға түнде ғана келіп кіргендіктен, өлі бұл жақтың жаңалығын естімеген еken. Жалғыз-ақ, жолдағы соңғы бір бекетте “Абайға бір жаман адамдар қастық етіпті”, “қатты қас-тық етіпті” дегенді ғана шала-шарпы құлағы шалған-ды. Сондықтан да бұрын Абайдың өлеңін Сейітке қосылып өзі де көп айтатын Жұніс: “Осы не сөз, не хабар?” – деп сұраған еді. Сейіт Абай жайынан естігенін айта берді. Осы кезде Жұніспен екеуінің қасына өзге арбалардағы жемшіктер де біртіндеп келіп, бұларды қамай қоршап алған.

Девяткин Марковқа қысқа-қысқа сөздермен естігенін шала-шарпы айта отырып, жемшіктердің ендігі кенестерін тыңдады. Жұніс болмаса, көп жемшік Семейдің, бұл өнірдің адамдары емес. Жеті жемшіктің бәрі де Шұбараш, Қапалдың, Аягөз жағының адамдары еken. Бірақ Жұністің айтудынан ба, елдерінде естуден бе, Абайды бұлар да жақсы білетін тәрізді.

Сейіт Көшбикеде болған қастық, жамандықты толық айттып шықты. Абайды “Көкеннің кедейіне, диханшы бей-нетқор көбіне болыстың” деп, “Тобықтының әруағын сын-

дырдың”, “аталы жуандарды жер қылдың”, “жат жүрттың алдында Құнанбайдай жақсы әруақтарды қорладың” деп жазаға ұшыратыпты. “Өлтіреміз” деген ниетте де болыпты. Тек қолдарынан ғана келмей қапты, деген еді.

Жұніс бастаған бірнеше жемшіктер қатарынан қатты қорланып, қүйініп, қүйзелген сөздер айтты. “Не деген иттер, жыртқыштар еді!”

– Өншең қанқұйлы кімді аяйды!

– Өзгеге қастық етсе де, Абайға қайтіп беті шыдады еken бетсіздердің!

– Жер өртегені, ел шапқаны, керуен талағаны аз боп па еді, өншең ұры жәлептің! Ендігі қалғаны Абай ма еді жалғыз! Жалғыз бір, жалқы ғана жақсы жан! – дескен үндерге қоса тағы бір бурыл сақалды жемшік өзінің оқшау ойын айтты.

– Ұлық не қарады? Абай орыстың өнерін жақтайды, оны ұлық неге жақтамайды, неге сақтамайды?!

Бұл тұста Сейіт өз ұғымынша ұлықты ақтағысы келді.

– Ұлық не қылсын? Абайды, керек десе, сол жерде аман алып қалған ұлықтың өзі. Стражнігін жіберіп, мылтық атып, өлімші қып тұтіп жатқан жерден ояз құтқарып апты. Ұлықтың болысқаны сол-дағы!

Девяткин осы тұста сөзге араласты.

– Сен білмейсің, Сейіт, олай емес. Кунанбаевты уездный начальник, сенікі айтқан ұлық қорғамайды. Ол болыспайды. Кунанбаевтай кісіні кім қорғайды? Халық қорғайды. Міне, сен!.. – деп Сейітті көрсетіп, “сен!” деп кеудесіне тұртіп, Жұністі көрсетіп, жағалай қолын созды да: “сен”, “сендер”, “халық қорғайды!” – деді.

Сейіт пен Жұніс бастаған жемшіктер Девяткиннің сөзіне аңыра қалып, таң қала сүйсіне берді.

– Апыр-ай, рас айтады-ay!

– Сөзі мақұл-ақ! Тап басқан сөз фой! – десіп, дабырлаған сөздің артынан Сейіт ойланған тұрып бір байлау айтты.

– Дұрыс емей немене! Ел жақсысы дейміз, халықтың қамқоры дейміз. Ел деген кім, Оразбайлар ма екен? Олар емес деп Абай мың мәртебе айтпады ма? Момын көпшілік

ел... сені мен біздей еңбек сауған азamat ел, деп сан өсietті айтты фой. Ендеше, бар жайды осыдан тоқы. Девяткин жаңа шын айтты да сын айтты. Керегі не, сені мен маған сын айтты... қазақтың көп елі, момын елі! – деді.

Өзінің жаңағы аз сөзін жақсы ұғынып, көп қостаған жайды байқаған Девяткин тың әңгімеге ауысты. Ол осы жолы өзі барып, қайтып келе жатқан Қарашолақ, Кенжебай, Жалықбас деген ауылдарда көргенін айтты.

Кеш бата баласы ауырған бір кемпірдің үйіне барған екен. Қарашолақ аулындағы егінші, кедейлеу үй. Сол үйде кеш қараңғысына үн салып жылап, намаз оқығандай бұрышқа қарап, жалғыз құңғреніп отырған шалды көрдім, дейді Девяткин. Ауырып жатқан баласына жылап отыр екен десе, ол сол қунде өздеріне жеткен Абай тұрасындағы жаман хабарды ұғыпты да, Абайға жаны ашып, жас молданың қасында бес-алты бала Абайдың өлеңін жаттап, шулап айтып отырғанын көрген. Сол балалар да молдасынан Абайдың жаза көргенін жабыса сұрапты, қатты ренішпен сұраған балалар болышты.

Кенжебай аулында Ақбалық деген жақсы қызы бар екен. Соның күйеуі келіп, қыздың үйінде кешке ойын-сауық болышты. Девяткин қонақтардың ортасында отырыпты. Сонда Ақбалық деген қызы Абайдың Татьяна, Онегин сөздерін, әндерін айтып-айтып келіп, ең акырында қатты жылап жіберіпті. “Осындағы асыл аға, алтын сөздің иесі Абайды да өлтірмек болышты қазақтан шыққан қанішерлер. Бұл елдің ішінде нелер жоқ! Қандай қандыауыз қас-қыр жоқ!” – деп сөйлепті Ақбалықтай ақылды қызы.

Девяткин сол Ақбалық деген қызды өсіреле тамашалап айтады.

“Абайды сондай білген, сүйген, түсінген қазақ өйелін мен өз көзіммен көрдім. Міне, осыған қарап Абайды халық біледі. Абайдың досы халық, сол халық қорғайды да, сақтайды деп білемін!” – деген.

Улкен Ертіс үстінде Абай жөнінде басталған осы әңгімелер кейін бұл жүргіншілер Қарасудағы екінші паром-ға барып мінгенде тағы да созылды. Онда Марков та өзінің

аңға шығып, Ертіс бойлап балық аулап жүргенде қазақтың көрісінен, жасынан Абай жайын көп естігенін айтты.

Тағы бір шақтарда осы қайық үстінде болған өңгімелер мен жайларды Марков Павловқа да айтқан еді.

Абай Көшбикеде жазықсыз жаза шеккеннен кейін жарты ай шамасында Ертіс паромында болған жаңағы жайлар бір ол жер емес, сан жерде сондай сөйленген, ауыр аңызға айналған-ды.

Сонда Дәмежандай кедей бейнетқордың үйінде, Сейілдің қайығында, Сәмен, Сейіт сияқты грузчиктердің еңбек еткен пристанінде көп ызалы сөздер айттылған-ды. Әсірепсе Затондағы жеке бас, үйсіз грузчиктер жататын барактарда, қалың топ жұмысшылар арасында бұлтырғы жазда, күзде Оразбайдың иттігі, сүмдіғы жөнінде талай жігерлі, жиреніш сөздер сөйленген.

Қазір Көшбике уақиғасына бір жыл өткен шақта, сол Семейден, Затоннан аз уақытқа елге шыққан атақты балуан-грузчик Сейіт те Абайға деген өзінің дос көңілінен айнымай келген-ді.

Сейіт биыл қыс аяғына сүзек болып ауырып, содан тұрған соң пароход жүре бастағанда, жылдағы маусымдық ауыр жұмыс – жүк тасуға кірісу керек еді. Әдетте, күнұзын еткен еңбегі, бір емес, екі кісінің қайратына төтеп беретін күші биыл азайып қапты. Буынын бұрынғыдай балғын етіп бекіте алмады. Табысы да татымсыз бола бастады. Содан Сәмен сияқты тату жолдас, достары, әйелі мен жақындары болып Сейітке биыл жаз елге шығуды кепнен еткен.

Сөйтіп, жаз басынан бері Сейіт өзінің бала кезінде тастап кеткен елі – Тоғалақтың ішіне, таныс, ағайын, жақындардың біріне қонаққа келіп жатқан. Бұл күнде әлденіп, бұрынғы қуаты қайта құралғандай. Ел жайлауға шыға келіп еді. Қазір, міне, ел бауырға түсे бастағанға шейін екі айдай қымыз ішіп, тынығып, бұрынғы кесек денесі, балғын бойы қалпына келді. Қуаты толып, аксұр жүзіне ажарлы қызығылт, ұнамды ірек білінді.

Сейіт кедей болса да, күнделік нан, шайын күндегі ауыр еңбегімен таба жүріп, сол аз табысын келген-кеткеннен аямайтын.

Сәмен сияқты Сейіт те жұмысшы грузчиктердің көбінің мінезін ұнатады. Бұлар жомарт кедейлер. Сейіттің Затондағы шатырсыз, аласа екі бөлмелі кірпіш үйіне осы өз елінен барып, түсіп жүретін ел адамдары көп болады. Кейде керуен болып, көп түйелі, шаналы қалашылар да бұның кішкене қорасына көлік-сайманымен зорға сыйып, әлдепеше күндер жатып кетіп жүретін. Жалғыз өз елінің – Тогалақтың қалашысы емес, өзге грузчик жолдастарының елдегі басқа болыстардағы таныстары, жақындары да Сейіттің пейілі кен, ашық, жарқын мінезін сүйеніш етіп, бұның үйіне түсе береді.

Қыскы соғым кезінде немесе жаз жабағы жұнін, қылқыбырын қалаға әкеліп, базаршылап жүретін ел қазағының қонақтары Затон жұмысшыларының үйді-үйін, қоралуласын аузы-мұрнынан шығарып, лық толтырып жататыны болады.

Сейіт сондайда кейде қонақтарына асып берер ет, кесіп берер нан таппай қалатын күндерге де ұшырайды. Тек көп қонақтың ішіндегі кедей күйін жақсы түсінетін есті-басты адамдар ғана Сейіттің сырын андан, жең ұшынан жалғасып, азды-көпті көмек етіп кетіп жүреді. Ал Сейіт пен оның өзіндей көңілді әйелі Қатша болса, бұлар әбден ти-тиқтап, тұралап қалғандарынша “береріміз жоқ, ішеріміз таусылды!” деп сыр бермейтін.

Көрші дос қазақтан, немесе өздеріндей орыс жұмысшысы грузчиктен, мастерден, қатардағы құймалас тату досы, қара темір ұстасы Кириллден тыын-тебен алыш, қонағын атқарып жіберіп, кейін еңбегімен борыш-қарышын етеп жүреді.

Сейіт балуан, жомарт мінезінің үстіне аса сауықшыл, көңілді, ақжарқын жігіт. Сол мінезі үшін Сәменмен қоса, Абайдың іні досы ақын Дәрмен де аса қадірлейтін. Дәрмен мен Әлмағамбет, Мұқа сияқты әнші-акын өнерпаздарды Сейіт, Сәмен бастаған Затонның бар жұмысшысы өзгеше

қызықтап, сағынысып тұрады. Бұларға қоса Баймағамбетті де ол жұмысшылар аса қадірлейді, ыстық көреді.

Осы адамдар арқылы Затонның Сейіт, Сәмен сияқты жұмысшылары Абай шығарған сөздің талайын естіген. Бірталай жылдан бері Абайдың әндерін де Затонның грузчиктері көп жерде, көпкө таратып айттысып жүретін.

Сейіттің үйінде Семейдің үш ішекті шешен домбырасы бабынан айрылған емес. Қол босап, сәл тыным, тыныштық алар кез болса, Сейіт шалқасынан жалғыз жатып та төсіне сөйлеуік домбырасын көлденең алғып, Абайдың әнін, ой мен қырдың қазағы айтатын жаңа әнін, ноғай жырларын да безілдетіп тартып, қоңырлатып үн қосып айта беретін.

Жаз бойы Тоғалақ ішінде Сейіт осы өлеңін ұдете түсті. Қаладағы бұның үйіне өз үйіндей барып түсіп жүретін Тоғалақтың көп кедей, шағын шаруалары жаз бойында Сейітті өз әлдерінше төбесіне көтеріп күтті. Біреуінің қымызы, біреуінің айран-шалабы болсын, қозы-лағы болсын, бәрін де Сейітке көлденең тартысқан. Үйден үйге, ауылдан ауылға өзі әнші, өзі мінезді Сейіт бар таныс-жақындағына аса қадірлі боп жүрген. Тоғалақ көп ел болса да, қонысы аз, жері тарлық себепті әр қоныста қалың топ ауылдар боп, жиі қонады. Бұлардың туысы Сақ деген ел бар. О да осындай мол өскен елдің бірі. Сақ-Тоғалақ кейде аттары қосылып айттылатын бір-ақ ел тәрізді, өздері тату. Және жаманшылығы, сотқарлығы аз, момын ел. Саны көп болғандықтан бұл елді басынып, зорлық ету оңай емес. Сол себепті көршілес Есболат, Олжай сияқты байлары, содырлары көп жуан елдер дәл осы Сақ-Тоғалаққа соқтыға бермейтін.

Сейіт соңғы күндерде көршілес Есболаттың бір кедей көңілдес жігіттері қонаққа шақырған соң, бір бала жігітті ертіп, сонда барған еді. Бұның таныс аулы – Есболаттың үлкен байы, атақты Оразбайдың көршісі екен. Сейіт өзінің құрбысының үйінде екі күн қонақ болды. Ән салып, сауық құрысты. Бұның өлеңін әнінен де бетер тамаша қып тыңдаған кедей-кепшік, малшы-жалшылар аса көп болған еді.

Өзінің тату құрбысы Айсаның үйін Сейіт соңғы күндер көшпілік жиналатын қызық, думан үйіне айналдырыды. Соңшалық зор, сұлу даусы болмаса да, орташа, қоңыр, майда үні бар Сейіт бұл тыңдаушыларына анық өнерпаз көрінді. Әсіреле, осы ауылдың жылқышы, түйеші, сауынши, мал суарушы, жалшы-малшыларына естілмеген өлеңдер мен сөздер шығады Сейіттен. Соны кейде ән мен домбыраға қосып айтса, кейде Сейіт қарадай төгілтіп, есіп сөйлеп, ағызып айтып береді. Бұның осы айтатынының бөрі тек Абайдың өлеңдері еді. Соңда ол Абайдың болысты мазақ еткенін, құнсыз байды шенеп, сынағанын айтады. Неше алуан партия басы, атқамінер, ел бүлігі боп кеткен жуансодырларды таңбалап, дүрелегендей болады. Көптің айызын қандыра, “е” дегізе, мәз қылып құлдіріп те жырлап береді.

Сейіт кешегі күн кешкі салқында далаға шығып, көніл көтерісken бір топ жас жігіттер арасында өзінің балуандығын да көрсеткен. Дәмелі дейтін, бұнымен жасы құрбы үш жігітті Айса бастаған достар шақырып әкең, Сейітпен құреске түсірген-ді. Сейіт сол жігіттердің үшеуін де, біреуінен соң біреуін Семей құресінде қолданатын тәсіліне салып, алып соққан-ды. Арқалап алып, “грузчиктердің әдісі солай” деп, шалқасынан сала, оң иығынан асыра, тымакша ұшырып түсірген.

Бұғін түсте қалың жұрт жиналып жатқан көп ауылдың ортасындағы құдықтың басына Айсаны ертіп, Сейіт те келген еді. Осының алдында құдыққа бір түйе түсіп кетіпти. Сол түйені терең шынырау құдықтан суырудың әуресіне жиылған еркектер көп екен. Түйе де, құдық та бай Оразбайдың мүлкі. Құдықтан түйе суыру әрі тәсілді, әрі азamat қайратын керек қылады. Соңдықтан құдық басындағы мал суартып жүрген Оразбайдың айғайшысы ұры Қиқым маңайдағы жігіттерді жиғызған.

Сейіт пен Айса осымен келіп еді. Түйені терең, кең ескі құдықтан суыру оңай болған жоқ. Бірақ жиырма шақты еркектің барлығы да семіз, қартаң сары інгенді суыруда оның бас жағын өз қолына алған Сейіттің қайраты қатты

тигенін шуласып айтысқан-ды. Түйе құдықтан суырылған соң, енді сол апанша мол құдықтың сүйін төгіп, жақсылап аршып алу қажет болды. Бар ауылдың малы ғана емес, ауыз сүйі да бауырдағы қоныста осы құдық боп шықты. Жайлаудай емес, қазір бос су, өзен, бұлақ бұл елдердің ен-дігі күзекке қарай бет алған қоныстарында жоқ болатын.

Жұрт бірталай уақыт екі жақтаң бақырмен төгіп, суды жеңіп, құдықтың түбіне таман тазартып тақап барды. Дәл осы кезде бостау отырған көп кедей-кепшік Сейіттің тағы қозғай бастады. Кешеден одан естіген, бұрын құлактарына тимеген жақсы өлең, “тәлім сөз” дегендерді Сейіттің тағы айта отыруын сұрасқан еді.

Сейіт өзінің көңілді кезінде іркілмей, бұлданбай білгенін оңай айтатын. Бұл тұста да соны істеп, “Алыстан сермен” дейтін өлеңін біресе сол өлеңнің әнімен айттып, біресе желдірте, жорта, қара сөзбен соқтырып, ұзақ айттып кетті. Өзінің айту екпініне ерген және сөзіне еңсесімен беріліп, сүйсіне жырлаған Сейіт маңында отырған кейбір бай баласы, жас жігіттердің және бір-екі қартаң көрші-қолаңның бұның сыртына қарап, біреуден қымсынып, жалтақтай отырғанын байқамаған еді. Тындаушылары бұны енді шала тындалап, Сейіттің артына қарай аландай берген соң, Сейіт соңғы сөздерін қарадай, жорта айттып тоқтай қалды. Сол сәтте өзі де айналып артына бұрылған еді. Енді көрсе, бұның сыртында аққоян бәркін көзіне таман киіп, семіз жараша ақ боз атына мінген Оразбай бай бұған көрін қадап, тұксие түйіліп түр екен.

Оразбай Сейіттің сөлемін де жөндел алған жоқ. Енді ат үстінде қамшысын қымти түсіп, Сейітке таман төне берді де, зілдене сөйледі.

— Сен кедей, немене, менің аулыма кімнің сөзін әкеліп жүрсің? — деді.

Сейіт әуелі түсіне алмай қалды.

— Қай сөзді әкеппін, не айттып тұрсыз, бай?

— Немене, танайын деп пе ең? Жаңа өз құлағыммен естідім ғой!

Сейіт енді анғарып, жадырап күле берді.

– Ә, жаңағы Абай өлеңін айтасыз ба! Иә, рас. Оны менің айтып жүретін әдетім. Тіпті, қыр түгіл, қалада да көп айтам. Оны қайт дейсіз, бай-еке?!

– Тағы айтшы және біреуін! Көрсете түсші тағы да бір қырынды!

– Айт дедініз, айтайын. Қырым да, сырым да жоқ. Айттарым менің – білгенім ғана! – дей сала, Абайдың алдыңғы жылы жазған, сол жылы Дәрмен мен Сейіттің өзі ұғып алған “Малға достың – мұны жоқ малдан басқа!” – деген өлеңді қара сөзбен айта жөнелді. Жүресінен отырған қалпында Сейіт кесек, кең кеудесін Оразбайға бұрып алды. Жуансыған байға бұның ішінде ызасы аз емес-ті. Қазір Абай сөзін қазактың анық бір қалың елі жиринетін жауыз байына қадап айтуға Сейіт қызығып кетті.

Өлеңнің ендігі сөзі де мұның қолына тұра соыйл бергендей, “соқ” деп түрғандай болатын. Сондай жолдарды Оразбайдың жалғыз ызалы көзіне өзінің кішілеу өткір сарғыш көзін қадап тұрып, Сейіт басқа соққандай айқын етіп, қатты айтып берді:

Мал жияды мақтанып білдірмекке,
Көзге шұқып, малменен күйдірмек!
Өзі шошқа, басқаны ит деп ойлар,
Сорпа-су мен сүйекке сүйдірмекке.
Ақылды деп, арлы деп, ақ пейіл деп,
Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп.
Осы күнде мал қайда, боқ ішінде,
Алтын алсаң береді боғынан жеп!.. –

дей бергенде, Оразбай қатты дауыстап: “Жә, дөғар, тантыма! Менің алдыма тартқан сыйың ба әлде!” – деп қадала берді.

Сейіт таңданып, сәл бөгелді де, сескенбей жауап берді.

– Ақсақал, мен ақын айтқан сөзді айтам. Сізде менің жұмысым жоқ! – деп еді, Оразбай енді ызаланып алған екен, Сейітке егесе қарады.

— Сен өзің қанғып жүрсөң де, тегін қанғып жүрмеген боларсың. Сонымен жаңағыңың орайына мен саған өз сыбагамды бүйірамын. Тұс ана құдыққа, құдығымды аршы! – деп, ақырып бүйірек етті.

— Жоқ, ақсақал, мен қанғысам да сіздің есігінізге барғам жоқ! Құдығыңды аршиын деп келгем жоқ. О не дегеніңіз?!

Оразбай атын тебіне түсіп, омыраулай берді.

— Дегенім сол, тұс құдыққа! Болмаса кешеден бергі, жаңағы қысасыңың барлығына егесім сол – сен естіп көрмеген жаза кесем!

Сейіт орнынан ызалана тұрды.

— Неліктен кесесің? Не жазығым үшін жаза кесесің?!

— Жазығың – менің жауымды жақтағаның.

— Жауың кім еді?

— Білмей тұрған шығарсың. Сөзін әкеп, сойылын соғып!.. Абайды жақтамай, кімді жақтап тұрсың?!

— Ә, Абайды айтасыз ба?..

— Иә, Абайды айтам. Арамды айтам! Ел бұзатын бұлікті айтам!..

Сейіт енді неге болса да шыдағандай намысқа басып еді.

— Иә, рас, сіз айтсаңыз, соны айтасыз. Ал біз айтсақ, сіздей байларды Абайлардан садаға кет дейміз! – деп, Ай-саға иек қағып, орнынан тұрып жүре берді.

Оразбай ақырып, әмір етті:

— Ұста ананы! Сал мына құдыққа, түсіріңдер! – деп, Қиқымға қарады. Өзі де қамшысын ыңғайлас, Сейіттің сонынан ұмтылған Қиқымның қатарына ілесіп, ашумен ақыра берді.

— Ұстандар, жабылыңдар! – деді.

Оразбай ақырганмен, Сейітті білген, кешеден бергі соғзін, өнерін көрген кедейлер ұмтылмады. Қиқым бір-екі аусар жігітпен Сейітті қуып жетіп, “токта!” деп бүйірек етіп еді. Сейіт оған қанталаған ызалы көзін жалт бұрды да: “Тұмсығыңды бұзамын! Жоғал көзімнен!” – деп кете берді.

Бұл арадағы кедейлер, малшылар Оразбайдың оларға қадалып тұрып: “Ұста, жүгір, сүйреп әкел!” – деген бұйрықтарының біреуін де тындармай қойды. Екі-үш қартаң кедей: “Қойыңыз, сабыр етіңіз! Қайтесіз, қонақ қой!” – дей беріп еді, Оразбай сол сөзді айтқан үш кедейді қамшымен бастан тартып-тартып жіберді. Өзі енді зор даусын ақыра шығарып, Сейіттің сыртынан аса қатал бір серт айтты:

– Қазір сені үстатьып алыш, жерге қақпасам, көпір болайын! – деді де, боз атты борбайлап, айғай сала “аттан, жинал, аттан” – деп шаба жөнелді.

Осыдан әрі Сейіт Айсаның үйіне жетіп, атын үстатьып алғанша, кедей ауылға жиырма-отыз сойыл, шоқпар, арқан, шылбыр алған қызбабас, құтырған жігіттер шауып келді. Айсаны сабап, араша бермей, Сейітті ортаға алыш, тобымен жабылып, дедектетіп алыш кетісі.

Жанағы ашумен құтырып алған Оразбай қазір анық жыны буған бақсыдай өзінің үлкен үйінің сыртында екі езуінен көбік шашып, бұрқырап, бір топ адамға жер қазғызып жатыр еді. Жендеттері Сейітті өкеле бергенде, Оразбай бір сұмдық бұйрық етті.

– Жаза кестім дедім фой, дегенім сол! Жерге қағам дегенім. Кеудесіне нан піссетін кедей фой! Салыңдар мынау көрге! Тірідей жерге көміп, жерге сонымен қағамын! – деді де, Сейіттің екі қолын артына қыл шылбырмен байлатып жіберіп, терең қазылған күр құдыққа тастанып жіберді, сол арада өзі бастап екі жақтап шым топырақты Сейіттің үстіне лактырды. Барды төгіп, ойран-топаның шығарып, ілеңде құдықтан басы ғана көрінер-көрінбес боп түрған Сейітті анық тірідей көмдіріп салды. Тек өлмес етіп, иегіне шейін көмдірді де, жалаңбас басын, жүзін көмілген топырақтың сыртында қалдырды.

Оразбайдың бұйрығын одан қорқа тұрып және бір жағынан сотқарлық, бұзарлықпен іштен құптап, орындаپ түрған Қиқым сияқты содырлар бар. Олар Оразбайдың беделімен бұл шаққа шейін барымта да алған, ауыл да

шапқан. Талай жанға дүре де салған. Сан төбелесте өлдеше жандардың басын жарған, қолын сындырған, қандар ағызған сұмдар болса да, дәл мынадай сұмдық жазаңы өз көздерімен көрген емес-ті.

Қазір соны өз қолдарымен істесіп те шықты. Тұс кезінде қара жерге тірідей көмілген, қорлық жаза шеккен жігерлі жігіт Сейіт тұнғе шейін үн қатпай, осы масқара жаза астында болды.

Оразбай бұл істі құдық басында, Сейітті көрген жердеғана ойына алған жоқ-ты. Екі күннен бері оның Айсадай кедейдікіне келіп, Абай өлеңін айтып, көп жұртты таңқылып, құмар етіп жатқанын білген болатын. Соның өзі үшін-ақ Оразбай кешегі күні де дағдылы ожарлығына басып, Сейітті алдына алғызып, жазаламақ болған. “Ауылдан, елден айдал тастаймын”, “қорамның шетіне келіп, Абайдың үнімен үргенін көтермеймін”, “ондай қанғыған итті сабап-сабап қуып жіберемін!” – деп бір бүлінген. Онда қымыз кеңесінде отырған кейбір қартан адамдар: “Аулыңа келген жалғыз-жалқы, қадір салмағы жоқ жігітке, саяқ бір жаяуға қол былғап қайтесің”, “Айттар сөзіңе, ашуланар тіліне татымайтын қанғыған бір кедеймен не деп жаман-дасасың!” – деп тоқтатқан-ды.

Бүгін құдық басына бара жатып Оразбай қасындағы жігітінен: “Сейіт кетті ме?” – деп сұраған-ды. Осы тұста ол кешелер білмеген, есіне тұспеген және бір жайды тыңнан біліп, тағы да ызамен құлшына тұсіп, тісін басып келе жатты. Сейітті сұрастыра келсе, бұл ана жылғы Мәкен қыздың қалада болған жанжалында аты шыққан айбарлы жігіт осы Сейіт болып шықты. Қызды Затоннан Қорабайлар тартып әкеле жатқанда, паромның үстінде сондарынан қуып жеткен төбелесқой балуан жігіттер болды деген. Сонда Оразбай мен Сейсекелер жіберген Дондағұл дейтін түйе балуанды, қаланың ең мықты төбелесқой соғырын “жалғыз-ақ салып ұрып жықты”, “Затонның бір алып грузчик, балуан батыры бар екен” дескен сөз де болған.

Сол кісі, міне, осы Сейіт. Бұғінгі ызасының үстіне Оразбайдың бұрынғы кегі тағы бар екен. Сол қосылған соң құдық басына келе бергенде, Оразбай Сейітті: “Не ғып жазаласам да орайым бар. Менің алдымда айыпты жазалының бірі. Қолымнан кім тартып алар екен, көрермін!” – деп кіжінген.

Бұдан кейінгі іс, бұл өнірдің адамы бұрын естіп көрмен сорақы, сойқанды жаза Оразбайдың осындай тісін басқан қаскөйлігінен туған-ды.

Оразбай өзі тірідей жерге қомғізген Сейітің өлі-тірісін білмек емес. Тұсте қомғен адамды кеш батып, қас қарайғанша “не күйде жатыр?” деп титтей қөніл бөлмеді. Аулына, үй ішіне атаған ашуы, көрсеткен көрі сондай қатты болу керек. Бұның ауыл адамынан да бірде-бір жан Сейіттің маңына келмеген. Тек ел жатқан соң ғана, күні бойы жігері құм болған Сейітке жаны ашып жүрсе де, титиғы құрып, бабын таппаған Айса Оразбай аулының көрі күзетшісіне келді. Ол бұрын қойшы болып жүріп, қазір тұн күзетшісіне ауысқан момын, қарташ малай еді.

Сол күзетші күбірлей сөйлем, Оразбайды барлық өренжаранымен қарғап-сілеп жүріп, Сейіттің көмілген жеріне Айсаны ертіп келіп, көрсетіп берді. Айсамен екеулеп тонырақты тырналап аршып, Сейітті зорға дегендे босатып алысты. Үн жоқ Сейіт тірі көмілген көрінен дос-жар адамдар суырып алғанда біраз талықсып, сұлық түсіп жатып, аздан соң ес жиган.

– Су! – деп өтініп, қауғамен әкелген құдық суынан ғана жұтып алып, қайтадан қайрат, қуат жиып, жатқан орнынан өздігімен тұрды. Бұған еріп келген жас жігіт жолдасы таяқ жеп, керегеге таңылып, Оразбайдың қолында қалды. Сейіт өзі Оразбай аулынан жаяулап шетке шыға бере: “Кеселім тиер, енді сендерден бұдан басқа көмек жоқ! Жақсылықтарына дән ырзамын, үйлеріне тез қайтындар!” – деп, Айса мен күзетші шалды қайтарып жіберді. Өзі Оразбайдың қойшысы мінетін бір ала аттың жақын жерде арқанда тұрғанын андал алып еді. Жаңағы екі кісіні жөнелтіп

болып, сол ала атқа жайдақ мініп, Тоғалақтың ауылдарына қарай шоқыта шауып жөнелген.

Келер күні ұлы сәскеде Сейіт жатқан Тоғалақ ауылда-рының үстінде бір жиын жиылдып жатты. Бүгін құрбан айты еді. Соған жиылған айналаның елі болатын. Бұл қоныста отырған ауыл саны аса көп. Бәрі де Сақ-Тоғалақтың момын, шаруа баққан қалың елі, бұқарасы, кедей-кепшігі аралас көпшілігі.

Ұзын өлке бойында Еспе болғандықтан, әрбір қозы өрісіндегі жерге саяз құдық қазылдып, мол ауыл қоныпты. Қанаттаса қонған сол ауылдар тегіс қонырқай, қараша үйлерден немесе жыртық лашық күркеден, қостан құралған. Осы көп елдің ортасында, дәл осы үлкен қоныста ақ үйлі, малы қалың бай ауылдың төбесі көрінбейтін. Соған орай бұл ел берекесі көп, ұйтқысы бүтін, барды бөліп ішіп, бөліп жетін дегендегі тату ел.

Айт күні және де бірде-бір ауылға, үйге айрықша салмақ түсken жоқ-ты. Қалың елдің көп азаматы, ер атаулысы өздерінің бір-бір тұғырын мінісіп, өзді-өз үйлерінен, ауылдарынан тамақтанып аттанысқан. Ұлы сәске кезінде сондай көп ер-азамат тай-тулағына, азды-көпті бұттарта-рына бөлісе мінісіп, көп ауылдың күнбатыс жағында тасы жоқ, бетегесі қалың боз биікке жиналдып шығысқан. Дәл осы топтың енді ат үстінде көкпар тартысып, теңге алысып, жеңіл сауық бастаған кезінде, қалың жиыны тұрган топ ортасына Сейіт келген. Жаздай үйлеріне Сейіт қонақ болып жатқан осы ауылдарға белгілі, сүйікті азамат дос-тар бар-ды. Бұлар да бай-бағлан емес, көп ортасынан шыққан, көпке қадірі бар, қолдарынан ерлік келетін, аузында ақылды, естияр адамның сөзі бар. Жігіттер сыйласқанмен сыйласып, сырласқанмен сырласып, өз әлдерінше ұстас-канмен ұстаса да білетін әрі әлуettі, әрі абыройлы жас-тар еді.

Біреуі – Тоғалақтан шыққан Жомарт, екінші – Сақтан шыққан Омар. Осы екеуінің Сейітпен жастары да құрбы. Жаз бойы Сейітті кезек күткенде үш сауықшыл ойыншы серік боп жүрісken-ді. Өздері балуан жігіттер мынау Ес-

пенің бойында отырған он бес-жырыма ауылдың бәріне аса ыстық, қадірлі жастар болған.

Қазір орталарына Сейітті алған Жомарт пен Омар дөң басында тұрған қалың топқа жетті. Қандары қашып, қатты демігіп, бастарына тымақ та кимей, омырау-жағалары ашылған күйде асығып келіс-ті. Жолда тұрғандармен амандары да жөнді болмады. Кейбіреулер: “Мыналардың түрі қалай? Өздері алдырған адамдар ма? Негілса бір тығыз-таяны бар, бір жаманат өкелді ме?” – десіп, көп жүрт араптарынан жол беріскең.

Төбе басында тұрған Сақ-Тоғалақтың, Жуантаяқтың ақсақал, қарасақалының ортасында жасы үлкендік болмаса, малды-басты, шен-дәрежелі “атқамінер”, “ел ағасы” дейтіннен ешкім жоқ-ты. Бірақ өлдеқалай осы топтың ішінде Базаралы мен оның жақсы көретін ер көңілді кедей туысы, Сейітпен қадірлес тату Әбді бар екен.

Сейіт сөйлеген жоқ. Жомарт қатты дауыстап тұрып, Базаралы мен өз елінің үлкендеріне Сейіт көрген қорлықты “қатты сұмдық” деп атап, өйгілеп берді. Айғайлап тұрып айтып, Оразбайдың өзін де, малының құлағын да ақыра боқтай сөйледі.

Омар бұған ілесе және де намыс, ашу сөзін айғайлап айта жөнелді.

– Елмісің, жоқ ез қормысың, осы тұрған ер-азамат?! Мынадай масқара қорлауды көрмек түгіл, естігенің бар ма? Осындаиды істеп отырған жалғыз көзді жалмауыз, ку соқырға көрсетер ерлігің бар ма, жоқ па?! Асты ғой мынау! Кеткеніміз бе осылай түяқ серіппей?! – деді. Кейде Омар мен Жомарт кезек айғайлап сөйлеген. Истің жайын ауылдан естіп, шауып келіп, енді жеткен тағы бірнеше жас жігіттер де ызалы айғай салысты. Бірақ дөң басында тұрған көпшілік жиын шешіліп жауап айта алмай тұр.

Жомарт Базаралыны танушы еді. Енді айғай-шуын бөсендептестен сол Базаралыға тақай түсіп, арнай тұрып, тағы да ақыл сұрай, шағым айта, көмек күте сөйледі.

Базаралы бұл елге кеше ғана келген. Осы ауылдарда жиендері бар еді. Және Тоғалақтың осындағы бір атасы-

ның, бір топ ауылдарының шешелері Жігітек қызы болатын. Сондыктан Базаралыны Омар сияқты жігіттер “нағашы” деп қадірлеп қарсы алысқан. Қазір де Омар мен Жомарт екеуі Базаралыға кезек сөйлемеді.

— Нағашы, тым құрса сен айтшы! Мынау тұрған момын ел не қыларды білмей үйлішпү тұрғанын көресің бе? Не қыл дейсің, өл десен де, өзің айтшы! Ақылыңды айтшы! – деген-ді.

Базаралы Сейітті аяғаннан зорға шыдап тұрған-ды. Қасындағы Өбдіге акырын сөйлемеп: “Әттең, қорлық-ай, мынаны естіп, көргенше өлген артық-ау!” – деген-ді.

Сонымен қатар бұл күнде нашарлап кеткен жүргегі қаға түсіп, өкпесі аузына тығылғандай. Аса қатты демігіп, тістенүмен қиналышп түр. Жаңағы ызылды, ашулы намыскер жігіттер енді бұған қарап сөйлегендеге, Базаралы андаса, айналасында тұрған қалың топ, момын көпшілік, ақсақал, қарасақалдың, жас-желеңнің бәрі де бұған қатты үміт қылышп, бұған қадалып қапты.

— Айтса екен, бәсе, Базекең айтса екен! Нұсқаса екен!

— Осындайда қамалғанды қостайтын, үйлыққанды бастайтын өзі еді ғой!

— Қөптің көсем – серкесі еді ғой! – дескен сөздер біреуінен біреуі қатаң шығып, халық үні болып, қауырт естіле берді.

Базаралы елдің сырын білетін. Көп тамырын, өсірессе бейнет, еңбек елінің көніл күйін көрі тамыршысындей бес танитын. Ашық ойы қайта бір, осы тұста өзі күтпеген күйде, сілкініп оянды. Бар қауқарын жиып тұрып, өзге аттың бәрінен шоқтығы, сауыры биік көрі тарланына мінген күйінде екі үзенгіге аяғының ұшын тіреп алышп, айналаға естірте, Жомарттарға қарап тұрып, қатты сөйлемеді.

— Уай, ер жігіттер, мені нағашы деп ақыл сұрапсың. Нағашының бұл күнде бармағын шайнаң, өлердей өкініп тұрған жайы бар. Кеудем ұмтылғанмен, ауру басып, сұлдерім құрып түр. Бірак “молданың істегенін істеме, айтқанын істе” деуші еді. Нағашыңды тыңдасаң, қазір оның аурумын деп айтқаның тыңдама, істегенін істе! Бұндайда

мені айтсаң, қолымнан келсе не істеп қалатынымды білуші ең ғой, ағайын, жұртый! Не тұрыс бар?! Оразбайдан осы Сейіт көргенді әр түрде, әр күнде көрмегенің бар ма еді? – деп, айналаға көпке таратып, енді ызалы сөзін сұық түрде қабак түйіп, қысқартға жиып алған еді.

Бозбіктің дәл шашылған жотасынан ұзақ созылған бойына төменге шейін қалың қол, ер-азамат қатып, қалшиып тұрып, Базаралының үнін тыңдал қапты. Осы атырапта бүгін атқа мінген көрі-жастың бәрі, ер-азамат түгелімен Бозбіктің өнбайына жыптырлап, сыйылысып толған екен. Енді Базаралыдан соғыстағы сүреңдей Оразбайға қатал үкім айтқан кәрлі сөздер ғана атыла шықты.

Ол айғайлап, қатты зор даусын саңқылдатып сейлеп тұр.

– Оразбай соқырдың асып жүргені алдындағы малы ғой. Сол малда осы тұрған қалың елдің бәрінің көз-жасы жүрген жоқ па?! Қайсыныңа зорлық етпей, қорлық көрсетпей, жуандық етпей жүр еді. Оразбай асып-тасып болған жоқ па, кеше мен бүгін?! Алдынан шығып, шаужайға қаққан бірде-бір ер, өлде бір ел шыға ма, жоқ па?! Қарын шашы алынбай, қара алbastы кете ме?.. Жоқ, кетпесін!.. Алу керек елдің өшін, ердің өшін! Кешегі күні қазақ баласы қадір тұтқан Абайдың өшін де алу керек!.. Мынау алдыңа жылап келіп тұрған асыл азаматтың, Сейіттің өшін алу керек!.. Қаптау керек, қалың ел!.. Қорықпағанын, ықпағанын көрермін ондай көрсоқырдың!.. Осы тұрған қалпында қапташы көне, қалың ел. Ал өшінді, ал ердің өшін, Абайдың өшін ал! – деп, бұйыра айғайлап жіберді.

Осы-ақ екен, барлық иін тіресіп тұрған ер-азаматтың бәрінің аузына ұрандай бол бірнеше өткір, айқын, анық сөздер өрттей лаулап, тарай жөнелді!.. “Өшінді ал!”, “Ел өшін ал!”, “Ердің өшін ал!”, “Абайдың, Абайдың өшін ал!”, “Кімнің көз жасы жоқ еді!”, “Кім қорлық көрмеп еді Оразбайдан!”, “Қапта, қалың ел” – деп, Бозбіктің басынан ылдыына қарай, ойынан қайта лаулап, өріне қарай жаңағы сөздер жалындаш шалқыды. Өзінің әр кеудені намыспен шарпыған қызыуымен, жігерімен енді осы жұрт тұрған жер-

ді сілкіндіріп, тұршіктіргендей болды. Қалған сөзге орын жоқ еді.

Жомарт, Омар, Әбді болып ойдан төмен “қапта!”, “қапта!” деп, “Оразбайдың аулы қайсысын?” деп, аттың басын ағызып қоя беріс-ті. Қолдарына жолдағы ауылдардан сойыл, құрық, шоқпар, найза ілінген азамат қаруланды да, көпшілік дырау қамшыларына сенген күйде қалып сел бол қаптап берді. Жиыны бес жұз кісі ер-азамат осы арадан екі ғана белдің астында отырған Оразбайдың бір топ ақ ауылдарына таудан аққан тәнірдің көріндей анық ызалы елдің ашу селін ақтарды.

Бұл топты қазір бастаған Жомарт, Омар, Сейіт сияқты ер жігіттердің өздері. Ауру Базаралы шабуылға жарамай, азғана топ ақсақалдың ішінде қалып қойған. Бірақ Әбдіге өзінің сегіз өрме бұзаутіс дырауын беріп жатып: “Мен үшін он дұспанның басын жар! Соны істемей қайтушы болма!” – деп, Әбдіні өз қасынан қайрап жөнелткен.

Ата ұлы емес, ашууланған қалып көпшілік, “Ел ұлы” болған қалып азамат шабуылы Оразбайдың аулын тас-талқан етті. Бұлар тұс кезінде көп ауылдардың ортасында үйездеген Оразбайдың өзі мен балаларына біткен үш мың жылқыны “қиқу салып” түгел тиіп алды. Үш желіге байлаған жұзден аса құлындарды, желілерін борт-борт кесіп, тырым-тырақай қашырды. Үйлерді сабап, уықтарын сындырып, тыста жүрген ерекек атаулыны сабап сойып, үйді-үйге қыуып тықты. Бес жұз қол Оразбайдың ауылдарының үстінен дауылдан бетер, селден ауыр әлек салып, арлыберлі етті.

Оразбай мен оның әр үйде отырған балалары, бауыр, туыстары, қатын-қалаштары бас көрсету былай тұрсын, іннен-інге тығылды. Оразбайдың өзі де амалсыз титыры құрып, төсегіне жата қалғанда, оның шұнаңдаған жас тоқалы үстіне толып жатқан көрпе, жастықты үйе салып, жасырып қалды.

Осылайша ойда жоқтан көп жүректен атылып шыққан әділ ашу, қалып елді көптен бері қазаға ұшыратып жүрген

қандыауыз қасқырды інінің аузында ойран салып, масқаралай жазалады.

Қол қымылы десе, анық қалың қолдың қимылы. Шабуыл десе, анық батыл шабуыл.

Оразбай бұрын жалғыз өзі көпке осындей қол қымылын, шабуылын жұмсап келсе, енді бүгін аты жоқ, аталау жау емес, бірақ одан әлдеқайда басым, жуанынан жуан, күштісінен күшті, тобынан сонағұрлым көп, анық асыл күш, жазалаушы шығып еді! Бұл бұрын көпті жылатқан болса, енді сол көп елден жиылған көптің өзі келіп, бұның малын шұбыртып, аулын шулатып, өзін жерге тыға қоретіп, кек алыш кетті.

Дәл осы шақта Тоғалақтың, Сақтың, Жуантаяқтың Абралы, Наманай, Мұсірөлі, Байқұлақ, Қаражан сияқты байлары Сақ-Тоғалақтың жаңағы шабуылға қосылған азатынан, тобынан, көп аулынан безе қашты. Оразбайдың біреулері құда, біреуі тамыр-тілекtes, тағы біреулер талай арамдықта бірге жортқан жемтікtes болғандықтан, атсыз көптің әлегінен бастарын аулактап, әдейі қашып, көшіп жатқан.

Міне осылай, Көшбикедегі былтыр Абай басына істелген қастықтан соң жылдан аса мезгіл өткенде, әдейі арнап уәде айтиспаса да, сол Абай үшін жаны күйген жұрт атаулы, қалың ел Оразбайдай жауыздан осылайша өзінің ашулы кегін алды.

2

Бүгін тұс ауа Базаралының аулына бір жұмыспен барған Дәрмен қайтып келіп еді. Базаралы мен Әбді Тоғалақта болған оқиғаның бәрін дастан етіп, айттып беріпті. Дәрмен Абай мен Баймағамбетке, Мұқаға сол жайды, өзі өсіресе сүйсіне тұсіп, үлкен бір ырзалықпен әңгімелеп берген. Болған жайдың бәрін баяндап келіп, Базаралы бұған өз әңгімесінің соңында өзгеше бір сөздер айтты. Дәрмен соны жақсы ұғып, жадына сақтаған қалпында Абайға қарап отырып, бұлжытпай айттып берді. Базаралының сондағы сөзі:

– Тау басында мен тұрып қалып, бес жүз кісі жер сілкінтіп, дүрлдетіп “Сақ-Тоғалақтап”, “Кек үшін!”, “Намыс үшін!”, “Ер үшін!”, “Абай үшін!”, “Азамат үшін!” – деп ұран, сүрен салып жөнелгенде, төбем көкке бір жетті! Шанды шабуыл жалғыз көзді жалмауыздың өзіне беттеп жөнелгенде, “өз өмірімде тағы мұндай қызық шақ, асыл дәурен көрмесем де арманым жоқ” дедім. Талайдағы кірбенім кетіп, көңілім түлеп өскендей болды! Былтырдан бері қапа мен құстадан шау болып, шөгіп қалып ем. Енді не керек, тау басына қанат қақпай, бірақ серпіп қалқып шыққандай болдым!.. “Базаралы енді өлсе, арманы жоқ! Сойылды сілтегендे үлкен сүмның өзіне, ен үлкен сүмдүктың басына соға сілтеді!” – деп қайттым. Бүндай күнді көре беруге енді жазбаған да болар! Ауруым асқындал бара жатса да, арманымнан бір шықтым! Сыр айтысар ағайын, Базаралы бүгін өлсе де, артындағы досына айтып кетер арызы осы ғана! – депті.

Бұл сөздерде талай сыр, талай елдік, азаматтық, қасиет бар. Намыс пен зор адамгершілік, өр сана байқалушы еді.

Баймағамбет пен Мұқа таңдай қағып, бас шайқасып, Базаралыға соншалық алғыс арнаған көңілмен мақтау айтысты. Дәрмен де өткір көзі от шашып, жайнай түсіп, бір күліп, бір түйіледі. Соншалық қанаттанып, көтеріліп отыр. Куаныш әкелгендей, ем болар дауаны айтқандай Абай жүзіне қарай беріп еді.

Абай үлкен сабырмен, салмақты жүзбен құп тыңдады да, үндемеді. Ол ішінен өзімен өзі боп, терен толғанып, қатты ойланып қалған төрізді.

Күн еңкейе берген кезде Абай үйдегі дос-жарандарын сол әңгіме үстінде қалдырды да, өзі оңашаланып тысқа шығып, содан жай баяу басып, жақын жердегі биік сарғыш төбеге шықты. Осы қоныстан Өртөннің төсі дейтін биік кішілеу күзектен айнала кең дүниe мол ашылып, аса жақсы көрінуші еді. Абай ұзак аяңдап, баяу басып, көп жүріп кеп, биікшеге шықты.

Қазір кеш тақау. Құн батуға арқан бойындай ғана қалған. Өртөңнің сарша биігінен Абайға мәлім көп таулар, далалар, қыстау болған қалың қатпар адырлар жағалай көрінеді. Сол жақта, құншығыста Орда тауы, Тоқымтық-қан, Бокай дейтін көкшіл мұнарга оранған қоңырқай таулар көрінеді. Одан әріде, шырқау ұзак алыста аспан мен жер мұнар боп, кілегей сұйық ақкөк бояуға айналыпты. Қекжиегі көрінбей қосылып кеткен кілегей мұнар ішінде Арқат тауы, Байжан тасы байқалады. Олар өзгеше ирек-телген қырлы жоталарымен сәл-сәл ғана аңғарылады.

Жағалай онтүстікке көз тастағанда, шығыстан батысқа қарай алыс өнір, үлкен өлкे қоршай түсіп, қатпар-қатпар қара көк адыр, қалың тау Шыңғыс жатыр. Абай көніліне мәлім әр тайпа елімен және Абайға жас кезінен белгілі сай-салалары, қыстау қоныстары көп биік шоқылары көрінеді. Шыңғыстың сондай бөліне көрінген биіктегі – алыстағы Бөрлі, бертінде Қан, Қараша қойтасы, аты жақсы Түйеөркеш, Тоқпамбет, содан әрі өз ағайыны мекен еткен биік қеуделі Қарашоқы, бертінде Қыдыр қатпар-қатпар қалыптарымен көлденең түсіп, көлбеп жатыр.

Шығыста Шұнайдың қос биігі, одан төменірек, бертін тұста жартасты сұлу тау – Доғалаң түр. Бір кез айнала үнсіз дүниені тамашалай қараған Абай көзіне Түйеөркештен, Қарауылдан төмен қарай созылған ақ дала түсті. Осы мол сардаланың жап-жазық бетінде Шұнай, Доғалаң, Орда сияқты таулар бір сәтте Абай көзіне тау емес, әлдебір ғажайып алып кеме төрізденеді. Сары теңіз, шексіз ұзак жазық, толқынсыз тыныш теңіз төрізденіп кетеді. Сол теңіздің бетінде құдір белімен кесіп алғандай боп, бөлек-бөлек орнаған көк биіктегі көмегердей.

Ертегі сипатты теңіздің ертегілік ескі заман кемесі. Сол ертегілерде жапанды кезген жалғыз жанға оқта-текте кезігетін тылсым буған дүние болатын. Қыбырсыз қатып түрған ұшы-қыры жоқ жансыз бір меніреу дүние мұлгіп тұрып кезігетін. Онда тас боп қалған адам, тас боп мелшип тұрып қалған жан-жануар көрінетін. Тырс еткен ды-

быс, қыбыр еткен тірлігі жоқ, тағы да тас боп сілейіп қатып қалған қалалар бар-ды. Мынау Абай көзіне көрініп тұрған, кесіп алғандай боп саржазыққа оқшау-оқшау шөккен бөлекше тас биқтер бейнебір сол тылсым дүниенің қатып тұрып қалған, тылсым буған тас кемесіндей.

Абай рахат бір әдемі жайлы өсер байқайды. Енді анда-са, Шынғыс жақтан асықпай соққан салқын самал тұла бойын шіміркендіріп, өзгеше бір тыныш рахатқа, қоңыр салқын майда бір лепке орағандай екен. Ишінен “Тұу, не деген рахат жел, қоңыр жел!” – дей түсіп, омырауы ашық кең көйлегінің бойын, шапанын ашып, төсін сол желге төсей береді. Сол тамаша жайлы салқын самал бет, моянын, кеуде, қол – барлығын қоршалай сипай орағанда, тағы бір шақта жел емес, әдемі мөлдір таза суға да ұқсайды. Адам бейне бір жайлы қоңыр, салқын суға шомылып тұрған тәрізденеді.

Бұл күй айналадағы бар дүниеге ақынның дағдыдан тыс дәл бүгінгідей ой көзімен үңіле қарауына жетекші болады. Тағы да кең, тыныш, жым-жырт өлкеге, өзі туып өскен осы еңірге Абай ұзақ-ұзақ көз тастайды.

Күн төмендеген сайын айала дүние әралуан ауысып, өзгеріп барады. Қазір Қарауылдың биік шоқысы, Көлқайнардың көп төбелері енді көлбеп түскең күн сөүлесімен айқындала қапты. Дағдылы қарабарқын тау төбелер тәрізді емес, енді сол таулар, биқтер аса бір жаңғыра жадырап, алтындар сары, ашық ренге ауысыпты.

Ал, сонымен қатар күнбатыс жақтағы Қызырдың қоңыр адырлары, әсіресе, Шұнайдың қазір көленкे басқан теріс-кей беттері өзгеше бөтен бір дүние тәрізденеді. Қатпарлы қалың адырлардағы кеш көленкесі өмір кешіндей сезіледі. Салқындаپ, қарауыта түсіп, өтіп кеткен ауыр дәурендей, сол өткен қазалы ауыр күндер ізін сақтағандай. Тек қана сүық түсті өгейлік, нәрсіздік, өлімге бейім сүық күйлер танытады. Өзгеше бір тұлдыр, тұнжыр өткен шақ бейнесі боп, елес етеді. Қазір күн астында жарқырап тұрған Қарауыл, Көлқайнар биқтеріне жаңағы сүық көленкелі, быжы-

рық бетті батыс жақтағы төбелер күдік пен сүмдық баян-дап тұрғандай.

Ол таулар тұтасымен сенімсіз күдік тауы сияқты. Енді бір сәтте жаңағы жарқыраған құнес құңгей беттері де аз-аздап жайылған көлеңкелі өжімдер көрсете бастады. Бұнда да енді шұғылалы құнмен қоңыр көлеңке, көкшіл өжім кезектесіп таласыпты.

Сөтпен жаманат бол тайталаса бастаған. Енді біраз тұрғанда Абай көзі тағы да жылжып өтіп, әр сәтін айқын танытып бара жатқан бейуақ мезгілін анғарады. Кеш жеңіп келеді. Көлеңкелер тұтасып барады.

Абайдың бұрын бір шақта: “Мұнды қөнілім сырласар сүрғылт тартқан бейуақ!” – дейтін шағы келеді. Қазір сарғыш сөүле жұқалаң алтын жалатқан қаймақ сары қабактағана сезілгендей. Бөлек ұсақ адыр да батыстағы қоңыр-көкшіл көлеңкелі таулардың реңіне ауысып келеді. Енді өлгібір өзірдегі майда салқын самал да қоңыр салқын желге айнала бастады.

Абай осы сәтте бұл дүниені өзіне де бір соны болған жаңа оймен шолып, бағып тұрған. Жер, туған жер ең то-лық, ең мол сырлы өзгеше әңгімеші екен. Өмірдің бірталаі биік беліне шыққан Абайдың өткен шақтары елес-елес тізіліп өте бергендей. Сол қатпарлы таулар, ақ далалар, ұзын аққан түйеөркеш әсем салалар, Қарауыл, Балпандағы өзендер бұның өмірінде талай-талай шақтарының беті ашылып тұрған өзгеше кітабы тәрізді. Әр өнірге сөл тоқтаса, нелер ыстық қуанышты елес береді. Нелер ауыр қайғы, қажытқан уайым, шаршатқан қасірет, жаулықтың да талай-талай уланған қастығы еске түседі. Талайдан ұмытылған есте жоқ жандар және бір алыстап кеткен әлдекандай ұсақ оқиға, халдер – бәрі де таласа, шұбатыла береді.

Абай өз өмірінің желісін тағы бір тартып өткендей. Жер, өлкे әрбір оқшау шақтарды айқын баян етіп тұрғандай болады. Тағы да жаңағы бір кездегі ертегі кемесіндей, тылсым дүниесіндей көрінген тау, тастарды шола тұрып, өзгеше бір ойға кетті. “Кім біледі, бұлардың ішінде бүгіліп жатқан сыр жоқ па?! Түйіліп жатқан қазіргі нәсілге белгісіз

ғажайып бөлек күш жоқ па?! Осы таулардың ішінде қалып тұрған қазына жолын кім біледі... Осы ақ адыр, сары дала бір шақта құт даласы боларлық ұйтқы мен қор жатпағанына кім кепіл?.. Бүгінгі нәсілге жұмбақ тәрізденіп, үнсіз мұлгіп, мәңгі меніреу дүние, бәлки, бейmezгіл заманың тылсымы буып тұрған дүние болар. Бір шақтар болар, әлдебір замандар, бәлки, келер. Сонда осында баяғы ертегі қалаларында қатып тұрған, қалғыған күштің бәрі қайта оянар...”

Абай көніліне осы оймен қатар қызықты ыстық қиялдай тағы бұлдыр тілек келе берді. Сол дүниені, сол заманы көрер ме еді!.. Тым құрса, ұзақ тірлік кешпесе де, әлдебір жайдан қандай бір сәтінде жалғыз көзбен сығалап қараса да, сол заман, сол дәүірді көрсе!.. – деген арман, қиял Абайдың көнілін шалды.

Соны ойлаумен қатар, “ал сол айтылған болашаққа бұл дүние, бұл дәуреннен не баруға, жетуге болар еді!” “Ол күлгін күн, жарқын заманың керегіне бұл шақтан не жарар еді?” – деп те бір ойлап кетті. Әрине, мынау тұл заманың тузып тұрған дүниесі ол шаққа да осы қалпымен барады да өзгереді. Ал адамнан ше? Бүгінгі қауым, бүгінгі жандардан ше!.. Бұл жайды бөгеліп тұрып ойлағанда, Абай қабағы түйіліп, жүрек жирене қысылып, өне бойымен тұршігіп, бір дір еткендей болды.

Соқтықпалы соқпақсыз заманда өмір кешкен азғантай халқы бар. Оның бүгінгі тірлігі – қорлық. Ол қаранғы, надан, оны билеген күш-куат қара албасты, қаратүнек күштері. Бұны ойласа, Абай бір сәт шұғыл, қатал бір ойға ауысады. “Бұл өмірден кетер ме еді? Өліп-өшіп, жоғалып, сол болашақ дүние үшін кетсе. Қайта бір ояну үшін, бір сәтке болса да қайтадан жандану үшін өлсе... Болашақта аз тірлікке қайта бір келу үшін солай болса”, – деп те қиялдайды.

Жанағы аскар ойдың шағында бүгінгіден жирену соншалық, Абай бірінші рет осы арада “енді өлсе де болады ау, жетті ғой! Мен жүретін сапар таусылар шағы болған тәрізді. Өлсе де нетер!..” – деп те ойлады. Бірақ онысы

қабақ шытқан, қан жүтқан қайғылының өлімін тілеуі емес. Бүгіннің сұмдығын, сорақы қорлықтарын жиренішпен өз тірлігінен серпіп, бір бөліп тастаудың тілегі тәрізді. Дәл осы ойды ойлай тұра, Абай жаңағы бір сәтте өзіне өзі берген сұрауына қайта оралды.

“Дұние, жаратылыс, рас, осы түрған Шұнайымен, Шыңғысымен, Қарауыл, Балпаң, Ақадыр, Ордасымен ол заманға баратыны даусыз. Ал, бүгінгі халықтан, осы қауымнан, осы заман адамынан сол жақсы заман қалпына таман ке-рекке жарап барап бүйім бар ма?.. Халықтан халыққа жетер қасиет бар ма?!..” – деп, тағы бір ойға түйіле бергенде, Абай сүйсініп жадырай түсті. Езуінде сәл ырзальқ белгісі пайда болды. Оның есіне бағанадан жүрек түбінде жатқандай, Дәрмен айтып келген жайлар келді. “Жауыз да бар бұл күнде, қар борандатқан дауыл да бар. Бірақ бүгін күні тумаса да, туар күнге атой беріп жатқан қауым да бар. Мынау Базаралы айтқан “Армансызыбын” деген жалынды сөз, жан сөзі ғой. Ал, ол ұран тастаған қалың ел ше?.. Абаймен туыстым деген ата ұлы Құнанбай, Өскенбай, Үргышбай емес. “Намыс құдым” дегенсіген жақынсымақ емес. Тіпті ата ұлдарымен, ұрандармен қосылған жандар емес, атсыз ауылдардан шыққан атақсыз ұлдар. Намысқа шапқан, кекке шапқан елдік қасиет бұл емес пе?! Бейmezгіл күнде болымсыз болса да белгі берген осы қимыл талай сырды танытпай ма?.. Қолынан шанда бір заманда келсе де, осындай мінез берін қалып қандай! Болашақ заманға да түйір-түйір қасиет, өлденедей игілік ұрығын, дәнін тастар қауым болмас па?” – деп, оңашалана ойлаған, ұзап ойлаған бір ойының байлауын Абай осында үмітпен аяқтады.

Сонымен, ымырт жабыла тағы да баяу басып, жалғыз қайтып келе жатқанда Абай басқаша бір қобалжумен келді. Қобалжытқан ыстық жай, ойына алғаш келген болашақтың жайы. Сол болашақ заманың нәсілімен, сол күннің сыр тыңдаушы ойлысымен Абай өзі енді тіл қатысып, жалғаса берген. Осы жайды ойлаған сайын ендігі Абай көнілі тыным таппай, толқына тулай түседі.

Егер де ол заман адамымен тілдесер болса, қандай, нендей жайларын Абай өзі ең алдымен айтуға тырысар еді. Эрине, ол заман адамына бұл тұтас тұрған жұмбақ қой! Ол адам көп ойланбаса, жүргегінің түбіне терең бойламаса, Абайды түсіну оңай бола ма?.. Соқтықпалы соқпақсыз заманда өскен мендей жанды жақын тану, жан тарту арзанға түсе ме?!. Тас қараңғы далада үйірлі наданмен жалғыз алысқан ем. Әлсіз қолда жансыз жалғыз ғана шырақ ұстаған ем. Мендей ізденушіні қабылдаушы оңай ұғып, біле қояр ма!..

Көптен көп айтары бар, жылап та айтпайды, жасып та сөйлемейді, өтініш те етпейді, тек қана “түсін мені, таны мені” дегісі келеді.

Көнілді бұрып билеген бір қызу толқын, ыстық ойлар зор кеудені шарпып тулатты. Абай асығып үйге кіріп, Әйгерімге “шам жақшы” деп тез бір тілек айтты да, төсектің бас жағындағы сүйектеген кітап шкабының ішінен қағаз, қарындаш алды. Үлкен дөңгелек үстел қасына құлай бере, асығып кеп отыра қалды. Жарығы мол Әйгерімнің лампысы үстел үстіне кеп орнағанда, Абайдың асыға қимылдаған жүрдек қолы астынан өзгеше бір тың туысты өлең жолы созыла берді. Дәл осы сәт кешінде анық ақындықтың үлкен биғінен ой сезімімен өрлеп шыққан зор өнер-паздың өзгеше бір өлеңі туып еді: болашақпен өз заманын өзгеше бір халде жарастыра табыстырғандай. Шақ қана үн қатып, иек қаққан белгі атқан еді.

Жүрегінің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!..

.....
Өзі ермей, ерік бермей жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш үйықтат, бақ сөзіме!..

Осылайша “Өлсем орным қара жер” дейтін өлеңмен Абай ең алғаш рет өлімді аузына алды. Бірақ бұл өлім жағындағы сөзде өлместік сырды баяндау бар. Өлмес күшті

күптау мен ұзаққа жолдау бар. Бұл күніренген көрінің, көрге үңілген зарлының айтқан өлім жайы емес. Дүниедегі, халықтардағы, замандардағы барлық бір өлмес күштер, мәнгі тірліктер барына барынша сенген жүректен туған, өлім атынан айтылған, өмір жыры еді.

Абай осы өлеңін жазып болып, енді домбырамен бір шат көнілді күй тауып, қоңырлата тартып кетті. Ол жазуын бітіріп, ендігі үй іші тірлікке бейім жадырай түсті. Соны байқаған Әйгерім Зылихаға қабакпен белгі етіп, көптен жерошақ басында қайнап болып, талай рет тобылғының шоғымен демделген үлкен самауырды келтіруге бүйірған. Шай жасала берген кезде қаладан қайтқан Кішкене молда да кеп кірді. Қаладағы Мағаш пен Кәкіттай Абайға арнаулы хат жазыпты. Сол хаттың ішінде Павловтың басқаша бір сәлемін айттыпты.

Жас жақындар мен жақсы дос осы жолы Абайдың қалаға келуін мәслихат етеді. Мағаш пен Кәкітайдың Абайды қалаға шақыруында олардың өз ойынан тыс бір себептер болған. Көп уақыттан бері Семейде бастары қосылған бірнеше үлкен елдердің “абыройлы” дейтін, “есті-басты” дейтін, “ел жақсысы”, “ел ағасы” деп ататын аксақал, қарасақал адамдары өзара сөз жүргізеді еken. Бұл сөздің басында қала мен қырда кеп елдің басын құрайтын Арғын, Қарекесек руының білікті кісілері болады. Сырттағы Керейдің Бегеш деген білгір адамы, ойдағы Керейдің Рақыш дейтін пысығы шығады.

Найман елінің Матай, Сыбанынан тағы бірнеше белгілі адамдар осы сөзге араласады. Бұлардың ішінде Матайдан – Жұмақан, Серікбай қажының жақындары бар.

Тобықтыға көршілес бергі Сыбаннан Қамбар, Қабылан дейтін кісілер араласады. Қызылмола елінің Уақ, Матай, Бурасынан – Қазанғап, Қанғожа да шығады. Кекен, Семейтау Уағынан Серке сияқты, ылдидары Белағаш елінен Айтқазыдай сөзуар пысық атқамінерлер араласады. Осы бір топ жұрт қаладағы Қарекесек байы – Оразбайдың құдасы, киізші Сейсекемен бірнеше рет кездесіп, сөз байласқан болады.

Сонымен, төңіректеп көптең көтерген сөздерін енді арнаған өрісіне қарай бұрады. Сөйтіп, қалада бер жақта Білеубай қажы дейтін екі қабат темір шатырлы үлкен үйі бар, бай қажының үйіне Абайдың қалада жүрген жақындарын қонаққа шақырады. Білеубай қажының қонақ жайға арналған төрт бөлмелі үстіңгі кең үйлеріне есіктен төрге шейін дастарқан жайғызыпты. Мол дастарқанды айнала ұзын көрпе, құсжастықтар салғызып, көп қонақ күтеді. Әр үйде бірнеше шелек қымыз бір-ақ сыйтын “тайжұзген” дейтін терең, сары қамыс тегенелер беті шүпілдеп, сары қымызға толып, көп жерге қойылады. Қалың қонаққа тынымсыз құйылып, сапырылып жатады. Арнаулы сырлы тостағандар дамылсыз әрлі-берлі қалқумен бір толып, бір солып ұдайы жағалайды.

Сарбұға салып асқан семіз қойдың еттері табақ-табақ тартылады. Мағаш пен Кәкітай бұл жиынның мәнін әуелде ұғынбаған. Оларға тосын бір сөз сол ет жеп, қымыз ішіп болған соң кешендең келген палаудың, шие суының үстіндегі айтыла бастады.

Төрт бөлменің отыз-қырық кісідей көп жан сыйған ең үлкен бөлмесінің төріне “Абай баласы” деп Мағашты, “інсі” деп Кәкітайды шығарған. Осы жиынның ішкі жайын жақсы білген Шұбарды, Әзімбайды алғызыпты. Олар да төрден, Мағаштың қасына орналасқан. Осыларға тақау отырған Серке мен Бегеш – Уақ пен Керейдің сөзуар орамды адамдары Мағашқа қарап отырып, кезектеп бір сөз бастады.

Аздан соң Мағаш пен Кәкітайдың анық аңдағаны, бұлар Абайдың басынан кешкен былтырғы ауыр жайды сөз етеді екен. Мағаш пен Кәкітай өздері жүрген ортада көп естімейтін айшықты, кестелі сөз әуелгі Бегештен шықты.

– Біз Абайдың жайын, асылымыз, ардақтымыз Абай ағаның жайын сөз етпекпіз. Абайға бала, бізге іні бауырлар, сендердің осы отырған үшінші-төртеуінің ортада тастағалы отырған осы топтың бір түйіні бар, шырақтар! Сендер арқылы Абай мырзаға біз сөлем жолдағалы отырмыз. Біз дегеніміз кім? Міне, айнала көз салындар да, кө-

ріндерші! Мұнда Арғын ағадан Қарекесек жақсысы бар. Ойдағы, қырдағы Керей атаң баласы бар. Өрдегі, ылдидағы Найман азаматы да бас қосып отыр. Дәл қастарында отырған Серке мынау. Осы қасиетті дастарқанына біздің басымызды құрап отырған Білеубай қажы болсын, кімдер бұлар? Көз жеткен мен сөз жеткенді болжасандар, “исі қазак” деген осы. Бұл төрт арыстың баласы, Орта жүздің тізіліп келген тобы деңдер! – деп, өз жиындарының жөнін үғындырып айта келіп, енді Абай жөніне ауысқанда, анық судыраған шешен сөзіне көшті.

– Кім еді Абай, ол Тобықтының ғана Абайы ма еді? Жоқ, исі Орта жүзден орасан, ойқастап озған жүйрігім болатын! – деп келіп, тағы бір Абайды көтере атаған тұсында “ол кім еді?” – деп өзі сұрап барды да, тақпақтай жөнелді.

– Ол қоңыраулы бүйра нарындей, көпке пайда көп еткен көктемдегі жауындей, жақсымыз болатын! – дегенде, тағы осындей құрмет, мадақтау сөзді Серке де іле жөнелді.

– Тілі бүлбүл, аяғы дулдул дейтініміз Абай еді! – деп, Серке енді бір кезек сөзді мақсатқа қарай бұра тартады.

– Көштің байсал тапқаны – көкорайға қонғаны, даудың байсал тапқаны – төрешіге барғаны! – деп, құбажондатып, айтқалы отырған жайларын тұспалдап өтті. Тағы да Абайдың қасиетіне мақтау айтып, орағытып келді.

– Отқа салып ерітсең де, алтын сірә жez болмас, аяққа шүлғау қылсаң да, асыл жібек бөз болмас! Біз Абайдың қасиетін қор етер жайымыз жоқ! – деп бір тоқтай берді.

Сол кезде Айтқазы да ой мен қырдың қалың топ елінің анғарын танытып, Абай бейнет көрсө де, халқының қамқоры екенін атап кетті. Халық қамын жеген жақсының жолы онай болмайды. Ер басына ол қымбатқа түсетін ауыр салмақ екенін шешендікпен қоса ақылды сөйлеп келіп, өзінше бір ойлы түйін тастады.

– Қорғасындей толқып балқысаң, бейнет көріп алқынсан, мақсатты тұра табарсың! – дегендей, Абай өзі үшін емес, ел үшін іздену мен қиналуда еді. Оның түскен оты ел қамының оты еді! – деп, енді өзгелер айтпаған тағы бір жайды орай келген.

Осындай әр елдің тобынан бір-бір адам жиын мақсатын айтып өткен соң, алғашқы сөзді бастаған Бегеш қайта кеп, алғаш атаған түйінге оралды. Мағашқа тағы да бұрыла түсті.

– Жасың жас болғанмен, “жастық – жалын, көрілік – құл” деген, Мағаш шырақ. Қырғында қылау салмай ой табатын, жол табатын да жас болады. Самарқанды сапырып жүрсек те, көрінің бәрінің келіп тоқтайтыны жас жүректің байлауы болады. Біз сенен көп үміт етеміз. Айтартымыз – мынау өзге екі жүздің адамымен бетпе-бет кездессек, Абайдың жайынан жүзіміз ұялатын болады. Біз, Ұлы жүз бер Кіші жүздің баласына, жалғыз бір жақсымызды жарақаттап отырып, не деп тура қарай аламыз. Абай мырза біздің бір сәлемімізді қабыл алсын! Тарғыл тастың тағыларын жуасыттын да қүш-құдірет бар! Айыпкерді аяғына жығамыз. Тентекті түзеп жолға саламыз. Осы ниетімізге “құп” деген сөзін күтеміз. Бізге жоқшым болып, “іздерінді іздей бер” деген рұқсатын әперіндер. Мағаш, Кәкітай, Шұбар, Әзімбай мырзалар – бәріңе мына жиынның айтары осы! Алдыңа далбай тастап, шырғаладық. Жауптарыңды бүгін бересің бе, ертең бересің бе, тобымыздың ішінен бір-екі кісіні таңдал алындар да, айтып беріндер! – деген.

Бұл жиын Абай маңынан шыққан жастандардан ашық жауап алған жоқ. Мағаш пен Кәкітай шешіліп жауап айтқысы келмеді. Шұбар мен Әзімбай жаңағы үш-төрт кісі сөйлеген әр сөздің түсінде ентелей түсіп еді. Олар ден қойып, ырзалаққа өзір болған тәрізді. Бірақ көптің бет бұрып, жауап күткені Абайдың өз баласы Мағаш болды. Ал ол болса, шешен мен ділмәрдің ақты-бозды ағызып сөйлеген аламыш тіліне таңданған жоқ, тал бойы үйінен да жоқ. Ишінен сыншы, салқын бір күйді сезінді де, өз жауабын түк те қысылмай қысқа ғана айтқан. Оның білдіргені, сөз Мағашқа бұрылып айтылғанмен, бұл билейтін жай емес, арналғаны Абай. Мағаш Абайдай әкені билеп үйренген бала емес. Сондықтан әке жауабын айта алмайды да, айтпайды да.

– Ниеттерінді естідік. Бұл сөздің түп иесінің не дегенін сіздерге естірту, біздің бүгінгі жиыннан мойнымызға ала кететін қарызымыз болсын! – деген.

Осыдан арғы сөзді өзі де сөйлеген жоқ. Сөйлемек ыңғайы байқалып отырған Шұбарға да бұдан былай сөйлеуге жол бермеді. Жиыннан Құнанбайдың төрт немересі бірге қайтып еди. Жолда Мағашты тағы да жұмсарта түспек боп арбада келе жатып Шұбар: “Жаңағы ел адамдары қандай шешен, естілмеген сөздер шықты-ау ауыздарынан. Біре-үнен соң біреуі асып, үдең түседі!” – деді.

Оны Әзімбай да қостай жөнелді.

– Өйдесен анық шешенді мен осында көрдім. Шын-ақ сөздері “кілемнің тақтасында” – деген осы-ақ тағы!

Мағаш бұл екеуін қатарынан мысқыл етті.

– Тапқан екенсіндер, шын шешенді. “Кенеуі жоқ кей билер, құр зорлайды тақпаққа” – дегені қане?!

Кәкітай қатты сүйсініп, сақылдап күліп жіберді.

Мағашта құлқі жоқ. Осы жиынға Мағаш пен Кәкітай-ды жөндерін айтпай ертіп барғаны үшін ішінен Шұбар мен Әзімбайды ұнатпай, ызаланып келе жатқан. Енді жаңағы Кәкітайдың құлқісіне ілестіре Абайдың атақты өлеңінен екі жолды Шұбарға бұрыла қарап, есіне салды.

Ескі бише отырман бос мақалдан,

Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап... –

деген сөзді ұмытқансың-ау, Шұбар! Ақын да өзің, мақұл да өзің, адасар бір жерің болсаши сенің! – деп, енді анық кекесін сөз айтты.

– Е, қайда адасыппын, Мағаш, не айтып келесің?! – деп, Шұбар өлденеден қуыстанып, Мағашқа ентелей түсіп еді.

– Уа, қойшы әрі! Осы жиынға мені апарғанда тым құрса шыныңды айтып-ақ апарсаң болмаушы ма еді? Әкемнің шерін жаттанды сөзбен, жалақтаған жалған шешендікпен емдемек болып па ең?! – деді. Шұбарға сыртын беріп, өзге сөзден тыйылып қалды.

Абайға Мағаш пен Кәкітайдың “осы орайда қалаға бір келсе қайтер еді” деп хат жазғаны сол жиыннан соң бола-

тын. Қалаға келген соң Абай Мағаш пен Кәкітайдан бұнда болған жайдың бәрін тағы естіді де, үндеген жоқ. Жауап берген жоқ. Не байлауы бары Мағашқа да мәлімсіз боп, бұл сөз қалпынша қала берді. Оның орайына Абай өзін сағынып күткен, көруге асырып келген Федор Иванович Павловты өзгеше ашық бейілмен қарсы алды. Екеуі бил-тырғы ауыр оқиғадан соң көріскең жоқ-ты. “Абай осымен қырда, қалың жаулық арасында қамалып қала ма”, “қайғы басып, көнілі қайтып қала ма?” – деп, Павлов бұл шақта Абайды көруге қатты құмар болатын. Жақында Мағашты үйіне шақырып, Абай жайын көп тыңдал, біліп шыққан. Содан кейін Мағаштар жазған шақырту хаттың қатарына “қалаға келгенініз жақсы болар еді” – деп, бұл да сәлемхат жолдаған.

Алғашқы қысқа, шапшаң сұрасып жауаптасқан ыстық, достық сұрақтардан соң, Павловтың салмақпен сұрайтын сөзі бар. Абайдың қазір самайына ақ кіре түскен. Нұрлы көздерінің айналасына түскен әжімдер байқалады. Соған қадала, ойланған қарап отырып, Павловтың сұраганы: “Қалай, Ибрагим Құнанбаевич! Қазір тірлік қалай, көніл қалай?” – деген.

Абай да Павловтың көрікті көкшіл көзіне ыстық тарта қарады. Аса сенімді жанға сирек ашатын бір сырды анық ақынша қызық тенеумен айтты.

– Тірлік дейсіз бе, Федор Иванович?! Тірлік деген, дүние деген, менің андауымша, өзінің осы күні-түнімен бір ора-лып жатқан ала жылан фой. Ол оқ жылан бірде соғады, бірде шағады. Сөйтпек оның болмысы фой! Міне, тірлік, дүние осылай, Федор Иванович! – деп тоқтады.

Жүзінде ойлы мысқыл бар. Салқын, кең, саналы даналық тәрізді биіктеп түрған ой шабыты байқалады. Рас, жаңағы сөздерін Абай қазақша қанша шебер ойланғанмен, орысша дәл ойдағыдай шығара алу қын еді. Ол Федор Ивановичтан кешірім өтіне отырып, бөгеле сөйлеп, қина-лып барып жеткізген-ді.

Бірақ айтылған ақындық тенеу және соның мегзеген үлкен ойы Павловтың көкейіне өте тез қонды. Ол бас шүлгі

отырып, сүйсінгеннен бет-жұзі қызырып, мейлінше қатты дабыстап, күліп алды. Өзі ішінен: “қандай ақын, философ ақын, қасиеті бар Ибрагим Құнанбаевичтің” деп ойлады.

– Рас, Ибрагим Құнанбаевич, кейде өмір солай сүм болатыны рас. Бірақ оны мәнгі солай, бар қауымда солай деу дұрыс емес және тіпті әділет емес! – деп дау айтты.

Абай тез өзгерді.

– Әлбетте, оныңыз да рас. Бірақ сіз мен көрген өмірді сүрадыныз. Мен білген тірлікті айт дедіңіз, соған айтқам жоқ па?!

– Сонда да үмітсіздік ақынның жолы емес.

– Ақын кімге жазады? Айналасы жаңағы болса, не үшін жазады?!

– Кімге дейсіз бе? Мен айттар ем, жаңағы алғаш айтқан ойлы сөзініздің өзінде талай ақындық түр ғой. Онда және даналық та орын алады. Сіз бір тынысыңызben ақынсыз да үстазсыз. Тілесеніз де, тілемесеніз де сол өнер сіздің ішінізден өздігінше туады. Ендеше, сізге үнемі үзбей жазу керек! – деймін.

– Кім үшін, кімге арнап жазайын?.. Кімге керек?

– А, мен айтайын. Бұғінгінің азына, келер құннің көбіне арнап жазыңыз! – деп, Павлов бір нәрсені есіне алып, қатты сүйсініп күліп жіберді. Бұның тапқыр сөзіне, жеңер ақын дәлеліне Абай амалсыз ойланып, тоқырай беріп еді.

Ендігі отырыста жаңағы айтқан қысқа бір жайын Павлов Абайға баптап, таратып сөйлеп берді. Оның өзі көрген және өзі білген Абай ақындығымен байланысты талай жайлары бар екен. Басын Затонның жұмысшылары етіп, бер жақтағы мойканың жұмысшыларын айтып өтті. Ар жақ пен бер жақтағы тері заводы, былғары заводы, паром, қайық бойындағы жұмысшылар ортасын Павлов көп қыдырып, аралап жүреді екен. Ол Өжеркенің, Секленкенің жақтағарын, Жоламан жатағы мен бер жақта қайық аузынан төменгі жердегі қазак кедейлерін біліпті. Отынши, пішенші, күтуші мол еңбекшілер орналасқан жайларды қазір осы қаладағы талай көрі қазактан бетер өте жаксы аралап алыпты. Солардың арасынан көп адамның аттарын атап оты-

рып, Абайды таң қалдырып, сүйсіндіре отырып, әңгіме қып кетті.

Бер жақтың Жоламан аулынан жағалай түсіп, қайық аузының маңындағы жұн заводын аралап өткенін айтады. Одан әрі Бәйгелішағала, Қарашолақ, Кенжебай, Қөптарақты, Жалпақ сияқты қалың топ елді еске алады. Қала маңындағы көп кедей, бейнетқор еңбек елінің күнкөрісін аңдал, жай-күйлерін сұрастырып, аса көп аралапты. Сылтау етіп, жүрісін елеусіз ету үшін, мойнына мылтық асып, қасына бір шолақ көрі ит ертіп жүреді. Көп уақыт қолы бос кездерінде – сенбі, жексенбіде Затон жұмысшыларынан Сейіт, Сәменді ерте шығады. Кейде Сейіл сияқты қайықшыларды жолдас етіп, алып кетеді. Соңда қай жерде қазактың сөз қумай, еңбек сауған қауымы болса – бәрбәрінде Абай сөзі, Абай әні – өз төні, сұы мен наны тәрізді. Павлов көрген жүрттың ортасына жайылған да, жақсы сіңген екен.

Осыны Павлов Абайға әдейі айтуды былтырдан бері аса бір зор мақсат етіпті. Қөшбикеде болған оқиғаның соңынан, өсіреле, бұндағы халықтың қалайша Абайды өз асылы етіп алғанын айтуға ынтығатын. Павлов дәл осы тұстағы өз сөзі – Абайға, өсіреле, қанат бітіреп деп ойлады. Өйткені қатардағы қазақ оқушысының бірі емес, Павлов орыс халқының ұлы. Абай өлеңі оның еліне қандай қадірлі екенін Павловтың көріп күелік айтқаны – көлденең кісінің күелігі. Қадірлі, салмақты, сирек күелік болу керек. Сол үшін де Павлов Абайға бүтін баян етіп отырған жайларын көптен сақтап, аса ғажап дос хабарындаі алып келген.

Абай бұны бүгін осы жөнде ұзақ тыңдады. Шынымен қуанып, сүйсініп отыр. Павловтың тағы бір айтқаны Затонның өнерлі, жігерлі жұмысшысы – Сейіттің жайы. Ол Павловқа ере шыққанда, жанағы Семей маңындағы көп ауылдардың сан үйлері бұларды қуанып қарсы алады екен. Күндіз-түн бұлар түскен үйге басып кіріп, ән тыңдауға, өлең естуге ынтығады. Естігендерін ұғып алуға қатты құ-

мартатын жастарды, балаларды, кейде әнші, өнерлі сауықшыл қыз-келіншектерді де Павлов көп көріпті.

Осымен қатар Павлов қалада ар жақ пен бер жақта кейбір орыс школдарында, интернаттарда оқып жатқан қазақтың жасөспірім жаңа буыны бар екенін ескертеді. Олар да жаз елдерінде боп, қыс қалаға келеді. Халықтан қол үзіп кеткен жастар емес. Солардың тәрбиесіне де Абай өзінің көп өлең, әндерімен араласып жүргенін ойлау шарт. Осылайша Павлов Абай істеп келе жатқан іс пен бүгін ол өзі салқындал, сұына қарай бастаған өмір, тірліктің мәнін жөні туралы аса бір ойлы, сыншы дос сөздерін айтып өтті.

Абай Павловтың айтқандарын оның бұл үшін көптен сақтап жүрген жайлары екенін енді жақсы ұғынып, ықыласпен үзақ тындағы.

Екеуінің күнүзын бірге кешкен кеңесінің бас кезінде Павлов Абайға келешек туралы да айтып еді. Енді Абай Павловтан көптен күтетін келер күн, бұлдыр болашақ туралы қадала сұрады.

– Алдағы күн қандай, енді бір айтынызшы?!. Болашакта жақсылық бар дейміз, сол болашақтың келер заманы қашан? Өлшеу, мәлшері енді сезіле ме? – деді. Соңғы шақта Абай өзіне өзі қайта-қайта беріп жүретін осы жұмбак сұрауын, енді түгел салмағымен жиып, Павловтың алдына сұрау етіп қойып еді.

Павлов бұл жолы бұрын кездесіп жүрген уақыттарда айтатын қалпынан өлдекайда сенімді сөйлемді. Нықтап тұрып бір жайды басып айтты.

– Ең өуелі, Ибраһим Құнанбаевич, сол көптен айтқан жақсы болашақ анық болады да келеді. Бұрын да бізден бұрынғы буындар жарық күнге сенумен өтсе, біз енді соны көруге де үміт болады. Соншалық айқын, соншалық даусыз, жақсы дүние, жаңа бір заман келеді, Ибраһим Құнанбаевич! Бұған шек қылмаңыз! – деді.

Абай “Соны жыл мәлшерімен межелегенде қай шамада болар еді?” деп те шұқия сұраған.

Павлов: “Бұл тұста, әрине, жылмен өлшеп айту қыын!” – деп, Пушкиннің Сибирьге жазған сөлем өлеңін айтып берді.

Ол осыдан жетпіс-сексен жыл бұрынғы озғын адамның үмітті ойын, жарқын сенімін айтқан екен. Одан келе бере Павлов Белинскийді еске алды. Ол елуінші жылда, жұз жылдан соңғы біздің орнымызға келетін нәсілдің, қауымның бақытты, құншуақты тамаша тіршілігіне мейлінше сенген көніл айтқан-ды. Міне, сол сөздің жазылғанына да елу жылдай болып қалды. Ал бұғін тоғыз жүзінші жылдың жапсарына келіп отырғанда, біздің бір алуан қауымымыз сол жарқын, жақсы болашақты тіпті жақын түсінеді. Соны өз қолдарымен алуға қарысып кірісіп отыр. Бұл қауымның тұрғысынан қарасақ, жақсылық дәурені жақын заман да тақап келіп тұрғандай! – деп, тағы бір қызу сенімді нағымын аша түсті.

– Ол дүниенің үлкен жаңалығы не болады? Ең айқын көпке көрінетін белгісі неден басталады? – деп те осы жолы Абай анықтап, нақтылап сұрады.

Павлов бұл жөндегі сөзді нақтылай сөйлемді. Даусын бәсендете түсіп, Абайға ендігі сырының аса құпия бір түйінін сөздірді. Бұның айтуынша, ең үлкен белгі сол мынау патша билеген заман күйрейді. Тәж-тағынан патша айырылады, содан төмен қарай санай беріңіз. Қазақтар көп айтатын анау сегіз санат, министрлер, жандаралдар, мынау ояздар, тіпті анау сіздердің болыстарының шейін бар билік, әмір-құдірет күл-талқаны шығып, жоқ болады. Соның орнына халықтың тілегіне сай келетін жаңа дүние орнайды. Міне, ол болашақ туралы менің барлық айтарым осы фана! Бұны мен фана – осындағы қиялшыл Павлов қана айтты деп білменіз. Айтылып та, жазылып та, бекіліп жол болып, талай ер қауымды бастап келе жатқан арман мен айқын тілек осындей. Бұған сеніңіз! – деп, әңгімесін аяқтап еді.

Павловтың айтқандарынан Абай ерекше бір сөүлелі күн нұрын шалып қалғандай, кеудесі ашыла түсті. Сондықтан өзінше өлшеу, мөлшер болжағысы келеді. Еңсесі көтеріле беріп: “Енді тым құрса сол жақсылық біздің баламыздың тұсында туар деп мөлшерлеуге бола ма, жоқ па?” – деп сұраған.

Павловтың ойынша, оған мейлінше сенуге болатын сияқты. Міне, бұғінгі кездесуден Абайдың алған ой азығы осындаі бір үлкен қуанышты сый болды. Талайдан кірбен тартқан көнілді, жабығып кеткен қабакты селт еткізіп, қуантып ашқан асыл кеңес болған-ды.

Бұғін осы әңгімे үстіндегі Абай арақ алғызып, қонағы сүйегін қуырдақ қуыртып, өзі де талайдан ішпеген арақты іше отырып әңгімелескен.

Екі достың жаңағы кеңесінің артынан Абай Павловқа өзінің соңғы жылдар жазған өлеңдерін айттып берді. Әсірессе, Лермонтовтан аударған, Лермонтов арқылы Байрон, Гетеден аударған кейбір өлеңдерін домбыраға үн қосып, мынау досы үшін өзі жырлап та айтты. Ел жатар кезде Павловты даға ертіп шығып, өзінің трашпенкесіне отырғызып алғып, Абай досының сұрауы бойынша бір уәде айтты. Осы жолы қалада ұзақ тұрып, асықпай жатып, Павловпен жиі көрісіп тұрмақ. Және Павлов мәслихаты бойынша биыл дәл осы жолы Абай қаладағы еңбек адамдарының талай топтарына бара түсіп, жақындаі жүріп танымақшы, таныспақшы да болды.

Павловтың және бір кеңесі бойынша биыл қалада оқып жүрген қазақтың әр школдағы, медреседегі жастарымен де Абай біліспек.

Саналы көнілімен Абай көкseyтін дос кеңесі алғашқы кездесуде осылай аяқталды. Келер күндердің бірінде, Абайдың қалаға келуіне себепші болған екінші жайдың бір кезі келді. Бұның алдында Білеубай қажының үйінде болған жиылыс пен Мағаштың жауабы жөнін Абайдың сұрауы бойынша Кәкітай түгел баяндаған болатын. Ол бар әңгімесінің сонында, өз көнілімен Мағаштың мінезін қатты қостайтынын аңғартқан.

Мағаштың ол жиында ғана емес, кейін Шұбар мен Әзімбайға айтқан сын кекесін сөздерін де Кәкітай өзі құптаі отырып жеткізген-ді. Абай Кәкітай әңгімесінің бәрін тыңдал шыққанда ең ырза болғаны Мағаш болды. Ол мінезді ғана емес, есті және зор адамгерлік санасты бар аза-

мат. Әсіреле, мұнда ар, адамгершілік деп Абай жазып, өситеттеп айтқан қасиеттер анық бар төрізденеді.

Бұл да қазіргі Абай көңілінің жақсы бір жұбанышы болды. Содан басқа әнеугі жиынның Мағаш пен Кәкітайдан күткен “Абайдан алып береді” деген жауабына қарай жаңалық болмады. Абай ол қазақтардың қопсытқан сөзін Кәкітаймен сөйлескенде де жауапсыз қалдырды. Кейін Мағаш пен Кәкітай екеуіне Бегеш пен Серке кісі салып: “Абайдың жауабы не болды екен?” деп сұрасқан еді. Оған Мағаш тағы да қысқа ғана байлаусыз жауап қайырған. “Қалаға өзі келді ғой, біз арқылы айтатын сөзін естігеміз жоқ. Ойында несі барын білгісі келсе, сол ағайындар өздері сұрап білсін!” – деген де, Мағаш өзі мен Кәкітайдың басын ендігі жауаптан, сөзден айырып алышқан.

Осының артынан бір күннен соң Абайға “сөлем береңіз” деп бір топ адам келді. Бұлар – Керейдің Бегеші, Уақтың Серкесі, Найман, Сыбанның Қамбары, Қаракесектің Ақпаны, қысқасы, әнеугі “төрт арыс, Орта жүздің тобы” деген қауымына әдейілеп келген кісілер. Жаңағы төртеуіне қосылып қарағай ішіндегі Белағаштың бүгінгі пысық, жүйрік дейтін адамы, сүйегі Тобықты – Айтқазы ілесе келген. Ол Абаймен қонағасы араласы бар болғандықтан, әлгі кісілер әдейі шақырып, қастарына ертіп алышқан.

Абайға келгенде де алғашқы сөзді Бегеш бастады. Ол өзінің алыстан орағытқан, үйреншікті құбажондатып келетін шешендігін Абайдың алдында да іріккен жоқ. Үйреншікті машығынан өзгермеді. Сөзінің арасына өуелі Абайдың білімді жақсы екенін бір қосты. Сол тұста “білім – бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ – әлдекімнің азығы” деп кестелей бір орап кетті. Сонда Абайдай жақсы надан елін жақсылыққа бастап отыратын қалпынан ауса не болмақ?! Халық үстазынан айрылса не таппақ? Ел не? Ел – жақсымен ел. Басшысы болмаған елде елдік бар ма? Сағымдай құбылып, сабындей бұзылып, іріп-шіріп өте барады да? Жақсы деген оңай ма, ол жиі кездесе ме? Кездеспейді. Талай жан бар, аузымен айды алады, қолымен

қосаяқ соға алмайды! – деп, тыңдаушының санасына қонарлық аса бір өтімді сөздер айта бастады.

Абай бұл тұста Бегештің шешендігін бағалай отырып, сәлғана бір ауыр ойдың аңы шындығын со Бегештің өзінің шешендігіне сай етіп, оның айтқан кестелі тіліне мегзей сөйлеп, қысқа қайырды.

– Ай, Бегеш-ай, бұл айтқан сөзінің бәрі дұрыс болғанда, қалып жатқан қасірет тағы бар ғой. Қарамықтың дәні болғанша, бидайдың сабаны бол! Жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол десе, не дейсің?! – деп, Бегешті біраз аңыртып, тоқтатып қалды.

Ендігі бір кезек сөзді Айтқазы іліп өкетіп еді. Ол: “Жақсы адамды қарқ қылатын өмір жоқ, есер-есірік болмасаң, тіршіліктен пайда жоқ” деген Абайдың өз сөзін еске алғып етті. Және де Абай өлеңін, қара сөзін ұғып жүрген, жадында сақтап жүрген кісі екенін байқатып, бүгінгі тірлікте саналы адамға қуаныштан қайғы көп екенін де ескертті. Сөйті келіп ол епті, шеберлікпен өз ойына оралды. Жаман да болса өз елі, надан да болса өз ортасы. Жақсының ортасына кешірімі болмаса, дүние дүние бола ма? – деген бір ойды да түйген еді. Осы жайды аяқтай келіп ол: “Абай аға, өзініздің өситетінізден менің бір тағы да андағаным бар еді. “Жақсылыққа жақсылық – өр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі” деген бір ақылтыңызды үққан тәрізді едім. Сізге сол жөнде “ерім” деп кеп отырған жоқ па, мынау халқың!” – деді.

Абай Айтқазыны тегінде ақылды, шешен, орамды көретін. Мынау жерде шағын бойлы, бірақ кесек дөңгелек қызығылт жүзді, кең маңдайлы Айтқазының ойлы, сарғыш көзіне Абай жауап ойлап, барлай қарады. Ол Абайдың андауынша шын ойын айтып отыр. Бірақ сол ойды айтатын орын бұл емес. Кешірім етер кісі Оразбай емес. Бұлар оны, қанша дегенмен, Абай білгендей білмейді. Оразбай болса, ол әлдеқалай андамай басқан, байқамай адасқан кісі емес. Ол өзінің жаманшылығын анық, берік жолым қып үстанған кісі. Оның аты Оразбай емес, жауыздық. Соны

қысқа ғана түспалдай отырып ескертгі де, Абай сөзінің аяқ кезінде Айтқазыға барлық үлкен бойымен, кең кеудесімен бұрыла ойысып, бір терең ойдың, қазіргі кезде сәтімен аузына түскен келісті байлауын айтты.

– Жаңағы сен айтқан сөздің орнына бұл тұста басқа бір ой орай емес пе? Жауызға айтқан жақсы сөз – суға жазған сертпен тең емес пе? – деп, мынау отырған төртбес кісіні тапқыр ойының жалт еткен бір көркімен таң қалдырыды.

Серке Абайды тындауды әр кезде жақсы көретін. Әсіреле, былтырғы Арқаттың шербешнайында өз елінің жуандарын Уақтың көп момын еліне жығып берген қуәлігінен кейін ол Абайды сырттай мақтай жүретін. Қазір жаңағы Абай сөзін Серке қуана күліп, қатты сүйсініп қарсы алды. Ішінен “Абай қасына келсөң, міне, осындай бір нәр жапсырып, олжа тауып ала кетесің” – деген ойға келіп еді. Ол Абайдың әлгі тапқыр сөзіне сүйсінген күлкісін тоқтатпастан шыны бейілден өзінің мақтауын айтты.

– Обалы сенгір қабактай, көленкелі дарактай! – деп, Абай мырза, қазақ баласынан біреуді ауызға алар болса-ақ айтатынымыз өзіңіз емес пе! Сізді сақтай алмасақ, бұл Орта жұз болып елдіктен кетпейміз бе? Сол қасиетінді жоқтап кеп отырмыз ғой! – деген еді.

Абай бұған да онша емексіген жоқ. “Қасиет деген сақтаса қасиет, былғаса, таптаса, тұнығын ылайлап қорласа немесе сындырса, ол қасиет қайда кетті, соны ойлау көрек қой!” – дегендегей ойды айта отырып, ендігі сөзін бір жақсының айтқан көрікті ойымен дәлелдемек болды:

– Атақты Шайхы-Сағди: “Бадахшаның лағыл тасын сындыру онай, бірақ сындырғанынды жамап көрші” – дегені қане! – деп, тағы да тоқтап қалды.

Осы топтың ішінде Қарәкесектен келген, Абайға көптен таныс, сан рет мәжілістес, дастарқандас болған қаланың бір шешен қазағы Қали болатын. Бұны “Қали Ақбасов” деп қала мекендереген қазақ, ноғайдың бәрі білгір адам қатарында санайтын. Ол жаңағы Абай айтқан сөзге өзі білген үлгілі бір сөзді қоса сөйледі.

– Дән көтерген құмырсқаға тимеші, алысқаны өмір ғой. Өмір сондай абзal ғой! – деген еді ғой Фирдоуси. Есінізде шығар, Абай мырза. Сенің жоқшың болғанда, сол елінің дәнін көтерген құмырсқа деп тоқтағым келеді ғой. Бұл үшін мен айыпты болмасам керек. Мынау келген ағайының аралық сөзді бос бір қысыр кеңес қып бастаған жоқ. Айтыла берсе, сөз көп емес пе! Бірақ дәл осы тұста “ауыз – дарбаза, сөз – самал!” – деп қиуасызды қысындырайық деп отырғанымыз жоқ. Ақылымыз жетсе, қолымыздан келсе, бір жағынды жақсылық, бір жағынды жамандық деп тани отырып-ақ, сол жақсылық пен жамандықты еселестіргіміз келеді. Орта жүздің баласы боп осы тұста елдігімізді, өзімізді сынап көргіміз келеді. Сөз түйіні осы ғой! – деді.

Абайға Қали сөзі бар басқа сөзден тоқыратарлық, салмақты сөз көрінді. Ар жағындағы шыны мен діні қандайлық екенін көре-біле тұрса да, Абай енді бұдан әрі дауласқан жоқ. Үндемей, осы соңғы сөзді байлау көргендей Қалиға қарап, бас изеді де, отырып қалды.

Осы кезде шай жасалып, кең дастарқан үстіне Құмаштың үйінің ашыған бауырсағы салынды. Жұмыртқа жағып домалантып, баптап пісірген ұсақ тоқаштары келтірілген еді. Жарқыраған таза ақ самауырдан шай құйылып, қонақтар көнілденіп шайға кірісті.

Абай бір ғана кесе шайды ұзак ұстап отырғаны болмаса, ішкен де жоқ, өсіресе дастарқандағы дәмге қол созған жоқ еді. Соны байқап отырған Бегеш Абайдың қасында отырып, оның алдына бір-екі тоқашты ысырып қойды да:

– Абай мырза, өзіңіз дәм татпадыңыз ғой. Тым құрса мұна наннан алсаңызшы! Нан иман демеп пе еді! – деп өзілдей сөйлеп еді.

Абай күліп жіберді.

Сол арада жасынан бойына біткен тұрашыл, шапшаң ашы мысқылшылдығына басты. Бар денесін селкілдетіп күле отырып:

— Апыр-ай, “нан – иман” дедің, Бегеш, ә? “Естімеген елде көп, есек мінген сарт та көп!” деген осы екен-ау. Нан иман болғанда, нан көп жерде иман да көп қой! Онда, тегі, мұсылман баласының ізден жүрген иманының көбі сорлы Ресейдің наны көп мұжығында екен ғой! – дегендеге, Бегештің өзі бастап, Серке, Айтқазы болып қатты қарқылдан күлісіп қалды.

Осы кеңестің соңғы кезінде Абай Бегештен аралық сөзге кімдер араласып жүргенін нақтылап сұрап еді. Соған жауап етіп, бұл келген төрт-бес кісі – Арғын, Найман, Керей, Уақ дейтін “төрт арыс” аталған елдердің көп адамын санасты. Жақында Білеубай қажының үйінде болғандарды түгел атап берісті. Ойдағы Керейден Рақыш бар дегенді естігенде, Абай “қазақтың қара сөзінің шешеніміз” деп жүрген адамдарын таң қылышп, тағы да нақыл боп кетерлік, терең бір ойшыл мысқыл түйін түйді.

— Е, сөйтіп, Рақыш та бар деңіз. Кешегі бір шақта “Ыбырай елдің жауы” деп ояз бен сотты менің соңыма төндіруші еді. Бүгін сол Рақыш Абайды амандалап қалмак, сақтамак, Абайға жақсылық етпек, ә! Шіркін, дүние қайдан баянды болсын. Дүниені билеген мінезде баян болмаған соң, баяйыздап тұра ма! Ант ішнейін, тегі, осы жерініздің, осы тұрган тауларына, айтайық, мынау Семейтау, Көкендеріне аяқ бітсе, олар да бір орында тұрмай, жүріп кетер еді-ау, ә! – деді.

Бүгін бір шабытты көңілмен отырған Абай “елдің шешені” атанып жүрген бір топ кісілерге жанасқанда талаі қызық сөздер айтты. Ақындық, тапқырлық өнері қозғалышп, шалқып шыққан айшықты, қызық ойлы сөздер.

Осы кездесуден кейін жанағы топ өз бетімен өздері бастаған сөздерін аяқтау жолында әрекет етісіп жүрді. Кейде бұлардың тобы бер жақта Жақып бай, Сейсеке байдың үйінде кездеседі. Бірде ар жаққа шығып, сондағы ірі саудагерлердің біреуінің үйлерінде мол дастарқан айналасында болысады. Немесе бұлардың сөзі осы жөнде жауапқа, қалаға келіп жатқан Оразбайдың баласы – Елеуге

жетеді. Тағы бір ұшығы сол Оразбайдың кешегі күнде Абайға қарсы сілтеген қара шоқпары, содырлы Сәменге барып соғады.

Абай болса, енді бұл жөндегі сөздің бірде-біріне арасқан да, құлақ асқан да жоқ. Ол қазір осы құздегі аржақ пен бер жақтағы қазақ халқының әралуан ортасының тірлігін танып, білуге ерекше көніл аударды. Сол ретте, базарда кездесіп, дәм татуға өздерінің орташа қоңыр момын үйлеріне шақырған кейбір ұсақ “алыпсатар” дейтін саудагерлер үйінде болды. Сондай бір барған үйі: үш бөлмелі, асты кірпішпен шегенделген, биікше боп салынған Есберген дейтін саудагердің үйі еді. Онда Абай өз қасына Баймағамбетті ғана ертіп барған.

Есберген ұсақ алышатар, “кісі қолына қараған” дейтін қала саудагері екен. Бүгін Абай осы әңгімеші, орта жасты, қырма, тықпа сақалды саудагерден көп қызық жайды естіді. Оның бүгін білгені бір Есберген емес, ар жақ пен бер жақтағы жүздеген Есберген төрізді қаланың ұсақ көсіпшісі турасындағы жай. Және, әсіресе, қызыққаны – Есбергендер мен қазақтың анау Сейсеке, Қасен, Жақып, Білеубай қажы сияқты үлкен байларының арасындағы қарым-қатынас болатын.

Қазіргі кезде, Абайдың байқауынша, осы Есбергендей ұсақ саудагерлер үлкен бір тынымсыз қысымшылық шағын бастарынан атқарып жүр. Соны Абай базарда, кейбір сауда дүкендерінде немесе керуендер түскен қорада және қайық үстінде көп естіп, аңдап еді. Есберген төрізді саудагерлер қазіргі күндерді “имампос-имампос” дей береді. Кейде және сол “имампосты” – “ақсабан” дейді.

Бүгін Есбергеннен Абай сұрастыра келсе, қаланың үлкен байына күні түскен, кіріптар болған көп Есбергендер шығарған семейлік мәтел де бар екен. “Не ақсабанда аларсың, не қақсафанды аларсың!” – деседі. Оның мәні – күн-көргішін жалғыз ат-арбамен қырға алып шығатын, мәліш-саудамен айыратын сан мың қазақ бар екен. Осылардың өз қолы шолақ болады. “Тән, пұл” дейтіні болмайды. Сон-

да бұлар жаңағы атақты Сейсеке байларға жалынып, көз сүзіп барады. Ал ол байлар ар жақтағы Деров, Плещеев, Михайлов, Малышев немесе татардың жаңағылардай үлкен магазин иесі – Уәли бай, Ысқақ бай дегендеріне қаланың жаңағы өздерінен көмек өтінген жатақ, шолақ саудагерлерін өртіп барады. Үлкен байлардың бәрі де “Бәнкі ашқан” дейтін, былайша айтқанда, государь банкесінде “текущий счеты” бар байлар. Солар он-он бестеген ұсақ саудагерлерді өздерінің байлығы мен қазынасын қөбейтуге аяусыз айдан салып, жалшы-малай сияқты етеді. Пұлы көп, шайы көп, дүниелік мұлкі көп магазиндердің иелері, жаңағы қазақ байларына қатты сенім көрсетіп, бейіл береді.

Өйткені бұл байлар жаңағы он-он бес Есберген тәрізді саудагерді магазиндерге апарып, әрқайсысына жүз сомдық, үш жүз, бес жүз, кейде некен-саяғына мың сомдық пүл алғызады. Сондай кесек сауда алушыларды магазинге өкелгені үшін Сейсекеге бұл магазин сомына сегіз тыын шегеріп, арзандатып нәрсе береді. Ал Сейсеке Есбергенге сол пұлды өткізіп жатқанда сомына он екі тыын қосып өткізеді. Сөйтіп, бұл бай, үлкен бай бір сомнан жиырма тыын пайда қылады. Есбергендердің қол-аяғын басқаша жолмен және алдын ала буып алады. Не қылады? Бұл “бес жүз сомға магазиннен пүл өпер” дегенде, Сейсеке мен Қасендер бұның қолынан “ақ вексель” алады. Онысы – түк жазылмаған вексельге мынаның қолын қойғызып алу. Соңан кейін мынау ақшасын, қарызын мезгілінде қайырмаса, айтайық, финуарда алған қарызды алты айға деп немесе осы “имампосқа” деп бергенде соны Есберген уақытында төлемесе, Сейсеке жаңағы ақ вексельге ең өуелі сомына жиырма тыындық үстемесін қосады, мынаның уақытында қайырмаданына штрафты және өзі білген түрде өзі билеп қолымен қояды да, енді ақ вексельді қазақ саудагерлері атынан қорқатын латарске (нотариуске) бере салады. Сөйтіп, қарызы қайтпай бара жатса, Есбергенді үй, мұлкімен үйпап алады.

Қаланың толып жатқан Есберген, Көріпжан, Төлепбек тәрізді Абай білетін, жалғыз ат-арбалы ұсақ саудагерінің

бәрі өз үйлерінің маңындағы байларға соншалық кіріптар екен. Бұлар мойнынан шырмалған шыбын тәрізді де, анау өрбір жатақ үйлерінің ортасында екі қабат бойымен, қызыл шатыр, көк шатырымен биіктеп тұрған бай үйлер бүйідей, не өрмекшідей екен. Ол үй айналаға, мешіт жігімен айтса, махаллаға өзінің торын құрып тастап, қыр мен қаланың саудасын өз қолымен жүргізбей, жаңағы ондаған, жүзденген жалынышты ұсақ саудагер арқылы жүргізеді. Сол байлар мыналарды тағы да басқа неше түрлі жолмен тұсап жүреді.

Мысалы, қырдан Есбергендей, Төлепбектей үйі бар, қора-жайы кеңдеу, тәуір қала жатағының қақпасына қыста, жазда елдің үлкен керуені келсе, солар әкелген терітерсек, қыл-қыбыр, жұн-жабағы, киіз бен аң терісі немесе аяқты мал болсын, бәрін жаңағы үлкен байлар осы саудагерлердің қақпасынан басқа жаққа кетіртпеуге тырысады.

Саудагердің үйіне қонып жатып, қалың тобымен ошарайып қалып, ел керуені де Есбергенге кіріптар болады. Ал Есбергендер ұдайы көніп алған дағдысы бойынша, анау көк шатырлы бай үйіне мынау керуендерді алдап соғуға, аунатып жеуге, приемнан алдап, безбеннен жеп, қақпайға салуға амалсыз жәрдемдес болады.

Сырт қарағанда өз үйлерінің алдында көпіртіп сауда жүргізбейтін, шұбыртып керуен түсірмейтін, қақпалары үнемі берік, жабық атақты қажылар, байлар бар. Бірақ олардың шын жайларына Абай Есбергенде, Төлепбекте, Көріпжанда қонақта болып, дәмге шақыруымен барып, әбден қанып шықты.

Кешкі шай мен кешендең барып піскен тұнгі астың аралығында Есберген саудагер Абай мен Баймағамбетке жаңағыдай талай жайды әңгіме етіп отыр. Қаланың көп саудагерінің үлгісі бойынша бұл саудагер де тірсекжең, ұзынша қара ләмбөк кемзал киген. Қолына үйде отырғанда үнемі ұстап, кіріс-шығысын қағып есептеп отыратын шотын алыш, соны әрлі-берлі қозғай түседі. Бұның бүтінгі

сөздерін қызыға тыңдаған қонақтарына әлі әңгіме шертіп отыр.

Абай үлкен үстелдің жанына қойған екі үлкен жастыққа көлденең түсіп, шынтақтап жатып, Есбергеннен көз алмайды. Ол айтып жатқан жайларды таңдана тыңдалып отыр. Баймағамбет те өзінің осындайдағы дағдысы бойынша, жүреспінен отырып алып, бір шімшім насыбайды сол жақ танауына анда-санда тигізіп қойып, Есбергенді тыңдайды да, анда-санда таңдай қағып, қалың жириен сақалын шайқапшайқап қояды.

Есберген де мынадай егде, есті қонақтарының қала саудагері тірлігінен ешиңдерсе білмейтініне көзі жетіп, өз сырларын, бар ауыр бейнет шындарын оңаша үйде ірікпестен айтып отыр. “Ішек қырындысына шейін айтқан шығармын” деп ойлады.

Анығында Есберген өзі, дәл осы күндерде Сейсеке байға берген мың сомдық ақ вексель қарызы өтелмей, қысылып тұрган шақ еді. Абайдың көптің досы болған адамға оңаша бір мұн шақпақ ойы да болатын.

Абай бір уақыт бұдан: “Қазір неғып қаланың көп адамы қатар қысылып жүр?” – деп сұраған.

– Анау Көріпжан, Қоңыртай, Төлепбек, Қайнарбай сияқты төрт-бес кісіні соңғы күндерде аңдасам шетінен қызыл танау. – “Неғып жүрсіңдер десем”, “оібай-ау, имампос қысып кеп қалды ғой! Имампос мойынға мініп тұр ғой!” “Быыл және имампос қырын кеп тұр ғой!” – дей береді. Сен де соны айтасың, осы бәрің келіп, сол имампос дегенге қалай бір-ақ тығылғансың? – дегенде, Баймағамбет те осы жайға қанғысы кеп, ынтығып отыр екен. Ол да сол жайын білдіріп қалды.

– Бәссе, осы “имампос-имампос” дейді. Бұл өзі кімнің сөзі! Кітап сөзі ме, қазақтың біз естімеген өлдебір қыркүйегі ме? – деп күлген еді.

Есберген өзі білген жөнін айтты.

– Әлгі байлар арқылы, орыс көпесінің магазинінен қарыз алдық дедім ғой. Оны жылға немесе он айға созып бер-

мейді. Бар созғаны сегіз ай болады. Финуардың басынан есептегенде осы ағұстың жиырма тоғызы күні орыстың мейрамы болады екен ғой. Оразасы ма, әлде бірдемесі, соны “имампос” дейді! – дегенде барып, Абай “имамның” Иван екенін анғарды да, күліп жіберді.

Тегінде, бұл шіркеудің “Иван постный” деп атайдын күні. Анығында Файсаның он бір апостолының бірі өлтірлген күн.

Есбергеннің айтудынша, финуарда қарызға кетермеге борыштанып алған пұл, шайды жаңағы саудагерлер қырға, қазақ ортасына қысқы ақ қар, көк мұзда бейнет кешіп, алып барады екен. Қаламен қатынасы қыын, шалғай жатқан елдерге барып, сол пұл дүниесін сатады. Сатқанда азды-көпті пайда қылғысы келеді, көсіп емес пе? Ал бұның қолындағы бұлы анау Сейсекелер қосқан үстеме пайдалы мен өзі де қымбаттаң барған. Енді мына саудагер тағы да тынн-суан қосады. Сонымен бұл қымбаттайды. Оны елде де өткізу, қолма-қол ақыға жытыру мүмкін емес. Сонымен, осы Есбергендегі несиеге қымбатырақ сатып, жаңағы сегіз айдың бойында жаз ортасы ауған соң елге барып, қысты қүні несиеге сатқан пұлының малын жияды.

Біреуден қой, біреуден серкеш, тағы бір жерлерден тайторпақ жинап алудың өзі де “беттің арын бес төгіп” алатын қалың бейнет. Енді сол малын қалаға әкеліп сатып, базары төуір болса, төуір қып сома шығарады да, жаңағы жиырма тоғызыншы августа “имампоста” вексель берген байға қарызын төлеп құтылады. Осы жайды айта келіп, Есберген бір әңгімесін аяқтай берді.

– Құтылады деймін-ау! Ол базар төуір болып, қолындағы малы күйлі болып, өлмей-жітпей аман келсе, жақсы сатылса ғана құтылады. Болмаса, көптен көп біздей бақырларының, сол Сейсекелерге бір жағын төлеп, тағы бірдемелерін түгел жеткізе алмай қалса, құл қылып аяғына жіп тағады да қояды. Бұрынғыдан бетер мойнына мініп, малдана түседі! – дейді.

Абай мен Баймағамбет соңғы біраз күндер ішінде осы Есбергеннің көршісі Төлебек шақырып, Көріпжан қонақ

етіп, Қайнаrbай да асқа шақырып, оңаша әңгімелескен кездерде олардың да әрқайсысынан осындай мұндарды естіген. Бұлардың бөрі де сыртынан қарағанда тап-түйнақтай, кісіге құні түспейтін адамсып көрінуші еді. Іштерін ашып байқаса, өздері бір жағынан елден келген керуенді жей жүріп және бір жақтан аяқтарында кісені жүрген ма-таулы, шырмаулы кіріптарлар болып шықты.

Қырға барып несиеге сауда қылғанда, әрине, бұлар да елдегі момын шаруаны аунатып жеуге, асыра сауда қып, алдан кетуге тырысады.

Көріпжан көртеміштеу, өзілқой кісі еді. Ол Абайдың жаңағы жөнде бұлардың өзін шенеп айтқан кезінде моянында п сөйлеген.

– Рас айтасыз, Абай, қаланың бұ Есберген, Көріпжандай саудагерлерінің де құдай сүйер қылышы жоқ. Қырдың момын керуені кездессе, қолымыздан келсе, дегенімізге көнсе, “сол Сейсеке мен Білеубай қажының өзімізге істегенін істемейік”, “құдайға қарайық” деп біз де тұрмаймыз. Ол жерінізде неғылып шаригатты ойлайық-ау! – деп қалжын айтқан.

Абай Көріпжанға сын аралас, шын сөзді мысқыл қып жеткізді. Кейін Көріпжан соны базардағы өзі таныс саудагерлеріне сан рет қайталап әңгімелепті. Абай оның өз сөзін, жаңағы айтқанын тыңдал кеп сынаған-ды.

– Сахарада мал ұрысы болса, базарларда және ұрылар бар. Бірақ аналар өздерін тек ұрымыз десе, мыналар өздерін “саудагер ғанамыз” деп атайды. Қаланың осындай құлқы бар еken! – деп, Абай бір қалжындағы. Және бір кезекте осы шолақ саудагерлердің үлкен байларға шағым айтқан мұнын тыңдал, осылардың өздерінің момын елді өз әлінше тағы алдан жейтінін айта отырып, Абай Көріпжанға және бір әзіл айтқан.

– Фажап, адам деген адамға дәйімі зұлымдық етсем деп өзөурейді. Ал бөрі екеш бөрі болса да бірін-бірі алып жеймін десе, тек қапысын тапқанда ғана жыртууды ойлаушы еді. Қаланың саудагерлері, кейде сендерден даланың бөрісі тазарақ па деп те ойлаймын-ау! – деген.

Абай осы ұзақ жатқан кезінде, күндіз көбінше ар жақтағы Гоголь кітапханасынан кітап алғып, қозғалмай оңаша отырып, сол кітаптарды оқиды. Ал кешкі кездерінде бұны қаланың ар жақ, бер жағындағы кедей-кепшіктегі де қонаққа шақыруға құмар болатын. Қала қазағының сахара-дағы туыстарынан әлі өзгеріп кетпеген бір қасиеті сол: шама келгенінше өлердей қонақшыл. Азды-көпті ішіп-жемін дастарқанына сый адамды шақырып, соған тартып, үлесе жеп отыруға шетінен құмар деуге болады.

Абайды айнымас дағдылары бойынша ескі достары, тұл қатын Дәмежан, қайықшы Сейілдер қонаққа шақырған. Кейін сол үйлерде Абаймен бірге қонақ болп, табақтас болған отыншы Саудабай, етікші Салмақбай, тігінші Сағындық сияқты қолөнерімен тірлік талшығын айырып жүрген кедей үйлердің бірталайы және де кезектеп қонақ етті.

Кейбіреулері Абайдан гөрі оның жолдасы Баймағамбетпен жақсы таныс екен. Бұрын қысы-жазы Баймағамбет келіп жүргенде солардың кейбірінің үйлерінде сүйікті қонақ болып, ұзақ ертегілер, қызық әңгімелер айтады. Абай өлеңдерін де бұлардың айызын қандыра айтып беріп кетеді екен.

Енді солар біресе бер жақтың орта жатағында, аяқ жатағында Абайларды күндіз-түн кезектеп шақырып, мәжілістес болады. Кейбір топтары, ар жақтағы Затондағы жұмысшылары бар, белгілі Сейіттің, Сәменнің үйіне жиылып, Абайды орталарына алысады. Бір уақыт Абай мен Баймағамбет Затонға Сейіттікіне барып, содан дәл бір жұмадай Затондағы жұмысшылардың талайының үйлерінен дәм татып, қонақ болып жүрді. Сол ретте Затонның Сейіт пен Сәменге және Павловқа, Марковқа аса мәлім тату, қымбат жұмысшылары – Ақшолақ, Жәпек, Әліпбек, Исақ, Кусақ сияқты грузчиктер, былғары заводының жұмысшылары, тоншылары ортасында Абай асықпай журді.

Биылғы жылғы Абайдың әдеті тіпті басқа. Бұрын қалаға келіп ұзақ жатқан шағында уақытты көбінше өзінің орнықты пәтерінде өткізетін. Қала мен қырдың адамда-

рын ол өзі жатқан үйге келтіргіш, қонақ еткіш болатын. Был алғаш келген күнінде Павловпен өткізген жақсы кеңестен соң Абай осы қаланың көп еңбекші елінің үйді-үйлеріне өзі де кіріп, шын күй-жайларын біліп, танысқысы келген. Баймағамбет екеуі “қайда жүрдіңіздер?” дегендеге жөнді мән-жайды айтпай-ақ, сол қаланың әралуан халқының ортасында болды.

Затонға Абай барғанда Сейіт пен Сәмен кешкі шақтарда бірге жүретін жолдас боп алған. Және де Затон еліне, жақындағы қалың жатақ – Байқадам-Сапақ елінен келген Дәулеткелді деген бір кедей, бірақ соншалық қызық думан адам кездескен. Әр үйге жиылған жұрттың аңысынан байқалғаны, Дәулеткелді қаланың бүл қауымының көптен білікті және сүйікті думаны еken. Оны көрген жұмысшылар, қартаң шал, жас келіншектер де қуанып күліп, бұның не сөзінен, не бір мінезінен әлдеқандай қызық күтеді. Дәулеткелді керек болса ақын да боп кетеді. Кейде кісі кейіпкер – артис те болады. Өзінің құрдым кедей қалпына қарамай бар жүрісі, мінезі үнемі кедей үйлер мен ауылдардың қызығына айналып кеткен.

Ақшолақ дейтін Сейітпен бірге пароходта жүк тасиын кең жауырын, ақсары, қайқы танау, қонақdos бір грузчиктің үйінде Абайға ең алғаш сәлем бере келген Дәулеткелдінің пішіні оқшау көрінген. Екі үртты суалған, бет сүйектері шодырая шыққан, орак тұмсық, шұңғырек көз Дәулеткелді, көселеу қалпымен еріксіз өз жүзіне көз токтаттырытын бөлек бейнелі адам. Бірақ сұлу болмаса да, жаңағы жүзінде, жар қабагының астында жылтырап көрінген кішкене шұңғырек көздері сондай тартымды, сүйкімді. Қозінің қүйрығындағы әжімдері шашыла тарапты. Бұның құлмей түрған кескінінің өзі де бір уайымсыз күлкі тақау түрғанын анғартады.

Дәулеткелдінің өзінен бұрын Абайға жеткен бір өзіл өлеңі болатын. Ол шешесіне айтты деген өлеңі. Абай қазір Дәулеткелді қасына кеп отырып, шай ішіп болған соң-ақ, оған өтініш айтты.

– Өзінен бұрын сөзің жетіп еді. Әлі қоңыр тай жамандатып өлгенде шешеңе не деп ең, соны айтшы? – деді.

Дәулеткелді әңгімесін тостырмай іле айта жөнелді. Жүзінде күлкінің түк те елесі жоқ. Оның айтуынша, шыр бітпеген кедей Дәулеткелдінің жалғыз сиырынан туып өсken бір тәуір құнажыны бар екен. Сол былтыр қысыр қалып жүргенде, Дәулеткелдінің шешесі бұл жоқта бір көршілерінің алдауына түседі. “Балаң мініп жүретін бұтартар көлігі жоқ. Менің бір қоңыр тайым бар. Соны ал да, құнажыныңды, өзі қысыр екен, мен соғым етейін, маған бер” – дейді.

Кемпір алданады да, Дәулеткелді қалаға бау тасып, сатып жүргенде “жаяу жүр ғой, соны қуантайын” деп жаңағы тайды айырбастап алады. Арада бір жұма өткенде Дәулеткелді үйіне келсе, тай жамандатып ауырып жатады. Сөйтеді де өледі. Титығы құрыған кемпір қамырып, үйіне кіре береді де, өзінің төрінің алдына өзі шығып ап, күрсінеді де отырады. Сонда Дәулеткелді бірдеме дейін десе, кемпір аузын ашырмай ақырып сөйлетпейді. Өзі де өкініштен жарылайын деп, дымы құрып отырған сорлы ғой. Дәулеткелді төмен, от басында отырып, шешесіне көзінің астымен қарап қойып, кекетеді. “Отырысын, құдағи боп!” – деп қалады. Шешесі бұның табалайтынын біліп, үндей алмай отырған. Енді мынау жыбыр еткенде, “әй, не оттап отырсың, сен?!” – дейді. Сонда Дәулеткелді шешесіне ежіреіе қарай қалып, өлең шығара қоя береді.

Нең бар тайда,
Қылам деп пайда.
Мал жиям деп жия алмай,
Құдағи отыр ұялмай! –

деп сұңқ ете түседі.

Сонда өзі күйіп отырған шешесі от басында жатқан шымшұырды жұлып ала сала: “Жоғал, аузың ішіне... ит қуар!” деп тап бергенде, Дәулеткелді қаша жөнеледі. Қашып бара жатып: “Е, Абайдың “Сегіз аяғы” емес пе? Сегіз аяқтың өлшеуі емес пе!” – деп қоям, дейді Дәулеткелді.

Бұл әңгімені Дәuletкелдің барынша салқын жүзбен томсарып алып айтып отырғанын андал, Абай Дәuletкелдің өзгеше күлдіргі, өзі бір Алдаркөссе тәрізді тамаша адам екенін бағалады.

Кедейлік бұның мойнына әлдеқашан мініп алған. Ол жүрген Байқадам-Сапағы, Жоламан жатағы, Бәйгелі-Шағаласы, Затоны – бәрі де жоқ-жітік, мұқтаждыққа толы. Өмірі қайтып шыға алмас түйікқа қамалған кедейлер. Дәuletкелді солармен бірге бейнет кешіп, еңбек зая ауыртпалық көре жүріп, соны жеңердей қасиетті күш тапқан. Өнерімен, қызық құлқісімен нелер қын жоқшылығынды мысқылдап жеңе біледі. Өз басына келсе де, жасымай жүріп, күле түсіп, ауыртпалықпен алысады. Және сондай, өзіндегі талай жүдегенді, жылағанды күлдіре жүріп жұбатады, жұбата жүріп қуатын, күшін бекітеді. Сондайына келгенде Дәuletкелді өзіне де құледі. Өзі деген жақының құйкі, жұдеу жайымен де құлкімен алысады.

Абайдың күле тыңдағанын андал отырған Сейіт, Дәuletкелдіге оның Бәйгелі-Шағалада шығарған өлеңін айтуды сұрады. Дәuletкелді оны да шімірікпестен, азғантай да езу тартпастан айтып отыр.

– Айт күні қырық үйге кіру парыз деген. Бәйгелі-Шағаланың бар жатағын аралайын, бар кедейін түгендейін. Қырық үй – қырық кедейдің үйі шықпаса, сонда көріп алармын бәлемді деп, жағалай қыдырып келем. Сонда бір үйге кіре берсем, табалдырығы тап тізеден екен. Аяғымды көтеріп, аттап кіре бергенімде, табалдырықтың алдындағы тақыр жерге баласы сиіп қойыпты, көк тайғақ боп жатыр екен. Аттай беріп күрс ете түстім. Есігін ашқанда байқағам, терезенің бір көзі жоқ екен де, орнына қарын жapsырып қойыпты. Есікті ашып қалсам, өлгі қарын “күп” дейді екен. Сонда орнымда жығылып жатқан құйімде, аузымнан өлең саулай жөнеліпті.

Есікten кірсем “ап” дейді,
Терезесі “күп” дейді.

Там ба, шошала ма,
Құдайдан бұрын жанымды осы ала ма?! –

деп ақыра турегелдім, – дейді.

Дәuletкелдің ендігі бір өнгімелері Сәменнің бастауымен еске түсті. Онысы – қырдың бір байын мазақтаған жайы. Байқадам-Сапақ жатағының маңында бір-екі бай ауыл болатын. Соның біреуінің үлкен ақсақалы өлеңді. Маңайға хабар айтып, жан-жақтан жан күйерлері ат қойып келіп жатады. Жаңағы өлген бай өзі қойы көп, бірақ қитабан екен. Қораны малымен араластырып жаман салыпты. Дәuletкелді үйге кіріп көрісіп, тысқа шығып келе жатса, денесі таудай, қауқиған бір қартан бай жалғыз ат қойып келіп, атынан домалай түсіп жатыр екен. Дәuletкелдіге келіп асыла беріпті. Дәuletкелді байқаса, жаңағы бай екі көзін тарс жұмып алыш, аузын ашып: “ойбай, бауырым”, “ойбай, сенгірім”, “қайда кеттің?” деп бақырып, үйге қарай ентелей береді.

Сонда Дәuletкелді байды қораның ішіне кіргізе бере, адам тұратын жаққа апармай, көзі жұмулы жүрген күйінде, тастай қаранғы қой қораның ішіне жетектеп апарып кіргізеді. Төріне қарай бірталай апарып, өбден меніреу қаранғыға жеткенде: “Ал осыдан арғы жерін өзім де білмеймін, өзің тауып ал!” – деп жалт беріп, бұрышқа тығылып тұрақлады.

Әлгі қауқиған үлкен денелі бай, “ойбай, бауырым!” деп әрі бақырады, бері бақырады, айналасын сипалап жүріп, басын ана бағанаға бір соғады, мына бағанаға бір тақ еткізеді. Енді біресе “ойбай, бауырым” деп, жаңағының тастап кеткенін біліп, “қайдасың-ай аузынды...” деп қояды да, тағы “ойбай, бауырымдай” береді. “Қойши, сүт пісірімдей жанағы байды құдыққа түсіп кеткен өгіздей өңкілдетіп, мөніретіп-мөніретіп кете бардым!” дейді.

Дәuletкелдің ең соңғы рет оразада істеген бір мінездері бар екен. Үйдің іші оның сөзін қызықтай отырып, сол өнгімесін де айтқызды. Ораза күні аузы ашық Дәuletкелді қаладан қайтып бара жатып, кешке жақын бір байдың

аулына түседі. Бұның жасы бірталайға келген кісі болған-дықтан, “ауыз аш” деп, жолдасы ауыл иесі үйіне түсіп, күткен болады. Сол ауылда көлденең келіп жатқан қонақтар бар екен. Олардың бірталайы қаланың саудагері, өздері Дәuletкелдің біледі. Солар бұны қылжақ қылғысы кеп “е” десіп қалады.

Ас алдында “яшық” намазын оқымыз деп, жеті-сегіз кісі, ауыл иесі бай бар, сапқа тұра береді де, Дәuletкелдің орталарына алады. Бұның дәреті барына, намаз оқытын-оқымайтынына қарамай “имам” бол дейді. Тартынайын десе, орталарына тұрғызып ап, кәдімгі имам етіп, алдына шығарып, қу саудагердің біреуі азаншы боп, дегбір түсіре бастайды.

Сонда Дәuletкелді “ендеше, көріп алайын” дейді де, өуелі ағузыны қатты бастап қалып, аяқ жағын міңгірлеп бітіріп, қол қусырып алхамдұні айттарда дауыстап тұрып: “әлбісінә ләмге секін-әл, хисынха-әлхам, мемге секін-әлхам, далтұрдұ-әлхамдұ” – деп китіріндең, ілгерілі-кейінді кетіп, мұсылман баласы оқып көрмеген түрде на-маздың “әлхамдұ” дейтін дүғасын “ежіктеп” оқи бастайды. Шімірікпей, сұңқылдата береді сонысын.

Сонда жаңағы бұны имам қып сапқа тұрған саудагерлердің бәрі сықылықтап күліп, жайнамаздың үстіне құлай-құлай кетіседі. Бұл жайын Дәuletкелді өзі мізбақпастан айтып шыққанда, Абайлар өзгеше мәз болысты.

Сол Дәuletкелдің алғаш кездескеннен бірнеше күн бойы қасына ертіп жүріп, бірге сый, қызық қонақ болысты. Дәuletкелді құр ғана қалжыншыл, күлдіргі емес. Ол Абайдың өзінің де өлеңін жатқа біліп, ел ортасында ағылтегіл айтып жүреді екен. Мынау қонақта жүрген шакта-рында кейде Абай “әңгіме айт” десе, Дәuletкелді анда-санда ойда жоқтан бір қырға мінеді. Ол жұлып ала сала Абайдың “Бойы бұлғаң” сияқты, “Адасқанның алды жөн” тәрізді өз өлеңдерін Абайға бұрын ол мүлде естіп-білме-ген адамдай ғып, қатты томсарып отырып, ойнақыланды-рып ағызып айтып береді. Бұнымен де ол өзінің дағдылы

тыңдаушыларына өзгеше бір азық апарып жүретін жайын аңғартады.

Қалада ұзақ жатқан осы жолғы сапарында Абайдың анда-санда, тағы да кей кеште әдейі арнап кездесетін бір алуан қонақтары болады. Олар қалада оқып жүрген, орыс школдарындағы әр жастағы балалар. Солардың бір тобын Абай мен Баймағамбет екеуі бүгін, сенбінің кешіне өздерінің кең көшабасына үштеген-төрттен отырғызып, Көрімнің үйіне әкелген. Сыймай қалған бір топ балаларды, Абай Баймағамбеттің жалғыз өзін жіберіп, әдейілеп бір шанаға жеке толтырып әкелгізген.

Қазір шайдан соң кешкі отырысын Абай сол балалармен әралуан әңгімеге арнады. Олардың әрқайсысынан оқып жүрген кластарын, бүгін берілген сабактарын, жаттап жүрген өлеңдерін сұрайды.

Абай мен Баймағамбеттің ар жақ, бер жақтағы екі пәтеріне де осыдан бүрын бірнеше рет келіп, қонақ болған бұл балалар Абайдан онша ұялып, жасқанбайды. Бәрі де өздерінен сұраған Абай мен Баймағамбеттің сөздеріне өз әлдерінше жауап беріседі.

Қазір школдарының формаларын киіп, белдіктерін таққан тоғыз бала, Абай қонақтары – үш школдың оқушылары. Бұл тоғыздың ішіндегі ең үлкені – Дәркембайдың Рахымы. Ол қазір он сегіз, он тоғызға келген. Одан соңғы он төрт жас шамасындағы Асан. Бұл – Иіс кемпірдің ертеде өлген жалғыз баласы Иса қойшының артында қалған Асан, Усен дайтін екі жетім еді. Соларды Дәрмен аузына тістегендей пәрмана боп, пана боп өсіре жүріп, Абайдың аулында өүелі азғана орысша оқытқан. Соңғы екі-үш жылдан бері қаладағы орыс школына түсірген.

Рахым, Асан және бүгінде он екі жасқа келген Усен үшеуінің де “Городское училище” формасы бар. Бұлар ар жақтағы “Пятиклассное городское училище” аталатын орыс школында оқиды. Қазір үшеуі де степной генерал-губернаторға жолдаған арыздары бойынша стипендия алады. Бұл стипендия тегінде орыс школында оқитын қазақ

балаларына арналып, түңлік басы салыққа қоса, қазақ болыстарынан жиналатын. Бар қазақ баласына сол стипендия тие бермесе де, орайы табылып, арызының сөті болған осы үш жетім баладай, шанда бір кедей балалары, жетім балалар сол стипендиядан алатын.

Ол үшеуінен басқа, қара киімдеріне сары жez түйме таққан ұсақтау, біркелкі төрт бала бар. Олар Слободканың өзінде қазақ балаларына арналған интернатта тұрып оқитын осы қала кедейлерінің балалары. Бұлардың екеуі тоғыз жаста, олар Затон жұмысшылары Сейіт пен Сәменнің балалары. Қазір біреуі өзін “кімсің?” десе, “Сейітов Асқармын” дейді. Екіншісі – үлкен көзді, ақсұр сопақ беттеу бала Сәменов Мақсұт.

Қалған екі баланың біреуі – Дәмежанның немересі, сегіз жасар Жәбікенов Мұрат. Екіншісі – қайықшы Сейілдің кішкене баласы, о да сегіз жасар Шәкет. Бұл төрт бала шолақ мұрын, аласа бойларымен біркелкі форма киген қалыптарында, домаланған қозыдай, шетінен сүйкімді көрінеді. Өздерінің өндөрі сондай таза, ажарлары толық, беттерінде сөл қызылдары бар. Әлі шаш жібермеген. Төртеуін бір күзеген тайдай қып, жаңа тебіндеп шығып келе жатқан шаштарын бір сафатта алған тәрізді. Бұлар күле-геш, ойыншы балалар.

Ал Абайдың бала қонақтарының ішінде осы екі топ кедей-кепшік балаларынан басқарақ, өзгерек көрінетін екі жуан қара бала және бар. Олар жаңағы интернаттың төрт баласынан сөл қалқыңқы. Бұлар он екі жастардағы құрдас бала және әсіресе бұлардың күімі бөлек. Нығымет, Жәлел деген екі Құнанбаев гимназияда оқиды.

Бүгін Абайдың пәтеріне қонаққа келерде олар өздерінің сый жерге барғанда киетін гимназиялық мундирін киіп келісіпті. Қысқа мойындарына оқалы жағасы тірелген, оннан аса ақ жалтыр түймелері тамағынан кіндігіне шейін жыптырлай тізілген бұл балалар, өзге екі топ баладан өздерін бар мінезде басқаша үстайды. Олар аз күледі, өте сараң жауап береді. Көбінше маңындағы балаларға сұық қара-

сады. Әрі ақ түймелі мундирімен, гимназиясымен мақтанса және де бұлар өздерінің Құнанбаев екенін де сезіп қалған, нығыз ажар байқатады.

Он екі жасар Нығымет Құнанбаев – Әзімбайдың баласы. Қазіргі заманда сол Әзімбайдың үш әйелінен он бір ұлы болатын. Он бір ұлдың төртеуі бәйбішесінен туған. Соңғы үш-төрт жыл ішінде Абай балаларын орысша оқытты деп Текежан, Әзімбай да он бір ұлдың біреуін қалаға шетке шығарған. Әзімбайдың ерте алған бәйбішесінен туған алғашқы ұлдары он алты, он сегізге жетіп, тетелес өсіп келе жатқан. Сол бәйбішениң төрт ұлының ортанышы біреуі, осы Нығыметті әр жерде әзірлеп кеп, енді екі жылдан бері гимназияда оқытатын.

Екінші Құнанбаев Жәлел – Кәкітайдың баласы. Ол да Нығыметпен сабактас. Екі Құнанбаевтың сырт пішін, бет жүздері үқсас болмаса да, жалпы ажарда біріне бірін қатты үқсататын бір жай бар. Бұның екеуінің де он екі жасар бала қалпында түстері өте суық. Жәлел бақыр басты келген, кең мандайы қысық, қысық көзіне қона түскен. Мұрны кішкене, ұсақ тістері сирек, қалмақ бетті бала. Көз құйрығы керіліп қиғаш біткен де, сол кішкене көзінің еті де бітік келген. Қабақтан төмен қалың болп салбыраған үстіңгі еті көзінің жарымын баса тұрғандай.

Әзімбайдың баласы Нығымет болса, ол шешесіне үқсанған, салпы ауыз. Төменгі қалың ерні үнемі біреуге жиреніп, пысқыра қарап тұрған сияқтанады. Әзімбайдың бұл баласының бет реңі қызыл емес, қоңыр сұр болса да, қабағының еті және де қалың біткен.

Екі көзі ашуашаң, ойнақы келіп, үнемі шатақ ізден тұрғандай.

Бұл екі бала орыс үйлерінде тұрады. Гимназияның ішінде екі жыл оқығандықтан және орыс үйінде тұрғандықтан, орысша тілге жап-жақсы ысылып қалған.

Абай немере інілерін қонақта келтіргенмен, оларға көніл бөлген жоқ. Әуелі көп әңгімелескені Дәркембайдың баласы – ересек Рахым болатын. Абай оны осыдан бұрын-

ғы жылдарда Городское училищеге алғаш түскен кезінде өзіл етуші еді.

— Рахым-ай, оқуға кешігіп түстің. Кластағы өзіннен кіші балаларға фой әкедей көрінесің, ә! — деп қалжындастын.

Қазір Рахымға тағы сол жөннен өзілдеп сөйледі.

— Жә, енді қалай, Рахым? Биыл үшінші класқа шықтың. Ана жылғы өзінді “әке” дейтін сабактас орыс балала-рың ер жетті ме? — деп құлген еді.

Рахым Абайды әкесіндегі біліп, еркін қалжындастын. Жаңағы өзілге басқа ұсақ балалар сықылықтан күлгенте ол қысылған жоқ. Абайдың өзіліне орай қызық қалжың айтты.

— Несін айтасыз, Абай аға! Үш-төрт жылдың ішінде ол балалардың өздері де өңқиіп, зіңгіттей жігіт бол алды. Сонымен, көзім ашылды фой. Алғаш приготовительный класқа түскен жылы бар сабактас балаларым кіндігімнен келетін. Переменде мен жас қозылардың арасында жүрген ботадай болушы едім! — дегенде, Абай бұған мейлінше сүйсініп, қатты құлді.

Енді бір орайда Абай Асан мен Үсеннің орысша өлең оқуын тындаға болды. Үсен Абайдың сұрауы бойынша соңғы күндер учитель жаттауға берген өлеңді айту керек еді. Оларға берілгені – Крыловтың “Осел и соловей” бас-нясы екен. Үсен соны орысшасын келтіре алмай, ударениесін, айтылуын соншалық нашар айта бастады. Абай оны өүелі тоқтатып және де әкеше жұмсақ қалжың айтты.

— Ойпыр-ай, Үсен-ай, сенің орысшаның ударениесі орысшаны отызға кеп оқыған менікінен де жаман фой. Әүелі мұсылманша оқимын деп орысша тілге Асан екеуің бастыға алмай келесін-ау, ә?! — деді.

Енді орысша оқытқанын қойды да, Үсенге: “Жә, сол “Есек пен бұлбұл” не қыпты өзі, әңгімесін айтып берші!”— деді.

Үсен тіпті ол мысалдың бірталай сөзін әлі түсінбепті де, басняның мағынасын білмейді екен.

Нығымет пен Жәлел оны мазақ қып күлгендеге, Үсен қып-қызыл боп намыстанып қысылса да, Абайға “Есек пен бұлбұл” қандай шаруамен кездескенін айтып бере алмады.

Абай осыдан соң: “Ойбай, Үсен, саған көмек керек екен. Қой, мен бір шара жасайын!” – деді. Соның артынан ол Сейіттің баласы Асқардан, Сәменнің баласы Мақсұттан және Асаннан да школда Крыловтың қандай мысалдарын жаттайтындарын сұрады. “Піл мен қанден”, “Құмырсқа мен инелік”, осы “Есек пен бұлбұл”, тағы сондайлар жатталады екен.

Абай жаңа өз аузынан Үсенге “көмек етем” деген уәдесін осы кеште ұмытқан жоқ еді.

Көрімнің екінші бөлмесіне бар балаға арнап төр алдына төсек салынған. Абай Баймағамбетті сол балалардың қасына жатқызды. Және Асқар мен Мақсұтқа ақыл айтты. Олар Баймағамбеттің екі жағында жатыр екен. “Сендер білесіндер ме, балалар, мынау Бақаң аузын ашса болды, ертегі деген гулеп тұрады. Бақаңа ертек айтқызыңдар!” – деп, өзі балалар өбден шешініп болғанша, олардың төсектерінің аяқ жағында кең шапанын жамылған күйде, түрегеп тұрып, қозыдай балаларға сүйсіне қарады.

Сол балалар шамы өшкен, қараңғы бөлмеде бірін-бірі қорқытып, тұртіп ойнасып, күле түсіп Баймағамбеттің ертегісін тыңдал жатысты. Абай болса өз бөлмесінде оңаша қалып, Үсенге берген уәдесін орындаумен болды. Ол осы тұнде ең алғаш рет Крыловтың “Есек пен бұлбұл” атты мысалын қазақша аударып көріп еді.

Таңертең балалар шайға отырғанда Абай Үсенді алып: “Сен орысша кітabyңа қара, мен қазақша айтып берейін. Есек пен бұлбұл сонымен былай кездесіпті, балалар!” – деп, тұндегі өзі еңбек етіп тудырған аударма жолдарын пысықтап тұрып, үлкен бейілмен оқып берген.

Осы түннен бастап, қыс бойы қалада жатып өткізген тоқсан тоғызыншы жылдың алғашқы айларында Крыловтың Үсендер, Асандар, Рахымдар жаттарлық талай мысалдарын Абай бейіл беріп, қызыға түсіп аударумен журді.

Бұл жолы қыс ортасында Абай қалаға өзгеше бір шақыртумен келді. Кеше, кеш батып, қас қарайғанда пар ат жеккен Абайдың шанасы Құмаштың қорасына келіп кірген еді. Сол кеште Құмаш тыста Абайдың алдынан шығып, қар болған күімін қағысып, үстінгі үйдегі басқышқа жақын кең бөлмеге кіргізген.

Абай өзінің осы жолы ойда жоқтан келген жайын Құмашқа қысқа ғана білдірген. Себебі өзір өзі де елге жеткен шолақ хабар, шақырту сөзінен басқаны білмеуші еді. Тез жасалған шайды іше отырып, Абайдың айтқаны:

— Білмеймін, Құмаш, әлде менен өзің бұл жайды көп білетін боларсың. Осында қаланың қазағы мен ногайы қосылып, бір кеңеске кірісіпті. Дін мұсылман елдерінің сол дін-қарындас боп байласатын сөзі бар деп айтады. Әр тараптан қалаға кісі шақырып жатыр дейді. Маған да сол хабары жеткен еді. Осыдан сондай сөлемдер барған соң келіп қалдым! – деген.

Шай жасала бергенде тыстан кірген Баймағамбет үйге үлкен бір сандық пен екі басы толған қоржын кіргіздіртті. Абай ол жүктерді нұсқап, Құмашқа енді жай ғана бір сөз айтты.

— Мынау әкеліп жатқаны, өзің білесің, менің кітаптаратын. Баймағамбет екеумізге жазға жетерлік осы сандық пен қоржын толы кітап ала қайтпақпыз! Қалашы, базаршы болғанда бұл екеуміздің басты шаруамыз сол! – деген.

Құмаштың өзге қонағы жоқ еді. Өзінің тегі қоқандық болғанмен, Құмаш жалғыз Абай емес, қазақ көршілерімен де көп араласады. Қаланың саудагері, қырдың керуені сияқты көп жандармен жақсы таныс. Бар қазақ қандай болса, өзі де, әйелі де, ер жеткен, шетке жүріп жүрген саудагер баласы Әлімқан да сондай қазағуар болатын.

Құмаш мұсылманша оқыған адам. Абайдың өлеңдерін кейде көшіртіп алғып, кітапша қып үйінде сақтайтын. Сол жөнде Баймағамбетті де өзінің жақын дос-жар, ағайын танысындаі санайды.

Абаймен келсін, жалғыз келсін Баймағамбетке ол үй оңашада өтініш етіп өртегі айтқызыды. Жаңағы қоржын мен сандық толы кітап үйге кіргенде, Құмаш Баймағамбетке бір әзіл айтты. Онысында сыпайы өтініші де бар.

– Қаладан шыққан кітап сахараға барып қайтып келді. Көп романдар, хикаялар айтып келді, ә, Бақа! Біздей ол кітапты оқи алмайтын адамдардың қасынан ол кітаптар осылай үндемей, әрлі-берлі өтіп жата ма? Жоқ, өлде кейір беттерін ашып, әңгімелерін айта ма? – деді.

Абай Баймағамбетке күлімсіреп барлай қарап еді. Жауап айтатын өзі емес, Баймағамбет болған соң, соған “не дер екен” деп бұрылған. Баймағамбет жолдан шаршаған жоқ екен. Шайдан кейін жайғасып отырған соң бір әңгіме айтып бермек болды.

– Бұның аты “қонақ қəдесі” болсын. Ертеңнен бастап, біз өзіміз үй иесі, ауыл иесі боламыз. Бүгін алғаш келген күні маған айтқызып қалғаның ақыл, оған дауым жоқ! – деген. Кейін асықпай баптап отырып:

– Орыстың бір үлкен ойшылы жазған кітап екен. Абай осында жақында маған әңгіме етіп беріп еді. Мен өзін әлі кісіге айтқан жоқ ем, соны сөзім сол болсын. Сөйтіп, менің бүгін айтатын хикаям “Күміс князь” аталады! – деді. Оның енді баяндай бастағаны Алексей Толстойдың “Князь Серебряный” деген романы болатын.

Бұл түнде Абай бөгде кісіні көрген жоқ. Құмаш Абайдың келген шаруасы жөнінде қала халқы айтып жүрген сөздерді естіген-ді. Бірақ онша есті-басты кісімен сөйле-сіп, дәл дерегін білмегендіктен, ол өзінің шыншыл, дәл-шіл, момын қалпына басқан. Абайға “Осындаі сөз көптің аузында жүр, мен шет-жағасын естігенім бар еді, сол өзің айтқандай” дегеннен басқа, көп сөз таратып айтпаған.

Сонымен, бүгінгі түнді Баймағамбеттің қызық әңгімесін тыңдауға берген де, қаланың тың хабарын кейін естімек боп қойысқан-ды.

Үйқыны молынан қандырып, кеш түрған Абайлар шайды жайлап, түске тақау іше бастаған еді. Осы шайдың аяқ

кезінде Абайдың қалаға келгенін естіп, оған сөлем бере екі адам кірді.

Біреуі – алдынан кірген биік бойлы, кесек денелі, бұл күнде бұғағы шыға бастаған, ұзын талды шоқша ғана сақалы бар, жал тұмсық келген Көкбай еді. Екіншісі – аласа бойлы, жалпак бетті ақшұбар, қырма қара сақалды, сыйпайы пішінді Көкше Әлпейім дейтін жігіт. Бұл екі адам Абайдың кісілер болса да, қазір Абай оларға таңдана қарады. Есіктен кірген қалыптарына көз тігіп, олар төрге жүріп кеп отырғанша, сол қадалған көзімен жағалай қарап, әлі де таңырқаумен болды. Бұны таң еткен себеп – ол екі адамның қазіргі үстіндегі киімдері.

Абайдың өз елінің қазактары. Көкбай болса, бір кездерде Абайдың қасына жақын да жүрген жігіт еді. Қазір сол Көкбай құндыз ұстатаған көк мөүітімен тыстаған ноғайша құмыра бөрік киіп апты. Ноғай тігіншіге тіктірген иығы тік бешпеті көрінеді. Оның сыртынан кигені құла түсті қала молдаларының жұқа шапаны. Аяғында және де қалаша тігілген кебіс-мәсі. Бұның қасындағы аласа бойлы, төртбақ келген Әлпейім де осылайша “сызылып, шелтиіп” дегендей қалаша киінген. Бұлардың біреуі қазір бас мешіттің халфесі – Көкбай халфе атанады. Екіншісі – сол мешіт жанындағы медресеге соңғы жылдарда келіп жатып, оқып жүрген үлкен шәкірт, сақалды шәкірт. Оқуға кешігіп қалдым десе де, оны болмай қалаға жетектеп әкеп, Көкшенің осындай тағы бір топ жастарымен қатар медресеге оқуға кіргізген Көкбай.

Жасы қырыққа тақап қалған Көкбай бұрын бір кезде ақын, өнші Көкбай болушы еді. Қазір “молда Көкбай, халфе Көкбай” деген атына өні, реңі де мұлде үйлесіп алыпты.

Абаймен амандасу үстінде Көкбай “хайыр дұғаңызда, аллаға шүкір” деген сияқты сөздер айтып амандасқан. Бұның мынадай сары аяз, сақылдаған қыс құндерінде елтірі ішік, бояулы тон, күпі, қаптал шапан, саптаманы тастағаны қызық. Қаланың, өсіреле мешіттегі намаздың киіміне ауысып алған. Абай бұл жайды өзгеше түсінді. “Көкбай мұлде іші-тысымен-ақ құдай жолына кеткенсіп алған екен” – деп ойлады.

Жай сұрасып болған соң, Абай Әлпейім шәкіртке бұрыла қарады да:

– Ал, Әлпейім, айтшы, сен бұл күнде не оқып жүрсің? – деді.

– Наху оқып жүрмін, Абай мырза! – деп, Әлпейім “не дер екен” дегендег жылтыраған көзін Абайға қадап, күлім-сірей қалды.

– Е, жынды болуға аз-ақ қалған екенсің! Арабтың өзінің мақалы бар: “Фихқаны көп оқыған ақылды болады, нахуды көп оқыған ақымақ болады” деген! – деп, осы сөздерді Абай арабша да судыратып айттып шықты. Құле түсіп:

– Сейтіп, жаңағыны айтқан мен емес, оқып жүрген арабыңың өзінің ғұламалары! – деп біраз отырды да:

– Әлпейім-ай, өкең Мұқыр – Тақырдың бойына ең алғаш егін еккен, ақыл тапқан қазақ еді. Саған да қызығы сол еліңе барып, еңбек сауған ғой. Көкшениң сен сияқты бір топ жасын осы бер жақ, ар жақтың мешіт, медресесіне шұбыртып жүрген мынау Көкбай ғой! Бұған ере беріп те қайтесіндер. Жеке-дара бір жақсылықты осының өзіне ғана тұтасымен қып берсөндер етті! – деді. Бір заманда өзіне жас жолдас еткен Көкбайдан қазір түңіліп қалған қоңіл танытты.

Көкбай әдеттегі ауызбаққыш, қабақ танығыш қалпымен Абайдың жаңағы сөзін көтерген кісі болды. Шыдаған болып, сыр білдірмей, үндемей тыңдады. Ішінен ойлағаны: “бірдеме десем ғой, тағы бір кетпес таңбадай өткір сөз, ашы мысқылын атып жібереді. Одан да осы Абай пәллесінен бұл тұста үндемей құтылайын!” – деп отыр.

Енді біразда, Абаймен бірге шай ішіп болған соң Көкбай осында келген шаруасының жайын сездірді. Қалаға Абайды әкелгізген істің жөнін жақсы білетін кісі Көкбай боп шықты. Оның Абайға келісі – әр-берден соң анықтауына қараса, өз бетімен келген келіс емес. Әдей Абаймен елдес болғандықтан, айта берсе, бұрын жолдас саналғандықтан алдын ала сөйлесуге жұмсаған топтар бар екен. Сол жайы да аңғарыла бастады.

Өзін қалада тосушылар кімдер екенін Абай Көкбайдан енді ұғынуға айналды. Бұны ар жақ пен бер жақтың Көкбай тілінше айтқанда ноғай, қазақ “зиялыштары” тосады екен. Олары кім десеніз – ар жақтағы белгілі үлкен мешіттердің имамдары Фабдулжапар, Фабдыразақ, Хисами, Жәмелидин және сарт мешітінің имамы Мирқұрбан ахон топтары бар екен. Сол қатарда бер жақтың бас мешіті мен төменгі мешітінің имамдары тағы бар. Олар қазақтан болған имам Мәлікәждар қари, Әшімқожа және хазірет Ахметжан. Басқа да қазақтан шыққан көп халфелер, қарилер, дін ұстаздары Абайды керек етеді.

Абай бұлар жайын естігенде, өзінің дағдылы шапшаң айтқыштығы бойынша, Көкбай сөзінің аяғын күтпестен асырыс бір өзіл айтып қалды.

– Е, немене, бұл бар молда-қожаң жиылып, мені Мекеге жібергелі жатырысындар ма? Әлде “басы намазға тиген жоқ еді, құдай жолына салайық, сауап алайық” деп жүрсіндер ме? – деді.

Әлпейім күліп жіберді.

Көкбай Абайдың бұл сөзін де басынан асырып, естімеген тәрізденіп былай қойды.

– Абай аға, және тыңдай түсініз! Сол қауым сізден мәслихат сұрайды, өтінеді! – деді де, сөзінің ар жағын тағы айта жөнелді.

– Бұл адамдар бір сәрі. Енді осы кісілермен сөз қосып, сізді тағы тосып отырған ар жақ, бер жақ жамағаты және бар. Олар ар жақтағы ноғайдың белгілі мәшінүр байлары, үй, дәүлет иелері, зор магазин қожалары, мысалы, Уәли бай, Садық, Ысқақ байлар, Икрам байбатша, Шернияздан мырзалар. Соларға қоса ар жақ, бер жақтың қазақ байлаres да бірге ниет, ынтымақ қосып отыр. Бұлар, мәселен, Сейсеке, Қасен, Жақып байлар, Білеубай қажы. Кейін байыған, қазір өзінізге белгілі Қытайдан бастап Ірбіт шаба бастаған Бақия қажы, Балажан, Тұрбек байлар да бар. Бұл адамдар да жаңағы айтқан ғұлама, хазіреттерге сөз қосып жүр! – деген.

Осымен қатар ол Абайдың жүзіне барлай қараудан жаңылған жоқ. Іші біліп отыр, Абай бұның санап жатқан бай дегендерін көбінше кісі көрмей, жеке көретін. Бірақ айту қажет болғандықтан, Көкбай Абайдың бет тыжыртып, мояның бұра бергеніне қарамастан, жаңағы қазақ байларын да түгел санап шықты. Осылардың артынан Абайға “оларға көнбесен, бұларым бар” дегендей ғып енді бір топ адамды тағы санады.

Жаңағы көпке, топқа ортақ Көкбай айтқалы отырған жайға мынау аталатын адамдардың да ниет, тілеуі біртұтас екенін ескертті. Сөйтіп барып, енді Абайды жаңағы топқа еріксіз жақыннататын кіслер деп ойлад, бір топ қаратаяқты, орысша оқығандарды атады. Бұлардың бір-екеуі ар жақтан үй салып алған, орта жасқа кеп қалған көп қазаққа мәлім, үлкен тілмаштар. Тағы басқа бір тобы “Петербург, Москвада оқыды” деген немесе “оқып жүр” деген, Көкбай айтуынша, қазақтың анық зиялышылары екен. Оларды айтқанда “қырда, елде әлдекімдердің баласы емес, кейбірі хан, төре тұқымы”, “атақты аталы ауылдардың балалары”, “Сүйіндіктің қалың шоғырынан шыққан”, “Қаракесектің тұрғы-тұрғы жерінен келген”, “тоқал Арғынның білікті атасы”, “Найманның мықты аулының адамы” деп сейлейді. Баяғы хан, сұлтанды мақтағыш, мадақтағыш Көкбай дәл қалпына түсіп отыр.

Абай “аттарын айт!” деп бүйірған соң, Көкбай Семей қаласында тұрған немесе аз уақытқа осында соғып, мына сездің байлауын тосып жүрген кіслерді атады. Олардың басына “Жабайқанов Әзімқан” деп төре тұқымды үлкен бір чиновникті бөліп қойды. Петербургте “адвокаттық окуда жүрген Сақпаев Сақып” деді. “Мал докторы болғалы жүрген Баспақов Бәшір”, тағы бір “үлкен төре Нұржанов Қыдыр”, деп санады. Солардың қатарында Абай жақсы билетін, бүл күнде шенді, чиновник болған Сармановты, Самалбекті, Даниярды айтты.

Бір шеті имам, бір шеті орысша оқыған патша кенесінің төре, чиновнигі болған қазақтардың тілектері қалай қосылғанын білу Абайға қызық көрінді. Көкбай сол жай-

ды өзірше үзакқа таратпаса да, анықтап аңғартып берді. Абай мен жаңағы қалың топ адамдар өздері ауызша сөйлес-пек екен. Көкбай бұның беті мен ниетін ғана танып алғып, бер жақтың екі имамына – Әшімқожа мен Ахметжан хазіретке айтып бармақ. Сонымен, Көкбай Абайдың жаңағы топқа тілек қосуын күтеді.

Ал бар жиынның сондағы тілегі мен арманы не? Онысы – мұфтиге қарау. Осы қала мұсылмандарына, қала берсе Семей облысы және тіпті бар қазақ халқына ортақ қажет болған сол жай екен.

Әзіргі Абайдың Көкбайдан білгені Россияның бар мұсылманы болып, бір дін орталығын жасамақшы. Оны “мұфти” атандырмақ. Соған “ногай, қазақ сияқты сонау Қазаннан, Уфадан, Орынбор, Тройцк, Омск, Қызылжардан бері қарай бар мұсылман өзінің дін ұстазы деп бағынбақ керек”. Ишкі ниеттерін айтысса, “Русияның отыз миллион мұсылманы дін-қарындас бол біріне-бірі җақындей түседі!” – дейді. Және “халифа сұltан жұртында дәурен шегіп отырған, исі мұсылман ғаламының Істамполдағы дін орталығы – Шайхулісләм бар. Соған бұндағы дін-мұсылман қауымын қабыстырмақ. Осы жөнде сөз бастаушы – биыл Русиядан Мәккә-Мәдине сапарына хаж қылуға барып қайтқан бір топ ногай, қазақ уа басқа уәлаяттар қажылары болыпты”.

Семейден сол ынтымақ сөзде Фабдыразақ қажы, Икрам бай, қазақтан Ахметжан хазірет және қазақ байынан Бақия қажы болыпты. Осылар бұжактағы мұсылман халқы атынан уәде беріп қайтыпты. “Біз Россияда өзіміздің дін ұстазымыз мұфти болуын мақсат етеміз. Соған ақ патша барша мұсылман сүйген ғұламамызды сайлап қоюмызға рұқсат етсе!” – деп сұрамақ бопты.

Ал Россияның патшасы, естуімізше, сол “мұфтиді сайлаймыз”, “соған қараймыз” деген мұсылман дініндегі халықтардың бәрі өздерінің приговорларын, ғарызнамаларын жиып түсірсін депті. Міне, ниет осы! Дін мұсылман бір сөule көретін жол. “Осыған қазақтың игі жақсысы бол сөз қоссын, көмек етсін! Мына қала мен қырдың халқы-

нан бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығаратын етіп, өз өситеттерін айтып, приговорлар жиып берсін” депті. Халық алдында атағы, абыройы үлкен адам болғандықтан, Абайдан осы жөнде үлкен үміт күтіп, көмек тілеседі екен.

Көкбай осы жайдың бәрін Абайдың қадала қарап, ойланғанда тындалап қалған жүзін андай отырып, түгел баяндап шықты. Бірақ ол өзі күткен жауабын Абайдан бұл отырыста ести алмады. Абай Көкбай сөзін бітірген соң оған түк жауап айтпастан, Баймағамбетке “ат жек!” – деді де, тұрып киіне бастады.

Жегілген шанаға Баймағамбеттің қасына Абай отырғалы тақап келгенше, Көкбай мен Әлпейім соңынан қалған жоқ. Үйден үндемей асырып шыққанымен, Абай бір жауап айтып кетер деп ілесе келген еді. Шанаға отырған соң, өлі өзіне қадала қарап тұрған Көкбайды андады да, Абай Баймағамбетке “божыны ірке тұр!” деп белгі етті. Сонымен, Көкбайға бұрылып, азғана сөз қатты.

– Менен қазір жауап күтіп тұрсың ғой. Мен бірнеше адамнан анықтап қаныш алмай, бұл жайдан жауап айтпайын деп отырмын. Сенің жаңағы айтқандарыңың бәріне дәл өз басымда әзір жауап болса да, соны өзгелермен ойласып, ақылмен байласып отырып айтамын. Менің сөзімді білгісі келген мешіт имамдарына үш күнсіз жауап айтпаймын! – деді.

Көкбайдың қалған жауабын тындармай, сұрамай да, Баймағамбетке белгі етті. Ақтабан қоңыр ат жіті жүріп, көшे бойлап желіп кетті.

Бұл күндерде Көкбай тәрізденіп, бер жактың бас жатағын, орта тұсын, аяқ жатағын, қайық аузын және Слободкаға жақын отырған қалың ауылдар арасын қыдырып, аралап жүрген адамдар көп болатын. Қазақ халқы білетін Самұрат мәзін, соқыр қари, Шәрібжан халфеден басқа, бұл күнде екі мешіттің имамдарына тетелес келе жатқан үлкен халфе Зәкен, Фабдышукір дейтін үлкен молдалар бар. Осының бәрі де намазға келетін азын-аулақ, көрі-құртаң махалла халқын өситеттеуді аз көрген. Бұлар енді жүрттың топтап жиылған жерлеріне жүре бастапты.

Сонымен, ар жақта Затонды, тоншы, пимашы, былғары заводының жұмысшыларын аралаған. Бер жақта көбі қасапта жұмыс істеп, забойда жүрген қаланың көп кедей жас, көрісін, әйел-еркегін жинап алып, өсиет сөйлейді. “Мұфтиге қарап дін мұсылман баласы бірлесу қажет” дейді. “Халифа сұлтан” деп, “Шайхұлісләм” – деп тілек айтып, үн қосуын тілейді.

Затонда Сейітпен, Сәменмен әр жайды бірге кеңесіп жүретін қара темір ұстасы Савелий және мастер Марков бұлардан осы жаңа сөздің күнде шығып жүргенін естіген. Олар өз бетімен Сейітке сөйлескенде: “Орыстың попынан біз, орыс кедейлері жақсылық күтпейміз. Олардың біздей ұсталар мен грузчиктерге өзірлеп жүргені тек тозақ қана. Сендер молдадан, мешіттен де көп жақсылық тауып, ұжмақ алар ма екенсің? Бұны Павловпен анықтап ақылдастыңың дұрыс болады, біз оған хабар айттайық. Сен екеуің бүндағы қазақ жұмысшыларына сөзді анықтап айтыңдар. Көпшілік, бұқара халық былай ойлаймыз деп, байлау сөзді көпке таратып айту керек!” – деген.

Сонымен, неше алуан жұмыскер жүртқа достық ақылы өзір Павлов соңғы күндер әр топ жұмысшы, енбекші, бұқара жүрт арасында болатын.

Абай оны дәл бұл жолы оңайлықпен таба алмады. Тек кешке жақын ғана үйіне қайтар кезін аңдып, пәтерінен тосып алып, оңаша әңгімелесуге Құмаштың үйіне алыш келген.

Бүгін түндегі Павлов пен Абай әңгімесі екі жақты көп жаңалық, тың дүниенің шетін ашты. Анығында бұл екі дос осы шаққа дейін өзге талай жайдан сөйлескен болса да, дін жайын ауызға алыш, кеңес етіп көріскең емес еді.

Павлов Абайдың бір кезде: “құдайға иланатын мұсылмандың” деп анықтап айтқан сөзін естігелі дін жайын сөйлеуден сақтанатын. Бүгін болса, Абай өзінің жауабын тосқан топтардың бірде-біріне байлау сөз айтпай тұрып, Павловпен ақылға салып отыр. Бұл, әрине, Павловтың да шешіле сөйлеуін керек етеді. Және де Павловтың өзі де орыс патшалығы мен православный шеркеу ұстаздары

қазақ, татар сияқты елдерге қандай өрескел істер істейтінін жақсы біледі. Оған және Павловтың өзі де, дос тобы да өзгеше қарсы екенін Абайға білдіру керек.

Сонымен, Павлов ең әуелі патшалық ісін сынады.

– Имамдар, байлар қаланың кедейлерін, қырдың қараңғы халқын алдайды, адастырады. Оларға көзге шұқып тұрып көрсетіп, нені айтады? Мынау почтаның қасында, каланчаның жанында тұрган ақ шеркеуді көрсетеді. Онда кім бар, не бар? Бұл шеркеуді “миссия” деп атайды. Оны өзіңіз де білесіз. Ал осы миссияда кім тұрады? Үлкен дінбасылары тұрады. Анау Омскідегі генерал-губернатор дәрежесіндегі Ақмола, Семей екі облысының дінбасысы епископ тұрады. Ол епископ Андриан осы қазағы көп Слободка қаласына әдейі кеп орнаған. Неге? “Қазақтың, татардың халқын шоқындырамын”, “ислам дінінен христиан дініне ауыстырамын” деп келіп отыр! – деді. Осы жөнде Павлов Абай білмейтін миссия ішіндегі көп сыр мен жайларды айтты.

Ақ шеркеудің жанында школ да бар екен. Өзінше же тімдер тұратын үй-жайлары да бар. Соған осы қалада панаaszыз жүрген жас жетім балаларды алады. Бұл күнде отыздан аса қазақ, ноғай балаларын шоқындырып, оқытып тәрбиелеп жүр! – дейді.

Жақында бұған бер жақтағы почта конторының ұсақ чиновнигі Ивашкин айтқан бір баланың жайын Абайға мәлім етті.

Семейтау болысындағы Знаменко қаласына почта жөнімен Ивашкин барып қайтып келе жатса, жолда қазақтың бір жыртық киімді сегіз-тоғыз жасар кішкентай баласы жылап тұрады. Сұрастыrsa, жақындары қуып жіберген, әке-шешесі өлген, жетім бала Мекеш екен. “Осы жақта қала бар, онда қайыр сұрап, тамақ ішуге, өлмеуге боллады” деп келе жатады. Ивашкин сол баланы алғып келіп, миссияның интернатына береді. Ол Ақбота болысынан келе жатқан бала болатын. Соны Ивашкин айтады: “Жақында білсем, жаңағы балаға Бутин деп фамилия беріпті. Мекеш деген атын жоғалтып, Михаил, Мишка деп ат қо-

йыпты. Өзін орысша киіндіріп, тек қана орысша сөйлетеді екен. Түк білмейтін сегіз жасар баланы қазір епископ Аンドриан шоқындырып: “Сен енді орыс боласың!” деп тәрбиелеп жүр дейді.

– Бала сондай зейінді, сонша ұғымтал екен, мен де көрдім. Екі қөзі қап-қара бадырайған, танауы таңқиған, сүйкімді бала. Ол қазір бір нәрсе айтпақ болса, өзі білген азғана орыс тілімен ғана сөйлейді. Бар білгені, қазақты ұрсады. Қазақтың молдаларын орысша боқтайды! – деп, осы жайды Абайға әдейі ұзақтап айтып келіп, Павлов: – Орыстың попы да жаман, мұсылмандардың имам, молдалары да жаман! – деді.

– Бұлардың екеуінен де халықта жақсылық жоқ. Олар және халықтарды бір-біріне тек дін жағынан қарап, арыз етіп, жау етуді ойлады! – деген. Және өзінің осыған қарсы нанымы мұддесі бойынша Павлов өмірінде бірінші рет жасырын бір газеттің аз ғана жерін Абайға әдейілеп оқып берді. Бұл газет өте құпия түрде революцияшыл жұмысшы көпшілігіне жасырын таратылады. Ендігі нәсілді бағастайтын, Россиядағы ең мықты топтың отты сөзі бар тілі екен.

Бірінші декабрь күні шыққан “мың тоғыз жүзінші” жыл деп белгі қойылған, өзгеше газет сөзі еді. Газетті қолына қымқыра бүктеп, тыға отырып, бір-ақ жерін ғана Павлов Абайға орысшалап оқып берді.

– Міне, байқайсыз ба... Осында саналы жұмысшының бәрі халықтарды халықтарға жау етіп қарсы қойған қас-көйлікпен алысу қажет дейді. Білдіңіз бе, сейтіп орыс халқының анық, әділ, дұрыс күштері патшаны да, орыстың шеркеуін де айыпкер деп санайды. Ойлансаныз, осы тура-лы ойланыңыз. Қазақтың, татардың молдасы емес, байы, болыстары, қажылары емес, Сейіттей бейнетқорлары және сіздей сол бейнетқор халық қамқоры қалай ойлау керек? – деп, ендігі жайды Павлов Абайдың өзінің шешуіне берген.

Абай соның орайына Павловқа ислам өсietшілерінің толып жатқан масқаралық, қарандырылған айтты. Олардың ойы түгелімен сонау Стамбулға, халифа жұрттына, Абдулхамит сұлтанға табынған ой екенін танытты.

Сондағы Шайхұліслөм өситеті мен мұндағы соқыр қарилердің ниеті, имамы, арманы бір екенін аңдатты.

Осы орайда Павлов та көп нәрсені таныған екен. Ол енді Абайға қазіргі Турция туралы көп қызық, соны әңгімелер айтты.

Абдулхамиттің гаремінде мың каниздің барын, Турцияның өзгеше қаранды, надан патшалық екенін аса көп дөлелдермен ашып айтып берді.

Алғашқы күнгі Абай мен Павлов кеңесі бұл екеуінің ойлары үлкен аңғарда бір арада табысқанын танытты. Абайша айтқанда: “бір сағаға құйғанын” әбден анық байқатты.

Екеуі тағы да кеңесіп тұрмақ болысты. Ал Павлов қазақ пен ногай жұмысшыларына приговорға қол қоймас бұрын Абайдың өситетін естіп алуды тапсыратын болды.

Абай ертең қаланың қалың көпшілігімен жалғаса бастайды. Екінші жағынан өзінің енді анық бекіп алған байлауы бойынша қаланың имам, хазіреттерімен айқасып көрмек болды.

Арада үш күн өткенде, Абайға келіп-кетуші жұрттың саны ұлан-ғайыр болды. Ойда жоқтан, талай жақтан сан кісілер Құмаштың үйіне шұбыра берді. Абай бұлардың ішінен көпке беделі өтетін кісілерді өз қасына көбірек ұстайды. Өзінің қысқа ғана, бірақ алуан ақыл сөзін айтып жатты. Сол ретте басжатақ пен ортажатақтың енбек еткен көбінен келген екі кісі болып еді. Абай көпке жетер сөзін соларға анықтап, ұғындырып айтты. Бұл келгендер, Абайдың ескі көз таныс татуы – қайықшы Сейіл мен қала көпшілігіне аты мәлім, сөзі дәрі Бектогай Ботабаев дейтін Ақботаның қазағы. Өзі көп ел ішіне кірме, аз үй Қыпшақтан шыққан. Бірақ ойға, сөзге жүйрік, орта ғана күйі бар қала адамы.

Ат пен той, қалың базар, жақын жәрменкесе, оқыс бір апат, қат-қабат әбігер кездер болса, кейбір ашаршылық жылда қаланың көп кедейі осы Бектогаймен, Сейілмен ең алдымен ақылдасатын. Абайды бұлар өздері тосып жүрген-ді. Соның үстіне Павловпен бірнеше кездесіп, әр жай-

ды ойласып болған соң, Абай екеуін өздігінен де шақыртып еді. Осыларға айтқан сөзін Абай кейін келіп-кетіп жүрген әр топтың адамына да қайталап, қадағалап айта түсken.

Бектоғайларға білдіргені:

— Қаланың халқы, кім айтса да, бұл приговорды жасасмын да, қол қойып ырзалық білдірмесін! Біз мұфтиді тілемейміз! – десін. Себебі қазақ ата-бабасынан бері соншалық құдайшыл боп, діншіл боп өскен халық емес.

Ескіден келе жатқан, ақ-қараны өзінен таныған түсінігі бар халық. Өзінің жолы, заңы, әдет-ғұрпы бар ел. Енді соның бәрін тастап, “шарифат бабымен жаңадан өмір құрам” деп көкseyтін, қызығатын дүниесі жоқ. Өйткені халықты көгертертін шаригат емес, өнер мен білім. Ал өнер, білім шаригат жолында емес. Ол өнерлі елден үлгі алуудың жолында. Өзге төрт тараҧың келісіп, енді тек мұфтиге қарауың қалып па?! Одан да өнерінен пайда тиетін елдің жақсылығын алыш, пайдасын көрейік. Ал дін-қарындас боп қосыламын деген ұран біздің көкейімізге қонбайды. Халық болып айтсақ, көңілімізге жақпайды. Себебі ол өнерден, білімнен қашықтатпаса, жақындар жол емес! Мұфти бізге қол емес, осы жүрген молдалардың өзі жетеді! – деп, ақыл байлау жасаған.

Көпке сөзі мол тарайтын Бектоғай осы жайды ұғынумен бірге, Абайға кейін оңаша кеште тағы келіп еді. Ол “білген үстіне білсем, үққан үстіне ұға түссем” дейтін, көзі қарақты, құлағы түрінкі адам. Соңғы бір кеште ол келгенде, Павлов тағы да Абайдың қасында оңаша кеңесте отырған-ды. Абай Бектоғайды өздерінің қасына алды. Павловпен анда-санда орысшаласып, ақылдасып отырып, табақ қағаздың үлкен бетіне кесек жазумен бес-алты беттік ақыл сөз, байлау сөздер жазып берген.

Шайдан соң Құмаштың үйінен Бектоғайды жөнелтер жерде жағағы қағазды бұктеп беріп, Абайдың ескерткені бар-ды.

– Бектоғай, мынау қағазды сен өзің ғана оқы да, өзгенің көзіне көрсетпе! Жұртқа ақыл айтудан бұрын өзің осыны қайта-қайта оқып, ұғынып ал. Содан кейін “құдай берген

тілің бар” ғой, өзіннің икемің ал да, “өз ақылың”, “менің ақылым” қып айта бер! – деген.

Бектоғай жирен мұрт, жұқа ернін керілте құліп, аппақ кесек тістерін аксита тұрып, Абайды құптап, бас изеген.

– Абай мырза, басына жи, аузыңмен айт, өзіндікі қып айт дедің ғой! Оның құп-ақ. Жаман би жанына жияды деп, кекету айтқан қазақтың да қағидасы бар еді. Қара заңы бар-ды. Эй, бірақ, соның бәрін айтсақ та, мен құлақпен үққаннан гөрі, сіздің қасыңыздан өрдайым қалтама салып өкететін олжамды артық көретүғым! – деп қулана құлді.

Ол айтып тұрганы ақша-пұл емес, Абайдың бұл білмейтін тыңдан жазылған өлеңдері. Соны әр кезде Абайдың қасында отырып, көшіріп алады, не біреудің көшірігенін сұрап алады да, жаттап, өзі айтатын ақыл сөзіне қосарлап жүретін.

Абай бұның осындай зеректік, ұқыптылығын, дос ниетін ойлай тұра сүйсіне қарады, ұғына құлді. Бектоғай жаңағы сөзіне жалғап, қазіргі қағаз туралы байлауын айтты.

– Сол айтқанымдай, осы қағаз да олқы қағаз болмай, тағы бір олжам болар деп тұрмын. Бірақ тапсырдыңыз ғой, ұқыпты болармын. Бөтен көзге көрсетпек түгіл, сүйкет-песпін де! – деп жүріп кеткен.

Сол Бектоғай мен Сейіл сияқты Абайға ар жақтың көп жұмысшы кедей-кепшігі атынан Сейіт, Сәмендер келіп, ақыл естіп кеткен. Қаланың ел кіслерімен байланысты тоғынан Абайға әр істер жөнінде араласып жүретін Қали Ақбасов кеп сөйлесті. Бұл да Абай сөзін түгел құптамаса да, мұфтиге қарсылықты нық ұстады. Оның дәлелі: “Мұфтиге қараса бар дүниені шарифатпен жүргізу керек. Елдің өмірін мешіт билейді. Билігін қазылар жүргізеді. Қазақ қыз айттыrsa, күйеу күйеулетіп, келін түсірсе, өменгерлі-же-сірлі жайға ұшыраса, енді оның бәрін өз қағидасы емес, шарифат бүйріғымен жүргізетін болады!” – дегенді үлкен қарсылықпен айтты. Дәл осы жөнінің өзінен де ол: “Абайдың бар ақылын алғанды макұл деймін. Мұфтиге кірмейік!” – деп сөйлейтін.

Қаланың саудагер жағының көпшілігі болған Есберген, Төлепбек, Кәрібжан сияқтылар қызық мінезге ауысып жүр. Олар үлкен байларға өздерінің іш наразылығын өзге кезде көрсете алмайды. Өз үйінде оңашада жылап жүріп, әркімге шағым айтып жүріп, бетпе-бет келгенде күні түсіп отырған көктөбел үйлі байлардың қақпасының алдынан ықтайды. Бет қарай алмай бағына беретін. Қазір солар тобынан Абайға Есберген келіп кетіп еді. Ол талай жанға базарда, лавкаларда, керуен тосып, қала сыртына шыққан жүрістерде көп кездесті. Сонымен, жиырма-отыз өзіндей ұсақ алып-сатар, “шолақ қол” саудагерлер атаулының қоңырқай тоқал үйлеріне тараған байлау – “үлкен байларға ермеу” болды.

– Біздерге не керек?! Сейсеке мен молдекелер бір жерден шығып жатса, олардың дастарқаны бір. Жайылатын өрісі ортақ. Есіктерінен сығалауға да батылымыз бармайтын біз, болыссақ көппен болысайық. Сол хазіреттің шақырғанына да, байдың бастағанына да тап осы жол ермей-ақ қояйық. “Имампос” емес қой. Натарсқа беріп, ақ век-сельді сәдуәтельге өткізіп, үй-жайымызды хат-шотқа ілін-дірмес! – десе беретін.

Әрине, Есбергеннің бүл ақылы дарыған саудагер бар да, дарымағаны да бар. Онысы әр саудагердің әр үлкен байдан алатын финуардағы дағдылы несиесінің сомасына қарай бөлінді. Есбергендер қарқ болған жылды мың сомнан артық несие алып көрмесе, Қодыға, Қоңыртай сияқты ағаш шатырлы үй көтеруге жарап қалған, үлкен байға қадірі барлау азғантай топ саудагер де бар. Олар несиені үш мыңға, кейде тіпті бес мыңға жеткізіп те көтеріп алып жүреді. Бұндылар Есбергенге тоқырандап ұрысып, айтқан ақылын алмай кетісті. Қысқасы, енді бір жұма орайында Семейдің ар жақ, бер жағы және толып жатқан жақын елдер, жатақ ауылдары мұфтиге қосылу туралы байлаулы сөзін айтатын кез жетіп еді.

Сол күн тақап келгенде осы істің басында жүрген, әнеу-гі Көкбай айтқан имам-хазірет, бай-мырзалар, оқыған

қаратаяқ зиялыштар қатты түршігіп, түнілетін күй туды. Приговорлар түспей қойды. Сан мындаған қазақ, ногай үйлерінен “түсті” деген приговор жүздер ғана боп саналды. Осыған күйініп бұлғынған сегіз-тоғыз мешіттің хазірет, халфелері қаланың бар халқына кісі жүргізді. Базарларды хабарлады. Сонымен, мұфтиге қарау жөнінде сөз байлау үшін мешіттерге халықты шақырып, арнаулы жиындар жасамақ болды.

Бірақ Семейдің хазіреттері мен байлары өздерінің мас-қара болғанын дәл осы мешіттер ішінде көрді. Қазақ халықы бірде-бір мешітке бармай қалды. Күндегі келіп жүре-тін намазқой, діндәр кәрі-құртаңдар болмаса, қаланың “махалла халқы” дейтін кедей тобынан, көп саудагерінен, керуенінен де қазақ атаулы келмей қойды. Сонымен бірге “мұфтиге қарамаймыз”, “осы жақсылығын хазіреттер қазақ жұртынан аулақ етсін!” – деген сөздер көп жақтан қатал соққыдай жете берген. Сөйтіп, енді міне, бүгінгі күні бар хазірет пен байлар үлкен бір байлаулы жиын жасамақ болты.

“Анық халық атынан сөйлейтін кімдер екен, не дер екен”. Соны естімек, айтысып көрмек болысады. Сөйтіп, бер жақта, үлкен залы бар бас мешіт медресесін белгілейді де, соған қала халқының әр тараҧынан көп жұртты шақырады. Бұл жайдан алдымен хабарланған тағы да Павлов пен Бектогай, Сейіл, Сейіттер болатын. Абай қазақ адамының бәріне жаңағы медресеге баруды бұйырды. Өзі және барған еді.

Медреседе бірнеше жұз кісі сыйып отырарлық “дәріс бөлмесіне” кілем, көрпе жайылған еді. Ас жоқ, сөздің жиыны. Үлкен ұзын бөлменің жерге төсөлген орын-жайларына халық көп сыйды. Төрдегі орынды ар жақтың мешіттерінен келген Фабдулжаппар, Фабдыразақ хазіреттер мен Ысқақ бай, Садық бай дейтін байбатшалар алыпты. Бер жақтың қазақ байларынан Сейсеке, Білеубай қажы да сол төрде отыр. Әшімқожа мен Ахметжан хазіреттер және де сол қатарға жайғасыпты.

Бұл топтың екі жағын ала, ақ жаға салған, фрак, сюртук киген және біреулері оқалы жаға, сары ала түйме таққан қазақ чиновниктер тізіліпті. Қазақ, ноғай байларының кигендері өңшең мәуітімен тыстаған жасыл, көк қара ішіктер. Көбінің сүйетіні тамақ ішік болса керек, сол көбірек. Бірен-саран ғана жанат ішік киіпті. Хазіреттердің бастанында сәлделері.

Осы жиында “әhlі ісләм қауымына” арналған “ғұзыр” жайды қара сөзге шешен Ахметжан хазірет айтты. Ол жартылай кітапшилап, жарымын қазақша мақалдап, мәтелдей сөйлеп, үғындырып беріп еді.

Абай бұл жиынның қеуде тұсында, Бектогай, Есберген, Сейіт пен Сәмен тәрізді қала адамдарының ортасында отырған. Бұған тақау жерде Қали мен Серкелер бар екен. Олар келелі сөзді Абайдан күтіп отырғандарын құбірлесіп, айтыса отыр.

Ахметжан хазіреттен соң ноғай байларынан Үісқақ сөйлеп, мұфтидің қажеттігін айтты. Сейсеке де қазақы қара сөзімен оқымаған адам екенін білдіре отырса да: “Тілеуіміз бір, ниетіміз қабыл болсын! Мұфтиге ден қояйық, қазақ баласы!” – деп сөйлеген.

Абай енді аңдаса, қазақ тәрелерінен бұнда отырғандар Петербургте оқытын студент, болашақ адвокат Сакпаев бар екен. Нұржанов дейтін кесек денелі, салқын қалың қабакты, ұсақ шұбары бар, сырт ажары салмақты бір чиновник отыр.

Абайдың сырттан естуінше, бұл топтың ақылшысы, осы сез жөнінде тағы басшысы бол жүрген қазақ төресі Әзімқан Жабайқанов еді. Оны сыртынан көптен естігенмен, Абай бұрын көрмеген болатын. Қазір Сарманов, Даанияр, Самалбек сияқты өзі білетін тілмаштар мен жанағы Нұржановтарды жағалай қарап шығып, Абай сол Әзімқанды іздеген.

Оны Бектогай біледі екен, бұл арада Жабайқанов жоқ боп шықты. Сұрастыра келе білгені, ол кешелер Петербургке жүріп кетіпті. Бұл жердегі жұрттың приговорла-

рын, арыздарын сонда тосып, сол жерде іске асыруды өзі тіленіп, мойнына міндеп етіп алышты дейді. Мұндағы қаратаяқтарға хазіреттер мен қала байларының, ел адамдарының сөзін түгел бір арнаға қосып, бір-ақ байлау жасатуға тапсырыпты. Және солай болады деп сеніпті де, өзі жүріп кетіпті. Абай оның бүнда болмағанына біраз өкініп қалды. Себебі дәл осы тұста сол төремен бір сынасып, кездесіп көрмек еді. Өйткені тоқсан жетінші жылғы санақтың тұсында оның істеген мінездері мен айтты деген сөздері Абайды ол адам туралы бір сыншылық ойға, қатаң байлауға бейімдеп жүретін. Бүгін Әзімқан Абайдың алдынан тағы қолденең келіпті. Мұфтиге қазакты қаратпақ кісінің бірі сол бопты.

Жиын әуелі мұфтиге қараймыз деген, қаратпақ болған топтың сөзін түгел естіді. Оқыған қаратаяқ тобынан жаңағы Сақып Сакпаев та бар ынталы сөз, тілектекстік айтып шықты.

Оның аузынан бұрын, шолтаңдаған екі қолы тынымсыз сербендең тұрады екен. Алақаның бір жазып, бір жұмады. Бірессе өзінің кең танауын, кесек мұрның сол алақанымен қағып-қағып сөйлейді. Екі көзі тасырайған, алқымы іскен, жуан мұртты, тұксиген қара сүр жігіт екен. Сөзінің бәрін екпіндең бастап, жарым сөйлемге бармай ақырын-датып өзі жұтып, шала естіртіп айтады. Аузы сөзге олақ болса да, алқыны, екпіні күшті тәрізденеді. Кенеулі ойы жоқ. Ылғи нұқып-нұқып, әр жайдың атын айғайлап атап, басын шалып өтеді. Өзі тегі мұсылманша оқып көрмеген болу керек. Мұфтиді “мұпти” деп атайды. Молдалардың кітапшылап сөйлейтін сөздерінің көбіне тілі келмейді. Онысын және елемейді де.

“Шайхұлісләмді” екі жерде аузына алайын деп, қалай айтатынын ұмытып, тілі келмей қалды. Сонысынан және қысылмастан “ш... ш...” деп түрдуда да, “ну как это там!” деп алыш, әлгі “бірдене ісләм” деп бір айтты, екінші бір орайы келгенде “жанағы ісләм” деді.

Бұл топтар сөйлеп болған соң, жиын біраз тынып қалған кезде Абай сөйледі. Абайдың сөзі салғаннан “мұфтиге

қазақ халқы қараудың қажеті жок” деген тура, жара сөйле-
ген кеңестен басталып еді.

– Ең өуелі ислам дінінің қауымы болмақ дейді. Дін-
қарындас деп, Мысырдың арабынан, Үндістанның мұсыл-
манынан, Стамбулдың халифа сұлтанынан, Шайхұліслем-
нан Россияяда, Сибирьде жатқан қазаққа қарындас тауып
бермек. Туысқан таппақ болысады. Ең алдымен осының
өзі жалған. Әр халықтың қалың қауымын алсақ, күнделік
тірлігінде сыйбайлас көршісімен келісіп күн кешеді. Бізді
халифаның мұсылманымен жақыннатам деушілер ең ал-
дымен қасымыздың көршіміз орыс халқынан алыстаратам
дейтін болады. Айтпаса да ол айдан анық. Ал сол орыспен
қайтіп сен алыс боласың, қазақ халқы? Жеке адам да, тұтас
қауым халық та жанды тірлік етеді. Тірлік дегеніміз: мы-
нау ішкен су, жеген тағам, киген киім, өмір сұрген үй,
ортан. Өзгені қойып, Семейдің қазағы, сені айтайын: мы-
нау Ертіс, сенің өзенің емес, орыс халқының өзені. Енде-
ше, ең өуелі, Семей халқы, қазағы, сенің ішіп отырған
суың – орыс халқының суы. Екінші, жеп отырған наның –
өзің егін екпейтін, еңбек саумайтын елсің, орыс мұжығы-
ның өсіріп беріп, диірменіне тартып әкеп беріп отырған
ұны. Одан қала берсе, киген киімің, кірген үйің, барша
бүйімің мен жиының – бәрі-бәрі орыс халқының қала-
сынан, өнерінен келіп отырған дүниен!.. Сен осыдан алыс-
тамақсың ба?! Алыстасаң, тырдай жалаңаш кетіп, бар да
қарындас таба ғой! Екінші, біз қараңғыда жатқан, қалың
тұман басқан, надандық тұманы басқан, соры басынан
асқан қаранғы елміз. Бізге ең алдымен не керек? Білім
жарығы керек. Өзіміз надан өтсек, ендігі нәсілімізді болса
да тез оқытып, дүние танытып, көзін ашуымыз керек, асы-
ғуымыз керек бұл жолда! Сол жөнде де, бар жарығын ала
білсең аямай беретін досымыз – орыстың өнері, орыстың
үлгілі қауымы! Ушінші, мұфтиге қарамайтын себебіміз:
әйеліміз, үй тірлігіміз тілемейді. Біздің әйел жынысымыз
онсыз да сорлаған қауым. Ал мұсылманшылықтың анық
орнап, шариғатымен түгел баурап алған елдерін ойлайық-

шы! Ондағы әйелдер жайы қазактың қаралы әйелінен де қалың сорда, қараңғы көрде. Бүгінгі қазақ әйелінің басындағы базар малындай “ақ ноктанаң” өзі де жетерлік қаза. Енді апарып оған “шадыра мен шашуан”, “перде мен пәрөнжі”, “желек пен шапан” жауып, тағы да тұмшалай түсудің қажеті жок.

Қазактың қара заңынан, ата-баба надандығынан алыса жүріп құтылу оңай. Ал “мұфтиге қарап, дін-қарындаң іздейміз” деп қараңғы түнекке тағы апарып, өзі жабайы жүртты қамау, ол бұл күнде адасқандық. Аяп айтсам адасқандық, қадап айтсам қастық! Ермендер бұл сөзіне, қазактың момын ел! Қалың жүртый, менің айттар сөзім осыақ! – деді.

Абай енді байқады, бұның арт жағында отырған қалың ел бар екен. Олар Сейіл, Сейіт сияқты қантап келген жұпны киімді, қоңыр пішінді, жаңағы Абайдың өзі атаған “қалың жүртыйның” қаз-қалпы екен. Олар дабырлап:

- Бәрекелде, осы сөз – сөз!
- Абайдың дегені рас. Керегі жоқ, осымен тұрамыз!..
- Халықтың ойын Абай айтты! – десіп дабырлап, ажарлана сөйлеп, көтеріліп қалды.

Бар молда, имам атаулы да, байлар да енді Абайға қарсы беттеп сөйлей алмай, ауыздары буылып отыр. Әсіресе, жаңағы халық ажарын көргелі олар сескеніп, тартынып қалған. Тек жаңағы Сақпаев Сақып қана оқығандар арасында түшталандап, бірнеше сөздерді орысша айттып, енді Абайға қарсы басын қақшита көтеріп алып, сөз тастады.

– Сіз қалай?! Абай дейді, сізді ақын дейді, сіз қалай, білмейсіз бе? – дей беріп еді, Абай оған әуелі бір қатты зекіп, колын қарсы сілтеді.

– Ең алдымен адасқанды сендердің өзің қойсаң етті! “Оқыған” дейді, “көзіқарақты” дейді. Сендердің осы жиында не ақыларын бар еді? Не қара басып қаңғып келіп жүрсіндер?! – деп, қатты қатуланып, ұрыса сөйледі.

Анау осы кезде шоқшиып жүресінен отырып ап, тағы нұқынданап, сөздерінің бас жағын айғайлап айта бастады.

– Діні жоқ ел болмайды! Жақсы елдің бәрінде дін бар! Діні бола тұрып өнерлі болады. Қараңыз, католиктерге, сіз айтқан орыстың да князьдары, дворяндары, ученыйлар, поэттері – бәрі де діні бар халықтар! – деді.

Абай: “Жә! Қаңғырлаған қоныраудың іші қуыс екен ғой!” – деп алып, ентелей сөйледі.

– Діні бар, бірақ алдама жүртты. Олар өнерлі болғанда дінбасыларына бастатып өнерлі болған жоқ! Дінбасыларымен ашық ой, анық білім басшылары алысып, қарысып отырып өнерлі болған! Жақсылық шығады десе, сенің нағдан еліңің ортасына әкелгенің осы ма?! Жаңа буынның зоры болар десем, соры болар сырларың бар ма еді, қазактың қалтаңдаған чиновниктері, қаратаяқтары! Байқадым да, түніліп отырмын мен сенен. Мынау түріне қарағанда сен алдарсың, талай алдарсың әлі! Кімдерді алдаң, кімдерді сатпас екенсіндер! Аулақ болындар ендеше! Мынадай төрелерден сақ болындар, қазактың халқы! – деп, Абай айналасына тағы қатты жар салды. Өкім айта, бұйыра сөйлегенде, жаңағы Абайды қостаған халық, енді Сақпаев қана емес, барлық басқа қаратаяқтың төрдегі азғана тобын түгелімен тапап кете жаздады.

– Жетті, болды! Догарындар сөздерінді!

– Абайдан басқа ақыл айтпасын бізге! Керегі жоқ сөздеріңің! – деп, орнынан тұрып қожырап алған жүрт, сол ашулы айғайының үстінде тарай берді.

Абай өзінің әбден женген жайын андал, енді жаңағы Сақпаевты құлқі етті. Оның лаулап, балдырлап отырған қалпын сәл тоқтатты да, айғайлап сөйледі.

– Сен адвокат, бұл имамдармен қайтіп дос боласың! Өзің керек десе “Шайхұлісләмді” дұрыс айта алмайсың. “Какой-то ислам” дейсің. Соның өзімен-ақ діннен шыққан жоқсың ба? Бұлар мениң күпір, сенің көпір десе рауағой! – деп, қатты құлді. Абай қасындағы Бектогай, Сейіт, Қалилар да мәз болысты.

Бұл қыстың ойда жоқ, өзгеше бір жиыны Абай мен халықтың осылайша анықтап жеңіп шыққан жайымен тарап еді. Бірақ соның орайына, осы күні кешке Семейдің

полицмейстері берген жасырын бұйрық бойынша Федор Иванович Павлов тағы да абақтыға алынды.

Абай үйінде осы күн түнде қатты тінту болды. Бес кісі жандармдар келіп, Құмаштың үйін астын үстіне шығарып, үш сағат тіміскіді. Іздегені әлдекімнен естіген бір еміс хабардың дерегі болатын. Полицмейстерге ол арызды екі-үш байдың қолын қойғызып, болашақ адвокат Сақпаев жазып түсірткен. Арызда қазақ халқын аздырушы – Абай деген. Оның үгітші ақылшысы – орыстың айдалған революционері социалист Павлов. Сол екеуі бірлесіп байласқан, бірге жазған байлау қағаздары да бар деп көрсеткен.

Жандарм Павловты ұстаған жерде таба алмаған қағазын, қылмыстың жылы ізін суытпай, Абайдың қалтасынан суырып алмақ еді. Бірақ ол қағаз өзінің халық қамын ойлаған шынымен және ішіне бүккен сырымен Бектогай-да қалды. Мың жандармның қолына түспес мықты қоймасында қалған-ды.

ЖҰТТА

1

Қыстауға қонғалы қазіргі қалың қыстың ортасына ше-йін Абай Араптөбеде, Әйгерімнің оңаша қыстауында кітап сонында уақыт кешіретін. Ақшоқыда Мағаш, Нұрғаным, Ділдә мекендереген. Абай соңғы жылдары осы Араптөбене Әйгерім мен өзіне ариап оңаша қыстау салған. Бұл қыстау Семей қаласына көп кіреберіс. Ақшоқыдан күндік жерде. Семейге де салт атпен жүрген қатты жүріс болса, бір күнде жетіп қонарлық жерде. Араптөбенің жан-жақ маңайында үш шақырым, бес-алты шақырым, жеті-сегіз шақырым жерлерде көп ел бар. Жақында Ақылбай қыстауы, оның ар жағында әр рулардан шашырап қонған, топталған “көп жатақ” дейтін жатақтардың қыстаулары болатын.

Әйгерім қыстауы Ақшоқыдағы қыстауға үқсас. Бұнда да асты-үсті тақтайлы, үлкен терезелі, кең де жақсы қонақжай бөлмелер. Көршілер Дәрмен мен Мәкендер және со-лардай бірнеше жас, тату үйлер. Олардың балалары мен Абайдың жас немерелерін оқытатын Хасен молда дейтін ақсүр жүзді сыйпайы молда бар.

Абай осы қыстауда биыл бірнеше ай бойында оңаша тыныштықта үнемі кітап оқып, Әйгерім мен ауылдағы жастарға, қолы бос көршілерге сол оқыған кітаптарын қызық, көркем әңгіме етіп айтЫП беретін.

Қыстың алғашқы айы, әсіресе, осындай жақсы тыныш бір жаймен басталып еді. Бірақ декабрьдің ортасынан бері қарай, соңғы он шақты күн Араптөбенің мал иесі адамда-

рын күдікке салып, қыса бастады. Бір Әйгерім ғана емес, көрші Талдыбұлақтағы Ақылбай аулы да, Бөрлідегі Абайдың ескі көршілері Қожаның аулы дейтін ауыл да қыстың анғарынан сескенуге айналды. Айықпай борай жауған, сүйк құндер үдең түр. Бұл өлкे кейде “Бауыр” деп аталатын, кейде “Байғабыл” деп аталатын тұтастау қоныр адыр болушы еді. Сай-саласында бұлак, қорық, қарағаны көп, пішіндік қоныс өлкелері мол жерлер. Өзіне егін егуге де қолайлы. Бірақ осы өнірдің, бар Байғабылдың өзге Шыңғыс, Жидебай, Ақшоқы сияқты қалың ел, көп ауылдар мекен еткен жерлерден бөлек бір жайсыздығы тағы бар. Бауырды қар қалың басады. Қысы қатты жылдарда, шөп жақсы шықпаған жылдарда ең алдымен жұт қысымына ұшырайтын осы Бауырдың елі болады.

Егіншілікті қәсіп еткен көп енбекші ел, Бауырдың сол енбекті қәсіпке қолайлы болғанын ұнатып барып мекен ететін. Бірақ қысының қаталдығын ойлап, Бауырдағы әлді-әлсіз шаруаның бәрі де жаз жақсы болып, шөп шығысы тәуір болса, қысқы пішенді аса көп жиып, қамдап алуға тырысатын. Анық қалың, мол маялар Абайдың қыстауы Аралтөбеде, Ақылбай қыстауы Талдыбұлақта, Бөрлідегі Қожа қыстауларында барлық Шыңғыс елінің қазағынан басқаша, мол қор болып жиылатын.

Бұл осы өнір елінің сенімсіз қысқа қарсы істейтін қамының үлкені. Сонымен қатар және Бауыр елінің қысқа қарсы, жұтқа қарсы екінші амалы тағы бар. Декабрьдің тұсынан бастап өз жерінің аңысын, қыс бағдарын, қысымын қатты қадағалап ойласа бастайды. Егер осы бүгінгідей декабрь қысып кете бастаса, Бауырда, қолда арық-тұрағын, азын-аулақ малын ғана қалдырып, айдауға жарайтын қой атаулыны, қара малды түгелімен Ақшоқыға, алыстағы Жидебайға, Шыңғысқа алып қашып, шұбыртып жөнеледі. Сонда апарып, сенімді қыстау, құйқалы қорық, қарабектер қалың Шыңғыстың қойнауына кіріп кетеді.

Сөйтіп, талай қыстың жұтынан осындаі ерте қам етіп, алысу арқылы малдарын аман алыш қалып отырады.

Аралтөбедегі Әйгерім аулының декабрь ортасында шұғыл ойланып, байлаған байлауы осылай болды. Көршілес төрт-бес ауыл Әйгерімдікіне жиналып, ақылдасып келгенде: “Биылғы қыстың аңғары жаман. Жаз болса құрғақ болып, Бауырдағы ел бәрімізден де қорамызға жиып алған пішеніміз аз болды. Жыл мойны болса ұзақ. Қыс аяғы ұзап кетсе, онан да әрі қатер бар. Осындай малдын бойынан ет арылмай, әлді түрған кезінде Ақшоқыға, Жидебайға, Шыңғысқа қарай қойды, кара малды айдайық!” дескен.

Көп ауыл өзді-өз малымен бір күнде қозғалмақ. Себебі жол жоқ, қар қалың. Малдың жүретін сүрлеуін салу үшін қарды бұзып жүру керек. Соған кезектескен көп ауылдың бірлесіп аттануы жол болады. Эр ауыл екі-үш кең шананы көп шөпке толтырып, сықап алысты. Жол жүретін ер-азамат, әлуettі әйелдер болса азықтарын, киімдерін сайлап алды. Сонымен, әр ауылдың малының алдында шаналы шөп жүріп, мал атаулыны артынан шұбыртты, ұзақ салқар, қара нөпір болып, Байғабылдан Ақшоқы, Жидебайға қарай мал созылды.

Абай бұл шаруаларға жөнді араласқан жоқ. Ол әр кезде кешкі шай үстінде, өсіресе таңтертең ерте Әйгерімнің сол шаруа жайын ауылдағы азаматтармен сейлескенін тындаиды да, өзі көп араласпайды. Биыл аңғарып, сүйсіне білгені Әйгерім шаруа науқанының тұсында аса бір қайратты, ойлы адамның өнерін көрсетіп келеді. Ол қазіргі күн райынан, қыстың қабағынан қатты қысылады.

Абай отырғанда да малға қарап жүрген еркек-әйелге бір жағынан жаны ашып және шаруаның қамын жете ойлап, байыпты сөйлейді. Кешелер Ақшоқыға қарай өз аулының қойын жөнелтерде, туған елі Мамай-Байшорадан көрші етіп алған туыстарын іріктеді. Торғай, Манғаз, Ақжол деген үлкенді-кішілі үш азаматты Наймантай дейтін өзінің сенімді, есті туысы және көршісіне қосып береді. Осылар көрші ауылдардың Жидебай мен Шыңғысқа мал айдаған лек-лек топтарымен аралас кетті.

Әйгерім Мәкен, Дәрменді ертіп, жылы киініп алып, да-лада ұзақ жүрді. Қыстау сыртындағы биік адырға шұбыр-

fan қойы мен үш шана жеткенше көз алмай қараумен болды. Үш-төрт көрші малшылар жуансіңір, ересек азаматтар болғанда, аласа бойлы қызыл шұбар келген Ақжол бала жігіт болатын.

Әйгерім соның бет-мойнына өз қолымен шәрпіні мықтап орап беріп:

– Үсіп қала көрме. Беті-қолынды аяздан қатты сақтай жүр! – деп қабақ шытты. Қорқыныш ойлап, төрт жігітке бірдей амандық тілеген өте жақсы үнімен, тамаша майда шынымен айтып жөнелтті.

Күн көптен бері жылышынбай қойды. Бүгін де сондай шытырлаған қатты аяз. Бір тәуірі, мал жөнелткен күні жел болған жоқ. Тегінде, бұл өнірде аяз өлердей қатты болудың үстіне, қарып тұрған қылауытқан үскірік жел аязды үдете түсетін. Сондай жел аралас аяз жайы: “үскірік аяз”, “өкіріп тұрған аяз”, “акырған аяз”, “қолқанды қауып тұрған аяз” деп неше тұрлі қатал тұрде халық аузына алынаады. Биыл декабрь кіргелі Абай мен Әйгерім отырған жақын өнірге сол жаңағы айтылған ажалдай аяздың демі қатты батып тұр. Осыдан екі күн бұрын мықты, сенімді қойшы Тұңділкебай аяздың қаттылығынан беті-мұрның үсітіп қайтты. Ауылдағы көрші, малшы, қатын-қалаш, киімі нашар бала-шаға қораның ішінен тұмсығын шығаруға қорқады. Айнала әр ауылдан сирек қатынасқан адамның бәрі ендігі жүрісте тек амалсыздық айдал келген жайларын айтады. Қай ауыл болсын, Бауырдың, Байғабылдың бәріндегі көрі-жас қыстан үркे, қорқа бастағаны естіледі.

– Қыс ерте қысып кетті, дүние не болар екен?..

– Жаздан құрғақтық боп, пішен де шықпай, дала шөбі де ерте қурап кетіп еді, мал сорлыға жайылыс жоқ!..

Оның үстіне қар қалың түсіп, ой-жотаның бәрін жұмыртқадай қып жылмитып, сыйбап салды. Көрінген қылтанақ жоқ. Тобылғы, бұта, қараған, ши дегенің баурайын қазып шөп іздейін десе, ұсақ малға ол да қолдан келмейтін жүк. Қар сіреу боп қатып қалған. Ұдайымен он күндей соққан желді аяз қар атаулыны омбыға айналдырып, шынылап, тіпті мұздан бетер етіп, шегендеп тастаған. “Тек

семіз ат-айғырдың тебіндегі тұяғы бұзбаса, өзге қой тұяқ, қара мал ол айтылған жерден шөп ала алар емес” – деседі. Тағы біреулер Бауырдағы бар елдің күйін таныған қалыпта, көпке ортақ тағы бір шаруа мұнын айтады.

– Ендігі жалғыз шара – қорадағы пішенге қарату ма? Мал қолға қараған соң не шыдайды? Ондай пішен қоры мол ауыл бұл өнірде жоққа тән. Биыл өсіреле жоқ. Жаздың өзі, тегі, жұт болатын жылдың жазы боп өткен жоқ па? Жарытып пішен алған ел бар ма?! – деді.

Абай мен Эйгерім өз үйлеріне оқта-текте келіп түскен маңайдағы ауылдың жасы үлкен шаруа адамдарынан осыны көп естіген. Сонымен, Эйгерімнің Ақшоқы, Жидебайға осындай ерте бастан қам етіп, қой айдатайық деген сөзін Абай тез мақұлдаған. Енді міне, малдың көбі не болары белгісіз халде ұзак қиын сапарға кетті. Соның орайына ауылда қолда қалған мал азғантай. Ол азын-аулақ тоқтыторым, кәрі саулықтар және “қыс уайымына ілінеді-ау” деген тай-торпақ, бірен-саран бота-тайлақ қана болатын. Содан өзге, ат үсті жүрісі бар еркектер мінетін, еті күйлі аттар бар. Бұл алуандас қолда қалған малдың қамы, күтімі енді ауыр емес. Оған Эйгерімнің көп үйлі қыстауындағы көршілердің әйелдері, бала-шағасы да керекке жарайды.

Сөйтіп, он шақты құн ішінде Абайды өзінің шаруа мұнымен, қамдарымен ертелі-кеш алан ететін сөздер енді Араптөбедегі ауылда саябырлап, басылған еді.

Соңғы кезде нұрлы жүзіндегі жұқалаң қызылы басылғандай, өні ақшыл сарғыш тартып, жүдей түскен Эйгерім енді тынышталған бастады. Ол декабрь ішінде тек қана мал мен малшылардың, ер-азаматтың мұнын айта беретін болса, енді ол сөздерінен тыйылған. Қайтадан сылдыраған өсерлі, өсем күлкісі оянып, көңілді жүзі және де өзінің ақ-қызыл ажарымен өсемдене түседі.

Ас үстінде, кейбір шақтарда Абай оқыған кітаптың жайынан әңгіме сұрайды. Абай бұған бұрылып, оқудан көзі талған қалпында қалың кітапты жауып қойып, сәл жұмған көзін кесек саусақтарымен сипай отырып, әлде-

қайда Әйгерімнің ойына келмес бір жайлардан қызық әңгіменің басын бастап кетеді.

Әйгерім бүндайда, өзінің қасында болмай қалса, тезінен баланы, қызметкер өйелді жұмсай қойып, өз үйлеріндеңі Мәкен мен Дәрменді, Хасен молданы шақыртып алады. Бұлар бәрі боп Абайдың небір жылы жақ, жемісті бак, алтын арай күншуақ мекендер ішінде жүрген сұлу жүзді, жақсы мейірбан мінезді немесе өжет, ер көнілді жандардың өз тұсындағы жауыздықпен қажымай алысқанын айтады. Нелер қара таудай қара күші мол, қаһары, зәрі көп, қатал күштермен жаңағы саны азғана, бірақ сапасы артық, жақсы жандардың жасқанбай алысқанын қызығып әңгіме етеді. Осымен, қой жөнелгеннен кейінгі екі-үш күн онаша, көнілді күйде өтіп келе жатыр еді. Міне, бүгін дәл шаңқай тұс кезінде Абай Әйгерімнің биік сүйек төсегінің алдында, дөңгелек үстел қасында француз жазушысының қалың романын оқып отырған шақта, үлкен үйдің есігі ашылып, бөтен бір жолаушы сәлем беріп кіре береді.

Қонақ табалдырықтан аттай бергенде, аяғындағы қалың опайкеден істелген көнелеу саптама етігіне Абайдың көзі түсіп еді. Тысқы суықтан келген адамның киімі, етігі, қамшысына дейін аяздаған. Мұз қатқан азын-аулақ сақал-мұртына да ілесіп, Абай отырған орынға қатты аяз кеп тұмсығын сұққандай болды. Жолаушының екі етігі қатарынан өуелі қарауытып бозарып алыш, содан бусанып тұр. Аяздың ауыр булы демін жер бауырлата жайып келеді. Етік өзі де аязben дем алғандай. Тымағының екі беті қалың қырау басып, көк сенсөң қарлы мұз ұстаған сіреуге айналып қалыпты.

Келуші адам Абайдың көрсетуімен үйдің төріне таман шығып тоқтап, жаңа ғана отырған еді. Абай оны енді таңыды да, жылы шыраймен амандасты. Үйге бұл кезде біріндең Әйгерім, Дәрмен, Мәкен де кірген болатын. Қонақ оларға да жақсы танысша дос шыраймен амандасты. Абайдан бастап үйдегі бар жан бұл адамды өздеріне жақын таныстай қабыл алды.

Жүргінші тымағын шешіп, сақал-мұртын қарлы мұздан біртіндеп арылта отырып, өзінің қайдан келе жатқан жайын айтып жатыр.

– Қаладан қайтып едім, араға екі қонып жеткенім осыақ. Кеше құннің суығы бастырмай қойды, атым да семіз емес, еті жадау еді. Соның да қабағына қарап, суықтан да қорқып, ұдайы ел сағалап, жай келем. Бүгін мына Қанай, Көп-Сақаудан шықтым! – деді.

Бұл келген қалашы Әбді. Бір кездегі Мәкен мен Дәрменнің қосылуына жанын салған, қанын төккен дегендей қимас дос болатын. Абай біледі. Ол ер көңілді, өрдайым тұра жолда жүретін осы ел ішіндегі кедейден шыққан жақсы жігіттің бірі. Сонысын ойлап Абай қазір қонағуар, қамқор достық бейіл көрсете бастады.

– Өзің жаурап келгенсің ғой. Құн тағы қатты аяз. Шешін, сырт киімінді шешініп, тек иығына жамылып отыр! Жылышы, өуелі жылышын алшы! – деді де, Әйгерімге бұрылды.

– Әйгерім, Мәкен! – деп, үй иесі әйелдерге қарай қонағуар бейілін бар ықыласымен білдіре бастады. – Шайды тездетіндер, тұстік астарың қашан болушы еді? Құрт езгізіндер! Әбді қатты аязда бір құн емес, бірнеше күн қиналып келеді ғой, қам қылышындар!

Әйгерім мен Мәкен өзара сәлғана сыйырласты. Мәкен Көрібжан деген орта бойлы, аксұр келіншекті Әйгерімнің қасына шақырып әкеп берді.

Әбді сырт киімін шешіп, иығына ғана жамылып, енді жылы үйде өні-жүзі қызара жылышын келеді. Абай бұған қаланың жайын, жолда көрген-білгенін айтқыза бастады. Әбдінің ең алдымен айтқаны қыстың жайы.

– Қазір екінін бірінің аузындағы сөзі осы қыс боп тұр, Абай аға! Қыстан қысылған ел күн санап көбейіп барады. Қысымы көпке жайылған жаман қыс деседі.

Абай бұдан өуелі өзі көрген жолдағы елі Уақтың жайын сұрап еді. Әбдінің айтуынша, жол бойы Балта-Орак, Мұқыр, Арқалық, Күшікбай, Қанай – бәрінің тұсында қарорасан қалың, мал қолға қарап қапты. Дәрмені бардың бәрі маңындағы Құйқалы тауға немесе Ертіс жағалап тоғай

бойына, азды-көпті пішені болған өнірлерге қарай шұбырып жатыр, – деді.

Және Әбдінің көрген бір өлеметі, қалаға бара жатқан, қаладан келе жатқан керуеннің беті-жүзіне қарап болмайды. Біреулердің мұрны үсіп кеткен. Тағы біреудің беті кеткен, иегі үсіген және бір топ жұрттың бетінде ақжалалқ, қызылжалақ боп бұрын үсіген жерлердің орны бадырайған, айғызы-айғызы болған. Соны айта келіп Әбді: “Қыс ызғары жаман. Адамның да, мал атаулының да берекесін кетіріп, бүрістіріп барады!” – деді. Осы құй тағы қай болыстарда барын сұраған Абайға Әбді және де байыпты, құлағы түрінкі адам боп жауап берді.

– Естуімше, Семейдің дуаны түгел, оған жалғас мынау Қарабұжыр, Қалба, Өскемен жағының, анау Көкпекті, Тарбағатайыңыз тағы да қысылғанның бірі дейді. Мына батыс жағымыздағы елді алсақ, Ақбота, Дегеленцен әрі өрлей қалың Қаракесек, одан арғы қанаттас Қараөткел, мына жағы Сүйіндік, Куандық бәрінің хабары жақсы емес, тарпы жаман деседі.

Бүгін шай үстінде, одан түскі ас кезінде де Абай мен Дәрменнің сұраулары бойынша Әбді көп әңгіме айтты. Қаланың жөнін сұрап, Затондағы Сәмен, Сейіттердің құйжайын білгісі келген Дәрменге жауап айта отырып, Әбді қала халқының қысымшылық жайын да баяндады.

– Жаз егін жалпы облыста нашар болған екен. Соның салдары білініп жатыр. Базарға астық тұсу саябырлапты. Қалада азық-түлік қымбаттапты. Осы күнде көп кедей-кешшік үйлердің қүйі қатты бәсендеп кетіпті. Кей кедейдің үйіне қара наң мен қара шайдың өзі де қыындалп кеткен жайы бар! – деді.

Бұл Әбдінің жайсыз хабары еді. Тағы біразда Әбді өңшен жүдеу хабар әкелгенін өзі мойындан сөйлеп келіп, бір шақта басқа әңгімеге ауысқан-ды.

– Жә, жүдеулік жайындағы хабарымды осымен тоқтатайын. Тегі, біреу жол жүріп келсе “жақсыат, жаманаттан не бар?” деп сұраушы еді ғой. Жаңағыны сонымен айтып ем. Енді өзім білген жақсыатымды айтайын, Абай аға! –

деп алып, ол Абай мен Дәрменді анық көңілдендіріп, қуантарлық хабарды бастады.

Бұның айтуынша, қазір қалада алты дуан елі бас қосқан ұлан-ғайыр үлкен бір шербешнай боп жатыр еken. Ой мен қырдың, ылди мен өрдің сорпаға шығарының бәрі жиылып, бір жұмадан бері үлкен келелі жарыс, айтыс-тарыс бар дейді. Бұл тегі жапсарлас елізіздің бәрі... – деп алып, Әбді ендігі сөзді Абайдың өзінің қуәлігіне сүйеп айта кетті.

– Жапсарлас болса екі ояздың елі, өзіміздің Керей мен Тобықтыдай, Наймандай алысып, шабыса береді еken фой. Кісі өлімі ме, ауыл шабу ма, барымта-сырымта ма, тыным таппаса керек. Соның кейбіреулері дүйім елге жетіп, кесірін көпке жайыпты! – деп келіп, енді шербешнай тексеріп жатқан істерді атады. Сонда жақсылаты, жаманаты шықкан ел адамдарын ауызга алды.

Бұл тұста Әбді өзінің сөзі емес, қаладағы талай жаның аузынан естіген сөзін айтады. Естуінше, сияздағы барлық жиынның ден қойғаны деп сөйледі. Әсіреке, дауына дауа тауып кетіскенді “келістірді”, “қиоюсыздың қисынын тапты” деп, кейбіреулерді көп аузы қатты көтеріп, мақтап жүр еken. “Тобықтыда, қала берсе исі Семей дуанында, сондайлық қара үзіп жақсылаты мейлінше шығып тұрган кісі Мағаш болыпты” деп, Әбді көп әнгімесін Мағаштың жайына арнаған.

– Осы күндерде қырдың елі, ойдың елі болсын, бәрі де үлкен дауын Мағаштың алдына әкеп салуға талпынатын болыпты. Әбді өз көзімен көргені сол, Мағашпен сәлемдесейін деп Сүлейменнің үйіне барса, қора, есік алды, дала тегіс дау сөздерін айттып, Мағаштың кесігін естуге келген адамға сыймайды еken. Соны Әбді көзімен көріпті және Мағашты қамап, қоршап басып жатқан елі кім десен, Тобықты емес, тымақтарына, шапан, тон үлгілеріне, ат таңбаларына қарап Әбдінің анғарғаны: “Бошан да, Шақантай, Керей де, Терістаңбалы Матай, Сыбан да – бәрі де табылатын көрінеді!” – деп келіп, бір әнгімесін түйе бере өзінің және бір сүйсінгенін айтты.

Мағаштың билігіне келгеннің көбі тозған тон, жөндекі шапан, ірені жүдеу тымақ, шекпен киіскен жылаулар көпшілік сияқты! – дейді.

Әділдігін танып, қолқаланып Мағашты ізден келушінің көбі жоқ-жітік, жарлы-жақыбай екенін Әбді жақсы көріпті. Сондай жандар басып жатқан соң Әбді Мағашқа аманда-са алмай кетіпті. Бірақ ішінен ырза боп қайтқан жайы бар. Бүгін мұнда сонысын айтып берген. Абай бұл хабарды бар үй ішімен қуанып тындаған еді.

Осыдан екі-үш күн өткен соң, Араптөбеге сирек келетін қонақ есебінде тағы бір жолаушы жетті. Ол кеш батарда тысқа келіп, атын доғарып, шанасын ыққа қойып, шана-дағы астығын баптап жинастырып жүрді. Сақтық етіп киізі, алашасымен астықты қымтап, орап салды. Үйге шам жа-ғылып, шай жасар уақытта ғана кірді. Жылы үйде жеңіл киініп, кітап қарап отырған Абайға қазіргі қыс күндерінің беті қайтпас аязын, ақырған сұығын бұ да ала кірді. Аяғын-да жаңа қара етігі бар жолаушы сәлем беріп кіргенде, қа-сына Дәрмен мен Хасен молда ере кірген еді. Уш адам-ның да аяздаған етіктері жылы үйде бусанып тыныс ала-ды. Салқын аяз буга айналғанда, ауырлап, төмендеп та-рай бастайды.

Шай жасап отырған жеңіл киімді Әйгерім үйге кірген аяз лебінен сәл сескеніп, Абайға қарай жантая тұсті. Дөңгелектеу сақалы бар жолаушы, қазір аппақ сіреу болған қарлы мұзбен бетін қақтап алған тәрізді. Көнетоз сүрғылт тысы бар жүндес қара елтірі тымақтың бет тұсы сірескен қарлы мұз. Қонақтың аузы сәлемге зорға илікті. Абай оның сәлемін алса да, әуелі танымап еді. Кейін мұрт, сақалдың мұзынан жүргіншінің бет-аузы біртіндеп аршила баста-ғанда анықтап таныды.

– Уай, сен Әлпейімсің бе? Жайынды айтшы, әлі наху оқып жүрсің бе? Жоқ, жөнінді басқаша тауып па ең?

Қонақ ебі кеткен аузымен сүйсіне құліп, бөгеле тұрып жауап берді.

– Нахуды қойғам, Абай аға! Анада айтқан жалғыз ауыз ақыл сөзінің ем болды ғой. Өзіңіз айтқандай, елге барып,

Тақырдың бойында өкем істеген кәсіпті істеуге айналыс-тым. Соңдағы айтқаныңыздай “егін егіп, еңбек сауып”, қарекет адамы болғамын! – деді.

Абай бұнысына “бәрекелде!” – деп ырза болып, енді Әлпейімнің шайға отырған кезінде, қайдан жүрген жайын сұрады.

Әлпейім де қаладан келеді екен. Бұл өзі еккен егінінің біразын қалаға тастап, диірменге тарттырып, жарым-жартысын базарға сатыпты. Қысқа керек-жабдық: қант, шай, киім-бұйым алып, бидайының жарымын үн қып тарттырып алып, қыс қамын нықтап, қаладан елге қайтып келеді екен. Өзге ойда-қырда ашыққан қарекетсіз көпшілікке қарағанда, бұл өз еңбегінің анық игілігін көрген кісідей. Абай Әлпейімге ырза болып отырып, елдің көп кедейіне бұны үлгі етіп сөйлемеді.

Әлпейім Абайдан естіген мақтау сөзге қуанып, жымия түсіп, ендігі қала жайынан үй іші боп сұраған сөздерге көнілді, созымды жауаптар бере бастады. Өзі тілді, есті, орамды жігіт еді. Ол осы ауыл естіп отырған ылди бойының қыстан ығысқан хабарын тағы да көбейтіп, тыңайтып берді.

“Қыстан мал ғана емес, биыл адам жазым болмаса не қылсын”. Әсіреле Ертістің бергі жағындағы жоғары, тәмен кедей ауылдар жайын сұрастырып білген екен. Шөптіғақ, Жоламан, Өжерке, тәмендегі Бәйгелі-Шағала, Қарашолақ, Кенжебай, Жалпақ сияқты қалың кедей-көпшілік орналасқан ауылдар жүдегі бастапты. Көбінің адамы қалаға шұбырып, әрекет ізделеп, дәм іздеуге түсіпти.

– Базар қымбаттаған. Азық азайған. Қаланың маңындағы крестьян қалалары да биыл жаз егіні шықпай, жүден тартып қалған деседі. Жолдағы ел керуенді түсірмей, отынын іркіп, жалғыз тал шөп, сабанын санап отыр. Тіпті өз азығымен ыстық істеп ішуге рұқсат бермей жатыр. Аяз болса, толас жоқ. Соңғы күндер тағы да Құшікбай, Мұқыр тұсының бәрі айықпаған ақ боран! – деп, Әлпейім жана осы үйге кіргенде, етігіне іле кірген аяздың демін енді барлық көрген кебімен қоса қоюлатып, ауырлатып айтты.

Кейін ас алдында әңгіме басқаға ауысқан шақта Әлпейім қалада болып жатқан шербешнайдан да жақсы хабар айта бастады. Өзі тілді-ауызды, жақсы сөзді ұғынғыш, сақтағыш қалпы бар екен. Ол Абай мен Әйгерімге қарап отырып, өздігінен бастап және де Мағашты мақтай сөйлеп кетті.

– Алты ояздан жиылған, бес-алты үйге тұтас орнаған жүзге жуық би бар екен. Соның ішінде “қаршығадай шағын ғана бойы бар, үйдегі үлкен ойы бар алғыр, ақсүр, Абай баласы – Мағаш қара үзіп, озып отыр. Ақты-бозды айқындағы алға түсіп тұр!” – деген сөзді қаланың халқынан да, сиязда ісі бар, дау-далбайы бар жүрттан да көп есітім! – деді.

Абай бұдан өз көзімен көріп, өз құлағымен естіген сөзі болды ма екен, соны сұрап еди.

Әлпейім оған да қызық жауап айтты.

– Шаруамды жайлап болған соң, екі күндей әдейі Мағаш билік айтып жатқан бер жақтағы Сүлейменнің үйіне бардым. Топ ішіне арызшының бірі боп кіріп отырып, өз құлағыммен естіген бір-екі сөзім болды. Соны сізге әдейі айтайын! – деп, тың сөзге ауысты.

– Қаракесектің бір кезде өзінізben тізе қосып, сүбелі сөзге араласқан Қали дейтін жүйрігі бар екен. Мағаштан жасы үлкен, өзінің атағы да дардай көрінеді. Соны Семейдің төрт биінің бірі деп атайды екен. Мен отырғанда Мағаштың көзінше Қалидің алдына даумен екі Уақ келді. Бұрын Уақтар тамыр болысқан екен. Біріне бірінің сол тамырлық жолмен бергені бар, кейін қолқаға шыдаспай өкпелескен, содан араздасқан. Енді екеуі дауласып, бидің алдына түскен екен. Осыны Қали ұзакқа созып, қағуға айналды. Татуластырмақ боп және көп қажады. Анау екеуі екі жаққа алшайып бітіспей, сөз береке таппай, созылып кетті. Сонда Мағаш көлдененен Қалиға сыйпайы сөйледі. “Қали аға, осы сөздің кесігі оңай емес пе?! Рұқсат етсеңіз, мен айтайын, – деді де, – тамыр болдың – айтыс жоқ, қолдан бердің – қайтыс жоқ! Бұндай даудың тетігі осы болса нетеді. Ендігөрі осыны қағида қып, жол қылсақ қайтеді?” –

дегенде, өзге үй тола отырған, мойнына знак салған топ, он бес би шу етіп, қостап қоя берді. Осындаі бір тапқырлығын көрдім! – деді.

Абай ойланған сүйсінді.

– Мынау бір естілмеген тың сөз екен-ау! – деп, Дәрменге қарап еді.

Дәрмен күлді де: “Естілмеген себебі, мен білсем, осыны Мағаш жаңынан шығарды. Тіпті ақынның өзі ғой”, – деді.

Қали осының артынан, аузымдағы сөзімді айтқызбай өкеттің дегендей боп, Мағашпен қалжыңдаса отырып, кінә айтып қалып еді. Сөзінің арасында шанышпасы да болды.

“Қошқар туған қозыдайсың, шырағым. Бірақ жолымды кескенің қалай? Үлкен емес пе ем?” – дегендей болды.

Мағаш соған іле-шала өзіл айтты: “Алдасқан ауыл болмас, есептескен ел болмас деп, азды есептеп не қыласыз?” – деп, тағы бір тоқыратты.

Қали үндемей қалды. Бірақ жағалай отырған өңшең сөз баққан желаяқтар емес пе! Біреу анадай жерден Қалиды тәлекек қып отыр. “Қали алдымызды орап болмап еді. Таудағы тұлкіні табындағы тазы алады”, – деген-ау, Мағаш баладан онбай сүрінді-ау!” – деп қалжың етті.

Қали орай сөз таба алмады ма, тығылып қалды ма, бөгелендей беріп еді. Мағаш өзі соны сүйемелден тағы бір қалжың айтып: “Қали аға, өзілде кек жоқ, өсекте шек жоқ! Қымсынатын жер жоқ!” – деп, үйдің ішін тағы да жадыра-тып күлдіріп, жаңағы бір түйілген жайды өзі шешіп жіберді.

Қали осыдан соң ғана бойын жиып, жаңағы өзін қағытқан Бураның өзі құрбы бір биіне енді мықтап тұрып жауап айтты.

“Бағы жоқ басқа жаудыраған көз бітеді, дуасы жоқ ауызға саудыраған сөз бітеді, деп жиyrма күннен бергі осында отырған кеңесте жыртылғанды жамаған, үзілгенді септеген берекелі сөзінді естімеп ем. Менің Мағаш інімнен көмек алған бір кезегіmdі ғана аңдып отыр екенсің ғой!” – деп, жаңағы биді де сүрінтіп кетті. Өзі де қысылып қалған қыын жайынан қиялап шықты. Бұл да жүйрік кісі екен.

Бірақ жасына қарамай, сол отырғанның бөрінен Мағаштың иығы асып, кең түсіп жатқанын көрдім! – деп, Әлпейім сөзін аяқтады.

Бұның әңгімесі Мағаштың құр мақтау емес, Абайды анық қарқ қылғандай қуантты.

Қаланың осы алуандас хабарын арада бір жұма өткен соң тағы бір әкелуші жолаушы болды. Ол – Абай ортасына бөтен емес, жақын кісі. Семейден қайтып, жолшыбай Абайға сәлем беріп және Мағаш тапсырған хатты әкеп беруге Араптөбеге соққан Самарбай молда. Ұзын бойлы, жіңішке денелі, көзі, мұрында сұлу ажар бар. Қыылған жирендеу келген мұрты бар Самарбай, жас молда болса да, жақсы оқыған. Бұл Абайға көршілес Мамайдың жатағынан шыққан жетім баланың бірі еді.

Осыдан он бес, он алты жыл бұрын оны Абай өзі апарып оқуға берген. Кейін Самарбай Мағаштың қолына келіп, бір жағынан іні болып, Ақшоқыдағы ауылда екі-үш жылдан бері бала оқытатын. Ол жазуы өте сұлу және кітапқұмар, талапкер жас. Қазіргі күнде мұсылманша оқудан орысша білім сонауғұрым артық екенін жақсы түсінген. Есту мен үғынудан бұл шақта басына тоқығаны да көп.

Абайдың аударғанынан, Әбіштің әңгімелерінен, Мағаш пен Қекітайдың окуынан естіп, көп көркем сөздерді жағында сақтайтын. Абай айналасында айтылатын талай романдарды, ірі ертегілерді, қызық “мәселе”, хикая, дастан дегендерді Самарбай кең отырып айтқанда, аса шебер тілмен әңгімелейтін.

Қаладан Самарбай хат әкелді. Ол – Мағаштың әкесіне жазған аса ауыр сыры бар хат еді. Абай, Әйгерімнің байқауынша, Мағаштың хатын қолы дірілдеп оқып, көпке шейін танып, түсініп, бойына сіңіре алмаған тәрізді.

Әйгерім хаттың хабары жайсыз екенін Абай жүзінен сезді де, сүйек шкафттан Абайдың көзілдірігін әперді. Бұрын да үркектеген жүрек сезіп қалған ауыр шындық енді айқындала түсті. Самарбайдың жүзіне Абай шошыған, аларған көзбен үнсіз қарағанда, жас жігіттің де қабағында уайым бары байқалды.

Мағаш өз хатында: “Соңғы кездे науқас болатын аңғарым бар. Қалада жұмысбасты боп қайта алмай да жатырмын. Бірақ докторға қаралып, жауаптарын да тосып жүрмін. Жайым қандай болатыны мәлімсіз. Қалада жайланаң жатып емделем бе, болмаса ақылдарын, дәрісін алғып, доктордың рұқсатымен елге қайтам ба? Ақылыңыз керек боп отыр!” – депті.

Жаратылышында сыпайы, жұмсақ мінезді Мағаш Абайға кел демепті. Бірақ өкесінің қазір оның қасында болуын тілейтіні танылып тұр. Абай шай іше алмады. Енді тыныштық ала алмай, жүргегі алқымына тығылып, маңдайынан сұық тер шығып, бір тұрып, бір отырды.

“... Тағы да қайғы келе ме, тағы да қаза жотасы көріне ме! Ендігі қалған өмірімнің жалғыз бір терегі бұл да жаңа гүл атып, өкенің тәрбиесін ақтап келе жатып ғайып бола ма?.. Қажыған жүректегі ендігі жалғыз тірек осылай ортасынан опырылып, үзіле ме?!”

Абай тыным ала алмады. Самарбайдан үй іші Мағаштың жайын сұраса, Абай ылғи үн қатпай, жігіт жүзіне шошына қарайды. Қабақ танығыш, салмақты мінезі бар Самарбай үй ішіне айтқан боп Мағаштың қазір зор абырой тапқанын, халыққа жағып, өзгеше алғыс алғып жатқанын айтады.

Абай бұған тағы да үнсіз тілек еткендей, “жұбату айт-шы” дегендей мұнға толы көзімен қарағанда, Самарбай оны жақсы түсінді. Мағаштан өз құлағымен естіген бір өзгеше ақылды сөздерді ақырын айтып өтті.

Бір күн үй онашада Кәкітай мен Самарбай ғана болып, Мағаштың қасында қалған екен. Алдында күндіз, жұрт тағы да қаптап, Мағаштың бір дауларға билік айтудын тілеп келген. Сонда Мағаш Самарбайдың көзінше төсекте жантайып жатып, дауласқан екі жақты өділ жолға салып, билік айтқан екен. Кешке Самарбай мен Кәкітай екеуі Мағашқа екі жақтан ақыл айтЫПты: “Тез елге қайтса екен”, “күнде басып жатқан жиыннан Мағаш құтылса екен. Енді елге жүрейік!” – десіпті. Сонда Мағаш бір жауап айтЫПты: “Сақтан дейсіндер”, “қазадан сақтанам” дейміз ғой. Бірақ “Темір би өлім қылышы жетсе, темірді де жемірер!” – деді.

Содан сөз таратып Мағаш біраз жайларды айтыпты: “Жұрт тілейді, бойында әділетің бар ма! Жақсы ата тәрбиесінен алған нәрің бар ма? Соныңды бер, дәрім болсын!” – дейді. “Кімбіз өзіміз? Не сақтап жүрміз ішімізде? Сарапқа салып көрінейік деп едім!” – деп отырыпты да, Самарбайдың есінде қалған тағы соны сөзді айтыпты: “Тығулы жатқан алтынның топырақ басқан тастан артық не қасиеті бар?!?” – депті.

Абай Мағаш айтты деген сөзді енді тамашалай тыңдайды. Самарбай мен Кәкітайға өмірдің әр сағатының қаншалық қажет, қаншалық қымбат екенін Мағаш және де сөйлеген екен. Сол шақта тағы бір қызық ойды соншалық көрікті етіп, Самарбайдың көкейіне қондырып айтыпты: “Өмірдің әр демі сондай қымбат, – деп келіп, – бірақ не шара! Созуға да, тоқтата тұруға да, “өтпе”, “бітпе” деп етінуге де жол жоқ! Минут, сағаттың ең ақырын қозғалысының өзі ең жүйрік аттың ең күшті шабысынан қуаттырақ... не шара!..” – депті.

Абай бұл сөздердің ар жағында өзінің асыл ұлының даналыққа жетердей ақылы, өнері барын аңдайды. Соған қызыға қуанумен бірге жалынданай қайғырады. Бұл түнгі қападан, жаңа толып келген қатты бір қасіреттен Абай тыным таппай, дөңбекшіп шошынып шықты. Ертеңінде Абай асығып қамданып, Дәрменді қасына алып, қалаға қарай тартты.

Аяз әлі де, бүгін де айналаны шаңытып басып, шытырлап үскірік атып түр екен. Соған қарамастан кәшаба шанаңың үстіне айқара киіз жапқызып, жылы киіммен ыққа қарай отырып, Абай ауыл адамымен көзі жасаурап қоштасты. Аппақ бол жүдеген Эйгерімнің жаңа шыққан ыстық кесек жастары кірпігінде, ай жүзіне түйін-түйін мұз бүршак бол қатып түр екен. Қос атты шана қалаға қарай сар желіп тартып жөнелгенде, Абайдың көз алдында Эйгерімнің азалы жүзі айықпай қадалып, бұған қарап шексіз сүйгенін үнсіз баяндап тұрып алды.

Алғаш қалаға келген күні Абай тұра Мағаштың пәтегінен кеп түскен-ді. Жол бойы ас ішпей, үйқы үйықтамай,

ауыр ойдан тыным алмай келген Абайдың өз жүзі де қатты ауырған жаңнан бетер болатын. Әкесінің шошынып, асығып келгенін аңдаған Мағаш сүйікті, ғазиз әкесінің көңілін сөл де болса тыныштамақ болады. Қораға әкесінің шанасы кірді дегенді ести сала, ымырт кезінде, Мағаш киімшеш өтырған қалпында басына тымағын киіп, күнгір бешпет ішігін тез киіп, әкесінің алдынан шығуға айналды.

Мағаштың бешпет ішігінің тысы туýе жұніне туýін жіп қосып, қызылт-сұр етіп тоқыған биязы шекпен болатын. Соған қоңыр күрән барқыт жаға, жең салып қала тігіншісі тіккен еді. Ықшамды, қаршығадай бойына тұлкі тымағы, бешпет ішігі жарасқан ақсұр жұзді, сұлу көзді Мағаш, Абайды Сулеймен үйінің бақшасында тосып алған.

Абай қалада көп жатып, жаңа киім тіккізіп киген Мағашты басында тани алмай қалды. Мағаш екенін оның ширап дауыспен берген сөлемінен фана анғарды. Даусының ажарынан сау адам сияқты үн байқағандай болды. Және әкесі Мағашты төсек тартып жатыр деп ойласа, қазір баласы олай емес, өздігімен төмен түсіп келеді. Бойы, қозғалысы сергек те ширақ сияқты.

Қалың киімді Абай басқышта Мағашты таныған жерде бауырына тартып, көзінен иіскеді. Екеуі қатар жүріп шығуға басқыш тар болғандықтан, Абай Мағашты алдына салып, “баста, өзің жұр!” – деген еді. Қайтадан басқыштан әкесінің алдына түсіп, өрлегенде Мағаштың жүрісі сөл баяу көрінді. Бұл жерде оның жасына лайықсыз, деңесінің жеңіл, қағылездігіне үйлеспейтін ауыр қимыл танылды.

Абайдың қалт еткен жайды қатты байқағыш көзіне Мағаштың бұл қалпы ұнаған жоқ. Көnlілге жанағы бір секундте “түрегеп жұр ғой, ауруы жеңіл тартқан бола ма?” – деген үміт келіп еді. Ендігі сәтте әке жүргегі қайтадан лоблып қалды.

Бұл кеште Мағаш шамасы келгенше көңілденіп, сергек отыруға тырысты. Әр жайдан, әсіресе, қаладағы шербешнайдан байқаған, тоқыған ойларын да, сындарын да айтады. Жақын мен алыстың Абайға таныс әр алуан адам-

дарының құлкі де, күйкі де мінездерін мысқыл, өзіл етіп, әкесін қөнілдендіре, құлдіре сөйлейді. Өте рақымды, мейірлі, аса бір кең мінезді Мағаш, құлқы жаман, қылышы сорақы атқамінерлер, даугерлер, арамқұлық паракорлар туралы сөйлегенде өзілінде зіл сездіреді. Надандық, қарандышылық, білмestіk сияқты кемдіктерді себеп етіп, сынаған жандарын жауыз деуден ғөрі сорлы жандар етіп сипаттайды.

Мағаш қалада, әкесінен аулақта осы қыстың басынан бері өткізген бірнеше айдың ішінде жөне де өзгеріп өсіп, биіктеп қалған тәрізді. Эрине, Абай түсінеді. Үлкен сын, қысым арасында еңбек еткен, қалың жиын арасында көп тартысқа түскен жас жігіт осы шербешнайдың өзінің үстінде де талай тәжірибе тапқан, талай ойдың түйінін аңдаған, өріс көрген. Өзі ойлы, білімді, өз ішіндегі таразысы дәл біткен Мағаш енді қандай саналы, үлкен адаммен кездессе де тең түсердей.

Абай ауылда қалашылардан естіген жайларының енді анық келісті шындығын баласының сөзінен, жүзінен, істе-ген мінездерінен анық аңғарып көріп еді. Сол жайды сезіп, қөнілге қуаныш пен жұбаныш тола түскен сайын Абай Мағаштың сауыштырығын, өмірін өзгеше тілейді. Мағаш осы бір кештегі әңгімені өдейі басқаға бұра берсе де, Абай болмaston, аландастан қайта-қайта дәрігер жайын айтады. Мағаштың көрініп жүрген докторы қаншалық білімі бар, онегі сенімді адам? Павлов пен оның әйелі бұл докторды сенімді деп санай ма, жоқ па?! Осы жайды да сан рет сұрай берген.

Мағаштың айтуынша, оны қазір қарап жүрген Станов дейтін, Семейге жаңа келген білімі толық, тәжірибесі мол, орта жасты доктор екен. Өзі Мағашпен бұл күнде жақсы танысу үстінегінде достасып, аса жақын адам қалпына келіпті. Оны Мағашқа ертіп келген, бар жаймен таныс еткен Павловтың өзі бопты. Енді Станов Мағашты аса ұқыпты қарап жүр. Қалған жайды Мағаш Абайдың өзімен ақылласпақшы жөне әкесі Становтың өзімен сейлесіп, Павлов пен кенесіп, Мағашқа бұдан былай не мәслихат береді, оны Мағаш тоспақшы. Әзір әкесін жұбату үшін ғана айт-

пайды, өзінің көңіл сенімі солай, мегдетіп, үзіп-жұлып әкетіп бара жатқан ешнөрсе жоқ сияқты. Осылай алғашқы күн Абайды өз үйінде қонақ етіп, Мағаш біраз тыныштық болатын.

Бірақ тұнде, оқшау бөлмеде, биік төсекте жатқан Мағаштың алыстағы тықырына, дыбысы мен деміне, сирек жөтеліне де Абай алыстан құлақ салумен жатқан. Ол бұл тұнде де ұйықтаған жоқ. Сәт сайын оянып, ауыр түстер көріп, көп күрсіне береді. Әкесінің көңілі тыныштық ала алмай жатқанын Мағаш та сезіп жатты. Екі бірдей сезімтал жүректің бұл сезімдеріне барабар ешнөрсе жоқ. Жақсы ұлын сүйген жақсы әке мен жақсы әкесін сүйген жақсы баланың арасында айтылмай ұғылатын жайлар қандай көп. Сауышлықта, тыныштықта бір сәрі болса, біреуінің басына қауіп-қатер төнген шақта сезімталдық әр жүректі де үркек етеді. Сол күй өзгеше сергек етіп, ғажайып сезімтал жүйрік етеді.

Ұлken қасиет, зор адамгершілік, мінезділік иесі болған екі адамның жандары ым-емеурінмен сойлеседі. Әрбір қыбыр-қимылдан, сөл білінген дыбыстан, тастай қараңғының өзінде де жүздерін көріспей жатып-ақ, соншалық мәлім тілмен жалғасып жатқандай. Бұл күйдің екі ұлken жүректегі аты да маҳаббат. Аталақ пен балалықтың маҳаббаты.

Мағаш айқын түсініп, танып шықты. Әкесі өзіргі қалпында жұбаныш таба алар емес. Енді не бар, тек аз да болса алаң етер алданыш керек. Сол алданыш талай зор ақылды, дана мінезді, алып кеуделі адамды да кейде алаң ететін. Баладай алдандырып, сөл де болса толас беретін. Мағаш енді әкесінің емшісі болып, көп ойланатын мінезділігіне ауысты. Ол бір ауық өзінен де гөрі әкесін ойлайды. Мен жазым болсам, біржолата үміті өртеніп, тірегі құлап, күрт кетеді-ау! Тұпсіз тұңғибыққа құлап кетердей, ұсынып кете ме?!

Сол жайын ойлағанда, өзі ауырғаннан бері қарай ең бірінші рет Мағаштың тамағына ауыр толқын, тас түйін оралды. Көзіне көптен келмеген ашы жас іркіліп, тынысы бітердей қиналып жатқан сәттер болды.

Келесі күн кешке Мағаш өзі мәслихат етіп, Баймағамбет, Дәрмен үшеуін Құмаштың үйіне жөнелтті. Ол Абайдың үйреншікті пәтері, тыныш, жақсы жайы болатын. Сол күні сенбі еді. Мағаш өткен сенбі-жексенбілерде өзінің қасына келіп, қона жатып, ермек боп жүретін оқудағы жастарды бүгін әдейі атшана жектіріп, Абайдың қасына апарғызып салды. Балалар қазірде ержетіп қалған, Дәркембайдың баласы Раҳым және бұған іні дос боп үдайы ере жүретін, Мағаш пен Абай жақсы білетін, қыр мен қала-ның бір топ баласы бар. Олар – Асан, Үсен, Асқар, Мақсұт, Шәкет, Мұрат сияқты Абайдың кедей достарының қазір азамат боп қалған балалары. Бұлардан бөлек жастары қазір он алтыға келген, өздері бесінші класта оқитын екі гимнастист қос Құнанбаев – Нығымет, Жәлел бар.

Рахым балалардың берінен үлкен. Ол орысша школды бітіріп, осы кезде Семейде жаңада ашылған Учительская семинарияға түскен екен. Асан бес жылдық Городское училищені биыл бітірмекші. Он екі-он үшке келген қала-ның грузчиктері мен жатақтарының балалары Асқар, Мұраттар да қазір, Абайдың байқауынша, өнерлі тәрбие көріп, жақсы ысылып, ширап қалыпты.

Бұл балалар да шаш қоя бастаған. Орысша ықшамды тігілген форма киімдері бойларына қонымды. Бет-жүздері тотыққан, қолдары сыпайы еңбекке бейімделген, саусақтары ақшыл, салалы, сұлу келген.

Нығымет пен Жәлел болса, қазір жігіт болып қалған. Өздерін ақсүйек біліп, паң, кердең ұстаяға тырысады. Нығымет қалың қабакты, сұық реңді, қарасұр пішінді болумен бірге, әрбір күлкісінің кезінде өз жүзіне еріксіз көз аударады. Қалың біткен қып-қызыл төменті ерні ол күлерде әуелі көтеріліп, ернін шығарған кісідей бір кекір, кер қозғалыс жасап, содан кейін аппақ кесек сұлу тістерін ақси-та күледі. Откір көзінде, қалың сұық қабағында басқа сипатқа ауыса бастаса да, Әзімбайлық бір тұлға таныла тұрғандай. Бұл кейде ашық қалжың айтқыш, күлегеш мінез көрсетеді. Ал Абайдың бүгін де өз пішініне көбірек тан-даныра қадалтатын Кәкітайдың баласы – Жәлел. Жыл-

қының күзелген құйрығының қыл тубіндей қатты біткен қара көмір шашы бар. Онсыз да үлken басына үдіреү шыққан, кірпі түгіндей шаштары бұның бойынан қатты бір қиястық сыйын сездіреді. Үлкен, жазық маңдайы ақыл бейнесін анғартса, тұксиген қабақ астындағы қисық, қиғаш көздері ерекше сұық. Сол кішкене көздеріне қона түсken салбыраңқы бітік ет бар. Осы еті онсыз да қиғаш көзді жартылай баса түсіп, кірпіксіз жыланкөз етіп танытады. Сирек біткен ұсақ тістері бұл беттің күлкісін де сүйкімсіз, сұық бір құбылыстай анғартады.

Жәлелдің кішкене мұрны үлкен бетінің өзгеше бір қайшылығы сияқты. Бұл екі гимназист Құнанбаев, Абайдан оншалық ыға қоймайды. Жөне олар үшін Абай ақын, ақыл иесі, үлкен адам деген үфымдар жоқ тәрізді. Себебі екеуі қай Құнанбаевтың үйіне келсе де, өздерін еркелетіп, алақанға салып, әлпештеп алуды тілегені болмаса, қазір өздеріне барабар келетін, тең түсетін қыр қазағы бар деп білмейді. Киімі, отырыс-тұрысы, бет-жүзі Жәлел мен Нығыметтің өздерінің аталары, өкелерінен басқаша болмағандықтан, бұлар Абайды да сол қыр қазағының өздерінен төмен көбінің бірі тәрізді аңғарады.

Абай орысша ақындар атын, кітап атын атаса, өлең жайды айтса, олар көбінше құліп тындаиды. Жасы ұлғайған соң оқу себепті кей сөзді Абайдың бұларша дәл орысша айта алмағанын екі гимназист кешірмейді. Білем деген талабын өурешілік тәрізді сезінетіндері де бар.

Бүгін Абайдың қонағы болып отырса да, Нығымет пен Жәлел басқа туыстардың пәтер үйіне келгендегі әдетте-ріне ауысты. Екеуі бастарына үлкен жастық салғызып, папиростарын ауыздарына тістеп, аяқтарын көсілте созып, қырларын немесе шалқаларынан шімірікпей жатады да, өзара сыйырласа күбірлесіп, орысша сойлеседі. Айтысатындары өткен күндердегі таныс болған гимназистка жайы немесе пәтерлерінде болған ойын-сауық, сонда танысқан қыз берін жас дама жайларын айтады. Біреке пәтердегі жас хөзяйка, я болмаса бойжеткен қыз берін өздерінің жай-жапсарын сыр ғып айтысады.

Абайдың әңгімесіне оншалық құштарлығы болмаған Жәлел мен Нығымет бүгін Абайдың қасынан екінші бөлмеге шығып, сондағы биік төсекке қатар сұлап, керіле жа-тып, өздерінің дағдылы көп құлқілі құпия сырларына кетті.

Ал Абайдың қасында қалған өзге жастар болса, бұлардың мінезі мүлде басқа. Өсіреле оларда Абайдың көніл жайын таныған мінезді сезімталдық байқалады. Ағаның әр сұраған сөзіне жастары кіші Шәкет пен Мұратқа шейін тезінен, бар ынтамен қанықты жауап беруге тырысады. Рахым мен Асан Мағаштың науқасын, Абайдың соған байланысты уайымын анық түйген. Ол екеуі Абайдың бүгінгі қабағын, кейде бір күрсінген жадау көнілін барынша жан ашумен сезінеді. Мағаштың тапсырғаны бар еді. Соны ойлап Рахым мен Асан кешке келіп, Құмаш үйінің үлкен, дөңгелек үстелінің басында шайға отыра бере, қала жайларынан әңгімелер бастады.

Әуелі Абай Аскар, Мақсұт, Шәкет пен Мұрат төртеуінен кезектеп отырып, үйлерінің биылғы күйін сұраған. Сейіттің, Сәмен мен Сейілдің және кәрі шеше Дәмежан мен өз әкесі Жұмаштың ендігі қарекет-кәсібі туралы Мұраттан да сұраған еді. Бұл балалардың үйлері қазір аш емес пе, тамақтары тоқ па? Әкелері жұмыс жөнінен табыстан қалған жоқ па, соны сұрады. Абай жаңағы төрт баланың да өз үйлерінің тамағы нашар екенін, әкелерінде қазір табыс болмай тұрғанын және бар жатақта осы күнде қалада жұмыссыздан жүдеулік туып жатқанын естіді. Соны ести отыра Абай бұл балалардың қаншалық естияр боп қалғанын байқады. Сейіттің баласы Аскар тіпті Абайды таңыр-қатып сүйсіндірді.

– Биылғыдай ауыр жыл болмаған шығар. Менің әкемдегі қайратты, ынталы жұмысшы да үйін асырайтын ақша таба алмай отыр. Мен стипендиямнан қарайлласпасам, шешем аш болармыз деп те қорқады! – деді.

Бұл бала сондай шыншыл. Жоқ-жітік бейнетқор жандардың мұнына соншалық жақын. Ойымен, жанымен арасынан тұр. Анау үйде, биік төсекте сақылдан күлгендегі мінезді мырза-сымактар бір алуан болса, мыналардың кін-

дігі өздері шыққан ұясынан үзілмеген. Абай Асқарды, Мақсұт, Мұрратты тыңдал отырып, оларға осылайша үй-жайының, жақын жұрттының қамын, мұнын, жай-жағдайын біліп жүру, ұғып, танып жүру үлкен қасиет деп мақтау айтты. “Ұдайы осылай біліп, ұғып жүріндер!” – деп ағалық өсиетін сөйлемеді. Әңгімелесе отырып, өздеріне Абай шын бейіл беріп сөйлескендіктен, оқушы жастар қазіргі қала жайының тағы бір ауыр халдерін айта бастады. Рахым мен Асан кезектеп отырып, бұл соңғы жайды Абайға бапты етіп, байыптап айтты. Бастаған Рахым еді.

– “Биыл қала тірлігі қынданап, ауырлап кетті” деп қазақ, ноғай, орыс үйлерінің бәрі айтады. Себебі күзден бері қалаға аса көп переселен, крестьяндар келген еді. Ишкі Россиядан Жетісуға, Сибирьге қарай көшірілген шаруалар екен. Бірақ ақшасыз, азықсыз көптен-көбі кедей үйлер болған. Жетісуға қарай беттеп барып, солар Семейге “ұлкен қала” деп қайта толқып шұбырған. Өйткені Жетісуда биыл Семей облысы сияқты және де құрғақшылық болыпты. Астық шықпай қалыпты. Енді сол крестьяндар балашағасы аштыққа ұшырай бастаған соң, осы қалада кез келген үйге кіреді, байға барады, жұмыскер жалдайтын бар жерге кіреді. Арзанға жалданады! – деп, Рахым біраз білгенін айтып тоқтап еді, Асан қоса түсті. Оның естуінше айтқаны:

– Арзан болғанда, қарулы азамат тек қана қара нанға, бір мезгіл ішкізетін сорпаға да жалданатын болыпты. Байларға не керек, жұмыскердің арзаны рақат. Бұрынғы жұмысшыларын “қымбат акы аласындар” – деп жұмыстан шығарып, мынау арзан жұмыскерді жалдап жатыр! – деді. Енді Асқар, Мақсұт, Шәкеттер де өз үйлерінде әкелерінен естігенин айтысты.

“Затондағы былғары заводы, сыра заводы бұрынғы жұмысшыларын шығарып, жаңағы тегін жұмыскерді жалдап жатыр” деп, Асқар да білгенін ұяла түсіп айтып еді. Сәменнің баласы Мақсұт өз үйінен білгенін баяндады. “Ол жеке байлар ғой! Ал мынау пристаньдағы, Затондағы жұмысшыларды жалдайтын подрядчиктер де, управляемый

де соған түсіпті. Менің ағамды, Сейіт ағамды және де жұмыстан шығарды ғой, Абай аға!” – деп, Мақсұт Затонның ескі грузчиктері де жұмыстан босап қалғанын білдірді. Мінезі өзгелерден ауыр болса да, кейде айтам дегенін салқын, салмақты етіп, оқыстан шығарып салатын Үсен де бір жайды бүгінде жуандап қалған даусымен әңгімелей жөнелді.

– Оны айтасындар, тек крестьяндар ғана ма екен? Қазір Слободка мен ар жақтың айналасындағы кедей ауылдардың жаяулары да қалаға көп шұбырып келіп жатыр. Астығы шықпай, азығы болмай қалған соң қайда барады? Қаладағы көп байларға олар да тамақ үшін текке жалданып жатыр. А, байларды білесін, оларға только сол керек! – деп, өзге жолдастарын өзінің кесектеу сөзімен күлдіріп тоқтады.

Абай бер жақтың жатағының баласы Шәкет пен Мұраттан олардың өз үйлерінің, көршілерінің жайын сұрады. Бұл балалар да қала жатағының жайын үйлеріне қатынаса жүріп жақсы үғынған көрінеді. Дәмежанның немересі, өткір, үлкен қара көзді, таңқы мұрын Мұрат өзі көп тыңдайтын өжесінің әдетінше сейлейді.

– Қарашиболақ аулынан, Шөптіғакттан, Жоламан жатағынан келген жаяулардың өзі-ақ қалада жұмыс беретін байлардың, давернайлардың, приказщиктердің босағасы мен қақпасын босататын емес. Қаланың кедейі намыс үшін болса да жалғыз ғана нан мен сорпаға жалданбайды. Ол он бес тиын болса да еңбегін айтып, ақы алады. Ал ауылдан келген, барад жер, басар тауы жоқ аш кедей қайтеді? Сонымен, кешегі қасапта да қаланың кедейлері бойняға бара алмай, жұмыс ала алмай қалды. Табыс болмай, тынысы тарылып отыр! – деп еді.

Үсен бұның үлкен кісідей баптап сөйлегеніне “қарашибол” деп сүйсіне мысқылдан қойды да, күліп жіберді. Өзге балалар да біріне-бірі жалтақтап, қатты күлісті. Абайдан қысыла күлгендіктен, өсіресе, өздерін тез тоқтата алмағандары да бар. Мұрат болса сөл қызара түсіп, күлгендерге ызаланды да: “Неменеге күлесіндер, өтірік пе?” – деді.

Ағы мен қарасы ап-айқын өткір көздерінде Абайға қарап, құлегеш құрбылары туралы шағым айтқан, көмек тілеген ажар білінеді. Абай бұны қостай сөйледі.

– Мұрат жақсы сөйлейді, балалар. Мен әлі қалада ешкімнен естімеген, білмеген хабарымды осы Мұраттан біліп отырмын! – деді.

Сонымен, Мұратқа өз әкесі Жұмаш туралы, көршілері Бидайбай, Жабайқан, Шәрипа қатын сияқтылардың бәрінің жайынан әңгіме айтқызды.

…Қасапшы байлар, теріші саудагерлер, лавкеші саудагерлер жаңағы адамдардың жұмыс сұрап барған жігіттеріне, әйелдеріне, ересек адамдарына құліп, мазақ етіп, кейде ұрсып, кекетіп қайырады еken. “Күніңе жиырма тиын алмайсың ба?”, “Бұлданып артық ақша сұрамайсың ба?”, “Сені жалдамай, кімді жалдайды бай? Кел десе келмей, кергіп жатып, үйіңе кісі жібертіп шақыртпайсың ба?” – деп, Сейсекенің, Білеубай қажының, Жақыптың, Хасеннің өздері бастап ажуа қылышады еken. Соны мәтел қып алып, балалары, інілері де аузына келгенін айтады. Отарбай, Қорабай сияқты давернай, подрядчиктері жауап айтқан, ренжіген жатақтарды “бұл тағы өкпелеп құртады сені” деп, боқтап-боқтап қуып жібереді дейді. Кішкене Мұраттың өзінше айтқыш аузымен баяндалған осындай жайларды Сейілдің кіші баласы Шәкет те мәлімдеді.

Сейіл өзінің қайықшы, көмекші екі жігітімен қасаптан, тері жайғаннан жалдама жұмыс таба алмай қояды. Сонымен, Мешел дейтін бакенщик, балықшы орысқа қосылып, қазір Ертістен балық аулауға айналысып жүр. Әредіктे аралда, тоғайда жаздығұні жиып қойған құрғақ отыны мен азғана пішені бар еken. Соны қолшанаға салып, сүйретіп әкеп, тасып сатуға тырысады. Шәкет те биылғы қыстың ой мен қырдағы бар халықты қатты қысып тұрган жайын өз әкесінің көргені арқылы жақсы біледі.

– Биылғы қыстай сұық, қорқыныш қысты отыз жылдан бері көргеніміз жоқ дейді гой. Әкем бір жолы бақайын үсітіп алды. Тағы бір күн иегі мен сол жақ бетін қатты үсітіп келді. Осы күнде беті қара қожалақ боп жүр.

Өмірімде бетім үсігені осы болар. Қандай аяз болса да алдырып көрмеп ем. Биылғы қыс қорқыныш деп, әкем көп айта береді! – деген болатын. Рахым қала тұрмысының ауыртпалығы переселендердің көп келгенінен, егін шықпанынан екенін ғана сабақтап айтқан жоқ. Ол Павловтан естүші Сәменнің сөзін және де долбарлап, таратып айтады.

– Қала ашаршылыққа ұшырай ма деген қауіп бар. Ол переселеннің көп келгенінен десек, сол переселен неге өз туған жерінен соңшалық қалың сел болып, бір тайпа ел болып кетіп қалып отыр? – деп, Абайға ой сала, өзіне де сұрақ қоя сөйлемді. – Россияның өзінде де биыл жыл ауыр болса керек. Ашаршылық бола ма деген қауіпті сыйбыс көп көрінеді. Сонда “жері жоқ, ішер асы жоқ крестьяндар қалың тобымен ішкі Россияда үйліп отырса, патшалыққа жайсыз болады” дейді екен. Сонымен, биыл осындай жері көп, елі аз жақтарға ішкі Россияның крестьянының көбі ауысып тұрған көрінеді! – деген еді.

Рахым білім құрап, халық туралы ой ойлап, дұрыс өсіп келе жатқан жас екенін байқатты. Абай оған үлкен бейіл бөліп, бас изеп, ойланған тыннадады.

– Дұрыс айтасың, біліп айтасың, Рахым!.. – дей беріп еді, осы кезде ауыз үйде, төсек үстінде күліп сөйлесіп жатқан қос Құнанбаев гимназистер өзара әңгімесін тыйып, Рахымның жаңағы, соңғы сөзін тыннадай қалған екен. Енді Жәлел төсектен атқып түсіп, сақылдан күліп, бергі бөлмеге келді. Екі қолын, ұзын мундирінің етектерін қайырып, шалбарының қалтасына салып тұрып, Рахымның тұсына келді де, кекірленіп, мазақ ете сөйлемді.

Қалың еті бітік біткен қысық көздері Рахымға жоғарыдан шашылып, сүзе қарап қалыпты. Таза орыс тілімен Рахымға қадала сөйлеп, айып тағады.

– Сен немене, Россия государствоны кеше ғана құлдықтан шыққан крепостной крестьяннан қорқады дейсің бе? Ол крестьянның мал тірлігіне көнгені жаңа ма?! Бұндай аштықты биыл бірінші рет көре ме? Білмейтін нәрсенді, түсінбейтін жайынды жаңылыс сөйлегенше, аузынды жапсанышы! – деді.

Рахым қазақша жауап айтайын деп еді, “довольно, тыңдағым да келмейді!” деп, Жәлел қолын сілікті. Абай Жәлелдің мінезін жақтырмай теріс көрді де:

– Жоқ, Жәлел, олай емес, сен айтқандай емес, Рахымдықі дұрыс. Патшалық өз халқының қалың көпшілігі апатқа ұрынып, аштыққа ұшырап жатса, неге қысылмасын? Қысылмақ түгіл, әр жайды ойлап, сескенуден де аман болмас! Сақтық та ойламай қалмас. Сенің ол жайды түсінуің үстірт екен, шырақ! – деді.

Рахымның өзіне қайта бұрылып, тағы сөйле деп, Жәлелге сыртын берді. Жәлел Абайға да қабағын түксите, сұық қарап тұрды да, сөз таба алмай шығып кетті. Осы түнде окудағы балаларды екінші бөлмеге жатқызып, Абай өзінің қасына Дәрмен мен Баймағамбетті алып қалды. Биік, кең ағаш төсекке Абай жатты. Құндеңі әдеттері бойынша төрдегі кең, жайдақ төсекке Дәрмен мен Баймағамбет жатуға айналып, шешіне бастап еді, Абай өз төсегінде шалқасынан кеудесін ашып жатып, өз-өзіне сөйлегендей бір жайды айтты.

– Бірталайдан байқап жүр ем... біздің Кәкітайдың мынау Жәлел деген баласы менің көкейіме қонбайды. Осы баласын неғып оқытты екен? Орысша жақсы оқуға қолайлырақ болатын өзге баласын көрмегені ме? Бұл қалай? – деген еді.

Дәрмен кеш бойы аз сөйлеп, Абайдың әр балаға аға болып және ақырын барлай қарап отырғанын байқаған еді. Жәлелді Абай жақтырмай қалған. Енді Дәрмен Кәкітайдың амалсыз бір жайын айтты.

– Абай аға-ау, бұл баласы қолайлы болмаса, өзге жетісіп тұрған қай баласы бар? Әне бір Дархан деген ұлken баласын сонау бір жылдарда Мағашқа сыннатқанын естіп едім. “Осы балам жақсы бола ма, қалай ойтайсың?” – деп еді. Сонда Мағаш Дарханың пішініне қарап отырып, Кәкітайдың әрі қатты қалжындалап, әрі анық бір ашық шынды айттып еді. “Бұл балаң қайдан жақсы болушы еді, мандай терісі бір елі жақсыны көргенім жоқ. Орыстың бір жазушысы өзі суреттеген бір нашар адам туралы айттыпты фой:

“Бұның арының маңдайы жez!” – деп. Мына балаң түптің түбінде жez маңдайлыштың иесі болмаса не қылсын!” – дегенін естіп ем. Көкітай сонан соң оқуға Дарханды бермей, осы Жәлелді берген ғой! – деді.

Абай Дәрменнің әңгімесін күліп тыңдады да, жаңағы өз сұрауына өзі шешу жауап айтқандай болды.

– Кім білсін, оқу адамды қайта тудырады. Жақсылыққа қарай өзгертіп жіберсе ғажап емес. Ал енді жаман шықса, тап осы Жәлеліңнен “күндердің күнінде аса бір жауыз, жаман адам шықпаса болар еді” деп қауіп қылам. Бұлар Құнанбайдың тұқымы. Қырдағы жуан, содыр, сотқар ауылдардың асқақ мырзасы болып, бұзылып өсуге де мүмкін ғой! Сонда барып, сорға барып жүрмесе не қылсын! – деп тоқтады.

Жәлелді тәкаппар, зор көкірек, тентек тіл, боқтампаз мінезі үшін жек көретін Дәрмен мен Баймағамбет Абайдың сөздеріне қатарынан ден қоя күлісті.

2

Абай келген күні өл-қуаты төуір көрінген Мағаш келер күндерде алғашқында бола алмады. Әкесі енді байқаса, Мағашта жиі демігу білінеді. Жіпсіген сөл ғана жабысқақ тер бар. Аз болса да үнемі бір қалыпты қайталап отыратын құрғақ жөтел бар. Ұзақ өмірде көп ауруды, әсіре се, осы алуандас ауруды баладан, жастан, жігіт азamatтан сан рет байқаған Абай, енді Мағаштың жайын үлкен уайым ете бастады. Барлық сенгені доктор мен дәрінің күші. Мағаш өлі төсек тартып жатып қалған жоқ. Осындай мегдетпей тұрган кезінде аурудың алдын ала, жақсы доктордың орынды емі болса, сол оналтар ма еді!.. Ең болмаса, тез тұқыртып әкетпей, ұзақ созылтып жүретін, күтіммен көп кешетін күйге келтірер ме еді. Мағаштың үлкен дертке ілігіп, қатты қауіптің шеңгеліне түскенін іштей егіліп білген Абай, енді тым болмаса жаңағы айтқандай жайларды медеу етеді.

Бүгін тұс кезінде Мағаш пәтерінің қонақ отыратын бөлмесінде Абай докторды тосып отыр. Мерзімді күні,

атаған сағатын қалет қылмайтын ұқыпты доктор қазір келу керек. Және Абайдың сол доктормен бірге Павловты тосып отырған жайы да бар.

Павлов бұдан бұрын да Абайға келіп, Құмаштың үйінде қонақ болып, отырып қайтқан-ды. Қазір өзінің жақсы танысы Станов доктормен Павлов бірге келді. Сұлу, бұйра қоңырқай сақалы бар, орта жасты доктор Станов аласа бойлы, беті-жүзі келбетті кісі еді. Көтеріңкі түп-түзу сұлу мұрны оның қызығылт бет, ашық кең мандайын сұлу жұз етеді. Қалың қоңыр сақалы күрекше ықшамдана күзелген.

Станов келе бере шешініп, Абаймен сипайы амандасты да, шақыруды күтпестен төргі үйге, Мағаштың қасына кетті. Павлов пен Абай ауыз бөлмеде, бұрыштағы жазу үстелінің қасына отырысып, өзара әңгімелесе бастады.

Абай бүгін Павловпен, Становпен өзі болып үшеулеп ақылдастып, Мағаштың жайын анықтап байламақшы екен. Становтың сөзінен басқа Павловтың айтар ақылы қандай болады, соны есту үшін қазір Павловтың келуін әдейілеп өтінген.

Станов бүгін Мағашты ұзақ қарады. Және оның өзімен оңаша отырып, алдағы уақыттағы емді айтты. Әсірессе, көптен-көп айтқаны күтімнің жайы. Аурудың өзін өзі қатты бағып сақтануы, күтінуі туралы талай кеңес айтты. Станов Мағаштың енді қаладағы жиында болуына тыйым салады. Көбінше оңаша үйде, аз адаммен тыныш мезгіл өткізуді тапсырады. Ишетін ас, тазалық пен бап жайын бағыпты дос-жар көңілмен көп айтатын. Ол Мағашты енді қырға қайтуға үйғарып сөйлеп отыр.

Мағаш пен Станов бір бөлек болғанда, ауыз бөлмеде Абай мен Павлов докторды тосып отырып, қаланың жайына ауысты. Алғашқы кездесуде Павлов Абайға толық айта алмаған жай бар еді. Соңғы кездегі ішкі Россиядан, өз жолдастарынан алған хабар, деректер бойынша Павлов Абайға аса соны және өзгеше бір сырлар айтты.

Биыл патшалық үкіметі революция бола ма деп қатты корқады екен. Себебі өткен жазда Россияның ішкі губернияларында наразы крестьяндардың өте көп ереуілі бо-

лыпты. Қаланың жұмысшы, еңбекші жүртү болса, о да наразылыққа толы. Революцияны астырын әзірлеп келе жатқан үлкен құштер болса, олар да жаңағы крестьян наразылығын қатты пайдаланып, өз істерін өрбітіп кетуге әзір түр. Патшалық осы халдерден өзгеше сескеніп, қоркуда. Сонымен, ол екі түрлі үлкен амал, айла жасап отыр.

Ең өуелі өткен жазда ереуілге шыққан, жерден тарыққан, азық, мұліктен ада болған крестьяндарды қалың-қалың топ етіп, өздерінің туған жерлерінен осы жақтарға қарай аударуға тырыққан. Бұл жақта “Сибирьде, Жетісуда жер көп, байлық мол, барасың да қарық боласың” деп, қазір Семейді қаптап, басып жатқан сансыз көп крестьяндарды өз мекендерінен алдаң жөнелткен. Ашаршылық қаупі тағы бар. Биыл тек Семей облысы, Жетісү ғана емес, осы крестьяндардың мекендерінде де астық нашар шыққан. Өзі онсыз да жоқшылықта жүдеп, тұтанғалы отырған қалың крестьян арасына аштық араласа бастаса, не болмақ? “Осы пәленің бәрі патша үкіметінен! Патша мен ақсүйектердің зұлымдығынан, қастығынан” десе, ол крестьяндар үлкен бір қымылға, қарсылыққа бет қойып кетуі мүмкін.

Әсіресе, крестьяндарды, ұшы-қыры жоқ еңбек елін қарсылыққа бастап кететін революцияның құштері де кернеп келеді. Осылайша қат-қабаттаған жан-жақты қаупі бар қысым сезіледі. Алдағы күн күдікке толы. Соны есептеп, патшалық бір жағынан крестьяндарды алыс шетке, Сибирге тайдырды. Ал анау өзге қалың еңбек халқының наразылық, қарсылығын және де бір нәрсемен алаң ету керек. Сол үшін патшалық қазір бір соғыс бастағалы отыр деседі. Соғысатыны – Япония. Кіммен соғысқаны есеп емес. Әйтеуір: “Патшалыққа жау шықты, сыртпен соғысу керек болды. Азамат керек. Елді, жұртты қорғау ердің ісі. Жұрт жұмылсын, халық өзінің шеттен қаптаған қара ниетті жауын қайратпен, қайсарлықпен қарсы алсын!” – деген төрізді, талай алдампаз, аярлық сөздер сөйленеді, есietтер айтылады.

Қараңғы халықтың әлі күнге көбі надан. Оларды осындаид жолға желіктіріп бүрүп салады. Сонда “революцияны

көксеген патшалықта қарсылықты ойлаған көп те, топ та өз ниетінен қайтады. Сырттан жау келгендіктен іштегі наразылығын қоя тұрады” деген есеп бар. Осы үшін енді аз уақытта Россия мен Япония соғыс бастады деген хабарды естірміз! – деп, Павлов Абайға көп жайды қызық баян етті.

Қаланың қазағы, қырдың елі естіген және Рахым сияқты оқушылар айтып жүрген крестьяндар жайы және одан арғы да талай түкпірлер Абайға анық, айқын ашылып, таңылып еді.

Абай Павловтан тағы бір түйінді жайды сұрады.

– Бұлай болғанда, Федор Иванович, егер Япония мен біздің патшалық соғыса қалса, Россияның жеңелгенді жақсы ма, жеңілгені жақсы ма? – деп еді, Павлов бұл сұрауға іркілмей жауап берді.

– Біздің өз қауымымыздың ойын айтсам, әрине, Россия патшасының жеңелгенді жақсы! – дегенде, Абай бұл жауапты бір есептен күтсе де, өуелі құптаі алмады. Павловтың басқа сөздерін бөліп, құдік айтты.

– Осылай айтуымыз мақұл ма, өділет пе өуелі! Мен бұл жайдан сізге дау айтқым келеді.

– Қандай дау айтасыз? Көне сөйлеңізші, мен тыңдағын! – деп, Павлов сөл жымия қарап, сынай түсіп, ойлаңып қалды.

– Біз, – деп бастап, – өзімді ғана айтпаймын, халықты айтам. Айталық, орыстың крестьяны, қазақтың сахара халқы, тағы басқа қала толы неше алуан миллиондаған жүртты алайын! Солар қалай ойлайды деп білесіз? Менің білуімшеше, бұндайда ол жүрттың бәрі де бір-ақ нәрсені ойлайды. Онысы – өзімнің отечествам, государствам, – деп, осы екі сөзді өмірінде бірінші рет айтса да, Абай басып, қадап айтты да, – жеңілсе екен демейді. Негылса женсе екен деп намыс ойлайды! Қеудесінде оты бар, азаматтық оты бар көрі-жас солай ойламай қоя алмаса керек! – деп, Абай өз дәлелін сенімді үнмен сөйледі.

Павлов әлі де бойын кең сабырмен ұстады. Абайға ұғындырып иландыру өзінің борышы тәрізденді.

– Сырт қарағанда, әрине, бұл сөздеріңіз дұрыс. Әрбір жауға ақылды, дұрыс адам осылай қарауға міндетті сияқты. Бірақ сол өзіңіз айтқан миллиондаған халықтың жауы тек Япония ғана емес? Ол алыс жау болса, жақын жау – екінші жау тағы бар! – дегенде, Абай Павловтың ойын түсіне берді.

– Ө, – деп басын изей түсіп, – патшалық үстемдігін айтасыз ғой, әрине, о да халықтың күшті жауы екені рас! – деді.

Павлов осы тұста созыла, толғана сөйлеп кетті.

– Ол біздің халқымыздың ең жақын тұрған, ең жауыз дүшпаны! – деп, Павлов Абайға қарай бойын тақап, қатты сыйырлап, басқаша бір күшпен айтты. Жиреніш, ыза, кек қосылып тудырған күш тәрізді.

– Сол ең үлкен, ең жауыз жау соққы көріп, жеңіліп шықса, есі кетіп қорқып қалады. Ал революция күштері патшалықтың сондай әлсіреп, титықтап тұрған шағында тез лаулап, үдей соғуға болады. Егер патшалық женсе, ол ереуілдеп, асқындан кетеді. Революция ол шақта бас көтепе алмайды. Амалсыз басылып қалып, тағы да ұзақ жылдарға шегеріліп, іркіліп қалады! – деп, бұл жайды өзінің айқын бір саралап, ойлап алған арнасымен айтып шықты.

Ол Абайға қысқаша танытып отырған тағы бір жай болды. Жаңағыдай ойлайтын көп топтың бәрі емес. Сыртынан “халықпен біргемін” деп және “Россиядағы патшалық үкіметіне наразымын, қарсымын” деп жүріп, өздері осындай сын, сәт уақыттарда іштей сол патшалыққа, ескілікке құл бол жүргендер де бар! Олар жаңағы Павлов айтқанға қарсы. Соғыс болса, “Патшаны қолдау керек”, “Россияны құтқару керек, революцияны жасамау керек, әлі ерте, мезгілі жеткен жоқ” – деп, тағы да алаң етушілер болады. Бұл патшалыққа қарсы бол жүрген анық революция күшіне, анық халық ісіне қатарда жүріп, қастық етушілер! – деді.

Павлов бұлардың жайын Абайға ызалы намыспен айтқан.

Қалайда Павловтың Абайға ендігі әкелген әңгімелері өзгеше жақсылықтың нышандары сияқты. Оның жүзінде, қазіргі лебінде Абайды қуантып, таңырқатқан мол бір сенімді жалын бар. Жақын замандағы жақсылықты сезіп, жан-жағына, бар жақын жандарына ұміт-куат, қуат-қайрат бітіргісі келген аса бір қызыу мол, қызықты жанның оты танылады. Абайды Павлов уайымнан ғана алаң еткен жоқ. Бұл күнде шер басып келе жатқан күнгірт кеудені үлкен қызу, ашық сәуле төгіп жылытқан, жадыратқан игілік әкелді.

Становтың байлауын Абай енді Павловтың көзінше бой тоқтатқан, сабырлы адамның қалпында тындалды. Доктордың айтуынша, Мағаштың науқасы ауыр науқас. Бұны жазамын деп ешкім айта алмайды. Әзіргі ғылым бұл дерптеп жақсы алышатын дәрі-дәрмекті де тапқан жоқ. Тек күтіммен, баппен ғана Мағаш науқасын ұзак созылған сүле науқасқа айналдыруға болады. Ендігі Становтың Мағаш үшін алышатын мақсаты сол ғана. Тым құрса ұзаққа созылышп, ескіріп кететін күйге ауысса екен. Сонымен де бірталај жыл өмір кешетін жандар болады. Становтың тілері мен айтары осы ғана. Содан кейін Павлов пен Абай екеуін ақылға ала отырып, Мағаштың қасына бұларды ертіп барып, Станов байлау айтты. Бұның кеңесі бойынша, Мағашты енді жолшыбай сұық тиірмей, жылы орап, жақсы күтіп отырып, қырға алып қайту керек.

Елде қымызға, күтімді асқа, жақсы-жайлы бапқа сену керек. Қаладан Станов мезгіл-мезгіл дәрі жіберіп тұрады. Абай өзі бұнда Становқа науқастың жайы қалай келе жатқаны туралы үнемі жазып тұрсын. Күн жылынған соң көктемде, Мағашты аса ұнатып құрметтеуі себепті Станов өзі де Абайдың аулына алышсынбай әдейілеп барып емдеп қайтпақшы болды.

Бұдан кейінгі күндер Абай мен Дәрменнің, Баймағамбет, Кәкітайдың Мағашты елге алып қайту өзірлігіне ауысты. Өзге жылдар емес, биылғы қыс басқаша. Қырдан келген салт атты жолаушы, шаналы жүргінші, әсіресе жүрісі баяу, түйелі керуен болсын – бәрі де биылғы қыстың қатал-

дығынан, қатты сұығынан зар қағады. Қырдан келген, беті-мұрны үсіген өңшең қара қожалақ болған ел адамдарының жүздері былай тұрсын, қазір ғинуар айының ортасынан ауған шақта, қаладағы жұрт та ендігі сар аяз, үскірік сүмдүк сұықтан амалсыз үркіп, шошынып жүр. Талай күндер балалардың оқуға бармай қалған кездері болды.

Орайын таппай, амалсыздық айдамай ерек-әйел, үлкендер де үйлерінен шығудан сескене береді. Абай: “Жолдың бораны, күнделеп жауған қары уайым болады” деп, енді бір қам айтқан. Мағашты аязды күнде далада бөгеп, тағы да сұыққа ұрындырып алмау керек. Сол үшін бір-екі шана болып жүргүре болмайды. Елден келіп, қазір қалада жүрген Абай мен Мағаштың туыстары, дос-жаараны, жақындары болса бәрі де тез жұмыстарын бітірсін. Сөйтіп, бір күнде “е” десіп қаладан бір топ шана болып шығу қажет. Боран соғып, жол басылып қалса, көп шаналы жүргіншілер кезектеп алға түсіп, қарды бұзып, Мағаштың шаңасына сүрлеу салып отырады! – деген.

Абайдың осы сөзі жақын-жаарандарға арналған бүйрық емес, тілек тәрізді болды. Сонымен, бұның дегенін орындауға ой байлағандар аз болған жоқ. Бірақ қыстың алдағы айларының ұзақ қамын ойлай келген қалашылар Абайлармен бірге шығу үшін бірнеше күн аял сұраған. Бұлар базардан керектерін алғып, әзірленіп болғанша тағы бірнеше күн өтті. Ақыры ертең ертемен, елең-алаңда көп жүргінші өзді-өзі пәтерінен аттанып шыққан болды.

Осындай қамдарды жасатып отырып, Абай өзі қатты қапада болатын. Ертең жүреміз деген күннің танертеңінде Абайды өздігінен іздең Павлов келді. Оның анғары Абайға бір қажет сөзбен келген кісідей. Нұрлы үлкен көк көздері іштегі бір зор ырзалиқ жаймен ажарланып, күлімдей түседі. Аса жақсы, жайлы шұғыла атқандай. Әзір саябырлап басылмаған қуаныш бар тәрізді.

Абайдың бөлмесіне кірген соң ол өдөтінде досының қасына кеп отырушы еді. Қазір болса Павлов орныға алмай, әрлі-берлі қозғалып, ішіндегі ойымен аласұрып, өз-өзінен толқып жүр. Бөлmede отырған Кәкітай, Дәрмен,

Құмаш үшеуі Павловтың ынғайын байқап, Абаймен оңаша сөзі барын сезіп, ауыз бөлмеге шығысты. Павлов үй оңаша бола бере Абайдың қасына жетіп келді де, күле тұрып, қуана сөйлеп кетті.

– Ибрагим Құнанбаич, есіңізде шығар, жақында айтып ем ғой, “соғыс болады” деп. Сол соғыс басталыпты. Россия патшалығы соғысқа көрінеу әрекет жасай берген соң, “әйтеуір соғыспай қоймайды екенбіз” деп, соғысты Россияның жариялағанын құтпестен Жапония өзі бастап жиберіпті. Үлкен теңіздегі Россияның барлық соғыс кемесі жиналған Порт-Артур деген қаланы жапондар талқан етіпті, тартып алышты. Сөйтіп, патшалыққа, орыс патшасына алғашқы жұдырық қақ тұмсықтан қан жалатып, қатты тиіпті! – деп, сақылданап күліп жиберді.

Абаймен осы жөнінен бүгін және де сырласа сөйлескен Павлов аса бір мәнді жайларды баян етті.

– Патшалық әкімшілігі Россияның қасиетін жоймаса, арттырған емес. Европа елдерінің көзімен қарағанда Россияның нәр қуатын сорып отырған озбыр қауым Европага салмақ салып отырған жандарм, “Европалық жандарм” деп санайды. Сондықтан да көпшілікті құлданып отырған қан сорғыш топтары Россияның қазір Жапониядан женілуінен қорқады. Ал Россияның еңбек елі бұқарасын алсаңыз, оның аса қатты қуанатын орайы бар. Патшалық әмірі біздің ең жауыз жауымыз болса, соның соққыға ұшырауы – орыс халқының азаттығы жақындаған белгісі. Анау Европадағы еңбек елінің, бұқараның да революция жолындағы тартысы бұдан әрі үдей түседі деп санау керек! – дей отырып, бұрын Абай естімеген жаңа бір сөзді Павлов айқындағы ұғындырды.

– Патшалық әкімшілігі өлсіреді. Бұрын нелер сене алмай жүрген күдіктілер енді революцияға сене бастайды. Ал қалың қөпшіліктің революцияға сенуі деген сөз, ол революцияның тақау екендігін білдіретін жай! – деген еді.

Павлов әкелген осындағы үмітке толы ойлары Абай көнілінің ендігі жүдеу күйіне алыс та болса, өте жарық қуаныш

сөүлесін салғандай болады. Өзі білген өмір, айналасын қоршаған болмыс, бас қайғысы бар тараптан жиылып, иықтан басқандай болса да, мынау сөүлелі қуаныш хабары Абайға таяныш тіректей. Сынып, қайырылып қалған, әлсіреген қанатты қайта жамап, “алысты анда, қасыңа қадалма! Қияда болса да қуантар дәурен келеді! Соған қарай алас ұрған көнілмен, соған алаңсыз иланған ой, қиялмен сергіп көр!” – дегендей...

Абай соңғы бір айдың ішінде өзін анық бір құз-қиядан құлап бара жатқан жандай сезінетін. Табанының астынан жер жылжып кетіп, бұны қайта оралмас қараңғы, меніреу құз түбіне итеріп жібергендей болады. Тағы бір осы алуандас күйді ойлағанда ол кейде өзін ауыр бір түс ішінде жүргендей ұғынуышы еді. Оқта-текте бұл өзін бір үлкен шегі жоқ лай толқынды, қанды судың ішінде жүзіп келе жатқандай аңдайтын. Кейде желі бар, қараңғы тұн тәрізденетін ауыртпалық бұны опқалы төніп түрғандай болатын. Қайғыдан, өмір соққысынан қысылып, қиналған шағында Абай осындай тұңғиық, рахымсыз сұық лай, сұық дүние арасында өз қуатына сене алмай қобалжиды.

Соңғы айдың ішінде Мағаш уайымы кейде үлкен қауіп-ке айналып, шошыта бергенде, Абай жаңағы тұңғиық толқынды суды күндегі тірлігінен де кездестіріп түрғандай көретін.

Павловтың жаңағы әкелген шұғылалы, алтын арай жақсылық дабылын, нұрын Абай жүргімен өзгеше құптағы. Дос көңілге, Павлов басына барынша алғыс айта қабылдағы. Көптен күнгірт тартқан көңіліне оралмаған қуаныш анғарды. Павлов кеткен соң да, Абай жалғыз қалып, өз ішіне жылы, жарқын өмір нөрін құйып кеткен игілік елшісін сезеді. Ол бірде Павлов, біресе оған аты белгісіз қадірлі жандар жаңа дүние, жыл құстары тәрізденеді. Адамзаттың, келер нәсілдердің жаңа қауымдарының төл басы, маңқасы. Балғын қуат иесі – бағланы келе жатқандай. Тағы бір кезек Абай көңіліне үміт елес бергендей өз халі орала келеді.

Бұл білген дүниеде, бұл оралған ортада, қазақтың қалың көпшілік қауымында сол жаңағыдай қуанышқа құшақ жая, қуана басқан халық бар ма, қауым бар ма? Ол болса, мен соның қай жеріндемін? – деп бір ойлап кетеді.

Үміт болар тірек іздеп, ойымен алыс, жақынды орағыта болжайды. Әлі дағала меніреу, әлі бұл білген дүние ауыр қарандырылған ішінде. Бұнда туған сөule жоқ десе де болардай. Сондықтан және де өзін манағы түпсіз, шексіз сұық дүние, лай суда жүзіп келе жатқан жан түрінде аңғара береді. Бірақ қарандырылғанда қайда баарын, қалай құлаш сермерін білмеген шағында, енді алдынан бір жиек жаға көрінгендей болады.

Көлбей жатқан бел ме, бұны күтіп түрған жағасы жайлау жақсы жаңа дүние ме?.. Әйтеуір алдында енді мақсат ететін өріс бардай. Сол бұған “бері тарт” деп қол бұлғардай, атой берердей байқалады. Тағы бір шақта сол тұн мұнары қоршап түрған қарабарқын, бірақ айқын белдің ар жағынан сіберлеп ақ шапақ білінеді. Тез өзгеріп, тұн жиегін түре серпіп, тамаша ашық мамыр айының аспаны білінгендей. Сүттей таза аспанды, кен әлемді таң шапағы сөл қызығылт сөule нұрлантып келе жатқандай... Міне, Абайдың өзімен өзі болып, Павловтан кейін жалғыз оңаша қалып, ендігі ойына шомғанда қиялы осындей. Бұрын Абай андан көрмеген асыл әлем аңғарын болжағандай болып еді.

Абайдың Мағашты алып елге жүргелі жатқанын естіп, бұған амандастып қалғалы көрі достарынан Сейіл, Дәмежан келіпті. Қүйлері нашар болса да, сұық күннің аязына, қақап түрған үскірік желіне қарамастан, ар жактан, алыстағы Затоннан желге қарсы жаяулап жүріп, Сейіт, Сәмен екеуі бастап, бес-алты жұмысшылар келіпті. Абай өзінің әр кезде дос көңілмен кездесіп жүретін бұл адамдарын жақсы қабыл алды. Сейіл, Дәмежан келісімен Абай Баймағамбетке білдіріп: “Мол қылып ет ассын, қымыз әкелсін. Сейілдер бүгінгі менің қонағым болсын!” – деген еді.

Кейін осылардың үстіне Сейіт пен Сәмендер келгенде, Абай бұл жақындарының әдейі сөз байласып, “бір күнде барысайық” деп уәдемен келгенін аңғарды. Шынында Сейіл:

“Абай осы күнде реніште көрінеді. Өзіне тірек көрген, ең жақын көретін баласы қаза бола ма деп қауіп етеді екен. Көңілі құпті, қайғы басқан қартқа айналып барады, дейді. Біз талай кезде Абайдың қасында болушы едік, мынау күйінде үнсіз қалмайық. Тым құрса көзіне көрініп, көңіл білдіріп, сәлем беріп шығайық. Абайдың тәуір көретін достары пәлен күні жиналып келіндер!” – деп, Затонның адамдарына сәлем жолдаған. Дәмежанды Сейілдің өзі ертіп келген-ді.

Бұл адамдар әнеугі оқудағы балалары айтқан тәрізді жайларын Абайға қысқа ғана сараң сөзбен білдіріскең. “Өзі уайыммен отырған жанға біздің мұн, уайымымызды ала барып, айта беріп қайтеміз” дескен тәрізді. Сөзбен айтпаса да, көңілмен танысқан жайлар болатын.

Абай достарының ортасында бүгін көп жайларды таратып айтып, жадырап әңгімелесті. Соңғы күндерде Россия мен Жапония соғыс бастапты деген хабарды қаланың бар халқымен қатар Абайдың мына қонақтары да түгел естіген екен. Жапонияның атын кешелі-бүгінді ең алғаш естіген адамдар да бар. Олардың жері қай жақта, соғыс қай тарапта, қандай теңізде болып жатқаны туралы бұрын естігендеріне қана алмай жүрген Сейіл, Сейіт, Сәмен – бәрі де Абайдан көп жайды қадағалап сұрасқан.

Абай өзі білген жөнін ұғымды етіп, көп әңгімелеп берді. Сөздің түп мәнін ұғынып аңғарып, тыңдап отырғанын Сейіт, Сәмен, Сейіл сияқты адамдардың жүзінен Абай анық аңдады. Олар және өздерінің кей үміттерін сездіріп те қалғаны болады. Абай сөйлей отырып, Сейіттерге Павловтың, Марковтардың ұғындырған сөздері жетіп қалғанын да байқаған еді.

Сейіт пен Сәмен құр қысыр кеңес, алыс дақпырт жайын сұрап отырған жоқ. Олар жұрт айтқаннан арырақ жайдан, Абайдың андағаны бар ма, көпке үміт берер сезгені бар ма, соны “қандай тілмен, қалай айттар екен?” – деп, Абайдың аузына қатты қадалады.

Осы алуандас Абайға да, оның қонақтарына да қызықты болған бір жайдың үстінде, жақсы кеңес болып отырған-

да, Абайдың үйіне, Дәрменге ілесе ел кісілерінің бір тобы келді. Арапарында Шұбар да бар еді.

Абай жаңа келгендермен қысқа ғана амандық білісті де, бұрыннан отырған қонақ достарына қарап, жаңа бір айтқалы келе жатқан сөзіне ауысты.

– Қанша заман өтер екен!.. Жылдар ма, көп жылдар ма, оны болжау өз басыма оңай емес. Менен артық білгендер, алысты көретіндер, орыс қауымының шын жақсы дана адамдары, бәлки, жыл мөлшерін де айттар еді. Әйтеуір бір болжайтынымыз бар! Неғылса осы өздерің біліп, көріп түрған дүние асты-үстіне келіп, астан-кестен бір өзгереді де жаңғырады. Одан арғы заман, сендердің ата-бабаң, аргыбергі әруағың андал, болжап білмеген бір өзгеше заман болады! – деп Абай тоқтағанда, үйде бұрыннан отырған қонақтар өзгеше таңырқап, аңыра қарап қалыпты. Олардың кейіске, ренішке толы әжімді жүздеріне қазір бір сәтке ашық сөүле түскендей, қуанышқа сүйсінген елес білінеді.

Абай өзі айтқан сөзінің өсері қашалық күшті болғанын маңайында отырған Сейілдің, Дәмежанның, Сейіт пен Сәмениң – бәрінің жүзінен анық андады. Олар жым-жырт сілейіп қатқан қалпында тегіс езу тартып, көздері күлімдей түсіп, Абайға алғыспен: “Аузыңнан айналдық” дегендей сүйсіне қарап қапты. Бұлар ғана емес, Абайдың тәменен жағында немесе қарсы алдында мол дастарқанның қарсы жақ шетіне жағалай келіп отырған Дәрмен, Баймағамбеттердің жүзінде де жадыраған жай білініпті.

Баймағамбет болса, талайдан жабынып кеткен уайымды Абайдың қазір сәл сейілгеніне, жабы боп кеткен көnlі көтеріліп отырғанына риза. Ол Дәмежан мен Сейілге де алғыс айта қарай түседі.

Дәрмен Абайдың ендігі ойларын өзгеше бір таңырқап, тамашалай тыңдал қапты. “Бұ да бірталайдан кемел кеудесіне жиылып келген қасиетті ойы екен-ау. Оқтын-оқтын айналаның, әр сананың тұманын айықтырып, білмесін білдіріп, көрмесін көргізіп, осындай нұр сөүлесін төгетінің бар-ау, қайран Абай аға!” – деді. Сол алғысына жалғас

ақынша қатар жарысқан көркем бір бейнені өз ішінде күйлеп, ойлап кетті.

“Абай да бір шөл сахараның диханшысы. Өмір бойы дән көміп, жақсылық, жарық ұрығын көміп келеді. Рас, онысынан бүл күнде не зәулім тоғай, не қалың нәубет жеміс, бидай өсіп-өніп тұрмаған-ақ шығар. Бірақ сонда да сан жерде, талай жұздеген, мындаған кеуделерде асыл өсиеттерің қалып жатыр-ау, өз аға! Артында қалар ұрығың мен ұрпағың сол осы мынау отырған жұрттай әркімнің жүргегіне, санасына егіп кеткен дәнің болар-ау!” – деп ойланды.

Үй іші Абайдың аузынан жайшылықта айтатын сөзден басқаша, бұрын өсте естілмеген өнгіме шыққанға жымжырт ұйып, тындал қалған еken. Әлдебіреулерінің таңдай қағып, тағы біреуінің тамсанғаны да білінеді.

Абай өзінің сырт жағында жайғасқан көп кісіні түгел байқаған жоқ еді. Әлде бір әзірде сөз арасында сәлемдерін алғанмен, сырт жағында отырғаның бәрі қазір есінде жоқ болатын. Енді сол ұмытып кеткен адамдарының арасынан Абай ұнатпайтын, әрдайым бұған сұық тиетін, аса мәлім бір дауыс шықты. Ол – Шұбардың даусы.

Көп кезде Абайға қаратып сөйлеген сөзін күлкі араластырып айтатын Шұбар, қазірде де сол дағдысын бастапты. Үй ішіндегі барлық жан Абайдың айтқанынан қуаныш, сеніш, жақсы бір елес сезгендей болса, мынаның үні сәл мысқыл, ажua аңғарын танытқандай. Ол тегі қатты сөйлейтін. Сол дағдысымен күле түсіп:

– Абай аға, біреулер ақырзаман болады десе, сіз жақын заман, жақсы заман болады дейсіз. Ондай жақсылығыңыз анық болса, болды-болды өзі тез болса еken! Соны айттып бересіз бе? Тым құрса осы отырғанымыздың бірде-біріміз көретін жақсылық тақау ма? Өзін бүл жүрген тіріміздің көретініміз бар ма тегі, жоқ па? – деп, жұрт күлмесе де, өзі санқылдан күліп алды.

Абай бұның келгенін ұнатпаған қалпында, күлгенін де жақтырмады. Оның сөзіне жауап берген жоқ. Бұрылмай,

елең қылмай қойды да, Сейілге қараған бетінде басқа бір жайға ауысып, әңгімелесіп кетті.

Осы мәжілістің тарқауы ымырт жабыла болған еді. Қөп қонақты соңғы шайға қандырып, Баймағамбет пен Дәрмен шана жегіп, жан-жаққа жөнелтіп салып, іңір бола бере үйде жалғыз қалған Абайдың қасына екеуі қайта келді.

Дәрмен пештің қырында тұрған ұлкен жарық лампыны жағып, Абайдың алдындағы үстелге әкеп қойып жатып, Абайға бүгін күнзүн кекейінен кетпеген бір жайын айтты. Өзі орнығып, жайғасып та отырган жоқ еді. Бір тізелеген қалпында Абайдың төменгі жағынан орын ала тұрып, Абайдың жүзіне аса жақын жан жүзімен өтініш ете қарады. Қыылған мұрты әсем ширатылған. Ойлы өткір көзінде Абай әрдайым қызығып қарайтын тыныссыз, сөнбес от бар. Ол Абай жазбай айыратын шабыт шырағы тәрізді. Дәрмен қазір сондай бір жалын атып тұрғандай. Ол осынданай кезінде Абайдан не тілесе де алатын. Қандай жайды сұраса да, Абай оған тиянақты жауап айтпай қала алмайтын. Сол Дәрмен күні бойы зорға сақтап келген өтінішін осынданай оңашалық шаққа жете бере айтып қалды.

– Абай аға, күні бойы кекейімнен кеткен жоқ. Бағана Сейілдерге өзгеше бір жайды айтып тоқтадыныз фой. Шұбар сұрап қойған соң, біз тартынып қалдық. Бірақ жаңағы Сәмен де айтып кетті, менің де кекейіме келіп қалып еді. Сол айтқан заманыңыз қашан болатын заман? Біз болмасақ, тым құрса мынау қазіргі жеткіншек бала-буындар соны көре ме, жоқ па? Осы жүргенімізде сол атаған жақсы заманыңыздың шет-жағасын болса да көріп өлеңтініміз бар ма, жоқ па?! – деді. Ағаға бар шын сырымен жабыса түсіп, өтіне қарап қалыпты.

Абай сәл ойланған қалды да, жауап айтты.

– Бала буын ол заманды, әлбетте, көреді. Ал бүгінгі ес білген үлкенді алсам, тағы бірнеше жандар жетер. Оған жақсы да жетер, жаман да жетер, бәлки! Әрине, жақсы жақсылығымен, жаман өзінің жамандығымен жету себепті, әрқайсысы өзіне тиісті орайын алар. Мен айтсам, сен сол заманға жетсөң екен деп тілер едім. Тым құрса сен жетер

болармысың! – деп, соңғы сөздерін әлденеден қалтыраған үнмен айтты.

Дәрмен Абайдың қазір қатты құбылып, шұғыл өзгерген, жыламсыраған үнінен сезіктеніп қалды. Енді жалт етіп бір сөтке Абайдың жүзіне қарап еді. Саналы көздерін алға қарай ашық қадап отырған өз ағаның екі көзі мөлтілдеген жасқа толы екен. Бұл сөтте мынау жүзде Дәрмен жасты да, қасіретті де және жарқын сөуле нұрландаған елесті де аңғарды. Мейірлі жас, у жас емес, қасиетті жанның көреген көзінен шанда бір шығатын игілік жас есепті.

Келесі күні таң сәріден түріп, түн ортасынан бері қайнатылған шайды ішіп алған Абай, Дәрмен, Баймағамбет үшеуі пар жеккен кең шанамен базардың сыртындағы Мағаш жатқан Сүлейменнің екі қабат қоңыр үйіне қатты жүріп келген еді. Дәл осы кезде бұл қорадан бес-алты шана бірі артынан бірі жіті журіп, шыны қарды шықырлата шақырлатып, шыға-шыға берісті. Ең соңғы шана қалың кесек киізben қапталған. Устіңгі жағы және де бөлек бір кесек киізben қымталып қоршалған екен. Бұл – Мағаштың шанасы.

Абайды аңғарған жолаушылар тоқтамақ болса да, Абай дауыстал, қаланың сыртына, ел жаққа қарай қол сілтеп, “бөгелмей тарта беріндер!” – деп бүйрық етті.

Ауру Мағашты ортаға алған жеті-сегіз шана, әлі оянып болмаған Слободканың қоңырқай, көп кедей үйлерінің жанымен, қаланың сыртына қарай шұбатылып тарта берді. Күн бүгін де қатты аяз екен. Тағы талай күннен толас тап-паған, акыра ұскірген сүмдық сұық. Өтімді жел өкіре соғып тұр.

3

Биыл күз басынан реңі жаман болған қатал жыл, қыс аяғы тақап келсе де, ызғары қайтпай, қатты аязды боп қақап тұр. Жақсы жыл болғанда бүгінгідей марттың ортасында күн жылынып, жер қарая бастаушы еді. Қазір ондай жақсы күннің елесі де жоқ. Әлі де қыстай соққан ақ

боран ақ даланы жұмыртқадай, қалың сіреу қарға толтырған. Елге жұт араласты. Соңғы күндер мен жұмалар емес, кейбір күйсіз көпшілік ауылдарға биылғы қыстың қысылшаңы декабрьден-ақ білініп еді. Содан бері жұт жылының көп пәлесі мен апаты, жоқшылығы талай елдердің қалың топтарын қатты жүдегіп тұр. Қолдағы мал пішенін таусып, енді аштыққа ұрынып, ауылда тұрып өліп жатыр. Коралар толы қатып, серейіп қалған, кей бұрыштарда үйіліп қойылған қойлардың өлігі. Арықтан тұралап құлаған сиырлардың өлексесі де көп. Қыстың қаттылығы сонша, жұтқа өсте мойымайды дейтін түйенің өзі де аса қатты жүдеген, жадаулыққа түскен. Бірақ әйтеуір түнде жылы қорада жатса болғаны, таңертен қыстау-қыстаудың маңына бытырап тарап, қалың қарда өзіне болымсыз да болса талшық іздейді.

Көзге ілінетін ұзын шидің басы, селдір қамыс болса немесе анда-санда кездесетін тікенді шенгел, қараған басы кезіксе, соларды сыйдырып жеп, ұзіп-жұлып талшық етіп, көпке төзіп келе жатқан түйенің ірілері ғана. Қалың қарды бұза алмаған бота-тайлақ, көрі түйе, қатпа іңгендер қыс аяғына зорға жетіп, ауыл-ауылдың жанында теңкіе созылып, өліп жатыр. Қалайды “мал баласының ең төзімдісі түйе” деп, мал баққан қазақ атаулы алғыс айтЫп еске алады.

“Атан алты асаса тояды” деген емес пе, түйе жарықтықты айтсаңшы! Адамға салмағы, ауыртпалығы аз мал жалғыз ғана түйе ғой!” – деген сөзді биылғы қыс жұтқа ілінген елдің бәрі ауызға алады. Қолға қараған арық тоқты, тай-торпак бар ауылда да әлдекашан өліп біткен. Жыл жақсы болғаның өзінде уайыммен шығатын ондай арықтарды иелері бұрынғыдай күткенді қойған. Азғантай болса да шөп, сабанын қолға қарап қалған күйі тәуір, ажары жақсы малына ғана арнап беретін. Әр ауылдың, әрбір үйдің қолында ұстап отырған ат лауынан басқа жылқы баласы отарда, қостарда. Көп елдер, ауылдар қолдағы малынан ажырай бастаған сайын сол алыстағы жылқыны ауызға ала береді. Тым құрса сол аман болар ма еді деп үміт етеді.

Өзге малдан жылқыны да қыс қысымшылығына төзімді деп сенетін жұрт, оның қасиетін айрықша атайды.

– Жылқы жутай қоймаушы еді.

– Тек жерде шөп болса болды, қолтығынан, қабырғалығынан көміліп, қарды қазып, шөпті өзі тауып алыш тұратын қасиеті болушы еді, соған сенелік! – деседі.

– Жылқының өзге малға бітпеген қасиеті тағы бар. Ол – ақ боран, дауылдатқан үскірік аязда қардың астынан шөп тапса болды, ықпай, жылжымай бір орында тұрып алыш жей беретін де болады! – дейді.

– Жылқыға қандай мал тең болсын. Оның балта-шоты қолында емес пе! – деп, тұяқты жылқының тебінге төзімді, мықты екенін тағы да еске алышады. Бірақ биылғы жыл – арқада сол жылқыға да қатты қаза әкелген ерекше ауыр жыл болды.

Таудағы ел, ойдағы ауылдар мен қорықтағы көп елдер, қалың ауылдар бірінен бірі хабар алыш, ұдайы жайжөн сұрасады. Қазір марттың ортасында сол жаңағы барлық өлкө, өнірлердегі жаңаңықтардың ортасына бірдей жайылған қазалы хабар бар. Бар елдің отардағы қос-қос жылқыларына өлім араласыпты дейді. Жазғы жайлау “Сырт” дейтін өлкеге кеткен қостар жылқысын боранда тоздырып, ықтырып қырып алышты деседі. Жарға құлап, опқа түсіп, қалың жықпыл, қын тастар арасында бытырап, босып, адасып өліп жатқан мал көп дейді.

Мың жарым жылқы, мың екі жұз немесе мыңға тақау жылқылы пәлен ауылдың қосы, түген ауылдың отары қазір көп жылқысын өлтіріп, үш жұз, екі жұз елу ғана жылқы ұстап қалғаны бар. Оның да күні ақырет күніндей. Қыс аяғы созылса, мұлде құрып бітіп, құр қостың өз басы ғана қалуға мүмкін! – деген сөздер естіледі.

Бұл малдың жайы болса, қазақ сахараасында биылғы қыста адамның күйі де сондай ауыр, қорқыныш екен. Мал күтімімен арып-ашып жүдеген ерек-әйелде рең жоқ. Суық күн беті-қолын қарыған, жұздері қарайған, қын кешу жол кешкен, шаршап-шалдығып, жабы болған жандар тәрізді. Күнұзын далада, қатты аязда қүрек аршып, малға талшық

бала ма деп, бұта-шенгел, қамыс пен ши қырқумен жұмалар, айлар кешірген әйелдердің жүздері бар реңінен айрылған. Ерте әжім түсіп, қолдар күс болып, ерні-беті жарылып, өзгеше сұрықсыз болып кеткен адамдар көп. Ерде де, әйелде де қысқы киім жылы болмағандықтан, жел кеүлеп, сұық өтіп кеткендер бар. Сұлу қалпынан, балғын мүсінінен осы бір ғана қыс ішінде азып, ажырап, қазір неше алуан ауруға ұшырап, төсек тартып жатқан жандар да мол. “Жұт жеті ағайынды” дейтін қазақтың мал баққан шаруалары қазір отыннан да жүдеген. Азық, астан тарыға бастаған. Жолаушылап қалаға, базарға айында, аптасында барып, керегін алғып отыратын ел, тағы бір тарарап күйзеулікке түсті. Мінетін көлік болмай, арып-ашып қырыла бастаған соң жаяулық, көліксіздік тағы бір тың дерт болып басқа түсті.

Жүргінші аз болғандықтан, ақ боран, қалың қар аспан-көкті құрса алғандықтан, қала мен елдің, ел мен елдің, ауыл мен ауылдың қатынас-араласы үзіле бастады. Әр сайдың, саланың, адыр-шоқының жылғасын, баурайын паналяған жеке-жеке қыстаулар қыстығұні інде қалған әр сайдың сұрындей болды. Өздерінен өзге тірлік дүниесінен үзіліп қалды. “Балапан басына, тұрымтай тұсына” деген кез жетті.

Үйдегі азығы түгел біткен, күн көрер талшығы, тірек етер бірлі-жарым қарасы түгел таусылып, әбден тұралаған кедей шаруалар енді амалы құрып, жас баласын арқалап, әлдекімнен жәрдем іздел, шұбыра бастағаны да байқалады.

Осындаі көпті жүдетіп, ықтыра бүрістірген қатал қысты “аққоян жылы”, “апат жылы”, “естен кетпес жұт жылы” деп, ел марттың ішінде-ақ аһылап отырып, аңыз ете бастады.

Көптің көрген кері мен қазасы соңғы бір күндерде Абай аулынан шыққан қостың басына да орнаған еді. Күздігүні Мағаш, Абай, Көкітай болып қосылып және бірнеше малы шағын, бірақ көнілі жақын көрші ауылдарын қосып, жеке бір қос жылқы құраған да, отарға шығарған. Бес жылқы-

шы, бір бақыршы, алты азamat мың екі жұз жылқысы бар қостың бақташысы бол шықкан. Жүрген жерлерінде пайдасы тиер деп, қос ағасы Алтыбай өздерінің қосын Абай қосы деп атандырған. Қыс тақаған кезде “шөбі жаз күні шүйгін болды” деген дақпыртты естіп, Алтыбай өзі бастаған қосты ойдағы көрші ел – Қызылмода болысының Ажы дейтін руының жеріне апарып жая бастаған. Өздерінің жылқысы аз, қар астында қалып жатқан ен жерді Ажылар Абайдан қызғанған жоқ. Сонда да Абай Ажының ауылдағына сәлем айттып, ен жерлеріне қостаған жылқыны жайғызуға рұқсат сұраған, ол елге ақы төлейтін болған.

Жылқышылдың айтуы бойынша, Ажының жерін пәлендей семіз аттың, айғырдың майына майлап алған. Февральға шейін қыс қатты болса да, Ажының азғана жерінде бір қос жылқы азын-аулақ талшық тауып, қунелтіп келіп еді. Бірақ февральдің ортасына жете бере ол жақта да қыс қатты бол, жұт жағалап кеп, араласып қалды. Жылқының жайылымы бітті де, мал жүдей бастады. Ішинара тай-жабағының, құнан-байталдың тұралап, көтеремге айналғаны бар. Нашарлап, аязды суықты көтере алмай, екі-үш жабағы-тай бір күнде өліп те қалған еді.

Бұған жалғас тағы бір үлкен қорқыныш қосылды. Соңғы күндер жауын аралас қар жауып, жер мұзға айналды. Содан бері тұн асқан сайын бес-он биеден іш тастау басталды. Бұны көре сала Алтыбай Ажының жерінен қайда болса да қаша көшу жайын ойлап еді. Елден келген Кәкітай: “Жылқыны не де болса қайтадан Байғабылға, Ақшоқыға қарай жылжытып айдал көшуге” бұйырды. Осыдан кейін бір ай бойында, жаңағы қысымға түскен Алтыбайдың жылқысы бауырдағы Абай аулын бетке алып, Қызылмоладан қайта көшті. Алтыбай алдағы жерді андал отырып, тынымсыз қам ойлап, көші-қонды өзі басқарды. Бірақ бұл шақта тірі қалған жабағы атаулының құйрығы ұзарып кеткен. Тегінде шаруаға теселген адамдар осындай қосқа келгенде қалың топ жылқының жайын жабағының райынан андайтын.

Отарда, қостап шыққан жылқы ішінде жүрген жабағының құйрығы келте, шолақ болса, қосты тыңナン көрген кісі ең алдымен осыны атайдын. Мал иесі болса, жылқышыларға ырзалақ білдіріп, шүкірлік етеді. “Жабағының құйрығы шолайып кеткен екен, толайым жылқы қүйлі болар” десуші еді. Ал бүгінгі Алтыбайдың қосы болса, жабағы ғана емес, тайдың да құйрық-жалы, кекілі келенсіз бол ұзарып, тұксиіп өсіп кеткен.

Көп жылқының жал-құйрығы ұйысып, тікен, ошаған атаулыны жабыстырып алған жайы да көп. Жақ жүндері тікірейіп ұзарған, үлкен жылқылардың сүйектері де адайрайған. Сіңірлері шодырайып білініп, мал реңін мейлінше бұзған. Қазір Алтыбай қосында семіз дерлік бірде-бір жылқы баласы жоқ. Айғыр да арыған, ат та арса-арса болған. Жүні-түгі жайын малдай жалпылдан кетіп, өздері іш тастаған, әбден жудеген сақа биелер де борша-борша болған.

Осы қос жылқы өз мекеніне қарай жылжығалы күн сарап, түн асқан сайын өліп, кеміп барады. Жол бойы төгілгендей шашылып, ақ боранға көміліп қалып жатыр. Не де болса мекенімізге жетеміз деген ниетпен Алтыбай күн сайын тың бір айғырға, бедеу биеге мінеді. Санаулы қоны бар деген атқа кезектеп мініп, қостың алдына өзі түседі. Өзге жылқышылар бұның бетімен, ізімен арттағы жылқыны кезек ауыстырып, алдыңғы тобын іріктей отырып, қалың топты жүргізіп көреді. Ұдайы қар бұзуға шыдамайтын болғандықтан, қосты бастайтын алдыңғы топ айғыр үйірін, аттар тобын жылқышылар Алтыбайға айта отырып, жиі-жій ауыстырып, алмастырып жүреді.

Сонда да қар астынан шөп шықпады. Күздігүнгі мұзды жауын сіреу бол ұстап қалған көк тайғақ шығады. Күндер бойы айықпаған аяз мандайын қарыған жылқы тебінге бар күшін салады. Сонда да қолтығынан келген сар қарды аршып қазған шағында азғантай талшық шөп таппағанда қатты титықтайды. Екі күн жол жүретін салт аттының са-парына Алтыбайдың қосы айға жуық мезгіл кешірді.

Енді бауырдағы Абай аулына тақап келген кез еді. Жымба, Итжон дейтін, қары қалың болса да, тобылғылы шұбары бар, кейде шилемеуді бар бір өлкеге жеткен-ді. Құндізгі жылқышылардың үстегі сіреу болып, тоңып, жадап келді. Аяқ Жымбаға жүдеу қостарын тігіп, жас жылқышылар бой жылтытып алмақ боп, кеш батар алдында аттан түскен. Алтыбай оларға: “Інірге шейін тыным алып, ес жиындар, бой жылтытындар!” – деген. Жас жылқышылар қостан жылынып шыққанша өзі баға тұрмақ болды.

Сонымен, шұбырған жылқы қостан ұзаңқырап, Қашама, Белсу дейтін қоныстарға бет беріп, батысқа қарай жылжып бара жатты. Құндізгі журістен, қалың қардан, айнымас қатал аяздан қажып-талған Алтыбай сүр айғырдың үстінде білегіне құрығын сүйреткен қалпында, қара сенсөн тымақ киген ауыр салмақты басын төмен алып, қалғып келе жатты. Бір мезетте оянып алып, қайта қалғиды. Аштығы жеткен, шаршауы, қажуы асқан Алтыбай ат үстінде аз мызғып-қалғудың өзінде ұдайы бас шатастырып, қайталай беретін бұлдыр бір тұс көреді. Тұсінде бұның қыс бойы көрмеген әйелі – момын, жыртық киімді, жүдеу түсті Інкәр күйеуіне жаны ашып, қамқорлық етеді.

“Шаршадың фой! Жаурап біттің фой, үйықтасаңшы... Ал төсек жайып қойдым, үйықтай фой, тыныға қойшы!” деп, Алтыбайға жаны ашиды. Бұның қазіргі бар өмірден, тірлік дегеннен тілерлік ең бірінші тілегі – үйқы, сөл ғана демалыс туралы Інкәр дос бейілін білдіреді. Ат үсті, ұзак уақыт беймазалығы Алтыбайды талай күйге көндірген.

Үнсіз, жым-жырт Алтыбай өзінің жайын ойлағысы да келмейді. Ойлайын десе, сол ойының ұшығына жете алмайды. Жаман үйінде, жыртық шоқпұт төсекте, катынбала қасында тыныштық алып жату деген Алтыбайдың қысы-жазы қолына түспейтін арманы тәрізді.

Алтыбай тұнгі жылқыға жуас ат мінеді де, қаранғы шақта, үнсіз шұбырған жылқылар арасында бұ да үнсіз қалғып-мызғып, ат үстінен көз шырымын алып жүре беретін. Қазірде сол күйде келе жатқан Алтыбай дәл соңғы шақта еті тітіркеніп, сескеніп оянады.

Шидемінің сол иығы тозған жабағыдан істелген. Әрдайым қарсылай соққан қалың жел осы иығынан ең алдымен білінуші еді. Енді оянса, жел қатты өрекпіп соғып, дауылға айналып барады екен. Көзін ашса, жаңа ғана жарық күн әп-сәтте мұнарта қарауытып, күнгірт тартып барады.

Алдынан ешбір дүние көрінбейді. Аппақ тұтек енді қоңыр көкшіл, меніреу күнгірт ренге ауысып, қарсылай соғып, құтырып кетіпті.

Құйындата борандатқан қыстың ұскірік дүлей ақ бораны басталыпты. Алтыбайдың өнебойы тоңазып қалған екен. Енді ол сілкініп бой жиып, атын тебініп көріп еді, еті ояздаған және күнұзын ішіне бір тал шөп түспеген сүр айғыр барлығып қалған екен. Жайшылықтағы жүрдек-жылпос айғыр енді сәл тепендең, жіті жүргісі келгенмен, тез ғана басылып, әлсіреп тоқтады. Алдында, айналасында жылқының қаншасы барын кере алмай түрған Алтыбай, енді өзі бағып жүрген қалың қос жылқыға қыстай мәлім болған қатты айғаймен атой салып, дабысталп белгі етті. Дәл осы сәтте ақ тұтек боранның ішінде бұның өзіне қарай қаптап бет қойып келе жатқан қалың топ жылқыны көрді. Алтыбай ендігі көрген жайын аңдай бере, шошынып қалды. Өзге соры жетпегендей күні бойы қажып, жүріп келген жылқы жөнді нәр татпаған аштығының үстіне мынау боранға шыдай алмай, ығып жөнелген екен.

Мезгіл болса күндіз де емес, қасында серік жылқышылар да жоқ. Азгана әл-ауқаты бар, өзірге аман болып келе жатқан жылқы атаулы, енді осы бір боранның зәрінен көрмегенді көруі мүмкін.

“Есіл мал, не қүйге ұшырастың! Мынау ақырған пәле, сүмдүк сұық қай қазаға апарып соғар екен!” деген үлкен қауіпті ойлап алды да, Алтыбай енді бойында қалған бар қуатымен осы түннің әлегімен алысуга бекінді. Сойылын көтеріп, әлсін-әлі айғай салып, қалың топ жылқының арасына кіріп, қайыра тоқтатудың қамына араласты. Көп жылқының басқа тобы қай жерде, қалай беттегенін Алтыбай айыра алмайды. Тек аңдағаны, өзінің үстіне келген жылқының алдында Абай үйінің Бәйге жирен айғырының

үйірі екен. Соған ілескен тағы елу қаралы өзге жылқы бар. Жиын шамасы жүзге тарта жылқы екен. Қыс бойы әрбір қызын құндерде қос жылқының алдына түсіп, қар бұзып, ауыр тебін тебумен болатын осы жириен айғырдың үйірі еді. Өзге топтан жүдеулігі басымырақ биелер, құнандөнендер және де осы топта көбірек болатын.

Қазір осы топ жылқыға ерген өзге саяқ жылқының да ішінде күйлісі жоқ. Бар малдың басы есепті еті тәуір жириен айғырдың өзі болса Алтыбайға ұстаратын емес. Қолтығынан келерлік қалың қарды өзі бұзып, ілгері тартып барады. Егер жолда аз да болса шөбі бар жер кездессе, қандай қатты боран қақап тұрса да, Бәйге жириен айғыр тапжылмай қарды теуіп тұрып алушы еді. Ол тоқтаған жерде үйреншікті дағдысы бойынша барлық үлкенді-кішілі үйір де түгел тоқтап, тебінге кірісетін. Қалың жылқының алдында жүретін бұл топ тоқтағанда, өзге бір қос жылқы да тұра қалып тебіне бастайтын.

Алтыбайлар биылғы қыста сан рет жылқы малының қасиетін көрген-ді. Боранның қанша соғары белгісіз, көп жылқы ыққанда талай қауіп-қатер бірге туады. Ыққан жылқы алдында жар болса, үлкен опқын болса немесе ащылы сор болса, сондайларға құлап қырылып қалатыны болады.

Қатты дауылды боран құндері жылқыға қасқыр араласатыны да бар. Ыққан жылқы көбінше шоғыр тобымен жүрмей, бөлініп бытырап, тоз-тоз болып қанғып кетіп, талай күн таптырмай қоятыны тағы мәлім.

Сол бетінде аш-арық, көтеремге жуық көп жылқы қайтып үйірін де, тобын да таппайды. Ақ далада осындай борандардың соңынан сансыз көп өлексе, жемтік далада қалатыны болады.

Бүтін қандай апат тәнгенін Алтыбай әзір анық болжай алмаса да, жириен айғырдың үйіріне ілесіп келе жатып аса қатты қауіп ойлады. Ең үлкен қорқынышы, қазір Алтыбайдың астындағы сүр айғыр болдыруға тақау. Ендеше, ыққан жылқыға бұрынғы әдеті бойынша ес болып, дауыс беріп, өзіне таман қара тарттыруға мұршасы жоқ. Аз

уақытта бұл топтан қалып қоятын аңғары бар. Қоста қалған жылқышылар жетсе бір тыныс болар еді, бірақ олардан өзір белгі жоқ. Іккән жылқыға алғаш кездескеннен бері қарай Алтыбай дамыл алмай айғай салады. Бір жағынан “жылқыға ес болсын, боранда қасқыр торып жүрсе, айдын болсын” дейді. Әдеттегі дауыстан ұзак етіп, зор етіп, бар пәрменімен айғайлайды. Зор үнін ырғалта созып, “уахахау”, “ой-хайт!” деп тұрып, ышқынған желі ғана шулаған далаға жалғыз айғайын созады.

Алтыбайдың мөлшері, долбары бойынша қазір жылқы қостан қыыс өтіп бара жатқан тәрізді. Енді біразда бұлар ыққа қарай өткен соң қос жел жақта қалады. Оған жалғыздың айғайы түгіл, аспан жарылып, дүние ойран болса да, мынау сүмдық соққын ішінде түк те дыбыс естілмейтін болады. Боран анық дәүлескер, қатты дауыл, ақ түтекке айнала берді.

Күн батқан болу керек. Айналада үйитқып, ыскырып соғып тұрган қарлы түтек қаракөктеу тартады. Қостағы жігіттердің боранды аңдағаны болса тек оянып, атқа мініп, шапса керек еді. Осы жайларды еске алған, тұн тақаулығын сескене ойлаған Алтыбай өлі де тынымсыз айғайлай береді, тамағы жыртылардай, қажымас даусы қарлығып бара жатқандай. Бірақ өзі мен алдындағы малын ықтиярдан тыс жылжытып әкетіп бара жатқан қатал сұық күштен үркіп келе жатқан Алтыбай, өлі де дамылсыз айғайлай береді. Бәйге жирен айғыр бақташи иелеріне бағынып, айғайына құлақ салып жүретін қалпын қазірде ұмытпаған тәрізді. Жүрісін шапшаңдатпай, жылқышының айғайы өзінен алыстанқырап, үзіліп қалып бара жатса, үйірінің алдында сәл тоқталандап немесе өте ақырын ғана ілбіп, жылжып қалады.

Өлі түгел тұралап, тұрып қалмаған сұр айғырмен Алтыбай көп жылқының сүрлеуіне ілеседі. Аяғанмен айла жоқ, аялдар тағы дәрмен жоқ. Боран қатайып, сұық аяз үскірігі басымдай түсіп, асқынған сайын көп жылқыдан үзіліп-үзіліп қалып жатқан арық жылқыларды қамқор жыл-

кышы санай түсіп, белгілеп келеді. Оларға ендігі қалған тірлік өзі де зорлық, азап екенін Алтыбай ұғынады.

Кейбір кәрі бие, қартаң ат, арық құнан-байталдар ақырын келе жатқан Алтыбайдың көзінше алдынғы қарауытқан топтан жырылып, қатып тұрып қалудың үстіне, сол арада не шөге жығылып немесе бүйірінен опырыла құлайды. Құлағандары аяқ сермен, қайта қимылдан, қыбырлауға келмей, тек жансыз бір ағаш аттың құлағанында серейе, қата құлап жатыр.

Көп уақыт өтті, арттан қуған жылқышы болмады. Алдағы жылқының дәрмені бары тоқтар емес. Қандай сорына, бейнетіне барады, мәлімсіз, өлі жылжып барады. Оқтатекте тұрып қалып, құлап түсіп жатқан арық-аштар өлі де таусылған жоқ. Алтыбай алдағы топтан үзіліп, жырақта қаларлық жайы да бар еді. Кейде жанағыдай құлаған арық жылқылар бұның ендігі қозғалысында өлімнен тізілген қадау-қадау белгілер тәрізденеді. Ышқының соққан ақ боран алысты түгіл, жақынды да танытар түрі жоқ. Алтыбай қар мен боран арасында көп жүріп үйренгендіктен, кейде жай адамның көзі көре алмастай жайларды байқап қалады.

Үйитқып соққан қалың қардың ұшқыны, Алтыбайдың анғаруынша, кейде сойыл салым жерді көрсетпейді. Бұны ағызып әкетіп бара жатқан ақ теңіздің түбі тәрізденіп, анда-санда болымсыз алаң байқалады. Төгіліп, үйитқи қоршап, орап жатқан қар селі бір сәтке әлденеден сиреп, жүқалан тартып, жыртыла қалады. Сондайды қадағалап, бағып, аңысталп келе жатқан Алтыбай ақ тұтектің жанағы шелі жыртыла берген кезінде, алға қарай айғайын да шырқатады. Қанша екені білгісіз, өлі жылжып бара жатқан қаракөленәкे тәрізді қайран малдың қарасын да көріп қалады. “Неге Бәйге жириен тоқтап көрмейді? Не болды бүгін сорлыға. Әлі күнге табан астынан тоқтап тебер талшық болмағаны несі? Өртеніп пе еді жаздығуні бұл қуарған дала?..” Алтыбайдың қатты қамыққан көңіліне әралуан үзік-үзік ауыр ойлар келеді.

Бейнебір аш айдаңар барлық осы өңірдегі жан иесін өзіне қарай сұық сүмдүк лебімен сорып бара ма? Барған сайын аспан шулап, айнала ысқырып, бір үскіріп, бір ышқынып соғады, құтырына бүлінеді. Сол сорып әкетіп бара жатқан ажалдың, айдаңардың сұық лебі – өлім демі өктеп тұр. Бәйге жирен айғыр сол ажалға амалсыз, тоқтаусыз өзі үмтүліп, ентелеп тартылышп барады.

Алдындағы қалың қостан қалған аз жылқы, қадірлі малға Алтыбайдың жаны ашығаны сондай, кейде тамағына толқып келген өксік сезеді. Кеудесі дірілдей түсіп, күрсіне дем алады. Сүр айғырды тағы да тебініп қамшылап, да-быс салып, алдағы малға жетуге ентелейді. Дәл осы шақта, екі жағынан ағындал, борандатып, көрінер-көрінбес болып бір көк мұнар оза жөнелді.

Алтыбай айғайлап келе жатса да, одан қаймықпаған қалың қаскөй топ шабуылға кіріскең еді. Аты жүре алмай келе жатқан Алтыбай айғайымен сөл ғана сескендіріпті. Болмаса, бұның өзіне тұра беттеген ағынды әлек сел сүр айғыр мен Алтыбайдың өздерінің үстіне ұмар-жұмар ақтарылатын тәрізді.

Борандата, құйғыта мұнартқан екі сел қақ жарылып өте бергенде, Алтыбай тағы айғайын үдettі. Көреген көзі құтырган тұннің тұнегін де, түтегін де жырта тінткендей болды. Жаңағы тың жаудың бар қарасын андал қалды. Жиын саны жиырмaga жуық аш бөрілер. Олар аққан бойында алдағы жылқыға араласа берді. Алтыбай асығып тебінгенмен, сүр айғыр баяғы бір аямен малтыққаннан басқаны тапқан жоқ. “Жылқы қайтер екен” деп Алтыбай топ жылқының қасқыр шапқанда жасайтын мінезін тосып еді. Қасқырды көре сала, қауқары бар жылқы баласы бірігіп үн қосып, шұрылдан кісінейтін. Әлсіздерін, жастарын, тай-жабағысын ортага алып, биелер мен бойдақ жылқылар дөңгелене тұра қап, қасқырды араларына кіргізбеуге қам қылатын.

Айғырлар сол дөңгеленіп тұрған топты айнала шауып жүріп, маңайлаған қасқырға айбар шегеді. Аузын ашып, жер текпілеп, кейде мойнын ішіне алып, жалын төгіп, орт-

қи ойнайды, сескендіре қымыл етеді. Үйірі үшін кейде сол қасқырларға қарсы шауып, қан-жоса болғанша жанын салып алысатын.

Бұгінгі жылқының басы Бәйге жирен айғыр өзге жылдарда, еті барда бар жылқышыға аңыз айтқызып, аюдай алысушы еді. Алтыбай енді андаса, ыққан, қажыған жылқы баяғысынша бірігіп, алысуға жарамай қапты. Тек бірен-саранғана әл жиган қартасын болар-болмас естіліп қалды. Алтыбай жирен айғырдың кісінегені алты қырдың астынан танушы еді. Бұгін әлі біткен жануарда ондай үн де жоқ. Алтыбай дауыстарын таныған үлкен шабдар бие мен жалпақ жирен бие де тек болымсыз дыбыс бергені болмаса, топтың басын құрайтын дабыл салып, қайрат ете алған жоқ.

Қалың топ құтырған қасқырлар, биыл отардағы жылқыны жеуге әбден құнығып алған қанішерлер. Үш ұялас қасқырлар тобы, үш көк шолақ арланына бастатып, ағыны қатты ақ қаншықтарына ілесіп, Бәйге жиреннің тобына құйынданып кеп арапасты. Жылқының дәл осы кезде жеткен жері де бұл малдың ажалын тосқан көрі есепті екен. Бас Жымбаның осындай ыққан жылқыға қатерлі болатын үлкен, ұзын, терен жары бар еді.

Қайрат қылар деген Бәйге жирен алдыңғы тобын тоқтатпақ болып кісіней жүріп, малдың алдын орай бергенде, әлдеқандай бір опқа күп беріп түсіп кетті. Жардың ернеуі мен арғы ойы толған қар, найза бойламайтын обыр, опқының өзі еді. Жирен айғыр жар астындағы опқа салмағымен сұнғы құлады. Аш қасқырлардың ең алдында әукесі түскен қартамыс кек шолақ бар-ды. Бәйге жиреннің артынан сол секіре түсіп, айғырдың жотасына алдыңғы екі аяғымен тіреле қалып, алқымын орып-орып жіберді.

Ажалды шабуылдан қорыққан басқа жылқы, енді өздерін бастап келе жатқан жирен айғыр ыршығанда, жаңағы жардан тегіс ытқып, құлай-құлай берісті. “Не қалды, кім құтылды, қалған жылқы қайда кетті?”, бәрі де Алтыбайға мәлімсіз. Ол айбар шегіп, жар жағасынан сойылын сілтеп

қасқырды шошытпақ боп ұмтылып тұр. Өз жайын ұмытқан. Жар астында жанталасып жатқан жылқысын көргенде, Алтыбай бұл мал бөтеннің малы дегенді ойлаған жоқ.

Қысы-жазы өзінің алдында жүрген, айғайына үйренген, көбінше дегеніне қарай өрген жанды мал, жақсы мал, жылқы атаулы Алтыбайға арызын шағып жатқан ажал үстіндегі достай сезілді. Ол шыдай алмай, сойылын сермен күйде сүр айғырдан атқып түсті. Жар жағалап, аяғын тіреп тұра қалып, ұзын сойылы жетерлік жерде Бәйге жириен айғырды талап жатқан көк шолақты дәл құлақ шекеден табандап тұрып, қасқайта соқты. Көк шолақ сол сәтте тыраң асып, қазір қырылдап өліп бара жатқан Бәйге жириеннің қатарына құлап түсті. Бірақ қасқырдың тобы соншалық көп, олар кейбіреуі опқа түсіп, қабыргалығынан қарға батып, енді дәрмені бітіп, қымылдай алмай жатқан биелерді, аттарды әр тұста жарып, орып, қан жоса қып қырып жатыр.

Жылқы құлаған опқа Алтыбай бірге тұсуге болмады. Ол шамасы келгенінше жағадан ғана айғайын салып, сойылын сілтеген боп жүр. Бірақ алғашқы көк шолақтан басқа қасқырлар сойыл салымға келтірмеді. Жардан түссе, омбы қарда өзі де белшесінен батып, қайрат ете алмас еді. Ал мынау жағада жүріп, айғай салып, айбат жасағанына ыстық қанды татып алған, иісіне масайған аш бөрілердің тобы тоқтар емес, елең қылар емес. Ұзын биік жарды Алтыбай жағалай түсіп, тағы бір жылқының жотасынан басып тұрып, қоңын жүлмалап жатқан ақ қасқырды қарулы қолымен құшырлана соғып, ұшырып түсірген еді.

Осы кезде өзінен жоғары тұста, биік жағада, аты қалған жерде бір арпалыс барын байқады. Енді бақса, болдырып, сілейіп тұрып қалған сүр айғырды бір топ қасқыр алып соғып, тамағы мен шабынан қатар орып, жарып жатыр екен. Алтыбай енді мүлде қарлығып қалған, жыртылып біткен даусымен сыйырлай зекіп, ақырып ұмтылды. Ол қалың киіммен терең қарды ауырлай басып, дәл қастарына зорға дегенде тақап келіп, айбар шегіп, сойылын

көтеріп алғанда ғана төрт қасқыр саспастан сыйтылып, тай-
қи берді. Олар сүр айғырды жарып, өлтіріп те болған.

Енді біразда қасқырлар ағыза борандатып, Алтыбай-
дың көзінен ұзап, жоғалып кетті. Бұл жерде қалған жыл-
қының бәрі де не өлген немесе қыбыр ете алмастай қабыр-
ғадан қарға кіріп, қатып тұрып қалған.

Алтыбай енді андаса, күн батарда Бәйге жирен бас-
тап, мұның үстіне ығып келген жуз қаралы жылқыдан дәл
мынау жерде опқа түсіп, қазаға батқаны – елу жылқының
шамасы екен. Қалғаны кеш бойы Алтыбай жете алмай келе
жатқанда ыққан бетінде бытырап, тарап, бет-бетімен қаң-
ғып кеткен, тағы бірталайы Алтыбайдың өзінің көзінше тұн
бойы жол бойында ұшып, жығылып өліп қалған.

Тұн әлі шексіз ұзак. Боран бұрынғыдан да асқындал,
алай-түлей қалпында түр. Аязды сұық жаяу қалған Алты-
байды енді ат үстіндей емес, қатты тоңдырып, ығын кеті-
ре бастады. Мал болса анау, қалың қос жылқы, талай жан-
ның жүйрік аты, сауын биесі, бауыры құтты айғыры, әр
жастағы бала атаулының үкі таққан, тұмарлаған жүйрік
құнан-бестісі – бәрі де бұдырысыз далада, панасыз күйде
дүлей желдің сүргінінде опқа тұсті. Отқа өртengеннен кем
емес күйік жайда желге шашылды, қарға басылды, өшіп-
бітіп жоқ болды.

Осы боран бір күн емес, екі күн емес, анық сұрапылға
айналып, алты күн соққан еді. Жетінші күні сұық, аязды
күн бұлтсыз жарқырап ашылғанда, желсіз тынық аяз боп
ашылған-ды. Алғаш боран кешінде Алтыбай үміт етіп, көп
шақырған жас жылқышылар Жымбаның жарына жетіп
қырылған малдың қар астынан әр жерде қылтиып қана
көрінген жал-құйрығын, шала желінген жемтіктерін көрді.
Сол Жымбаның биік жарының баурайында әр жерге ша-
шылып түскен Алтыбайдың ескі шидемінің жыртынды
жабағы жүні байқалды. Тағы бір жерде көнетоз ескі етігінің
ұлтаны, жұлынып жыртылған басы, қонышы табылды. Кү-
ләпәра бастырған қара сенсек тымағының бір құлағы да
жақын жерде қар астынан шеті шығып жатыр екен. Отзы
бес жасқа шейін өткізген өмірінің дәл он екі жылын қысқы

отарға шыққан жылқы соңына ерумен кешіп еді. Жылқыға иесінен бетер иелігі бар жайлы күнді, тыныш түнді көрмеген асыл азамат – Алтыбай жылқышы, биылғы ауыр жылдың ішінде ең бір ауыр қаза тапты. Көп жыл баққан малдың амандығын ойлап, бай малының шетінде құрбан болды.

Кейін жаз шығып, жер құрғаған кезде осы Жымбаның жылқы қырылған жарына келген жүргіншілер ойда жоқ өзгеше бір күй көрген-ді. Жымбаның терең жарына Бәйтеге жирен айғырдан соң қатар құлаған отыз шамалы жылқы омбыға сыйылысып, қабырғаларымен тіресіп түскен екен. Осы бір топ жылқы сол суықта тік тұрған қалпында, қарға батып тұрып өліпті. Көктемде, қар кете бере сол жылқылар сірекен күйде қармен бірге шөге беріпті. Буындары қатып өлген топ жылқы, енді қар кеткен соң да тік тұрған қалыптарында сірекен, сыйылысып тұрып қапты. Жар жағалап кеп көрген кісілер шошына сұқтанып, көдімгі тірі жылқының үйездеп тұрғанын еске алысқан. Бұл отыз жылқы тікіген бойда қатып өліп тұрған сүмдүк бір сурет көрсетіп еді. Март ішінің ақ боран, ұзақ лайсаны осындаидай да кер көрсетті.

Биылғы қатты қыстың ауыртпалығы үлкен дерт болып, Алтыбайдың ауылдағы немере інісі Байтұяқтың басына да төнген еді. Ақшоқыда “мал қорасы” дейтін қораның бір бүршішінде үш-төрт үй баспана қып отыратын аласа, қаранғы жер үйлер болатын. Соның бірінде Алтыбайдың кәрі шешесі мен үш жетім баланың анасы Жәрия зарлап қалды. Қатар үйшікте, жертесекте Алтыбайдың ержеткен жақыны, жиырма жастағы қойшы Байтұяқ көптен дерт шегіп жатыр. Бұны да осы сорға жеткізген қатал аяз бен бай малының қамы. Қыс басынан Ақшоқыдағы Ділдөнің қойын жайып жүріп, Байтұяқ ғинуар айында қатты бір боранға үшыраған.

Бұрын “кімім жүқа, байпағым жыртық, етігімнің жұлығынан қар төгіліп жүр” деген жайын бір аязды күні қатты тонып келіп, Ділдөға өз аузынан айтып көріп еді. Мағаш-

тың науқасы есін алған Ділдә малшы жігіттің айтқанын дұрыстап тыңдамаған. “Шешене құздігүні қой терісін бер-гемін, тон илеп тігіп бермесе, өзіңнен көр. Мағашымның уайымы жанға батып жүргенде енді сенің уайымыңды ар-қалайын ба! Қайтып көзіме көрінбе!” деп зекіп, қайырып жіберген.

Бұл шақта Мағаш қалада. Ауылға енді келеді деп науқасынан шошыған жақындары қатты уайым етіп жүрген кез. Ділдә болса, Мағаш науқасы “Әбіштің науқасына үқ-сап барады” деген жақындардың уайымын естіп, ертендікеш қатты уайыммен зар айтып, жылай беретін. Тегінде, шаруаға өмір бойы мүлде бір қыры болмаған Ділдә биылғы жылы “жұт болады, қыс қатты боп кетті”, “мал бағу жаумен алысадан жеңіл емес”, “ер-азаматқа ауыр азапқа, қатты қыспаққа айналды” деген сөздің бәрін елең қылмайтын.

Өз жарасын “бар жан атаулының бәріне бір-ақ қана дерт боп тарасын” деп ойлайтын уайымда да өзімшіл көңіл бар. Әсіресе, малшы-жалшының қайғы-қасіретін, қам-қамырығын ойлап, қиналып көрген кісі Ділдә емес. Олар не ішіп, нені жейді, нені киіп, қайтіп қайрат көрсетеді, қандай көлік мініп жүр? Үй ішінің аш-арығы жоқ па, күйі қалай? – деңгенді өзгелер айтып отырса да, шала тыңдайды.

Жаңағы Байтұяқтың: “Тоным ескі, шекпенім жыртық, далада көбінше тоңып жаураймын да, қатты жел, үскірген аяз кезінде ат үстінде жүре алмаймын. Ұшып қалмас үшін атымнан түсіп, жаяу жүгіріп, бойымды зорға жылытқан боламын. Сонда омбы қар тіземнен асып, қонышыма құйылады, етігімнің жұлдызынан кіреді, екі аяғым домбырып жүргені де бар!” – деген.

Шыдай-шыдай жүріп, бар бейнетін, көресісін бір-ақ жиып, көзіне жас алып отырып айтса да, жылы жауап есті-меген. Соның артынан тағы да талай үскірік жел, ақырған аяз күндері болып өтті.

Ақшоқының қүйқалы адырларының қой жататын қой-науларында әзір малды ықтывратын ақ боран бола қойған

жоқ. Бірақ “ақжорға” дейтін жаяу борасын жүрмейтін күні жоқ. Ол сұық жел, үнемі қойын-қонышқа, бет-мойынға, желкеге ұсақ қарды үйтқытып төгіп тұратын әлең боран-ның өзі. Биылғы жұт қысында, ақжорға ақ боранға айнал-маған шақтарында құндіз-тұн толассыз соғады. Терісінен соққан сұық жел ақжорғамен даланы, сай-саланы ақ ирек-теп, омбы қарға – опқа толтыра береді.

Тоны тозған, тоны жеткен жас денесі әбден арып, қиналып болған жас жігіт Байтұяқтың жаны да соңғы жиырма күн ішінде қападан, реніштен жүдеп-жадап болған. Соңғы шақта арықтап, сүйек-сүйегі айқынданап біліне бастаған жасты ақпан айының тағы да үскіріп соққан аяз-ды желі аямастан алып соқты.

Ымырт жабыла, қоймен ілесіп жаяулай келген қойшы үйіне жетіп, есіктен кіре бере, көрі шешесінің көзінше босағаға қисая, жығыла кетті. Иегі інегіне тимей дір қаққанда, екі көзінен ағыл-тегіл жас та ақты. Бұның сұп-сұық бетін уалаған көрі шешесінің кішкентай құрысқан алақандары қойшының көз жасынан суланды. Байтұяқтың аузы сөз сөйлеуге зорға келеді. Ебі кеткен еріндерімен айтып жатқан сөздері – қарғыс қана.

– Жеттій түбіме, жеттій фой! Бүгінгі сұық өтіп болды. Өлгеннен басқам жоқ, қайран апатайым! Құдай төбеңнен ұрғырлар, жыртық, жалаңаш күйде өттім фой! – деп, бұк түсіп жатып алған.

Қазір Алтыбайдың ажалы мал қорасындағы қаранғы лашықтарға естіліп жатқанда, Байтұяқ та әбден әлсіреп, титіғы құрып болған.

Алғаш ұшып жығылған кештен бастап, ол өуелі қатты соқпа науқасына айналды. Содан айға жуық қиналып жатып, аяғында жөтел науқасқа ілінді. Бұның өкпе дерті біржақты емес, әрі өкпесінен, әрі тамағынан алған. Ишейін десе, азын-аулақ астың жүруі де қыынға айналып барады. Құрт ауруынан Байтұяқтың жас денесі женілгенде сонша-лық күрт құлап, тез жеңілді. Талдырмаш әлсіз бойы, қазір қатал науқас бүріп алған шағында шамдай жанып, шұғыл сөніп, ұсынып барады. Үнемі үнсіз күйде бас жағында оты-

рып жас төккен көрі шешесіне ғана, жар дегенде жалғыз жақыны, жесір анасы Тұлымдыға ғана сырын айтады. Онысы жығылған сәттен бері үзілмеген қарғыс-қамырық. Өзін аямағандарға айтып жатқан жас жанының ызасы мен наразылышы.

Апрель айы туды. Бірақ қatal қыс өлі де қазақ даласына қатты салған шенберін босатқан жоқ. Апрельдің алғашқы күндерінде де қар түсіп, сұық күндер айықпай тұр. Даланың қары ақ жұмыртқа қалпында, өлі кетіп болған жоқ.

Ақшоқыдағы малшылар үйінде отын біткелі көп болған. Сұық Байтұяқты жота басында, ақпан ішінде, қой соңында ғана қинаған жоқ. Енді жер үйде, ұдайы дым тартқан сұық қараңғы бұрышта да тоңдырады. Тығырыққа әкеп тығып, өлі де қалтыратып, жүдетеңді. Сол тоңған, қатқан күйінде, өгей өмірде соңғы деміне шейін бірде-бір сәт жылу көрмеді. Және жылдылық көксеген жас жүргегімен қыршын жас, жазықсыз Байтұяқ жан берді.

Дәл осы күндерде Мағаштың науқасы да оны мегдеп, жеңіп болған еді. “Қатты өлсіреп, тері тарамысына ғана ілініп қалды. Бойсұнып кетті” деген ажал лебіндей сұық хабар оның әр тараптағы жақындарына, туыстарына түгел жеткен. Енді біразда, апрельдің онынан асқан кезде ғана қыс құрсауы жазылып, қар кete бастаған болатын.

Елден аларын альп, бар жерлерде, құлақ естіген төрт тараптың бәрінде қазақ халқын қыра жұтатқан қыс, енді келіп аяқтаған шақ болды. Апрельдің он бесі, жиырмасы арасында Ақшоқы мен Қорықта қар тегіс кетіп болған еді. Сол күймен ілес бүндағы ауылға өрден де, ойдан да жақындар, жан күйерлер андыздап келе бастады.

Келуші көпшілік қыстаудың үйді-үйлеріне сыймауға айналды. Соны аңдаған Мағаштың өке, ағалары, дос, бауырлары енді тездетіп киіз үйлер әкеліп, Мағаш қыстауының қасына қатарлап тіге берді.

Әйгерім өзінің киіз үйімен көшіп келіп, Абай сонда отыратын болды. Ақылбай, Кәкітай сияқты жақын жандар да

үйлерін өкеп тікті. Абайдың айтуымен Дәрмен, Мәкен де отау үйін тігіп, ендігі келіп жатқан қонақтарды осы үйлерде қарсы алатын болды.

Өзге жылдардан ерекше, ерте тігілген бұл үйлер – қызық үшін, сейіл-серуен үшін емес. Күн санап күткен, қауіп бол төңген ауыртпалықтың өзірлігі. Жақында күткен тағы бір қасірет-қазаның қамы.

Ертеңгі күн асыл азаматынан айрылғалы отырған, сорбасқан ауылдың қаралы болатын үйлері осы. Елден ерек, мезгілсіз ерте тігілген жайлар.

Қар кетіп, жер құргай бере, жаяу-жалпы болса да журуғе болғандықтан, енді өткен қыс жұдетіп, сорлатып кеткен көп жандар дамылсыз қозғалысқа ауысты. Азық біткен, отын таусылған, азын-аулақ малы болса қырылған көшпелі шаруа, қазақ ауылдары жұт артынан шұбырындыға түсебастады.

Әсіресе, кедей-кешишік, қалың көптің қуйі өзгеше жүдеу, жадаулықта болатын. Маңындағы малы бар, өлі бар дейтін ауқатты ауылдарға көрі-күртаң әке-шешесін, жас балалары мен әйелін ертіп, шұбырып келгендер көбейді. Қауқары бар азамат қайратын тегін сатып, тым құрса аш-арығын өлтірмей қалуды тілеп келеді. Сорпа-судан болса да талшық дәметеді.

Кейбір жесір қатын “азығы бар” деген жақын ағайында жетім балаларын жаураған, тоңған күйде арқалап, жетелеп алыш келеді. Балапанын аузына тістеп алыш жөнеліп, ажалдан қашырған аналық тілек етеді. Аштық үстінде көрілік мегдетіп, бір үйде жалғыз кемпір-шал болыш қалған қос ғаріп қалтылдап, өбектеп, оты жанған үйдің ошағының басын сағалайды.

Қаңырап қалған жыртық шоқпыт қораны тастан, тентіреп кезіп кеткен ел кедейі: Шыңғыстың тауынан, Қыдырдың бөктерінен Қарауыл-Балпаң, Ши, Қорықты бойлап жаяуладап, ілбіп ерсілі-қарсылы шұбырады.

Әлі бары, ес жиғаны “аштық сонда жоқ” дегенді естіп, қалаға қарай қыбырлай созылады. Кейде жыртық киім,

жүдеу жұзді аш жаяулар бар сахараны басқан сор мен жүдеулік, жоқшылықтың тірі бейне сұлдеріндей. Қазаға ұшыраған қалың елдің ауыр сорының бейне бір көлеңкесіндей, қалтылдай қыбырлайды. Талай жерде жетім қалған балалар жайы естіледі. Кей ауылдың шетінде солардың азы зары таңда ұрып, құлақтан кетпейді.

Күн санап молайып бара жатқан, ісінуге айналған аналар, әлсіз көрілер көріне береді.

Әр сайда теңкип өліп жатқан көтерем сиыр, қатпа түйе, арық ат қанқалары кезігеді. Жар, жырада, қоралар маңында, молалар қасында теңкип-теңкип жатқан өлекселер. Малы болған ауылдардың қораларының қақ қасында, күлтөбенің айналасында енді шіри бастаған жемтік мол. Бірінің үстіне бірі үйіліп тасталған, жүндері ұйпаланып үйисқан қойлар төбе-төбе. Сирақтары серейген, мағынасыз бозарып қараған көздері жарқыраған, толып жатқан үйінді өліктер.

Қыстау-қыстаудың басын дамылсыз қарқылдаған ала қарғалар мен қара құзғындар басқан. Ерте келген қаракүс, ақсары бөктегілер де өлі малдың жемтігіне үйіле қонып дөніккен. Ауылдарында қой малы, қол малы осылайша жұтқа ұшыраған әлді, ауқатты ауылдар жаңағыдай шұбырған кедейлерге мейірсіз, сүйк қарайды.

Құлтөбенің баурайын көрсетіп, өлген қойларының өлексесін нұсқап, кәрі шалға, аш анаға, жылаулар жас баляға ашу айтатын байлар бар. Босып келген кедейлер күнісіз де болса, солардың өздерінің күйігі, шығыны, жұты үшін жазғырып ұрсып, қарғайтын сараң қатын бәйбішелер де жоқ емес.

Талай жылқылы ауылдар қазір май айы туғаннан бері жылдағы тірлігінен мулде бөлек: “тұлдыр құрдым күндер келді”, “сүрені жат жыл келді” деп күні-түні күніренеді. “Үш жұз жылқысы бар бір ауыл қорыққа, қыстауға ендіғана жеткен жылқы болмысын қарсы ала жаяулап шыққанда, он жетіған арық қатпа бие мен саяқтарын санап алышты”.

“Қыдырдағы пәлен ауыл отарға шығарған төрт жұз жылқысынан жиырма үш жылқы алғып қайтыпты”, “Аягөзге мың жылқылық қосын жөнелткен Шыңғыстағы үш-төрт ауыл, жиыны жиырма жеті жылқының келгенін көріпті”, “Шиден қыс басында айдатып, Уақтың жеріне, Керей жеріне жіберілген пәлен қостан елу жылқы келіпті” – деген өңшең өлім мен қаза, ауыр апат хабарлары май айының алғашқы күндері бойында ауыздан ауызға көшті.

Әр қостагы бес-алты жылқышы тегінде, көбінше, бір байдың ғана бақташысы емес. Шағындау жылқысы бар ауылдардың бірігін шығарған, қоспа малының жылқышысы болатыны да бар.

“Шыңғыстың сыртымен, Тобықты жерінің ой жағына, Уақ, Керейге кеткен сан қостардың кейбір жылқышылары жаяу қалыпты” – деп те әңгімеленеді. “Кейбіреуі ертөкымын арқалып келіпті. Тағы бірі көлік жалдау үшін ертөкымын, шидемін сатып, жалғасып, үштасып үйіне жетіпті” – деген әңгіме тарайды.

Сонымен қатар, талай байдың жылқысының шетінде қыстың қаһарлы аяз, қарлы боранында жанын салып, мал амандаймын деп жүріп, сүйкә тоңған, нелер ауыр үсікке шалдықкан жандар көп. Байтұяқтай боп ауыр дерктек ілігіп, төсек тартып жатып қалған, нелер балғын денелі, батыр жүректі атпал азаматтар жайы бай ауылдарында сөз де болмай қалып жатыр.

Халық басына туған осындай ақырет күндер Ақшоқыда тағы бір көптен күткен, құлақтан басып, көндіріп келе жатқан кезекті қазага әкеп соқты.

Киіз үйде таңтеренгі шайды ғана іше бастаған Абайдың қасында Әйгерімнен басқа Мағаштың кішкене екі баласы бар еді. Осылар қасында Әбіштен қалған жетім қызы – он жасар Рахила да болатын. Тұн бойы Мағашты қоршап, күткен дос, туыстармен қатар Абай өзі де күзетіп шыққан. Құдер үзіп, “бүгін бе, ертең бе” дегендей.

Тіл айтпаса да, көңілде сайрап түрған қасірет-хал Абайдың қеудесін от пен уға толтырған. Шайға отырса да,

жүрегі аузына тығылып, кеудеге бір кесек тас орнағандай, бар денені сенделткен қайғы-қамырық бар.

Осыдан он шақты күн бұрын Мағаш өз бойындағы бар қалған қуатын жиғандай боп, әкесімен арыздаса бір сөйлескен. Қорқыныш пен күдіктен еңсесі түсіп, салдырап жүдеп кеткен әкесін аяғаны да болар. Үйді оңашалап алып, Абайдың үлкен алақанын екі бірдей ап-арық, құп-құрғақ, сұп-сұық қолдарымен ұстап, сипап жатып, аз сөздерін сыйырлап, баяу сөйлеп жеткізген.

— Аға... Әбіш ағамды жөнелтіп, Алматыдан қайтып ем ғой... — деп, біраз демігіп жатып тағы сөйлеген. — Ұлы жұз Жамбыл ақын айтқан сәлемін өзінізге жеткізіп ем... Есінізде ме?..

— Есімде, Мағашым! Оқымаған қазақта көңілі даңғыл, тілі жүйрік бір жан болар деген ем. Оны қалай еске алдың?

— Сол айтып еді ғой сізге... Өлеңін әкеп берген ем!.. “Нелер жылаған, зарлағанды өзі уатқан аға, әке емес пе еді?.. Оның қайғысына сол жұрты қоса қамығады... Қасынан табылады... Ерінен айрылса да, елінен айрылу жоқ!.. Қамалаған қарындас халқын ойласын” — деп еді ғой!.. — деген сөздердің бәрін Мағаш ұзақ сөйлеп, үзіп-үзіп айтып болды да, сәл уақыт тұншыға жөтеліп қалды.

Соншалық мінезді, терең ойлы Мағаш әкесіне Жамбыл ақынның сәлем сөзімен көңіл айтқандай. Өзінің қазасы үшін де Жамбыл үнімен көңіл айтты.

Барды түйген Абай сөзсіз ғана бас изеді. Мағаштың қанталап, жасаурап қараған көзіне үлкен жүзімен еңкейіп жабысты да, ұзақ сұйді. “Бар айтқаның жадымда қалар, жарығым!” — деген болатын.

Содан бері дәл қазіргі шаққа шейін Мағаш тек қысылуда... Сөніп бара жатқан күйі бар еді.

Бір сәтте киіз үйдің оюлы үлкен есігі асығыс, шапшаң ашыла қалды да, қызметкер әйел Зылиха жасқа толы көзін үй ішінен жасыра алмай, қорқыныш хабар әкелді. Суық хабар.

— Абай аға, Мағаш қысылып жатыр. Сізді шақырады!—
деп қана қалған еді.

Балалар сүмдүк сезіп, шу ете түсті. Абай орнынан жас баладай лып етіп, атқып тұрып, иығына шапанын жамыла бергенде, дірілдеген бойынан сол кең шапаны тұрақтамай сусып, қайта-қайта түсे берді. Кебісін кие алмай, буындары қалтырап, бар топсасы босап, қазір жалп етіп құлап қалардай.

Әйгерім жүгіріп кеп, Абайды сүйей тұрып кебісін ки-
гізді, иығына шапанын көтеріп, қайта-қайта жауып, өзі де
үркіп жылап тұрып, Абайдың жүзіне көз салып еді, шо-
шып кетті.

Сәтте қартайған, сақалының ағы басып кеткен Абай-
дың жүзі қазір аппақ қудай боп апты. Екі көзі шарасынан
шығып, шатынап барады. Аспандап қарай береді. Әйге-
рімнің зерек көнілі өзгеше шошынды. Мұндай мағынасыз
қызырыстап, шалқалаған көзді Абайдан Әйгерім өсте көр-
ген емес-ти.

Ішінен құпия сыйырлап: “Құдай-ай, сақтай... өзін сақ-
тай гөр! Шалық шалмаса игі еді!” — деп, жаны өртене жал-
барынып, сыйырлап қалды. Өзінің де өні аппақ қудай бо-
лып, қаны қашып, Абайдың артынан жүгіре басты.

Мағаш жатқан бөлмеге Абай келіп кіргенде, науқас-
тың төсегі жанында төне қарап, ентелеп отырған еркек,
әйелдер тез қозғалып, Абайға жол бере берді. Әлі демігін
баспаған қалыпта, шошыған, үріккен күйде Абай келіп, Ма-
ғаштың жер төсегінің жанына ауырлай дем алып, құлай
барып отыра кетті. Көзі әлі де жаңағы Әйгерімді шошыт-
қан күйінде шарасынан шығып, шатынай қарайды. Сол ап-
ашық боп үлкейіп кеткен көздерінен ағып жатқан жаста-
ры кесек-кесек түйіншектей, бидайдай боп төгіліп жат-
кандай.

Әкесі қасына жеткенін аңдал жатқан Мағаш оған қарай
әлсіз ғана, болымсыз ғана белгі берді. Созылып жатқан он
қолының бір-екі саусағын сөл қыбырлатып, жаза берді.
Аузынан Абай құлағына өрен жеткен, соңғы демімен ара-
ласа соңғы сыйыры естілді, анық естілді.

– Аға... Дүние... осы! – деп қана қалған еді.

Сол сәтте Мағаш үзіле берді. Үйдің іші, ауыздағы бөлмелер, одан әрі дала толы, үлкен қыстаудағы барлық жан енді түгел өксіп, айғайлап дауыс айтып, жылай жөнелісті. Жер күніренді дегендей.

Қартаң пішінді, бурыл сақалды еркектер, әжімді ана-әжелер, шиеттей жас балалар – бәрінің қеудесінен: “Мағашым”, “бауырым”, “қуатым”, “ағекем”, “ағатайым” деген жеке-жеке өксік, айғай, зар-нала арасында үздігіп шыққан сөздер бар.

Бұл сөздер қазір көңілдегі шердің, көздегі жастың ғана тілі болған. Айнала дүние егіле, ағыл-тегіл жаспен уланып жатқанда, Абай біралуан түсініксіз күйге түсті. Онда үн жоқ, дыбыстап жылаған өксік, айғай да жоқ. Бір ауыз тырс етіп айтылған сөз де естілмеді. Тек қана бадырайып, шошығандай шатынап ашылған көздерінен үнсіз жастар бүршақтай боп үзіліп-үзіліп, оқтын-оқтын тамып, төгіліп кедеді.

Енді ол өзін біреу сүйеп тұрғызыса тұрады, жетектесе жүреді, қайда апарып отырғызыса жөн сұрамай, тіл қатпай отыра кетеді. Мағаш жаназасына жиылған жұрт ойдағыдан тыс соншалық мол болды. Жетісіне шейін жер күнірек не жылау болып, қалың жұрт ұлардай шулады.

Бұл күндерде ат қойып келген Құнанбай өрен-жараны, Ырғызбай атаулы жылаулардың, жан күйерлердің тобы болып екшелген-ді. Қолдарына ұзын ақ таяқ ұстап, бұкшие жылап тұрып, ат қойып келген жақын мен жаттың адамдарын, бата окушыларды қарсы алушы Ырғызбайдың барлық кәрі-жасы болды.

Алғаш үш күн бойында, ауыл сыртында жаңағыдай ақ таяқтарға сүйеніп, жылап тұратын, ұзын қатар еркектердің дәл ортасында Абай өзі тұрды. Оны екі жағынан Дәрмен мен Кәкітай сүйейтін. Осы қатарда бірге жыласу қарызы болғандықтан, “торқалы той, топыракты өлім” дегенді айтқызыбай орындаған болып, Тәкежан да Әзімбаймен келген. Жуан таяқтарға қеуделерін тіреп, тәмен қарап, тұқырып тұрып қалған.

Абайға жақын жерде және де Шұбар сияқты ағайын да оқтын-оқтын айғайын үдете түсіп, таяғына таянып тұрады. Үйлерде болса, Ділдә бастаған қартаң әйелдер ішінде Тәкежанның әйелдері Қаражан, Зейнеп бар. Ысқақтың сүйкі пішінді қара кер семіз қатыны – Мәніке отыр. Бұл шақта аса семіріп, беті-жүзі өзгеше ірілеп, енді шар тарта бастаған Нұрғаным көрінеді. Осы елдің ескіден келе жатқан салты бойынша көңілқос ағайын алыстан, ат үстінен айғайлап жылап, “ой, бауырымдап” шауып келіп, құлай түседі.

Осындаі келушілерді бір топ жас, жылпос жігіттер алдарынан жүгіре шығып, аттарының басын ұстап, қолтықтап түсіріп алады. Тағы біраз жігіттер жылап келуші жандарды жетектеп, қолтығынан алып отырып, жаңағы тыста тұрған еркектермен жағалай көрістіріп, тегіс қыдыртып өтеді. Еркектер қатарын түгел адактап шыққан соң, жаңағы жігіттер үлкен үйде қара салынып, дауыс айтып жылап отырған әйелдердің бәрінә әкеліп көрістіреді.

Әдette бұл тұста, үй ішінде көріскендерді жағалатып, қолтықтап жүретін күтуші әйелдер, өздері жылап жүрген келіншектер болады. Мағаштың қазасында жылап келуші ағайын өзгеше мол болды. Қазір қыстаудан шығып, жақын жерге ірге аударып көшіп-қонған Мағаш аулында жаңадан тігілген киіз үйлер өте көп.

Бір Абайдың өз ауылдары емес, Ақшоқы, Қорықтағы барлық жақын, көрші ауылдардың бәрінен де қонақ үй, ас үйлер әкеліп тігілген. Әр жақтан келіп, қона жатып, түстеніп аттанып жатқан сансыз көп ерек-әйел, бата окушыларды әрбір ағайын өздері әкеліп тіккен үйлерге жиyrма, отыз кісіден бөліп күтуіне алады.

Сол ретте Қаражан тіктірген, Мәніке, Нұрғаным немесе Ақылбай, Шұбар, тағы басқа талай “жан күйер” дейтін аталас жақындар тіккен үйлер Мағаштың жетісіне шейін қонақтарды үлесіп алып, бөлісіп қонақ етісумен болған. Мағаштың қазасын Ырғызбай, Олжай дейтін аталас, жуан рулар адамдарының қарсы алуы осылай. Әрбір қазаның тұсында болатын қалыптар болып жатыр.

Бірақ осымен қатар Мағаш қазасының үстінде саналы жандарды еріксіз басқаша ойға салатын тағы бір жай анық, айқын көрінді.

Ол осы Мағаштың өліміне қалың ел, жоқ-жітік, көпшіліктің көрсеткен көңіл бейілі еді. Аты бар атымен, асы молы үйімен, асымен келіп жатыр. Ал бұлардан бес есе артық боп жыртық шекпен, тозған тон, көн етік киген өншең жүдеу, әжімді, ашаң жүзді қалың ел де қаптап келді. Бұның талайы Абайға сан жерде кезіккен, әр елден шыққан дос ниетті көп кедей. Ой мен қырда еңбек сауған жатақ, көсіпшілер. Биылғы жүттүң кесірінен соңғы талшығынан, тірегінен айрылып шұбыра бастаған кәрі-құртаң еркек-әйел, малышы-жалшы да көп. Осы жандар Мағашқа тігілген қаралы үйлерге жаяу жылап, шұбырып келеді. Өзге-ге бұрылмай, тек жалғыз Абайдың өзін ғана құшақтап, егіле жыласады.

Қаза болса да, қара көнілі өз мерзімін өзгертпейтін Әзімбай мен Шұбарлар бұл кедейлердің көп шұбырып келгенін ұнатпайды, жазғырып сөйлейді.

“Бұлар да бата оқыған боп, ас пен садақа дәметіп сағалап жүр-ау! Қандай жаны өртеніп барады дейсің!” – деп, сүйк қарасып, кекесін айтады.

Абай болса, шын жылағанда, ауыр қинальп жылағанда тек сол жаяу келген жоқтаушылар мен солардың көздеріндегі аңы жасын көріп, қатты жылайтын. Анығында сол жаяу-жалпы, жоқ-жітік, қалың ел, атақсыз көптің осы күндерде Абаймен жыласуы өзгеше. Барлық аталас, бауырлас дейтін Құнанбай, Ырғызбайлардан мұлде бөлек, бір шын, бір сыр бар. Соны осы жында Абай мен Дәрмен ғана анық андады.

Қалың ел, қазалы жүрттүң шынайы молы, адал тобы бүтін Абаймен шындал жыласады. Оларды үш алуан ауыр, даусыз, дерпті жайлар жылатады. Бұл ел ең әуелі, биылғы жылдың діңкеге тиғен азасы мен қысым қазасына жылайды. Аштан өлген ата-анасы, ісініп жатқан бала-шағасы, таусылып біткен шамасы – бәрі жиылып халықтың шындық жасын егілтеді.

Соны өзге жерде шығармайтын, басқа жанға шақпайтын халық, бүгінгі бір ғана азаматтың азасының үстіндегі айфайлап жылап, нала қып біріне-бірі шағады. Әсіресе, бұлардың іші, жаны сенетін жалғыз жақыны Абайға кеп шағады. Сол ретте тағы да Абайды анық балқытатын бас-қаша сыр мен шын бар.

Көзі жасты, көnlі қаяу жылаулар жүрттың Абайға тағы жаны ашиды. Бар Үрғызбай, Құнанбай жиылып, таяғын таянып, құніренген боп тұрса да, халық олар үшін қамырыққан жоқ. Ал Абай қайғысы үшін қан жылауға бар.

Сонымен бірге бұл жүрт Мағаштың да қадірін біледі. Аз өмір жасап, қалың көптің көзіне көп ісімен көрінбесе де, Мағашта елдің үміті мен сенімі бар еді. Оның кеткені – тағы бір үміт тірегінің кеткені есепті.

Мағаштың қазасын өз басы ауыр уайым ету үстіндегі әрі Абай үшін, әрі жаңағыдай халық үшін аса қиналып ойлаған бір жан Дәрмен болды. Мағаштың науқасы талайдан мойынданып, ойды еріксіз бағындыра көндіріп жүрген дерт еді. Асауды құлактан басып мойыннатқандай, демді құртқан қауіп-қатер болса да, Мағаш қайтыс болғалы Дәрмен үшін дәл осы жалғаның бір үлкен жарымы көшіп, өшіп кеткендей болды. Орнында тек тұнғиық терең қуыс қалғандай. Өз көnlі осыны сезініп, өзгеден оқшауланып, терең налаға батады. Соны тек қана тұнгі үйқысыз күрсінген қамырық арасында жан сырласы Мәкенге ғана айтады.

– Дүние не боп кетті!.. Опасыз дүние!.. Қандай қазаға ұшыраттың бізді?.. Осылай таусылып біткеніміз бе?! Кешегі көркем өмір, кең дүние, солғаның ба, кеткенің бе бұл-бұл ұшып, жасқа толы біздің көздер алдынан!.. – деп, сонша ширығып, шерленіп кетеді.

Осы уайымның көптен көбі және де Абаймен байланысты. Өлген Мағаш пен бүгін өлі мен тірінің арасындағы Абай екеуін бірдей жарадар жанымен мұсіркеп, есіркей толғанады. Сол күйге, Абай қайғысына соңғы күндерде шұбырып келіп, зар-наласын қосып жатқан жаяу-жалпы, аш-арық, көп жылаулар, дос-жар халық қайғысын тағы да

қосады. Оны да өз шеріне шер, уына у қосып жатқан ерекші бір шынның жасы деп сезінеді.

Әзімбай, Шұбарлар ойлағандай шұбырып келіп жатқан жылаулар, көпшілік Абайдан бірдеме алсам, жесем деген жандар емес. “Аяулы жан, көңілің қаяу, көзінде жас түрған шағында мениң де сенен іркер дүнием жоқ. Зарыңа зар қосамын. Берерім сол, әкелгенім соным!”… дегендей.

Абайға ағыл-тегіл жас төгіп келіп жатқан жандарда осындай сыр бар. Шын жақсы дос адамға адам боп, халық ұлына халық боп қаптай келіп қайфы қосты. Осындай боп қалың бір шоғыр кедейлер жыласып келгенде, арада Дәулеткелді де көрінді. Ол еңіреп, құшақ жайған бойда Абайға тақай берे: “Есіл ағатай-ай! Қайран Абай аға-ай! Сені қайтіп қиямын… Осындай қасіретке қайтіп қиямын!” – деп жылаған.

Дәл осы көрісу, жыласу үстінде Абай шұғылынан өзгеше жат күйге ауысты. Ол Мағаш өлімі емес, өз қазасын көріп түрғандай боп кетті. Дәулеткелді бұның өзін өлді деп жоқтаған сияқты. “Шыны сол”, “дұрысы сол”, “рас, мен өлемін, өлмекпін”, “мен өлген деген осы” деп, Абай мұлде өзгеріп барады. Енді оның көз жасы мұлде құрғады да, жылаудан тыйылды. Бірақ өз қазасын, өз бата оқырын өзі үздіксіз көріп отырған болады. Ендігі бар жанға, бар айнала болмысқа ол өтіп кеткен, үзіліп кеткен кісінің көзімен үнсіз ғана қарамақшы. Абай сөзден де тыйылып қалды.

Осылайша өзгерген жан күрт кетті. Ондағы жалғыз елес, үздіксіз ой “ел жылаулар… жұрт зары… Тірлік кетті, өтті. Сол елді жылатып түрған мениң де өтіп бара жатқан тірлігім” – деп бекінді.

Мағаштың қазасын Абай солай таныса, Дәрмен өзгеше өткір оймен, күйік үстінде көреген бола, анықтап аңдайды. Ол Кәкітайға, Баймағамбетке өз андағанын әлденеше рет айтты. Дәрменнің байқауынша, Абайдың ендігі күндері, ой-дүниесі, жүрек дерті бір үлкен сергелден мен сенделу халінде.

Ол өл-ауқатын әкеткен қайғы соңында. Есі кейде бар, кейде ауып, жаңылып кеткендей болады. Бүгінгі жайын бірде-бір жанға айтпайды, атамайды. Енді біразда, Мағаштың жетісін берген соң, жылдағы мезгіл жетіп, ауылдар Шыңғысқа қарай беттеп көшті. Жайлауға қарай тартты. Ақшоқыдағы ауылдар Шидегі, Шыңғыстағы Тобықтының қалың ортасына барды. Тағы да Мағашқа алғаш өткен күндердегі ағылып, төгіліп келіп жатқан жылаулар көп.

Абай тек Дәрмен, Әйгерім, Баймағамбет үшеуінің ғана дегеніне жүреді. Олар киімін киіндіреді, дастарқан басына өздері алып келіп, Абай қазір тіпті аз ішетін асты ұсынады. Үйден алып шығу болсын, бәрін де бұл үшеуі қалай жетелесе, Абай балаша, не бір есі ауған жанша үн қатпай ере береді, көне береді. Ал анау үш жақыны, бар өлемдегі ең бір жақын көрген үш досы өзара Абайды осылай күндізтүні бағып жүріп, сол Абайдың ендігі халінен үшеуі ғана бол сырласқанда қатты қорқысады.

Баймағамбет Мағаштың өліміне отыз күн толған шақта, Абайдың қатты өзгеріп кеткен қалпын Дәрмен мен Әйгерімге оңаша сыр етіп отырып, енді бір білгенін айтты.

Мағаштың өлімінен он шақты күн өткен соң, қыстау маңынан, Ақшоқыдан ұзап көшерде қалың жүрт Мағаштың зиратына барып, қоштасып аттанған екен. Сонда Абай Мағаштың жас балалары мен Баймағамбетті ғана алып, зират басына кейінде барыпты. Жылап жүрген ер мен әйелдерді бейіт басынан тез жүргіздіріп жіберіпти. Бала-лар мен өзі моланың ішіне кіріп, біраз отырады да, тағы бір кезек Баймағамбетке “балаларды алып шыға бер” деп белгі етеді. Содан кейін Баймағамбет балаларды пәуеске-ге отырғызып, тыста тұра береді. Абай жапа-жалғыз, баласының жас қабірінің басында екі сағат тапжылмай, сыртқа шықпай қалып қояды. Кейін, кешке таман ғана моланың ішінен Абай шыққанда сақалы аппақ болып, беті-жүзі күлбеттеніп, бар денесі жер тартқан жандай құр сүлдерімен ғана шыққан екен. Баймағамбеттің енді ғана есіне түседі, Абай сонда ғана бұған бір-ақ ауыз сөз айтыпты.

Баймағамбеттен сол сырды ең алғаш естіп отырып, Дәрмен бір сыр айтты. Мағаш өткен соң он екі-он үш күн болған шақта Абайға тағы бір үлкен толқын соққының өзгеше қатты тиғенін еске алды. Әйгерім мен Баймағамбетке ол да өзі білген құпия бір жайын ең алғаш баян етті.

Осы көктемде, Абайдың өмір серік екі арысындағы, екі үлкен досы Ербол мен Базаралы да қаза болған. Әуелі Ербол сүзек бол жығылады. Сол қатты ауыра бастағанда Базаралы қасына келеді де, он шақты күн өз қолымен күтеді. Үзілген сағатында досының басын тізесіне салып отырып, қош айтысады.

Ел жүдеу, жыл жұтанды, ауыл мен ауыл арасы да хабар-ошардан үзіліп қалған кез болған соң Ерболдың жаназасы көпке жарияланбай, аз ғана жан күйер жиыны атқарған болатын. Дәл сол күндерде Ерболдың қасында отырып, Базаралы өзі де ауырып қалғанын сезіп отырыпты. Өнебойын алып түскен ауырлаған дертін батыр жүрекпен тіс-теніп женип, Ерболдың жаназасын өзі басқарып шығартқан.

Сол күні кешке үйіне келеді де жығылады. Арада үш күн өткенде қызуы асқындалап, өнебойы от-жалаң бол лаулай бастайды. Ауру екенін тіпті жақын ауыл, жан күйерлері де біліп үлгірмепті. Талайдан өлсіреп, солғындағы келген дертті жүрек мынау ыстықты, соқпа сүзектің ыстығын көтере алмай, бар-жоғы үш-ақ күннің ішінде батыр жанды Базаралы өзі де қаза болған.

Бұл жайлар дәл Мағаштың қысылып жатқан шағында болған еді. Абайдың қайғысы онсыз да жетіп жатқандықтан, Кәкітай мен Дәрмен өздері де Абайға білдірмей, өзгеге де айтқызбай іркес түрған-ды. Тек Мағаштың өлімінен он екі күн өткен соң ғана ауыр қаза хабарын екі іні дос – Дәрмен мен Кәкітай амалсыз отырып, оңаша жерде ғана Абайға айтқан еді.

Абай сонда егіліп тұрып еңіреп жіберген. Ұзақ уақыт бойын жия алмай, бар еңсесімен бір тұңғибыққа қарай үмтүлілып, құлай бергендей күрт кеткен екен. Осыған шейін бірталай шақ өз ішінде үнсіз буынып, улы дертпен түйіліп

қалған болса, дәл сол сөтте “соңғы рет айтып қалайын” дегендей өзгеше бір зар шеккен-ді.

– Құп-қу болып, жапа-жалғыз қалыптын! Бақсының моласындај жапа-жалғыз қалыптын. Кімім қалды, нем қалды?! – деп, өзімен өзі сыйырлай күбірлеп сөйлеп кетеді.

– ...Ей, сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды... Мен ішпеген у бар ма!.. Жүргімді көрші міне, жарадан сау жер қалды ма? Мұнша ғазап шеккендей не жазық, не айыбым бар? Қөп көргенің шер кеуденің әлсіре-ген тынысы ма?!. – деп, біраз отырып барып, тағы да бір ауық уланған оймен оянғандай болады.

Абайдың жаңағы зарына шыдамаған Кәкітай егіліп жылап жіберіп, көз жасын көрсетпейін деп үйден шығып кеткен еді. Дертті жанның, оған қадала қарап, әр қыбырын баққан жалғыз ғана Дәрмен қапты. Соған Абай тағы біраз сыр, шер тастап еді.

– ...Жапан тұз, елсіз, жолсыз сардалада жалғыз тұп ағаш өсіпті. Айлар, жылдар, не замандар жасапты. Әрбір көктем күніне үмітін артып, шат қуаты жапырағын жарып, гүлін атыпты... Талай жылдар өтіпті. Әр жылның гүлдері мен дәндері ұшып, тарап кетіп жатыпты. Сан жапырақ сарғая солып, жоқ болыпты. Бір заман сол айдаладағы жалғыз ағашқа жай түсіпті де, жайрапты. Бар бұтақтан, гүл жапырақтан, дән нәрден айрылыпты, ажырапты... Қуарып, шошайып қалған жалғыз ғана қу ағаш көк аспанға тіл қатыпты. Не жазып ем, не сұмдық, не зұлымдық етіп ем?! Біттім міне, тек көк аспан, күем едің, сенен ғана сұраймын. Сорымның да куәсі сен едің – кең көк аспан!.. Сен ғана бір айтшы... Мен өлейін, бірақ, сол сан жылдарда сениң желдерің қуып әкеткен гүлдерім, дәндерімнен үрпак, нәсіл қалар ма?.. Шанда біреу, санда бір сайда болса да, жас жапырағын көкке созып, гүл жемісін жер жүзіне берер ме?! Әлде бір-бір өлкеде, тағы бір замандарда сол гүлдердің бір тобынан саялы тоғай, мәуелі бақ өсер ме!.. Бұтақтарында өнген-өскенді мадақтап құмыр үлбұл сайрар ма! Саясында жас өмір, жана дәурен мекендер ме! –

деп, өзімен өзі шын бір ұлы шабыт, ақын шабытымен ша-рықтап бір барды да, содан соң үні өшті.

Дәрмен Әйгерімге осы жайды айтып өтті де, ең ақырында “Абай ағамның ең соңғы бой жазғаны, сыр аш-қаны сол ғана болды ма деп шошынамын!” – деп, өзі бай-қамай ағыл-тегіл ағып кеткен жастарын жалаң алақандарымен сүрте берді.

Осы бір өзі ғана білген Абай шерін, сырын айту үстінде Дәрмен бұрын аңдамаған, ойы жетіп болмаған өзгеше жайларды енді-енді тереңдеп, кең ұғына бастады. Тегінде, жаңағы жан сөздері Абайдың бұрынғы тірлігінде айтыл-маған, өлі тудырмаған ғажайып сырлы, өзгеше бір өлең төрізді.

Ұлы жүрек түбіндегі ең соңғы бір кенже, таусыншақ асыл туыс па еken! Қара сөзбен айтқаны болмаса, жаңағы Дәрменнің өзі қайталап айтқан Абай сөздері соншалық бір терең, көркем! Бар өлеңнен де өктем бір оқшау өлең фой! Толысып, туғалы түрган терең сырлы сымбат қой. Толқыған теңіз түбінен атылып шығатын меруерттей кесек қымбат дүние фой!.. Осы және Абай кешіп өткен шабытты ақын өмірінің, енбекке толы азamat ойының, ойға толы өмірінің екшеліп келген, сараланған жиын жайы еken.

Дәрмен ойы үзай түсті. Кең шабытпен байқап шолып андаса, Абай өзін ұзақ өмір бойында сол сахараға гүлдер шашқан, асыл ұрықтар таратқан бәйтерекке теңепті. Сонысы дәл фой. Айнымас әділ, анық, шын фой. Осыны және қай кезде айтты? Жай түсіп, соңғы бұтақтары сынып, қу түбірдей жалғыз қалған, жайрап қалған күнінде тағдырына арыз-айып еткендей, өкім айттып өтіпті. Бұл зәулім шынардың ең соңғы қалған үш-төрт жемісті балғын бұтақтары бар еді. Оның бірі – Мағаш. Бірі халқының қадірлісі – Базаралы. Тағы бірі – Абайдың бала, бозбала шағынан осы күнге дейін өмірде бір рет, бірде-бір, сәл ғана қабақ шытындырып көрмеген айнымас досы, бар туғаннан да жақын туған, өмір серік жан досы Ербол еді. Осының үшеуі бірдей сынып, құлап түскен күні жаңағыдай жан жалының атқан еken асыл көкірек!

Дәрмен енді ойласа: “Базаралыға, Ерболға, Мағашқа Абайдың айтқан “қош-қошы” да, достық, аталақ “арыз-қошы” осы. Жаны жылап тудырған жоқтауы да осы екен-ау!..”

Дәрмен осылайша өзі де бір ақындық терең толғауға тұсті. Ақын жанын ақынша шыншыл шабытпен жете та-ныды. Бұның көңіліне Абай енді өз сапарын, өмір сапа-рын тауысып қойған жандай сезіледі де, ол уана алмай, көп жылап, көп егілді.

Абай осылайша бар асыл жандарынан айрылғанын кө-ріп, құніреніп болды да, үғымсыз бір дерктек тұсті.

“Күнім санаулы, мен де жоқпын, дауа жоқ!” – деген екен Баймағамбетке. Қасындағы Көкітай, Ақылбай сияқты іні-бала, жақындар “доктор алғызамыз” дегендеге, Абай сүйк қана түйіліп, бас шайқаған. Мұлде керек етпейтінін білдірген. Бұнда енді тұні бойы титтей көз шырымын алар үйкі жоқ. Күндіз жалғыз-жарым оқыс айтып қалған сөзден бөтен тіл де жоқ.

“Не болды”, “сізге не болды, Абай жаным!” деп, үй оңашада беті-жүзін ыстық жасымен жуып, үш рет, үш күндей оңаша оралып келген Эйгерімге де Абай жауап қатпады. Басын шайқап, Эйгерімді арқасынан сипап, ба-сынан, бетінен аялап қояды. Үшінші рет қана Эйгерімнің жас тамшысы түйіліп тұрған оң көзінен бір рет сүйді. Сейтті де, алақанымен “басқа жайды айтпа!” дегендей ым жасады.

Абай үшін қазір дүние жыртылып, бұзылып, құлап, тозып бара жатқандай. Бұл білген жақын дүние дәл солай.

Халық ашығып, жүдеп, жұтап, қырылып барады. Са-хара жұрты шұбырды. Бұл қадірлейтін “халық” дейтін қалың шоғыр бытырап, ыдырап, таусылып барады. Абай өзі болса, бұның да тірегі сынды, Мағаш кетті. Енді бұл өзі де ортасынан опырылып, құлап, сыннып қалған. Бұның да өзінің барлығы, болмысы бытырап, ыдырап тозып бара жатқандай. Өзінің де бір сипатынан соң бір сипаты күн санап тарап, бітіп барады.

Соған орай бұның бар мүшесі, тәні де солып, семіп, бір қуатынан соң бір қуаты кетіп, тозып барады. Қазір ол көп нәрсені сезбейді. Көп уақыт оның санаасы көп нәрсені түсінбейді, ұқпайды. Сондықтан оған енді үйқы да керексіз, ас пен дәм де керек емес. Ол сөйлемейді, ой да солған. Күлмейді. Қуаныш пен жұбаныш, жақсылық пен жаманшылық, күн мен түн айырмасы жоқ бол тұтасып, мұнарға айналып барады.

Ең соңғы санаасы өзін тағы сұық, түпсіз, лай реңді толқынды судың ішінде сезеді, ол жүзген болады. Бірақ жақында жетерлік жаға жоқ. Тек алыста, көз ұшында, қиядағана өзір бергі бетін түн түнегі басқан, биік қоңыр бел бар. Соның ар жағынан алтын арай, жақын таң, түн түнегін азадай серпілтіп, баяу көтеріп, жеңіп келе жатқандай. Абай бар ойы-бойымен сол асыл арай алыс таңға құбыласындей бой ұруда. Ал жақын дүние сұық, лай, түпсіз тұнғиық бол тарта берсе, бұл өше берді, сөніп, семе берді.

Бір қүйге сайған жаңағы жұмбақ жай оның ең соңғы деміне дейін ой, қиялышан, көз алдынан кеткен жоқ. Осылайша айналасы айықпаған сүр тұман, сұық заман ішінде, ұлы жан дүниеден көшті. Мағаштың қырқын беріп болған күннің өртепінде Абай және қаза тапты. Ұлы кеуденің ыстық демі тоқталды. Шөл даланы жарып аққан дариядай, игілік өмір үзілді. Сонау бір шақта тасты тақыр, жалтыр биік басына жалғыз шыққан, зәулім өскен алып шынап құлады. Өмірден Абай кетті.

ЭПИЛОГ

Осыдан бір жарым ай өткен соң, күз тақап, жайлаудың елі Шынғыстан қайта асып, бауырга қарай үздік-создық көштер созылды. Абайдың туған жері, анасының қонысы, қыс қыстауы Жидебайға пішендік шалғын ұзарып өсіп болған. Маңындағы дала шебі сарғайған. Жидебайға тақау жалғыз қара биік Өртенің төсіндегі көде, бетеге сап-сары жадау жүзді. Өткен өмір ренін, тозған тірлік елесін танытады.

Осы сары төскей өлкенің санадан солған, зағыптырандай болған саналы қайғы-дертін айтқандай. Баяу жел Жидебай бойындағы қалың шилі көк майса шалғынды үнемі толқытып, ырғалтып, ылғи бір жаққа, теріскей бетке қарай майыстырып иілте береді. Шынғыстан соққан үздіксіз қоңыр жел жылы күнде оқынан соғатын жел еді.

Соңғы күндер жансыз, елсіз, мұлгіп тұрған Жидебай бойында бар қозғалыс, қыбыр-қимыл тек сол жел ырғалтқан шөп басының ғана қимылы. Осы Жидебайда кәрі әже Зеренің, асыл ана Ұлжанның бауырында құлын-тайдай қайғысыз, қамырықсыз есken бала – Абай еді. Ол ойнап, шапқылап жүретін тақырлар, ұсақ тастақ төбелер, қалың шидің қоршауында биктей тұрған дөңестер болушы еді.

Қыстаудан күншығысқа қарай созылған құлаберісте, сондай бір кішкене төбешіктің үстінде, жақын заманда салынған биік, кең төрт құлақты бейіт бар. Оның басына Оспан аты жазылған. Жаз ортасынан бері сол Оспан бейітінің қасына және де сандықтап қойған Абайдың бейіті – жаңа бейіт орнаған.

Бұғін осы бейіттің басына өте көп елдің көштері соғып өтті. Көшпен келе жатқан ата-аналар, тай-құнанға мінген балалар, әсіресе, қой, сиыр айдаған малшы, жалшы жалпы жұрт. Таң атқалы көп ел келіп өтті.

Тұс ауа бергенде зиратқа Абайдың өз аулының барлық ерек-әйел, кәрі-жас, ес білген жандары шұбырыды. Ұзақ салқар арбалы, атты, жаяулы халық селі шұбатыла созылып келген-ді.

Үлкен төрт құлақты бейіттің іші кең, сырты көлеңкелі тақыры бар, мол болатын. Осы орындардың бәрін толтыра кернеген жұрт тағы да тегіс егіліп, еңіреп жылауда. Сол жылаумен көп уақыт өткен соң, енді дәл осы сәтте, осы қабір қасында айтылатын анық арнаулы сез, шын зар бірен-саран жақынның қеудесінде туып, айтылатын тәрізді еді.

Көптің жылауы аяқтап келген кезде, зор қоңыр сарынмен бір ересек әйел дауыс айтып кетті. Жұрттың бәріне анық естілген, қайталап айтылған “қос қоңыр, қос қоңыр!” – деген сез.

“Бұл кім? Кім дауыс айта бастады?” – деп, сырттан сұрасқандарға мола ішіндегі кейбір үлкендер сыйырлап жауап қатып: “Зейнеп” – дейді.

Жастау әйелдер арттағы әйелдерге білдіргенде “Молда апаң” – дейді. Зейнеп мұсылманша оқыған. Ол өз жаңынан өте бір ойлы, мұңды, шын шер айтқандай. “Қос қоңыр” дегені – өзінің бүрынғы қүйеуі, мынау жатқан Оспан да, екіншісі – Абай. Зейнептің зары, дауысты тыңдалап қалған барлық жанды үнсіз жас тектіріп, көп жылатты.

Тағы бір кезек Зейнеп үні басыла бере, өзгеше сұлу, салқын, бірақ сондай биік шырқап, тамаша қалқып сорғалаған бір дауыс кетті. Ол жылаған – Әйгерім еді. Абай өмір бойы сүйіп өткен, тамашалап сүйіп өткен саналы сұлу жар. Көп заманнан тыйылып, тоқталып қалған ғажайып әнші өнерін енді айтып болmas арманы мен зарына арнапты.

Бұл жоқтаудың осы отырған халайық естіп көрмеген, болжап білмеген санасы да, қаралы сөні де басқаша. Айтылып жатқан соны сез де өзгеше.

Әйгерім үшін осы жоқтауды Дәрмен жазған еді. Ал шерлі, күйлі, көркем сазды Әйгерім өз жүргінен тудырған. Қазір қалың ел алдында, Абайдың қасында, қабір басында айтылып отырған бұл зар жоқтау ғана емес. Оны жассыз көзбен, аса ашық бапты үнмен айтып отырған Әйгерім, Абайға көп айтатын, күнде айтатын жоқтау қып созған жок.

Ұлы өнер данасына күйлі саздың шебері келген. Жүрек-пен туысқан бір туғаны келіп, өзгеше бір ескерткіш орнататы отырғандай.

Әйгерім айтқан сөз бұл өнірде, бұл шаққа шейін Абай жөнінде өлі күнге қазақ баласы айтпаған сөз. Асыл жардың аузымен халық ұлы Дәрмен Абайға халық атынан үн қатады. Несімен қымбат! Қандай қадірлісі еді халықтың Абай! Оның тілімен зарлы, шерлі аналар жылап еді. Саналы ата, ойлы азамат ой таратып еді. Оның үні мен өрісі бар, үміті бар жас буын жамандықтан жиренгенін, жақсы күнді көксегенін таратып айтып еді. Сол үшін Абай өлген жоқ бүгін.

Өлді деуге бола ма ойландаршы,
Олмейтұғын артына сөз қалдырған! –

деген өзінсің, Абай аға!

“Алтын терек, арсыға құлаш үрған ардақты азamat, сен өлмейсің! Еліңнің жалғыз жан, ең соңғы ұлы ма, қызы ма, ең кейінгі нәсілі бірде-бір жан болса, соның да кеудесінде сенің атың бірге кетеді. Сенің тірлігің бірге жасайды, сенің нұрың бірге жарқырайды!.. Алдың жарқын, өзің солай сеніп ең... Ана жұртың сені өлді демейді! Жарық дүниеге жаңа келіп, шырылдан туғанында осы Жидебайда, осы Ши-Қорықта сені аялап бауырына алған анаң бар еді. Ол алғашқы жалғыз анаң сені ақ құшағы, адал мейірімен бауырына басқан. Бүгін сені одан да ұлы өлмес анаң, ұмытылmas ұлым деп бауырына алады. Алдағы ұзақ дәурен, жарқын заман сапарына сені жүргіне баса мәңгігে ала кетпек! Өлім де жеңбес жан бар. Олар аз болса, соның бірі сенсің. Бұл өнірде өткендердің ішінде ол жалғыз болса, соның өзі

сенсің!” – дейді Эйгерім сазы. Өзі де өшпес, тозбас сөздер Абайдың жас қабірінің басында жиын жүртқа жар етілді.

Раждайып үні бүгін соңшалық өзгеше бол шыққан жаны жаралы өнерпаздың үнімен паш етілді. Бұл саздың сұлулығы, биіктігі күмбездей!.. Көкпеңбек түпсіз биік аспанды қалықтаған аққудың аппақ таза қанаты күн шұғыласына малына алтындај жарқырамас па еді!.. Қасиетті құс ақ қанатын қақпастан қалқып, баяу ғана сұңқылдан толқып, тамаша бір үн салмаушы ма еді!.. Өмірінде бір-ак рет те болса естігенің бар ма?.. Қиялыңды арбаған сұлу көрік есінен кеткені бар ма?!

Қазіргі Эйгерімнің Абаймен соңғы рет қоштасып айтқан күй-шері сол тәрізді болатын. Осымен Эйгерімнің ең соңғы жыры айтылды. Бір шақта Абайды өзгеше елітіп, балқытқан ғажайып күйдің ең соңғы үні осымен өшті.

Эйгерімнің күйі, күйікті жаны, қайта оянбас, қайрылmas өнері осы Абай қабірінің басында, Абаймен бірге өшті де, жоқтыққа кетті. “Абаймен бірге құшағым кетті” десе, Абаймен бірге бұның қеудесіндегі күйді сүйген сүйініш сөнді. Көмейінде сылдыраған күміс күйлі өсем үн сөнді. Ол жаңа ғажайып өнерін өзгеше сөзбен толқыта төгіп, жүртты егілткен шақта Абайдың қабіріне қадала қарап, аппақ бол, реңі қашқан Дәрмен отыр еді. Бұның қасында Дәркембайдың баласы, оқыған жас Рахым бар. Одан әрі – Абайдың бір кездегі жас қонақ достары, оқып жүрген баалар – Үсен, Мұрат, Шәкет отыр.

Дәрмен осылардың ортасында. Эйгерімнің жаңағы даусы айттылып жатқан шақта, өз ішінен Абай қабіріне қарап, үздіксіз бір ант, серт айттып отырғандай болды.

“Сақтармын, қойнымдағы алтынымдай сақтармын сіз қалдыраған дәндерді... асыл ұрықтарыңды...” – деген ой келгенде, Дәрменнің есіне Абайдың ең соңғы терең бір арман шері келді.

Ол кең аспаннан сол дәндерінің болашақ тағдырын білмек бол еді. Енді Дәрмен ойласа, сыр тереңі, арман зары сол екен... Эйгерімді тыңдай отыра, Дәрмен өз ішінен Абай сұрауларына жауап іздейді.

— Абай аға, қадірлім! Ол дәндерің өлген жоқ, жойылған жоқ. Рас, бұл күнде бір араға біткен дүм тоғай болма-сын. Үлкен бақ боп тұрмасын... Бірақ ен дала, мол саха-раның бар бойында ол дәндерің өсіп келеді... Өсе бермек күн санап та жыл санап... Сол үшін де өз өмірімде, өле-өлгенше асыл сөзінді сақтармын, ата тәрбиенді ақтармын, ағажан! – дей берді.

Адал жар жоқтауымен Абай жаңаша жолға өтті. Ол өлмеске қадам басты! Әйгерімнің әні мен соған оралып айтылған Дәрмен жыры – Абай туралы кейін туатын бар өнердің басы еді. Жаңа туған әннен бастап, Абай жаңа туысқа ауыскан.

Осы күйдің қуәсі боп, қазір де Абай қабірінің басына қалың елдің өзгеше көп-көп жаны жиылып қалыпты... Бұлар өтіп жатқан көштерден келген көрілер, жастар, ерлер, әйелдер... Әйгерім мен Дәрмен де, жас оқығандар да байқамапты... Бұлар өз зары, мұны, ойымен отырғанда, сырттарында Әйгерімнің барлық саналы шерін тыңдал, іштей құптап, қалың елдің тобы отырған... Абайдың жаңа бір туысын қабыл алышп отырған халық ата, халық ана осы еді.

**Фылыми
тұсініктеме**



“Абай жолы”

(Төртінші кітап)

Эпопеяның осы төртінші кітабы 1954 жылы жазылып бітіп, 1956 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жеке кітап болып шықты. Содан бері жазушының алты томдық (1956) шығармалар жинағының төртінші томында, 1961 жылы “Абай жолы” деген атпен шыққан басылымның екінші кітабында, он екі томдықтың (“Жазушы”, 1968) жетінші томында, жиырма томдықтың (“Жазушы”, 1980) алтыншы томында, “Абай жолы” роман-эпопеясының (“Жеті жарғы”, 1997) төртінші томында басылды. Осылайша ұзақ жылдық, яғни жиырма жылдай уақытқа созылған еңбек осы кітаппен қорытындыланды. Эр кітап жазушыға бір-біріне үқсағысыз әсер, бір-біріне үқсағысыз киян-қылыш өмірдің толқымалы сәт-شاқтарын сыйлады.

Осы ретте қаламгердің 1958 жылы Тәшкенде өткен Азия-Африка жазушыларының конференциясында сөйлеген сөзіндегі мына бір толғаныстары еске түседі: “Әлдебір сұхбатта: “Көргенді айтайын ба, естігенді айтайын ба?” – депті. Сонда сыншы-тыңдаушы: “Көргенді айт, себебі көрген шын, естіген өтірік”, – дейді. Алғашқы кісі: “Өтірік пен шынның арасы қанша жер?” – дегенде, әлгі сыншы: “Екі арасы тым жақын, төрт-ақ елі. Көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік.

Өзімшілдікпен емес, тек сәтке жаңағы кісіні қостайтындықтан, өз өмірімде көзіммен көрген кейбір жайларыма меңзейін. Алты жасар шағымда үлкен әкемнің киіз үйінде бір күні қағазға жазылған өлең көрдім. Үлкендер әндептіп, бала атаулы өзіміз шырқатып жүрген өн сөзі қағаз жүзіне үнсіз, жым-жырт қонып жатыр дегенге таң болдым. Атам бұл сөз Абай ақын өлеңі де-генде, әсіресе қайран қалдым.

Ералы жайлауындағы бар ауылдарымыз өзі жоқта сөзін естіп, тыңдалап отырғаны Абайға қандай жақсы екен деп ойлап ем. Сол Абай алпыс жыл өмір жасап, өлеңдері тек жазба күйінде,

тек жайлауларда ғана мәлім боп дүние салды” (220-бума, 1–2-бб.) деген еді. Ол өзінің бұл ойын әдеттегі көп сөйлеушілердің бірі ретінде емес, Орта Азия республикалары халықтары атынан арнайы сөйлеген сөзінде айтты.

Сол алты жасында ақынға таң қалған бала енді өзі де дүниенің түкпір-түкпірінен келген бетке ұстар қалам иелерін терең, парасатты толғаулырымен таңданырып тастанды, сол бала өзінің жастық шағындағы білімге үмтүлдірған қуатты әсердің ықпалымен келіп-келіп, “Абай жолында” эпопеяның дүниеге келуіне жалғасқанын аңдатты. Сол тұстағы өмірінің елеулі кезендері осы шығармаға арналды және оның ауыртпалығын да, данқ әпергенін де осы шығармадан көрді. Соңда бұның жазылуы мен аяқталуы арасында жиырма жылға созылған буырқанысы мол қылыш кезендер жатты. Алғашқы кітаптары арасындағы үзілістер заманының кезек күттірмес мәселелеріне атсалысуды қажет еткендіктен туындаса, мұнда қалай жазудың жоба-жоспарын қарастырып жүргендегі үзілістер өз кезіндегі идеологиялық ахуалдың олқылы-толқылығына байланысты болды. Эйткенмен, басқа жұмыс, басқа мәселелерге көп аланадамай, соңғы кітапты тезірек аяқтау мақсатымен уақытының көбін осыған арнады. Сол мақсат, сол ұстаным 1953 жылдың 28 қыркүйегінде қолға алынған жұмысты келесі жылдың наурызына жетер-жетпесте аяқтатқызыды.

Осы кітабы үшін қала жағдайына қатысты деректер жинауына тұра келді. Соңдықтан қаланың жай-жағдайын, ондағы белгілі адамдар мен Абайды да жақсы білетіндердің көбімен сұхбатты. Бұның барлығы қала тіршілігін арқау етуден, соның ішінде қалаға жайылған оба індептің ауыртпалығын көрсетуден бастауына мұрындық болды. Осы деректерде есімдері аталған Сармолда (Хисамиддин) Абайдың шәкірт кезіндегі мұддарис (халфеге жақын деген сөз) болған. Бертін келе оның шәкірттері молаяды. Олардың ішінде Хасен хазірет, Мәлкаждар кари, Медет, Әшімқожа бар. Тағы бір шәкірті Ахметжан Тінібай мешітінде істеді, одан кейін Ғабдышүкір болса, Ахметжан, Сармолда секілді үлкен молда қатарына жатады.

Сармолда заманында Құнанбаймен де мәжілістес, сұхбатас, ой-пікір сөзде қағысып қалған кездері болған, бірде ол Құнанбайдың соқырлығы жөнінде жайсыз бір сөзді байқамай атып қалғанда, Құнанбайдың: “Молдеке, менің ғайыбымнан

сенікі үлкен еken, кітапқа қара”, – дейтіні бар. Сонда оның мәнісін түсінгенде ғана барып Сармолда: “Апырай, әлгі соқыр пөле еken. Менің қасым қосылып кетіпті, өйткені ол сәждеге бөгет, Құнанбай соқыр да болса сәждеге бас қоя алады”, – депті. 1903 жылғы қалың өртте Сармолда үйінің өртенбей аман қалғанын қала адамдары оның молдалық қасиетінен көреді еken. Жазушы осы Сармолданың аузына қала байлары мен даладан келген Оразбай жақтастарының алдында оған қарсы өртедегі араб ақыны Әбуғала әл-Мағридың:

“Фәиннәл үсідә тәтбағұла зихабен,
Уәғұрбәнен фәмән ғұррен, уәғұр жөн”, –

(Арыстан жүріп өткен ізben ақсак, соқыр бөрі де, қарға-құзғын да ілесе жүріп азық айырады) деген сөзін салады. Қаламгердің ауызға алып отырған әл-Мағриы “Әз-Зайд” (“Жалыннан ұшқын”, “Әл-лузуммият” (“Міндег”) деген кітаптары мен көптеген философиялық трактаттарын қалдырган белгілі ойшыл ақын. М.Әуезов бұл сөзді түпнұсқасында оқи отырып пайдаланды және мыналар сияқты көптеген ойлардың қазақша нұсқасын қағазға түсірді:

1. Иманың болса қас қылма. Иман мен қастық арыстан мен оқ сияқты бір орында тұрыса алмайды.

2. Құнәдан, файыптан жаның сау болса, өлімнен қауіп жоқ.

3. Ораза ауызды тамақтан тыю емес, тілді жалған сөзден тыю.

4. Кісінің сыртына қарап адасудан сақтан.

5. Өлім – әрбір жайдың шипасы, әр бәленің дауасы екенін ақыл андады.

6. Әрбір дем адамды туған заманынан алыстатып, ажалына жақын етер.

7. Ант ішейін, Мірдің тауларына жан бітсе, дүниеде бір тау орнында қалмас еді.

11. Қатынның сұлулығы аз болса, айыбы да аз.

13. Қандай патшалар құнәлар, асылықтар, сүмдықтар, бәлелер жасап жүрсе де, топырақ астына көміледі.

16. Заманға ешбір уақыт менен бәленді ал демеймін. Не тілесе де ісіне сын – өйткені заманың қаттысы мен аңысы барабар.

22. Нелер шашы ағарған, таспиқ тартқан пірлер де зинаға батады.

23. Дұние бір дәрі ғой, тірілердің ақылы болса, өлілерге жыламас болар еді.

24. Қазадан сақтанам деп темір киме, өлім – темірді де же-мірер.

26. Заман нығметіне қызмет ететін қатындардан шөлдерде ашы қекпек жеп жүрген түйекұстар тазарап.

27. Ей, менің бәденім! Жерге көмілген соң шірігеннен қорықпай-ақ қой.

28. Менде жок бір жақсылықпен мактау айтса, құдайшылыққа ол мені мазақ еткені” (29-бума, 15–16-бб.).

Бұл да шексіз оку-ізденістерінің ішінен кәдеге асқан бір ғана мысал көрінісі, осы сияқты шығарма өзегіне жол тапқан қаншама желі, із-белгілер терен үңілулерге жетелейді. Ақынды шығармада өмірлік-әлеуметтік, философиялық, тарихтық мәселелер туралы толғаныстарға барғызыған кезде шығыстың да, ба-тыстың да ақыл-ой қазынасымен еркін сырластыргандай дең-гейде көріндірді. Оның шет жағасын дін адамдарымен, олар-дың білікті, білгір деген өкілдерімен сұхбаттастырып, пікір та-ластырган кезінде жайып салды.

Жетісуда қызметте жүрген Әбіштің науқастығы жөнінде хабар Абайға жеткенде, қалаға Көрім Мауқы баласы дегеннің үйіне барып жатады. “Оның науқасы күшейді, нашар халде” – деген телеграмма алғалы одан үйқы да қашады, тамақ ішуден де қалады. Ақынның осындай халін естіген Жуантаяқ Башпай мен Назарбек деген кісілер қой сойып, жылқының семіз қазы-сын алып, ол жатқан үйге келеді. Башпай: “Абайжан, біздер бір тағам әкеп едік, басыңызды көтеріп ішуге болар ма екен”, – дегенде: “Болады, ақсақал. Сіздер әкелген дәмді жейін. Қане, Башеке, өзіңіз жақсылап, үлкен жапырақтап кесіңіз”, – деп, етті жеп бола берген кезде Айтқазы келіп, Мағашқа сегіз рет тел-грамма бергенін, бірақ хабар жоқтығын айтады. Абай: “Өледі Әбдірахман, сондықтан оның есі кірмей отыр”, – дейді.

Осы Айтқазы Мағаштың бір қысыр ат берген қалындығы Болман қызды алып қашып, қашан іс аяғы басылғанша, ел көзіне көрінбей, олай-бұлай кісілерін жұмсап жатады. Дүтбайға бар-са: “Мениң қолымнан келмейді, өзін біл, бірақ Абай түбі тұқы-мынды құртпай тынбайды, соған сақ бол” депті. Олардан қа-йыр болмасын көрген соң кісісін тікелей Абайдың өзіне жібе-реді, сөйтсе: “Уақтың қызын Көкше алды, менің ақым не”, –

депті. Қызбен ақылдаса келіп, араға Қаракесек Қазанбай дегенді салады, бірақ ол Абайдың сұрақтарынан жаңылысып, түк те сез айта алмапты. “Әй, мен Қаракесектің алжыған шалын алған түрімді қара, жаңылысқан екем, айда тарт!” – деп, үйіне барса: “Менің пәленбай мың жылқым бар, малымды үлесем. Жалғыз балам Медеуге өкіл ата болсын, бала боп туыссын, осыған жайы бар ма?” – деген Оразбайдың сөлемін Тасболат Әлпейім әкеліп отыр екен. Тағы бір тапсырмамен барған Мадиярға Абай: “Айтқазының 2800 үйі бар, бір кісі сияқты жігіт ертпесе несі кісі. Мағаштың ағаттығын бір кешсем, сенікін де кешермін. Мына қағазға пәлен сағатқа дейін қол қойғызып әкел, әкелмесең, онан соң мен дүниеде бар болсам да саған жоқпыш”, – депті. Сондағы айтқаны Шериаздан мен Рақыш, соларға барып қол қойғызырады.

Оразбай алдымен Абайдың жақындарын, соның ішінде Тәкежанды да шырғалайды. Оның үйіне келіп, түстеніп отырып: “Ібырай Құнанбайдың баласы емес, қажы халыққа тең болатын, ез басына жинамайтын. Ібырай осы топқа бармасын, барса бүлік болады”, – дейді. Оның түпкі ойын, мақсатын түсінген Тәкежан қарсылық білдірмейді. Абай кештетіп сияз болатын жерге жетсе, Бекенші, Жігітек, Жаман Тобықты бірыңғай болып, Мырза, Жөкен бірігіп, Қекше жалғыздық қалпында отыр екен. Қызыладыр болысы Әбен орнынан айрылғысы келмейді. Егер ұлықтың алдына кірсе, тіл тауып кетеді деп, Оразбаймен ақылдаса келе қол қимылын іstemекке бекінеді. Абай ертеңіне ұлыққа жолықпақ болып отырғанда, сау етіп кіріп келген бір топ кісі сөзге келмей, ондағының бәрін қамшының астына алады. Қекбай қашып шығып, атқа міне шабады, әрең құтылған Кекітай да оязға хабар айтады. Стражниктер мылтық атқандаған барып жанжал тыйылады. “Есімде бары, Әбен мен інісі қамшыларын көтеріп, “аузынды пәленше етейін, қара тәбет, соңымнан қалмай қойдың ғой”, – деп, бір-екі салып қалғанын, үстіме біреулердің жығылғанын, жан-жақтан түрткілеп жүргенін білем. Өлмейім деген ойым жоқ еді, ояз айықтырып алды. Есімнен адасынқырап қалған екем, басып тұншығып қаппын”, – дейді. Сонда үстіне жығылғандар көп болыпты, алдымен Жаман Тобықты Соғының Уайысы Абайдың үстін бүркеп жата қалыпты, Әбен де Жаман Тобықты, соның ішінде Таз деген аз ата. Қоңыр-кекше болысы болып тұрғанда Абай Жиреншені өзінің біи,

Шымырбай, Күлембай, Оразбайларды қарсы би еткен. Солардың ішінде Әбенниң әкесі Тынымбай да бар.

Опыр-топыры шықкан үйлер қайта тігіліп, ұлықты күтіп отырысады. Сонда ногай Үбырай Абайдың қасынан кетпейді, осы жэйт мұңайған Абайға: “Жаман достан жақсы дүшпан артық” – дегенді айтқыздырады. Үзіліп түскен түймені тауып алған Сейітхан: “Мынау Абайдың түймесі болса керек” дейді. Ол Абайдың өні жүдеп, бойы кішірейіп кеткендей көрінгенін айтады. Сонда күйініп, намыстанып жылаған Үрсайға: “Ей, Үрсай ағай, босқа жылайсың ғой! Тәкежан екеуің тірі тұрсан, бұл маған түк емес”, – дейді. Ол кезде Абай Тәкежанның ой, ниеті қарсы жақта екенін білмеген, бірақ ол көп өтпей жария болып қалады. Оразбайдың Тәкежанға жіберген кісісі ұсталып, сыр ашылып қалады. Сонда ғана бар жайды үғынған Абай: “Бұл елде тұрмаймын! Кетем! Маған ұстап беретін жөні бар еді! Астыртын тілдесіп отыр. Жауым арылған жоқ, мұнда, іште екен” – дегенді қатты ашууланып, айғайлап айтыпты. Қасына Тұмабайды ертіп, батыстағы Буратигенге қарай қатты желіспен жорта жөнеледі. Тұмабайлаған дауысқа қараса, қуып жеткен Ысқақ пен Шәкәрім екен. Жауып тұрган жауыннан Абайдың кебісінің басы суланып, тамшы тамшылайды, олар қайтып келсе, ел Абай үйіне кетті деп тарап кетіпти.

Осыдан кейін Мағауияны болыс, Ақылбайды кандилат қоюып, үш шербешнай бойында биге женіп, Оразбайларға есе бермейді. Болыс сайлауында бидің бәрін Абайдың өзі атайды, елубасыларға: “Осы сайлауда бидің бірде-бір шары ауыспасын, бірде-бір тасы қате түспесін, тасын ауыстырган елубасы болса, менің осы ісімнің ауыртпалығы соның басында болады”, – дейді. Осы жылдары Семейдегі қысқы шербешнайда Шәкәріммен аралары өкпелеседі. Сонда Омарбек Медеу мен Мағашты татуластырып, 100 түйе құн төлейтін етеді. 500 сомды Әбен береді де, 40 түйені Жігітек пен Бөкеншіге төлөттіріп, Оразбай өзінен түк бермейді. Сонда Кішекендер: “Өзінен төлемеді, бізге төлөтті”, – деп, Бейсембі бас болып, қайтадан Абайға келіп табысады. Осы кезде Жиренше бірді бірге шағыстыру, астыртын сыйыр-сыпсың болмаса, Абайға қарсы ашық әрекеттерге бара алмайды. Өйткені ол өзінің жеті-сегіз жұз, әкесінің екі жарым мың жылқысының жайын, оған қоныс табудың жөнін ойладап, жұртқа жорғақтап кетті дейді. Ал Тәкежанды да қол қайратын

істеп жібер дегенді айтпады демесе, Оразбайға қарсы шықпады дейді. Бұл кезде Қаражан мен Байғұлақтар өлген, өйткені осы тұстағы жиындардың бірде-бірінде олардың есімдері атала майды.

Қалаға кетіп бара жатып, Әзімбай сөлем бермеккे Абайдың үйіне бұрылады. “Бірігіп әрекет етіндер, бір жерден шығындар”, – деп кенес береді, сонда Әзімбай: “Ұлжан болсам екен”, – дейді. Абай: “Ұлжан талтайған қатын ғой, Құнанбай болсам десенші”, – дейді. Әзімбай осы сөзімен Шәкәрімді шеттеткенін сездіреді. Осы тұста Мағаш, Кәкітай да келіспей қалған. “Өмірі арамызға сыйат түскені сол еді”, – дейді екен. Абайдың “бірігіп әрекет етіндер” – деп отырғаны сол.

“Абайдың тұстас адамдары” деп мыналарды көрсетеді:

1. Сарбас – Абылгазы тұстас.

2. Бейсембі, Әбділда, Жабайдың Бікейі.

3. Хасен, Бүкен, Топай Беркімбайдың баласы Базарбай, Бұркіт, Бұркіттің бір нәсілі Матақ. Матақ Абай тұстас. Беркімбайдың бәйбішесінен Әбділда, Жанділда, Базар. Кенжехан Құлкемен бір туысады. Бейсембай Жәнібек баласы Оспанмен дос. Топышбектің әкесі – Дәркембай.

Абайдың тұсындағы бес болыс Тобықтының адамдары:

1. Үрғызбайдан: Тәңірберді, Мұхаметжан.

2. Көтібактан: Жиренше, Баймырза, Айғожа.

3. Торғайдан: Матақ, Байділда, Бейсембай, Қазыбай, Омар, Рахымберді, Кенжехан.

4. Топайдан: Байтөре, Садыrbай, Наданбай, Мұнсызбай, Кенжеғұл.

5. Сақтан: Қаражан, Бейсембі.

6. Бекенші: Байорақ, Қыздар, Берікбай.

7. Әнеттен: Қошен, Орман, Сағындық, Әкежан.

8. Қарабатырдан: Төлепберді.

9. Мамайдан: Тезекбай, Тарпанбай, Мұсабай, Кемелбай, Күйісбай.

10. Мырзадан: Дүйсен.

11. Бекеншіден: Құнту, Ербол.

12. Кекшеден: Кекбай, Дұтбай, Алатай.

13. Жігітектен: Базаралы, Бейсембі, Бұланбай, Арыстанбек, Тойшыбек.

Осы адамдардың бәрі бір-бір руды билеп, әрқайсысының ұрандары болған” (29-бума).

Осында аты аталған алпыстан астам адамның барлығы бірдей шығарма кейіпкеріне айналған жоқ, шығармаға жол тапқанда-рының жалпы жиыны он бестен аспайды. Соған қарағанда, белгілі деген кісілердің өзін іріктең, бәріне бірдей тоқтала беруді шарт деп білмегендігі көрінеді. Осында Бекеншінің екі жерде аталғандығы, солардан шығармаға енгізілгені Ербол мен Күнтуғана екендігі көрінеді.

Сол тұста Абайдың жиі араласқан тағы бір топ адамдары бар, олардың ішінен Шәке Әлі баласын (Бесқарағай болысы, түбі Бәсентиін), Берлібек (түбі Терістаңбалы, Өскемен уезі, өзі жас, жас та болса Абаймен сұхбаттас), Дұзбембет Бескемпір баласын, Семейтау болысынан Шалғымбай Шоқабай баласын атауға болады.

Уақтар Тобықтыға Құнанбай заманында өтіп кеткен жерлерін қайтарып ала бастаған кезде: “Уақ Арғын болды, Арғын әркім болды” деген мәтел шығады. Осының бәрін Ірбіт, Тұмен жандаралдарымен істес дейтін Нұркө істейді. “Бұған тоқтау, бөгеуілді Абай қоймаса, басқамыз ештеңе істей алмаймыз”, – деп, оны Жалпаққа шақыртады. Олар Обалы, Қоғалы, Қаракұйық, Теріскүдық, Білде, Шолакеспе сияқты көптеген қоныс өлкелерді қайтарып алып қойған. Ишінде Ысқақ бар – Оразбайлар кісі аттандырады. Уақтан кісі өледі, оның ақыры үлкен дауға ұласып, Оразбай, Ысқақтар пара беріп әрең құтылады. Нұркенің жері Семейге жақын Мұқыр өзенінің бойындағы Жалпақ, оның Жанғазы, Серғазы деген балалары болған. Серғазы:

“Бастығы Слабодка – Нұркө болыс,
Ен Жалпақ, Қамал аулы болған қоныс”, –

деген сөздермен басталатын кітап шығарған. Жалпақтағы жиында Нұркө үйге кіре бергенде, Әшіrbайдың Оспаны деген әдейі байқамаган болып, желкеден түйіп, құлатып жібереді, “ой, бұның не, кісіге соқтығып?!” – дейді. Бұл өңірде Үдері, Дұзбембет, Бөлен, Малтабар деген де байлар болған. Малтабардың түбі Керей, оның көп малы осындағы Аңықұдықты мекендейді. Абаймен де, Қекбаймен де аралас-құраластығы бар Әлпейімнің ол жөнінде “Бес жуз тенге жастанған, жынды бола бастаған” – деген сөзі де бар.

Бұл қалада қырдан, соның ішінде Шыңғыс атырабынан да келіп, саудагерлікпен, өзге де көсіппен айналысып, тұрақтап

қалғандары көп, олардың көбін Абай жақсы таниды, соның бірі Көтібақтан шыққан Жарасбай туралы:

“Іші – тері, сырты – жұн,
Қой терісі – сабасы.
Жарасбайдың тұрғаны –
Слабодка қаласы.
Бес ешкіден мал жиған
Көтібактың баласы” –

деген өлеңді біледі. Осы секілді саудагерлер мен байлар кедейлерге несие береді де, одан үстеме өндіреді. Осы несиенің қайтарылуын “Финуар”, “Имампос” деп атайды. Бұлардың қарапайым жандарды құтылмастай қарызға батырып, көп шығынға ұрындыратыны жій болады.

Қаланың іші-тысы, айналасындағы елдердің хал-жағдайларын білумен қатар, сол кезге тән киім киістері мен заттық дүниелері де көрініс береді. Абайдың жас кезімен салыстырғанда бұл уақытта даланың байланысы, алыс-беріс, барыс-келісі өлдеқайда күшеген, қала мектептерінде оқитын балалардың саны да артқан. Осыған байланысты деректердің ішінен мына-лар оқшауланып көрінеді.

Балалар:

1. Рахым – 18-19-да, 80 ж.
2. Асан – 5 кл. Гор. уч., 14-те, 85 ж.
3. Үсен – – // – // – 12-де, 87 ж.
4. Нығмет – – // – // – 12-де, 87 ж.
5. Жолан – 12-де, 87 ж.
6. Сейітов Аскар – 9-да, 90 ж.
7. Әбенов Мақсұт – 9-да, 90 ж.
8. Сейілов Шәкет – 8-де, 91 ж.
9. Жәбікенов Мұрат – 8-де, 91 ж.

Молдалар:

Ғабдулжаппар, Әшімқожа хазірет
Жамаладдин, Ахметжан хазірет
Ғабдыразақ, Мирқұрбан
Мәлкаждар

Халфелер:

Зәкен, Ғабдышүкір
Көлбай, Самұрат мәзін
соқыр қари, Шәкіржан
Юнус халфе

Байлар:

Татар: Уәли	Қазақ: Сейсеке
Ыңқақ	Хасен
Шериаздан	Тілеубай қажы
Садық	Тұбек
Икрам	Болажан
	Бакия қажы

Оқыған қаратаяқтар:

Әзімхан Жабайханов

Сақып Сақбаев

Сарманов Данияр

Нұрқанов Қыдыр

Самалбек Доспанов

Баспақов Бәшір

Саудагерлер:

Есберген, Саудабай, Жәпек

Қодыға, Салмақбай, Әліпбек

Қайнаrbай, Сағындық, Білембек

Төлепбек, Дәүлеткелді, Сақ

Рымжан, Ақшолак, Құсақ

Қоңыrbай

Медреседе оқып жүрген Ниязбек (Жекен) Абайдың келгенін естіп, сәлемдесе барса, өзінен не оқып жүргенін сұрайды. “Наху” дегенде: “Жынды болуға аз-ақ қапсыңғой”, – деп, еңбек етуге, егін салуға кеңес береді. Медресенің шәкірттерінің бас-аяғына қарап тұрып, “бейшаралар елді бұзды-ау, өзі әлі түк білген жок”, – дейді. Сәлем бере келген Көкбай насыбай сұрағанда бір ауыз өлең айтуын өтінеді. Ол:

“Ханым – сен, қарашың – мен басыбайлы,
Қызыл су Шарға құймай басылмайды”, –

дей бергенде, Абай “тек!” – деп қалады.

“Ханым – сен, қарашың – мен басыбайлы,
Хан мен қарашы жасымайды.
Құмартып осы күзде бегірек келдім,
Әкелші, Абай аға, насыбайды”, –

дегенде, “Өй, жаңа түзелді”, – деп, насыбайын ұсынады. Бай-ғұлақ баласы Ермғанбет (Ерімпұшық):

“Үйінің бір жағы ор, бір жағы жар,
Өз үйінде аш едің, пейілің тар.
Моладан құлап өлген Мантайыңды,
Келтір деп кеткен Тасекеңнен не хабар бар?” –

дегенде, Әлпейім: “Сенің өлген Жуантаяғыңнан телеграмм кеп жатыр ма, антүрган пұшық”, – дейді.

Абайдың қарқылдаپ құлмейтінін, қықылдаپ, көзінен жас аққанша құлетінін, біреудің жайын әңгіме етсе, ол соның түсіне салып, бар денесімен ырғалып көрсетіп, артистерше қозғалыстар жасайтынын айтады. Тәкежанның боктампаздығы, Дүтбайдың ашуланшак, ұрысқақтығы жөнінде айта келіп: “Балаларға ақылын бермейді, ашуын береді, оған бала ашуланады, ақылын үға алмай қалады” дейтін ақын, өзі бала-келіндеріне алдын кең ұстапты. Содан да ол “Қажының алды тар, сондықтан малшыжалшылар аузына келгендерін айтқыш болған”, – деп, өзі ол жағына мейлінше кең болуга тырысады екен. Ақылбай қызына құда түсе келген наймандарға оны көрсетпей оңаша ұстағанда: “Бала қызық көрмек керек, қасына берсін”, – дейді. Ал өзі құда болып келіп отыргандарды:

“Есіктің алды тастақта,
Тастақтың алды баспақта”, –

деп, әңгімеге тартпақ болғанда, солардың ішіндегі бір қу шал:

“Атасы басқа жау женге,
Күйеудің қасына тастап та”, –

деп іліп әкетеді. Осылайша әрқиылды ой, сөздердің тууына себепші болып және реті келген жағдайды бос жібермей, өзі өлеңге айналдырып отырган. Осындай тұрғыдан Оразбайға да өлең шығарған. Ол алпыстан асқанда пішенші Арық Матайдың қызын алыпты, соны естіген Абай:

“Ән салайын арарай,
Әнім қалмас жарамай,
Арарай, арарай!
Арғы затым Тобықты,
Даңқым шыққан Оразбай!
Оразбай деген ер екен,

Сегіз қырлы сері екен,
Айттырғаны бір байдың
Он бес жасар қызы екен.
Шымылдық құрды оң жаққа,
Шыбын қонбас балдаққа,
Көр болып шалға барғанша,
Алсаши құдай оң жақта.
Оразбай отыр тақылдан,
Қызы келмейді жақындан” –

дегенді айтыпты. Боранбайдың асына Абай кешігіп барса, Дүйсен бастаған бір топ Мамайдан кеткелі жатыр екен. Олардың бұл қылығын ұққанда Абай: “Шал-ау, шешенеңің атын ұмытып қапсың фой”, – депті. Сонда шал: “Қоңыр, Қоңыр”, – деп айғай салады. Содан кейін аста жан қалмай тарарап кетеді.

Он екі жасынан бастап Абай қолында тұрған Көкітай оқуды Абайдың өзінен оқиды, оны он төрт жасында Әкімбайдың (Абайдың қайтыс болған баласы) қалындығына үйлендіреді. Ыскәқ Тектіні Құдайберді өлерден бір ай бүрын алады.

“Біреу кісі өлтірсе, керуен тонаса, елді қүйдірмесін. Кімде-кім өз кінесін өзі тартсын, жетсе малын берсін, жетпесе қыстауын, жерін берсін” – деген ережесін дау-шарларда Абай өзі қолданыпты. Мәлкаждар мен Әбдірахман қариларға Семейдің бір саудагерін айтып, “иманды ма?” – дегенде, олар үндемей қалады, сонда өзі “не біреуге пайдасы жоқ адамды иманды деу-ге аузым бармайды”, – депті.

Мадияр, Мұхаметжан, Әжібай арасындағы астық дауын естігенде, оларды өзіне шақыртады. Мұхаметжанға: “елді бұзбағын, бұйырам” деп ұрысқанда, ол: “Ойбай, құдай! Өзін біл дегесін ал деген екен десем” депті. Күнту түсін айтып: “Мен өлем, Дұтбай да өледі”, – дейді. Абай да Кәмешке көрген түсін өзі жориды: “Түсімде төрт кісі шақырып алып кетті. Үш айда өлем-ау – үш белден астым, үш ай сол”, – деген. “Қысыр сауған жылы жазғытұрым Мағаш ауру болды. Мағаштың қасында боламын”, – деп, Ақшоқыға кетіп қалды. Майдың 12-сінде Мағаш өлді. “Мағаштың өлімі ерлік пен ездікті сынайтын өлім фой. Ез күнде өледі, ер бір күнде өледі”, – дейді Тәкежанға. Ол өлгенде аулы Балашақпақта болады. Баяғы Құнанбайды Көкүйірімнен Ақшоқыға алып барғаны сияқты, Абайды да Балашақпақтан Жидебайдағы шешелерінің қасына әкеліп жерлейді.

Әдеттегі көркем туындыдан гөрі белгілі бір тұлға, соның ішінде белгілі ой адамы жөнінде шығарма жазу мол жауап-кершілікті жүктейді. Дәуіріне, өскен ортасына, өмірі мен шығармашылығына, еңбектеріне байланысты деректерді мейлінше біліп, мейлінше жинақтағанымен, оның алды-артына терең үніліп, мүқият көз салуды қажет ете берді, содан оның түрлі-түрлі жол, жоба-жоспарларын қарастыруы көбейе берді, тереңіне тарта берді. Негізгі қосымша деректер, әрқылы деңгейдегі әңгімелер, болжамдар болсын бір мақсат, бір сағадан табылуын қалайтындағы көрінді де, әбден пысықтауға, алдымен мыналар сияқты қосымшалары қалай және қандай бағытта өрбитіндігін елестетті.

“Абай жолының” екінші кітабына қосымшалар:

I тарауга

1. Иман, халфелердің мешітте намазға сапқа тұргандағы түстері аз сипатталу керек. Сармолламен алғашқы шайқасу көзіндегі яшық намазы аз суреттеледі. 32-бетке.
2. Ишан, соқыр қари, Самұрат мәзін: сәлде киіс, мұрт басу, көзді сүрмелу ретінде сырт пішіндері жағынан кей тұстарда оқшауланып суреттелу керек. 50, 51, 54, 103, 108, 118, 119-бетке, 19-бетке Сармолла “Биуафа”.

II тарауга

1. Абай мен халфелер айтысында сыртқы пішін, мұсін, киім, отырыс, қозғалыстың суреттері керек. 198, 199, 200-б.
2. Абай мен Әбіш екеуі сойлескен кездерге автордың ремаркасы мен олардың бет-құбылыстар, отырыс-тұрыс, киім киіс ажарлары сипатталу керек. 202, 208-бетке.
3. Павловтың Сейіт үйінде жалпы грузчиктерге кездескен шағында үй-пәтер, көрініс, отырыс орын, сырт ажар суреттелу керек. 213-бетке.
4. Әбіштің Сейіт үйінде отырған отырысы, көзіне көп көрінген үй бүйімы, кішкене қара домбыра тәрізді нәрселер қосыла аталау, суреттелу керек. 168-бетке.
5. Осы бөлім соңында Мәкен мен Дәрменнің қызын кешүден өтіп, табысқан бақыты аз бейнелену керек. Бұл кездесу Әбенниң үйінде болу керек. 122-б.

Жаулар Дәрмен мен Мәкенді байлап әкеткеннен кейін Әбен үйіне жәрдемге келетін көрші орыс әйелі, ұстаниң қатыны Марфа (Шура) болады. Бұл жаралы үйге қомекке Александра Яковлевна мен фельдшерді тауып әкеледі. Оның алдында Затонда баржада жұмыс істеп жүрген Сейіттерге жүгіріп барып, жаулар істеген жарлықты да өзі айтады. “Әлі ұзған жок, жүгіріндер”, – деп, Сейіттің қолына келтектерді де өзі ұстатқан болады. Кейін өсекші қазақ кемпірін жерлейтін және осы Марфа болады.

III тарауға

1. Тараудың басында Әйгерім мен Мәкен іс тігетін суреттің алдында Мәкен мен Дәрменнің ендігі орналасқан Ақшоқыдағы мекен-жайы, отауы суреттелу керек. Сондағы таңертен тұрып, шай ішіп, шат көнілмен жақсы бір сәт аңғартқан күншшақ шағы суреттелу керек. 247-б.

2. Әбіштің қазасы үстінде Дәрмен Абайдын өз жайын, қайғы-уайымын қатты қасірет етіп, Мәкенге жазу керек. 318-б.

3. Әбіштің хабары Дәрмен мен Мәкеннің оңаша уайымы түрінде суреттелу керек. Мәкен Мағыштың жан досы екені екеуі бірігіп, Алматыға жазған хаттан көріну керек. 257-б.

4. Мағаш Алматыдан қайтқан сапарда жан сөзіндей жақын, ақын сөзімен көніл айту керек. Бұл дағдылы көніл айту түрі емес, көлденең бір мысал оқиғаны баяндағандай айтылу дұрыс. 315-б.

5. Әбіштің сүйегін Мағыш көрген сәтте оны Мәкен мен Дәрмен қолтықтап сүйеп, бауырга алу керек. 321-б.

IV тарауға

1. Абайдың соккы жегенінен кейінгі күндерде Мәкен мен Дәрмен уайымы, оңаша қасіреттері суреттелу керек. 423-б.

2. Мәкен, Мағыш Абай қайғысымен оңаша шер етіседі. Мәкен Мағыштан жасырығысы келсе де, ол Абай қасіретін естіді. Мағыштың соңғы үзілер шағында ең соңғы көз жасы сол жөнінен болады. 428-б.

V тарауға

1. Сейіттің Оразбаймен айтысуында бір жай Сейіт аузында қатты ашық аталу керек. Сейіт өзін жерге көмген Оразбайға

лағыннет айтады. “Жалғыз көзді жалмауызың” – дейді. Сол арқылы жалғыз көзді Құнанбайдың Қодарды өлтірген тажалдай қылғыры мынау жалғыз көзді жалмауызға ендігі бір жаза шегуші, осы заман Қодарының аузымен айтылған үкімі тәрізді болу керек. 453-б.

2. Павлов пен Абайдың кездесуі қандай үйде, қандай көрініс шағында суреттелу керек. Ертістің жағасы, ымырт шағы, бейuaқ кезінің қаладағы сипатымен қоса суретtelіп берілу керек (табиғат көрінісі, қала суреті). Абай психологиясымен қоса беріледі. 482-б.

3. Осы тарауда Әбенге дос орыс семьясы, өсіреле орыс әйелі Затон тіршілігіндегі бір оқиға, кездесу кештеріне араласу кепек.

VI тарауга

1. Абайдың науқасы Әйгерім мен Мәкеннің оңаша сырласы шошуынан Дәрменге мәлім болады. Дәрмен мен Мәкен оңаша қайғыда, екеуі де енді Абай бауырынан ұзамасқа тырысады. 636-б.

2. Базаралы мен Ерболдың қазасын естігенде, Абай барын деп, Дәрменді ертіп, атқа міне береді де, талып жығылып қалады. Абайдың ендігі қайғысы жай түскен бәйтеректің қасіретіндей боп, бұрынғы суретtelген қалыпта беріліп келеді де, кейін автордың ремаркасымен ілгері созылып, терең сыршылдық, философиялық толғауға ауысады. Бұнда жақсы жандар қазасы, елдің жұты, халық қазасы, сахара трагедиясы өзгеше бір терең, мұнды толғау боп таратылу керек.

Екінші кітапқа әлі қосылатын жайлар

1. Алғашқы тарауларда, өсіреле және жалпы бар кітап бойында әр түста табиғат көркі, қалпы жақсы мол орын ала түсу керек. Өзгеше ескерілетін қала суреті, қаладағы жазғы, күзгі, қысқы, көктемгі пейзаж, көше, қала, Ертіс, аралдар бейнесі қажет.

2. Ерболдың өлімі, өсіреле Базаралының өлгені туралы хабармен атап көрек. Бұл өлімдерді енді сипаттау керек емес. Кітапта өлім көп.

3. Kicі аттары: екі Әбен түзелу керек (кейінгі тараудағы Әбен).

4. Біріншіде молда, халфелер “ифтарға” шақырылу керек.

5. Бесіншіде Абай Сақып адвокатты мазақтай өжуалау кепрек. “Сені “көпір”, мені “күпір” дер еді. Көпір демей қайтсін, “Шайхұліслөмға” тілің келмейді. Атасының атын атай алмаған келіндей “аттеріс ислам” дейсін. Тасып әкетіп бара жатқан мұсылмандығыңды көріп отырмын” (кулкі, өжүа молайғанда Сақып “қых-қ, қых-қ, қых-қ деп, тек тығызып қарқылдай береді).

6. Бесіншіде Абайды өлтірмек еken жау ниеті.

7. Қала байларының қыр жуандарымен құдаласулары, ескі надандық аяқ алып жүргізбейді.

8. Орыстың Макаров, Девяткин, Мешель тәрізді бірнеше үйі бар, жақсы жұмысшысы қазақ үйлеріне (ерлеріне) үлкен үлгі көрсетеді, қазір де тартысқа баулыды.

Алтыншы тарау

I

Абай Әйгеріммен Аралтөбені қыстайды. Онаша. Кітап, өлең, еңбек сонында. Бала шәкірттер Абай өлеңдерін оқиды. Қаладан өуелі Әбіш келеді. Кейін Самарбай Ақшоқыға бара жатып, жолдан соғады. Үшінші Әлпейім келеді. Абайдың айтуымен медресені тастанап, Тақырдың бойына барып егін егіп, еңбек сауатын көсіпші болып алған.

Осы үш жолаушы бірден екі түрлі хабар айтып келеді. Біреуі: биыл жұт болады деп қауіп етуші көп. Тогай бойында, Қарқаралы, Өскемен жағында, Қекпекті, Тарбағатайда жұт басталған. Жолдағы Қекеннін елі де бүрісіп отыр. Қалада және де ауыртпалық бар. Астық аз, азық қымбаттаған. Базарда қайыршы көп. Орыстың переселендерінен шыққан қайыршы көп. Қала жұмысшылары, кедейлері көсіп таба алмай қысылып отыр. Базарға наан түсүі сиреген. Кей үй шай қойып беруге де шамасыз. Бұл – бір хабар.

Екінші: Абайға қатты жұбанышты қуаныш хабар. Ол – Мағаш туралы. Алты дуаның шербешнайы болыпты. Сонда Мағаштың білгілігі, әділдігі, мінезділігі жүрттан асыпты. Шұбар, Әзімбай, Оразбай баласы Медеу, Жиренше балалары қызғаныш етеді екен. Бірақ Мағаш олардан сонағұрлым биік, қасиетті, алдына Семей емес, талай алыс ояздардың нелер үлкен дауы

келіп, дауа тауып жатыр дейді. Бірақ ең соңғы хабар әкелуші Самарбай молда Мағаштың өзінен әкесіне хат әкеліп, ол Абайдың қалаға келуін сұрайды. Науқасқа айналып бара жатқан сияқты. Доктормен, әкесімен ақылдаспақ.

Самарбайдың өзі көріпті. Бір билікті Мағаш төсекте жантайып жатып, айтып жатыр екен. Өні жүдеу көрінеді. Абай тыныштығы кетіп, тағы да қабат қаза көрем бе деп, Әбіш есіне түсіп, ұйықтай алмай шошынады. Асығып қалаға тартады.

II

Абай қалада. Абай соны қаратса келген. Павловпен ақылдасады. Павлов өзінің жақсы танысы Станов докторды әкеледі. Мағаш науқасы қауіпті. Ол туберкулезге айналып барады. Павлов орыс кедейінің халін айтады. Патшалыққа айрықша өш, ызалы күйді білдіреді. Биыл Россиядағы ашаршылық пен крестъяндар көтерілісіне жұрт көңілін алаң ету үшін Жапониямен соғысқалы тұр. Бұнысы оңбағандық. Жеңілсе, сол рахат болар еді дейді.

Қайғылы Абайға бұл бір сөт өзін өзгеше еліктірген хабар әкеледі.

Абай сол алаң болған көңілмен Дәрмен, Шұбар отырғанда және елден келген көп адамдар көзінше “алда қызық дүние бар” дейді. “Бірақ оған жетуге бүйрек жоқ, мен ол дүниені көрмеймін” – дейді.

Станов доктор Абайға өзінің соңғы байлауын айтады. “Мағаш елге қайтысын, алып қайтыңыз” дейді.

Шошынып, қатты қайғы басқан Абай ауру баласын алып, он шақты шанамен елге қайтады.

III

Қыс аяғы жақындаған. Бірақ қатты жұт. Жылқы ақ қар басқан ит жондай жүдеп, әлсіреп біткен. Құлағалы, әруақтай боп түрған, жүні, түрі үрпіп үзарып кеткен арық жылқылар. Боран. Жылқышы аш. Астындағы ат арық. Ыға алмай құлап жатқан жылқыларға қасқыр шабады. Бір топ жылқыға ұялас он екі қасқыр тобы, тағы бір жерде, тағы бір қос маңында кісінегі алмай, адамнан қорған тілей алмай, қырылып жатқан қалың жылқыға жиырма қасқыр араласады. Боран. Үш күн боран.

Енді ол қыстаудан көшү керек. Көштер кеткен. Абай Мағаштың зиратына Баймағамбет пен Мағаштың, Әбіштің өңшең жетім қалған, жетім жас балаларымен екі арбамен келеді. Жүрт жылап, құран оқып, қоштасып шығып кеткен соң, Абай қабір басында жалғыз отырып қалады. Қанша отырғаны белгісіз. Жалғыз.

Жетінші тарау

Бірінші вариант

1902–1903 жылдар. Мағаш жақсы жігіт болған еді. Онымен Қекітайлар көп оқып, қатты өскен еді. Мағашты өз еліне, сапалы еңбекке Абай жақсы тәрбиелеген. Мағаштың жауы – Өскенбайлар. Надан Құнанбай нәсілдері. Қалада Мағаштар жастар сейілін жасайды. Өңшең өнерлі топ. Дәрмен қалада. Абай – ол да жазуда, еңбекте. Қалада есіп келе жатқан кішкентай төл, болашақтың қайраткерлері Мағаш пен Дәрменді қоршайды. Абайды жаттап, сонын өлеңдерін оқиды, өндерін айтады. Орыс кітaby, мектебі, орыс музыкасы бүл ортаның бәрінің тынысы. Бірақ қалада Мағаш ауыра бастаған, соны естіп қырдан Абай келеді. Бүл баласының ауруы Абайға ең үлкен дерт болып тиеді. “Әбіштей бола ма” деп жүргегі үріккеннен түндер бойы тыным-тыныштық ала алмайды. Абай шерлі, қайғысы құпия. Қалада жазға шейін жатып, Мағашты емдеңді. Жаз елге алып қайтады.

Сегізінші тарау

Бірінші вариант

1903–1904 жылдар. Қыс пен қектем ішіндегі оқиғалар. Мағаш қатты науқас. Өшіп бара жатқан үміттей. Айналасында қапалы жастар. Қектемде Мағаш қайтыс болады. Абай қайғысы қатты. Ерен қайғы. Ол тас-түйін, басқаша бекінгендей. Жүрт жылап, еніреп жүргенде, Абай жым-жырт. Сөзсіз, үnsіz және үйқысыз – өзгеше сөніп бара жатқандай. Аурумын демейді. Ем де іздемейді. Қекітайлар барды салады – емдеңпек, бірақ Абай қабыл алмайды. Ақшоқыдан көшерде Мағаш қабірінің басында Абай жапа-жалғыз үnsіz отырып шығады. Пөуескеде Мағаштың жетім балаларын көріп, Баймағамбеттер сыр айтады: “Қысқа тілек тілеппін, бірақ қайту жоқ”. Абай – ауру. Оның сөздері мен өндері балалардың, малыштардың, түнгі күзетшілердің аузында. Абай мен Әйгерімнің арызdasуы. Өлеңмен қоштасуы. Мағаштың қырқын Абай асқытырып, отыз сегізінші күні

бергіздіреді. “Кешігесіндер” дейді. Сүйген баласының қыркы күні Абай өледі. Дүние анадай қарсы алады. Үлкен тыныштықпен үзіледі. Жұрт құңғренеді. Жаяу, ат қойған кедейлер, жылаған жатақтар, әйелдер, ақындар.

Эпилог

Күз түсे Жидебайға ел көшіп келген. Абай зиратына әйелдер, қалың ел селі жетеді. Әйгерім жоқтау айтады. Әні де, сөзі де басқаша. Оны шығарған Дәрмен Абайға ескерткіштей. Халықтың атынан халықтың өнерлі ұлы, қызы жоқтайды. Абай өлді, мұрасы өлген жоқ. Соны жер-дүние жадында қалдыру үшін әнге жол беріп тұр. Абай өлмеске қадам басты. Әйгерім әні бұдан соң Абай туралы туатын бар өнердің басы еді. Абай осы әннен жана туысқа ауысты”.

Бұл жерде жазушы осы қосымшалар мен жоба-жоспарларын қалай өрбітті, қалай байланыс-бірлігін таптырды. Ол өз алдына бөлек зерттеулерді керек етеді. Осы іріктеп алынғанда-рының өзімен-ақ автордың ұдайы іздену, ұдайғы жол-жөнін қарастырудан қол үзбегендігі аңғарылады және бұнда, алдыңғы бөліктерінде шығармадан бөлектендіріп тұратын біраз өзгешелік бар; алғашында роман жобасын ойластырып жүргенде жазылғандықтан, әлі де суреткерлік елек-сүзгі екшеулерден өтіп, шындалу дәрежесіне жетпегендік байқалады, өйткені адам аттары алғашында аталған күйінде жүргендігі жалпы о баста жобалап-жоспарланғандықты танытады. Бұл қолжазбаларда Әйгерім мен Керімбала – Әйгерім, Көрімбала болса, Дәрменнің о бастағы атауы Айдар күйінде жүр. Жұманның қырттығы жөніндегі сөз романның үшінші кітабында әнгімеленетін белгілі, ал мұнда ол өз көрінісін екінші кітапта таппақ болған. Ұлжан да екінші кітапта өлген болып көрінеді. Бұл жобада Базаралының Тәкежан жылқысын шауып алуынан кейін қалаға билер сотына жүгініске барғаны, сол жерде өр жылқы басына екі бестіден айып толейтін болып қайтқаны, елге ораған соң ауырып, көп ұзамай қазаға ұшырауы айтылады. Шығарманың кейінгі нұсқаларында ол елеулі іс-әрекет, кесек қымылдарымен бертінге дейін өмір сүрген болып көрінеді. Қазіргі үшінші кітап пен төртінші кітап тарауларының мазмұны алғашында бір жоспарда қамтылып, бұлар жазыла келе екіге бөлінген. Қара-

мола сиязынан кейінгі ақынның шәкірттеріне тапсырған жырдастандарын тыңдауға арналған кештен кейінгі оқиғалар төртінші кітабына енетін болып, оның жоспарлары өз алдына бөлек-бөлек жасалынады.

Жалпы қаламгер кітаптың әрбір басылымын қайта-қайта оқып, қажетті қысқартулар мен толықтырулар енгізу ісінен жалықпаған. “Әдебиет және искусство” журналында басылған тараулар мен кейінгі басылымдарынан бұл анық көрінеді: сондағы енгізген түзетулері де осы үш-төрт басылым негізінде жүргізілген. Бұл жерде жекелеген сөздер мен сөйлемдердің қалай редакцияланғаны, қашшама тың оқиға, көріністермен толықтырылып отырғандығы көп жәйтті анфартады. Осылардың көбінен жүртшылық пікір-ұсыныстарына қаншалықты құлақ асқандығы да елес береді. Алғашқы тарауында қала көркі мен табигат суреттеріне енгізген өзгертулерін өзінің “Алғашқы тарауларда әсіресе, және жалпы бар кітап бойында, әр түста табигат көркі, қалпы жақсы мол орын ала түсу керек. Өзгеше ескерілетін қала суреті, қаладағы жазғы, күзгі, қысқы, қоқтемгі пейзаж: көше, қала, Ертіс, аралдар бейнесі қажет” (8-бума, 63-б.) деген ойлары нақтылай түседі.

Бұл кітап алдыңғыларына қарағанда түгелдей дерлік диктовкамен жазылды, бірақ соңынан сол басылғандарды қайта-қайта қарап, түзетіп, толықтырып отырды. Алдымен журналда басылғаны кітап болып шығар алдында айтартықтай өзгерістерге ұшырады. 1956 жылғы басылымында бар Дәмежан түрган жатақ, Ертіс бейнесі, Құмаш үйінің көрінісі, Қарасу жағасындағы Үлкен Семей суреттері журналдық (1954, № 3) нұсқасында жок. Бұлар жазушының өзі атап көрсеткеніндей, қала түрмисын толықтыра түсетін қосымшалар. Осылармен бірге Абайдың Семейде болуын аша түсетін бірсыныра толықтырулар енгізілген. Бұл жерде Абайды жай ғана қызықтаушы немесе бақылаушы емес, халық қайғысын бар жан-тәнімен ұғынып, қолынан келген көмегін аямай, өрекет етуші кайраткер ретінде көрсетеді. Сондағы қала халқының басына түсken хал оны азamat ретінде терең толғандырып, үлкен тебіреністерге түсіреді. Журналда бар: “Сөйтіп, Сармollsа өлді, оны өлтірушілер жаза шекпей, ап-аман қала берді”, “Қаранғыда адасқан халық ғазапта қиналған жұртына, махалласына жол нұсқады” (54-б.), “Яғни Сармollsаның өлімі барлық Семей, Слободка халқын обадан

күткарды”, “Иіріліп ирендеген қараңғы былғаныш құрттар” (55-б.) сияқты көптеген қысқартулар жасалынды. Таңдамалыларын дайындау барысындағы қысқартуларды 1956 жылғы базылымы (“Абай жолы”. Екінші кітап. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. А., 1956. 109-б.) беттеріне көрсетті, осындағы: “Ол есікті бір қолымен баса тұрып, сол шоқпарды сырттағы арс-ұрс еткен қандыауыз қасқырларға сілтемек те болады”; “Мен мынау Дәрмен деген адамға өз өмірімді өз еркімен қоссам деген тілек әкеп тұрмын сіздің алдынызға. Сол өтінішім бойынша ноқталы басыма, қасіретті халіме қорған болыңыз” деймін” (120-б.); “Әбіштің ендігі соңғы өтініші бойынша осы бүгін қасіретті сағаттың өзінде...” (121-б.); “...боп келген, көр кеуде, барынша топас, жыртқыш, өздері медресе мен мешіттен шыққан, тағы бір қанқұмар Қорабайлар осылар еді” (124-б.); “Және сот мушелері білетін Сармановтың ерекшелігі, ол әкімшілік жөнінде айтқанды орындағыш, тіл алғыш чиновник” (130-б.); “Бұлар бір жағынан бас қорғаушы және бір жағынан елінің ортасында отырып, сол іргесіне сенушілер осы күйді ат сойылын қамдаған ер-азаматтан көргенмен” (240-б.); “Анық узак шабыс бойынша қалың ауылдарды түгел арылтып, жауға қарсы түгел үрпітіп тік тұрғызып, аттандырып, сақайтып алғанша” (241-б.); “Соның орайына алғаш Құлжатай мен Еңсебайдың, Марқаның “аттаның” естіген ең шеткі он бес үлі қалың ауылдан аттанышылар үніне үздіксіз үнмен шу қосқан қара түннің әбігер айғайы басталып еді” (241-б.); “Сонда бұлбұлды жырлатып тыңдал болып, есек даналықпен ақылгөйлік көрсетіп еді” (258-б.); “Тұн ортасы кезінде Оразбай тігіп берген орда-сына келіп жатып қалған еді” (264-б.); “Бірақ олар бұл жөнде дәл осы отырыста өзірше ешнәрсе айтысқан жоқ. Тегінде, айтарлық жай болса, ол әлденеше сөйленіп, толық байланып болған тәрізді. Және өсіреле дәл осы бүгінгі күн” (265-б.); “Енде-ше, Тобықтының атқамінер тобы бұл күәға қарсы болу былай тұрсын, бір есептен іштей сол күәлікке баратынына ырза да болып отыр” (270-б.); “Біреудің көзіне түсіп, күндерің түсіп отырған жалғыз кезді жалмауыздан тағы жаза шегерсіндер” (309-б.); “Көп оки алмаса да, жана заман адамының жаңа бір қауымының сипаты мен қасиетін танытатын сияқты” (330-б.); “Оны дін кітабының тілінде орысша “усекновение глазы Иона на Крестителя” деп атайды” (338-б.); “Бұл әңгімесі, Абайдың

аңдауынша, соңғы кездерде айқындал келе жатқан үлкен істің қатарына ілескен кесір тәрізденді” (397-б.); “Жұздеген жас малдардың жүні-түгі қатты ұзарып, үрпіп алған” (410-б.); “Мағаштың өлімінен кейін он екі күн болғанда, Абайға тағы бір қат-қабат ауыр қазаның жайын Кәкітай мен Дәрмен мәлім етіпті” (431-б.) деген жолдар сыйылса, мына сияқты сілтеме жасалған сөздерді қолмен жазып қосқан: “Табыт қагу – дінбасылар мен діндар халық арасында зор сүмдүқ саналатын. Ол – өлім тілеу, кім болса да тың біреудің өлімін тілеу” (35-б.); “Бәдлұға – теріс бата, қарғап-сілеу, жазалау дұғасы” (38-б.); “Паровая мельница – бу дірмені” (51-б.); “Аққүйрық – бұрынғы жұз сомдық ақшаны айтқан” (79-б.). Жалпы осындағы өзгерістердің дені кейіпкерлер іс-қарекеті мен мінез-құлықтарын толықтыру мақсатында жасалды. Журналдық нұсқасында жоқ Абай мен Оразбайдың арасындағы тартыс түйінін ерекше көрсетуді дұрыс деп тапты. Бұдан кейін тағы да редакциялық сұзгілеулерден өткізіп, стильдік жағынан бірсыныра түрлендіруге алып барды.

Осы басылымда біраз оқиғалар Әбіш іс-әрекеттері мен характерін аша тұсу үшін, оны әрекет, қимыл үстінде көрсету үшін енгізілді. Дәрмен мен Мәкеннің басына азаттық алып берді. Осының бәрі Оразбайлар көкіргегіне атылған оқтай болып қадалды. “Болмай жатып бәле құғызды ма әкең саған? Тек тұрысып көріндөр әкең екеуің! Өлісер жерге жетіпсің, өкінбе тек!..” Доңайбат жасап сесскентем деген Оразбай, мына жігітті қорқыта алмай, ширықтыра түскенін көрді де, үн қатпай сүзе қарап қала берді” (124-б.). Бұлардың бәрі де Әбіш характерін ұлғайта тұсудің үстінен шығарманың сюжеттік өрісін де кенейтті және белгілі бір деңгейде оларды бір-біріне ұқсағысыз дара-лыққа көтерді. Бұл жерде Абайдың ойы, сөзі шешен, терең, өткір келсе, Әбіш негізінде әрекеттің, қымылдың, тік сөйлеп тіресуге жарайтын жастың пішінінде танылды. Оразбай бірде кінәлап, енді бірде донаibat жасап, қорқытып-ұркітіп, ықтырып алғысы келгенімен, одан ешнәрсе өндіре алмағанына көзі жетті. Әйтсе де, зорлықшыл қара ниетінен қайтпады. Осында тұста Дәрменді бірде Абай билігіне қатысушы ретінде көрсетсе, енді бірде Абайдың сабалауының күесі етті. Оған қатысты 1956 жылғы басылымында жоқ мына сияқты жолдарды 1957 жылғы алты томдық таңдамаларына қости: “Бұл күндегі қасірет жай-

ды аса қатты күйік еткен Дәрмен еді. Ол өзінің отауына есіктен кіре бере, төсек жанында іс тігіп отырған Мәкенге, Абай шеккен жазаны ұғымсыз бір балдыр сөздермен айта берді. Биік төсектің кестелі ақ жастықтарына бетін басып, тұншыға еніреді.

Мәкен де жан ұшырғандай саңқ етіп үн қатып, бірсесе қатауына кеп, Дәрменді құшактай қозғап, уатқысы келеді. Бірсесе өзі де тұла бойын өрт шалғандай жылаған үнін ірікпестен зарзар етеді. Екеуі де кезек-кезек, дүркін-дүркін:

– Қайран ағатай...

– Әттен, асылым, аға-кем!

– Садағаң кетейін ағатайым, ардақтым!

– Құрбаның болсамшы, ағажан... – деген жан сөздерін ыстық жалынмен кейде қатар, бірін-бірі қостай айттысады... Ұзақ шеккен қапа-қасіреттен соң Дәрмен ес жия бере бір-ақ ой түйді. Сонысы Көшбикеде болған қорлық қазаның анық шыны, сырьы еді.

– Кешегі Арқаттағы сиязда берген куәлігің үшін-ау! Ар үшін, адамдық үшін, азаматтың асылы, әділі бол берген куәлігің үшін жауыздардан жапа шектің-ау! Асылым, арысым! Қайран үстазым, ағажаным! – деп, Мәкенмен екеуі ғана болған сөтте осындай ой түбіндегі оқшау шерін шеккен-ді” (289–290-бб.).

Алдыңғы нұсқаларына қарағанда жазушы Дәрменді көбіне Абай жанында, Абай іс-әрекетінің, қонтекен оқиғалардың басы-қасында болғызып отырды. Әсіреле, соңғы тарауда айрықша толықтырып, бұрынғысынан да жетілдіре түсті. Ақынның үміт еткен таяныш-тірепі сыйатында көрініс таптырды. Бұлар қолжазбаның 504, 539-беттеріндегі қосымшаларынан анық аңғарылды. 1956 жылғы басылымын 1957 жылғы басылыммен салыстырып қарағанда, Мағаштың, Ербол мен Базаралының өлімінен кейін қайғы шегіп, мұлде өзгеріп кеткен Абайды кейінгі толықтыруымен одан да әрі тереңдете түседі.

“Мағаштың қазасын өз басы ауыр уайым ету үстінде әрі Абай үшін, әрі жаңағыдай халық үшін аса қиналып ойлаған бір жан Дәрмен болды. Мағаштың науқасы талайдан мойындарып, ойды еріксіз бағындыра қөндіріп жүрген дерт еді. Асауды құлақтан басып мойындарқандай, демді құртқан қауіп-катер болса да, Мағаш қайтыс болғалы Дәрмен үшін дәл осы жалғанның бір үлкен жарымы көшіп, өшіп кеткендей болды. Орнында тек тұнғиық терең қуыс қалғандай. Өз көnlі осыны сезініп, өзге-

ден оқшауланып, терең налаға батады. Соны тек қана тұнгі үйкесиз күрсінген қамырық арасында жан сырласы Мәкенге ғана айтады.

– Дүние не боп кетті! Опасыз дүние!.. Қандай қазага ұшырраттың бізді?.. Осылай таусылып біткеніміз бе? Кешегі көркем өмір, кең дүние, солғаның ба, кеткенің бе бұл-бұл ұшып жасқа толы біздің көздер алдынан!.. – деп, сонша ширығып, шерленіп кетеді.

Осы уайымның көптен көбі және де Абаймен байланысты. Өлген Мағаш пен бүгін елі мен тірінің арасындағы Абай екеуін бірдей жарадар жанымен мұсіркеп, есіркей толғанады. Сол күйге Абай қайғысына соңғы күндерде шұбыра келіп, зар-наласын қосып жатқан жаяу-жалпы, аш-арық, көп жылаулар, досжар халық қайғысын тағы да қосады. Оны да өз шеріне шер, уына у қосып жатқан ерекше бір шынның жасы деп сезінеді.

Әзімбай, Шұбарлар ойлағандай, шұбырып келіп жатқан жылаулар, көпшілік Абайдан бірдеме алсам, жесем деген жандар емес. “Аяулы жан, көңлің қаяу, көзінде жас тұрған шағыңда менің де сенен іркер дүнием жоқ. Зарыңа зар қосамын. Берерім сол, әкелгенім соным!” дегендей” (429-б.). “Осы бір өзі ғана білген Абай шерін, сырын айту үстінде Дәрмен бұрын аңдамаған, ойы жетіп болмаған өзгеше жайларды енді-енді тереңдеп, кең ұғына бастады. Тегінде, жаңағы жан сөздері Абайдың бұрынғы тірлігінде айтылмаған, елі тудырмаған ғажайып сырлы, өзгеше бір өлеңі тәрізді.

Ұлы жүрек түбіндегі ең соңғы бір кенже, таусыншық асыл туыс па екен! Қара сөзбен айтқаны болмаса, жаңағы Дәрменнің өзі қайталап айтқан Абай сөздері соншалық бір терең, көркем! Бар өлеңнен де өктем бір оқшау өлең ғой! Толысып туғалы тұрған терең сырлы сымбат қой. Толқыған теніз түбінен атылып шығатын меруерттей кесек қымбат дүние ғой!.. Осы және Абай кешіп өткен шабытты ақын өмірінің, еңбекке толы азamat ойының, ойға толы өмірінің екшеліп келген, сарапанған жиын жайы екен.

Дәрмен ойы ұзай түсті. Кең шабытпен байқап, шолып аңдаса, Абай өзін ұзақ өмір бойында сол сахараға гүлдер шашқан, асыл ұрықтар таратқан бәйтерекке теңепті. Сонысы дәл ғой. Айнымас әділ, анық шын ғой. Осыны және қай кезде айтыпты? Жай түсіп, соңғы бұтақтарына арыз-айып еткендей өкім

айтып өтіпті. Бұл зәулім шынардың ең соңғы қалған үш-төрт жемісті балғын бұтақтары бар еді. Оның бірі – Мағаш, бірі – халқының қадірлісі – Базаралы. Тағы бірі – Абайдың бала, бозбала шағынан осы күнге дейін өмірде бір рет, бірде-бір, сөлғана қабақ шытындырып көрмеген айнымас досы, бар туғаннан да жақын туған, өмір серік жан досы Ербол еді. Осының үшеуі бірдей сынап, күні жаңағыдай жан жалынын атқан екен, асыл көкірек! Дәрмен енді ойласа, Базаралыға, Ерболға, Мағашқа Абайдың айтқан “қош-қошы” осы. Жаны жылап тудырған жоқтауы да осы екен-ая..

Дәрмен осылайша өзі де бір ақындық терең толғауға түсті. Ақын жанын ақынша шыншыл шабытпен жете таныды. Бұның көңіліне Абай енді өз сапарын, өмір сапарын тауысып қойған жандай сезілді де, ол уана алмай, көп жылап, көп егілді” (436–437-бб.).

Осылар сияқты 1957 жылғы таңдамаларына енгізген үш-төрт қосымшасы болмаса, қалғандарының барлығы жеңіл-желі жөндеулер санатына жатады. Алғашқы жазылымында және журналдық нұсқасында жоқ мына секілді үлкенді-кішілі толықтырулар 1957 жылғы басылымына қосылды. Олар: бірінші қосымша (3–4 бетте), екінші қосымша (4-б.), үшінші қосымша (6–7-бб.), төртінші қосымша (16–17-бб.), бесінші қосымша (40-б.), алтыншы қосымша (42-б.), жетінші қосымша (47-б.), сегізінші қосымша (47-б.), тоғызыншы қосымша (50–51-бб.), оныншы қосымша (52–53-бб.), он бірінші қосымша (53–54-бб.), он екінші (62–63-бб.), он үшінші (66-б.), он төртінші (67-б.), он бесінші (68-б.), он алтыншы (71-б.), он жетінші (80-б.), он сегізінші (83-б.), он тоғызыншы (85-б.), жиyrма-сыншы (88–92-бб.), жиyrма бірінші (97–98-бб.), жиyrма екінші (107-б.), жиyrма үшінші (118–119-бб.), жиyrма төртінші (121–122-бб.), жиyrма бесінші (123-б.), жиyrма алтыншы (127–129-бб.), жиyrма жетінші (142–143-бб.), жиyrма сегізінші (147-б.), жиyrма тоғызыншы (149–151-бб.), отызыншы (151–152-бб.), отыз бірінші (199–203-бб.), отыз екінші (206–207-бб.), отыз үшінші (227–228-бб.), отыз төртінші (231–232-бб.), отыз бесінші (241–242-бб.), отыз алтыншы (253–254-бб.), отыз жетінші (274-б.), отыз сегізінші (277–278-бб.), отыз тоғызыншы (280–281-бб.), қырқыншы (285-б.), қырық бірінші (295–301-бб.), қырық екінші (295–301-бб.), қырық үшінші (339–341-бб.),

қырық төртінші (395–396-бб.), қырық бесінші (424–425-бб.), қырық алтыншы (431-б.).

Бұлардан басқа да қосқан, өзгерктен, басқаша құрған тұстары көп. Қайталанған немесе шұбаланқы сияқтанған беттерді мейлінше ықшамдап, әсерлілігін арттыруға күш салған. Мұнда алдыңғы басылымдарда орын алған олқылықтарды жөндеудің, өңдеудің, шымырлығын арттырудың құрделі шытырманына одан да әрі терендеп барғандығы көрінеді.

Енді бұл эпопеяны бастан-аяқ шолып, көз жүгірткенде, түсінікті қажет ететін сөздер мен ұғымдардың, есімдердің, атаулардың, тіркестердің молдығы қөлденең тартылғандай болды. Егер осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталар болса, онда ол аса мол түсініктерді қажет еткен болар еді. Жалпылама алғанның өзінде оқшауланып тұратын өзгешеліктердің көптігі байқалады, олар шығармада кезең-кезеңіне орайластырылып қолданылған. Соның алғашқысы Абайдың жастық шағына лайықталағын қолданылса, келе-келе олардың аясы кеніп, құрделілікке қарай ойыса береді. Басында әжесі тарарапынан немесе ақын Барлас аузымен айтылған сөздер, толғамдар, аныз-әңгімелер балақиялы мен ойын өткеннің жұмбак сырларына жетеледі. “Е, бұлдыр-бұлдыр күн өткен, бұрынғыда кім өткен” деп алып, әңгімені әжесі сабактаса, “Шешенің судай төгілген, тыңдаушың бордай егілген” деп, ақын Барлас жаңа бір өріс-қияларды шарлатқандай болады. “Еділ-Жайық”, “Жұпар қорығы”, “Құла мерген”, “Қаһарман Қатран”, “Бахтажар” осындай кезде айтылды. “Тағылым, үлгі – кітапта, білім, өнер – медреседе, жыр шеберлері – Низами, Науай, Шаих Сағди, Хожа Хафизде, батырлық жырлар – Фирдоусиде” деп келген бала танымына қазақтың өзіндегі Бұхар жырау, Марабай, Жанақ, Шортанбай, Шөже, Балта, Алпыс сияқты ақындарының жыр-толғаныстары, осы саланың алуан-алуан үлгілері де қосылды. Осыдан былайғы қызығушылығы Бабыр мен “Табары жазған тарих”, “Жәмшид”, “Сеидбаттал Фазы”, “Мың бір кеш”, “Жүсіп – Зылиқа”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Көрүғлұ сұлтан”, “Рұстем-дастан” сияқты көп хикая дастандар тасқынына жалғасты. Бұларға қазақтың өзіндегі “Саймақтың сары өзені”, “Қос қыздың жылағаны”, “Бозторғайдың шырлағаны” секілді өзіндік селт еткізері бар күйлері мен “Орамал тастау”, “Хан жақсы ма?”, “Мыршым”, “Белбеу тастау” деп

аталатын ұлттық ойындары қосылды. Осылардың барлығын бала жастықтың орнын нәрлі жастық ауыстырғанымен көрсетті.

Ендігі бір үлкен сала – қазақ түрмисы мен өміріне қатысты салт-жоралғылардың мейлінше жан-жақты, әрі дәл көрініс табуына айрықша мән берілді. Өзіндігімен ерекшеленер алуандықтар ретінде таңбалар мен қырық шар, жасау, енші, айт, жаржар, келіннің ат қоюы, ай аттарын, елеулі құндерден мүшел сияқтыларды көрсетті. Бұлардың ішінде де түсінікті қажет етегін қаншама үғымдар, атаулар, сөздер бар. Соның бір саласы етіп “Найман таңбасы шөміш – “О”, Керей таңбасы ашамай – “Х”, Арғын таңбасы көз – “ ОО”, Буранықі босаға – “П”, Кіші жұ Жаппастықі – “Y”, Тере таңбасы – “Ш” (тегінде шаһ деген сөздің нышаны болу керек)” деп таңбаларды елестетсе, қазақтың құдалығына айрықша тоқталды: құйрық, бауыр, кіт, дін үр сияқты жол-жоралғыларынан басқа суға салу, көз сынынан өткізу, мұзды суға салып сүйреп шығару, есік көру, қол ұстарату, жыртыс салу, қызы-жігіт айтысында қызы женілсе, жігіт басына үкі, шоқ кадау, біріне-бірі әріптес деп ат қойысу, қүйеу мен қалындықтың осы күні жолығуын көрісу, осыдан кейінгісін он жақта жүрген қүйеу деп атаяу, қүйеудің алғашқы жолығар түнінде женғетайлардың ит ырылдар, бақан салды, кемпір өлді кәделерін істеуі бар. Бұл ретте жасаудың алатын орны ерекше. Жасау қырық-қырықтан болатын, ақ үй, оған бір отауша, бір шатыр қосатын, сәукеледен басталған жасау келе-келе заманына лайық машина, самауыр сияқты уақытының жиһаз-бүйімдарына ауысқан, “жар-жарды” ат үстінде тұрып, отау үйдің үзігін түріп қойып айтатын жігіттерге екі қызы үйде бүркеніп отырып, жауап қайыратын, жігіттерге шапан жабылып, басқа да киімдер кигізілетін болған. Келін үлкен үйдің төріне шықпайды, шықса да жарымынан ары аспайды, ене өлгенше немесе рұқсат бергенше ғұрыпты бұзбайды. Ал отау үйдің келіндері өле-өлгенше төрге шықпай өтеді.

Жылдың төрт мезгілін, оның әралуан құбылыстарын қатты қадағалап отырған қазақ есепшілерінің есебі дәл келген және онша ауытқи қоймаған. Үркер мен айдың жанасуындағы уақытты Үркер тоғады, бір күнін тоғым, екінші күнін ауыл-үй қонды, үшінші күнін озып шықты десе, Үркер суға батты, жерге батты, жерге түсті және батқан уақытта жаңбыр болса, жаңбырлы, құрғақ болса, жаз құрғақ болады деген болжамдар бар.

Сол есепшілердің айтуынша: “Отамалы көек айының бірінде кіріп, он жетісінде шығады, ал бұл кез желсіз, борансыз өтпейді. Қыстың соңғы зәрі де осымен кетеді”.

Апрельдің сегізін сөүір жұлдызының басы санайды, сөүір боларда бір жұмадай жел, я сұық болады, “сөүір болмай тәуір болмас” деп, осы салқын өтпей жаз шықпайтынын, сөүір бұлты арқылы келер қыстың жайын, суын болжап, қай жerde сөүірдің бұлты болса, сол жерде қыс қатты болатынын айтқан. Осымен байланысты “Күнән аз болса күн есепте” деген де түсінік қалыптасқан. Оның мәнісі алдыңғыны болжау күнә дегені. Әр нәрсені орын-орнымен айта білетін есепшілер ел арасында ерекше бағаланған және елеулі күндердің тағы бір алуанына қазанның қара дауылын жатқызады. “Киік матауы қаңтар айында болады, ақпанның амалы үштін айының тоғызында тоғаммен кіріп, он жетісінде шығады. Сүмбіленің 17–19–21-леріндегі қырғидың ба-лапаны ұшып, бөденелейді” дейді. Бұл ретте ай аттары қазақ айтылуында да, араб айтылуында да қатар қолданылып отырған: мұхаррам, рабиғиәуал, рабиғисан, жұмаділәуал, жұмаділсәни, раЖаб, шағбан, шағмар, рамазан, шауәл, зұлқінші, зұлқінші жәйтін араб атаулары сияқты қазақша атаулар да, кейбір ай аттары бірде сөүір, бірде көек дегендегі әртүрлі болып айтылатындары да бар. “Қой бес ай, бес күнде, сиыр тоғыз ай, жылқы он бір ай, түйе он екі ай, он үш күнде боталайды” дейді. Маусымның онынан шілденің жиырмасына дейін созылатын жаздың, қаңтарда қыстың шілдесі болатынын айтады. Қыстың шілдесінде киік текесі тобын жиып қашырады дейді.

Осылар сияқты қаламгер шаригат мәселесінің өз дәрежеденгейінде көрініс табуына айрықша мән береді. Құран мен сунна ережелерінің жиынтығы саналатын шарифтты қазақ билері жетік менгерген және оны өз халқының әдет-ғұрыптарымен тығыз байланыстырып, аражігін ажырағысыздай етіп қолдана да білген. Абай да өзінің “Аят, хадис – сөздің басы” деген сөзімен терең ұғынғандықты сездіреді. Оның әралуан ережелері хадистерде де көрінеді: діндік, құқықтық, тұрмыстық, елдік мәселелер, пайғамбардың сөздері мен істері, иланымдары мен қағидалары осыған кіреді. Бір хадисте “Адам денесінде бір ет бар, егер ол сау болса, барлық денен сау, егер ол ауру болса, барлық денен ауру, ол – жүрек” – делінген. Жүрек мәселесі Абай танымында ерекше орын алатыны белгілі.

Мұсылмандық парыздың бірінен саналар қажылық Құнан-байдың сапарымен байланыстырылды. Оған өзірлікке бүкіл туған-тұыс, ауыл-аймақтың тартылғанын шығарып салу, қарсы алу арқылы көрсетті. Бұл жерде қажылық амалдарына кең-мол тоқталып жатпағанымен, оның бүкіл сыр-мәнін аз сөздің өзімен-ақ елестетіп, ұғындырып отырды. Ондағы шарттарды: азар (кіндіктен байлаң төмөн түсіре оранатын жамылғы), рағдамен (ихрамға енер алдында иығы мен кеудені жабатын ұзынша жамылғы) басталатын рәсімдер, қағбаны айналып тауаб ету, Сафа мен Мәруа арасын жүріп өту, Арафа күні Арафат тауында уукупқа қатысып (хұтбаны тыңдау), Мұздалифа тауынан терген тасты шайтандарға лақтыру, ең ақырында қоштасу тауабын жасау жолдарын толық орындағаннан кейін Мәдинеге қарай жол тарту сияқты ереже шарттары бар. Қаратайдың сұрақтары қажылықтың соңғы кезеңімен байланыстырылды. Сол жерде кімдердің қабірлері жатқандығын сұрағанда, Расул алланың хазіреті Әубәкір мен Фұмардың, Фатиманың, Фаббас пен Хамзаның, Ғұсманның, Сағди bin Уақас, Фабдырахман бин Fayф және хазіреті Файшаның жай тапқанын әңгімелегендеге, Фабит-хан молда: “Фашрай мубашшора” десе лазым” дейді. Мұнысы – Пайғамбардың ықыласына ие болған иманды сахабалар дегені.

“Пайғамбардың хадисінде: “Ғұлама жазу жазған қара сия шаһидтің қанынан қымбат” – деген сөзін қайтесіз? Екінші – ғалемнің инсі жынның жаралмыш тарихын тек “Хиссасул әнбиден” білген білімнің аты да білім бе? Адам қауымының бар нәсілінің мінезд-құлқын тек қана “Қырық хадис”, “Лаухынама”, “Фихкайдани” тұрғысынан білген де жұбаныш па?” дедінген. Тағы бір жерде: “Құллі мұсылман білсе лазым-дүр, һәрбір жақсы ниетке жақсы фатиха бірге ере жүрсін. Мен “Яразиқұл ғибади” фатихасын оқыдым” дегендеге, Абай бұның үй салғанда емес, қырман көтерілгенде оқылатын дүға екенін, “Лаухынамада” солай жазылғанын айтатыны бар. “Мұталағасы ашылды” демек – мантық, “Фақайыдты” оқып жүріп “Кафия”, “Шарх Фабдолланы” өз талабымен халфесіз, хазіретсіз, дәріссіз факімлейтін болса, соған айтса ләзім” (94-б.) деп, шығыстық көне оқу жүйелері мен сатыларына ойды бұрады. Соның ішінде иманшарттан басталып, қырық хадиске жалғасатын исламдық оқу тәртібі әрі қарай шуритиссалат, тағлимулассалат, фихкайдани, тұхфатул мұлк, наху сарф, бидан, мұхтасар, кафия, мантық, ғакаид сияқ-

ты тармақтанып барып, “Шарх Ғабдоллаға” барып тірелетіні мензеледі.

Керемет құбылыс немесе көрініс мағынасындағы аят кідіріспен басталып, аяқталған ойды білдіреді. Отых пара, алпыс хизбтен тұратын Құран аяттарын Пайғамбар (с.ғ.с.) сахабалары мен өзінің жолын ұстанушыларға неғұрлым мол жаттап алуды үағызыдаған, осыдан келіп оны бастан-аяқ жадында сақтаған қарилар көбейген. М.Әуезовтің өзі де атасының тапсыруымен Абай өлеңдерімен қатар Құран сүрелерін жаттаумен өскен. Сондықтан да романында дінге, Құранға, хақиқатқа қатысты танымдарды ой арқауына айналдырыды: “Замандар өзгереді. Соған лайық тұс-тұсында нәби келеді. Төурат, Забур, Інжіл, Құран (Көләм Шәріп) кітаптар келді дейміз. Заман өзгеріп, қағида ауысып отырса да, Алланы тану, яғни Тағрифolla мәңгі-бақи ауыспайды деп білеміз” деген толғауларды ақынның аузына салды. Осыдан келіп иман, сенім, хақ тағала алдындағы міндептер жиынтығы саналатын ислам пендені Аллаға мойынсұндырады, оған сендеріді (әл-иман), өнегелі, рақымды болуды (әл-ихсан) парызы санаттырады. Дін деген ұғымға жататын бес тірек жиынтығы аш-шахада (исламның ақиқат деп таныған ережелеріне сүйенген құлшылығы мен тәубесі); ан-нубуууа (Мұхаммедтің елшілік қызметін тану); ас-салат (намаз); ас-саум (ораза); аз-закат (зекет) және әл-хадж (қажылық) жиынтығынан тұрады. Әрине, исламда да әртүрлі топтар, ағымдар болды. Олардың әрқайсысы өздерінің ілімдерінің дұрыстығын үағыздады. Абай нанған сунна тобы “Аһли шариар” атанды. Құранның өзі: “О, халық! Не нәрсені де талқыла, сонда сен шындыққа жетесің” деген. Құранға сүйенген азаматтық және діни түрғыдағы қағида-ережелер хадис, иджма, қиястан тұрады. “Даналықтың басы Алланың құдіреттілігін мойындау, қаһарынан сескен” десе, осыдан келіп соңғы кітаптардағы Абайдың ғылым-білімге ден койған кездерінде айтылған сөздері мен танымдарының өзгергенін сондағы ой-толғаныстары арқылы көрсетеді. Мысалға, ястау намазының соңынан қаза болған мұсылмандарға арнап “Ясин уәлқуранул хакимді” оқыған хал酚енің “каумәннің” орнына “калан” деп жаңылысқанын, кейбір “фәләкәттарды” естіген жерде соны заарсыз етпек ниетпен “Лаухынаманың” дүғаларын оқығанын айтуға болады. “Басында сөлде, қолында таспик, аузында тахмилі” (58-б.); “Лаухул-махфузда”

бұл шарафатлы дамолланың дәрғаының осыншалық фәктікте болатыны жазылған” (59-б.); “Абай ендігі сөзінің соңын иман деген жайға, Юнусбек халфе бұны өзінше тұсамақ болған жайға соқтырды. “Шарх Габдоллаға” дейін жетіп қалдық, үлкен кітапқа орай біліміміз бар” деп жүрген молдаларды Абай енді сол кітаптарының тілімен сөйлеп, таңдандыра бастады. Ол: “Екі түрлі иман бар еді – яқини иман, тақлиди иман. Жұртқа сол иман атымен өсиет, хұқым айтпақ боласыздар. Осы отырған екеуінізде мен не дейін? Яқини иманы бар деуге сіздерде ғылым жоқ. Тақлиди иманы бар деуге өүелі өздеріңізде беріктік жоқ, яғни я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаңызға қарай дархал осы сағаттың өзінде “ақты – қара” деуге, “қараны – ақ” деуге, “өтірікті – шын” деуге өзірсіздер. Сол терістіктердің бәріне ант етуге өзір отырған сіздерді не дейміз? Жоқ, бүгін мынадай дау мен пәле шығып тұрған шақта, “қылыш үстіндегі серт тұрмайды” десеніздер, “құдайтағаланың кешпейтін күнәсі жоқ” десеніздер, сіздерден не қайыр күтейік?.. Осылайша иманы мен арын саудалап жүрген сіздердегі жандардың, сіздерді жіберіп, жұмсал отырған иман ұстаздарыныңдың “жалғаншы, қиянатшы жүзі құрысын!” демеске не шарам қалды?” дегенінің өзімен-ақ көп жәйтеді қамтиды.

Осылар сияқты Еуропа әдебиеті, мәдениеті, философиясы жөнінде сөз қозғалған жерде Абайды жаңа қырларымен көрінілдірді. Ол өзі оқып, танысқан Робин Гуд, Карл Моор, Жакерия, Дубровский, Сохатый тәрізді кейіпкерлерді, “Петр Великий”, “Валентин Луй”, “Чистое сердце”, “Ягуар медленец”, “Ақсақ француз”, “Черный Век – Марта” сияқты оқыған кітаптарын елге әнгімелеп таратса, келе-келе Гете, Гейне, Байрон, Пушкин, Крылов, Лермонтов, Толстой, Чернышевский, Добролюбов, Салтыков-Щедрин тектес ақын-жазушылар мен батыс пен шығыстың арғы-бергі философтарының өте құрделі шығармаларының айдынына тереңдеп батып кеткендей болды. Бұлармен ақынның ауқым-аумағының кеңістігін, қандай бағыт, дәре-же-денгейде екендейдігін елестетті.

М.Әуезов о бастан-ақ бұл туындысының орыс тіліне аударылуын және оның оқырмандарына сапалы, жоғары денгейде жетуін ұдайы назарында ұстады. Соңдықтан да “Татьянаның қырдағы әнінен” бастап, ең соңғы кітабына дейін үздіксіз қадағалап, көп тұстарын өзі аударып беріп отырды. Қазақшасы мен

орысшасының арасында айтарлықтай алшақтықтың болмауынан бір сыры осында жатқан сияқты. Бұның алғашқы көрінісі 1937 жылы “Литературный Казахстан” (№ 2–3), 1939 жылы “Литература и искусство Казахстана” (№ 5–6) журналдарының беттерінде болды. Бірінші кітабының толық аудармасы 1945 жылы “Советский писатель” баспасында басылды. Одан кейін 1948 жылы “Советский писатель”, “Гослитиздат”, “Молодая гвардия”, 1950 ж. “Облиздат” (Свердловск), 1951 ж. “Учпедгиз”, 1952 ж. “Советский писатель”, 1955 ж. “Учпедгиз”, 1957 ж. “Казгослитиздат” баспаларынан бірінші және екінші кітабы, 1958 ж. “Гослитиздат”, 1960 ж. “Казгослитиздат”, “Советский писатель”, 1965 ж. “Художественная литература”, 1971 ж. “Художественная литература”, 1997 ж. “Жазушы” баспаларынан барлық төрт кітабы біріктіріліп жарық көрді. Ағылшын, француз, неміс, испан, поляк, словак, чех, румын, болгар, эстон, латыш, литва, молдаван, үнді, урду, монгол, өзіrbайжан, армян, тәжік, түрікмен, украин, белорус, якут, т.б. тілдерге орысшасынан, қыргыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, өзбек, қытай, парсы, түрік тілдеріне түпнұсқадан аударылды.

Автордың өзі де бұл шығармасын алғаш қолға алғаннан бастап-ақ өзге тілдерге жету мәселесін мейлінше қадағалап, атсалысып отырды. Л. Соболев, З. Кедрина, А. Анов және тәжік, татар, украин, белорус, латыш аудармашыларымен жазысқан хаттары бұл іске айрықша мән бергендігінен хабардар етеді. Латыш М. Шуман романдағы көптеген сөздер мен тіркестер, атауларға қатысты: “Күрке-күрке” (оыйн аты), “Еділ-Жайық”, “Құла мерген”, “Жұпар қорығы”, “Қорқыт”, “Қырық хадис”, “Қисасул әнбия”, “Аятыл құрсі”, “Фихкайдани”, мантық, шаһид, желпек, тамыр, “Бурылтай”, пай-пай, шоқпардай кекілі бар, ай-бібай (ай-бібай, моей песне внимай), аға-екем, сыбызығы, тобылғы, шеңгел, ши, “Топайкөк” деген сияқтыларға түсінік беруін өтініп хаттар жазды. Оларды осылар секілді толып жатқан ұғымдардың, тіркестердің мағынасы, арғы тек-төркіні қызықтырады, орыс тіліндегі аудармасымен қанағаттанып қалмай, ұлттық негіз бояуының не екенін ұғып-ұғынуға ұмтылуышылық байқалады. Орыс аудармашылары автордың тікелей араласуы себепті ондағы қыртыс-қатпары қабат-қабат машақат ірімдерін сезіне қоймады. Л. Соболев қазақ сөздерінің оралымдары мен тіркестер алуандығының, ауқым-аумағының қандай екендігіне

“Абай” трагедиясы тұсында көзі жетсе, ал романды аудару ба-
рысында оның ауқымы тіпті ұлғая түскенін көрді. Онысы сұрақ:
“Не знаю, чего в тебе больше: лености или упрямства. Буду
ругаться: сколь раз просил я тебя дать подстрочник подлинно-
го абаевского перевода письма Татьяны. Так и не дождался”;
жауап: “98. О подстрочнике Татьяны – сейчас уже вносить по-
здно. Грех беру на себя, ты тут во многом прав. Но с другой
стороны, страницы романа превращать в исследовательско-срав-
нительные сопоставления с обнажением приемов, принципов
перевода, мне кажется, и не нужно” дегендей болып, шет-шек-
сіздікке айналды. Бұл ретте автор мұндай сұрақтарға жауап қай-
тарудан, аударылу барысын мұқият қадағалап, түзетіп, түсін-
діріп отырудан жалықпады. Фразеологиялық тіркестер төңіре-
гіндегі сұрақ-жауаптар да осы сияқты болды: 24. “Екі жарты
бір бүтін болайық” (32-б.) – “Сложь две половинки – все же
получится целое” (с. 38) – не точно, многословно; “шабар қы-
лыш, атар ок” (37-б.) – “меч занесен, пуля пущена” (с. 44) –
не точно, там человек; 29. “Әйтеуір жайы біткен неме фой”
(38-б.) – “Кажется, песня Кодара спета” – не точно и руссизм;
47. “Ұзын арқау, кең тұсау” (70-б.) – “Из длинной пряди и
аркан длиннее” (с. 81) – не точно, длинно; 53. “Жер ашуы –
жан ашуы” (73-б.) – “Кровная месть за землю” (с. 83) – не до-
статочно, вовсе не точно; 74. “Мен сені оқтап аяп ем жаңа, сен
мені отқа салдың ба?” (97-б.) – “Я от пули тебя уберег, а ты в
пламя меня бросил” (с. 107) – рифмы нет, хорошо, но не до
конца; 90. “Соның жан күйері сен болып, бауыр тартып, бауы-
рың езіліп жүр ме осы, немене” (115-б.) – “Что он в печенке у
тебя засел или родичем стал” (с. 126) – не то”.

Осылар сияқты түсінік берген тіркестер мен сөйлемдер бір
кітаптың өзінде жүзден саналады, бірақ кітап болып басылған-
да олар дәл автордың өзі аударып бергеніндегі қалыпта шыға
бермегендігі көрінеді.

T. Әкім

M A Z M Y H Y

I. АБАЙ ЖОЛЫ (роман-эпопея)	3
Төртінші кітап	
Тұн-түнекте	5
Күз-қияда	100
Капада	179
Қастықта	254
Шайқаста	337
Жұтта	426
Эпилог	502
II. ФЫЛЫМИ ТУСІНІКТЕМЕ	507

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

25-том

Академиялық ғылыми басылым

*M.O. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
C. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*
Көркемдеуші редакторы *C. Оспанова*
Техникалық редакторы *H. Ромахова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 11.03.2014 ж. кол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, Офсеттік қағаз.
Каріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 28,56.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1318.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpk-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-167-8

9 786012941678